

Светлана СМАҒҰЛОВА

**ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІ:
ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ**
(XX ғ. 20-30 жж.)

Елтаным баспасы
Алматы
2011

УДК 070(075)
ББК 76.02 я7
С 52

Баспаға Ш.Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Редакциялық кеңес мүшелері:

М.С.Әшімбаев, Д.Қ.Мыңбай, Б.Т.Жұмағұлов, М.А.Құл-Мұхаммед,
А.Қ.Жұмағалиев, Ә.Н.Нысанбаев, Б.Ғ.Аяған, Х.М.Әбжанов,
М.Қ.Әбусейітова, Ш.Ы.Ыбраев, Б.Ә.Байтанаев.

Ғылыми редакторы:

К.Л.Есмағамбетов, *тарих ғылымдарының докторы, профессор*

Пікір жазғандар:

С.Қ.Қозыбаев, *тарих ғылымдарының докторы, профессор*,
Ә.Н.Құдайбергенов, *тарих ғылымдарының докторы, профессор*

Смағұлова С.

С 52 Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.) / Светлана Смағұлова. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. - 432 бет.

ISBN 978-601-7348-01-4

Монографиялық еңбекте мұрағат материалдары мен ғылыми зерттеу және басылым материалдары негізінде XX ғ. 20-30 жж. Қазақстанда мерзімді баспасөздің шығу тарихы мен Қазақстан тарихы ғылымындағы деректік маңызы сөз болады. Мерзімді баспасөзге жарияланған материалдарды дереккөз ретінде пайдалана отырып, ежелгі дүниеден бастап, 1917 жылға дейінгі аралықтағы тарихи оқиғалар мен XX ғ. 20-30 жж. халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге арналған үкімет реформалары мен мәдениетін дамытуға байланысты қабылданған түрлі іс-шаралардың барысы, коммунистік партия қатарындағы тазартулар, қазақ зиялыларына қатысты жүргізілген қуғын-сүргін нәубеті ашылады.

Кітап гуманитарлық ғылымдар саласы мамандарына, жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен оқытушыларына, сондай-ақ ел тарихына қызығушы оқырман қауымға арналған.

УДК 070(075)
ББК 76.02 я7

ISBN 978-601-7348-01-4

© Смағұлова С., 2011
© «Елтаным баспасы», 2011

КІРІСПЕ

Соңғы жылдары Отан тарихының түрлі салаларында ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, кеңестік дәуірде тыйым салынып келген тақырыптардың түпкі сыры мен қырын айқындауға мүмкіндіктер туды. Дегенмен, әлі де терең ғылыми талдау жасап, қайта қарауды қажет ететін мәселелер мен тақырыптар жеткілікті. Академик М.Қ.Қозыбаев бұл турасында: «Егер тарих ғылымының алдына тұрған міндеттерді бетбұрыс кезеңінің талаптары тұрғысынан саралайтын болсақ, тарихшылардың туған халық алдындағы қарызы белшесінен екені айқын көрінеді. Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тарих ғылымы алдымен субъективизмнің, тоқырау идеологиясы мен психологиясының шырмауында болып келді. Мен бұл тұжырымды тарихшылардың талай ұрпағын ақтау үшін ғана келтіріп отырғаным жоқ» [1, 5-6.], — деп жазуы осыған дәлел.

Тарихымыздың көмескі саналып келген, анығына жете зерттелмеген мәселелерін қайта қарауда дәстүрлі тоталитарлық жүйенің әдістемелік негіздерінен бас тарта отырып, оны алмастыратын тың негіздер батыл тұрғыда іздестіріліп, зерттеу барысында қолданысқа енгізіліп келеді.

Отан тарихының ең күрделі де түйінді нысаны болған ХХ ғ. 20-30 жж. саяси жағдайлар мен оқиғалар кезеңі белгілі деңгейде зерттелгенімен, бұл тақырыпты тұжырымдамалық тұрғыда терең қарастыру қажет. Ғылыми зерттеу бағыттарын алдыңғы қатарға шығарып отырған күрделі

тарихи үдерістердің себеп, салдарлы байланыстарын, ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындауда тың әдістемелік тәсілдерді қолданып, жаңа бағыттарды игеруді қажет етеді. Бұл жолда мерзімді баспасөзді дерек ретінде қолдану аса орынды. Себебі, мерзімді баспасөзі қоғамдық өмірдің маңызды бір саласы болып табылады. Баспасөз — бұл мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы. Оны ақпараттар (хабар, есеп, сұхбат, репортаж), талдамалы (мақала, рецензия, шолу, хат), көркем-публицистикалық (суреттеме, очерк, публицистика, эссе, баллада, сатира) жанрларға бөлуге болады. Баспасөз жанры белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды нақты деректер мен мәліметтерге сүйене отырып баяндайды. Әр жанрдың өзіндік ерекшеліктері мен сипаты, әрі бәріне ортақ белгілері болады. Ақпаратты жанрлар күнделікті оқиғаларды жедел де шынайы түрде хабарлап, жаңалықтар мен өзгерістерді оқырман қауымға қаз қалпында жеткізуге тырысса, талдамалы жанрларға оқиғаларды салыстыра зерттеу, деректер мен мәліметтерді тарата талдап, олардың төңірегінде ой қорыту, бағалау тәсілі тән. Көркем-публицистикалық жанрлар типтік деректерді талдау, суреттеу әдісімен жазылады. Әрқилы әдеби тәсілдер (даралау, образ жасау, мінез-құлық қақтығысы, оқиға шиеленісі) арқылы әлдебір деректі құбылыстың ішкі мән-мазмұны мен идеялық сипатын көркем-публицистикалық деңгейде ашып көрсетеді. Сатиралық жанрлар әлеуметтік тұрмыстағы келеңсіз құбылыстар мен кертартпа қылықтарды юморлық не сатиралық пішіммен әшкерелейді, кемшіліктерді жоюға шақырады [2, 171-172-бб.].

Алаш қайраткерлерінің бірі М.Дулатов баспасөзге байланысты: «Мерзімді баспасөз бізде қашан туғаны белгілі. Әр жұрттың, әр мемлекеттің мәдениет майданында ілгері-кейінгінің қатесіз бір өлшеушісі баспасөз болады. Қай жұрттың баспасөзі күшті болса, сол жұрттың өзі де күшті, өзі де өнерлі екендігі көрінеді яки қай жұрт өнерлі болса, оның шексіз баспасөзі күшті болатындығы айдай анық, бұған еш нәрсе білмейтін надандар, соқырлар болмаса, көзі ашық, көңілі тетіктер көптен иман келтірген. Сондықтан Еуропа жұрты баспасөзге «алтыншы мемлекет» деп ат қойған», — деп жазуы ақпарат құралдарының құндылығын айқындай түседі [3].

Мерзімді басылымдардағы материалдар қоғамдағы өмірдің өткені жайында құнды мағлұматтар бере алатын дерек көзі бола алады. Оның мәліметтері әр алуандылығымен ерекшеленеді. Міне, осы себептен

оның мәліметтерін әртүрлі салалардағы мамандар пайдаланып, өзінің зерттеу нысанына қолдана алады. Мәселен, филолог ғалымдар тіл, әдебиет мәселелеріне қатысты материалдарды ала алса, тарихшы ғалымдар өткен оқиғаларға қажетті деген мақалаларды пайдаланады.

Негізінде баспасөз Қазақстанда XIX ғ. аяғында пайда болып, қалыптаса бастады. «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газетінен» басталған бұл сала XX ғасырдың басында бірнеше газет-журналмен толыққаны белгілі. Атап айтқанда, 1907 ж. «Серке», 1910 ж. «Қазақстан», 1911 ж. «Айқап», 1913 ж. «Қазақ», 1916 ж. «Алаш» сияқты басылымдар шығып, кейбіреуі 1917 ж. революция кезінде де жалғасын тапты.

«Қазақ», «Алаш» сияқты ұлттық-бейресмилік газеттер өз айналысына қазақ ұлт зиялыларын топтастырып, қоғамда болып жатқан түрлі оқиғалар мен құбылыстар, Қазақстанның саяси-экономикалық, әлеуметтік жағдайы туралы материалдар жариялап, ресми орындардың қатаң бақылауында болса да бүкіл түркі-мұсылман интеллигенциясының патша үкіметінің отаршылдық жүйесіне қарсы наразылықтарын таныта білді.

Патша үкіметі құлағаннан кейін бұл басылымдардың қатары «Бірлік туы» (1917, мамыр), «Сарыарқа» (1917, маусым) газеттерімен толығып, ұлт зиялыларының органына айналып, елдегі саяси жағдай, демократиялық өзгерістердің жүргізілу барысы жайында мағлұматтар жариялап, Ақпан революциясының нәтижесінде құрылған Уақытша үкіметті қолдауға, Құрылтай жиналысына әзірлік жұмыстарын жүргізуге шақырды. Сонымен қатар аталған басылымдарда «Алаш» партиясының бағдарламасы, оның саяси қызмет барысы туралы, ұлт зиялыларының идеологиялық-демократиялық ой-пікірлері басылды. Бұл басылымдарда жарияланған материалдардың деректік құндылығын соңғы жылдарда жазылған ғылыми зерттеулер дәлелдеп отыр.

1917 жылы патша өкіметі құлап, елде большевиктік жүйе орнатылғаннан кейін қабылданған әкімшіл-саяси Ережелер мен қаулы-қарарлар өзгерістер әкелгенімен, баспасөз саласы сол қалпында қалып, тек бұрындары шығып отырған газеттер ендігі жерде большевиктік басылымдарға айналып, атауын ғана өзгертіп, оның құрамындағы қызметкерлері бұрынғы қалыппен өзгеріссіз еңбек етіп, халыққа қажетті құнды материалдарын жариялап отырған. Баспасөз басылымдарына кеңес

үкіметі билік, коммунистік партия саясатының жеңісін насихаттау, Ленин салған жолды дәріптеу міндеттері қойылды. Алайда елдегі таптар арасындағы тартыс барысында бұл мүмкін болмады. Қазақ оқыған зиялыларының басшылығымен шығып тұрған мерзімді басылымдар партия ұрандарын көтеруге талпыныс жасамады. Керісінше, астарлы болса да олардың саясатын сынаумен келді. Бұл әсіресе азамат соғысы жылдарында анық байқалды. Тәуелсіз ел болу, отар аясында қалмауды дәлелдемекке тырысқан зиялылар қалай да болса өз идеяларын газет-журналдар арқылы насихаттауға, халықтың көзін кеңестік үкімет саясатының отарлықтың жалғасы екендігін жеткізбекке тырысты.

1919 жылдан бастап мерзімді баспасөз үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынып, оның саласын «алашордашыл» қызметкерлерден тазарту шаралары жүргізілді. Баспасөз қызметінің негізгі бағыттары, мақсат, міндеттері айқындалып, олардың орындалуы жете қадағаланды. Осы жылдардан бастап зиялылардың ойын тежеу, кеңес саясатына нұқсан келтіретін материалдарға жол бермеу әрекеттері іске асырыла бастады. Бұл 20-жылдары үкімет пен партия қазақ баспасөзі саласына қатысты ережелер қабылдағаннан кейін өріс алды. Кеңестік билік жүйесі өзінің идеясын жүзеге асыруда мерзімді басылымдарға аса назар аударып, партияның рөлін насихаттауға шебер қолданды. Баспасөз беттері арқылы социализмнің салтанатын дәріптеу, лениндік, сталиндік идеяның мәңгілік екендігін халық санасына сіңіру, коммунизм орнатуда партияның сара жолына түсу қажеттігін түсіндіруді мақсат ете отырып, қалың бұқараны тек кеңестік билікке бойұсынуға шақырды. Сөйтіп мерзімді басылымдар кеңестік үкімет пен партия саясатына бағына отырып, лениндік, сталиндік биліктің Қазақстанда берік орнауына, әкімшіл-әміршіл жүйенің саяси-идеологиялық өктемдігінің жаппай салтанат құруына жағдай жасады.

Большевиктік үкімет қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда да үкімет пен партия саясатын дәріптеу арқылы халықтың демократиялық ой-пікірлеріне ашық түрде тосқауыл қоюмен елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани өрлеуі кеңестік жүйенің жемісі деген біржақты пікірді қалыптастыруға тырысып бақты. Жеке басқа табынушылық белең берді. Сталиндік басшылықты дәріптеу, социализм теорияларын енгізуде жалаң ұран көтеру, көпірме бос сөздер жазу, жалпы адамзат құндылықтарын елемей орын алды. Бар күш үкімет пен партия саясатын

насихаттауға жұмылдырылды. Дегенмен, 20-ж. басындағы шыққан «Темірқазық», «Шолпан», «Ақ жол», «Қазақ тілі» және т.б. қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда идеологиялық қысымға қарамастан, кеңестік жүйені ашық болмаса да сынға алған материалдар жарияланып кетті. Оның арты қазақ өлкелік комитетінің мәжілістерінде қаралып, «үкімет саясатына қарсы» мақалалардың авторлары мен оны жариялаған редакторлардың ісі қаралып, қатаң жаза қолданылып, кейбіреулері қызметтен босатылса, енді бірі сөгіс алды. Газет пен журналдың әрбір саны жіті тексеріле бастады.

30 жж. қазақ мерзімді баспасөзі түбегейлі партияның насихат құралы болды. Осы жылдардағы барлық республикалық, облыстық және уездік басылымдар үкімет пен партия шешімдерін, съездер мен пленумдардың қаулы-қарарларын орындай отырып, кеңес идеологиясын дәріптеді.

XX ғ. 20-30 жж. мерзімді баспасөз большевиктік идеология құралы болғанмен де, сол жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірінің кейбір мәселелерін айқындауда бірден-бір дереккөзі болып табылады. Аталған мәселелерді нақтылай қазақ тіліндегі мерзімді басылымдарда жарияланған материалдармен қарастыру осы кезге дейін жеке тақырып ретінде зерттелген жоқ. Оның бірнеше себебі бар деп білеміз. Біріншіден, 1917 жылдан 30-жылдың басына дейінгі аралықта қазақ мерзімді басылымдарының араб әрпінде басылуы араб графикасын білмейтін көптеген зерттеушілердің газет-журналдардағы материалдарды қолдануына қиындықтар туғызды. Екіншіден, ғалымдар тарапынан мерзімді баспасөзді нақты дерек ретінде пайдалануға құлшыныстың болмауы. Кейбір ғылыми зерттеушілер бірлі-жарым газет, журнал материалдарын көрсетумен ғана шектелді. Үшіншіден, біз зерттеп отырған тақырып 20-30-жылдарды қамтиды. Бұл кезеңдерде еліміз түрлі саяси оқиғалар мен түрлі жағдайларды бастан кешіріп, әрі Баспа саласы жаңадан ғана қалыптасып, партия-кеңестік идеология аясында баяу дамып келе жатқан болатын. Оның үстіне кеңестік үкімет баспасөз ісінде өзінің жетекшілік рөлін арттыруға бар күшін салып, партия идеологиясын жүзеге асыруда психологиялық әсер ету саясатын ұстанды. Бұл идеологиялық қысым елімізде КСРО ыдырап, тоталитарлық жүйе күйрегенге дейін салтанат құрғандығы мәлім. Міне, осы аралықта тақырыпты зерттеу барысында кеңестік тарихнамада маркстік-лениндік

тарихилық, объективтілік, партиялық принциптері кеңінен қолданылып, мәселені осы принциптер негізіне сүйене талдау жүргізілді. Алайда идеологияланған кеңестік тарихнама қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз тарихына, оның тарих саласындағы деректік маңызына нақты баға бере алмады. Төртіншіден, 20-30 жж. қазақ тіліндегі баспасөздің шығу тарихы мен деректік маңызы тәуелсіздігімізді алғаннан кейін де тарих ғылымы саласында нақты зерттеу нысаны болып, объективті бағасын ала қойған жоқ. Осындай әрекеттерден кейін кеңестік тарихнамадағы баспасөз мәселесін қайтадан қарап, жаңаша мәнді ой-пікірлер мен концепцияларға, қағидаларға сай талдау қажеттігі туындап отыр.

XX ғасырдың 20-30 жж. еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдай, жүргізілген түрлі реформалар мен науқандар, экономика саласындағы жетістіктер мен кемшіліктер, мәдени революция барысы мерзімді баспасөздің басты тақырыбына айналды. Мерзімді басылымдарда қазақ зиялыларының қазақ халқы тарихының айтулы кезеңдері мен жекелеген маңызды оқиғаларын көрсететін құнды мақалалары жарияланып тұрды. Атап айтсақ, қазақ халқының шығу тегіне, ежелгі және ортағасырлық тарихына, патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатына, отаршылдыққа қарсы болған ұлт-азаттық көтерілістер барысына, 1916 жылғы көтеріліс және 1917 жылғы қос төңкеріс және тағы басқа тарихи мәселелерге арналған ірілі-ұсақты мақалалар. Қазақ зиялылары М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Е.Омаров, Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин және тағы басқалардың Қазақстан тарихы мен этнографиясына арналған қазақ мерзімді басылымдарына жариялаған мақалалары қазіргі кезде дереккөзі ретінде аса құнды болып табылады. Өйткені бұл мақалалар ғылыми зерттеулер болмаса да кеңестік дәуірде бұрмаланып, сыңаржақ жазылған тарихымыздың шынайы бетін ашуда өзіндік ерекшелігімен туған халқымыздың тарихын, болмысын айқындауда маңызды мәлімет берері анық. 20-30 жылдары жарық көрген осындай мақалалардың көпшілігі бізге тәуелсіздігімізді алғанға дейін белгісіз күйде болып келді. Себебі, мақала авторларының 1937-38 жылдары «халық жауы» ретінде атылуы немесе қудаланып, ұзақ жылдар азап шегуінде еді.

1920-30 жж. соңына дейін шыққан қазақ мерзімді басылымдары «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі», «Лениншіл жас», «Бостандық туы», «Қызыл Қазақстан», «Қазақ календары», «Әйел теңдігі», «Жас қайрат», «Сәуле», «Жетісу әйелі», «Пионер», «Таң», «Ауыл тілі», «Жыл

құсы», «Жұмысшы», «Әдебиет және искусство», «Жаңа әдебиет», «Жаршы», «Әдебиет майданы», «Коммунист», «Ауыл коммунисті», «Жаңа мектеп», «Екпін» және тағы басқа басылымдарда жарияланған материалдар арқылы 1917-20 жылдар аралығындағы Алаш қозғалысына, одан кейінгі саяси оқиғаларға, атап айтқанда 1921-22 жж. ашаршылық барысына, жер-су реформасының жүргізілуі, жаңа экономикалық саясат, қалыңмалмен күрес, сауатсыздықты жою, индустриаландыру барысы, тәркілеу, ұжымдастыру, колхоздарға орнықтыру, ауылшаруашылығындағы өзгерістер, елдің мәдени-ағарту ісінің дамуы мен «ұлтшылдық» пен «жікшілдікке», «халық жауы» ретінде жүргізілген саяси-қуғын сүргінге тарихи талдау жасап, баға беруімізге және 20-30 жж. коммунистік идеологияның салтанат құруын, сталиндік жолсыздықтарды, голощекиндік биліктің республиканың рухани дамуына тигізген зиянын, осы сорақы кеңестік саясатты әшкерелеуге тырысқан ұлт интеллигенциясының сергелдеңге түсіп қуғындалуын, нақтылай айтқанда, 90-жылдардың басында тарих ғылымында «ақтаңдақтар» атанған мәселелерді айқындап көрсетуімізге болады. Демек, қоғамдық өмірде 20-30 жж. Қазақстанның тарихын қарастыруда қазақ мерзімді баспасөзін тарихи деректік материалдар негізінде теориялық, практикалық тұрғыда концептуалдық зерттеу тақырыптың барынша өзекті екендігін танытады. Сол себепті XX ғасырдың 20-30 жж. қазақ мерзімді басылымдарының деректік негізін ой елегінен өткізіп, тәуелсіздік идеологиясы талаптарына сай қарастыру отандық тарихнамадағы оққылықтардың орнын толтыруға септігі болса, онда біздің мақсатымыздың орындалғаны деп білеміз.

I-ТАРАУ. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

1.1 Қазақ баспасөзі шығуының алғышарттары мен ресми билік арасындағы қарым-қатынасы

XX ғасырдың 20-жылдары бұқаралық ақпарат құралдары ретінде қазақ тілінде газет-журнал шығару ісі қолға алына бастады. Бұған дейін Қазақстанда «Қазақстан», «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Үш жүз» газеттері мен «Айқап» журналы шығып тұрған еді. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1917 ж. 28 желтоқсанда В.И.Лениннің қол қоюымен баспасөз бостандығы турасында декрет қабылданып, буржуазиялық бағыттағы барлық газеттерді жауып, оның баспаханалары мемлекет меншігіне өткізілді.

В.И.Лениннің 1918 жылы жазылған «Совет өкіметінің кезекті міндеттері» атты мақаласында: «Баспасөз социалистік құрлыстың құралы болып қызмет етуге тиіс. Ол жұртты үлгілі коммуналар жұмысының егжей-тегжеймен толық таныстыруға тиіс. Олардың қалай табысқа жетіп, шаруашылығын қалай жүргізіп отырғандығын зерттеп білуге тиіс. Екінші жағынан, «капитализм дәуірінен арыла алмай отырған, яғни бейбастықты, жалқаулықты, бассыз, аяқсыздықты, саудагершілікті әлі жоя алмай отырған коммуналарды «қара тақтаға» жазуға тиіс», — деп көрсетуінен [1, 302-б.], қазақ тілінде шығып тұрған «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақ сөзі», «Жас азамат», «Бірлік туы» және т.б. газеттер буржуазиялық-ұлтшыл бағыттағы басылымдар қатарына жатқызылып, көсемнің берген нұсқауына сәйкес олардың орнына үкімет пен партияның тілі боларлық баспасөзді тез арада шығару ісі жолға қойыла бастаған-тын.

Большевиктік партия комитеті мерзімді баспасөздің ақпарат құралы ретінде аса таптырмайтын қару екендігін, кеңестік баспасөз ісін қолға алу мәселесін өркендету қажеттілігін жете түсінді. 1919 ж. 18-23 наурыз аралығында Мәскеуде өткен БК(б)П-ның VIII съезінде қабылданған «Партия, совет баспасөзі туралы» қаулыда баспасөздің ең ірі қателіктері жергілікті өмір шындығын жазып көрсетпей, мәні-мағынасы жоқ құжаттар мен құнсыз мақалаларды жариялауға орын берген» деп көрсетіліп, айқын

түрде өмір-тіршілігіміздегі аса маңызды мәселелерді жазу қажеттігін атап өткен болатын [2, 54-55-б.].

1919 ж. 21 мамырында БОАК-нің бекітуімен Мемлекеттік Баспа құрылып, оның қарамағына кеңестік, партиялық және кооперативтік баспалар біріктірілді. Барлық ведомстволық және басқа баспалар Мемлекеттік Баспаның бақылауына алынды [3, 12-б.]. Ал алғашқы республикалық газет шығару ісіне 1919 ж. 2 тамызында Бөкей ордасында қазақ және татар коммунистері қатысқан мәжілістен кейін қадам жасалып, сол бұл мәжілісте құрылған Қырғыз облыстық Орталық комитеті (ҚООК) өзінің органы ретінде қазақ тілінде «Қызыл дала» газетін шығаруды ұсынды. Алайда РК(б)П ОК-ті бекітпегендіктен бұл ұсыныс жүзеге аспай қалды [4, 57-б.].

1919 ж. 10 желтоқсандағы қаулы бойынша, ең алғаш рет 17 желтоқсанда Орынборда революциялық комитеттің органы ретінде «Ұшқын» газеті шығарыла бастады [5]. 1920 ж. 1 қарашада БОАК Президиумының мәжілісінде газеттің атауын өзгерту және оның таралымын көбейту турасында шешім қабылданғаннан кейін, бұл газет РК(б)П облыстық бюросының және Қазақ ОАК-нің органы ретінде 1920 жылдың 13 қарашасынан бастап қайтадан «Еңбек туы» деген атпен жарық көрді [6].

1919-20 жж. қазақ баспасөзінің қатары бірнеше газеттермен толықты. Семейде «Қазақ тілі», Оралда «Қызыл ту», Верныйда «Көмек» және «Ұшқын» сияқты газеттер шығарыла бастады. 1920 ж. 29 наурыз бен 5 сәуір аралығында өткен РК(б)П-ның IX съезінде қабылданған қаулыға сәйкес газеттер ұйымдастырушы-шаруашылық мәселелерге аса көңіл бөліп, үздіксіз, әрі нақты түрде өндіріс орындарының жетістіктері мен кемшіліктері, өндірістік еңбектің өсуі мен төмендеуі, бұған партияның жеке мүшелері мен топтардың тигізген ықпалы туралы жазуға тиісті болды. Ол үшін барлық газеттерге тиісті жағдайлар жасау қажеттігі де баса көрсетілді [7, 57-б.].

Қазақстандағы баспасөз ісінің өркендеуіне қамқорлық жасау керектігі турасында В.И.Ленин 1920 ж. 4 маусымында В.В.Воровскийге «Қырғыз (қазақ — С.С.) жолдастар әріп, баспахана жабдықтарын, қағаз тауып беру жөнінде көмек сұрайды. Бұларды қабылдап, барлық жағынан оларға көмек етуіңізді өте өтінемін» деген мазмұнда хат жолдаған [8, 46-б.].

1920 ж. 15 шілдесінде Орынборда өткен губерниялық комитет мә-

жілісінде П. Зыякин «Баспасөз мәселесі» турасында баяндама жасап, Орынборда бар мерзімді басылымдардың жағдайының өте әлсіздігін баса көрсетіп, оның негізгі себептері баспасөз жұмысының дұрыс ұйымдаспауы, қағаз тапшылығы екендігін нақтылап берген еді [9]. Осы жылдың тамыз айында РК(б)П ОК-нің үгіт-насихат бөлімі құрылып, баспасөз арқылы большевиктік идеологияны кең түрде насихаттауға жол ашылды.

1920 ж. 4 қазанда Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғандығын жариялаған Қазақстан Кеңестерінің I Құрылтай съезінен кейін Қазревком елде кеңес үкіметінің нық орнауына ұлттық баспасөздің маңызды екенін, ол үшін материалдық-техникалық базасын құру қажеттігін түсініп, БКП(б) ОК-не көмек көрсетуін өтінген болатын. Осы жылдың 3 қарашасында Қырғыз (қазақ – С.С.) ОАК-нің төрағасы С.Меңдешевтің қол қоюымен Қазревкомның Баспа ісі редакциялық алқасының «ҚАКСР-ның Мемлекеттік Баспасөз жағдайы» деген бұйрығы қабылданып, республиканың ОАК-нің жанынан Қырғыз (Қазақ) Мемлекеттік Баспасы (Қазмембаспа) құрылды.

Азамат соғысынан кейін коммунистік партия өз алдына социалистік құрылысты нығайтуға белсене кірісті. Қазақстан Республикасы да халық шаруашылығын қалпына келтіруді қолға алып әрі елдің мәдени құрылысын көтеру ісіне де көңіл бөле бастады. Атап айтқанда, баспа саласының алға жылжып, кітап шығару ісі біршама ілгері басқандығы байқалды. Газет шығару барысына партия мен үкімет ерекше назар аударып, республикалық, губерниялық, уездік газеттердің алға қойған міндеттеріне жете көңіл аудару қажеттілігі комитет мәжілістерінде баса көрсетіп отырды.

«Жергілікті газет бағдарламасы» жөніндегі РК(б)П ОК-нің 1921 ж. 4 сәуірдегі қарарында жергілікті губкомдар мен укомдарда шығарылатын газеттерге ауылшаруашылық құрылысы, фабрика-зауыт өнеркәсібі, қала шаруашылығы, партия өмірі, халық ағарту, қызыләскер өмірі барысы жөнінде жазу мен газет қызметіне жұмысшы және шаруа табын тарту мәселелері айтылды. Сондай-ақ газеттер партия өміріне аса мән беріп, партия қызметінің барысын жан-жақты талдап көрсетуді ең маңызды міндеттеріне санауы қажет делінді [10].

1920 ж. Қазақ АКСР-ы құрылғаннан бастап қазақ тілінде газет, журнал шығару ісі күшейді. 1920-25 жж. 15-тей газет-журналдар

шығып тұрды. Ғалым Т.Кәкішев бұл жылдардағы қазақ баспасөзінің өркендеуін белгілі жүйелілікпен көрсетті. Оның жазуынша, 1920 ж. 4 газет шықса, 1921 ж. 6 газет пен 3 журнал, 1922 ж. 8 газет, 2 журнал, ал 1923 ж. 9 газет пен 3 журнал, 1924 ж. 10 газет пен 2 журнал, 1925 ж. 13 газет және 5 журнал шыққан [11, 12-б.].

Қазақ ұлттық баспасөзінің қалыптасуы 1921 ж. 11-18 маусымда болған РК(б)П Қазақстан облыстық бірінші конференциясынан кейін кең түрде қолға алына бастады. Бұл конференцияда елдегі сауатсыздықты жойып, қазақтың саяси және жалпы сауаттылығын көтеруді, Кеңес өкіметінің мәні мен шараларын халыққа түсіндіруде үгіт-насихат бөлімдерінің қызметінің аса маңыздылығы айтылып, осы бөлімнің жұмысын жандандыру мәселесі қойылған болатын. Оның негізгі құралы — баспасөз екендігі де баса көрсетілді. Конференцияда қазақ тілінде шығатын газеттерге ерекше көңіл бөліп, оның дәрежесін көтеру талап етілді [12, 28-29, 32-66.].

1920 ж. 7 желтоқсанынан бастап Ташкентте бұрынғы «Жаңа өріс» газетінің орнына «Ақ жол» газеті шыға бастады. «Ақ жол» Түркістан Республикасының атқару комитеті мен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің ресми басылымы болды. Негізінде, «Ақ жол» газетін шығару мәселесі Түркістан Республикасы кеңестерінің Орталық Атқару Комитетінің 1920 ж. 1 қарашада болған мәжілісінде қаралып [13], С.Қожанов алғашқы редакторы болып тағайындалған болатын. 1921 жылы Орынбор қаласында «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналы отау тікті.

Қазақ баспасөзінің ақсап отырғандығын тез арада түзету, оны халық игілігіне сай құру мәселесі 20-жылдардың басында-ақ қазақ зиялыларының арасында да кең қолдауға ие болды. Олар осы мәселе төңірегіндегі өз ойларын батыл да, ашық түрде газет-журналдар арқылы жеткізе білді. Мәселен, 1921 жылы қазақ зиялыларының бірі М.Әуезов «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Не себептен?» деп аталатын мақаласында елдегі болып жатқан жағдайлардан және қазақ үкіметінің не істеп жатқандығынан халықтың хабарсыз екендігін айта келе: «...не Орынборда шыққан газет жоқ. Үкімет тілі «Еңбек туының» бұл күнге шейін біздің алғанымыз бірінші ғана нөмірі. Өткен нөмірде «Еңбек туының» хабар деп жазған оқу құралдары турасындағы хабарды біз Ташкенттің «Ақ жолынан» алып отырмыз» деп, баспасөз ісінің ақсап

отырғандығын ашық көрсетсе [14], 1922 жылғы «Шолпан» журналының №2-3 сандарында жарық көрген «Қазақ қалам қайраткерлеріне» деген Ашық хатында мерзімді баспасөздің халықтың түзу-терісін көрсететін айнасы екендігі, бар басылымдардың өзінде жамандау, мақтау сияқты кемшіліктердің барлығын көрсетіп, бұл сияқты келеңсіздіктерден құтылу үшін жас жазушыларға газетке лайықты аса керекті деген мақалаларды жазуды міндеттеу қажеттігін көтереді [15, 7-9-бб.].

Қазақ баспасөзінің өрлеуіне үлес қосқан Смағұл Сәдуақасов 1921 жылы Орынборда басылып шыққан «Жастарға — жаңа жол» деген кітабында газеттің аса қажеттілігін: «Газет осы күнгі дүниенің айнасы. Жер жүзіндегі болып жатқан оқиғалардың бәрі газетте жазылады. Сол себепті білім арттыруға, көңілді ашуға, қазіргі халді аңғаруға газет табылмайтын бір шара», — деп айта отырып, баспасөз саласын көтеруге шақырды [16, 43-б.].

Қазақ зиялы әйелдерінің бірі Нәзипа Құлжанова «Известия Киргизского областного комитета РКП(б)» журналына жариялаған «ҚКСР-дағы қазақ газеттері» атты мақаласында қазақ газетінің жаңа экономикалық саясатты насихаттаудың бірден-бір құралы екендігін айқын жазған еді. Алайда газет шығару ісі елде төмен сатыда тұрғандығын, Орынборда «Еңбекшіл қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналы, Петропавлда «Бостандық туы», Семейде «Қазақ тілі» газеттері ғана шығатындығын, бұл басылымдардың ішінде саяси және әдеби жағынан «Қызыл Қазақстан» журналы мен «Еңбекшіл қазақ» газеті соңғы кездерде сапалы болып отырғандығын атап өтіп, баспасөз сапасын көтеруде журналистердің алдына бірнеше сұрақ-жауаптарды ұсынды. Мәселен, «Өлкелік газеттерге ең бастысы не қажет?» деген сұраққа «Жергілікті өмірмен таныстыру», ал «Редактор деген кім?» деген сұраққа «Газеттің басшысы, дем берушісі. Редактордың ақылды қолынсыз ешқандай да мықты деген авторлар газетті сақтай алмайды» деп жауап береді [17, 27-28, 30-бб.].

1922 ж. 20 ақпанында РК(б)П ОК-нің «Мерзімді баспасөз туралы» қаулысы қабылданып, онда газеттің жауапты редакторы мен қызметкерлеріне партия комитеттерінің белсенді мүшелерін тағайындау және редакциялық алқаның құрамына партиядағы ұстамды жолдастарды кіргізу мәселесі қойылды. Газет редакторы мен жауапты хатшысы барлық әкімшілік жұмыстардан босатылуға тиіс болды. Осы қаулыдан

кейін Қазақстанның ІІ облыстық партия конференциясы (конференция 19-27 ақпан аралығында болған — С.С.) елдегі ауыр жағдайды шешуде және үкімет пен партия шешімдерін жүзеге асыруда үгіт-насихат құралы ретінде жергілікті баспасөзді қолдануды маңызды санады [18, 20-23-бб.].

1922 ж. 27 наурызы мен 2 сәуірі аралығында болған ХІ партия съезі жаңа экономикалық саясаттың бірінші жылының қорытындысын шығара отырып, партия құрылысы, кәсіподақтар, қаражат саясаты сияқты маңызды мәселелерді жүзеге асыруда баспасөзді қолдану қажет деп тапты. «Баспасөз және насихат туралы» қарарды қабылдай отырып, елде үгіт-насихат ісін күшейтуде газетті қолдану аса тиімді екені айтылып, партиялық ұйымдардан газеттерге көңіл аударуды талап етті. Кейбір саяси сенімсіз газеттерді жабу, барлық газеттерге саяси-партиялық басшылықты күшейту мәселесі баса қойылды. Сонымен қатар баспасөз ісін нығайтуда оның редакциясына жақсы әзірленген әрі сенімді партия қызметкерлерін жіберуді қажет деп шешті [3, 69-66.].

Съезд газеттерге жергілікті халыққа қызмет етіп, олардың жұмыс барысы, өмірі және тағы басқа сол өңірге қатысты мәселелерді жариялап отыруды міндеттеді. Комсомол жастарға жан-жақты қолдау көрсету мақсатында губерниялық газеттердің бір бетін жастарға арнау қажеттігі де аталды. Ал журналдарға келгенде, біріншіден, оның бетінде саяси мақалалар, екіншіден, тезис ретінде үгіт-насихатшылар үшін материалдар, үшіншіден, үкіметтің қаулы-қарарлары, губкомның қызметі жөніндегі ақпараттық материалдар, төртіншіден, айтыс-тартысты материалдар жариялауды орынды санады [19, 360-363-бб.].

Мерзімді басылым мәселесі РК(б)П Қазақстан губерниялық партия комитеті хатшыларының 1922 ж. 2-5 қазанда Орынборда өткен бірінші кеңесінде де қарастырылды. Бұл кеңеске РК(б)П ОК-нің нұсқаушысы А.Рябинин қатысқан болатын. Баспасөз ісінің жүргізілу барысының нашарлығы, газеттердегі жарияланған материалдарда партия тұрмысы мүлдем дерлік жазылмайтындығы, газет шаруа мен жұмысшының мүддесіне қызмет етуге тиісті болса да оған аз көңіл бөлетіндігі, техникалық дәрежелерінің нашарлығы, губкомдар губерниялардағы барлық басылымдарға саяси басшылық жасамайтындығы сынға алынып, кеңес-партия мектептерінде кеңес қызметіне лайықты кадрлар даярлауды жолға қою, коммунистердің саяси сауатын арттыру, үгіт-насихат жұмысында

газеттердің рөлін күшейту жөнінде нұсқау берді. Кеңесте 10 тараушадан тұратын шараларды жүргізу негізделді. Бұл шаралардың бірі — Қазақ АКСР-нің баспасөзіне партия комитеттері берік, идеялық басшылық жасау еді. Ол үшін губкомдар үгіт бөлімдеріне губерниядағы барлық басылымдарды (мерзімді және мерзімді емес басылымдарды да) тіркеп, әр басылымнан 3 данадан Қазақ обкомының баспасөз бөлімшесіне және 5 данадан РК(б)П ОК-нің баспасөз бөлімшесіне жіберіп отыруы тиіс болды.

Қаулыдағы екінші шара — газеттерді оқушы бұқараға жақындату, оларды не жұмысшы-шаруа, не шаруа газеті ету және материалдарды түсінікті тілмен әрі губкомдардың тек қала оқиғалары мен қала жұмысшыларының жағдайын ғана емес, ауыл-деревня, бұқара өмірін неғұрлым толық көрсетуіне жағдай жасауы болды.

Ал қаулыдағы басты шара — баспасөздің партия тұрмысына көбірек көңіл бөліп, партияның жүргізіп отырған іс-шараларымен халықты таныстыру деп келтірілді. Әйелдер мен жастар үшін арнайы бет ашуды да қолға алу үшін жергілікті жерлерге нұсқау беру қажет деп табылды. Кеңес барысында бар газеттердің мазмұны мен техникалық сапасын арттыру, ол үшін редакцияның қызметкерлер қатарына партияда бар тілшілерді тарту, газет қызметкерлерінің жағдайын жақсарту, журналистерді өз мамандықтары бойынша пайдалану керектігі де баса айтылды [12, 64-65-бб]. Осы конференциядан кейін бұл қаулы бірнеше газет-журналдарға жарияланды. «Қызыл Қазақстан» журналы да осы қаулыны жариялай отырып, баспасөз ісін толық көркейтуде белгілеген шараларды жүзеге асырудың аса маңыздылығын атап көрсетті [20, 36-38-бб.].

Баспасөз ісін дамытуға байланысты шыққан үкімет қаулы-қарарларына орай газет беттерінде ой-пікір білдірген түрлі мақалалар жарияланды. Мәселен, М.Дулатов «Еңбекшіл қазақ» газетіне басылған «Баспасөз үмесі» деген мақаласында үкіметтің баспасөзді күшейтуге қатысты жариялап отырған заңдарына орай баспасөзді ұлғайтып, одан әрі дамытуда оның өткен жағдайына көз жүгіртіп, кемшілігін електен өткізіп алады қажет санады. Түркістан мен Қазақстанда ХІХ ғ. соңынан бастап шыққан барлық газет-журналдарды рет-ретімен жазып (42 газет-журналды атап көрсеткен — С.С.), бұлардың 32-не тоқтап, тек 10-ы ғана нақты шығып тұрғандығын атай отырып, қазақ газет-журналдарының азайып қалуының кемшіліктерін көрсетті. Оның себебі газетті дұрыс

ұйымдастыра алмауынан дей отырып, мерзімді баспасөзді көркейтудің қажетті шараларын көрсетіп берді [21].

Қазақ баспасөзін еңбекшілер баспасөзі ретінде өрістету қажеттігі «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Еңбекшілер баспасөзі» деген мақалада да айқын білінді. «Еңбекшілер табының көздеген мақсұтын жұртқа түсіндіріп, тап тартысын жарыққа шығаратын үлкен күштің бірі — баспасөз. ...Баспасөз әр мәселені ашық қойып, жұрт пен хукімет арасын байланыс еткізетін айна. Баспасөз — көптің көзі. Баспасөз — партия һәм кеңес орындарының көмекші тілі. Баспасөзге артылған жүк ауыр», — дей келе, баспасөзді халықпен байланыстыру мәселесін көтерді [22].

1923 ж. мамыр мен маусым айларында Қазақстанда баспасөз ісін күшейту компаниясы өткізіліп, құрамында партия, атқару комитеттерінің, кәсіпшілер бюросының, баспасөз және жастар ұйымдарының өкілдері бар комиссия құрылды. Жергілікті баспасөзді күшейту шарасына партия-комсомол ұйымдары, кәсіподақтар, әйелдер бөлімі, сондай-ақ мұғалімдер белсене қатысты. Бұл компанияның алдына баспасөз ісін өрістетуде үгіт-насихат жұмыстарын күшейту, газеттерге баспасөздің жетістікті, кемшілікті тұстары жөнінде сыни мақалалар жариялау міндеттері қойылды. Осыған орай «Қазақ тілі» газетіне жарияланған «Газета туралы» атты А.Асылбеков пен Ш.Тоқжігітовтің мақаласында Қазақстанның нақты тұрғындары қазақ халқы болса да, қазақ тілінде шығып тұрған газет-журналдардың саны аздығы айтылып, мұны баспасөз саласының негізгі кемшіліктерінің біріне жатқызды. Авторлар газет-журналдың мазмұнына қатысты бірнеше ұсыныстар білдіріп, газет шығару ісіндегі ірі кемшіліктерді тізіп көрсетті. Олардың пайымдауынша, губерниялардағы газеттің аздығы біреулердің қызметін бұлдағандықтан, біреулерінің салақтығынан, біреулерінің белсене кіріспегендігінен. Газеттің көп болып таралуы үшін ең басты қажетті іс — бұл қаражат дей отырып, осы аталмыш кемшіліктерді өзгертіп, жөндеуді зор міндет санады. Авторлар сонымен қатар қазақ тілінде шығып тұрған «Қазақ тілі», «Еңбекшіл қазақ», «Бостандық туы» газеттері мен «Қызыл Қазақстан» журналына жазылуға бұқара халықты тартудың маңыздылығын көрсетіп берді [23].

Осындай мақалалардың жарияланып, үгіт-насихат жұмыстарының жүргізілуі, бір жағынан, баспасөз саласының алға жылжуына үлкен себеп болса, екінші жағынан, қазақ тілді газет-журналдардың көбеюіне, олардың қызметкерлерінің санының өсуіне алып келді. 1923 ж. Қазақстанда

шығарылатын барлық газеттердің саны 21-ге жеткен. Олардың 16-сы орыс тілінде болса, ал 5-і қазақ тілінде шығарылып, республикаға жалпы 26620 данамен таралды. Оның ішінде қазақ тіліндегі газеттер 8650 таралымды құрады.

1923 ж. 11-15 қазанда Орынборда болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің кеңейтілген пленумында Қазақ АКСР-нің баспасөзі өте-мөте мүшкіл жағдайда қалып отырғандығы және Қазақ облыстық III партия конференциясының шешімінің негізінде баспасөзді нығайту жөніндегі науқанның баспасөз жағдайын толық жаңартпағандығы, науқанға қазақ газеттері мүлдем дерлік қамтылмай, әрі бар газеттердің өзі көбіне уақтылы шықпай, аз, тіпті мардымсыз данамен ғана таратылып, партия мен кеңес органдарының тарапынан белгілі бір қолдауға мұқтаж болып отырғандығы айтылды. Сондай-ақ қазақ газеттерінде осы уақытқа дейін газет редакциясының жауапты құрамы бекітілмей және тұрақтамай, үнемі ауыса беретіндігі де баса айтылып, ілгеріде бұл кемшіліктерді жоюда жергілікті қаржы арқылы баспасөзге көмек қорын жасау, жұмысшы, шаруа тілшілері есебінен қызметкер кадрларын көбейту, олардың қызметіне басшылықты күшейту, жаздырып алдыруды көбейту, баспасөзде саяси оқиғаларды, жергілікті өмірді, тұрмысты және т.б. анық көрсету, орын алған кемшіліктерді жауапты орыс қызметкерлерін қазақ газеттеріне және керісінше, жауапты қазақ қызметкерлерін орыс газеттеріне қатыстыру арқылы түзеуді міндеттеді [12, 110-111-бб.]. Бұл қаулыдан кейін баспасөз жұмысы жайында «Қызыл Қазақстан» журналында көлемді мақала жарияланып, баспасөзді ұйымдастыру және оған басшылық жасау жұмыстарына байланысты бірнеше ұсыныстар жасалды және осы міндеттерді жүзеге асыруда арнайы науқан белгіледі.

Ұйымдастыру жұмысында газет басқармаларына қазақтың қалам қайраткерлерін енгізіп, Ақтөбе мен Бөкей губернияларында қазақша газет шығаруға қаражат табу және елімізде шығарылмақ газет, журналдар жайында баспасөз бөліміне қысқаша мәлімет беріп отыру міндеттелінеді. Ал басшылық ету және нұсқау жұмысы бойынша баспасөзді дүркін-дүркін партия комитеттері тексеріп отыратын болды. Аймақтық мекемелердің баспасөз қызметін үнемі қадағалап отыру үгіт-насихат бөлімі жанындағы жазушылар алқасына жүктелді [24, 151-б.].

Бұдан кейін «Қазақ тілі» газеті өзінің 31 тілшісіне арнап Ашық хат жариялаып, онда қазақ тіліндегі газеттер қалың еңбекшілердің керегіне

жауап бере алмай отырғаны айтылып, осы тілшілерді газетке белсене қатысуға шақырды. Газеттің жалғыз ғана ақылшы емес, үйретуші болуына атсалысуларын, қолғабыс берулерін өтінді [25].

Баспасөзді қалай жақсарту мәселесіне орай «Қызыл Қазақстанға» Троцкийдің «Газет һәм оның оқушысы» атты мақаласы жарияланып, ол бірнеше ұсыныстар жасады. Газеттің мазмұнды болып шығуы үшін тек жеделхаттармен ғана шектеліп қалмай, шетел хабарларын да үзбей жариялау қажеттігін көтерді. Оқырманды өзіне тартуда газеттердің қызықты, танымдық материалдарды көбірек басқанын дұрыс санады [26, 98-99-бб.].

1924 ж. 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, Қазақстанда қазақ тілінде 7735 данамен 6 газет, 5200 данамен 2 журнал шығарылған. Ал 1924 ж. соңына қарай 28 газет болып, оның 7-і қазақ тілінде, 10-ы орыс тілінде шыққан. Бұл газеттердің 5-і жұмысшы, 13-і шаруа, 10-ы басшылық органы болса, ал 1925 ж. басында газет саны 30-ға жетіп, оның 12-і қазақ тілінде, 1-і өзбек, 1-і ұйғыр, ал 16-ы орысша шықты. Газеттердің 2-і өлкелік, 22-губерниялық, 6-ы уездік болған. Сонымен қатар Қазақстанда осы жылы 5 журнал жарық көрді [27]. Қазақ тіліндегі газеттердің жалпы таралымы 33 пайыздан 42 пайызға дейін жеткен [28, 135-б.].

Газеттердің көбеюімен қатар олардың тілшілерінің де саны арта түсті. Әсіресе ауыл корреспонденттерінің қатары өсті. Партия тілшілердің міндеттерін арттырды. Бұл турада баспасөз саласын дамытуға үлес қосқан Ш.Тоқжігітов «XIII-нші партия жиылысы баспасөз тақырыпты» атты мақаласында: «... Ендігі міндет — адамшылық санасы, пікір майданының таласы болып отырған газеталарымызды һәм басқа да баспасөздің ауданына кіретін әдістерді орындау керек. Оған басшы партия жиылысының шығарған қарарларын орындауға міндетті. Партия мүшелері, білімге аңсаған көпшілік болсын, бұл жалпының борышы...», — деп жазған болатын [29].

1924 ж. ақпанда БК(б)П ОК-ті баспасөз басшылығындағы құрылымға өзгерістер енгізді. Үгіт-насихат баспасөз бөлімшесі жеке бөлім ретінде қайтадан құрылды. Осы жылдың наурыз айында оның құрамында баспасөздің ұлттық бөлімшесі бой көтерді. Ал 12 қыркүйекте ұлттық баспасөз бөлімшесінің үш тұрақты комиссиясы сайланып, оның бірі 10 қазаннан бастап өз қызметіне кірісті. Комиссия негізінде қазақ баспасөзінің жағдайын қадағалап, әлсіз жақтарын айқындап, оны жақсарту-

дың шараларын белгілеуге тиісті болды. Сонымен бірге газет-журналдың мақсаты мен бағытын, таралымын, қаражатын, шығарушысы мен жауапты редакторы және корреспонденттері жөнінде толықтай анықтауды міндеттеріне алды. Комиссия жұмысынан бөлек барлық газет-журналдардың редакторлары ұлттық бөлімшеге 1924 ж. 1 қазанына дейін редакция жағдайы турасында толық есеп жіберуге тиісті болды [30]. Бұл газет-журналдың қаншалықты партия мен үкіметтің қойған міндетін атқарып жатқандығын айқындау еді.

РК(б) П Қазақстан облыстық төртінші конференциясында (1924 ж. 11-16 мамыр, Орынбор — С.С.) қабылданған қарарда да ұлт баспасөзі мен баспаның кезекті міндеттері белгіленіп, оның ең басты міндеті баспасөзді партияны нығайтатын, топтастыратын құрал ету деп көрсетті. Конференция ұлттық баспасөзді дамытуда РК(б)П ОК-нің қаражатынан қажетті мөлшерде қаржы алып тұрса деген ұсыныс білдірді. Сондай-ақ осы ұлттық басылымдарда партиялық ой-пікір мен партия ұйымы өмірін бейнелеуді алдыңғы орынға қоюды, жастар баспасөзіне партия ұйымдарының жүйелі басшылығы мен бақылау жасауын талап етті. Газет аппаратын күшейткенде, оның қатарын ұстанымды, сыннан өткен мүшелерімен және журналистермен толықтыру, жергілікті бюджеттерден қазақ газеттеріне үнемі қаржы алып тұру, қазақ журналистерін даярлау мәселесін қолға алу, ол үшін журналистика институттары мен журналистика курстарына қазақтарды жіберу, шығарылатын газет сапасына аса мән беру, яғни жұмысшы, шаруа тұрмыстары, жастар мәселесі турасында газетке үнемі мақалалар мен хабарлардың жариялануын қадағалау сияқты мәселелерді шешу көзделінді [12, 150-153-66.].

1924 ж. 19 қарашада болған мәжілісте РК(б)П ОК-нің баспасөз бөлімінің қазақтың мерзімді баспасөзінің өсіп-өркендеуі мен алған бағытын айқындау барысы жан-жақты қаралды. Онда «Ақ жол» газетінің жұмысы қатаң сынға алынып, газетте партия және идеологиялық бағыттың жоқтығы, оның бетінде ұлтшылдықты уағыздайтын мақалалардың, өлеңдер мен әңгімелердің жиі басылатындығы баса айтылып [11, 42-б.], бұған газет редакциясы тікелей кінәлі деп танылды. Осы мәжілістен кейін қазақ баспасөзі 1925 жылы екі мәрте арнайы қаралды. 2 наурызда болған мәжілісте РК(б)П ОК-нің Секретариаты «Қырғыз баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіре түсу шаралары туралы» қарар қабылдаған болатын. Бұл қаулы бойынша, біріншіден, Ә.Бөкейханов бастаған алаш-

тық интеллигенция осы жылы-ақ баспа орындарындағы қызметтерінен босатылды, екіншіден, сынға ұшыраған мерзімді басылымдардың біразы жабылды, үшіншіден, барлық дәрежедегі мерзімді басылым, кітап шығару ісі үстінен қуатты партиялық бақылау орнады [31, 25-б.].

Бұл мәжіліс барысында да «Ақ жол» газеті сынға алынып, газет бағыты жағынан антикеңестік делінді [32]. Шындығында да, газетке Кеңес өкіметіне қарсы бағытта жазылған мақалалар жарияланып жатты. Әсіресе елдегі ауыр жағдай, ашаршылық мәселесі, салық жинаушылардың, үкімет жарлығын орындаушылардың қарапайым халыққа тигізген қоңаң-лоқысы ашықтан-ашық жазылды. Кей материалдар ұлтшылықты уағыздады. Газетке «Жақында Әулиеата уезінде сандалып ел қыдырып жүрген біреулер үкімет атынан «су салығын» жинап, көп қой айдап қайтқан» [33] делінген тақырыптағы немесе «Шаруа жағдайы нашарлап, тоза бастады. Қазіргі кезде де бір жерде он үй, бір жерде он бес үй болып күнелтіп келеді. Жарлы-жақыбайлар ұйымдасып, кеңес хукіметінің жақсылық істерінен жұрт қатарлы пайдалана алмай отыр. Көрінгеннен көз түрткі жеп, саясат жағынан да кемшілік көруде» сияқты кеңес үкіметінің солақай саясатын айқындап көрсеткен мақалалар жарияланды [34].

Мұндай тақырыптардағы мақалалар үкімет орындарына, партияға, коммунистерге, тіршілік етіп жатқан елге қарсы құрал деп танылып «Ақ жол» газетін қайтадан ұйымдастырып, насихат органына айналдыру ұсынылды. 1925 ж. 2 наурызындағы БК(б)П Орталық Комитеті Секретариатының қазақ баспасөзіне қатысты қабылдаған қарарында: «Кейбір мерзімді басылымдардың «Ақ жол», «Сана», «Тілші» саяси бағытын анықтауда, ұлтшыл, партияда жоқ интеллигенттердің ықпалы бар екені байқалады», — деп келтірілсе [35], ал 7 сәуірдегі құпия жіберілген нұсқауда: «Ақ жол» қазіргі кезеңге дейінгі бүкіл Қазақстандағы ең ұстамсыз газет болып қалуда. Оның саяси бағыты, әсіресе соңғы айларда мүлде түзетуге болмайтындай болып кетті» деп көрсетілді. Бұдан кейін «Ақ жол» газетінің мазмұны жете тексеріліп, бақылау орнатылды. Сондай-ақ Орталық Комитеттің Бас хатшысы И.В.Сталин «Ақ жол» газетінің саяси бағыты туралы 1925 ж. 29 мамырда Қазақ өлкелік комитетінің мүшелеріне жазған арнайы хатында газетте ақгвардияшы М.Шоқаевтың мақаласы жарияланғанын, бұл мақала коммунистерге қарсы жазылған мақала екендігін атай келе: «Осыған байланыс-

ты «Ақ жол» журналын (газетін — С.С.) түбінен жедел түрде қайта ұйымдастырып, одан партия қатарында жоқ интеллигенттерді шығарып, газетті коммунистік насихат басылымы етуге шаралар қолдану» қажеттігін баса көрсетіп, газетті коммунистік насихаттық басылымға айналдыру қажет деген ұсыныс жасады [36].

«Ақ жолдан» бұрын 1922 жылы қараша, желтоқсан айларында ғана шыққан «Өртең» газеті 29 желтоқсанда «ұлтшылдық бағыты үшін» арнайы үкімет шешімімен жабылып қалған болатын. Бұдан кейін Мәскеудегі Ұлттар комиссариаты жанындағы Күншығыс баспасынан шыққан «Темірқазық» журналы да үкімет шешімі бойынша 3 нөмірінен кейін «ұлтшылдығы үшін» тоқтатылды.

«Ақ жол», «Тілші» газеттері мен «Сана» журналында партияда жоқ ұлт зиялыларының ықпалы барлығы анықталып, осы басылымдардың редакциялық құрамына партия қызметкерлерін тарту, сондай-ақ «Еңбекшіл қазақ», «Кедей», «Қызыл Қазақстан», «Тілші» сияқты газет-журналдың мазмұны партия талаптарына сай болмағандықтан, оның әрбір шығарылымына мән беру мәселесі де қарастырылды. Аталған мерзімді басылымдарға партиялық басшылықты күшейту, редакторлығына партия қатарында бар мамандарды ғана тағайындау, «Ақ жол», «Сана», «Тілші» сияқты басылымдарды ұлтшыл элементтердің ықпалынан арылту үшін олардың редакциялық алқасының құрамын күшейту, «Ақ жол» мен «Еңбекші қазақ» газеттеріне қажетті қазақ журналистерін даярлау үшін курстар ашу мәселесі қойылды [37].

Өлкелік басылымдарда республикаларда болып жатқан өзгерістерді уақытты жариялау мәселесі 1925 ж. 9-11 сәуірі аралығында Қызылордада өткен Қазақ өлкелік комитетінің пленумында айқын көтерілді. Осы айдың 11-де Ташкент қаласында «Ақ жол» газеті тілшілерінің бірінші конференциясы өткізіліп, елден келген 36 тілші мен Ташкенттің оқушылары, әртүрлі ұйымдардан, қауымдардан, мекемелерден 21 адам, жалпы 57 адам бас қосты. Конференцияны «Ақ жол» газетін уақытша шығарушы Байғасқаұлы ашып, оның президиумына Жүргенұлы, Байғасқаұлы, Жүнісұлы, Жанәліұлы, Баймұратұлы сайланды.

Темірбек Жүргенұлының Кеңестер мемлекетінің ішкі-сыртқы саяси күйіне қатысты және Қ.Кемеңгерұлының тілшілердің міндеті және мәнісі туралы баяндамалары тыңдалып, соның негізінде пікірталастар өткізілді. Қошке Кемеңгерұлы Қазақстан газеттерінің жалпы жағдайын,

онда көтеріліп отырған мәселелер мен баспасөз саласында ақсап тұрған жайттарды айқын түрде айта келе, газеттерге хабар немесе түрлі материалдар жазатын тілшілердің міндеттерін айқындауды ұсынды. Ол ауыл халының күнделікті хабары, ел тіршілігінде болып жатқан өзгерістерді дәл басып түсіндіру тілшілердің міндеті екендігін, кооперация, сот, тергеуші, милиция, болыс-ауылнай, «Қосшы» ұйымдары, оқу-ағарту, ұрлық-қарлық, пара беру, салық мәселесі газеттің негізгі тақырыбына айналу қажеттігін баяндады. Сондай-ақ ол газет тілшісі болу үшін керекті шарттарды ашып көрсетті. Оның ойынша, тілші болу үшін елді жан-тәнімен сүю қажет. Тілші сөзі қазақтың қоспасыз өз тілімен, ел тілімен, ұғымды, қысқа түрде жазылып, жазған мәтінде бір сөзді қайта-қайта жазудан қашу керек.

Пікірталасқа шыққан Баймаханұлы тілшілердің саясаттан аттап баспауын, сондай-ақ олардың кедей еңбекшілерден болса деген ойын білдірді. Қазақ баспасөзінің тарихы жөнінде Абдолла Байтасов баяндама жасап, халық арасына басқа газет-журналдарға қарағанда артығырақ тараған «Ақ жол» газетінің жалпы жағдайын, жетістігі мен кемшіліктерін саралады.

Конференция тілшілердің басты 12 парызын нақтылап көрсетіп берді. Олар: 1) Жұрт қызметіне араласа жүру керек; 2) Қырағы болу керек; 3) Материалды мезгілінде жіберу; 4) Басқармамен байланысы мықты болу; 5) Әр нәрсені жазып алу; 6) Әр нәрсені бөлек жазу; 7) Сөзді кестелі қылып қысқа жазу; 8) Хабар жазудың техникасын үйрену; 9) Дұрыс жазуға үйрену; 10) Газеттің әсерін байқау; 11) Шын газетші болу; 12) Газеттің күзетшісі болу [38, 1-24-бб.].

1925 ж. 13 мамырдағы Қазақ өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат алқасының мәжілісінде «Жаңа мектеп» журналы мен «Теңдік» газетін шығару мәселесі қаралып, аталған журнал мен газетті шығару аса маңызды делініп, олардың редакторлары мен негізгі бөлімдері туралы қаулы қабылданды. Мәселен, «Жаңа мектеп» журналының редакторлығына М.Қазанғапов тағайындалып, оның беттерінде ғылыми-педагогикалық, жалпы, өлкетану, ішкі хабарлар (ҚКСР-дің мектептерінің өмірінен), библиография және арнайы хабарларды жариялау міндеттелінді [39].

Қазақ өлкелік комитеті Қазақстан бойынша шығарылатын қазақ газеттерінің маңыздылығын күшейту, антикеңестік тақырыптардағы мақа-

лалар мен хабарларға жол бермеу үшін уақытша Ереже қабылдады. Онда бірінші орында газет облыстардағы партия органдарына сол жерлерде шығатын газеттердің сапасы мен мазмұнын жақсарту, газетке күнделікті саяси, ұйымдастырушылық және шаруашылық тақырыптарында түрлі хабарлар мен мақалалардың жариялануын қадағалау мәселесі тұрды. Бұдан кейін Баспа саласындағы барлық партия ұйымдарына газетте арнайы қызметкерлердің аздығына байланысты тілші-мамандар даярлау мәселесін қолға алу жөнінде хат жіберілді. Әрбір газет өз тарапынан 2-5 адамнан тілші-мамандар даярлауға тиіс болды [40].

Баспасөз қызметкерлерін даярлау мәселесі Баспа бөлімдері меңгерушілерінің мәжілісінде қаралып, оларды Мемлекеттік Журналистика институты мен жергілікті курстар арқылы дайындау, сонымен қатар баспасөз ісіне партия аппараты қызметкерлері мен ауыл тілшілерін тарту жөнінде қарар қабылданды. Ол үшін Мемлекеттік Журналистика институты жоғары оқу орны ретінде баспа ісіне қажетті қызметкерлерді дайындауды өз міндетіне алуға тиісті болды.

Баспа бөлімінің 1925 ж. 30 мамырдағы 42182 нөмірлі нұсқауында газет-журналдарда қызмет ететін маман жұмысшыларды Мәскеуге жіберу арқылы даярлауға қаражаттың тапшылығына байланысты бес ұлт республикаларында, атап айтқанда, Әзербайжан, Белоруссия, Башқұртстан, Қазақстан және Өзбекстанда үш айлық курс ашу мәселесін көтерді. Аталған республикалар бұл курсқа 50 адам қабылдап, ондағы оқуды ана тілінде өткізіп, халық арасына лекторлыққа белгілі журналистерді тарта алатын болды [41].

Тілші-мамандарды даярлау мәселесі бойынша РК(б)П ОК-ті Баспа бөлімі меңгерушісінің орынбасары Васильевский әр газетке арнайы нұсқау-хат жолдап, осы мәселенің қолға алыну барысын хабарлауды талап етті. Мәселен, «Еңбекші қазақ» газетіне жіберілген осындай хатта газет қызметкерлігіне алынатын курс оқушылары газет ісіне қызығушылық тудырған партия, комсомол, жұмысшы, ауыл корреспонденттерінен болып, олардың санын газет өзі белгілеуді сұраған [42].

1925 ж. Қазақстан астанасының Орынбордан Қызылорда қаласына көшірілуі газет-журналдардың шығынын бірнеше есеге көбейтті. Орталық ҚКСР-дің өкелік газет-журналдарына 1925-26 жылдарға 93 000 мың сом ақша бөлсе, енді жаңа астанаға көшіруге және қарыздарын өтеуі үшін қосымша 25 000 сом көлемінде қаражат бөлінді. Дегенмен бұл қа-

ражат жетпей көпшілік газет-журналдардың шығыны өскен. Мәселен, «Еңбекші қазақтың» шығыны 50%-ға, «Ақ жол» газетінікі 41,9%-ға ал «Бостандық туыныкі» 39%-ға жеткен. Бұл шығындарды азайтуда Қазақ өлкелік комитеті газеттердің кейбір істерін қысқартуды жөн санады [43]. Көптеген басылымдар өз шығындарын азайтуға мәжбүр болды. Әрине бұл басылымдардың уақытында шықпауына және газет көлемі мен данасының азаюына алып келді. Осыған орай Қазақстандағы баспасөз мәселесін тексерген комиссия баяндамасы бойынша, өлкелік партия комитетінің бюросы «Жас қайрат» пен «Лениншіл жасты» бір органға біріктіру жөнінде шешім қабылдады [44].

Баспа бөлімін Қызылордаға көшіру барысында газет-журналдардың тоқтап қалмауы қадағаланып, оларға арнайы ғимараттар даярлау ісін қолға алды. Қазақ өлкелік комитеті Баспа бөлімі көпшілік газеті ретінде «Еңбекші қазақ» газетін аптасына 4 рет, қазақ тіліндегі комсомолдардың газетін бір баспа табақ көлемінде аптасына бір рет, қыз-келіншектердің журналы «Әйел теңдігін» екі баспа табақ көлемінде айына бір рет шығару, ал «Қызыл Қазақстан» журналын өлкелік комитеттің партиялық органы ретінде қайта құрып, 3 баспа табақ көлемінде айына бір рет шығаруды оңды санады [45].

1925 ж. 16 мамырындағы Баспа бөлімінің мәжілісінде 27 мамырда Қызылордаға көшетін редакциялар мен баспаханаларды көліктерге тиеу, ал 1 маусымда олардың қалада болуын қадағалау турасында қаулы қабылданып, мерзімді басылымдардың тоқтап қалмауы үшін әр басылымның уақытша шығарылатын күні белгіленді. Мәселен, дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері «Еңбекші қазақ», сейсенбі, бейсенбіде «Теңдік», ал сенбіде «Жас қайрат» шығарылуға тиіс болды және «Теңдік» газеті уақытша 4 беттен 2 беттік болып қысқартылды. 4 тамыздағы М.Саматов, Б.Майлин, Н.Арықова, М.Қазанғапов, С.Есовалардың қатысуымен өткен мәжілісте «Еңбекші қазақ» газетін аптасына 4 рет, яғни дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жексенбі күндері, «Жас қайрат» газетін аптасына 1 рет, сенбі күні, «Әйел теңдігі» газеттерін аптасына 1 рет сейсенбі күні шығаруды белгілеу, ал «Жаңа мектеп», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас» журналдарын шығаратын күндерді мемлекеттік баспамен келісу турасында шешім қабылданды [46]. Сөйтіп 1925 ж. жазында барлық республикалық газеттер жаңа астанаға көшірілді. Қаражаттық қиыншылыққа қарамастан осы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойын-

ша Қазақстанда шығарылған газеттердің саны 31-ге жеткен. Оның 13-і қазақ тілінде жарық көрді [93, 135-66.]. Жылдың басында қазақ тілінде шығатын газеттердің жалпы тиражы 15 000 болса, ал мамыр айында 34 800 данаға жеткен. Ал барлық басылымдардың жалпы таралымы 80 660 дана болды [47, 104-66.].

Сырдария губерниясының үгіт-насихат бөлімінің баспа бөлімшесінің 1925 ж. сәуір-маусым аралығындағы «Ақ жол» газеті туралы берген мәлідемесінде газеттің маусымға дейін Ташкент қаласында шығып, Қазақ өлкелік комитетінің Ұйымдастыру (Оргбюро) бюросының органы болғандығын, ал Шымкентке келгеннен кейін губерниялық комитеттің органына, қазақ диқандарының басылымына айналғандығы айтылды.

Бастапқы кезде «Ақ жол» газеті 4000 данамен шығып, ал айлық жазылу бағасы 70 тиын болды. Алайда қышпақтар мен ауыл тұрғындарының сауатсыздығынан газетке жазылу барысы төмендеп, басылымның шығуын ауыратты. Сондықтан губком мен губатком газеттің ескі қарыздарын жабуға қаражат іздестіруге мәжбүр болды [48].

Ұлттық баспасөз бөлімі Қызылордаға келгеннен кейін 26 маусымдағы Қазақ өлкелік комитеті бюросының мәжілісінде баспасөз мәселесі арнайы қаралып, Ә.Байділдиннің «Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз» атты баяндамасы тыңдалып, соның негізінде барлық қазақ тіліндегі губерниялар мен уездерде шығатын мерзімді басылымдарға бақылауды күшейту жөнінде қаулы қабылдады. Ол үшін «Еңбекші қазақ» газетінің данасын қысқарту, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторлығына О.Жандосовты, редактордың орынбасарлығына Варламов пен Байділдинді тағайындай отырып, редакцияны қайта құру, Қостанайдың губерниялық «Ауыл» газетін оқырмандарының аздығына қарай жабу, «Бостандық туы» газетінің редакторлығына Сұлтанбековты тағайындау, Семейдегі «Таң» журналын жауып, оның қаражатын «Қазақ тілі» газетінің қажетіне жұмсау, «Ақ жол» газетін қайтадан құру, сондай-ақ «Сана», «Сәуле», «Шаншар» сияқты журналдарды жабу мәселелері қойылды. Комсомол және әйелдер басылымдарын күшейту, атап айтқанда, «Жас қайрат» пен «Лениншіл жас» газеттері мен «Тендік» газетінің сапасын көтеру баса көрсетілді. Жетісу губерниясында шығып тұратын «Тілші» газетін сақтау, Халық ағарту комитетінің жанынан мұғалімдерге арнап «Жаңа мектеп» деген атпен жаңа журнал шығару мәселесін қолға алуды көтерді. Негізінде «Жаңа мектеп» журналын шығару жөнінде қаулы сол жылдың 13 мамырында өткен мәжілісте қабылданған болатын.

Әйелдердің «Теңдік» газетін айына 2 рет шығатын ету және оны «Әйел теңдігі» деп атау, онда Қазақстан әйелдерінің барлық салалардағы қозғалысы жөнінде жазып отыру белгіленді [49]. «Әйел теңдігінің» жауапты редакторлығына Сара Есованың өзі қалдырылды. С.Есова редакторлықпен қатар республиканың өлкелік әйелдер бөлімінің нұсқаушысы қызметін де қоса атқарды. Ал редактордың орынбасарлығына Нәзипа Құлжанова тағайындалды [50].

Газет-журналдарды сынау ісі күшейіп кеткендіктен РК(б)П ОК-нің Баспа бөлімінен Қазақ өлкесінің губерниялық және уездік баспасөз орындарына жіберілген хатта барлық басылымдарға дәлелсіз түрлі сындарды жарияламауды қатаң ескертті [51].

Ф.И.Голощекиннің Қазақстанға келіп, саяси билікке араласуы баспасөздегі қателіктерді әйгілеуді одан әрі жандандыра түсті. И.Сталиннің 1925 ж. маусымдағы «Ақ жол» газетіне байланысты жолдаған хатындағы партияда жоқ интеллигенцияға байланысты айтылған пікірлерді өзінше түсініп, қоғамдық-саяси өмірден қол үзбеген ұлттық интеллигенцияның алғашқы буын өкілдерін «буржуазиялық-ұлтшыл», «алаштық интеллигенция» деп жариялады [31, 51-б.]. Ол қазақ зиялыларын жік-жікке бөліп, олардың өзара бір-бірімен күрес жүргізуіне жағдай жасап отырды. «Жікшілдік» пен «ұлтшылдыққа» қарсы айыптау мерзімді баспасөз арқылы ашық түрде сипат алды. «Ақ жол» газетінің бағытын тексеру ерекше қолға алынды.

«Ақ жол» газетінің жағдайы туралы Баспасөз бөліміне Әмзе Нақымжанның жіберген тексеру қорытындысында газеттің соңғы уақыттарда 10000 данадан 3000-ға дейін таралымының қысқарғандығы, газет негізінде шаруа басылымы болуға тиістігі, алайда олай болмай, оның беттерінде көптеген түсініксіз шетел сөздері басылып отырғандығы айтылып, «революция», «санаторий», «группировка», «карман» сияқты сөздер аудармасыз сол қалпында берілуі сыналды. Сонымен қатар №594, 597 нөмірлерде қателіктер орын алып отырғандығын да атап өтеді. «Ақ жол» газетінің кейбір сандарында жат өлең немесе мақалалардың жарияланып кететіндігін көрсетті. Газеттің сапасындағы кемшіліктерге де орын берілетіндігі айтылып, оның мазмұндық және сапалық дәрежесін көтеруде бірнеше іс-шаралар жүргізуді ұсынды. Олар: журналистикадан хабары бар, саяси ұстамды мамандармен басшылықты күшейту және редакцияның құрамына жаңа әліпбиден хабары бар қызметкерлерді

қабылдау, губерниялардағы газеттердің басшылығын күшейту, газеттерді қажетінше жаңа әріптермен (шрифт) қамтамасыз ету, оқырмандармен тығыз байланыс орнату, «Ақ жол» газетін өзін-өзі ақтай алмайтын газет есебіне санап, материалдық көмек көрсету, ауылкорларының жазғандарына көңіл бөлу, корреспонденциялық желісті күшейту, газетті аптасына 2 рет шығарып тұру және «Ақ жол» атауының түсінікті болмауынан, оны өзгерту [52]. Осындай сыннан кейін газет бетіне жарияланатын әрбір мақала қатаң тексерістен өтті.

1925 ж. 11 шілдесінде Сырдария губерниялық комитетінің жауапты хатшысы Каучуковский мен үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Сафарбековтың РК(б)П ОК-нің жолдаған хатында Орта Азия республикаларында ұлттық-мемлекеттік межелеуді өткізуіне байланысты «Ақ жол» газетінде соңғы жарты жыл ішінде редакторлары тұрақтамай, партиялық басшылығы әлсіреп кеткендігін хабарланды. «Газеттің партиялық басшылығының әлсіреуіне бұрынғы Түркістан республикасы мен Қазақстанның қосылуы себеп болды» делінді хатта. Сондай-ақ газеттің редакторы К.Тоқтыбаев өлкелік партия комитетінің ұйымдастыру бюросының мүшесі бола тұра газет басшылығын дұрыс жолға қоюға әрекеттенбеді, осының кесірінен газеттің бағыты мен мазмұны антикеңестік бағытқа ұрынды деп келтірді. Одан әрі хатта Сырдария губерниялық комитеті бұл келеңсіздіктерді жойып, газет Ташкент қаласынан Шымкентке көшіріліп, редакторы К.Тоқтыбаев орнынан алынып, редакторлыққа Ш.Тоқжігітовтың тағайындалғандығы, қазіргі таңда оның әдеби қызметкерлерінің құрамы күшейтілгендігі айтылды [53].

Осы жылдың 15 қазанында РК(б)П ОК-нің Баспа бөлімінің меңгерушісі Варейкистің қол қоюымен құпия түрде Қазақстан өлкелік Баспа бөліміне жіберген хатта да қазақ мерзімді басылымының ақсап жатқандығы, БК(б)П ОК-ті Баспа бөлімінің қабылдаған қаулылары, шығарған бұйрықтарына қарамастан көпшілік қазақ шаруа газеттері жаппай шаруа газеті болмай отырғандығы, газеттердің тіл мен мазмұнының нашарлығы айтылып, мұндай газеттердің қатарына «Ақ жол» мен «Бостандық туы» газеттерін жатқызды. Әсіресе «Ақ жол» газетінің шығарылымының күннен-күнге азайып бара жатуының себебі, «газеттің мазмұнының төмендігінен» делінді. «Бостандық туы» газетінің шығарылымы азаймағанымен, тілі мен мазмұнында көп кемшіліктер орын алып, қазақ шаруасына қажетсіз материалдар басылып кететіндігі де келтіріл-

ді. Ол үшін Қазақ өлкелік комитеттің баспа бөлімі жағынан қазақ мерзімді басылымдарындағы басшылықты күшейте отырып, газеттің тілін, мазмұнын жақсарту, «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналында уақытында маңызды деген мәселелерді жариялау, қазақ баспасының жетекшілігі арқылы газеттер мен журналдардың жетістіктері мен кемшіліктеріне пікірлер беру сияқты жұмыстарды жүргізу ұсынылды. РК(б)П ОК-нің Баспа бөлімі жіберген хатта да қоғамға жат істерді әшкерелеу іс-шарасы Қазақстанда мардымсыз жүргізіліп жатқандығы айтылып, бірнеше айғақты мысалдар келтірілді. Олардың көрсетуінше, «Бостандық туы» газетіне 4 айдың ішінде ел ішіндегі жағымсыз істер жөнінде 5-ақ хабарлама басылған.

Мерзімді басылымдардың жұмысында жіберілген кемшіліктер жөнінде жазылған пікірлер қабыл алынып, оларды жою жолындағы жүргізіліп жатқан игі-шараларды мәжілістерде хабардар ету мәселесі қаулыға негіз болды. Осындай сын-ескертпелерге қарамастан, кейбір газеттер жауапты қызметкерлердің үстінен тексерілмей қаралаған материалдарды жариялауды тоқтатпады [54].

Баспасөздегі осындай кемшіліктердің белең алуына байланысты РК(б)П ОК-нің 1925 ж. 23 қазанда Қазақстандағы баспасөз туралы мерзімді басылымдарға басшылықты күшейту үшін өлкелік комитеттің баспасөз бөлімін құру жөнінде қаулысы қабылданды. «Еңбекші қазақ», «Жұмыскер тілі» және «Ақ жол» газеттерінің қызметкерлерінің саны мен сапасының қанағаттанарлықсыз екендігі айтылып, Қазақ өлкелік партия комитеті тарапынан қазақ баспасөзіне бақылау мен партиялық басшылықты күшейту шараларын белгіледі. Сондай-ақ «Қызыл Қазақстан» журналының ай сайын шығуын қадағалау және мазмұнын жасқарту қажет деп табылды [55].

Орталық Комитеттің 1925 ж. 25 қазанда қабылдаған қаулысы партияның ОК-ті баспасөзді қалың бұқараға жақындатып, газеттер мен аударма әдебиеттің тілі мен мазмұнына айрықша назар аударуды, баспаларға істі білетін редакторлар мен аудармашыларды тартудың маңыздылығын көрсетіп берді [38, 105-66.]. Негізінде бұл қаулы шықпай тұрып «Еңбекші қазақ» газеті баспасөздің маңыздылығын арттыруда тілшілерді көбейту мәселесін көтерген болатын. Ол үшін тілшілер мынадай бірнеше міндеттерді орындауға тиіс болды: 1) Тілші көрсеқызар, жоқ нәрсені өрнек қылушы болмай, әлеуметке не пайдалы, не зиянды нәрселерді ғана жазуды міндет санасын; 2) Болған оқиғаға өз араларында адамшылық

алдында жауап бере алатын болсын; 3) Аса теріс мінезділерді, қоғамға жауыздық жағын көп қолданатындарды жазумен бірге жақсы істерді ілгеріден үміт тұттыратын оқиғаларды да жазуға әрекеттену керек. Бірақ жақсылық жағын жазғанда, біреуді аса мақтаңқырап жібермеу керек [56].

1925 ж. 7 қарашасында өлкелік партия комитетінің баспа бөлімінен 32455 нөмірмен «Еңбекші қазақ», «Жас қайрат», «Әйел теңдігі», «Лениншіл жас», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» және басқа басылымдарға олардың мазмұны мен материалдық жағдайын тексеру үшін комиссия құрылғандығы туралы арнайы хат жолданып, қысқа мерзім ішінде газет немесе журналдың аты, мақсаты, таралымы, айына неше рет шығатындығы, бас редакторы мен газеттің қызметкерлері, корректорлары туралы мәліметтер жіберуді талап етті [57]. Сөйтіп Қазақ өлкелік партия комитетінің қаулысына орай барлық газет-журналдар жағдайларын егжей-тегжейлі тексеру басталды.

10 қарашаға дейін Баспа бөліміне аталған газет-журналдардан арнайы толтырылған анкеталар келіп түсті. «Еңбекші қазақ» газеті жайында толтырылған анкетада газеттің жауапты редакторлығын С.Сәдуақасов атқарып, газеттің айына 16 рет шығатындығы және таралымы 6000 дана болғандығы, оның 4500-і жазылушыларға, ал 1500-і тегін таратылатындығы айтылса, өлкелік комитеттің Лениншіл Комсомол Жастар Одағының органы ретінде шығып тұрған жастардың «Жас қайрат» газеті мен «Лениншіл жас» журналының редакторлық қызметін И.Игенов атқарып отырғандығы келтірілді. Анкетада жазылғандай, «Жас қайрат» газеті 1925 ж. 15 наурызынан айына 4 рет 1200 данамен шығарылса, «Лениншіл жас» журналы 1923 жылдың қазанынан 1923 ж. желтоқсанына дейін «Жас қазақ» деген атпен, ал 1925 ж. қаңтар айынан «Лениншіл жас» деп аталып, айына 1 реттен 1300 данамен шығарылған. Бұл екі басылымның 100-і тегін таратылды.

«Әйел теңдігі» журналы өлкелік комитеттің әйелдер бөлімінің органы ретінде 1925 ж. 5 мамырынан бастап С.Есованың редакторлығымен шыққан. Бастапқы кездерде «Теңдік» деген атпен газет ретінде, ал 1 шілдеден журнал ретінде «Әйел теңдігі» атымен шығарыла бастаған. Журналдың жалпы шығарылымы 2000 данаға жетіп, оның 200-і тегін түрде түрлі ұйымдар мен мекеме орындарына таратылды. «Қызыл Қазақстан» журналының анкетасында өлкелік комитеттің шешімімен 1921 ж. қыркүйегінен бастап шығарылып келе жатқандығы, оның жа-

уапты редакторлығы қызметін О.Жандосовтың атқарып отырғандығы, журналдың сол кезде 2000 дана болып, 1700-і партия ұйымдарына тегін таратылатындығы келтірілсе, ал «Жаңа мектеп» журналы 1925 жылдың тамызынан бастап педагогикалық басылым ретінде екі айда бір рет М.Жұмабаевтың редакторлығымен шығарылып, тиражы 2000 данаға жеткендігі көрсетілді [58].

Ұлттық баспа бөлімінің 1925 ж. 26 қарашасында өткен мәжілісінде Баспасөз бөлімін 1926 ж. 15 қаңтарына дейін өлкелік комитетке тікелей бағынатын жеке бөлім ретінде қайта құру көтерілді. Негізінде өлкелік комитет 1925 ж. 18 маусымда және 23 қазанда Баспасөз бөлімшесін өлкелік комитеттің жеке бөлімі етіп құру жөнінде шешім шығарған болатын [59]. Алайда бұл мәселе жаңа астанаға көшу ісіне байланысты кешейіп қалды.

Бұдан кейін де өткен Баспасөз бөлімінің мәжілісінде газет-журналдардың жағдайы туралы бірнеше рет толығырақ мәлімдемелер жасалды. Көп газеттердің редакторлары қосымша жұмыс атқарғандықтан газет ісіне аса мән бермей, нәтижесінде газеттің мазмұны ақсап кететіндігі айтылды. «Еңбекші қазақ» газетінің басшылық мәселесін қайта қарап, техникалық сапасын одан әрі көтеру, губерниялардағы бір тілде шығатын екі газетті тиімсіз санап, оның біреуін жабу (мәселен, Гурьевте «Жұмысшы тілі» газетінен басқасын жабу), саяси бағытының әлсіздігіне байланысты комсомолдың «Лениншіл жас» пен «Жас қайрат» газеттеріне партиялық бақылауды күшейту туралы қаулы қабылданды [60].

«Жас қайрат» газеті туралы мәлімдемелік жазбада «газеттің саяси бағытының төмендеуінің себебі Орынбордан Қызылордаға көшуінде келтірілген кедергілер» деп түсіндірілді. Газет көшу барысында бір айдай шықпай тоқтап қалған болатын. Ал қайтадан шығарыла бастаған кезде мемлекеттік бюджетте қажетті қаржы берілмеген және 1925 жылдан Орал-Бөкейге — 41%, Ақмола губерниясына — 20%, Семей губерниясына — 13%, Сырдария губерниясына — 11%, Ақтөбе губерниясына — 9%, Қостанай губерниясына — 7% көлемінде ғана тараған. Үлкен кедергілер мен қиыншылыққа қарамастан газеттің 16 бөлімінде түрлі хабарлар, мақалалар жарияланып тұрды [61].

Жете тексерудің нәтижесінде өлкелік партия комитетінің Баспа бөлімінің меңгерушісінің атына «Жас қайрат» газеті мен «Лениншіл жас» журналы туралы Халел Ізмұхамедовтың мәлімдемесі түсіп, «Жас қайрат» газетіне басылған кейбір мақалалардың нақты фактілерге сүйенбей

жазылатындығын және мазмұнының түсініксіздігін көрсете келе, олай болуы маманданған корректорлардың жоқтығынан деп көрсетті. Мәлімдемеді көрсетілгендей, «Жас қайрат» пен «Лениншіл жас» басылымдарына 6 ай бойы қаражаттың жоқтығынан тоқтап қалу қаупі төнген. 1925 жылы журналдың ек-үш сандары біріктіріліп шығарылған. Осы жылы «Жас қайраттың» 90-дай жас тілшілері мен 30-дай ауыл тілшілері болса, ал «Лениншіл жас» журналында 29 тілші қызмет еткен. Х.Ізмұхамедов өлкелік партия комитетіне осы екі басылымның мазмұнының саяси бағытында партиялық қырағылықты күшейту мен екі-үш санды біріктіріп шығаруға жол бермеу мәселесін ұсынды [62].

1925 ж. 1-7 желтоқсан аралығында Қызылордада өткен Сырдария мен Жетісу облыстарының партия ұйымдарының өкілдері қатысқан Қазақстан өлкелік бесінші конференция барысында да баспасөз саласына аса назар аударылды. Конференция үкімет пен партияның троцкийшілерге, «жаңа оппозицияға» және басқа антилениндік ағымдар мен топтарға қарсы күреске шақырды.

Өлкелік комитеттің 1925 ж. 26 қарашасындағы баспасөз бөлімін құру турасындағы шешіміне орай 1926 ж. 14 қаңтарынан бастап арнаулы баспасөз бөлімі іске кірісті [63]. Бұл бөлімді басқару Т.Рысқұловқа жүктелінді [64].

Мұрағат дерегіне сүйенсек, бұл жылы Қазақстанда 24 газет шығарылып, оның 10-ы қазақ тілінде болған. Осы газеттердің арасында «Еңбекші қазақ» пен «Ақ жол» газеті республикаға көп таралыммен тараған.

1-кесте. 1925 ж. шыққан қазақ газеттері тізімі

№	Газеттердің аты	мекені	таралымы
1.	Қызыл ту	Орал	1870
2.	Жұмыскер тілі	Гурьев	480
3.	Кедей	Ақтөбе	1000
4.	Бостандық туы	Петропавловск	2500
5.	Ауыл	Қостанай	2100
6.	Қазақ тілі	Семей	1200
7.	Ақ жол	Шымкент	3000
8.	Тілші	Алматы	1500
9.	Еңбекші қазақ	Қызылорда	7850
10.	Лениншіл жас	Қызылорда	3000

Журналдардың ішінде «Қызыл Қазақстан» өлкелік орган журналы ретінде 2000 данамен тегін таралды [65]. Жалпы, 1926-27 жж. РКФСР-да баспасөз барысы қарқынды өсіп, 800-ден аса газет пен 1600 журнал шығып тұрды [3, 138-66].

Жаңадан құрылған баспасөз бөлімі қазақ баспасөзінің басшы органдарын тексеруді қолға алып, бұл істі Ф.Тоғжановқа жүктеді. 1926 ж. 4 ақпанында ол баспасөз бөліміне тексеру қорытындысын жіберіп, «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналында жіберілген негізгі кемшіліктерді мәлімдеді. «Еңбекші қазақ» газетінде соңғы 2-3 ай ішінде саяси қателіктердің кетуіне редакторы С.Сәдуақасов кінәлі деп санады. Оған «газетке партияға қарсы бірнеше мақалалар мен фельетондарды жариялады, бас мақалаларының көпшілігінде «солшыл жікшілдікпен» күресуді ғана көтеріп, ал «оңшылдар» туралы айтпады, газетке партияның қызметі жайын жариялағанның орнына, соңғы кездерде жерге орналастыру, кеңестердің қызметі, атқамінерлер мен жарлылар, экономикасын талдаған мақалаларға орын берді» деген айыптар таға отырып, тез арада партия ұйымы тарапынан шара қолдану қажеттігін көтерді [66].

Осыдан кейін 7 ақпанда өлкелік партия комитетінің Баспа бөлімі «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы С.Сәдуақасовтан жазба түрінде тез арада газеттің жағдайы туралы есепті баяндама жіберуін талап еткен хат жолдады. Баяндама аталған уақыттан кешіктірілген соң, 14 ақпан күні 15 ақпаннан қалдырмай есепті баяндаманы жіберуді сұраған екінші хат жолданылды [67].

Екі күннен кейін, яғни 17 ақпанда өлкелік партия комитетінің жабық мәжілісі өткізіліп, «Еңбекші қазақ» газетінің жағдайы қаралып, оның жетістіктері мен кемшіліктері айқындалды. 1921 ж. 7 қарашасынан бастап шыға бастаған «Еңбекші қазақ» газетінің 1922 ж. тамызы аралығына дейін редакциялық құрамында М.Әуезов, А.Асылбеков, Е.Алдоңғаровтар қызмет етіп, Т.Жүргенов, Нұрмұхамедов, Ф.Тоғжанов, С.Сәдуақасов, М.Жолдыбаев және А.Байтұрсынов бастаған «Алашорданың» өкілдері де белсене атсалысқандығы, газеттің саяси бағыты ұстамсыз болып, бұған ұлшылдар үлкен әсерін тигізгендігі, бастапқы жылдары газетке А.Байтұрсыновтың антикеңестік тақырыптағы мақалалары жарияланып тұрғандығы баса көрсетілді. 1922 ж. тамызынан газеттің жауапты редакторлығына С.Сейфуллин сайланғаннан кейін оның сая-

си бағытына аз да болса өзгерістер енгендігі де атап өтілді. Нақтылай айтқанда, газет алашордашыл, ұлтшылдармен күрес жүргізе бастаған. 1923 жылдың соңында С.Сейфуллиннің орнына жауапты редакторлыққа М.Жолдыбаев келіп, бұл қызметті 1925 жылға дейін атқарды. Құжатта газеттің осы аралықтағы мынадай басты кемшіліктері нықтап көрсетілді: топтық күрестің бой алуы, ұлттық интеллигенцияның рөлін бағаламау, халықпен байланыстың болмауы.

1925 жылдан бастап «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторлығын С.Сәдуақасов атқарып, газеттің саяси бағыты бірқалыпқа түсіп, ауыл тілшілерінің қатары көбейді, кейбір бөлімдердің қызметі артты. Дегенмен Ә.Байділдин мен К.Тоқтыбаевтың газетке берген қорытындылары бойынша, С.Сәдуақасовтың редакторлық қызметі барысында ірі қателіктер кетіп, газетке марксистік емес, демооготтық мақалалардың жариялануына жол берген.

Ең соңғы үш ай ішінде «Еңбекші қазақ» газетінің кей нөмірлерінде мазмұны жағынан партиялық ұстамдылығы жоқ, саяси сенімсіз мақалалар мен фельетондардың жарияланып кеткендігі де анықталды. Мәселен, С.Сәдуақасов М.Жұмабаевтың (№395-396) ұлтшыл өлеңдерін жариялаған. Сондай-ақ С.Сәдуақасовтың газетке басылған «Оқу жұмысындағы кемшіліктер», «XVI съездің қорытындылары» деп аталатын мақалалары да жалпы-партиялық бағытта көтерілген мәселелерге кері пікір туғызуы мүмкін делінді. Тексеріс қорытындысы бойынша газеттің ірі кемшіліктерінің қатарына, аудандарды газетпен қамтамасыз етудің біркелкі болмауы, газет бөлімдерінің тұрақсыздығы, өлкелік партия комитетінің саяси және ұйымдастырушылық жұмыс жүйесінің газет бетінде дұрыс бейнеленбеуі, С.Сәдуақасовтың Қазақ өлкелік партия комитеті бюросының мүшесі ретінде идеялық-саяси қатынас барысын байланыстыра білмеуі газет өміріне партия белсенділерінің селқос қатысуы жатқызылды.

Мәжіліс барысында С.Сәдуақасов редакторлықтан босатуды өтініп, арыз берді. Оның бұл өтінішіне орай пікірталастар туындап, редакторлық қызметін сынай да, жақтай да сөйлегендер болды. Мәселен, Н.Нұрмақов С.Сәдуақасовтың Халық Ағарту комиссариатына аса қажетті маман екендігін, бұл жұмыста одан басқа сәтті кандидатураның жоқтығын айттып жақтай сөйледі. Алайда көпшілік мәжіліс мүшелері «кемшіліктердің шығуына бірден-бір жауапты редактордың газетке селқос қарауынан туындап отыр» деп, Сәдуақасовты редакторлық қызметтен босатып, оның орнына Ғ.Тоғжановты тағайындауды қолдады [68].

24 ақпанда болған өлкелік партия комитетінің кезекті бюро мәжілісінде «Еңбекші қазақ» газеті тағы да комитет мүшелерінің талқысына түсті. Ә.Байділдин С.Сәдуақасовтың «Оқу жұмысындағы кемшіліктер» мақаласы ағарту ісіне қарсы жазылған деп сынға алса, Н.Нұрмақов тағы да С.Сәдуақасовқа арашашы болып, Ә.Байділдиннің пікіріне қарсы шықты. Ал Ж.Мыңбаев редакторлыққа сайланбақ болған Ғ.Тоғжановтың ісінен де көп кемшіліктердің табылатындығын айтып, мысал ретінде оның шығарған кітабындағы қателіктерді тізіп көрсетті. Дегенмен Ғ.Тоғжановтың кандидатурасын қолдайтындығын білдірді. Ұзақ айтыс-тартыстан кейін редакторлық мәселе ашық қалдырылып, ал газеттің редакциялық алқасын ұйымдастыру мәселесі О.Жандосовқа жүктелінді [69].

Өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінде «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп», «Жас қайрат», «Лениншіл жас», «Әйел теңдігі» басылымдары да тексеріліп, олардың басты жетістіктері мен кемшіліктері айқындалды. Мәселен, «Жас қайрат» газеті мен «Лениншіл жас» журналы әлсіз басшылықтың әсерінен дұрыс шығарылмай, мазмұнына қарай тек қала жастарына ғана арналып отырғандығы, «Жас қайрат» аптасына бір рет шығарылғандықтан комсомолдардың газеті бола алмайды делініп, бұл газетті жауып, оның орнына «Еңбекші қазақ» газетінде арнайы жастар бетін ашу мәселесі көтерілді.

«Лениншіл жас» журналын ай сайын шығару және партияның бақылауымен комсомол ұйымдарына беру мәселесі де ұсынылды. «Әйел теңдігі» журналының техникалық жайы мен мазмұны қанағаттанарлық, әрі данасының біршама көбейіп, көпшілікпен қарым-қатынасы да бір жолға қойылып келе жатқандығы, алда Қазақстандағы әйелдер қозғалысын, отбасы өмірін бейнелейтін қоғамдық, әдеби, көркем журнал бағытын ұстанса деген тілек айтылды.

Әйелдер қозғалысы мәселесіне «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас», «Қызыл Қазақстан» басылымдарында да көбірек орын беру талап етілді. Негізінде әйелдер журналына аса көңіл бөлу жөнінде 1926 ж. 1 наурыздағы БК(б)П ОК-нің ұйымдастыру бюросы қаулы қабылдаған болатын [10, 118-бб.]. «Қызыл Қазақстан» журналының уақытылы дұрыс шықпауы қызметкерлердің салақтығынан делініп, оны ай сайын тұрақты шығару қажеттігі баса айтылды. Ол үшін бұл басылымға партия тарапынан бақылауды күшейте, оның партиялық-ағартушылық бағыттағы мазмұнын жақсартта түсу, журналды ақылы ету міндеттері белгі-

ленді. Журналдың редакциялық алқасының құрамына Масановты енгізу арқылы жауапты хатшылығына бекіту сөз болды.

«Жаңа мектеп» журналын көркем-әдеби журнал ретінде шығара отырып, оған педагогикалық, әдістемелік, ғылыми, қолданбалы білім мәселелері жөнінде мақалалар жариялау қажеттігі шешілді [70].

Осы мәжілістен кейін «Қызыл Қазақстанға» «Журналымыздың жаңа мақсаттары» деген мақала жарияланып журналдың өлкелік комитет мәжілістерінде сыналуына негіз болған себептер айқындалды. «Шығып келе жатыр деген аты болмаса, журналдың құтыла алмай келе жатқан кемшіліктері көп. Кемшіліктердің зоры журналдың мезгілімен шығып тұрмайтындығы. Әсіресе соңғы кезде үш-төрт санын жинап, кешіктіріп шығару дағдылы әдетке айналып кетті. Журналдың өткен саны да, осы саны да осындай болып отыр», — дей келе, екінші зор кемшілігіне оқушысын дұрыс тауып, соған қарай белгілі бағыт ұстай алмай келе жатқандығын, маңызының таяздығын жатқызды. Бұдан кейінгі кемшілік оқырмандарының аздығы, журналдың таралымының нашарлығы делінді. Журнал партия ұйымы аса көңіл бөліп, кемшіліктерін сынға алып отырса, мұндай қателіктер болмас еді деген тұжырым айтылды [71, 1-3-бб.].

«Лениншіл жас» пен «Жас қайрат» басылымдары жөнінде редакторы И.Игенов Ф.И.Голощекиннің атына мәлімдемелік хат жолдап, комиссиясының берген қорытындысы бойынша «Лениншіл жас» журналын оқырмандардың сұранымына мазмұнының сай еместігінен 4 қарашада оны жабу туралы қабылдаған шешімді қайта қарап, жастардың органы ретінде екі басылымды да қалдыруды өтінді.

1926 жылдың басында барлық газеттің жалпы жағдайы туралы Баспа бөліміне жіберілген мәліметтерде бұрынғы жылға қарағанда мерзімді баспасөздің жақсарып, кейбір газеттер 3000 данадан 8000 данаға дейін өсіп, тұрақты 10-12 бөлімдердің жұмыс істеп жатқаны айтылды.

«Ақ жол» газетін жетістігі мен кемшілігін арнайы тексерген Ф.Тоғжанов есебінде ұлттық межелеуге дейін газеттің Ташкент қаласында 7200 данамен шығып, Түркістан Республикасының Орталық Атқару комитетінің органы болып, бүкіл қазақ даласына тарағандығын, ұлттық межелеуден кейін Сырдария губерниялық комитеттің қарамағына беріліп, Шымкент қаласына көшкеннен кейін басшылық газеттен шаруа газетіне айналып, оның шығарылымы бірден 3000 данаға дейін кемігендігі баса

көрсетілді. Газеттің бұлай құлдырауының себебі, техникалық сапасының төмендеуінен делінді. Оның көрсетуінше, Ташкентте газет ақ бетке жаңа әріппен (шрифт) шығарылса, Шымкентке көшірілгенен кейін сапасы өте нашар бетке, әрі кішкентай көлемді болып, нашар көрінетін әріптермен басыла бастаған.

«Түркістандық «Ақ жол» өзінің 4 жарым жыл шыққан кезінде жаман жағымен де, жақсы жағымен де көрінді. Жақсы жағы — оның тілінің ұғынықтылығы, мазмұнының тірілігі және техникалық қойылымы. ...кемшілігі — бұл оның идеологиялық және саяси тұрақсыздығы», — делініп, өз кезінде газеттің тұрақсыздығы ОК-тің Баспа бөлімі мен «Еңбекші қазақ» газетінде сыналғандығы айтылып, қазіргі кездегі газеттің саяси бағытының қандай екендігіне талдау жасалды. Сонымен бірге есепте «Ақ жол» газетінің соңғы 5-6 ай ішінде идеологиялық, саяси бағытында ұлтшылдық нышанының сезілмей, басты саяси бағытын тек алға қарай жылжуға бұрды деп көрсетті. Газеттің басты кемшілігі оның негізгі оқырманы малшы-шаруаларды жете білмеуінен деп түсіндірілді. «Ол «далалық-қазақтарды» тілін білмейді. Тіпті барлық мақалалар мен фельетондар және ақпараттар «аударма» тілінде жазылғандықтан ауыл оқырмандарына жат, түсініксіз. Бұл қазақ баспасөзінің жалпы ауруы», — делінді.

Ғ.Тоғжанов «Ақ жолдың» қателіктерін ашатын хаттарды баспасөз бетінде жиі басылуын аса дұрыс санады. Қорытынды сөзінде газеттің мазмұны мен сапасында кемшіліктер болғанымен, идеологиялық және саяси бағыты түзелді деген тұжырым жасады [72].

Сырдария губкомының үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі Сафарбеков пен «Ақ жол» газетінің редакторы Күлетовке Қазақ өлкелік комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі О.Жандосов пен Баспасөз бөлімінің меңгерушісі Ә.Байділдиннің қол қоюымен жіберген хатта да «Ақ жолдың» шындығында соңғы кездерде шаруа газеті болмай, алашордашыл интеллигенцияның ықпалынан шыға алмай отырғандығы және тағы бірнеше кемшіліктері айтылып, осы кемшіліктерді жою үшін тез арада қажетті шаралар қолдану талап етілді. Бұл хаттан кейін Баспасөз бөлімінде «Ақ жол» газетінің жағдайы туралы газет редакторының орынбасары Ж.Арыстанбековтың баяндамасы тыңдалып, талқыланып, газеттің кемшіліктері тізбектеп көрсетіліп, алда газеттің идеялық басшылығын күшейтуді, жергілікті бюджеттен газет-

ке қажетті әріп алу үшін қаржы бөлуін талап етуді, ұзақ және қажетсіз мақалаларды жарияламау қажеттігін атап өтті [73]. Алайда көп ұзамай, Сырдария губкомы Атқару комитеті бюросының 27 наурызында өткізген мәжілісінде «Ақ жол» газетін «Еңбекші қазақпен» қосу жөнінде шешім қабылдады. Бұдан кейін 5-8 мамыр аралығында губерниялық қаражат бөлімінің бастығы Васильевтің төрағалығымен құрылған, құрамында Тузиков, Баумфольд, Алиев сияқты мүшелері бар комиссия Сырдария губерниялық АҚ-і Президиумының 25 сәуірдегі №28 хаттамасының негізінде тағы да тексеріс жүргізді. Ал 2 маусым күні «Ақ жол» газетін жабу үшін Мамбаевтың төрағалығымен құрамында Ә.Байділдин, Лаумуллин сияқты мүшесі бар тағы да бір комиссия құрылып, газеттің қарызы тексеріліп, «акт» жасалды [74].

БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің 9 сәуіріндегі бюро барысында Семейде шығатын «Қазақ тілі» газеті туралы мәселе қаралып, Ф.Голоцкин «Қазақ тілі» газеті соңғы екі айдың ішінде толықтай өзгеріске ұшырап, нағыз ауыл газетіне айналып, шығарылымын көбейткенін ірі жетістікке жатқызды [75].

19 сәуірдегі Қазақ өлкелік комитеті бюросының мәжілісінде Ф.И.Голощекин «Еңбекші қазақ» газетінің жаңа құрамын сайлау жөнінде ұсыныс жасап, көпшіліктің қолдауымен газеттің редакторлық қызметіне Т.Рысқұлов, редакциялық алқасына С.Сәдуақасов, О.Жандосов тағайындалды [76]. Ал 30 сәуір мен 3 мамыр аралығында өткен өлкелік комитеті пленумында баспасөз саласында жетістіктердің барлығын, дегенмен бұл мәселені шешілді деп санауға мүлдем болмайтындығы да ескерілді. Сонымен бірге «Еңбекші қазақ» газеті өлкелік комитеттің партиялық бұқараға қызмет көрсететін шын мәніндегі басшы органы болуға тиіс делінді [12, 277-б.].

1926 ж. 24 ақпанда «Қазақ баспасөзінің басшылық рөлі туралы» қаулы қабылданып, «Жаңа мектеп», «Жас қайрат», «Лениншіл жас», «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан» журналдары мен «Еңбекші жас» газетінің қызметтеріне талдау жасалып, алдағы міндеттері белгіленді. Одан кейінгі 1 наурызда өткен БК(б)П ОК-і ұйымдастыру бюросының мәжілісінде әйелдердің журналына аса көңіл бөлу мәселесі көтеріліп, оған қажетті барлық жағдайларды жасау жөнінде қаулы қабылданды [7, 71-б.]. Бұл кездерде Қазақстанда БК(б)П Қазақстан облыстық комитеті жанындағы әйелдер бөлімінің бір күндік «Азат әйел» (Орын-

бор, 1925), Қазақстан денсаулық сақтау Халық комиссариатының ана мен баланы қорғау күніне арнап шығарған бір күндік «Ана мен бала» (Қызылорда, 1926), БКП (б) Қазақстан комитеті жанындағы әйелдер бөлімінің «Теңдік» (Орынбор, 1925) газеттері мен «Әйел теңдігі» журналы шығарыла бастаған болатын. Атылған қаулыдан кейін өлкелік комитет баспасөз саласында әйел тілшілерді көбейту, ол үшін қажетті маман даярлайтын курстарға қыз-келіншектерді тартуға нұсқау берді. Сөйтіп газет-журналдарға губерниялардағы ауылдардан тілші-қыздарды тарту ісі қолға алынды. Белсенді тілшілік қызмет атқарып, мерзімді басылымдарды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп отырған әйел-тілшілер жөнінде басылымдарда мағлұматтар жарияланып тұрды. Бұл, бір жағынан тілшілердің беделін көтерсе, екіншіден, газет-журналға деген оқырмандардың қызығушылығын туғызды.

1926 ж. 5 мамырда баспасөз күніне арналған жиылыста Т.Рысқұлов баспасөздің Қазақстан үшін аса маңыздылығын айта келе, оның дамуына кейбір ағымдардың, топтар мен жіктердің әсері болғандығын атап өткен болатын. Ол қазақ баспасөзін революциядан бұрынғы баспасөздің жалғасы болса да, жұмысшы табының, еңбекші кедей қара бұқарасының мұңшысы, жоқшысы, олардың сөзін сөйлеуші деп, коммунистік партияның қанаты астында өркендеуші ретінде көрсетті. Оның маңызы мен ірі міндеттерін бөліп, нақтылап берді.

Т.Рысқұлов баспасөз ісін өркендетудің мазмұнын қалың бұқараға үйлесімді ету, маңызын тереңдету керектігін ұсынды. Ол үшін газет-журналдарға білікті, ысылған, тәжірибелі қалам қайраткерлерін тартуды, журналист мамандарын даярлауды жөн санап, баспасөздің көркеюі мен нығаюына жұмыла кірісуге шақырды [77].

1926 ж. 13 мамырында Ф.Голощекин, О.Жандосов, Киселев, Н.Нұрмақов, Ж.Мыңбаев С.Сәдуақасов, І.Құрамысов, Н.Арықова, Т.Рысқұлов және тағы басқа бюро мүшелерінің қатысуымен өткен өлкелік комитет бюросының мәжілісінде баспа бөлімінің жұмыс жоспары талданып, онда өлкедегі қазақ және орыс тілдерінде шығатын мерзімді басылымдардың редакциялық алқасын лайықты қызметкерлермен толықтыру мәселесін аяқтау, комсомол басылымдары мен «Қызыл Қазақстан» журналының тұрақты шығуын қамтамасыз ету үшін маман жұмысшыларды тарту, қазақ басылымдарына партиялық басшылықты нығайту, «Еңбекші қазақ» газетінің данасын көбейту, партия, комсомол,

кәсіподақ ұйымдарына қазақ басылымдарының маңыздылығы жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу белгіленді [78].

Газеттердің көркеюіне, атап айтқанда, өлкелік газет болып танылған «Еңбекші қазақты» ауыл қара шаруаларына таныту жолында өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы О.Жандосов пен Баспасөз бөлімінің төрағасы Т.Рысқұловтың қол қоюымен қаулы қабылданып, онда барлық қазақ коммунистері, комсомол ұйымы мүшелері, кәсіпшілер, кеңес жұмыстарындағы белсенділерге және Қазақстандағы барлық мекеме, кеңес, ұйымдарына «Еңбекші қазақ» газетін алуды міндетті етті [79].

Баспасөз саласын өркендету ісін өлкелік партия комитеті тікелей бақылауына алынса да күнделікті шығатын республикалық басылымдар қаражаттан қиыншылық көрді. Осы мәселеге орай «Еңбекші қазақ» пен «Жас қайрат» газеттері өлкелік партия комитеті бюросында шығарылымдарын азайту мәселесін бірнеше рет көтерді. Мәселен, 1926 ж. 23 маусымдағы мәжілісте М.Қайыпназаров «Еңбекші қазақ» газетін аптасына 5 рет, ал «Жас қайратты» аптасына 1-ақ рет шығару жөнінде өтініш түсірген. Алайда мәжіліс бұл өтінішті қабылдамай, керісінше, газеттердің күнделікті шығуына бар мүмкіншіліктерді қолдану керектігі жөнінде шешім шығарды. Жастардың органы болған «Жас қайрат» газетінің үзіліссіз шығуын қадағалау ісін өлкелік комсомол комитетіне тапсырды [80].

1926 ж. 22-23 қыркүйекте болған өлкелік комитет бюросы өлкелік орыс және қазақ тілдерінде шығарылатын басылымдардың тұрақты жүйесі мен мерзімділігін белгіледі [81].

Баспасөз бөлімі газет-журналдарға ай сайын қанша данамен шығарылып таратылатыны және мазмұны туралы қысқаша есеп берулерін талап етті. Бұл, біріншіден, басылымдарда үкімет пен партия саясатына қарсы жазылған мақалаларды шектеуге, екіншіден, большевиктік идеологияны насихаттау барысының қаншалықты жүзеге асырылатындығы, үшіншіден, оның қызметкерлерінің барлық әрекеттерін қадағалап отыруға тиімді болды.

Қызылордада шыққан «Ауыл тілі» газеті 1926 ж. қазан айында берген есебінде, 4 беттік газеттің, 1500 данамен таралып, редакторлық қызметті Жалау Мыңбаев атқарып, газет редакциясында тұрақты партия қатарында бар Б.Байтоғаев, С.Мұқанов, Б.Майлин сияқты қызметкерлер еңбек ететіндігін келтірсе, Ф.Тоғжановтың редакторлығымен шығып

тұрған «Еңбекші қазақ» газеті өз есебінде таралымының 7350-ге жетіп, онда Е.Алдоңғаров, Б.Майлин, Ш.Тоқжігітов сияқты азаматтардың тұрақты қызмет ететіндігі жөнінде мәлімет берді. М.Қайыпназаровтың басшылығымен аптасына бір рет шығып тұратын «Жас қайрат» газетінде М.Көшенов, Б.Кенжебаев, Б.Майлин тұрақты қызмет атқарып келген [82]. Қарап отырсақ, аталған 3 басылымға да Б.Майлин тұрақты қызмет еткен. Б.Майлиннің өмір жолдары мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеген ғалым Т.Бейісқұлов еңбегінде Б.Майлиннің С.Сейфуллин редакторлық қызмет атқарған кездің өзінен газеттің тілшісі де, фельетоншысы да болып, белсенді қызмет атқарғанын келтірсе [83, 37-б.], ғалым Т.Кәкішев бұл турада «Август айында «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты хатшысы болуға әзер дегенде келісім берген Б.Майлин «Еңбекші қазақ» пен «Қызыл Қазақстан» журналын жандандырып, көп жұмыстың ауыртпалығын өзі көтеруде», — деп жазған [84, 219-220-бб.].

1926-27 жылдары жұмысшы, ауыл тілшілерінің қозғалысы өсіп нығая түсті. Бұған 1926 ж. 27 тамыздағы БКП (б) ОК-нің «Жұмысшы, ауыл тілшілерінің қозғалысы аудандарында партияның кезекті міндеті» қаулысының қабылдануы себеп болды. Губерниялық газеттердің де жағдайлары егжейлі-тегжейлі тексерілді. Олардың қызмет барысы, газеттерде жарияланған мақалалардың мазмұнына Баспа бөлімі аса қырағылықпен қарап, әр ай сайын жіберген есептеріне аса мұқият назар аударды. «Бостандық туы» газетінің редакторы Сұлтанбековке үгіт және насихат бөлімінен келген хатта газет өзін жаппай шаруа газеті екендігін көрсете алмай отырғандығын, газеттің тілі мен мазмұны оқырмандардың сұранымына сай еместігі айтылып, басты кемшіліктері, онымен күресу шараларының жүргізілу барысы туралы тез арада есеп жіберуді міндеттеді [85].

Сөйтіп өлкелік комитеттің Баспа бөлімінің талабымен басылымдар өз кемшіліктерін анықтап, онымен күресу барысы жайында ақпар беруге мәжбүр болды. Орал қаласында шығып тұрған губерниялық «Қызыл ту» газетінің уақытша редакторы Р.Сүгіров 1926 ж. қарашасында Баспа бөліміне жіберген есептік жазбасында газеттің қараша айына дейін аптасына екі рет шығарылып, оның редакциялық құрамында 3 қызметкердің барлығы айтылып, онымен қоса техникалық және мазмұны жағынан орын алған кемшіліктерді де атап өткен [86].

Баспа бөлімі газет-журналдардың жауапты редакторлығы мен қыз-

меткерлеріне білікті мамандарды іріктеп, қабылдауды жөн санады. Әсіресе, басылым редакторына ұйымдастырушылық қабілеті бар, әрі міндетті түрде коммунистік партия қатарында болуы шарт болды. Нәтижесінде, мысалы «Жас қайрат» газетінің редакторлығына 1921 жылдан комсомол қатарында, ал 1925 жылдан партияға кандидат болған, газеттің редакциясында 1925 ж. тамызынан бастап қызмет етіп, Мәскеуден үш айлық курс оқып келген Б.Кенжебаев, «Әйел теңдігі» журналының жауапты редакторына 1920 жылдан бастап партия қатарында болып, 1925 жылдан редакторлық қызмет атқарған және шаруа-әйелдер бөлімінде қызмет еткен Сара Есова тағайындалды. Кейбір газет-журнал редакторлары бұл қызметтен басқа қосалқы қызметтерді де алып жүрді. Мәселен, «Кедей» газетінің жауапты редакторы Әзімбай Лекеров 1925 жылдан бастап губерниялық комитетте жауапты қызмет атқарған. Осы газеттің редакторының орынбасары болған Жиенғали Тілепбергенов те редакцияда қызмет етумен қатар педагогикалық техникумда сабақ берген [87].

1926 жылдан бастап үкімет республикада дінге қарсы үгіт-насихат іс-шаралары жүргізе бастады. Осыған орай «Әйел теңдігі» мен «Жас қайрат» журналдарында арнайы жүйелі бөлім ашу мәселесі көтерілді [88]. Осы жылы Жақан Сыздықұлының «Әйел теңдігі» журналына «Журналды күшейтелік» атты мақаласы жарияланып, басылымның мазмұнына ерекше мән беру қажеттігін көтерген еді. Ол ауылдағы от басынан шықпай отырған әйелдерді қоғам жұмысына тарту, діни соқыр сенімдегі әйелдердің сана-сезімін жаңа тұрмысқа бейімдеуге жетекші бола отырып, бұрынғы ақын әйелдердің жырларынан, айтыстарынан ғибрат аларлықтай сөздерді (бұл жерде Сара, Күнікей, Соқыр ақындарды айтады — С.С.) журналға жариялауды ұсынды [89, 13-14-бб.].

Бұдан кейін Сара Есованың журналды күшейтуді құптаған мақаласы жарияланып, өзі басқарып отырған журналдың басты кемшілігі оқырмандарының аздығы мен ауыл әйелдерінің журнал ісіне белсене қатыспауы деп, хат танитын барлық қазақ әйелдерін журнал жұмысына тартуды қажет санады [90, 13-б.].

1927 ж. басында өткен өлкелік партия мәжілісінде Ф.И.Голощекин «6 жыл ішіндегі Қазақстан баспасөзі және оның кезекті міндеттері» атты бас баяндама жасап, қазақ мерзімді басылымдардың жылдан-жылға көбейіп келе жатқандығы жатқандығын сандар арқылы көрсетті. Оның есебінше, 1926 ж. Қазақстанда 8066 таралымдық данамен 40-тан аса мерзімді ба-

сылымдар шығып, оның 13-і қазақ, 15-і орыс, 1-і қарақалпақ тілдерінде шыққан, 28 басылымның 6-ы ведомствоаралық, ал қалғандары халком, атком және кәсіподақ басылымы болған. 28-дің 19-ы газет, 7-і журнал, 2-і бюллетень ретінде шығарылып тұрды. Түріне бөлсек, 4-еуі басшы орган, 13-і жаппай шаруа, ал 6-ы жұмысшы басылымы болған. Мерзімі бойынша күнделікті — 2, аптасына үш рет — 5, аптасына екі рет — 6, аптасына бір рет — 7, айына бір рет — 8 басылым шығып тұрған. Масштаб бойынша, өлкелік — 12, губерниялық — 13, облыстық — 1, уездік — 2. Барлық басылымдардың жалпы шығарылымы 68750 данаға жеткен [91].

Қазақ губерниялық баспасөзінің жағдайына байланысты жасалатын баяндамаға қосымша ретінде әзірленген мәліметте Қазақстан губернияларында қазақ тілінде 7 газет шығарылған. Олар: «Бостандық туы» (Петропавл), «Ауыл» (Қостанай), «Қызыл ту» (Орал), «Тілші» (Алматы), «Қазақ тілі» (Семей), «Кедей» (Ақтөбе), «Жұмыскер тілі» (Гурьев) газеттері [92].

1927 жылы қазақ баспасөзінің өсу динамикасына тоқтасақ, жыл басында қазақ тілінде 12 газет пен 3 журнал шығарылса, 1 қарашасына дейінгі есеп бойынша қазақ тіліндегі 47 230 таралыммен шығарылған 12 басылымдардың ұстанымдары жіті тексерістен өтіп, нәтижесінде 10-ға кеміген [93]. 1927 ж. 20 қаңтарында КИНО мен кеңестік партия мектебі (СПШ) студенттерінің қатысуымен Қызылордада өткен жазушылар мен ақындардың жалпы жиналысында Қазақ өлкелік комитетіне қазақ баспасөзі еңбекші тапқа қас алашордашылардың қолында болып, жаңа бой көтеріп келе жатқан революционер жас ақындар мен жазушыларға бар жағынан кедергі жасауға тырысып бақты, газеттер осының себебінен пролетарлық көркем әдебиеттің барлық талаптарын қанағаттандыра алмады» деген тұжырым жасалды [93].

1927 ж. 4 ақпанда Қазақ өлкелік комитеті барлық өлкелік және губерниялық мерзімді басылымдарда, әсіресе «Ауыл тілі» газеті мен «Әйел теңдігі», «Жас қайрат» сияқты басылымдарда денсаулық, тазалық мәселесін насихаттайтын арнаулы санитарлық бет ашу турасында қаулы қабылдады [95]. Сонымен қатар кеңестерді сайлау компаниясының жұмыс барысының губерниялық газеттерде насихатталуын үзбей жариялау керектігі де айтылды. «Бостандық туы», «Қызыл ту» «Қазақ тілі» газеттерінің осы мәселе төңірегінде жүргізіліп отырған жұмыс барысы нақтыланды [96].

БК(б)П Өлкелік комитеті Секретариатының 1927 ж. 5 наурыздағы мәжілісінде С.Сейфуллин қазақ жазушыларына арнап журнал шығару жөнінде ұсыныс түсірді. Әдеби-сыншыл бағыттағы журнал шығару жөн деп табылып, оны үгіт және насихат бөлімі мен Баспа бөліміне тапсыру жөнінде қаулы қабылданды. Бұл екі бөлім журналдың негізгі бағытын, оның қызметіне қанша күш және материалдық қаражат кететінін анықтауға тиіс болды. Олардың жүргізген қорытындыларынан кейін журнал мәселесін Секретариаттың нақты бекітуіне қою көзделінді.

Қазан революциясының 10 жылдық мерейтойын өткізуге орай 1927 ж. 14 мамырда Н.Нұрмақовтың төрағалығымен құрамында Б. Аралбаев, К.Тоқтабаев, Т.Әлиев, Н.Арықова, Швер, Ш.Тоқжігітов, Литвин, О.Жандосов және С.Нұрпейісов сияқты зиялылардан комиссия құрылып, оларға арнайы тапсырма жүктелді [97]. Комиссияның негізгі жүргізетін жұмысы газет-журналдарда Қазан төңкерісінен кейінгі үкімет пен партияның жетістіктерінің насихатталуын қадағалау болды. Бұл комиссияның белсенді қызметінің нәтижесінде мерзімді басылым беттерінде Қазан революциясы жеңісіне қатысты материалдар тізбегі жарияланды. Жыл соңына қарай, яғни 1927 ж. 5 желтоқсанында өлкелік комитет мәжілісінде өлкелік газеттердегі жалпы жағдайы бойынша Б.Майлин мен Ш.Тоқжігітовтің есебі тыңдалып, баспасөз жұмысына баға берілді [98].

1928 ж. басында Қазақстанда жалпы 43200 данамен қазақ тілінде 4 орталық, 7 жергілікті газеттер шығарылған. Орталық газеттің біреуі, яғни «Еңбекші қазақ» газеті күнделікті шығып тұрды [99]. Бұл жылы әйелдердің органы болған «Әйел теңдігі» журналының да шығарылымы көбейіп, мазмұны артты. Оған себеп болған журналдың беттеріне оның мазмұнын қалай көтеру қажеттігіне байланысты жарияланған мақалалар еді.

Жыл (1928 ж. — С.С.) соңында өлкелік бюро мәжілісінде «Әйел теңдігі» журналының қорытынды есебі тыңдалып, басылымның таралымы 1700 данаға жетіп, ірі-ірі «Жалпы бөлім», «Біздің жұмыс», «Денсаулық», «Әдеби», «Сын және библиография» бөлімдермен шығып тұрғандығы айтылып, бөлімдердің кейбіреулерінің қызметінде олқылықтарға орын берілгендігі де баса көрсетілді. Әдеби бөлім ұзақ уақыт бойы тек белгілі бір ғана ортаның, атап айтқанда, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин, М.Жұмабаев, С.Сәдуақасов, Қ.Кемеңгеров

және сол сияқтылардың ғана шығармаларын жарияланып отырған. Мәселен, 1926 жылдың басынан Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы бірнеше нөмірлерде басылса, 1928 жылдың қаңтар-ақпан айларында С.Мұқановтың «Мырзабек» деген әңгімесі (бұл әңгімені Ғ.Тоғжанов «ұлтшыл» сарынды деген), журналдың екінші санында идеологиялық жағынан ұстамсыз «Сал сазы» өлеңі жарияланған. Журналдың жас жазушылардың шығармашылығына көңіл бөлмей, «ұлтшылдығымен» халық арасына танымал жазушылардың шығармаларын насихаттауын ең ірі қателікке жатқызды [100].

«Тілші» газетінде де орын алған 11 кемшілік анықталып, оларды жоюдың жолдары қарастырылды. Газет-журналдардың «ұлтшыл» сарынға бой ұрындыруы бұл маманданған партиялық кадрлардың болу-мауынан деп түсіндірілді [101].

1928 жылдың соңынан «жікшілдік» пен «ұлтшылдықты» әшкерелеуде ең бірінші партия қатарынан бастау ісі қолға алынып, оны 1930 жылдың 1 қаңтарына дейін аяқтау көзделінді. Партия қатарын қоғамға жат элементтерден тазарту қорытындылары мерзімді басылым арқылы хабарлануға тиіс болды.

1928 жылы қазақ тілінде «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі», «Жұмысшы», «Лениншіл жас» сияқты өлкелік газеттің жалпы тиражы 43,2 мың данаға жетсе [102], 1929 жылы аз ұлттардың 15 газеті болған. Оның 12-і орыс, 1-ұйғыр, 1-өзбек, 1-қарақалпақ тілдерінде шыққан [103].

20-ж. басында мұсылман халықтарының алдыңғы қатарлы интеллигенция өкілдері тарихи-лингвистикалық сараптау негізінде араб жазуы халықтар тілінің табиғатына сәйкес келмейді деген қорытындыға келіп, экономикалық және мәдени сұраныстарына сәйкес және халық бұқарасының игеруіне оңай жазуға өту шұғыл қажеттілік деп санап, араб әрпін латын әрпімен алмастыру жөнінде ұзақ айтыс-тартыстарға түсіп, ақыры 1928 жылы латын әліпбиін енгізу жөнінде қаулы қабылдаған болатын. Осы қаулыдан кейін бір мезгілде, эксперимент ретінде «Жаңа мектеп», «Жаршы», «Қызыл әскер» газеттері сияқты мерзімді басылымдар жаңа әліпби негізінде шығарыла бастады. Жаңа түркі жазуының негізін ұзақ талқылау мен өңдеуден кейін 1929 ж. 7 тамызында КСРО Орталық Атқару Комитетінің төралқасы мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Жаңа қазақ алфавитін (әліпшесін) енгізу» турасындағы қаулы қабылдады. Осы жылдан бастап журналдар жаңа әліпбиге көшіріле бастады. «Қызыл әскер» газеті жаңа әліпби негізінде шығарылды.

ХКК-нің 1930 ж. 23 қаңтардағы қаулысы бойынша, осы жылдың 15 ақпанынан бастап «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» толықтай, газеттердің бір беті латын әрпіне көшірілді. Қалған мерзімді басылымдар 1930 ж. 1 қазанына, яғни Қазақстанның 10 жылдығы қарсаңына дейін көшуге тиіс болды.

1931 жылдың басында Ж.Сәдуақасов, Қалымбетов, Смирнов, Ғ.Мүсірепов, М.Жолдыбаев, С.Есованың қатысуымен өткен жиылыста қазақ тілді журналдарды халық арасына тарату мәселесі қарастырылып, қабылданған қаулы бойынша, өлкелік комитеттің органы ретінде «Қызыл Қазақстан» журналы 2½ баспа табақ көлемінде 6000 данамен, өлкелік комитеттің әйелдер бөлімінің органы ретінде «Әйел теңдігі» де 2½ баспа табақпен орташа 5000 дана, Қазақстан пролетар жазушыларының қауымдастығының (ҚазАПП) органы ретінде әдеби-көркем-сыншыл бағыттағы «Жаңа әдебиет» журналы 4 баспа табақ көлемінде, орта есеппен 5000 данамен, 2 баспа табақпен және 5000 данамен «Денсаулық жолы», Жаңа әліппешілер комитетінің органы ретінде 1 б.т. көлемінде, 5000 данамен «Жаршы», Халық Ағарту комитетінің органы ретінде 1 б.т. көлемінде, 10000 данамен «Екпінді жас», Халық Ағарту комитетінің мен Қазақ кәсіподақ кеңесінің (КСПС) жеке-жеке 1 б.т. көлемінде 1000 данамен бюллетені ай сайын шығарылатын болды. «Қызыл Қазақстан» журналы, барлық бюллетеньдер мен колхоздық газеттер Алматы қалалық баспаханасында, ал қалған журналдар Шымкент, Семей, Орал, Петропавл және Қызылорда баспаханаларында басылатын болып шешілді.

Жаңа әліппеге жалпы тиражы 119,000 данамен барлық өлкелік және 10 аудандық газеттер, ал қалған аудандық газеттер толық болмаса да 50 немесе 25%-ға көшті. Барлық аудандық газеттер егер жаңа әріптер (шириф) кешіктірілмесе, 3-4 айдың ішінде толықтай көшетін болды [104].

Елде жаңа жазуы реформасының жүргізілуіне байланысты газеттің қатары өсе түсті. 1930 ж. газеттердің жалпы саны 40-қа жетіп, оның 20-сы қазақ тілінде шыққан. Бірақ бұл газеттердің барлығы тұрақты шығып тұрған жоқ. Оған кейбір газет редакциясында қызмет істейтін журналист мамандар мен қажетті қағаздың жетіспеуі, полиграфиялық техиканың нашарлығы бірден-бір себеп болды. 1931 ж. республикалық 8 газет шығарылып, оның 5-і қазақ тілінде болған. Бұлардың ішінде бірі «Социалды Қазақстан» (бұрынғы «Еңбекші қазақ») ең көп 33600 данамен, «Лениншіл жас» 14 100 данамен таралды [105].

Республикада облыстардың құрылуына байланысты оның орталықтарында (тек Алматы облысын қоспағанда — С.С.) екі (облыстық) басшы газеттер шығарыла бастады. Олардың бірі қазақ, екіншісі орыс тілінде болды. Халық аралас шоғырланған облыстар (өзге ұлт өкілдері), атап айтқанда, Оңтүстік Қазақстан облысы үш тілді (қазақ, орыс, өзбек) газет шығаруды қолға алды. Жалпы барлық облыстарда 11 газет шығарылып, олардың алтауы қазақ тілінде болды.

Қазақ баспасөзі интеллигенция өкілдеріне қарсы жүргізілген қуғын-сүргін барысында кеңінен пайдаланылды. Бұл ретте «Еңбекші қазақ» (кейін «Социалды Қазақстан») пен «Лениншіл жас» газеттері аса белсенділік танытты. Сонымен қатар мерзімді басылымдар үкіметтің іс-шараларына қарсы шыққан әрекеттерді дер кезінде әшкерелеп, оның нәтижесін жариялайтын бірден-бір құрал болды. Белсенділік танытпаған басылымдар Баспа бөлімінің тарапынан қатаң сынға ұшырады. Мәселен, Еңбекшіқазақ ауданының органы болған «Үлгілі шаруа» (редакторы А.Сегізбаев болған — С.С.) газеті жайында Өтеповтен түскен пікірде (рецензия) газеттің саяси-шаруашылық компанияларына басшылық жасай алмай, байшыл зиянкестерге қарсы күрес жүргізбей келгендігі айтылып, басылым «оппортунышыл» бағытты қолдаушы ретінде сыналды [106].

Баспасөз бөліміне кейбір газеттердің алашордашылардың ықпалына сүйеніп, ұлтшылдықты насихаттайтын мақалалар жариялап отырғандығы жөнінде хаттар жиі түсіп отырды. Сондай хаттың бірінде алашордашылардың ықпалы мәдени салада аса күштілігі, «Байтұрсынов теориясының» ұзақ уақыт бойы мәдени күрес барысында дәуренді болғандығы келтірілді [107].

Газеттер өлкелік комитетке алда істелетін жұмыс жоспарларын бекітіріп отырды. «Еңбекші қазақ» газетінің әр секторы газетке жарияланатын материалдардың тақырыбын, жоспарын Баспа бөліміне 10 күн бұрын беріп, бастыруға арнайы рұқсат алған [108].

Өлкелік газеттер міндетті түрде елде өткізіліп жатқан іс-шаралардың барысын жариялап отыруға тиісті болды және бұл жайында Баспа бөліміне үнемі хабарланып отырылды.

1931 ж. 2 маусымда Баспа бөліміне «Ленин жолы» газеті туралы мәлімет берген Б.Кенжебаев газеттің «Еңбекші қазақ» газетімен бірге өткен жылдың күзінен бері жаңа науқан жайлы өз басылымдарында үзбей жариялап келе жатқандығын жазған [109].

Жыл сайын мерзімді баспасөздің қатары жаңа басылымдармен толықты. 1932 ж. 4 ақпанында берілген мәліметке сүйенсек, өлкеде 79 аудандық, фабрика-зауыттық газеттер шығарылып, олардың 42-сі қазақ тілінде, 34-і орыс, 3-і өзбек тілінде болған. Кейбір газеттер екі тілде (қазақ және орыс тілдерінде) аралас басылды. Осы жылдың есебі бойынша, Қазақстанда барлығы 12 журнал шыққан. Олардың 7-уі қазақ, 5-і орыс тілдерінде басылды. Қазақ журналынан өлкелік комитеттің органы болған саяси-экономикалық «Қазақ большевигі» мен «Қазақ үгітшісі» журналы, өлкелік комитеттің әйелдер бөлімінің органы «Әйел теңдігі», пролетариат жазушыларының қауымдастығының органы «Жаңа әдебиет», Қаз ГППА-ның органы «Балға», Халық Ағарту комитетінің органы «Жаңа мектеп», өлкелік комсомол комитетінің органы «Екпінді жас» журналдары тұрақты шығып тұрды [110].

Еліміздің екінші бесжылдыққа аяқ басуы Қазақстан баспасөзіне де үлкен жауапты істерді жүктеді. Ірі өнеркәсіп — құрылыс саласы, колхоз-совхоз құрылысы, мал шаруашылығын өркендету, шаруа шаруашылықтарын ұжымдастыру және тағы басқа мәселелерді басылым беттерінде үзбей жариялау баса талап етілді. 1932 жылдың ақпан айының 1-нен бастап 15-ші мамыр аралығында Қазақстан баспасөзі апталығы жарияланып, өлкелік партия комитетінің 3 пленумында қабылданған баспасөздің сапасын арттыру жолында күресу міндетін барлық аудандық газеттерде кеңінен көтеруді қолға алды [111, 8-б.].

Республикалық газеттер облыстар мен аудандарды аралап, халық шаруашылығындағы және мәдениет саласындағы жетістіктерді газет арқылы насихаттауда белсенділік танытты. 1933 жылдан бастап ленинградтықтар елдегі бесжылдыққа шефтік көмек көрсетуді шартты түрде қолға алған болатын. Қазақстандық мерзімді басылымдар осы көмектің орындалу барысы жайында хабарламалар жариялап отыруға үндеу қабылдады [112]. Осы жылдың мамырында Қазақ өлкелік комитеті өлкелік «Казахстанская правда» және «Социалды Қазақстан» газеттерін қайта құру жұмыстары» турасында қаулы қабылдап, газеттердің мазмұнын жақсарту, тиражын көбейту мәселесін көтерді. Сондай-ақ республиканың барлық облыстары мен аудандарында бұл екі газеттің тікелей тілшілерінің болуына рұқсат етілді.

1930 ж. Қазақстанда шыққан 45 газеттің 25-і, 1931 ж. шыққан 85 газеттің 37-і, 1932 ж. шыққан 124 газеттің 45-і қазақ тілінде болса,

1933 ж. соңына қарай Қазақстанда 7 — өлкелік, 16 — облыстық, 104 — аудандық және 44 — көп тиражды, 67 — саяси бөлімдердің, барлығы 238 газет шықты. Олардың 88-і қазақ тілінде басылды.

Партияның басшылығымен өлкелік баспасөз көпшілікті партияның бағытымен жүруге насихаттауда нағыз большевиктік ұйымдастырушы, мерзімді басылымдар колхоздарды құруда, тап жаулары байлар мен кулактарға, шовинизмге және контрреволюциялық ұлтшылдыққа қарсы күресте олардың бірден-бір құрал болды [113]. Бұл турада «Әйел теңдігі» журналында жарияланған мақалада айқын келтірілді. «Біздің большевиктік баспасөзіміздің ерекше жолы, ерекше дәстүрі, ерекше қасиеті бар. Ол біздің партия жолы, соның дәстүрі, соның қасиеті. Біздің большевиктік баспасөзіміз коммунист партиясының ең өткір құралы. Большевик өзара сынның туын тіккен ордасы осы большевиктік баспасөз», — дей отырып, баспасөздің күнделікті тұрмыстан қол үзген, бет алдына сай өрлеген, желсөзбен көпірген, тап тілегіне жүгінбейтін емес, жұмысшы табының қалың еңбекшілердің ғана жырын жырлап, жоғын жоқтап отыратын баспасөз екендігін көрсетті.

Большевиктік баспасөздің кемшілікті найзаның ұшымен түйреп, партияның жолынан тайған түрлі оппортуништылардың ісін әйгілейтін, тап жауына соққы беретін баспасөз екендігін айқындап берді [114, 2-3-бб.].

Баспасөз бөлімі 1933 ж. 11 мамырындағы өзінің шешімінде өлкелік, облыстық және аудандық баспасөздердің Қазақстандағы социалистік құрылыстың жергілікті мәселелерін, ауылшаруашылығын көтеру, оның ішінде мал шаруашылығын, өнеркәсіп пен жаңа құрылыс, Қазақстанның мәдени және ұлттық өсуі, аппараттарды жергіліктендіруді насихаттау жұмыстарын «қанағаттанарлықсыз» деп бағалады. «Өлке баспасөзі егіс мәселесіне, тап жауларының жаңа әрекеттерін әшкерелеуде артта қалып отыр», — делінді қаулыда. Сондай-ақ өлкедегі газеттер партия шешімдерінің орындалу барысын тексерумен дұрыс айналыспайтындығы, әсіресе облыстық және аудандық баспасөзде сирек кездесетін құбылыс деп тұжырымдалды [115].

Өлкелік комитет 1933 ж. 20 наурызында облыстық мәдени насихат бөліміне облыстық газеттерге үздіксіз бақылауды күшейтуді жүктеді. Өйткені партияның шешімдерін, нұсқауларын орындау барысында кейбір газет немесе журналдарға асыра сілтелген, бұрмаланған жалған мақалалар да жарияланып кеткен. Мақаланың қателігін, нақты фактінің

жоқтығын алға тартқан арыздар Баспасөз бөліміне тікелей жазылмаса да, сол жарияланған журнал немесе газеттің басқармаларына жіберілген. Мәселен өлкелік комитеттің органы болған «Қазақстан большевигі» журналының басқармасына Ойыл ауданына партия комитетінің хатшысы Ибрагимұлынан осындай мазмұндағы хат түскен. Онда журналдың 1933 ж. шілде айында шыққан 7-ші нөмірінде Батшайұлы дегеннің «Орталық партия комитетінің 17 қазандағы (1932 жыл болу керек — С.С.) қаулысын бұрмалаушыларға қарсы» деген мақаласында Ойыл ауданы қатысты жазған сынының қате екендігі айтылған [116].

Баспасөз бөлімінің секторы «Социалды Қазақстан» газетін №178 санында тексерілмей жарияланған «Аягөз» деген мақаланы да саяси қате деп, газеттің барлық қызметкерлеріне мұндай жолсыздықтарға жол бермеуін, қайталанған жағдайда жауапқа тартылатындықтарын ескертті [117].

Осындай мазмұндағы хаттардан кейін 1934 ж. 2 қаңтарында «Ұлттық баспасөз туралы» партия қаулысы қабылданып, мерзімді басылымға партиялық басшылықты күшейту қажеттігі көрсетілсе, 1934 ж. 8-16 қаңтар аралығында болған Қазақстан өлкелік VIII конференциясында партия ұйымдары газеттерге басшылықты сөзсіз жақсарту, газеттердің партиялық-саяси ұстамдылығы мен олардың идеялық дәрежесін арттыруда және газет төңірегінде екпінді ауыл-село-жұмысшы тілшілерінің қалың тобын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлуді маңызды санады. Сонымен бірге баспасөздің, әсіресе ұлт баспасөзінің ықпалын арттыру, газеттердің тиражын көбейту, бұқараға таралуын қадағалауды қолға алу алдағы міндеттің бірі делінді [118, 238-б.].

Облыстық, аудандық мерзімді басылымдарды мазмұндық жағынан көтеруде журналистерді даярлау аса қажет болды. Осыған орай 1935 ж. қаңтарында БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті Қазақ журналистика институтына 1935-36 жж. студенттер қабылдауды 1 наурыздан бастау турасында шешім қабылдап, журналистік қабілеті барларды іріктеу жұмысын жүргізе бастады. Нәтижесінде 60 қазақ өкілдері бар 90 тыңдаушы қабылданды [119].

Осы жылдың 5-9 шілдесінде болған БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің пленумында өлкенің барлық облыстық және аудандық газеттердің көпшілігінде партия тұрмысы мәселелері мүлдем қанағаттанғысыз жазылатыны айрықша атап көрсетіліп, облыстық және аудандық коми-

теттер газеттердегі партия тұрмысы бөлімдерін жолға қоюды жедел әрі түбегейлі жақсартуды, бұл бөлімдерді даярлығы бар әрі істе тексерілген қызметкерлермен толықтыруды, басшы активтің баспасөзге қатысуын және партия белсендісі мен жұмысшы, ауыл-село тілшілері арасынан шыққан әзірлігі бар жолдастарды бұл жұмысқа жоғарылатуды қамтамасыз етуге міндеттеді.

«Социалды Қазақстан» газеті беттерінде партия тұрмысы мәселелерінің жеткілікті дәрежеде жазылмай отырғандығы сынға алынып, пленум бұл басылым беттерінде партия тұрмысын баяндап жазуды және партия жұмысының оң тәжірибесін көрсетуді едәуір жақсарту қажет деп есептеді. «Ауыл коммунисті» журналы да бүтіндей партиялық-бұқаралық жұмыс мәселелерін жариялауға тиіс деп көрсетілді [118, 319-320-бб.].

Бұл кезде (1935 ж. 1 тамызы) Алматыда барлығы 20 газет пен 7 журнал шығарылып, оның 10 газеті мен 3 журналы қазақ тілінде болған. Атап айтқанда, «Социалды Қазақстан», «Лениншіл жас», «Пионер», «Төте оқу», «Қазақ әдебиеті», «Қызыл әскер», «Сталин жолы», «Қызыл сақшы», «Сталиншіл» сияқты газеттер мен «Әдебиет майданы», «Ауыл коммунисті», «Ауыл мұғалімі» журналдары. Аталған газет-журналдар Қазақ өлкелік комитетінің шешімімен бір комитеттің немесе одақтың органы болды. Мәселен, «Әдебиет майданы» журналы Жазушылар одағының органы, «Ауыл коммунисті» журналы Қазақ өлкелік партия комитетінің органы болса, ал «Төте оқу» газеті Халық Ағарту комитетінің, «Қызыл әскер» газеті Қазақ әскери комиссариатының, «Социалды Қазақстан» газеті Қазақ Орталық Атқару комитетінің органының басшылығымен шығып тұрды [120].

1936 ж. 21-25 маусымдағы Қазақ өлкелік комитетінің кезекті пленумында Халық Ағарту комиссариаты шығаратын педагогикалық «Ауыл мұғалімі» журналын нығайтып, оны оқу жүйесінде тәжірибе алмастын, аптасына екі рет шығатын журналға айналдыру турасында қаулы қабылданып, 1937 ж. қаңтарынан бастап айына екі реттен шығарыла бастады [118, 373-б.].

Журнал бастауыш, орта мектеп мұғалімдерінің білімін көтеретін және тәрбие әдістеме жағына қатысты материалдарды жариялауды қолға алды. Оның 1 нөмірінен бастап редакциялық алқасының құрамына Әлжанов, Жұбанов, Ибрагимов, Дияров сияқты профессорлар енгізілді [121].

1937 ж. қуғын-сүргіннің басталуы мерзімді басылымға сыни мақала-

лардың көп басылуына алып келді. Барлық газет-журналдар партия мен үкіметтің тапсырмасымен «халық жауларын» әшкерелеген түрлі материалдарды жариялап жатты. Бұл жылы негізінде Қазақстанда 345 газет шыққан. Оның басым көпшілігі қазақ тілінде болды [122, 272-66.]. Атап айтсақ, өлкелік 12 газет пен 12 журнал, облыстық 18 газет, оның 10-ы қазақ тілінде, аудандық 158 газет, оның 85-і қазақ тілінде шығып тұрды [123]. 1938 жылға қарай Қазақстан Компартиясының I съезінен кейін республикада жаңа төрт облыстық және 16 аудандық газеттер жарық көрді. Партияның тапсырмасымен 10 журналдың орнына 13 журнал шыға бастады [8, 144-66.].

Барлық газеттер сыни бағыттағы мақалаларды күнделікті жариялауға тиіс болды. Дегенмен көп жағдайда мерзімді басылым беттерінде асыра сынаған немесе жалған қаралаған мақалалар жарияланып кетті. Бұл мәселе 1937 ж. 11-13 шілде аралығында өткен Қазақстан Жазушылар одағы мүшелерінің жабық партия жиналысында айтылып, онда кейбір сындардың шындыққа сай еместігі баса көрсетілді. Мәселен «Социалистік Қазақстан» газеті мен «Казахстанская правда» газетінде С.Сейфуллиннің шығармашылығындағы қателіктерді сынай жариялаған мақала төңірегінде болды. С.Сейфуллин сөйлеген сөзінде: «Газеттердің көтерген сынының дұрыс екеніне мен де қосыламын. Сынға өкпелемеу керек. Сын ілгері бастырады. Біздің сыншыларымыз әр нәрсені уақытында алу керек», — дей отырып, сынағанда да бұрынғы қателіктерді тағы да көтерудің қажеті аз екендігін батыл айтады. «Өзім білетін бойымдағы кемшілік — менде шабандық бар, айнала алмаушылық бар. ...тәуір жазу үшін массамен, өмір, өндіріспен байланыста болу керек. Рас, ол байланыс менде жоқ», — деп өз кемшілігін мойындайтындығын жасырмайды. Осы мәселемен сөз сөйлеген Х.Жүсіпбеков: «Меніңше «Казахстанская правда» мен «Социалистік Қазақстан» сыны толығынан дұрыс. Вечерний газеттің Сәкен туралы асырғандығы рас, оған мен де қосыламын. Біз қатені түзегіміз келсе, Орталық Комитеттің органдарының сынын толығымен ешбір оговоркасыз дұрыс деу керек», — деп өзара сын айтқанда, өтірік сөйлеуден ада болуға шақырды [124].

7 тамызында болған өлкелік комитет мәжілісінде ҚП(б)К хатшысы Л.И.Мирзоян республикалық газеттердің идеялы-саяси жағдайын көтеріп, газеттің мазмұнын қадағалап, не жазу, қандай тақырыптарды көтеру мәселесінде басшылық жасау қажеттігін ұсынды [125].

Негізінде 30 ж. соңындағы қазақ баспасөзінің басты тақырыбы елде жүргізіліп жатқан түрлі социалистік жарыстар, ауылшаруашылығының жетістіктері, мал шаруашылығының ілгері басуы болған. Баспасөз бөлімі кейбір қазақ газет-журналдар идеологияның ақсауынан ірі саяси қателіктерге ұрынып отырғандығын қатты сынға алып отырды. Мәселен, 1938 ж. 14 қазанында болған ҚП(б)К ОК-нің бюросында «Лениншіл жас» газетінің ірі саяси қателігі қаралып, онда газеттің жауапты редакторы Сиранов пен Әдебиет және баспасөз ісінің бас басқармасының (Главлиттің — С.С.) өкілі Пірімбетов осы жылдың 11 қыркүйегіндегі №209 нөмірде жарияланған «Комсомолдың туы» атты мақалада большевиктік партия мен оны құрушы В.И.Ленин мен И.В.Сталиннің атына кір келтіріп, халық жаулары меньшевиктердің лидерлерін мадақтап, аса ірі саяси қате жіберді делініп, сол үшін Сиранов орнынан алынып, Пірімбетовке қатаң сөгіс жарияланды. Осыған орай газеттің комсомолдық жауапкершілігін арттыру, «Лениншіл жас» газетін саяси дайындықтан өткен мамандармен қамтамасыз ету жөнінде шешім шығарылды [126].

1939 ж. 4-9 қаңтарда өткен К(б)П ОК-і пленумының көп тиражды газеттерге білікті насихатшылар алу, «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған аса өзекті деген мақалаларды облыстық және аудандық газеттерде көшіріп басу мәселесін қолға алу, басқа газет қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру турасындағы қаулысынан кейін аталған газет-журналдардың редакциялық құрамына білікті қызметкерлер қабылданып, өлкелік комитетке тұрақты түрде қызмет барысы жөндерінде мәліметтер жіберіліп отырды [127, 76-78-бб.].

20-жылдың басынан 30-жылдың соңына дейін шыққан республикалық газет-журналдарды былай көрсетіп беруге болады: «Ақ жол» (1920), «Қосшы» (1920), «Жаңа өріс» (1920), «Еңбекшіл қазақ» (1921), «Қызыл Қазақстан» (1921), «Лениншіл жас» (1921), «Жас қайрат» (1921), «Өртең» (1922), «Жарлық» (1924), «Сәуле» (1924), «Жетісу әйелі» (1924), «Пионер» (1925), «Таң» (1925), «Теңдік» (1925), «Халық мұғалімі» (1925), «Жаңа мектеп» (1925), «Хабар» (1925), «Әйел теңдігі» (1925), «Ана мен бала» (1926), «Ауыл тілі» (1926), «Жыл құсы» (1927), «Жұмысшы» (1928), «Әдебиет және искусство» (1928), «Жаңа әдебиет» (1928), «Жаршы» (1929), «Қызыл әскер» (1929), «Денсаулық жолы» (1930), «Октябрь балалары» (1930), «Қазақстан большевигі» (1931), «Қазақ үгітшісі» (1931), «Қызыл таң»

(1931), «Екпінді жас» (1931), «Төңкеріс заңы» (1931), «Әдебиет майданы» (1932), «Социалды Қазақстан» (1931), «Екпін» (1932), «Екпінді тілші» (1932), «Коммунист» (1931), «Ауыл коммунисі» (1931), «Заң бұйрықтарының жинағы» (1933), «Политтехникалық мектеп» (1933), «Ауыл мұғалімі» (1934), «Сауаттыға жол» (1934), «Жаңа құрлыс» (1935), «Мал шаруашылығы» (1935), «Сталин жолы» (1936), «Тәжірибемізді ортаға саламыз» (1936), «Қазақстанның колхоз-совхоздары» (1936), «Информациялық хат» (1937), «Комсомол пропагандисі» (1937), «Социалистік Қазақстан» (1937), «Пропаганда және үгіт» (1938), «Қазақстан Советтері (1938), «Заң, қаулы және бұйрықтар жинағы» (1939), «Пионер» (1939) және т.б. газет-журналдар [125, 32-37-66.].

Сонымен 20 жж. жарық көрген аталған газет-журналдар үкімет пен партия тарапынан бақылауда болса да, елдегі келеңсіз жағдайды, үкімет пен партияның кейбір асыра сілтеушілік саясатын ашық сынға алған қазақ зиялыларының ықпалында болған «ұлтшылдық» пиғылдағы басылымдар болса, 30 жж. мерзімді басылым нағыз партия газетіне айналды. Өйткені оның бірінші және екінші беттері толықтай партия қызметтеріне арналды. Елде өткен съезд, конференция, пленум барысы, сайлау мәселесі, қабылданған қаулы-қарарлармен таныстыру мәселелерін бірінші жолға қойды. Оның үстіне республикалық және облыстық газеттерде жарияланатын материалдар міндетті түрде тексерістен өтіп отырды. Сөйтіп бұл жылдардағы барлық республикалық, облыстық, уездік басылымдар өлкелік партия шешімдерін, қаулы-қарарларын мүлтіксіз орындауға тиіс болды.

XX ғ. 20-30 жж. газет-журналдар сол кезеңде қойылып отырған міндеттерді орындауда жергілікті партия ұйымдарының насихат құралы болса да, мұнда жарияланған сол кездегі саяси науқан, қоғамдық жағдай тудыратын жайттар мен деректер ескерілуге тиіс. Мерзімді басылым материалдары әлі де болса толықтай түбіне жетпеген оқиғаларды егжей-тегжейлі тексеруде үлкен себебін тигізуі сөзсіз.

1.2 Ұлттық басылымдардың дамуындағы ерекшеліктер

XX ғ. 20-30 жж. қазақ кеңес баспасөзінің аренаға шығу тарихын зерттеушілер бірнеше кезеңге бөліп көрсетуге тырысты. Журналист-ғалым Т.Қожакеев 1917-32 жж. қазақ мерзімді басылымдарын үш кезеңге бөліп, бірінші кезеңге 1917-20 жж. аралығында жарық көрген газет-журналдарды жатқызып, бұл мерзімді басылымдардың екі бағытта болғандығын айқындап берді. Атап айтқанда, «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Алаш», «Ұран», «Үш жүз», «Жас азамат», «Еркін дала», «Абай» сияқты мерзімді басылымдар 1913-18 жж. аралығында шығып тұрған «Қазақ» газетінің бағытын ұстап, оның ұраны мен үні болса, екінші бағыттағы газеттер қатарына кеңес идеясын, кедейшіл халықтың мүддесін жақтаған «Тіршілік», «Мұқпар», «Көмек», «Қазақ тілі» басылымдарын жатқызды.

Екінші кезеңде 1920-25 жж. аралығында саяси жағынан ұстамсыз, айқын бағыты жоқ басылымдар жабылып, олардың орнына «Еңбек туы» (кейін «Еңбекші қазақ»), «Өртең», «Лениншіл жас», «Қызыл Қазақстан», «Жас қазақ», тағы басқа газет-журналдар шыға бастағандығын айтса, ал үшінші кезеңге 1925 жж. бергі кезеңді атап көрсетеді. Бұл кезеңді баспасөздегі жаңа бетбұрыс, өзгеріс жылдарына жатқызды [128, 8-9-бб.].

20-30-жылдары қазақ тілінде газет-журналдар шығару ісі күшейді. Ғалым Т.Кәкішевтің көрсетуінше, 1920 ж. қазақ тілінде 4 газет, 1921 ж. 6 газет пен 3 журнал, 1922 ж. 8 газет пен 2 журнал шықса, ал 1925 ж. 13 газет пен 5 журналға дейін көтерілген [11, 12-б.]. Атап айтсақ, аталған жылдар аралығында қазақ тілінде «Еңбекші қазақ» (Орынбор), «Лениншіл жас» (Орынбор), «Қазақ тілі» (Семей), «Ақ жол» (Ташкент), «Бостандық туы» (Петропавл), «Ауыл» (Қостанай), «Тілші» (Алматы) сияқты газеттер мен «Қызыл Қазақстан» (Орынбор), «Жас қазақ» (Орынбор), «Әйел теңдігі» (Орынбор), «Шолпан» (Ташкент) және тағы басқа журналдар шығып тұрды.

Әр басылымның өз тілі, бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктері мен ұқсастықтары болды. Газет-журналдар уақыт талабына сай өзгеріп отырғаны да анық. Мерзімді басылымдардың көбеюінің себебі баспасөз ісін жұмысшы, кедей-шаруалардың, ауыл жастары мен коммунистердің,

мұғалімдердің қолдауы болды. Большевиктік қазақ мерзімді басылымдарын дерек ретінде пайдаланудың ерекшеліктеріне тоқталған деректанушы ғалым Қ.Атабаев бұл басылымдардың ең алдымен тоталитарлық жүйенің негізінде қалыптасқандығын атап өткен болатын [129, 272-б.].

Шындығында да, аталған газет-журналдар бірінші ретте партия мен үкіметтің саясатын насихаттаумен айналысты. Патша үкіметінің отаршылдық саясатын асыра даттап, Кеңестер Одағының саясатын асқақтата мақтады. Партия тарапынан жіберіліп жатқан кемшіліктерге көз салмай, сталиндік жеке басқа табынушылыққа бой ұрды, яғни үкімет басшыларын орынсыз мақтау, алдыңғы қатардағы зиялыларға жала жабу сияқты әдістерді кеңінен қолдана отырып, халықты алдау, адастыру жолына түсірген ақпараттарды да жариялап отырды. Кеңестік партия бұл басылымдарды насихатшы, ұйымдастырушы ретінде тиімді пайдалана білді. Мәселен «Қызыл Қазақстан» журналы 1921-25 жж. өзінің жұмысын партия съездері мен Қазақстан партия ұйымы конференциялары шешімдерін басшылыққа алып жүргізді. Қазақстан партия ұйымының сол дәуірдегі жүргізген жалпы саясатын насихаттады. В.И. Ленин қайтыс болғаннан кейін журнал партияға жаңа алынғандардың саяси білімін арттыру, оларды марксизм-ленинизм негіздерімен қаруландыру ісіне бағыттады [130, 96-97-бб.].

20-30-жылдардағы қазақ мерзімді басылымының Қазақстан тарихы үшін неліктен аса қажеттігіне тоқталайық. 20-жылдардың басында өлкеде шетел басқыншылары мен елдің ішіндегі төңкерісті жақтайтын күшті жеңгеннен кейін, елді экономикалық қалпына келтіру, өнеркәсіп салаларын дамыту, жер-су реформаларын жүзеге асыру, мемлекеттік құрлысты нығайту шаралары жүргізіле бастады. Ауыл артельдері мен коммуналары пайда болып, серіктестіктер құрылды. 1920 ж. 26 тамызда БОАК пен РКФСР Халком Кеңесі РКФСР құрамында «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» жарлық қабылдап, Қазақ АКСР-нің астанасы болып Орынбор қаласы белгіленді. Мерзімді басылымдарда үкімет тарапынан жүргізілген бұл жұмыстар ресми түрде жарияланып тұрды. Әсіресе жаңа экономикалық саясатқа көшу және оның барысы, кеңестер өмірінің артыуы қазақ баспасөзінің маңызды тақырыбына айналды.

Қазақ баспасөз тарихын зерттеген Қ.Бекхожин газет бастапқы шық-

қан кезінде азамат соғысынан бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру, Қазақстанның кейбір жерлерінде болған құрғақшылық пен ашаршылық сияқты мәселелерге тоқталып, онымен күресуге жол сілтегендігін атап өтеді [134, 91-б.].

Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, О.Файзола «1921-33 жж. аралығында шыққан қазақ мерзімді басылымдары «Кіші Октябрь» орнату немесе ауылшаруашылығын жаппай коллективтендіру мен индустриаландыру жылдарындағы асыра сілтеушілік пен әкімшіл-әміршіл басқарудың шылауына түсті» деген тұжырым айтады [131, 120-б.].

20-30 жж. аралығында шығып тұрған мерзімді басылымдар шаруашылық күйзелісін, жұт, ашаршылық сияқты келеңсіз жағдайлар мен Кеңес өкіметінің жетістіктерін жеткізуге тырысты. Жаңа орнаған Кеңес өкіметінің өркендеуіне азамат соғысы мен елдегі аштық, жұт көп кедергі келтірді. Қызыл Армия соққысынан қашқан ақтар жол-жөнекей ауылдарды тонап, халықтың еңсесі түсіп, шаруалардың күн көрісі қиындаған сәтте үкімет ұлттық баспасөз алдына ереше шарттар қойды. Бұл халыққа олардың еркіндігін көрсету, болашақ жарқын өмірге жетелеу, жаңа құрылған республиканы нығайтуға шақыруда үгіт-насихат жүргізу. Сөйтіп мерзімді басылымдарға партия мен кеңес құрлысы мәселелеріне көп көңіл бөлу жүктелінді. Газеттер халықтар достығы мен интернационализм идеясын уағыздауға тиісті болды. Нық түрде партияның шешімін уағыздауға 1919 жылы болған VIII съезде қабылданған «Партия, совет баспасөзі туралы» қаулының қабылдануы да тікелей себепші болды. Бұл қаулыда айқын түрде өмір-тіршілігіміздің аса маңызды мәселелерін, ең қажетті нұсқауларды баспасөзде өте қарапайым, өте түсінікті етіп баяндап беріп отыру керек деп көрсетілді. Осындай қаулыдан кейін газет тек партия, кеңес, шаруашылық, кәсіподақ ұйымдарының қаулы-қарарлары мен бұйрықтарын жариялауға көңіл бөлді.

Партия ұйымы өзінің қатарын нығайтуда газеттерді жақсы пайдаланды. Дегенмен де кеңестік партия газеттерінің беттеріне шаруашылық, оқу-ағарту мәселелері, Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес барысы турасында мақалалар жарияланып, қазақ еңбекшілерін оқырмандар ретінде тарта білді. Газет-журналдар идеологиялық тақырыптарға көп көңіл бөлді.

Мерзімді баспасөзді дамытуда қиыншылықтар көптеп кездесті. Оның

біріншісі — газет немесе журнал шығаруда қаржы тапшылығы, екіншісі — білікті тілшілердің жетіспеуі, үшіншіден, оқырмандардың аздығы. Кейбір газеттер маман тілші-журналистердің аздығынан сапасы жағынан ақсап жатса, кейбір газеттердің сатылу және жазылу бағасы қымбаттау болды. Бұл кедей шаруа, малшының қолын байлады.

20-30 жж. жарық көрген газеттердің көпшілігі 1918-19 жж. шыққан газет-журналдардың жалғасы болған. 20-жылдары алғашқы болып және ұзақ шыққан мерзімді басылымдар қатарына «Қызыл Қазақстан» журналы мен «Еңбекші қазақ» (1925 ж. 17 ақпанына дейін «Еңбекшіл қазақ» деп аталған — С.С.) газетін жатқызуымызға болады. Бұл басылымдардың ұзақ уақыт бойы шығып тұруының басты себебі, Қазақстан өлкелік партия комитетінің органы ретінде үкімет тарапынан берілген нұсқауларды бұлжытпай орындап, бірінші орынға партия мен үкіметтің саясатын насихаттауға тырысқандығы болды.

Қазірде «Егемен Қазақстан» деп аталған газет шыққаннан бері атауын 8 рет өзгертті. 1919 ж. 17 желтоқсанынан «Ұшқын» деп бастаған газет, 1920 ж. 13 қарашадан «Еңбек туы», 1921 жылы 7 қарашасынан «Еңбекшіл қазақ», 1925 ж. 24 ақпаннан «Еңбекші қазақ», 1932 ж. 20 қаңтарынан «Социалды Қазақстан», 1937 ж. маусым айынан бастап «Социалистік Қазақстан», егемендігімізді алғаннан кейін «Егеменді Қазақстан» болса, 1993 ж. 1 қаңтарынан «Егемен Қазақстан» деп аталып келеді.

Бұл газет 1919-39 жж. аралығында бірнеше органдардың тілі болды. Газетте қазақтың Х.Есенбаев, Т.Сафиев, Б.Күлеев, С.Сәдуақасов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Ә.Байділдин, Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, О.Исаев, Ғ.Тоғжанов және тағы басқалар жауапты және уақытша редакторлық, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды.

«Ұшқын» газеті «Бүтін дүние бейнетқорлары, бірігіңдер!» деген ұранмен «қазақ жұртын билейтін өзгеріс һәм соғыс комитетінің атағынан жетісіне екі шығарылатын саяси, әдеби һәм шаруашылық газеті» ретінде 1919 ж. 17 желтоқсан мен 1920 ж. 27 қазаны аралығында шығып тұрды. Газетті шығару мәселесі ревкомның 1919 ж. 10 желтоқсанда өткен мәжілісінде шешілді [132].

Басылымның бірінші санында ақын Бернияздың «Ұшқынға» деген арнауы мен қазақтың ұлы ақыны Абайдың екі ауыз өлеңі, газет

басқармасының атынан дайындалған «Оқушыларға» деген бас мақаласы жарияланып, мақсатын: «Үшқын» газетасының мақсұты шаруа халқына бас-көз болу. Түрлі хабарлар һәм керек істерді уақытымен жазып, халықты құлақтандыру» деп келтірді. Әскери комитеттің аптасына екі рет шығатын саяси, әдеби және шаруашылық газет ретімен әртүрлі сөздер, саяси халдер, маңызды мақалалар, қарттар сөзі, соғыс хабарлары, сыртқы һәм ішкі хабарлар, оқшау сөздер, оқу-ағарту, әйел мәселесі, ел хабарларын, өлең-жыр, уақ-түйек және тағы басқаларды жариялап тұруды міндет етті [133].

Қазақ журналистика тарихын зерттеуші ғалымдар Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразайдың көрсетуінше, «Үшқын» газетінің алғашқы жетекшілігіне (редакторлығына) кезінде Бөкей ордасында «Ұран», «Дұрыстық жолы» газеттерін шығаруға қатысқан Т.Сәниев тағайындалған [131, 106-б.].

«Үшқынмен» қатарлас Алматыда «Жетісу ісші халық мұхбұры», «Көмек» газеттерінің жалғасы ретінде облыстық «Үшқын» атты газет те шығып тұрған. Ғалым Т.Қожакеев «Жыл құстары» деп аталған кітабында «Үшқынның» қандай тақырыптарды көтергендігін, мазмұнының қандай болғандығын айта келе: «Үшқын» 1920 ж. көктем айларындағы нөмірлерінде В.И.Лениннің 50 жылдығына материалдар жариялап, қазақ жұртын Ұлы көсемнің революциялық өмір жолымен таныстырды. Қазақ АССР-ін құру туралы В.И.Ленин мен М.И.Калинин қол қойған декретті де осы «Үшқын» газеті жеткізді. Осылайша ол сол тұстағы күн тәртібіне қойылған зор міндеттерді орындау күресінде жергілікті партия-совет ұйымдарының сенімді көмекшісі болды. Олардың қаулы-қарар нұсқау директиваларын халыққа ана тілінде жеткізді, түсіндірді. Совет органдарын нығайтуға күш салды», — деп жазса [128, 20-21-бб.], Б.Кенжебаевпен бірлесе жазылған «Қазақ совет баспасөзі тарихынан» атты кітабында «Үшқын» газетінің 1920 ж. 13 қазанына дейін барлығы 55 нөмірі шыққандығы жөнінде мәлімет келтіреді [134, 58-б.].

«Үшқын» газеті туралы ғалым Т. Амандосов та газеттің сол кезеңнің қойып отырған міндеттерін орындауға белсене араласқандығын, облыстық партия ұйымы өзінің қатарын нығайту, партия қатарына революцияға шын берілгендерден толықтыру ісінде газетті жақсы пайдалана білгендігін, газет беттерінде партия комитетінің нұсқауымен, партия қатарына шақыруға арналған ұрандарды жиі басып отырылғандығын атап өткен.

Сонымен қатар ғалым Д.Фурмановтың «Ұшқынға» ерекше көңіл бөліп, өз бақылауына алғандығын да келтіреді.

Газет соғыс, халық арасындағы мобилизация жұмысының барысын үзбей жазып тұрды. Облыстық съездер, өлкенің саяси-әлеуметтік өмірі, жер жүзінде болып жатқан жағдайларды өз оқушыларына дер кезінде хабарлап отыруға тырысты. Бұл газеттің редакторлық қызметін Сабыржан Шәкіржанов атқарды. Ол қазақ баспасөзін дамытуға күш салған, «Ұшқынның» материалдық сапасы мен мазмұнына аса көңіл бөлген [135, 23-29-бб.].

Орынборда шыққан «Ұшқын» газетінің кейбір деректерде алда «Қазақстан» болып шыққандығы туралы мәліметтер келтірілген. Бұл жөнінде ғалым Б.Кенжебаев та ғылыми зерттеуінде атап өтеді [28, 26-б.]. «Ұшқын» газетінің 1920 ж. 15 қазанда шыққан санында газеттің енді «Қазақстан» болып өзгертілетіндігі келтірілді. Алайда бұл деректерді мерзімді баспасөз («Социалистік Қазақстан» газетінің тарихын – С.С.) тарихын зерттеген ғалымдар С.Қозыбаев пен Ж.Бекболатов жоққа шығарады [137, 12-б.].

«Ұшқын» газеті Қазақ автономиясы құрылғаннан кейін тоқтатылды да, оның орнына 1920 ж. 19 қазанда болған Орынбордағы Қырғыз партия бюро мәжілісінде «Еңбек туы» газетін шығару жөнінде шешім қабылданды. «Ұшқынның» жалғасы ретінде «Еңбек туы» газетін шығару жайын көтерген және оны аяғына дейін қолдаған С.Сәдуақасов болды.

1920 ж. 27 қазанда ұшқындықтар оқырмандарымен қоштасып, соңғы нөмірін шығарды. Оның алдында ғана 35-нші нөмірінде: «Енді «Ұшқын» тоқтатылып, орнына «Қазақстан» деген атпен жаңа газет шығады», — деп хабарлаған болатын. Көп кешікпей жаңа басылым да жарық көрді. 13 қарашада шыққан газеттің алғашқы нөмірі «Еңбек туы» болып жаңғырды.

Қазақ КСР кітап палатасы шығарған «Қазақ ССР газеттері (1917-75 жж.)» жинақталған көрсеткіште «Еңбек туы» газеті Қырғыз Орталық Атқару комитеті мен РК(б)П-ның облыстық бюросының органы ретінде 1920 ж. 13 қарашасынан 1921 ж. 10 наурызына дейін шығып тұрғандығы жөнінде мәлімет бар [138, 12-б.].

«Еңбек туы» газетінің ұстанған бағыты оның бірінші санында жарияланған мақалаларда айқын жазылды. «Халықтың мұң-мұқтажын, кем-кетігін, дұрыс-бұрысын анықтап, баспасөз жүзінде білдіріп оты-

ру үшін бізге сол халықтың өз дауысын есту қажет» деп келтірілді. Шығарушы «редакциялық алқа» деп көрсетіліп, «Үшқынға» байланысты туындаған мәселелерге жаңа құрылған газет пен оның басшылығы жауап бермейтіндігін ескертті [139].

Бюро мәжілісінің шешімі бойынша, газет аптасына үш рет, төрт беттік болып шығуға тиіс еді. Алайда елдегі ауылшаруашылығының ауыр жағдайына, қаржының тапшылығына байланысты газет жоспарланған түрде шыға алмады. «Еңбек туы» газеті өзінің бастапқы нөмірінен бастап Кеңес өкіметінің жүргізіп отырған бағыты, патшашыл Ресей үкіметінен қалған қалдықпен күресу барысы, шаруашылықты қалпына келтірудегі қол жеткізген жетістіктер, оқу-ағарту мәселелері жөнінде материалдар жариялап тұрды. Сонымен қатар газет Орталық Атқару Комитеті мен РК(б)П-ның облыстық бюросының шешімдері, алда міндеттеген іс-шаралары туралы алғы бетінде оқушыларын үнемі хабардар етіп отырды. Газеттің төңірегіне А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев, Б.Күлеев, О.Жандосов, О.Исаев, Ғ.Тоғжанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов сынды ұлтымыздың рухани көшінің басшылары топтасып, газеттің беделін көтерген [131, 107-б.]. Мәселен, газеттің 13 қарашадағы бірінші нөмірінде Смағұл Сәдуақасовтың «Түркістан жастары», «Көтеріл жастар», «Ескеретін уақыт жетті» деп аталатын үш бірдей мақалалары жарияланса, желтоқсанның 7-де шыққан екінші нөмірінде «Соңғы оқиғалар һәм Күншығыс» атты мақаласы, 25 желтоқсандағы үшінші нөміріне «Ауылдағы жастар туралы», «Сібірдегі қазақтар туралы», «Дінмұхамед Әділов» сияқты мақалалары жарық көрген.

Газеттің шыққан кезінен 1921 ж. ақпанына дейін редакторлықты С.Сәдуақасов үздіксіз атқарса, іссапарға кеткен кезінде уақытша редакторлық қызмет Ж.Аймауытовқа жүктелінген [140].

1921 ж. 7 қарашасынан «Еңбек туының» жалғасы «Еңбекшіл қазақ» болып шықты. Оның редакторлық қызметін Ә.Байділдин атқарды. «Еңбекшіл қазақ» газеті шыға бастаған кезде Қазақстанның губернияларын ашаршылық жайлап, ел шаруасы қатты күйзеліске түскен еді. Газет бірден елдегі ауыр жағдайды реттеу, онымен күрес жүргізу, жер-су реформаларының өткізілу барысын, осы жағдайларға байланысты партия мен үкіметтің жүргізіп отырған іс-шараларын хабардар етуге тырысты. Сөйтіп, қара бұқара мен үкіметті жақындастыруға әрекеттенді.

«Еңбекшіл қазақ» газетінің бірінші бетінде шетел жаңалықтары жарияланып тұрды. Әсіресе газетте «Германия» деген айдар ашылып, Германиядағы ішкі жағдай туралы әр газеттің бетіне хабарлар басылды.

«Еңбекшіл қазақ» бастапқы кезде аптасына бір рет шығып, халыққа тегін таратылып тұрды. Жағдай, кезең қиындығының үстіне, қаражат тапшылығы, жаза білетін адамдардың жоқтығы, баспахана нашарлығы газет шығаруды мүлде ауырлатты. Редакция құрамында Ә.Байділдин, Т.Жүргенов, Е.Алдоңғаров сияқты 3-ақ қызметкері болып, газеттің барлық ауыртпалығын көтеріп, оны уақытында шығарып тұруға тырысты [141].

1922 жылдың басында «Еңбекшіл қазақ» газетіне редакторлыққа С.Сейфуллин келді. Ол газеттің ауыр жағдайын түзетуге тырысты. Атап айтқанда қызметкерлерді көбейту, газетке қазақ зиялыларын тарту, мазмұны мен сапасын жақсарту шараларын қолға алды. С.Сейфуллинмен бірге М.Жолдыбаев та редакторлық қызметті кезектесе атқарды. «Еңбекші қазақ» газеті ұлтшылар мен жікшілдерді әшкерелеу барысында қатысты бірнеше мақалалар жарияланып, олармен аянбай күресуге шақырған болатын. 1922 ж. 7 қарашада газетке жарияланған С.Сейфуллиннің «Октябрь һәм ұлт саясаты» атты мақаласы Лениннің ұлт саясатына қарсы келерлік алашордашылар мен ұлтшыл-уклонистердің барлығын айтып, оларды сынға алды [142].

Екі редактордың (С.Сейфуллин мен М.Жолдыбаев — С.С.) тұсында қаражат тапшылығына байланысты газет ақылы түрде шығарылып, тек партия ұйымдары мен мемлекеттік мекемелер ғана тегін алып тұрды. Дегенмен де аптасына екі рет шығып тұрған газеттің ақылы болуы оның таралымының төмендеуіне алып келді. Ғалым Т.Қожакеев көрсеткендей, газет 5000-нан бірден 2000-ға дейін түсіп кеткен [143, 23-24-б.].

1923 жылдан бастап «Еңбекшіл қазақ» газетінің жағдайы жақсара бастады. С.Сейфуллин газетке шаруашылық, еңбекшілердің мұң-мұқтажы, мәдениет, оқу-ағарту, сауатсыздықты жою, денсаулық, сыртқы хабарлардың үзбей жариялануын қадағалап отырды. Мәселен 1923 ж. газеттің ең бірінші бетінде партия мен үкімет жұмысы, шешімдері мен қабылдаған қаулылары, сайлау барысы, коммунистік партия, кеңселерде қазақ тілін жүргізу, қазақ жастарын әскерге тарту, партия жұмысына қызметкерлер даярлау және сол сияқты бас мақалалар басылып тұрды. Бұл басылымға С.Сейфуллин, Т.Арыстанбеков, Д.Бабасов, А.Се-

гізбаев, Ә.Бөкейханов, Қ.Тайшықов, А.Алпысбаев, М.Дулатов, С.Мұқанов, Е.Омаров, Қ.Айнабеков, Н.Сырғабеков, С.Абдуллахатов, Б.Айтуарин, І.Жансүгіров, Е.Қасаболатов, Ш.Адамбай, Б.Майлин, А.Елшібеков, М.Қажығұлы, М.Жолдыбаев, Ә.Мұстафаев, Е.Мұқанұлы және тағы басқалардың мақалалары үзбей жарияланды. Негізіңде бұл жылы газеттің басты «Ішкі хабарлар», «Үкімет істері», «Әйел бөлімі», «Елден», «Қазақстанда», «Жалпы Руссияда» сияқты айдарлары болды. Сонымен қатар газетке қазақтың қыз-келіншектері де тартылды. Сағмиданың «Қазақ қыздары қайда?» (1923, №63), «Дүрбиле айна» (1923, №66), «Пірістандар» (1923, №68), Ф. Бектасованың «Зор өтініш» (1923, №65) сияқты мақалалары жарық көрді. «Еңбекшіл қазақта» «Шақа», «Кедей қазақ», «Тілші», «Ж», «Манап», «Қояс», «Байқаушы», «Тоқа бала», «Ш.С.», «Асан қайғы», «Елден», «Теректі», «Кедей қызы», «Жерлес», «Ә.Н.», «Молдеке», «Жөнеу», «С.Б.», «Табын бала», «С.П.», «Тыңшы», «Үнемші», «Қ.Т.», «Б.Ш.», «Ел баласы» деген бүркеншік аттармен түрлі тақырыптарда мақалалар, фельетон, өлең-жырлар басылды.

Осы жылдан бастап газетке баспасөз ісін көтеруге байланысты мақалалар жиі жариялана бастады. Қазақ баспасөзінің жандануына қалайша үлес қосу қажеттігі турасында қазақ зиялылары өздерінің құнды пікірлерімен бөлісіп, оны жүзеге асыруда қызмет жасады. Олардың ішінде сыни мақалалар да болды. Мәселен 1923 ж. 11 қаңтарында «Еңбекшіл қазақта» М.Дулатовтың «Баспасөзіміз не күйде?» деген көлемді мақаласы басылып, онда елде шығатын газет-журналдардың жалпы жағдайына тоқталды. «Бұлардың көбі аяғын ақсай бастап, өзінің дүниеде барлығын ұмыттыра беріп, анда-санда бір шығып қояды. Орынбордың өзінде шығатын үкімет тілі «Еңбекшіл қазақ» күн сайын шықпаса да, тым болмаса жетіде үш рет дұрыс шығып тұруы керек еді. Бүкіл Қазақстан Республикасына бір жақсы журналдардың да көптігі болмас еді. Баспасөзіміздің бұ жағы да көңіл көншірлік еш нәрсе бермей тұр», — деп баспасөздің күйін түзетуде өз жобасын ұсынды. Бұлар: 1) қалам қайраткерлерін осы жылдың басынан бастап кеңсе қызметінен босатып, тамағын тоқ, орнын жайлы, көңілін алаңсыз қылып, кітап жазуға қосу; 2) Газет-журналдардың басына лайықты адамдарды жеткілікті қылып отырғызып, партия бағыты, үкімет заңымен таныстыратын, дүниеден хабардар қылатын басылымдарды жиілетіп мезгілінде шығару; 3) Жа-

зылған кітап, газет-журналдарды бастыратын Мемлекет баспасына айрықша назар салып, баспахана жұмыстарын бақылап отыратын, берекелендіретін қызметкерлер қою [144]. Бұл жерде М.Дулатов баспасөзді көркейту, гүлдендіру, дамытудың (тек газет-журнал ғана емес, кітап шығару ісі де) жолдарын айқындауды, сол жолда әрекет етуді көрсетеді. Оның пікірі жүзеге асып, 1923 жылдан бастап газет аптасына 3 рет шыға бастады.

1924 ж. шыққан «Еңбекшіл қазақ» газетінің мазмұны өткен жылғы газеттен еш айырмасы болған жоқ. Бұл жылы да сол айдарлармен материалдар жарияланып тұрды. Тек «Кеңестік Қазақстанда», «Шаруашылық бөлімі», «Құлақтандыру», «Әртүрлі хабарлар» деген айдарлар қосылып, газет тілшілерінің қатар көбейді. Басылымның бұл жылдағы өзгешелігі партия жұмысына, мәселен, коммунистік партия, интернационал тарихына аса көңіл бөлінді. Сонымен қатар шет мемлекеттердегі саяси жағдай мен дағдарыстар мәселесімен де оқырмандарын таныстырмаққа тырысты.

С.Сейфуллин 1924 ж. газет қандай мәселе көтеретіндігін «Газетке не жазу керек?» деп аталатын мақаласында айқындап берді. Ол үкімет тарапынан қойылған қатаң бақылауға қарамастан, газет тілшілері мен оқырмандарына «коммунистік партия мен кеңес өкіметінің істей алмай отырған немесе қате істеп отырған істерін» және «Қазақстанның әрбір түпкірлерінен үкіметтің білмей отырған хабарларын» ашық жазуға шақырды. Сондай-ақ газетке кеңес, шаруа, кәсіп, сауда, ұйым-кооперация, денсаулық, оқу, жастар ұйымы, партия, сот һәм басқа осындай халықтың тұрмысына ең алдымен керекті істердің жүріп жатқанын айтатын хабарлардың басылуын орынды деп санады. Газетке жіберілген мақала, хабарлардың басылмай қалу жағдайының екі себебіне тоқталып: «Ол себептер мыналар: бірінші жазған мақаланың лайықты мағыналы, орынды болмауы. Екінші, басқармаға келген мақалалардың басқармада отырған кісілер уақытында қарап, уақытында реттеп жіберілмеуі һәм сүйтіп жүріп кейбір баспаға лайықты мақалаларды қақтықтырып, жоғалтып тастауы болады», — дейді. С.Сейфуллин газетке жастарды белсенді түрде қатысуға шақырды [145].

1924 ж. желтоқсанынан бастап газет жетісіне 4 рет, біршама уақыттан кейін 5 реттен шыға бастады. Алайда оның таралымы 2800 данадан аспады [146]. Басылым 1922-24 жж. аралығында Қазақстан Орталық

(атқару) комитетінің тілі болса, ақпан айынан бастап тек Орталық Комитеттің ғана емес, аймақтық комитеттің де органы болды.

1925 ж. қаңтардың басында С.Сәдуақасов «Еңбекшіл қазақ» газетінің жауапты шығарушысы болып тағайындалды. Осы басылымға ол 1925 ж. 8 қаңтарынан 1926 ж. ақпан айының 20-на дейін редактор болды. Бұл жылдар арасында газеттің уақытша редакторлық қызметін М.Жолдыбаев пен Б.Майлин де атқарып отырды. Б.Майлиннің уақытша редакторлық қызмет атқару себебін оның өмір жолдарын зерттеген ғалым Т.Бейісқұлов «Ауыл» газетінде қызмет істеп жүргенде 1925 ж. 7 наурызында қазақ өлкелік бюросы оны республикалық «Еңбекшіл қазақ» газетіне қызметке жіберуге шешім қабылдауынан» деп көрсеткен. Б.Майлин 1925 ж. сәуір мен 1927 ж. тамыз аралығына дейін «Еңбекшіл қазақ» газетіне редактордың орынбасары болған. Жалпы ол «Еңбекшіл қазақ» газетінде 1928 жылдың ортасына дейін қызмет етсе керек [83, 41, 42-46-бб.].

С.Сәдуақасов басқарған жылдары «Еңбекшіл қазақтың» деңгейі өсті. 1925 ж. газет 1923 жылға қарағанда бір жарым есеге ұлғайып, оның данасы 5300-ге жеткен. 1926 ж. 8000-ға дейін көбейді. Басылым тек ресми материалдарды жариялаумен ғана шектелмей, танымдық, ғылыми дүниелерді де басты. Қазақтың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған ділгір мақалалар жиі жарық көрді.

Газет бетінде ауылды өркендету, кооперацияны күшейту, жер мәселесі, партия ұйымдарының жетістіктері мен кемшіліктері сөз етілді. 1925 ж. ақпанында РК(б)П-ның өлкелік комитеті «Жетекші қазақ баспасөзі туралы» қаулы қабылдап, елде шығып жатқан бірнеше газет-журналдың жұмыс жайы талданып, жіберілген кемшіліктері айтылып, оны жою шаралары белгіленді. Осы жылдың 17 ақпанынан бастап газет «Еңбекшіл қазақ» емес «Еңбекші қазақ» деген атаумен шыға бастады. С.Сәдуақасов газеттің тілі түсінікті әрі жалаң ұраншылыққа бой ұрмауын қолдады. Газетке оның бұрынғы зиялыларды тартудың себебі де осыдан еді.

«Еңбекші қазақ» газеті редакциясында 22 мен 35 жас аралығында түрлі әлеуметтік таптан шыққан қызметкерлер қызмет еткен. Жауапты редактордың орынбасарлығын Бейімбет Майлин, жауапты хатшылығын Ерғали Алдоңғаров, партиялық өмір бөлімін Әбдірахмен Бегішев, оқу-ағарту бөлімін Ілияс Бикенов, әдебиет бөлімін Ерғали Ізмұхамедов, ауыл өмірі бөлімін Аманғали Сегізбаев, газетті шығару жауапкершілігін

Әбдіхамит Илаев атқарған. Сондай-ақ газетте Алдабергенов (репартер), Қожахметов (корректор), Шәріпов (бухгалтер), Кочуров (экспедитор) сияқты азаматтар қызмет еткен [147].

С.Сәдуақасов «Еңбекші қазақта» қазақыландыру мәселесін де насихаттап, осы мәселе төңірегінде пікірталастар жүргізді. Бұл газет тарапынан қолға алынған бірден-бір батыл қадам еді.

Үкімет тарапынан газет-журналдар аса бақылауда болса да, кей жағдайда кеңес саясатының қателіктерін айғақтайтын материалдар жарияланып кетті. Әрине мұндай материалдарды басылымдарға жариялаған ұлттық интеллигенция өкілдері кейін қуғын-сүргінге ұшыраған кезде мұның да зардабын тартты. Көп жағдайда баспасөзде орынсыз, себепсіз сынау және асыра мақтауға жол берілді. Осыған орай 23 қазанда жарияланған мақалада оның оқырмандарының бірден-бір қаруы жұртшылықтың кем-кетігін газет бетінде көптің талқысына салу болса да, өтірік сынау, мұқатудан ада болу жайы да ескертілді [148].

«Еңбекші қазақтың» 1926 ж. 20 қаңтардағы санында жарияланған «Газет сыны туралы» атты мақалада газетте баспасөз оқуын оқып шыққан қалам қайраткерлерінің аздығы, осы себептен қазақ газетінің ішкі мазмұнының тым таяздығы айтылып, газетке басылатын хабар, мақаланың жақсы жазылуына аса көңіл бөлу қажеттігі ашық айтылды [149].

1926 жылдың басында баспа ісі жұмысын күшейтудің жаңа міндеттері белгіленді. Газет-журналдар өзінің қызметіне сынмен қарап, мінін, кемшілігін дер кезінде түзеуге тиісті болды [150]. Осы нұсқауға орай «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланатын барлық материалдардың мазмұнын көтеру мәселесі қойылды.

Идеологиялық айтыс мерзімді басылымда 30-жж. аяғында да өршілді. Бірін-біріне айдап салу тәсілімен қаралап жазған материалдар баспасөздің негізгі тақырыбына айналды. Идеологиялық күрес жүргізу барысы қаладан ауылға да ауысты. Саяси сауаты шамалы қара шаруаның өзіне де «кеңес өкіметіне жат пиғылда» деген жала жабылып, оның «ұлтшылдығын» газет-журналдарға әшкерелеп жазғандар істеріне мәз болды.

С.Сәдуақасов редактор болған күннен бастап газетке М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Ғ.Тоғжанов, С.Мұқанов сияқты азаматтармен қатар, бұрындары Алашорда қатарында болған зиялы қауым өкілдерін де тартқан болатын. Сондықтан үкімет оған және жоғары билік құрамындағы оның

серіктеріне шешуші шабуылға 1926 жылдың соңына қарай шықты. Үкімет пен партия жалпы одақ көлемінде және Қазақстанда қалыптасқан өзіне қолайлы жағдайды ұтымды пайдалана отырып, өз қарсыластарымен күрес барысында түрлі әдістерге барды. Мәселен оларға «алашордашылармен тығыз байланыста болды» деген айыптар тағып, қазақ интеллигенттерін ескі, яғни алаштық және жаңа советтік интеллигенция деп бөліп, соңғысын оңшыл және солшыл деп тағы да жіктеді [31, 96-б.].

1926 ж. ақпанда «Еңбекші қазақ» газетіне идеялық жағынан құнсыз, үкімет ісіне жат мақалалар тізбегі жарияланды» деген желеумен С.Сәдуақасов қызметтен босатылып, уақытша газет меңгерушісі болып Т.Рысқұлов, күзден бастап редакторлығына Ғ.Тоғжанов тағайындалды.

«Еңбекші қазақ» газеті 20 жж. соңында халыққа индустрияландырудың маңыздылығын жеткізуге тиіс болды. Қазақ өлкелік партия комитеті баспасөзде жіберілген қателіктерді келешекте қайталамау мәселесін қатаң қадағалап, ұлт саясатында орын алған кемшіліктерге себепші болған жауапты адамдарды сынға алды.

1926-32 жж. қазақ баспасөзінде идеологиялық майданда партия жолынан ауытқыған кеңестік партияға қарсы топтар мен жікшілдерге қарсы күрес барысы өрістеді. Әсіресе, басылым қазақ әдебиеті саласында «байшылдықты көздеген» деген желеумен «ұлтшыл-уклонист» атанғандарға қарсы батыл күрес жүргізді.

Өлкелік партия комитетінің III пленумында «Еңбекші қазақ» газетінің атын өзгерту мәселесі көтеріліп, «Социалды Қазақстан» деп атау турасында қаулы қабылданды [151, 38-39-бб.]. Сөйтіп «Еңбекші қазақ» газеті «Социалды Қазақстан» газеті болып ұзақ уақыт бойы шығып тұрды. Газет елдегі бесжылдық нәтижелерін, өнеркәсіп саласының өркендеуі мен мәдени артта қалушылықты жою барысын насихаттады. «Социалды Қазақстан» газетіне білікті, іскер, журналистік тәжірибелері мол азаматтар тартылды. Атап айтқанда, бұл газет төңірегінде Ғ.Мүсірепов, Б.Кенжебаев, А.Сегізбаев, Н.Ерубаяев, А.Елшібаев, М.Ешмұхамбетов, А.Омарбеков, Н.Манашев, Ж.Сәрсеков, І.Қабылов, Қ.Өтепов және тағы басқа майталман мамандар қызмет етті. 1934 ж. газеттің редакторлық қызметін Ғабит Мүсірепов атқарса, ал 1935 ж. қарашасынан Жанайдар Садуақасов, одан кейінгі жылдары Сақтаған Бәйішев басқарды.

«Социалды Қазақстан» газеті Қазақстан Компартиясы шешімдерінің

орындалу барысы, коммунистік партия тарихы мен оның теориясын оқып үйрену, ауылшаруашылығын, малшаруашылығын өркендету, индустриаландыру барысы, бесжылдық қорытындылары мәселесіне аса көңіл аударды. 1937 жылы «Социалды Қазақстан» газеті «Социалистік Қазақстан» болып өзгертілді.

«Қызыл Қазақстан» журналы РК(б)П-ның Қазақ облыстық комитетінің органы ретінде 1921 ж. 15 қыркүйегінен бастап айына екі рет шыға бастады. Журнал елдің қоғамдық-саяси, шаруашылық және мәдени мәселелерін қамтуды басты мақсат етіп қойды және үкімет пен партия саясатын бұлжытпай жүзеге асыру мәселесін негізге алды. Ол өзінің басты мақсатын бас мақаласында былай деп жазды: «Біздің бұл журналымыз бұл күнге дейін қолдары теңдікке жетпей, арқа еті арша болып, патша мен сасық кеңірдек байлардың қол астында кемшілікте жүрген еңбекшіл қазақ халқына білім, саяси түсінік берудің алғашқы басшысы болуға тиісті...» [152, 3-б.].

Журналдың шығарушысы Қазревкомның үгіт-насихат бөлімі болып, бастапқы жылдары редакциялық алқаның қол қоюымен шықты. Ел басына қиыншылық түскен жағдайда журнал бірнеше арнайы айдарлар ашып, оқырмандарын болған жайттермен таныстырып отырды. Бұл, біріншіден, қарапайым халықты елдегі ішкі жағдаймен хабардар қылуына, екіншіден, олардың саяси сауаттануына жол ашты. «Қызыл Қазақстан» журналы қазақ халқының мәдени-шаруашылық тіршілігіне де көп көңіл бөлді. Шаруашылық бөлімінде жеке облыстардағы шаруа жайы мен тіршілік жайын хабарлап отырды. Жұртшылыққа шаруашылықты өркендетудің жолдарын көрсетті. Журнал арқылы үкімет империалистік соғыс пен азамат соғысы кезінде күйреп, тұралап қалған шаруашылықты көтеруге шақырды.

Өзінің 90 жыл тарихы бар журнал 1921-30 жж. «Қызыл Қазақстан», 1930-31 жж. «Ауыл коммунисті» атанып, 31-шы жылы «Коммунист» деп өзгертілді, одан кейін 1931-52 жж. аралығында «Қазақстан большевигі», «Ауыл коммунисті» атымен, 1952 жылдан бастап басылым «Қазақстан коммунисті», ал 90-жылдары бұл журнал шындыққа сай, жақын болсын деген ниетпен «Ақиқат» атанып, осы күнге дейін басылым ретінде қазақ халқын тәуелсіз Қазақстанның саясатымен, тарихымен, әдебиетімен, мәдениетімен таныстыруда.

1922-27 жж. журналдың уақытша жауапты шығарушылығын

А.Асылбеков, Е.Алдоңғаров, Н.Нұрмақов, О.Жандосов, Ә.Байділдин, О.Исаев, И.Игенов кезектесе атқарып отырған. Бұл жылдары журналда елдегі жаңа экономикалық саясат барысы, салғырттан салыққа көшу, ашаршылық, халық шаруашылығын қалпына келтіру, жер-су мәселелері батыл көтерілді. Әсіресе ашаршылық туралы, онымен күресу барысы жөнінде үкімет пен партияның жүргізіп отырған іс-шаралары турасында әрбір нөмірде ақпарат жарияланды.

1922-27 жылдар аралығында «Қызыл Қазақстан» журналының «Саяси бөлім», «Аштық жайлы», «Сыртқы хабарлар», «Жастар бөлімі», «Ішкі хабарлар», «Партия тұрмысынан», «Оқу бөлімі», «Ресми бөлім», «Қысқаша сын», «Әдебиет бөлімі», «Әйел бөлімі», «Құлақтандыру», «Шаруашылық бөлімі» сияқты бөлімдері болып, бұл бөлімдер саяси оқиғаларға байланысты жиі өзгеріп отырды. Әр бөлім өзіне жүктелген жұмысты атқаруға, оқырмандарын қызықтыратын материалдар жариялауға тырысты. Мәселен, 1921-22 жж. «Аштық жайлы» бөлімде «Аштықпен күресу хәм бұзылған шаруашылықты түзету шаралары», «Шикізаттарды аштар пайдасына жұмсау керек», «Жұқпалы аурулар хәм олармен күресу амалы», «Аштық ауданы хәм керекті жәрдем», «Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы» (1922, №3), «Қазақстанда аштық саны» (1922, №5) және т.б. көлемді мақалалар мен статистикалық материалдар, партия мен үкіметтің осы мәселеге байланысты қаулы-қарарлары жарияланса, «Саясат бөлімінде» ұлт, сайлау, конференциялар мен сессияларда, партия жиылыстарында қарастырылған мәселелер мен бұрындары қабылданған қаулы-қарарларға байланысты жүргізілген іс-шаралардың қорытындылары жарияланды.

Аталған жылдар аралығында «Қызыл Қазақстан» журналында Ә.Байділдин, А.Асылбеков, Ә.Нақымжанов, Е.Алдоңғаров, С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, С.Мұқанов, А.Сегізбаев, Т.Шонанов, Б.Майлин, М.Саматов, А.Байтасов, М.Атаниязов, С.Шәріпов, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, Н.Нұрмақов, Е.Бекенов, Ү.Құлымбетов, Ғ.Тоғжанов, Ә.Әйтиев, С.Меңдешев, А.Кенжин, К.Тоқтабаев және тағы басқалардың материалдары, мақалалары, әңгіме, өлеңдері жиі-жиі жарияланып тұрған. Сондай-ақ журналға «Х. Кедей баласы», «Шақа», «Балық», «Жөнеу», «Тоқа бала», «Таймінер», «К.Т.», «Ескі кооператор», «Желкен», «Х.С.», «М.С.», «Талшы», «Дәрігер», «Тамшы» және т.б. бүркеншік аттармен де материалдар басылып отырды.

«Қызыл Қазақстан» журналы Қазақстан тарихы үшін аса құнды болып табылады. Оның құндылығын қазақ зиялыларының бірі Мұстафа Шоқай да көрсетті. Өзінің «Кеңестер билігіндегі Түркістан» деген еңбегінде большевиктік басылымдарды, әсіресе «Қызыл Қазақстан» мен «Еңбекші қазақ» сияқты ұлттық басылымдарды кеңінен пайдалану арқылы большевиктердің Орта Азия мен Қазақстандағы отарлық саясатының мәнін бүкіл әлемге әшкерелеп берді.

1924 жылдың соңында С.Сәдуақасов «Қызыл Қазақстан» журналының жауапты шығарушысы болып тағайындалды. Ол бұл басылымның 1924 ж. 11 санынан 1925 ж. 7 санына дейін редакторы болды. Халық шаруашылығын қалпына келтіру барысында «Қызыл Қазақстан» журналында үкімет нұсқаулары мен бұйрықтары, сондай-ақ партия ұяларының қызмет барысы жайындағы хабарлар мен мақалалар легі үздіксіз басылды. 1921-25 жж. аралығында журналдың небәрі 48 саны жарық көрді. Қағаз, қаржы тапшылығынан кейде оның 3-4 саны біріктіріліп шығарылды [131, 120-б.].

Журналдың мазмұны елдегі саяси жағдайға сай өзгеріп отырған. Мәселен 1937 жылы «Ауыл коммунисті» деген атпен шығарылған журнал елдегі халық жауларын, ұлтшылдарды әшкерелеуге арналған материалдарды жариялаумен айналысқан.

20-жж. Қазақ АКСР-і мен Түркістан Республикасында облыстық газеттер де шыға бастады. Ташкентте «Ақ жол», Алматыда «Ұшқын», «Кедей еркі», «Тілші» және тағы басқа, Семей облысында «Қазақ тілі», Солтүстік Қазақстан облысында «Кедей сөзі», «Бостандық туы», Батыс Қазақстан облысында «Қызыл ту», «Ерік» газеттері шығарылған. Бұл газеттердің барлығында да жастар жайы көтеріліп тұрды.

Қазақ баспасөзінің тарихында «Ақ жол» газетінің орны айрықша. Бұл газет Түркістан Орталық партия комитетінің тілі ретінде 1920 ж. 7 желтоқсанынан бастап шыға бастады. «Ақ жолдың» алғашқы редакторлық қызметін көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов атқарды. Бастапқы жылы «Ақ жол» газеті — 3000 дана, 1921 ж. 3500 дана болып таралып, ел тілегіне орай бірсыпыра игі-шаралар жүргізді. С.Қожанов газетке елдің қоғамдық-саяси, экономикалы және шаруашылық, мәдени істері жөніндегі материалдардың жарияланып тұруын қадағалады және «Ақ жол» газетін маман тілшілермен, қаражатпен қамтамасыз ету мәселесін шешуде көп жұмыстар атқарды. Ол

Қазақстанда болып жатқан жағдайды шындық көзбен жазу керектігін міндет тұтып, газет тілшілерінен де осыны талап етті. Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М.Есболов, Ж.Аймауытов және тағы басқалардың күнделікті өмірге арналған мақалалары, өлең-поэмалары жарияланды. Бұл жайында жазушы С.Мұқанов өз естелігінде: «Түркістан республикасын С.Қожанов басқарған кезде Алашорда партиясының лидерлері: Х.Досмұхамедов, Х.Болғанбаев, М.Есболов, Ж.Аймауытов т.б. Ташкент қаласынан пана тапты да, ондағы «Ақ жол» газеті мен «Шолпан» және «Сана» журналдарына қарсы шыққан бағытта жазған шығармаларын жариялап тұрды», — деп жазған еді [153, 96-97-бб.].

«Ақ жол» газетін тарату, оның оқырмандарын жинаумен болыстық атқару комитеттері де айналысқан. Мәселен Ташкен уезі, Ниязбек болысы атқару комитетінің бастығы Момынқұлов 14 желтоқсанда өзінің қарауындағы ауылдардың бөлім бастықтарын шақырып, «Ақ жол» газетінің үкімет тілі екендігін, онда өкімет шығарған қаулы-қарарлар, халыққа аса қажетті заң жобалары жарияланып тұратындығын айтып, кең түрде таралуына ауыл тұрғындарын тарту мәселесін қояды. Ауыл басшылары жастар бөлімі атынан «Ақ жолды» алдырып тұруға және газеттің маңыздылығын халыққа түсіндіретіндіктеріне міндеттеме алып, оқырмандарды жазуға түбіршектер (квитанция) алып кеткен [154]. 1922 ж. «Ақ жол» газетін Иса Тоқтыбаев басқарды.

«Ақ жол» газетінің басқа басылымдардан басты ерекшелігі сонда отаршылдық, елдегі келеңсіз жағдайларды ашық жариялады. Бұл туралы 1925 ж. «Ақ жол» тілшілерінің бірінші конференциясында Ғабдолла Байтасов жасаған баяндамасында: «Халыққа басқалардан артық тараған, істеген еңбегінің жемісін жегізген, бұқараның қышыған жеріне өзгеден артық ем басқан «Ақ жол» газеті. «Ақ жолдың» жалпы бағытпен бірге түтініп, бірге орындап келе жатқан бағыты отаршылдармен күресу, бай, манап, тілмаш, атқамінерлерге сыбағасын тартқызу, батырақ, қосшыны ұйымдастырып, үстемдігін жүргізу. Кооперация, оқу, шаруа, денсаулық, әйел һәм жастар жайы, әкімшілік құрылысы, салық жайы, ел ішіндегі артық-кем ахуал, ұры, пара, шармен ауыл арасы бәрі де «Ақ жол» бетінде үзілмей түсіп келеді», — деген болса [38], 20-30-жылдары Қазақстан мен Түркістан Республикасында шыққан уездік, губерниялық, облыстық қазақша газеттердің тарихын зерттеген ғалым Т.Қожакеев:

«Отаршылдық пиғылдарға, бай, манап, тілмаш, атқамінерлерге соққы берді, батырақ, қосшыны ұйымдастырып, олардың үстемдігін нығайтты. Кооперация, оқу, денсаулық, шаруа, әйел һәм жастар жайы, әкімшілік құрлысы, салық жөнінде көп жазды. Ел ішіндегі кемшілік — ұрлық, пара, жаланы әшкерелеп отырды», — деп жазған еді [128].

«Ақ жол» газеті «ұлтшыл» бағыттағы газет болды. Газеттің «ұлтшылдығын» М.Ақынжанов 1937 ж. «Ауыл коммунисті» журналына жариялаған «Баспасөзде Алашорда идеологиясының қалдығымен күресейік» атты мақаласында: «1923 жылы Мәскеуде шыққан «Темірқазық» журналы, Ташкентте шыққан «Сана», «Шолпан» журналдары мен «Ақ жол» газеті алашордашылардың газеті ретінде сынға алынды.

«Ұлтшыл-уклоншы Қожановтың, троцкист Сапаровтың ықпалымен шыққан Ташкенттегі «Сана», «Шолпан» журналдары мен «Ақ жол» газеті ашықтан-ашық партияға қарсы болды, одан-бұдан қашқан ақтың, алашордашылардың, байшыл жазушылардың жалауын көтерді. Сталин бастаған Орталық Комитеттің тура басшылығымен Қазақстан партия ұйымы партия ішіндегі жаңа баспасөздегі осы сықылды ұлтшылдармен аянбай күресіп, олардың тобын қиратып, жеңе отырып, өсіп шынықты», — деп дәлелдемекке тырысқан болатын [155, 63-б.].

Сөйтіп «Ақ жол» газеті «ұлтшыл» басылым ретінде үкімет тарапынан қудаланды. Газеттің нақты партиялық және идеологиялық бағытының жоқтығын уағыздайтын мақалалардың, әңгімелердің, өлеңдердің жиі басылғандығы, газет беттерінде жауапты қызметкерлердің қара басын сынайтын мақалаларға жол берілгендігі де үкімет тарапынан сынға алынды. Шындығында да, «Ақ жол» газеті Түркістан Республикасының атқару комитеті мен РК(б)П комитетінің ресми басылымы болса да үкімет алашордашыл, ұлтшыл деп тапқан С.Қожанов, М.Дулатов, М.Әуезов, Т.Шонанов сияқты зиялылардың мақала, өлең, әңгімелері жарияланып тұрды. Сондай-ақ А.Байтұрсыновтың 50 жылдық мерейтойына байланысты газетке мақтаған мақалалар мен оның суреті жарияланған.

«Қазақ тілі» газеті Семей қаласында 1919 ж. желтоқсанынан бастап шыға бастады. Бұл кезде Ақмола мен Семей губерниялары (1921 жылға дейін) Сібір революциялық комитетінің қарамағында болып келді. Басылым Семей губкомы мен Атқару комитетінің басылымы болып, Семей, Павлодар, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездеріне тарап тұрды. Газет «Бүтін дүние еңбекшілері, бірігіңдер!» ұранымен шықты. Бастапқы кезде

басылым 2 беттік болса, кейіннен 4 бетке дейін кеңейтілді, бірақ газеттің нақты редакторы болмады. Оның редакторлық қызметін М.Тұрғанбаев, Ж.Аймауытов, Ж.Наймангожин, Ш.Тоқжігітовтер кезектесіп уақытша атқарса, кейіннен газет редакциялық ұжым басшылығымен шығып тұрды. «Қазақ тілі» газеті бастапқы кезде жетісіне бір, кейінірек 3 реттен, 2,5 мың таралыммен таралған. Газеттің таралымы 700 данадан 1922-23 жж. 2000-нан аса данаға дейін көтеріліп, оның редакциясында 5 қызметкер еңбек еткен.

Ғалым Т.Қожекеев «Қазақ тілі» газетін кедейшіл, коммунистік идеяны, Кеңес өкіметін жақтаған газет қатарына жатқызып, діншілдік, ұлтшылық пікірлерге де орын берілгендігін де атап өткен [128, 8, 76-бб.].

«Қазақ тілінің» жарыққа шығуына қазақ зиялылары аса мән берді. Олар газет қандай айдармен мақалалар жариялайды, сондай-ақ өз оқырмандарын маңайына жинай ала ма деген сауалмен жұмыстар жүргізіп, қолдарынан келгенше көмек көрсетуге тырысты. Семей зиялыларының бірі — Мәннан Тұрғанбаев бұл газеттің халыққа не үшін қажет екендігін «Октябрь төңкерісі һәм газет» деп аталатын мақаласында: «Жұрттың жұрт болып тұруы үшін халықтың не керегі, зары-мұңы, не кемшілігі бар, қайтсе халық үшін жайлы, қайтсе жайсыз болады, басқа елдерде не жай бар — соның бәрін ұғысып тұру үшін газет бірінші құрал. Ол құралды әркім өз пайдасына жұмсайды. Газетке бір ғана кісі жазбайды, түрлі жерден пайдалы һәм үлкен мәселелері шешіледі. Соның үшін газетті оқу, тыңдау, сөз жазу халық үшін санап бергізсіз пайда келтіреді», — деп көрсеткен еді. Ол газет кедей еңбекшілерінің мүддесін көздейтін бірден-бір құралы деп есептеді [156].

Газет жанашырлары оның сапасы мен басты кемшіліктеріне де мән беріп, айқын түрде сынға алған. Басылымда кемшіліктің орын алып отыруының себебін М.Тұрғанбаев «қызметкерлердің кемдігінен газетіміз өте сирек шығып тұр, амалсыздан көп сөзді жаза алмай отырмыз, қысқаша ғана мағлұмат беріп отырмыз» деп түсіндірді [157].

Мәдениет, ағарту саласына еңбек сіңірген қазақ әйелдерінің бірі Нәзипа Құлжанова Қазақстандағы газет мәселесіне де аса назар аударып, бұл саланың даму барысына арнап мақала да жазған. Мәселен «Известия Киробкома РКП (б)» журналына жариялаған «ҚКСР-дағы қазақ газеттері» атты мақаласында «Қазақ тілі» газетінің шығарылу барысы

мен оның мазмұнына нақты тоқталады. «Қазақ тілі» газетінде үкімет пен партия көрсетіп берген бағытын ұстанбай, оқырманға аса қажетті материалдарды баспай отырғандығын сынға алды.

Н.Құлжанова «Қазақ тілі» газеті сапасы өте нашар, сары қағазға басылып әрі әрпі ұсақ болғандықтан оқырмандарының оқуына үлкен қиындық тудырып отырғандығын келтіре, басылымды болыстық жерлерде таратуда ұйымдастырушылықтың жоқтығынан көп жағдайда иесіне жетпей жоғалып кетуі немесе кешігіп жетуі жиі орын алатындығын қынжыла баяндады. Газеттің сапасын көтеруде ол бірнеше кеңестер береді. Біріншіден, қазақтан газетке саяси тұрғыда тәрбиеленген әрі газеттің жұмысын жақсы білетін, дайындығы бар қызметкерлерді тарту, екіншіден, газетке өзінің жалпы жоспары мен тілін нақтылап алу, үшіншіден, республикадағы орталық газеттермен тығыз байланыс ұстау, төртіншіден, оқырмандарын көбейтуде үгіт-насихат ісін жүргізу [158, 27-29-бб.].

Міржақып Дулатов та баспасөз ісіне байланысты «Еңбекшіл қазақ» газетіне жариялаған мақаласында баспасөзді күшейту, көбейту, көркейту жолында істелетін басты шараларға тоқтала отырып, «Қазақ тілі» газетінің 1923 ж. 33 санында «Қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым» деген атпен басылған мақаладағы «Ешкім газет алмайды» деп жазылуына қынжыла отырып, газеттің дұрыс таралмауын үлкен кемшілікке жатқызып, оның басты себебі басшылық ісінің ақсауынан деп, жалпы мерзімді басылымның алға қарай дамуына қажетті 12 ұсыныс береді. Олардың ішінде газеттің арнайы қызметкерлерін даярлау, өз баспаханасы мен қағаз бояуын молайту, газет-журналды алуға міндеттеу және т.б. ұсыныстар болды [19].

«Қазақ тілі» осындай сынға ұшырағаннан кейін өз сапасы мен мазмұнын жақсартуға тырысты және өзінде жарияланатын айдарлардың қатарын көбейтті. Сөйтіп жаңа экономикалық саясат кезеңінде, шаруашылықты қалпына келтіру жылдарында ауылды кеңестендіру барысы мен мал шаруашылығы жайын көтере білді. Газет саясатты да, білімді де, шаруашылық және әдебиетті де қамтыды. Қазақ зиялылары М.Тұрғанбаев, С.Дөнентаев, М.Әуезов, Ш.Тоқжігітов, Ә.Досов және тағы басқалар саяси және қоғамдық мазмұндағы, әйел, жастар, шаруашылық істеріне және тағы басқа тақырыптарға арналған публицистикалық мақалалары мен өлең-жырларын жариялап отырған. Семей өңіріндегі

барлық жаңалықты басылым қамтымаса да, оқырмандарын басты болып жатқан жағдайлармен хабардар етуге тырысты. Мәдени, ағарту, ашаршылық мәселесін батыл көтеріп, елдегі жағдайды ашық айтты. «Қазақ тілінің» 1922 жылдан бастап бағыты мен жолы халықшылдыққа қарай ауып, еңбекшілердің мүддесін насихаттауға кірісті [159].

«Қазақ тілі» газеті оқырмандар тарапынан да сынға ұшыраған. «Коммунист» журналының (бұл да Семей губкомының ай сайын шығарып тұрған журналы) 1923 жылғы 6 санында жариялаған «Қазақ тілі» газеті туралы» атты мақалада автор газеттің 64 нөмірінде жарияланған «Саясат әлемінде» деген мақала саясат мәселесі емес, мал шаруашылығына арналғандығын келтіре отырып: «Ары қарай қарайық. «Жұмысшы өмірі», «Партия өмірі» бөлімдерін іздестірейік. Олар жоқ. Олардың орнына тұтастай 1½ беттей халықаралық және ішкі жағдайлар айтылған», — дей келе, «малшы-қазақ пен жұмысшы мұндай бөлімдермен автор не нәрсені көтергісі келгендігін түсінбеуі де мүмкін» деген сынын айтады. Одан әрі автор газеттің басты қателігі ауылшаруашылық, салық, кооператив мәселелерін еңбекшілерге түсіндіретін мақалалардың жарияланбауы деп, алда осы жайттарды көтеру қажеттігін ұсынады [160, 68-69-бб.].

«Қазақ тілі» газетінің мазмұны жылдан-жылға жақсарып, оқырмандарының қатары көбейе түскен. Бұл турада «Коммунист» журналына жарияланған Г.Ақбардың мақаласында айқын көрінді. «Сыртқы жағымен де және мазмұны жағынан да газет жақсы әсер қалдырады. Газеттің мазмұны мынадай бөлімдер мен мақалалардан тұрады: а) саяси және қоғамдық мазмұндағы мақалалар; б) шет ел жаңалықтары; в) ішкі жаңалықтар; г) жұмысшы өмірі; д) партия өмірі; е) корреспонденция; ж) әдеби бөлім (фельетондар мен өлеңдер) және з) жаңалық.

Газет барлық дала халқына арналғандықтан, олардың сұраныстарына сай болу керек», — деп жаза келе, газетте орын алған кейбір кемшіліктерді де атап өтеді. Шетел және ішкі жаңалықтар радиотелеграммалық аудармалармен ғана жарияланбай, дала халқына түсінікті болу үшін бұл хабарды кең, әрі ұғынықты түрінде беру қажеттігін баса көрсетеді. Сондай-ақ әдеби бөлімде өңделмеген, ешқандай да маңызы жоқ кейбір фельетондар мен өлеңдердің жарияланатындығы да айтылып, бөлімнің сапасын көтеру аса қажет делінді [161, 106-107-бб.].

1920 ж. ақпан айынан бастап Омбы қаласында шығып тұрған «Кедей

сөзі» газеті, 1921 ж. 19 наурызынан бастап «Бостандық туы» деген атпен шығырыла бастады. Газеттің редакциясы бастапқы кезде Омбы қаласында болса, осы жылдың жазынан бастап Қызылжар қаласына көшірілді. Бұл газеттің 1921 ж. 28 тамызынан 13 қарашасына дейінгі таралымы 3000 данаға дейін өсіп, 1921-22 жылдары редакторлық қызметін Сабыр Айтқожин атқарды [131, 123-б.]. 1922 ж. уақытша редакторлық қызмет Ж.Жәнібековке жүктеліп, газеттің шығарушысы Жазушылар ұйымы деп жазылса, 1923 ж. жауапты редакторлықты А. Бегішев атқарды. Басылым бастапқы кезде Омбыда Сібір ревкомы жанындағы Қазақ АКСР-нің өкілдігі атынан, кейінен РК(б)П Ақмола губкомы мен губревкомының органы ретінде шығарылып, Ақмола губерниясының ішкі жағдайы және республика жайында, сондай-ақ сыртқы жағдайлар жөнінде үзбей хабарлар жариялады. 1921-22 жж. аштық туралы, баспасөз ісі, ауылшаруашылығы, салық, оқу-ағарту және тағы басқа мәселелер жөнінде хабарлар жиі басылған. 1928 жылдан бастап 1932 жылға дейін «Кеңес ауылы» деген атпен шығарылды.

1923-29 жж. аралығында Қостанайда губерниялық партия комитеті мен губерниялық атқару комитетінің органы ретінде «Ауыл» газеті шығарылды. Газеттің бастапқы нөмірі типографиялық әріптің болмауынан Челябинск қаласында басылды. 1921-26 жж. аралығында газеттің редакторы М.Сералин болған кезінде Қазан қаласынан газетке қажетті құралдарды алдырып, Қостанайдың өзінен шығара бастаған. Бұл газетте халық арасында партия мен өкіметтің жолын, күнделікті саясатын, ауылды кеңестендіру жөнінде жүргізген шараларды насихаттаған [162, 37-б.].

М.Сералиннен кейін «Ауыл» газетінің редакторлық қызметін М.Бейсенов атқарған. Газетте Б.Майлин де қызмет еткен. Бастапқы кезде ол әдеби қызметкер, кейіннен бөлім меңгерушісі, 1924 ж. уақытша редакторы болды.

«Ауыл» газеті шыққан жылдарында әлеуметтік, мәдени маңызы зор тақырыптарды көтере білді. Сонымен қатар партия, кеңес саясаты, оны жүзеге асыру жолдары туралы, кеңестендіру, ауылшаруашылығы, егін, диқаншылық, жер-су жайы, қоныстандыру жұмысы, оқу-ағарту, денсаулық, «Қосшы» одағының қызметі жөнінде түрлі материалдар жарияланып тұрды. «Ауыл» газетінің қызмет барысы жөнінде баспа бөліміне жіберілген хатта басылымның Қазақстанның қоғамдық-саяси және

экономикалық өмір жолдарын жүйелі, әрі дұрыс түрде оқырмандарына жеткізіп отырғандығы айтылды [163].

Газетте сыртқы жағдайлар туралы да жиі хабарлар басылды. 1926 ж. оның қарамағында 3 қызметкер болып, оның жауапты редакторлығын Абдолла Асылбеков атқарды [164]. 1930 ж. басылым «Колхоз жолында» деген атпен шығарылып, екі жылдан кейін «Социалды еңбек» деп өзгерілді. 1935 ж. шілдесінен «Сталин жолы», бір жылдан кейін «Большевиктік жол» деп аталды.

1921 ж. Қалдыбай Абдуллиннің редакторлығымен Жетісуда қазақ тілінде «Кедей еркі» газеті шығарылып, қазақ кедей шаруаларының, жарлы-жалшыларының үніне айналды. Негізінде газеттің дүниеге келуі жайындағы ең алғашқы мәлімет «Тілші» газетіне жарық көрген Сабыржан Шәкіржановтың «Жетісуда мұсылманша баспасөз тарихы» деген мақаласында келтірілді. Онда: «21-жылдың жартысынан кейін жолдас Қалдыбай Абдуллиннің қарауында облыстық партия хәм төңкеріс комитетінің тілі болып «Кедей еркі» атты газет шыға бастады. Жетісудағы таза қазақша газеттің шыға бастауының тарихы осы «Кедей еркінен» басталады», — делінді [143, 91-б.].

Батыс Қазақстан облыстық «Қызыл ту» газеті 1920 жылдан Орал қаласында шығып, сол кездегі көкейтесті мәселелерді газетке жариялап отырған. Газет елдің тұрмысында зор қадірлі орын алды. Бұл жөнінде газетке жарияланған «Газет және қызметкерлер» атты мақалада: «Қандай саяси құрылыстық болса да көрнекті қарулардың бірі — баспасөз, газет. Баспасөз — тұрмыс айнасы, қалың бұқараның сәулесі», — деп жазды [165]. «Еңбекші қазақ» газетіне де шағын хабарлама басылып, онда газеттің Орал губерниялық партия комитеті мен губерниялық атқару комитетінің тілі ретінде жетісіне 3 рет шығып тұрғандығы, сондай-ақ алтыншы жылға аяқ басып, осы уақытта қаншама кемшіліктерді бастан кешіргендігі, көлемі де, көрнегі де нашар болғанымен соңғы жылдары санаулы газеттердің қатарына кіріп, өрісін кеңейткендігі келтірілді. Газетке Бөкейде шыққан «Кедей туы» газеті барлық қызметкерлер және алдырушыларымен қосылғандығы да айтылды [166].

1926 ж. «Қызыл ту» аптасына 3 рет шығып, Орал өңіріне 2800 данамен тараған [167]. Сонымен қатар қосымшасы ретінде «Жастар дауысы» газеті шығарылып, оның редакторлығын К. Өтеғалиев атқарды. Бұл қосымша газеттің көтерген негізгі міндеттері жастар баспасын нығайту,

екіншіден ауылдағы жас тілшілерге бағыт беріп, олардың санын көбейту, жастарды оқуға тарту болды [168].

Қазақ жастарының іскерлік жұмыстарындағы алғашқы қадамдары, күн санап комсомол қатарының өсіп келе жатқандығы газеттің басты тақырыбына айналды. Газет ауылшаруашылығын көтерудегі қазақ комсомол жастарының рөлін анықтай отырып, олардың алдындағы басты міндет «Қосшы» ұйымының жұмысын жандандыру, халық арасында маңызымен таныстыру деп көрсетті [169]. Сонымен қатар жастар арасында өтіп жатқан жиналыс, конференциялар турасында ұдайы хабарламалар басып отырды. Жастар ісімен қатар пионерлер арасындағы қызмет барысын жандандыру мәселесін көтерді. Этика, мораль мәселелеріне де аса мән беріп, жастарды еңбек етуге, өнер-білімге, революциялық және коммунистік рухта тәрбиеленуге шақырды.

1920 жылдан Жымпиты қаласында «Ерік» газеті шығарыла бастады. Алайда газет ақшаның аздығынан, 1921 ж. ашаршылық себептерінен дұрыс шықпай, тек 1923 жылдың басында Жымпитыдағы баспаханасы Текенің губерниялық атқару комитетінің қарары бойынша Ойшық (Гурьев) қаласына көшіріліп, 1 сәуірден бастап жұмасына бір реттен тұрақты шығарылып тұрды [170]. 1924 ж. тамызынан бастап «Ерік» газеті «Жұмыскер тілі» деп өзгерді. Осы жылдың 1 қазанында газеттің жалпы таралымы 600-ге жеткен [171]. Гурьев уездік атқару комитетінің күнделікті органы болған «Жұмыскер тілі» ретінде шаруалардың жағдайы туралы материалдарды жиі басып отырғандықтан жұмысшылар арасында аса тарамалды. Бұл туралы өлкелік комитетке жіберілген анкеталық анықтамада айқын айтылып, тіпті нақты мысалдар да келтірілді. Газеттің 1926 ж. 9 қызметкері болды [172].

«Бостандық туы» газетіне қосымша ретінде 1927 жылдан бастап Ақмола губерниялық Лениншіл жастардың екі жетіде бір шығатын «Жеткіншек» газеті де губерния жастарының арасына кең тараған. Газеттің редакторлық қызметін С.Сафарбеков атқарды. Бұл газет «Жеткіншекті оқымаған және жазбаған комсомол қалмасын» ұранымен шығып тұрған. Газеттің 1927 жылғы №2 санында жарияланған «Жеткіншек көркейсін» деген мақалада газеттің ауыл жастарына арналғандығынан, мұны үзбей оқу, пайдалану әр комсомолдың міндеті делініп, басылымда жастардың өлеңі, әңгімесі, кесте сөздері, мақаласы, хабары, оқшау сөздері тоқтаусыз басылып тұратындығы айтылды. Сонымен қатар газет комсо-

мол орындарының ауыл жастарына арналған қаулылары, нұсқауларын жариялауды өз міндетіне алды.

Газеттің неліктен «Бостандық туына» қосымша ретінде аптасына 2-ақ рет шығуының себебі әрі таралымның аздығы мақалада қаражат қиыншылығынан деп түсіндірілді. Сондықтан басылымнан бір-ақ дана тиген комсомол ұялары жастардың басын қосып, оның материалдарымен бірігіп танысу керек делінсе, «Комсомолдар» деп аталған мақалада газеттің екі саны басылып шыққандығы жөнінде айтылып, оның негізгі мазмұнымен таныстырып өтті. Бұл сандарында басылған хабарларды жинауда қиыншылықтар туындағандығын айта келе, ауыл жастарын газетті қолдауға шақырды. «Жеткіншек» ауыл жастарының газеті болғандықтан, осы жастардың тұрмысы көп жазылу керек» дей отырып, жастарға газетке көмек көрсетулерін, ол үшін «Бостандық туына» жазылса, «Жеткіншекті» ақысыз оқи алатындығын, сонымен бірге Қазақстан өлкелік жастар комитетінің тілі «Лениншіл жас» газетін де алдырып, хабарларын, мақалаларын оған да жазып тұруға болатындығын түсіндірді [173].

Газеттің 5-санында да «Жеткіншектің» жалғыз комсомол газеті ғана емес, жалпы жалшы жастардың басылымы екендігі, онда ауыл жастары, ауыл қыздары туралы, оларға тәрбие беру мәселесі жайында қызықты материалдар жарияланатыны айтылып, барлық жастарды атсалысуға шақырды [174]. Бұл шақыруға жастар үн қосып, шамаларынша қолдау көрсетіп, нәтижесінде мазмұны жаңарып, айдарлары да көбейіп, ауыл жастары тынысы тақырыптарында мақалалар, хабарлар басыла бастады. Атап айтқанда, сауатсыздықты жою, оқу-ағарту ісі, комсомол ұйымдары, әскерлік дайындық барысы, ұлт мәселесі, ұйымдастыру жұмыстары, баспасөз мәселесі жөнінде қызықты материалдарға орын берілді. Негізі барлық жастар газеті де үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынды. Әрбір шығатын нөмірлері тексерістен өтіп, кеңес үкіметіне зиян тигізерлік мақалалардың басылып кетуіне жол бермеуге тырысты. Газет тек үкіметтің саясатын насихаттайтын, жұртты жаңа табыстарға жұмылдыруға жетелеген игілікті істерді ғана басумен болды. Сөйтіп жарияланған мақалалардың негізгі мазмұны жастарды социалистік құрлысқа тарту, жастарға байланысты үкімет пен партия саясаты болды.

«Ауыл тілі» Қызылорда қаласында 1926 ж. 27 шілдесінен бастап шаруа газеті ретінде шығарыла бастады. Өлкелік партия Комитеті мен Атқару Комитеті «Ауыл тілі» газетіне жарияланатын айдарларды бы-

лайша көрсетіп берді: 1) ауылда партия, совет саясаты, оны жүзеге асыру жолдары; 2) өзге жұрттардағы әсіресе Күншығыс елдеріндегі және Совет Одағындағы қара шаруалардың хал-жайы.

Оның редакторлығын Ж.Мыңбаев, Е.Ерназаров, Б.Майлин атқарған. М.Дулатов «Ауыл тілі» газетінің белді қызметкерінің бірі болды. Қазақстан Баспа комитетінің баспасөз бөліміне жазған хатында «Мен «Ауыл тілінде» қызмет еткенде газеттің тіліне ажарлық (кейбір хаттарды түзеу), газеттерден керекті хабарлар теріп алу, орысша жарлық-үндеуді аудару... қызметтерін атқардым, мақала жаздым», — деп келтіреді [175].

Баспа бөлімінің арнайы тексерісі нәтижесінде басылымның күнделікті шығып тұратын өлкелік шаруалар газеті екендігі, оның бетінде ауылшаруашылығы, күнделікті ішкі хабарлар, кеңестік құрылыс мәселесі, шаруа шаруашылығы, ағарту, партия құрылысы туралы мақалалар жарияланып отырғандығы, сонымен қатар газетке ұлтшылдық бағытта жазылған мақалалардың да жарияланып кететіндігі анықталды. Оның №1 санында «Қазақ тіліне шағым», «Бөртешілердің арманы» деген мақалалар жарияланып, онда партия-кеңестің қоғамдық жұмысындағы кейбір кемшілікті жақтары сынға алынған. «Газет партияның ұлтаралық саясаты жайын мүлде көтермеді. Шаруа басылымы болса да оның көпшілік материалдары 1916 жылға арналды» делінді есепте. Бұған қарамастан газет шыққан жылының өзінде оқырмандарының қатары өсе түскен. 1926 ж. тамыз айында оның оқырманы 293 болса, қыркүйекте 738-ге жеткен, қазан айында 995 оқырманы, қарашада 1256-ға дейін өсіп, тұрақты 52 ауылдық тілшілері болған [176].

Қазақ жастарының ең алғаш жекеше газеті 1922 жылы қараша айынан бастап «Өртең» деген атпен Орынборда жарық көрді. Алайда жыл өте «Өртең» газетінің орнына «Жас қазақ» журналын шығару мәселесі көтеріліп, бұл журнал Қазақстан комсомол Орталық Комитетінің органы ретінде 1923 ж. қазанынан бастап шыға бастады. Журнал қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби басылымы болды. Оның бірінші нөмірінде «Оқушыларымызға» деген бас мақала жарияланып, оқырмандарын өзінің мақсатымен таныстырды. «Тұнық суға лақтырған тастың суды толқындандырып, үйірілкені сықылды, қамсыз, қаперсіз, ұйымдаспай жатқан жалпы надан кедей жастарымыздың ортасына барып салмақты, адал сөзін айтсын. Жолбасшылық қылып, оларды

еркіндікке, адамшылыққа жеткізетін жүзу жолды көрсетсін деп «Жас қазақ» атты журнал шығарып отырмыз», — деп жазды.

«Жас қазақ» журналы өзінің мақсаты жастардың тұрмысын, қоғамдағы орнын айқындай отырып, оларды білім алуға, мәдени-ағарту, саяси жұмыстарға тарту, комсомол ұяларының қызметінен түрлі хабарлар беру екендігін ашық жазды [177, 1-3-бб.].

Журналдың редакторлығын Е.Алдоңғаров, А.Оразбаева, А.Сегізбаевтар кезектесе атқарып, 1925 жылдың сәуіріне дейін 13 нөмірі жарық көрді. «Жас қазаққа» жастарға арналып сықақ өлеңдермен қатар шағын әңгімелер де басылып тұрған. Журналдың әдебиет, өнер-білім, саяси, жалпы, ресми, шаруашылық, оқу-тәрбие және тағы басқа бөлімдері болды. Басылым жастарды оқу-білімге, өнерге шақырды, жастар ұйымының тұрмысы туралы хат, хабарлар, мақалаларды жариялады [178, 49-50-бб.].

1924 ж. 8 ақпанынан бастап «Еңбекшіл қазақтың» төртінші бетіне жетісіне бір рет жастар басылымы ретінде «Е.Алдоңғаровтың редакторлығымен Лениншіл жас» газеті жарық көрді. Ол «РЛКЖО-ның Қазақстан Аймақтық Комитетінің тілі» деп аталды. Газеттің өзге басылымдардан айырмашылығы мұнда арнайы бөлімдер болмады. Бұл бетке негізінен жастардың өнеге аларлық жақсы ісі, жиренерлік жаман ісі — әдеті, жергілікті ұйымдардың орындап, орындамаған жұмыстары, жастар өмірінің басқа да хабарлары жарияланды. Газет бетіндегі әрбір материал жас жеткіншектерді білімге, бірігіп ұйым болуға шақырды [128, 49-б.].

«Лениншіл жас» газетінде белгілі чекист, публицист Серікқали Жақыповтың көп материалдары жарияланды. Ол осы газеттің редакторларының бірі болған [143, 78-б.].

Түркістан Республикасы комсомолдарының қазақ тіліндегі тұңғыш газеті «Жас алаш» 1921 ж. 22 наурызынан бастап шығып, оның редакторлық қызметін Ғани Мұратбаев атқарды. «Ақ жолдағы» құлақтандыруда «Жас алаш» деген атпен 1922 жылдың 1 қаңтарынан бастап ақылы түрде газет шығатындығы хабарланды. Оның себебін өзін-өзі қаржыландырудан деп түсіндірді. Сонымен қатар газеттің түрлі себептермен көңілдегідей шығарылмай келгендігі, енді оны жойып, жетісіне бір рет шығарылатындығы, газетке Ташкенттегі саналы жастардың белсене қатысып жүргендігі, келесі жылда шығатын нөмірде оның қандай мақсат-тілекті ұстанатындығын жазатындықтары айтылды [179].

Алайда аз уақыттан кейін 1922 ж. тамыз айынан бастап «Жас алаш» тоқтап қалып, оның орнына «Жас қайрат» газеті шығарыла бастады. 1922 ж. «Жас қайраттың» редакторлығын Ерғали Алдоңғаров, 1923 жылдан бастап Сәдуақас Баймағамбетов атқарып, газет жұмысына жастарды көбірек тартып, жаңа жаза бастаған журналистер мен жазушыларды қолдап, Ғанидің (Мұратбаевтың — С.С.) жақсы дәстүрін жалғастырды. А.Тоқмағамбетов, Ө.Тұрманжанов, Б.Кенжебаев, тағы басқалар үлкен әдебиетке осы газеттен аттанған [180,125-б.]. Дегенмен бұл газеттің де өмірі ұзаққа созылмады. 1924 ж. басынан «Жас қайрат» газеті журнал болып шығарылып, редакторлық қызметін бастапқы кезде С.Баймақанов атқарды.

Газеттің журнал ретінде шығарылу себебін журнал өзінің бірінші санында былай деп хабарлаған: «Үш жылдан бері шығып келе жатқан «Жас қайрат» газетін айлап шығатын «Жас қайрат» атты журналға айналдырып отырмыз. «Жас қайрат» қолдан келгенше қызмет қылып, жастар арасында ұйымдастыру жолын көрсетіп, жөн сілтеп келсе де, шын өзінің көздеген ниетіне жете алмады дейміз. Газет уақытымен шығып, уақытымен тарап, қызықты боп тұруы керек еді. Ол болмады. Мұның бас себебі, шаруашылығымыздың күйзелуі, мемлекетіміздің жарлылығы, жастарымыздың жұртшылық, әлеумет ісіне даярлығының шорқақ, сөзге бай болмағандығынан болды». «Жас қайрат» бірінші санында журналдың міндеті қазақ-қырғыз жастарын білімге, мәдениетке тарту екендігін, алайда бұл істе олардың көмегінің аса қажеттігін айтып, қолдау көрсетуге шақырды [181].

«Жас қайрат» журналының бірінші нөмірінің басылып шығуына байланысты Түркістан Орталық партия комитетінің тілі болған «Ақ жол» газетінде: «Орталық Азиялық жастар бюросының тілі «Жас қайрат» журналының 24 жылығы бірінші саны басылып шықты. «Жас қайраттың» ішінде мынадай бөлімдер болды: саясат, өнер-білім, мектеп һәм оқу, әдет-ғұрып, қыздар, жаңа шыққан кітаптар. Әр бөлімде басылған мақалалар маңызы жағынан жаман емес, кім болса да оқып қуанарлық. Әсіресе оқу жолында жүрген жас талапкерлерге оқып, пайданарлық сөз көп. «Жас қайрат» өткен 23 жылы газет түрінде бір жапырақ, екі жапырақ болып шығып, орнықты бет ала алған жоқ еді. Осы жолы журнал түрінде шығып, оқушылардың сақтап жүріп пайдалануына қолайлы болған. «Жас қайраттың» өмірі ұзақ болуы үмітті» деген шағын хабарла-

ма басылса [182], ал «Лениншіл жас» газетінің 3 санында: «Ташкенттегі Орта Азия бюросы һәм Түркістан аймақтық коммунист жастар комитеті айлық «Жас қайрат» журналын шығарып отыр. Бірінші нөмірі келді. Саяси, әдеби, шаруашылық, өнер-білім, әйел, оқу бөлімдері түгел және де ел ойындары, күлкі әңгімелер, жұмбақтар, ғұрып, әдеттер жайынан да жақсы-жақсы сөздер бар. Бұл нөмірдің барлық беті — 84. Табиғаттың заттарында сірә мінсізі бар ма? Солай да, «Жас қайратқа» көп үміт күткізетін қуаттың барлығы көрінеді. Ұйымдаспай, бытырап жүрген, езілген жастардың сүрінбей, жалтармай тура бастап, дегеніне жеткізер, тілегенін берер деп сенеміз. «Жас қайрат» өмірлі бол!» деген хабарлама басылды [183].

«Жас қайратқа» жарияланған материалдар комсомол жастары ұяларының жұмысы мәселесі, ауыл жастарының тәрбиесі, комсомол жастар ісіне арналды. 1924 ж. 22 қаңтарында В.И.Лениннің қайтыс болуына орай Қазақстан комсомол ұйымы «Жас қазақ» пен «Жас қайрат» журналдарын қосып, 1925 жылдан бастап «Лениншіл жас» деген атпен шығара бастады. Журналдың редакциялық алқасында алғашқы жылдары Әуеш Есназаров, Ерғали Алдоңғаров, Ибат Игенов, Ахмет Елшібеков, Әбдірахман Бектасов, Бейімбет Майлин, Рухия Низамуттина сынды жандар еңбек етті. «Лениншіл жас» журналының №7 санында осы аты аталған қызметкерлер жайында шағын мәліметтер басылды. Мәселен Ерғали Алдоңғаров турасында: «Ерғали жүрегі таза. Мансапқа қаны қас жігіттердің бірі. Ерғали қазақтың, қазақ еңбекшілерінің жүрегі баспасөз екендігін ұғынды. Сондықтан ол жолда баспасөз майданында 50% саулығын жойғанша еңбек сіңіре қызмет істеді», — деп келтірілді [184, 21-б.].

Е.Алдоңғаров қазақ жастары жөнінде қазақ тілінде шыққан газет-журналдарға материалдар жариялап отырды. Жалпы оның мақалалары «Еңбекші қазақ», «Ақ жол», «Жас қазақ», «Жас қайрат» газеттері мен «Пионер», «Лениншіл жас» журналдарында басылып, оқырмандардың көңілінен шыға білді.

«Лениншіл жас» журналының саясат, өнер-білім, әдебиет, әдет-ғұрып, қыздар, мектеп сияқты бөлімдері болып, өзінің мақсатын мәдени, саяси жағынан кемдеу қазақ жастарын саналандырып ұйымдастыру деп көрсетті. Журналдың екі жасқа толып, үш жасқа аяқ басқалы тұрған мерекесіне орай жариялаған «Лениншіл жас» деген мақалада бұл турада

былай деп келтірілді: «Аз ғана өміріңізде қазақ жастарын ұйымдастыру, саяси санаттандыру, мәдени тәрбиелеу жолында айрықша еңбек сіңірдің. Маңыңа 150-ден астам пионер, комсомолдардан құралған жас тілшілер сабы тізілді. Сен партиядан тыс жастарды да баули, тәрбиелей білдің» [185, 17-б.].

Журналға Ж.Аймауытов, Б.Кенжебаев, А.Сегізбаев, Т.Шонанов, С.Бейсембаевтардың жастар жайына, оқу-ағарту, тәрбие ісіне қатысты мақалалары жарық көрген. 1927 ж. 22 қыркүйегінен журнал Жұмабай Орманбаевтың редакторлығымен газет ретінде шығарылып, оның өзгертілу себебін бас мақалада түсіндірді. 30-жылдары «Лениншіл жас» қазақстандық комсомолдардың бірден-бір газеті болып, социалистік құрылысқа қарсы шыққан «ұлтшылдарға», «троцкишіл, бухариншілдерге», нақты айтқанда Сталин саясатына қарсы келгендермен аяусыз күресті.

«Еңбекші жас» («Трудовая молодежь») газеті 1923 жылдан бастап Семейде шығып тұрған «Қазақ тілі» газетіне қосымша ретінде жұмасына бір рет шығып тұрған. Бұл жылдары газеттің жауапты редакторлығын Сақи Бейсебаев атқарып, «Сыртқы», «Ішкі», «Жергілікті» айдарлармен хабарлар, мақалалар жариялап отырды. 1925 ж. 7 қаңтарынан бастап жұмасына 1 рет жеке газет ретінде бөлек, осы жылдың ақпан айындағы 4-ші нөмірінен қаражат мәселесіне байланысты қайта «Қазақ тілі» газетіне қосымша ретінде шығарылды. Газетті алғашқы санымен құттықтаған «Степная правда» газеті болды. «Біздің қазақ жастары да өздерінің газетасын шығара бастады, оның аты — «Еңбекші жас». Социализм үшін күресуші һәм алдағы социализм қоғамын орнатушы азаматтарды тәрбиелеу — «Еңбекші жас» газетасының негізгі мақсаты» дей келе, газеттің өзінің алдына қойған міндеттерін орындайтындығына сенім білдірді [186]. Басылым редакторлары болған Жұмағұлұлы, Ақынжанұлы, Арықұлдары жекеше бар-жоғы 4 нөмір шығарса да сол нөмірлерде қалың мал, сауатсыздықты жою мәселелерін көтере білді.

Ташкент қаласының аймақтық қазақ-қырғыз институтындағы оқушы жастары 1923 ж. «Жас жүрек» атты газет шығарған. Бұл жөнінде «Ақ жол» газетінде «Жас жүрек» атты жетілік жапсырмалы газетінің 9-ншы саны қолымызға тиді. Газет қолдан жазылып, үлкен көлемді болып шыққан. Ішінде жазылған сөздер жалпы Түркістан оқушылары жөнінен, өздерінің оқып жүрген институт оқушыларының жай-күйлері

жөнінен және де оқушыларға білім беру мақсатымен жазылған орысшадан қазақшаға тәржімелер бар» деп жаза келе, бас мақаланың мазмұнына тоқталады. Жаңа шыққан жастар газетінде жіберілген кейбір кемшіліктерді, газетке тәржімеленіп басылған Толстой әңгімесінің кейбір тұстары дұрыс аударылмағандығын атап өтеді [187].

«Кедей айнасы» Ленин атындағы Орта Азия Коммунистік университетінде қазақ студент жастарының күшімен жылына бір рет шығарылған журналы болды. 1923-29 жж. аралығында журналдың 5 нөмірі жарық көрді. 1926 ж. «Қызыл Қазақстан» журналының №15-18 санында Ташкентте Қазақстанның коммунистік университетінде қазақ студенттерінің «Кедей айнасы» атты журналының шығып жатқандығы турасындағы Елжас Бекенұлының мақаласы басылып, онда бұл журналдың 3 нөмірінің жарық көргендігін, таралымы 2 мың дана, көлемі 12 баспа табақтай екендігін айтып, ішкі мазмұнына тоқталады. Негізінен журналдың «Саяси», «Социалдық-шаруа», «САКУ», «Ағарту», «Әдебие» сияқты бөлімдері болды.

Жалпы журнал өзінің мақсаты туралы былай деп жазған: «... осы жылы тағы да сол қазақ балалары, кеше ауылдан жалшы болып келсе, бүгін бірсыпырасы университетті бітірмекке отырғанда және бірнеше тетелестердің күшімен журналдың 3 санын кәдімгі баспамен шығарып отырмыз. Мұнда көп жетіспегендік, тәжірибесіздік, шала пішкендік бар. Өйткені бұрын мұны мұндай іске қандай қатынасқанымызды айттық, әлі еңбегіміз өңделініп жеткен емес». Журналдың ірі кемшілігіне терминдерді қазақшалаудағы олқылықты атады. Жетістігіне бұрынғы нөмірлеріне қарағанда астарлама пікірдің жоқтығын, айтам деген сөздерін айрықша ашық айтқандығы, партия, кеңес жұртшылығына тиісті бірсыпыра тақырыптар жазылғандығын, әсіресе «САКУ»-дың ішкі-сыртқы мазмұны, тәртібі, оқу-тәрбие жөнінде мағлұматтар берілгендігі келтірілді. «...журналда айтылған аз кемшіліктер болса да, бұл журнал қазақ әдебиетінің жаңа түрмен көгеріп келе жатқан кезінде үлкен олжа. Әсіресе осы күнгі оқушы қазақ еңбекші жастардың білім тәжірибесінің баспа жүзінде жарыққа шыққанын үлкен қуанышпен қарсы алдық», — деп аяқтады [188, 223-226-бб.].

«Кедей айнасында» түрлі тақырыптардағы материалдар жарық көрді. Мысалы №4-5 санында «Жастар арасындағы жұмыстар», «Қазақстанды

өндірістендіру жұмысы» «Түркістан-Сібір теміржолы» сияқты мақалаларды жариялау арқылы қазақ студенттері жалпы жастардың тіршілік-тынысымен таныс болуын қалағандығын байқаймыз.

1922 ж. қазан айынан бастап Түркістан Автономиялық Республикасы Орталық Атқару Комитетінің білім, әдебиет, шаруашылық, саяси журналы ретінде Ташкентте «Шолпан» журналы жарық көріп, оқу, ағарту, бала тәрбиесі, өнер-білім мәселесін жариялап тұруды мақсат тұтты. Алайда оның да тағдыры қысқа болды. Басылым «алашордашылардың, ұлтшылардың» басылымы ретінде сынға ұшырап, ақыр-аяғы 1923 ж. орта шенінде жабылып қалды. Соған қарамастан журнал аз уақыттың ішінде оқырмандарын өзіне тарта білді. Саяси тақырыптарда түрлі мақалалар жарияланып тұрды.

«Шолпанмен» қатар шыққан «Сана» журналының да өмірі қысқа болды. Журнал 1923-24 жж. аралығында бар-жоғы 3-ақ нөмірін шығарып, ғылыми-зерттеу, тарихи, әдеби тақырыптарда қызықты материалдар басылған. Журналға «Түрік-моңғол тарихы» тақырыбында ел тарихын, тіршілігін сипаттаған көлемді мақала жарияланды.

«Темірқазық» журналы айына бір рет саясат, шаруашылық, білім, әдебиет журналы ретінде Мәскеуде Нәзір Төреқұловтың басшылығымен шығарылды. Журналды Ұлттар комиссариаты жанындағы Күншығыс баспасөзі басты. Оның «Саясат һәм жалпы бөлім», «Ғылым», «Оқу», «Әдебиет», «Басқа елдерден» және т.б. сияқты бөлімдері болып, ұлт, тарих, саясат мәселелері жөнінде Н.Төреқұлов, И.Сталин, Л.Троцкий, Ә.Бөкейханов, Ғ.Тоғжанов, Қ.Кемеңгеров және тағы басқа зиялылардың көлемді мақалаларын жариялаған. Бұл журналдың тағдыры «Шолпан», «Сана» журналдары сияқты өте қысқа болды. Журнал үкімет тарапынан «ұлтшылдықты» уағыздады деген желеумен 3 санынан кейін жауып тасталынды.

«Таң» журналы Семей қаласында губком мен губерниялық атқару комитетінің саяси, мәдени, әдеби және шаруашылық ретінде 1925 ж. наурызынан бастап М.Әуезовтің басшылығымен шыққан. Бірақ аталған журналдың да небәрі төрт-ақ саны ғана жарық көрді. Қаражаттың болмауы мен қағаз тапшылығынан сол жылдың маусым айында жабылып қалды. Соған қарамастан журнал әдеби бағытта біршама құнды материалдар жариялай білді. Оның беттерінде фольклорлық бағытта

жазылған материалдар, өлең-жырлар, аңыз әңгімелер басылған. Журналда М.Әуезовтің бірнеше әңгімелері жарық көрді.

Қазақтың қыз-келіншектеріне арналған «Әйел теңдігі» журналы БК(б)П-нің Қазақ өлкелік комитетінің әйелдер бөлімінің органы ретінде Қызылорда қаласында шығып тұрды. Бұл журнал бастапқы кезде, яғни 1925 ж. 5 мамырында өлкелік партия комитетінің жанындағы әйелдер бөлімінің газеті ретінде «Теңдік» деген атпен Орынборда шығарылған. 1926 ж. шілде айынан бастап «Теңдік» газеті журналға айналып, «Әйел теңдігі» деп аталды. Журналдың редакторлық қызметін 1925-32 жж. Сара Есова, 1932-34 жж. Нұржамал Сәнәлиева, 1934-37 жж. Нағима Арықовалар атқарды. Кейіннен журнал аты бірнеше өзгеріске ұшырады. Қазірде «Қазақстан әйелдері» деген атпен шығады. Журналда Нағима Арықова, Нәзипа Құлжанова, Алма Оразбаева, Әмина Кемелова, Зейнеп Тоқберлина және тағы басқа қыз-келіншектер қызмет етіп, қазақ әйелдерін жаңа өмір ағысына, қоғам ісіне тарта білді.

«Әйел теңдігі» 20-жылдары әйелдерге арналған бірден-бір журнал болғандықтан, оқырмандарын толғандыратын мәселелерді көтеруге тырысты. Оның «Жалпы бөлім», «Әдебиет бөлімі», «Біздің жұмысымыз», «Еңбекші әйелдер тіршілігі», «Дені саудың жаны сау» сияқты бірнеше айдарлары болды. Дегенмен журнал партия мен кеңес ұйымдарының алдында тұрған негізгі міндеттерді насихаттау, қазақ әйелдері арасындағы саяси-тәрбие жұмысына, оларды елдің қоғамдық-саяси өміріне қатыстыру мәселесіне аса көңіл бөлді. Сондай-ақ қазақ әйелдерінің тұрмыс-тіршілігі, қалыңмал, ағарту саласындағы жетістіктері мен кемшіліктері және тағы басқа әйелдерге қатысты тақырыптарды көтере білді. Журналды шығарудың өз қиыншылықтары болды. Бұл турада журналдың 7-10 санында «Журналымызға атсалысыңдар!» деген атпен көлемді мақала жарияланып, онда: «Әйел теңдігі» журналының шыға бастағанына біраз болды. Бірақ осы күнге дейін журнал көздеген мақсұтына жете алмай, ақсап, әлсіреп келді», — дей отырып, оның екі себебін атады. Оның біріншісі, журналдың оқушылары мен жазушысының жоқтығы, екінші себебі, журналдың қаражатының аздығы. Сондықтан журнал өзіне белсене атсалысатын оқырмандарды көбейту қажеттігін басқы орынға қойды [189, 6-7-бб.].

Журнал күндікте, қараңғылықта болып келген қазақ әйелдеріне нұр болып, сәуле шашу керектігін, отбасынан шыға алмай отырған әйелдердің,

ерік-таңын көкसेп отырған қарындастардың бағыт беріп, жетекші болу қажеттігін басты мақсат етті.

«Әйел теңдігі» шыққанына жыл толмаса да біршама жетістіктерге қол жеткізді. Оны алыс аудандардағы әйелдермен қатар, ауыл әйелдері де оқи бастады. Оқырмандары журналдың тартымды болып шығуына атсалысып, өз пікірлерін хат арқылы білдіріп жатты. Мәселен Жақан Сыздықұлы журналдың көркеюі, маңызды болуы қалам күшіне байланысты деп есептеді [89, 13-14-бб.].

Басылымның бүкіл Қазақстан әйелдеріне таралуына губерниядағы, уездегі әйелдер бөлімі белсенділік көрсетті. Журнал қоғам өміріне белсене араласып, теңдік жолында күресіп жүрген қыз-келіншектер жөнінде қысқаша болса да жариялап отырды. Бұл, бір жағынан, қызметке араласып жүрген қазақ әйелдерінің рухын көтерсе, екіншіден, әлі ескілік шырмауынан шыға алмай отырған қазақ әйел, қыздарына көрсетерлік үлгі болды.

Қазақ қыздарын журналға тілші болуға шақырып, тілші болғанның өзінде журналға не жазылуын білуі абзал екендігін де ескертті. «Тілшілер не жазу керек?» атты мақалада тілшілердің газет пен журнал айырмасын білудің қажеттігін түсіндірді. Оған маңызын жоғалтпайтын мақалалар жариялануы керектігін атайды. Журналдың түпкі мақсаты — қазақ әйелдерінің сана-сезімін ояту, оларға саясат тәрбиесін беру екендігін де естеріне салды [190, 45-б.].

«Әйел теңдігі» журналының «Жалпы бөлімінде» әйел бөлімдерінің алдына қойылған аса маңызды мәселелер мен олардың орындалу барысы, бөлімге жүктелінген міндеттер, қалыңмал, сауатсыздықты жою барысына қатысты жүргізіліп жатқан шаралар, қызыл отау жұмысы және тағы басқа әйелдерге аса қажетті өткір тақырыптар көтерілді. Қазақ әйелдерінің Қазан төңкерісіне дейінгі ауыр жағдайы, мал есебінде сатылып кетуі, ал Кеңес өкіметі орнағаннан кейін бұрындары үйден шықпайтын қазақ әйелдерінің еңбекшілер қатарына қосылуы журналдың басты тақырыбына айналды.

«Әдебиет бөлімінде» әйел тақырыбына арналған әңгімелер мен қазақ қыздарының өлеңдері жарияланып тұрды. Бейімбет Майлиннің өлең, әңгімелері, атап айтқанда, «Әже», «Некеқияр», «Раушан коммунист», Ж.Аймауытовтың «Ақ білек», Қошқе Кеменгеровтың «Назиқа», Шолпан Иманбаеваның теңдік, бостандық жолында жазылған «Жалшы

әйелдер аузынан», «Октябрь мейрамы» сияқты әдеби туындылары басылды.

Шолпанның алғашқы өлеңі негізінде 1923 ж. «Еңбекшіл қазақ» газетіне жарияланса да, «Әйел теңдігі» журналы Шолпан есімін бүкіл қазақ әйелдеріне танытты. Шолпан Иманбаева қайтыс болған кезде журналға ақын қыздың өлімін қайғыра хабарлаған Сәкен Сейфуллиннің азнамасы басылды [191, 29-б.].

Журналдың «Дені саудың — жаны сау» айдарында Нәзипа Құлжанова, Аққағаз Досжанова, Сара Қапакелінінің отбасылық тазалық, бала мен әйел күтімі, жұқпалы аурулармен күресу барысы турасында кеңес берген мақалалары басылып, оқырмандарын салауатты өмір сүруге шақырды. Дегенмен журналға жарияланған мақалаларды оқи отырып, 20-30-жылдары Кеңестік саясатты насихаттаған бірден-бір идеологиялық құрал болғандығын аңғаруға болады. Журналға қандай тақырыпта мақала жарияланса да оның мазмұнында үкімет пен партия саясатын қолдау және насихаттау, партия бағытынан ауытқушыларға қарсы күрес жүргізу сияқты мәселелер қозғалды. Ұрандату, үндеу көтеру басылымда басым болды. Әрине, бұлай жазу арнайы тапсырмамен жүргізіліп, журнал бағыты қатаң бақылауға алынып отырғандығын түсіну зерттеушілер үшін қиын емес. Сондықтан зерттеушілерге онда жарияланған мақалаларға сын көзбен қарап, басқа дереккөздерімен салыстыра талдау жасау дұрыс сияқты. Әйтсе де журнал 20-30-жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістерге қазақ әйелдерінің қатысу барысын айқындауда көп көмек тигізері сөзсіз. Республиканың саяси өміріндегі кеңестер рөлін арттыруда және халық шаруашылығын қалпына келтіру барысында, ауылшаруашылығын ұжымдастыру, жаппай сауатсыздықты жою мен халыққа білім беру ісінің дамуы, әдебиет пен өнер саласындағы әйелдердің орнын айқындауда журналдың маңызы зор.

Журнал 1934 ж. БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің қаулысы бойынша жабылып, оның редакциясы «Ауыл коммунисті» журналымен қосылды. Соңғы 3-санында өзінің жабылатындығын, оқырмандарымен енді «Ауыл коммунисті» журналы арқылы қауышатындығын білдірді. Бұрынғы журнал тілшілерін «Ауыл коммунисті» журналында белсене жұмыс істеуге шақырды [192, 1-б.].

1925 жылдан бастап білім-педагогика журналы ретінде М.Жолдыбаевтың жауапты редакторлығымен «Жаңа мектеп» журналы шыға-

рылды. Өзінің ең алғашқы санында «Жаңа мектепті» шығарудың неге керек болғандығы жөнінде бас мақала жариялап, елдегі сауатсыздық мәселесіне, оқу-білім саласындағы, оқытудағы кемшіліктерге байланысты осы журналды шығармаққа бел бұғандығын айтып, алдағы мақсатын «... қысыр пәлсафа сату емес, қисын жырларын жырлау емес, қазақ мектебіне араласу, қазақ оқытушыларының мектептегі күнбе-күндік жұмысына жәрдемші болу. Оқытушылармен пікір алмастырып, жүкті «әуп-әуп» деп күш қосып, бірге тарту» деп көрсетті [193, 5-6-бб.]. Бұл нөмірдің ғылыми-педагогикалық, жалпы, арнайы, библиографиялық, қазақ тіліне аударма бөлімдері болды. Журналдың келесі санына аймақтану, сын, ресми сияқты бөлімдер қосылған.

«Жаңа мектеп» журналына М.Тұрғанбаев, С.Сәдуақасов, М.Жолдыбаев, Н.Манаев, С.Есова, С.Сейфуллин, М.Асанбаев және т.б. азаматтар қалам тартты. «Ауыл мұғалімі» журналы турасында «Лениншіл жас» газетінде: «Ауыл мұғалімі» журналы ауылдағы мұғалімдерге және басқа оқу-ағарту қызметіне арнап шығарылатындығы, журналдың міндеті оқу қызметкерлеріне, педагогика, методика жөнінен көмектесу екендігі белгілі», — деп келтірілді [194].

Қазақтың тұңғыш күлкі журналы «Шаншар» 1925 жылдың сәуір айынан бастап Семейде шығарыла бастады. Бұл журнал туарсында М.Әуезов: «Қазақтың аз да болса ілгері қарай басып келе жатқан журналы. Білімді елдің үлгісімен қазақ оқушысы аз танысқандай болып, осы күнде баспасөздің неше алуан түрлерін көріп келеді. ... Қазақтың жас оқушысының ой-сезіміне жем боларлық баспасөзге қандай жаңа түр, жаңа үлгі қосылса, барлығы да әлеуеттің саналы тіршілігіне бір бағалы қосымша сияқты, жалпы әлеумет өнерінің бір жаңа табысы сияқты болады. Осы жағынан қарағанда бұрыннан шығып келе жатқан газеттер, журналдардан соң солардың ішінде біралуан жаңа үлгінің түрін көрсететінін күлкі журналдар алдыңғылардың қалпына қосылған бір жаңа кесте, жаңадан салған қошқар мүйіз сияқты», — дей отырып, бұл күлкі журналы ойды жетілту, сезімді ұстарпақ үшін аса қажеттігін атайды. Журнал мекенжайын «Адресім: город Албасты, Сұмырай көшесі, Оспан қажының сиыр қорасына қарсы дом, боқбасар» деп, еш күлкі тудырмайтындығын, керісінше дарақы, оспадарлау, өрескел сөздердің барлығын келтіре отырып, журналдың оқырмандары көп болуы үшін ел үшін көбірек сүзу керектігін ұсынды [15, 10-15-бб.]. Бұл журналдың бір-ақ нөмірі шыққан. Негізінде журнал «Ақ жол» газетінің жанынан басылған.

«Жаршы» журналы 1929 жылдан бастап І.Қайымовтың редакторлығымен ұлттық қоғамдық-саяси журнал ретінде шығарылды. Журнал латын әліпбиіне көшу барысындағы жетістіктерді насихаттауды, сыни, сықақ материалдарды жариялауды мақсат тұтты. 1930 ж. журналдың редакторлығын Б.Майлин атқарса, редакциялық ақсауына Ж.Ағамалыұлы, О.Жандосов, Т.Рысқұлов, Ж.Рахымбаев, О.Әлиев, Н.Төреқұловтар мүше болды. Журналдың кейбір нөмірлерінде Ғ.Мүсірепов, А.Тұрмағамбетов, І.Жансүгіровтер кезектесе редактор болған.

Негізінде 20-жылдарда шыққан мерзімді баспасөз басылымдарын 30-жылдары шыққан баспасөзбен салыстырсақ, уақыт талабына сай газет-журналдардың сапасы мен мазмұнын өзгеріске ұшырап, үкімет пен партияның аса қажетті деген мәселелерінің шешілу барысына ден қойғандығын білеміз.

Қазақ мерзімді басылымдарын пайдалануда зерттеушілер газетке жарияланған материалдарға сүйеніп қана қоймай, олардың нақтылығын дәлелдеуде мұрағат құжаттарымен қатар салыстыра зерттеу орынды болар еді. Өйткені кей жағдайларда мұрағат құжаттарында да, мерзімді басылымдарда да кемшіліктерге орын беріліп, қате мәліметтерге ұрындыруы мүмкін. Міне, сондықтан баспасөзге жарияланған әрбір материалды ғылым елегінен өткізіп, оның дұрыстығы мен бұрыстығына көз жеткізгенде ғана сүйенген абзал. Басылымдардың өздеріне тән ерекшеліктері болғандықтан, зерттелінетін тақырыпқа байланысты деректанулық талдау жүргізу қажет.

Мерзімді басылымның дерек ретінде жеке тұлғаларды, атап айтқанда кеңес, партия қызметкерлерінің, қазақ оқымыстыларының қоғамдық-саяси өмір жолдары мен шығармашылығын зерттеуде аса құнды. Себебі қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтары осы газет-журналдар арқылы қарапайым халыққа өз шығармашылықтарын насихаттай білді. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Т.Шонанов, С.Сейфуллин және тағы басқа қазақ зиялылары елдің саяси, шаруашылық, мәдени өміріне қатысты ғылыми және әдеби еңбектерін осы баспасөзде жариялады. Сондықтан көпшілік қауым оларды мерзімді басылымдар арқылы танып, білді. Қазақ баспасөзін ілгерілетуде қажетті іс-шаралар ұйымдастырып, газет, журналдар данасын өсіруге, республиканың түпкір-түпкіріне таралуына жағдай жасады.

XX ғ. 20-30-жылдардағы қазақ мерзімді басылымдары жоғарыда

айтылған тарихи мәселелерді айқындауда, қазақ тарихының ғылымға белгісіз жақтарын ашуға мүмкіндік беретін бірден-бір дереккөзі екендігінде дау жоқ. Міне, сондықтан ғылыми зерттеулерде дерек ретінде салыстырмалы түрде осы қазақ мерзімді басылымдарын қолданса өте орынды болар еді.

2-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

2.1 Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихының жайы

Қазақ тарихын жазу мәселесі ХХ ғасырдың 20-жылдары бірнеше рет мерзімді басылымдарда ашық түрде жазылған болатын. «Жас қазақ» журналы «Тарихтың табағы көп, беті қалың, қанша жазсаң да таусылатын емес» дей отырып, қазақ жастарын тарихты білуге, өткен тәжірибелермен танысуға шақырды [1, 5-6.].

С.Сәдуақасов «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған «Қазақ... тарихынан!?» атты мақаласында: «Тарих халықтың өткен өмірін көрсетеді. Тарихты оқып, біз баяғыдағы ата-бабамыздың істерімен танысамыз. Тарихты біліп, бұрынғы дәуірге баға береміз, мін айтамыз. Тарих халықтың өмірін жазады. Халықтың өткен өмірі — қазіргі тұрмысқа сабақ, болашаққа әпсана. Өткеннің жақсылығы да, жамандығы да сабақ. Жақсылығын көріп, қазіргіге өнеге қыламыз. Жамандығын біліп, бұдан былай сақ болуға тәжірибе аламыз. Бұл екеуін сақтап отырып, қазіргінің халімен салыстырып, алдағымыздағыны болжаймыз», — деп жазуының өзі, өткен тарихымызға селқос қарамай, шындық көзбен, нақты фактілерге сүйене отырып жазуды талап еткендей. Бұл мақаласында С.Сәдуақасов қазақ жұртының тарихының әлі қолға алынбағандығын айта келе, осы істі көтеруге шақырды [2].

20-30-жылдары қазақтың зиялы қауым өкілдері, атап айтқанда, М.Дулатов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Ж.Аймауытов, М.Әуезов және тағы басқалар мерзімді баспасөз беттеріне нақты құжаттарға сүйенбесе де, бұрынғы жазылған ғылыми еңбектерді қолдана отырып, қазақтың шығу тегінен бастап хандық құрған кезең, қазақ этнографиясы, көне ескерткіштері, әлеуметтік-экономикалық жағдайы жөніндегі қазақ тарихына қатысты ғылыми мақалаларын жариялап отырған. Бұл ретте М.Дулатовтың «Қызыл Қазақстан» журналына шыққан «Қазақ-қырғыз тарихы туралы», «Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы», Ж.Аймауытовтың «Жаңа әдебиет» журналына жарияланған «Әзірет Сұлтан», Елдес Омаровтың «Қазақ календарына» басылған «Қазақ тарихынан» және тағы басқа тарихи мәселелерге арналған ірілі-ұсақты

мақалаларды атауымызға болады. Бұл мақалалар қазіргі кезде дереккөзі ретінде бағалауда аса құнды болып табылады. Жалпы еліміздің тарихына жанашыр азаматтар да қазақ тарихына қатысты білген, естігендерімен газет арқылы көпшілікпен бөлісуге тырысты.

Қазақтардың шығу тегі туралы мәселенің аса маңыздылығын, оны жан-жақты зерттеу қажеттігін мерзімді басылымдарда алғаш көтерген қазақ зиялыларының бірі — Міржақып Дулатов болды. Оның 1923 ж. 5 мамырында «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Қазақ-қырғыз тарихы туралы» мақаласы (өтініш хаты) шежіреге арналды. Автор шежірені атабабадан қалған асыл мұра ретінде бағалап, қазақ тарихы үшін ғылыми маңыздылығын көрсетуге тырысады. Алайда шежіре жазу барысында кейбір қателіктердің кететінін, осының нәтижесінде халық арасында шығу тегінде шатасушылық туындайтынын баса көрсеткен. Ол Шәкірім Құдайбердиевтің 1911 ж. жазылған «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресінде» кеткен қателіктерге тоқталды. Шәкәрімнің Орта жүздегі Арғын - Шақшақтыны Кіші жүздегі Шекті руымен шатастырып алғандығын «Шекті — Кіші жүздің іргелі бір табы, 30 болыстан артық ел. Шәкәрім ақсақал бұл Кіші жүздің Шектісін Арғынның Шақшағына жорып отырған себебі — аты ұқсас болғандығынан» деп мұндай өте ұқсас рулардың Орта жүзде де, Кіші жүзде де көбірек кездесетінін атап өтіп, ғылыми еңбектер жазғанда осындай ұқсастыққа ұрынбау жайын ескертеді. Сондай-ақ ол Кіші жүзде де, Орта жүзде де Қаракесек деген рудың барлығын айтып, осындай аттас рулар шежіре жазушыларды жаңылыстыратындығын, сондықтан шежіре таратқанда абай болу қажеттігіне және оның шынайылығына көз жеткізе барып қолдануды үндеген. М.Дулатов бұл хатты қазақ-қырғыз тілінде шығып тұрған өзге газеттер мен журналдар көшіріп басса деген өтініш білдірген [3]. Хат 1923 ж. 7 маусымында «Тілші» газетіне көшіріліп басылды.

М.Дулатовтың «Қызыл Қазақстан» журналына басылған келесі «Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы» мақаласы қазақ халқының шығу тегіне арналды. Мақаланың басында ол қазақ халқының шығу тегін, «қазақ», «алаш», «үш жүз» деген этнонимдердің қайдан шыққанын айтпас бұрын бұл турада жазылған тарихи кітаптарды оқып, сыннан өткізуді ұсынады. «Тарих кітабы ғылым, білім арқасында ғана дұрыс, я орасан қатесіз шығуы мүмкін. Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы туралы толық мағлұматтар кемдіктен, қазақ, қырғыздың өз арасынан шыққан

зерттеушілер ерте күннен болмағандықтан, соңғы кезде тарихшыларымызды жарыққа шығаруға талаптанған азаматтар әр ағаштың басын бір шалып, құрап-сұрап, өзге жұрттың жазғандарын тексеріп, қараңғыны қармалағандай болып жүр. Сөйткенімен, шын кіріссек, үздіксіз ізденсек, жоқты ойлап шығармағанымен, көмескіні ашуға, барды табуға болар деп сенеміз», — дей отырып, қазақ халқының ататегінің түп-төркінін айқындауда жазылған барлық шежірелерге аса назар аударып, ғылыми түрғыда анықтауды баса көрсетеді.

Шындығында да, М.Дулатов көрсеткендей, «қазақ» атауының шығу тегіне байланысты ұзақ уақыттар бойы зерттеушілер арасында айтыс туғаны белгілі. Міне, осы себептен автор бұл мақаласында кейбір зерттеулер мен жарияланған мақалаларда қателіктер кететінін ескерте отырып, қазақ халқының ататегінің түп-төркінін айқындауда аса сақ болып, жазылған барлық еңбектердің дұрыстығына көз жеткізгеннен кейін ғана қолдануды ұсынады. Қазақ халқының ататегін анықтауда шетел зерттеушілерінің ғылыми зерттеулеріне жүгінуге болатындығын, алайда оларды «қазақ, қырғыз халықтары жайлы жете біледі немесе зерттеді деуге болмайтындығын» ескертеді. Ол XVIII ғасырда қазақ халқының тарихына зерттеу жүргізгендердің ішінде Г.Ф.Миллер, П.С.Паллас, И.Г.Георги, Н.П.Рычков, Ф.Б.Фишер сияқты ғалымдарды атап, олардың кейбіреулерінің еңбектерінде ірі қателіктердің орын алғандығын да айтады. Мәселен, ол XIX ғасырдың басында қазақ-қырғыз жайын зерттеген Г.Ю.Клапрот, К.Риттер сияқты ғалымдардың жазғандарында қателік кеткендігін айғақтаған.

М.Дулатов қазақ тарихын зерттеуде шындыққа А.И.Левшиннің 1832 ж. басылып шыққан «Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих орд и степей» [4] ғылыми зерттеуі жақын екендігін атап өтеді. Автор одан әрі «қырғыз» атауы мен қазақ халқының шығу тегіне тоқталады. Қате зерттеулердің арқасында қазақтарды ұзақ уақыт бойы «қырғыз», ал нақты қырғыздар «қара қырғыз» немесе «тағы қырғыз» атанып, қытайлар оларды «юрвут» деп жүргендігін, қазақтың өзін қырғыз емес, бұрыннан қазақ санап, қырғыз өзін қырғыз деп келгендігін, қазақ пен қырғыздың арғы тегі бір болғанымен, екі атаның баласы, біріне-бірі туыс, жақын түркінің екі руы екендігін растайды.

Орыстардың қазақ сөзін «казак», «кайсак», қытайлардың «хасак» деп бұзғанымен, қазақты Парсы, Бұхар, Хиуа және Азияның

өзге ұлттары бұрыннан жақсы білетіндігін айта келе, түрік шежірешісі Әбілғазы Баһадүрдың жазғандарын мысал ретінде пайдаланады. «Оғыз ханы немерелерінің бірінің аты Қырғыз екен, сондықтан осы күнгі қырғыз елі соның тұқымы дейді. Бірақ қырғыздар арғы замандарда әр жұрттан шапқыншылық, қырғыншылық көп көріп, тұқымы азайып қалған», — деп жазғанын келтіре отырып, «Әбілғазының Оғыз ханын таратуы тарихи дәлелденбесе де, оның жазғандарынан қырғыздардың арыдан Азияны мекен еткен жұрт екендігіне көз жеткізуге болады» деген қорытынды жасайды. Әбілғазының жазғандарымен Шыңғыс хан заманында қырғыздардың күшті жұрт болғандығын айта келе, олардың өмір сүрген территориялары туралы да құнды мәліметтер келтіреді. Қазақтың қырғыз атануының екі себебін атайды. Оның бірі, Сібірді мекендеуші Ермак бастаған казактар мен қазақтарды атауда шатастырмас үшін делінді. Кейбіреулердің «қазақ ноғайдан шыққан» деп атауын екі ұлт арасындағы аса ұқсастықтан деп түсіндіреді.

Қазақтың халық болып қалыптасу тарихына келгенде М.Дулатов Фердаусидың және орыс ориенталисі О.Ю.Сенковскийдің жазғандарына жүгініп, олардың «қазақ» халқының шығу тегіне қатысты айтқан пікірлеріне талдау жасайды. Ол Сенковскийдің «қазақтар өзге жұрттардан бөлініп шығып, өз бетімен кетіп, тұрмыс-салтын ұстанды» және Фердаусидың «қазақ жұртын ескі жұрт деп жазғандығын жоққа шығарған ешкім жоқ» деген пікірін құптайды. Қазақ халқын «беріде ғана құрылған құрама» деген орыс тарихшыларының пікіріне қарсы шықты. «Әрине, қазақ түркінің бір ғана руы, өзге рулармен қатынас тіпті жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ құрама болғанда да негізгі қазақ Х ғасырдың ар жағынан келіп, өзге түркі қауымдары кейіннен бірте-бірте қосылып отырған. Қазақтың осы күнгі кей рулары, мәселен, қаңлы, қыпшақ, найман Айсадан бұрын дәурен сүрген елдер екенін тарихшылардың бәрі де ақиқаттайды», — деп жаза отырып, қазақ тарихын жазған А.П.Чулошниковтың «қазақ құрама» деген пікіріне келіспейді. Ол «қазақ XV ғасырда ғана құралды» деген пікірлерді де құптамайды. Қазақтың Алтын Ордадан бөлініп шығып, қазақ атанғанына толық сенетіндігін білдіре отырып, «Алтын Орда» аталуының да себептеріне тоқталады. «Шыңғыс хан дәуірлеп, ешкімнен беті қайтпай, соғысқан елдердің бәрін жеңіп, қылышынан қан тамып тұрған заманында үлкен баласы Жошыға ол кезде Еділ-Жайық арасын мекен ететін қыпшақ елін берген. Сонан кейін қыпшақ «Жошы

елі, Жошы ұлысы» атанған, «Дешті Қыпшақ» деп те аталатын болған. Жошы өлген соң, Шыңғыс хан Жошы елі — Дешті Қыпшаққа бір баласы Батуды хан қойған. Қыпшаққа жүргізерде Батуға Шыңғыс алтындаған ақ отау көтеріп беріп, билеген елің Дешті Қыпшақ «Алтын Орда» аталсын деген екен. Тарихта Қыпшақ мемлекетінің «Алтын Орда» аталатын себебі сол», — деп жазады.

М.Дулатовтың бұл жазғанының дәлдігін 2007 ж. Тарих және этнология институтынан шыққан «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы» атты ұжымдық еңбекте жазылған «Бұрынғы Жошы ұлысының батыс бөлімі және жаңадан жаулап алған ел-жердің негізінде Жошы ұлысы (Алтын Орда) мемлекеті құрылды. Алтын Орда батыс жорығының тікелей нәтижесі еді. Орданың батысы Днестр, шығысы Ертіске дейінгі алқапты алып жатыр» деген тұжырыммен растауымызға болады [5, 269-б.].

М.Дулатов қазақтың үш жүзге бөліну үрдісін, «Алаш» атауының себебін анықтайды. Қазақ хандығын, мемлекеттігін құрған Жәнібек пен Керей хандар екендігін, Керейден кейін хан болған Ахметтің тұсында хандықтың құрамы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып үшке бөлініп, қалмаққа қарсы соғысқандығын, Ахмет хан қалмақты шаба берген соң оған қалмақтар «Алашы» деп ат қойған деген тұжырым жасаған. Ол «Алашы» сөзінің мағынасы қалмақша «мейірімсіз, қанішер» дегенді білдіретіндігін де атап өтеді. Бұл жерде «Алашы» деген сөздің мәнісін ол Шәкәрім Құдайбердиевтің жазғанына сүйене түсіндірмекке бекінеді. Қалмақтардың Ахмет ханның «Алашы» деп ұрандап шапқандығынан әбден қорқып қалғандығын, сондықтан «Алаш, алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық» деп Шәкәрім айтқан сөзді келтіре отырып, осы сөздің төңірегінде «Қазақ» газетінде болған айтыстартың барысына тоқталады. «Алаш» сөзі төңірегінде «Қыр баласы» (Ә.Бөкейханов), Х.Досмұхамедов өздерінше талдау жасағандығын айта келе, бұл сөздің түптөркіні туралы тарихшылар арасында түрлі пікірлер барлығын да келтіреді. Қорыта келе, М.Дулатов «қазақ халқы Х ғасырдың арғы жағында қалыптасып, өзін-өзі билеген түркі жұртының тармағы» деп түйіндейді [3].

Қазақ зиялыларының бірі Елдес Омаровтың қазақ халқының шығу тегінен бастап, хандық құрып, жеке мемлекет болғанға дейінгі тарихын айқындауда «Қазақ календары» журналына жариялаған «Қазақ тарихынан» деп аталатын көлемді мақаласы тарихшылар үшін аса құнды

дереккөзі бола алады. Бұл мақаласында М.Дулатов сияқты қазақ халқының шығу тегінен бастап, хандық құрып, жеке мемлекет болғанға дейінгі тарихын айқындауға тырысқан. Ол қазақ тарихын жазу барысында қытай жылнамаларына сүйенеді және бұл жазылғандарды өзінше талдауға алады.

Елдес Омаровтың зерттеуінше, қазақ жерінде ғұн тайпалары ежелден өмір сүріп келе жатқан тайпа. Оларды қытайлар «жүн», «тән-жүн», «дон-жүн», арабтар түркілерді көп уақытқа шейін «жажүз-мажүз», Атиллаға ерген түріктерді еуропалықтар «гун» деп атаған. Оның жазуынша, «жүн» (ғұн — С.С.) тайпаларының көп уақыт шабуыл жасағандығынан қорыққан Қытай императоры ұзындығы 3500 шақырымдық тас қорған салдырып, құрылыс жүріп жатқан кезде 500 000 мың әскерді күзетке қойып, оны салуда 4 миллиондай адам күші қолданған. Үш жылдан кейін Қытай қорғанын түріктер бұзып шапқан.

Автор ғұн тайпасының билеушісі туралы да құнды дерек келтіреді. «Ең алғашқы ғұн ханы (патшасын) «Мәті хан» дейді. Мәті хан билеген түріктер қытай тарихшыларының айтуынша, «тұды» (оғыз), «қазақ», «қаңлы», «юеші», «ұсын», «қырғыз», «ұйғыр» деген руларға бөлінген. Мәті хан ғұн патшалығының негізгі заңдарын (патшалық құрлысы, конституция) шығарған. Мәтінің заңдары бойынша, патшалық бөлімге (губерниялық есебінде) бөлінді. Әр бөлімді басқаратын «уаңқы» дейтін әкімдер қойылған», — дей келе, осы әкімдердің қол астында мың ұй бөлініп, оны мыңбасылары, жүз үйді билейтін жүзбасылары болғандығын атап өтеді. Ол бұл мәліметтерді қытай жазбалары мен Әбілғазы ханның шежіресіне сүйене жазады. Ғұн патшалығы Мәтінің баласы Лаушеншуй, немересі Гүншеннің заманында нығайып, түріктердің көптеген руларын өзіне бағындырған. Ғұнға бағынған бірсыпыра рулар оның әскерінің қыспағына шыдай алмай б.з.б. 160 жылдары Алакөл даласына келіп орналасты дейді [6, 80-81-бб.].

Автор ғұндардың екіге бөліну себебіне де тоқталып, олардың дүниеге танылған кезін б.з.б. IV ғасырға жатқызды. Бұл кезде Атилла хан жорыққа аттанып, даңқы бүкіл Еуропаға жайылып, бағынбаған елдерді күшпен жаулап алды дейді. Оның сөзінің растығын ғалым А.Н.Бернштамның ғұндар ұлы даланы бес ғасырға жуық дүбірлетіп өткендігі жөнінде жазған мәліметімен дәлелдеуімізге болады [7, 95-б.]. Елдес Омаровтың ғұндардың қазақ даласын жайлаған сақтардың ұрпағы

екендігін көрсетуінің себебі де осы ғалымдардың еңбектеріне сүйене айтуында болса керек.

Автор мақаласында Қаңлы, Үйсін, Оғыз мемлекеттері туралы да құнды мәліметтер берген. Оғыздардың күнбатыс және күншығыс патшалығы болып екіге бөлініп, қытай патшалығы ұзақ уақыттар бойы оғыздарға алым төлеп, оғыз хандары Рим мемлекетімен қатынасып, бір-біріне елші жіберіп, сауда жүргізіп тұрғандығына тоқтала отырып, оғыз ханы Күлтегін мен оның бас уәзірі Тоныкөк турасында да жазады.

Мақалада XIII ғасыр басында Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алған Моңғол ханы Шыңғыс хан билігі кезіндегі Қазақстанда мекендеген тайпалар жөнінде де аса маңызды деректер бар. Автор Шыңғыс ханның шығу тегін айқындай отырып, оның моңғолдардың Бүршігін руының ханы Сөкей (Есугей — С.С.) батырдың баласы екендігін, 27 жасында, яғни 1189 жылы моңғол-түрік ханы атанып, түркі руларын тегістен бағындырғандығын, 1206 жылы 46 ру өкілдері қатысқан Құрылтайда оған «Шыңғыс» деген ат берілгендігін, бұл «тәңірі» деген сөзді білдіретіндігін атап өтеді.

Ол Шыңғыс хан билеген жылдары Моңғол империясы барша жаулап алған жерлерін балаларына үлестіріп беріп, қазақ даласы баласы Жошының ұрпақтарына қарап, «Дешті Қыпшақ» хандығы атанып, Қазақ хандығы құрылғанға дейін хандар арасында билікке таласқан қырқыстардың болғандығын да келтіреді. Дешті Қыпшақ даласын жайлаған түркі тайпаларының мәдениеті шапқыншылардан жоғары болып, моңғолдардың қатты қырғынына қарамастан далалықтардың этномәдени бірлігін, ата-бабадан келе жатқан қасиеттерді жоғары сақтап, тіл, діл, дінін, салт-дәстүрін берік ұстағандығын жоғары бағалады. Автор түріктердің мал бағуы ата-салтымен келе жатқан негізгі кәсіп екендігін баса көрсетеді. Сондай-ақ олардың тұрақтары, күнделікті тұрмыста қолданатын қажетті құралдары мен заттарына тоқталды. Е.Омаров негізінде мұндай мәліметтерді А.Вамберидің Сібірдің Орыс географиялық қоғамының жазбаларына жарияланған «Түрік-татар халықтарының ең алғашқы мәдениеті» атты мақаласына сүйене келтірген. Сонымен қатар Ахмет Зәкидің түркі жауынгерлері турасында жазған тарихына да жүгінеді [6, 82-85-66.].

Түркілер соғыста рақымсыз болса, тыныш уақытта қонақжай, әдет-ғұрпына бағынып, бір-бірімен тату-тәтті тұрғандығын да атап өтеді.

Жалпы мақалада түріктердің бірнеше ұлыстарға, әр ұлыс бірнеше руға, ру басын «би», ұлыс басын «хан» билеп, дау-жанжал бола қалса, екі ру арасындағы істі би, ал одан қалса хан бітістіретіндігі, ажырамас дос, туыс болу үшін денелерінен қан шығарып, ол қанды сүтке немесе қымызға тамызып ішіп, уәделесетіндігі жөнінде де мәліметтер бар. Сондай-ақ түркілердің түрлі тәңірлерге, атап айтсақ, аяқты мал иесіне немесе от, темір секілді нәрселерге жалбарынып, артық тұтатындығын да көрсетеді. Оның айтуынша, темірді аса бағалағандықтан балаларына «Темір», «Темірбай», «Темірхан» деп ат қойған.

Елдес Омаров қазақ халқының хандық болып қалыптасуына, жалпы «қазақ» сөзінің қай кезде пайда болғандығын тарихшылардың жазбалары арқылы дәлелдеуге тырысты. Қазақ Шыңғыс ханның тұсында бөлініп шыққан деген жорамалдарға орай хандықтың XV ғасырда жеке отау тіккендігін, негізінде қазақ халқының негізін құраған керей, қыпшақ, найман, қаңлы тайпаларының Шыңғыс хан билігінен мың жыл бұрын ел болғандығын растады.

Қазақ хандығының құрылу кезеңін XV ғасырға жатқызған зерттеушілердің еңбектерін жан-жақты зерттеу керектігін ұсынды. Оның ойынша, қазақ халқының түпкі ататегі сонау көне заманнан бері қалыптасқан. Осы ойының дұрыстығын дәлелдеу үшін бірнеше мысалдар келтірді. Ғұн тайпасын қазақтың түбіне жатқызып, құнды деректерге жүгіне, дәлелдейді. Қытай жазбаларында қазақ жерінде «тұды» (оғыз), «қазақ», «қаңлы», «юеші», «ұсын», «қырғыз», «ұйғыр» деген рулардың өмір сүргендігі турасында жазылғандығын да келтіре отырып, бұл мәліметтердің Әбілғазы ханның шежіресінде де барлығын атайды.

XV ғасырға дейін түркі атанған бұл тайпалар турасындағы мәліметтер қытай жазбаларында да көптеп кездесетіндігін «бұл тайпалар Алтай, Саян тауларының арасында Қытайға жақын Шынсы, Ғансу жерлеріне дейін көшіп жүрген» деген деректің барлығын да келтіреді [6, 86-б.].

Түркі халықтарының шыққан тегі туралы М. Тынышбаев «Сана» журналына жариялаған «Түркі-моңғол тарихы» атты мақаласында нақтырақ мәліметтер келтіруге тырысқан. Ол түркі-моңғол тарихын екіге бөліп қарастыруды ұсынды. Оның бірі, ең ескі заманнан бастап, 1456 жылға шейін (өзбек пен қазақ-қырғыз айырылған жыл), екіншісі, қазақ-қырғыз бөлініп шыққан жылдардан кейінгі уақыт. Түркі-моңғол халқы өзін күншығыс түріктері және күнбатыс түріктері деп бөлген.

Күншығыс түріктеріне Сібір, Саян, Алтай тауларындағы көшпелі абақан, шолым, қызыл, сағай, қарқас және тағы басқа христиан дініндегілерді жатқыза, күнбатыс түріктеріне қазақ-қырғыз, өзбек, сарт, тараншы, түрікпен, башқұрт, мешер, Қырым, Кавказ, Оспан (Стамбұл) түріктерін жатқызып, бұл халықтардың қаны бір, діні бір елдер дейді. Алғашқы заманнан түркі халықтарының ең алғаш өсіп-өнген жеріне Алтай тауы мен Ыстықкөлді жатқызып, келе-келе бұлардың халықтары көбейіп, территориясы да ұлғайған деп топшылайды. Сөйтіп, түркі тектес тайпалардан этностардың бөлініп шыққандығын дәлелдемекке тырысты.

М.Тынышбаев ең алғашқы өмір сүрген ғұн, үйсін, сақ, қаңлы, жүжан, қырғыз, сәнбі сияқты тайпалар туралы мағлұматтар берген. Осы мағлұматтарды қытай кітаптары мен Н.А.Аристовтың зерттеулерінен алғандығын, Алтай мен Тянь-Шань аралығында Айсандан 300 жыл бұрын үйсін тайпасы, оңтүстігінде иүз, күнбатысында сақ жұрттарының өмір сүргендігін, үйсін мен иүздың күншығыс жағында Қытайға шейін ұнны (ғұн) деген түрік тайпаларының көшіп-қонғандығын жазады.

Автор еңбегінде қазақ халқының шығу тегіне (генезисіне) де тоқталып, бұрынғы зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасайды. Ол үйсінді Н.А.Аристовтың түріктен шықты, қытай тарихшыларының «сопақ басты, сары түсті, көк көзді, қаба сақалды» деп, олардың түбін «ари» нәсіліне жатқызғандығын негізге ала отырып, XVII ғасырда орыстар Сібірді алғанда аридін тамтұғын әр жерден тапқандығын, осы күнде олардың тұқымы қалмағандығын, тек ескі ари нәсілінен Жапонияда «айнси» деген жұрттың барлығын келтіреді. Сонымен қатар «Орал мен Алтай тауларының екі арасында «дин-лин» деген жұрттың көшіп жүрген» деген мәлімет береді. Түркілерді өңі қараторы, көзі қара, домалақ басты дей отырып, «дин-лин жұртымен көп араласқандықтан өзгеріске ұшырады» деген тұжырым айтады. Алшын және қырғыз жұрттарының да дин-линге жақындығынан түр сипатына өзгешелік кіріп, алшын жұрты тарихта өгіз, тоғыз-өгіз аталып, тек Алтын Орда заманында ғана алшын атымен белгілі болды деп түйіндейді.

М.Тынышбаев бұл еңбегінде Қытайдың «Ган» патшалығының жазбаларына сүйенген. Ол осы жазба бойынша қырғыздарды дин-линмен тығыз араласқан, бойлары ұзын, шаштары сарғыштау, қызыл бетті, көк көзді болып өзгеріске ұшырап, дин-линдер жоғала бастаған кезде жан-жақтағы өзге түріктермен етене араласып, қайтадан түркі сипатын түзеткен дейді.

Автор түркі тайпасының қырғыз, үйсін болып бөлінуінің себептеріне де тоқталады. Қырғыздардың қай кезеңнен бастап Ыстықкөл жағалауында қоныстанғандығын дәлелдемекке тырысады. Сонымен бірге ол қырғыз-қазақ руларының бірсыпырасына тоқталып өтеді. Оның жазуынша, VII ғасырда Шу бойында дулаттың «ассық» деген табыны болған, алайда бұл рулар кейін үйсіндерден қырғыздарға ауып кеткен, Албан-Үйсін арасында «бағас» деген рудың, ал қырғыздарда осы руға ұқсас «бағыш», «шоң бағыш», «сары бағыш» деген рулардың барлығын айта келе, осы «бағыс» пен «бағыш» бір-ақ ру деп тұжырымдайды.

М.Тынышбаевтың үйсін туралы жазғандары да қытай жазбаларынан алынған. Ол үйсіндердің сары сақалды, көк көзді болып, қытайлар бұл тайпаны сұлу жұрт санаған дейді. Ал сақтарды «ари» нәсіліне жатқызды. Айсадан 230 жыл бұрын Ескендір Зұлқарнайын Азияны қаратып, Ходжентке келгенде сақтар Сырдарияның оң жағында көшіп жүрген, оларды Ескендір жеңіп, Сырдан Шыршыққа қарай қуды дейді. Бұдан әрі ғұндар үйсін тайпасына шапқыншылық жасаған, үйсіндер қашып иуыздың жеріне келіп, оларды жеңген. Ал иуыздар Ферғана, Бұқар арқылы Өмударияның арғы жағындағы Балықтың (Балх) маңына келіп, Ескендірден қалған гректермен соғысып, сол жерде «Тоқарстан» деген мемлекет құрған деп пайымдайды.

М.Тынышбаев ерте замандағы үйсін, сақ, ғұн және тағы басқа тайпалардың Қытай, Үндістанмен шекаралас көшіп-қонып, өмір сүргендігін нақты мысалдармен келтірген. Тайпалардың арасында ең күшті болған ғұн тайпасының Оғыз ханнан кейін әлсіреп, 48 жылы екіге бөлініп, оңтүстік және солтүстік атанып, 93 жылы оңтүстік ғұндар Қытайдан жеңіліп, оның қол астына қарағандығын, ал солтүстік ғұндар қаңлының күшығыс және темірқазық жағына ауып 200 жылдай тұрып, тек 330-шы жылы ол жерден Еділ, Жайық жағына қарай ауғандығын, 375 жылы Атилла (Еділ) Еуропаға жорық жасап, оны шауып, біршама жерді өзіне қаратқандығын, бұл тарихта «жұрттардың ұлы аууы» деген атпен қалғандығын айтады. Еділдің Дунайдың басына дейін жерді алып, оның әскерінің көбі сол жерлерге қоныстанып қалған, мажар деген жұрттың ішіндегі «сикл» деген тап осы ғұндардың ұрпағы деген тұжырым жасайды.

Ғұндардың үйсінге шапқыншылық жасап, үйсін ханының баласын асырап алып, кейіннен сол баланы еліне хан қылып қойған деген де де-

рек келтіреді. Ол үйсін хандарын «гунмо» деп атағандығын, олар да 630 мыңдай жан болып, Қытай елшісі Чжан-цяньнның осы үйсіндерге келгендігін, екі ел арасында құдандалық байланыстың орнағандығын да қытай жазбаларына сүйене жазады. Жалпы М. Тынышбаев бұл тайпаның түркі тайпалары ішінде ең мықты тайпа ретінде көрсетуге тырысқан [8, 2-17-бб.].

Мақалада оғыз тайпасы туралы да маңызды мәліметтер бар. Оғыздардың көшіп-қонған жерлері, олардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы, олардың қазіргі Талас өзені бойында мекен еткендігін, екі хандыққа бөлініп, күншығыс жағы Орхон бойында, күнбатысы Суябта болып, 634 жылы Қытай күншығыс жағын шауып, Орхон хандығын біраз уақыт билеп тұрғандығын келтіреді. Негізінде бұл деректер де қытай жылнамаларынан алынған.

М. Тынышбаев оғыздардың да бет-әлбетін сипаттаған. Оның жазуынша, шаштарын ұстарамен алғызып, басшылары шашын ұзын қылып өсіріп, екіге өріп, маңдайларына жібек орамал байлаған. Мақалада Сұлу, Күлтегін, Білге қаған туралы да құнды мәліметтер бар. Ұйғыр, тоғыз-оғыз, қарлұқтар туралы да қызықты мәліметтер бере отырып, тоғыз-оғыз оғыздың екіге бөлінген кезінде пайда болғандығын, олардың қарлұқтардың шығыс жағына өтіп, X ғасырда олардан Суябты тартып алғандығын, тоғыз-оғыздан қорыққан қарлұқтардың бір бөлігі Тарбағатай жаққа, екіншілері Талас жаққа қашқандығын дәлелді түрде сипаттайды. М. Тынышбаев «Орхон жазулары», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» кітабы туралы да жазады. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» еңбегі түркі халықтарының аса қадірлі кітабына айналды. Сонымен қатар, қытай жазбалары ұйғыр кітаптарынан көшірілген», — дей отырып, қытай патшалары кітаптарын жазуға ұйғырлардың хатшыларын шақыртып отырғандығын келтірген.

М. Тынышбаев бижнек, болғар, мажар, башқұрт, қыпшақ жұрттары туралы да мағлұматтар береді. Бұлардың барлығын түркі тұқымына жатқызады. Әсіресе башқұрттардың шығу тегін былайша таратады: бірінші, бажғард — башқард — башқырд — башқұрд, екінші, бажғард — бажғар — мажғар — мажар. Бұл аталған тайпалар Орал тауының екі жағында, Еділ, Кама, Тобыл және Жайық бойларында бажғард деген тайпаның өмір сүргендігін, бажғард пен Башқард және Дунай бойындағы мадиар (венгр) тайпаларын бір туысқан елге жатқызады және оған дәлел

келтіреді. Мажарлардың өнерлері, сөздері қазақ-қырғыздарға ұқсас екендігін айта келе, олардың арасында туыстық қатынастың барлығы сөзсіз деген тұжырым жасайды. Жалпы, М.Тынышбаев ерте замандағы Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалардың барлығы қазақ халқының ата-бабалары, түбі екендігін мысалдармен түсіндіруге тырысады [8, 18-35-66.].

Осы «Сана» журналының №2-3 санында М.Тынышбаевтың «Мырза Едіге батыр» атты көлемді тарихи мақаласы жарияланды. Ол ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едігені салыстыра көрсетпекке тырысты. Мақаланың басында Едіге туралы 9 түрлі ертегінің барлығына тоқталады. Бұған профессор Г.М.Мелиоранскийдің Едіге турасында жазған 8 ертегісін дәлел етеді. Бұл ертегілерді негізінде Г.Спасский, Ш.Уәлиханов, Османов, В.Радлов, Беляев, Ә.Диваевтар жинаған екен. Осы ертегілерде Едіге батыр жөнінде түрлі мағлұматтар келтірілетіні, оның өмір сүрген жерлері Еділ-Жайық маңайы деп, балалары ноғай (маңғыт) арасында қалғандығын аша көрсетеді. Бұл жерде автор В.Радловтың Едігенің тұқымы ноғайдан басталып жан-жаққа тарағандығы жөніндегі тұжырымын Мелоранскийдің қолдап отырғандығын айта келе, бұл екеуінің де тұжырымдарын қатеге санайды. Оның себебін бұлардың жергілікті халықтың жүрісін жетік білмеуі, сондықтан шатасуға баруы мүмкін деп түсіндіреді.

Едіге батыр жөнінде М.Тынышбаев мынадай мәлімет келтіреді: «Едіге батыр, Әмір Темір, Тоқтамыс хан бәрі замандас. Едіге 1419-20 жылы өлді. Онда ел ашылмаған кезі. Алтын Орда осыдан 130-150 жыл кейін бұзылып, Жошы ұлысы жан-жаққа сонда бытырады». Мақаласында ол ертегілерде 4 Едігенің барлығын айтады. Бұл Ә.Диваевтың, Ш.Уәлихановтың екі ертегісі және қарақалпақтардың ертегісі. Әр ертегіде әр түрлі Едігенің айтылатындығын, оның себебі Едіге батырға ұқсас болсын деген ниетпен жаңа туған балаларын Едіге деп атауынан дейді. Бұл ретте мысал келтіре отырып, Н.Гродеков айтқан Едігенің бертіндегі өмір сүргендігін дәлелдейді. Себебі, оның баласы Есберген 1924 жылы 65-66 жастағы Әулиеата қазағы болған дейді.

Автор ертегілердегі Едігенің «ақылы судай тасыған, қара қылды қақ жарған әділ би, көзі жоқ ер, айлакер батыр, Еуропа мен Азияға аты танымал болған» делінуі әртүрлі замандағы Едігелерге арналған деген тұжырымдардың айтылуынан деп түсіндірді. Ертегі кейіпкері болып, ди-

юмен соғысуы, сиқырлы істері халық аңызынан, қиялынан туындаған образ болғандығын дәлелдемекке талпынады. Тарихтағы Едігені талдаған кезде, біріншіден, оның туған жерін айқындауға тырысады. Ол ертегілер мен тарихи деректерді салыстыра отырып, ертегіде келтірілген оның анасы Шашты Әзиз әулиенің Ніл дариясының сағасы Құмкент деген қалада туды деген (Мелоранскийдің жазып алуынша) пікірдің барлығын, алайда Құмкент деген орын Қаратаудың теріскейінде Шымкент уезіндегі Жылыбұлақ селосындағы Қызылкөл маңында барлығын, сондықтан Ніл дариясы дегенді ертегіде беріректе қосылған деп тұжырымдаған.

Бұл еңбекте М.Тынышбаев Едіге батырдың тарихи жерленген жерін анықтамақ болған. Едігенің Әмір Темір заманында өмір сүргендігін нақтылауда Әмір Темір мен Тоқтамыстың арасында болған қырғын соғыс барысына тоқталып, Әмір Темір қолында Едіге батырдың болып, Алтын Орданы алуға қатысқандығын, одан кейін өзі Алтын Орданы 14 жылдай билегендігін, Едіге мен Тоқтамыс арасында таққа талас барысында күшті шайқастардың болғандығын талдай келе, бұны XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың бас кезіне жатқызады.

Жалпы М.Тынышбаев Едіге батырға Тоқтамыстың балалары бірнеше рет шапқыншылық жасап, ақыры Тоқтамыстың Кәдірберді деген екінші баласының қолынан қаза тапты деген және Алтын Орданың жойылып кетуіне ертегіде жер-суға сыйғызбай мақтаған Едіге мен оның үрім-бұтағы Жошы ұлысының тоз-тоз болып құрып кетуі бірден-бір себепші болған деген тұжырым айтады. Бұл жерде М.Тынышбаев ертегі мен тарихи дәлелдерді дұрыс түсініп, екеуін айыра білу қажеттігіне үндейді. Өйткені ертегіде кейіпкердің ауыздан ауызға жеткенде түрленіп кететіндігін және халық өз батырын тек жақсы жағынан ғана көрсетуге әрекеттенетіндігін көрсетеді [9, 38-45-66.].

Қазақ даласында көшіп-қонып жүрген тайпалар мен хандықтары туралы Ә.Әйтиевтің «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған мақаласынан толымды мәлімет ала аламыз. Автор Орта Азияны аралап, зерттеген венгр түріктанушысы, этнограф, саяхатшысы Арминий (Герман) Вамберидің зерттеуіне сүйене отырып, қазақ даласындағы тайпалармен көршілес қызылбас, иунан, моңғол сияқты елдердің үнемі айбар көрсетіп тұрғандығы, қазақтардың ірі бір тайпасының Ыстықкөлге жақын жерде Чигучен деген астанасының болып, көп әскер ұстағандығы жөнінде құнды мәлімет келтіреді. Автордың бұл айтып отырған тайпасы

ұйсін тайпасы екендігінде күмән жоқ. «Ұшы-қиыры жоқ кең далалықта жүз жылдар, мың жылдар бойынша адам баласы руларға, хандықтарға бірігіп, қоныс үшін таласып, қан төгіп келді. Кейде бірі жеңіп, бірі жеңілді. Кейде кең далалық екеуін де өзінің суық бауырына алды. Түрлі халықтардың дәуірін сүріп, үкімет құрып, түрлі халықтар жер жүзінен жоғалып кетті. Бәрін де заман жеңді. Неше мәдениетті тұрмыстар орнап, олар да жоғалып кетті», — дей отырып, қазақ даласындағы халықты Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір және басқа хандар бағынбаған қалаларын қанға бояғандығын, текетірес тартыстың арқасында қазақ халқы қазір отырған жерін отарлаушылардан тартып алып, хандық құрғандығын келтіреді. Бұдан әрі қазақ жері XVIII ғасырда да ірі шапқыншылыққа ұшырағандығын, бұл шапқыншылық Тәуке ханның тұсында уақытша тоқтап, елде бейбітшілік орнап, заң шығып, ел арасындағы дау-жанжалды шешетін билер кеңесінің пайда болғандығын, бұл билер ру арасындағы жер тәртібін орнатқандығын атайды.

Ә.Әйтиев Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығының жағдайын саралайды. Оның тұсында үш жүздің билеушілері «хан» деп аталынған, алайда бұл хандар Тәукенің кәрілігін пайдаланып, оған бағынбай, өздерінше билік жүргізгендігін, сол ретпен Тәуке тұсында қазақ хандығы үш жүзге бөлініп, Ұлы жүзді Жалбыр, Орта жүзді Шөмеке, Кіші жүзді Әбілқайыр басқарған.

Қазақ хандығының жүзге бөлініп, жеке-жеке хандық болып кетуін жоңғар билеушісі Қалдан Цереннің шебер пайдаланып, үлкен күшпен қазақтарға соғыс ашып, бірқатар жерлерін жаулап, 1723 жылы Қазақ хандығының астанасы Түркістан мен Ташкент қалаларын алып, елді мықты шапқыншылыққа ұшыратып, аздырып-тоздырып жіберген. Автор осындай қиын-қыстау кезде үш жүздің хандарының басы қосылып, Кіші жүздің ханы Әбілқайырды қазақ ханы сайлап, қалмаққа қарсы бірлесе күреске шыққандығын келтіреді. «Ұлт үшін, қоныс үшін болған бұл соғыста табын Бөгембай, тама Есет, арғын Жәнібек батырлар өздерінің артында жоғалмастық атақ-белгі қалдырды. Осы батырлардың арқасында қазақ-жоңғар, қалмақтарын жеңіп, қоныстарын қайтарып алып, оның үстіне Ембі мен Жайық арасында көшіп жүрген Еділ қалмақтарын жойып жіберіп, қоныстарын тартып алады. Бұл соңғылардың қонысына Кіші жүз орналасады», — деп жазады, бұдан әрі қазақтардың арасындағы жікке бөліну өзара жанжал барысынан туындады деген тоқтамға келеді [10, 34-35-66.].

20-жылдары тарихнамасында Қазақстанда тараған діндер туралы жөнінде түрлі пікірлер болды. Бұл қандай діндер және қазақ жерінде осы діндер қай кездерден келді деген сұрақ төңірегінде айтыс-тартыстар да туындаған. Осы мәселенің мерзімді басылымда көтерілуі, біріншіден, оқырмандарының тарихқа деген қызығушылығын тудырса, екіншіден, келер ұрпақтың дін мәселесі төңірегінде шатасушылықтарға бой бермеуінен болды. Дін мәселесін көтергенде бірінші орынға ислам дінінің таралу барысы тұрды. «Ислам діні қайдан шыққан» деген сұраққа Жәкен Сәрсембайұлы «Жас қазақ» журналына жариялаған мақаласында нақты жауап беруге тырысты. Автор «ислам дінінен бұрын түркі халқында дін болмаған, түрлі заттарға табынушылықтар болған» деген тұжырым жасай отырып, оны өзінше дәлелдейді. «Олар (халықты айтады — С.С.) үй жоқ, күй жоқ көшпелі тұрмыста жасаған уақыттарында үлкен ру бастығын, олардың жанын құрметтейтін болған, пайда-зиян, жақсылық-жамандықты содан ғана күткен. Ол уақытта халық ішінде батырлық, не болмаса халық көзінде артықша бір ісі көрінген адамдарға «құдайымыз» деп табынушылар да болған», — дей отырып, мұндай құдайлардың өте көп болғандығын атайды.

Орта Азия елдерінің ішінде сауда ісі, өнері дамыған елдің қатарына араб елін жатқыза отырып, олардың осы дәрежеге жетуіне дінінің себепші болғандығын, ең бірінші осы арабтардың ислам дінін болғар түріктері қабылдағандығын, одан кейін Орталық Ресей, Азиядағы сарт елдері арасында жайылғандығын келтіреді. Қазақ жеріне ислам дін есебінде емес, саудагерлердің пайдалы күн көрінісінің тәртібі, олардың дәуіріндегі байлар мен мырзалардың ұстанған жолы ретінде енді деген қорытынды жасай отырып, бұл діннің қазіргі кездегі маңыздылығын талдамаққа тырысады. Жалпы ислам дінінің қазақ халқы үшін ғана емес, түркі елдерінде алатын орны туралы түсіндіруді жөн санайды [11, 32-33-бб.].

20-жылдары газет-журналдардың бетінде Қожа Ахмет Ясауи мешітінің құрлысының күрделі жөндеуден өткізілуі барысы жөнінде хабарламалар жариялана бастаған болатын. Қазақ халқының қасиетті орны саналған осы мешіттің үкімет тарапынан қолға алынуы қазақ зиялыларын қатты қуантқан еді. Қожа Ахмет Ясауидің өмір жолдарын оқырмандарға білдірмек ниетіндегі «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналдарында тарихи еңбектер бұрындары жарық көрген. М.Дулатовтың 1913 ж. «Қазақ» газетінің №16 санында «Хазірет Сұлтан» деген мақаласы жарияланып,

ақын мешіт тарихына тоқталған еді. Одан кейінгі жылдары да Қожа Ахмет Ясауи мешіті туралы мерзімді басылымға бірнеше мақаласы жарияланды. «Еңбекші қазақ» газетіне «Таймінер» деген бүркеншік атпен Қожа Ахмет Ясауи мешітінің салынғанына 530 жыл толуына орай «Әзірет сұлтан мешіті» атты көлемді мақаласын жариялап, газет оқырмандарын қысқаша түрде осы мешіттің тарихымен таныстырмақ болған.

М.Дулатов мақаласында XV ғасырдың аяғына дейін Түркістан қаласының «Ясы» аталып келгендігін, оның бұлай аталуы, XII ғасырда осы кішкентай ғана қышлаққа Қожа Ахмет Ясауи деген әулиенің келуінен деп пайымдады. Қожа Ахметтің 1166 жылы қайтыс болғаннан бері оның зиратын барлық түркі мұсылмандары зиярат ететін орынға айналдырып, халықтың көп келуінен кішкене ғана қышлақта сауда ісі өркендеп, үлкен шаһарға айналғанын келтіреді. Әзірет сұлтанның мешітінің салыну тарихына келгенде М.Дулатов тарихи фактілерге сүйенеді. Ол мешітті 1397 ж. Әмір Темір жарлық беріп салдырып, содан бері мұсылмандардың зиярат ететін бұл жер қасиетті мекенге айналған дейді.

М.Дулатов XVII ғасырдан бастап Түркістан қаласы қазақ хандарының астанасы болғандығын, осы қала үшін бірнеше ғасырлар бойы билеушілер арасында қиян-кескі күрестердің, қырқысулардың жүргендігін айта келе, Шарафатдин Ғалидың «Зафарнама» деген кітабында осы Қожа Ахмет Ясауи мешітінің салыну тарихы жөнінде қызықты мәлімет барлығына тоқталып, мақалада оны да қамтиды. Онда Ақсақ Темірдің Ташкенттен шығып, Сырдарияға қарай өтіп, Ташкенттен 50 шақырымдай жердегі Шиназ деген жерге тоқтап, осы жерде қыстамаққа бекінген, Ясыға келіп, Қожа Ахметке зиярат етіп, оның басына белгі ретінде мешіт салдыруға кірісіп, бір жыл ішінде бітірткені айтылған екен.

Мақалада бұл мешіттің 100 кез шамасындай және 3-4 күмбезі, күмбездерінің сырты глазумен қапталып, әртүрлі дұғалар жазылғандығы, мешіттің күйдірген кірпіштен салынғандығы, мешіттің кіреберіс үлкен бөлмесінде мес қазан қойылып, бұл қазанның алабы бес қанат үйдің шаңырағындай екендігі және қазанның сыртында арабша «Әмір Темірдің жарлығы бойынша бұл қазанды құйған шебер Ғабдолғазиз Саруаретдинұлы, Термезден» деген жазудың барлығы айтылған. Бұдан әрі М.Дулатов осы үлкен бөлменің төңірегіндегі есік Әзірет сұлтан жатқан бөлмеге кіргізетіндігін, есігіндегі шынар ағашы жазумен көмкеріліп, онда «Ғизатдин Тажетдинұлы» деген шебердің аты жазылғандығын келтіреді.

Ол бұл мешітті Ақсақ Темірдің салдырғанына ескі жазулы төрт құран мен қоладан құйылған алты шамдалдың дәлел екендігін алға тартты. Автор бұл шамдалдардың биіктігі бір кезден артық екендігін және ауырлығы 2-3 пұттай екендігін және барлығы жазумен нақышталған дейді.

М.Дулатов мақаласында мешітті салушы шебер туралы да мәлімет бар. Бұл мешітті Әмір Темір 1387 ж. тұтқынға алған шираздық Қожа Хүсейін деген адамға салдырған. Сонымен қатар автор бұл мешітке жерленген қазақ хандары мен батырларды да атайды. «Мұндағы хандар: Орта жүздің ханы Абылай, Ұлы жүздің ханы Жолбарыс, Арғынның атақты Жәнібек батыры да осында. Кенесарының әкесі Қасым да осында қойылған» дейді. Мешіттің жағдайын баяндай отырып, тез арада жөндеу жұмысын жүргізу керектігін көтереді. «Мұны әрине мешітті ғана деп түзеу, тарихи белгі деп аман сақтап қалу керек екендігінде талас болмауға тиіс» деп мақаласын аяқтайды [12].

М.Дулатовтан кейін баспасөз бетінде Қожа Ахмет Ясауи жөнінде көлемді мақала жариялаған қазақ зиялыларының бірі Ж.Аймауытов болды. Ол 1929 ж. «Жаңа әдебиет» журналына басылған «Әзірет Сұлтан» атты көлемді мақаласында Қожа Ахмет Ясауидің неліктен «Әзірет Сұлтан» аталуының мәнісін бірнеше ғылыми зерттеулерге сүйене, айқындауға тырысты. Әмір Темірдің өмірі мен қызметіне арналған ирандық Шарафатдин Ғали Йаздидің «Зафарнамасында» Қожа Ахмет туралы мағлұматтар барлығы жөнінде, бұл кітаптың Түркістан қаласына 35 шақырым «Ясы» деген қалада жазылғандығын келтіре отырып, Қожа Ахметтің «әулие» атануының себебін анықтайды. Оның ойынша, Қожа Ахметтің «әулие» атануы төңіректегі елге би болып, әділдігіне мұсылман түгіл христиан дініндегі адамдар іздеп келіп бітім айтқызғандығынан.

Тарихта қатыгез атанған Ақсақ Темірдің тарихи образын сомдауда Ж.Аймауытов оны жақсы қырларымен танытпаққа тырысады. Оның мәдениет орнатуға қам қылып, араб, парсы, үндістан мемлекеттерінен ғалымдар мен өнерпаздар алдырып, мектеп-медресе салдырып, оларға дәріс оқытқызып, ең бастысы Қожа Ахмет Ясауиға арнап өшпес белгі ретінде мешіт салғызуын үлгілі іске санайды. Мақалада көрсетілгендей, Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауидің мешітін жер жүзінде жоқ, аса керемет қылып салмаққа бекінген. Бұл мешіт үлкендігімен, сұлулығымен, айбындығымен ерекшеленіп, жабайы елдерге мешітті көргенде үрейленетіндей әсер қалдыруы тиіс болған. Мешітті салдыруға Ақсақ

Темір парсы шебері Хүсейін Ширазиды алдырған. Автордың жазуынша, Ақсақ Темір ол мұратына жетпеген. 1397 ж. басталған мешіт құрылысы оның қайтыс болуына байланысты бітпей қалған.

Ж.Аймауытов бұл мешітті аяқтамақ болған Ғабдолла хан турасында да мәліметтер келтіреді. Хан Ақсақ Темірдің жобасын 4 есе кішірейтіп, биіктігін де жеткізе алмаған, күмбезін де бүрістіріп жіберген. Мешіттің сыртына Қоқан хандары биік қорған соғып, мылтық ататын арнайы тесіктер жасатқан. Орыс қол астына қараған заманында қорған ішіне солдаттар жататын казармалары да болған. Мақалада 1870 ж. мешіт құлап, казармаларды басып қалады деген үреймен жергілікті үкімет оны бұзбаққа қаулы шығарғандығын, алайда бұл қаулыны Ташкент генералы бекітпей, содан мешіт аман қалғандығы да айтылды.

Ж.Аймауытов мешітті қарапайым халық екінші «Мекке» атандырып, басына сиынып, мінәжат ететін орынға айналдырған, «Әзірет Сұлтанның» қасына көптеген адамдардың жерленгендігін де баяндайды. Оның пайымдауынша, әулиенің айналасына мешіт қожаларына көп ақша берген бай адамдар жерленген. «Ескі мәдениеттің есіл қымбат жұрнағы бет-аузы айғыздалып, сыр-сырлауы көшіп, бұрыштары жеміріліп, құбыла жағы толықсып, жантайып, мұнараларының қабырғасы шатынап, құлауға таяған екен. Құлауға себеп болған — құлқын құлы, ашкөз қожалар екен. Қазақтың ой мен қырындағы атақты, атақсыз өліктерін Әзірет Сұлтанға сүйреген ғой. Әзіреттің қабіріне жақын көмілуін әркімақ тілеген. Соны біліп, қожалар көп ақша бергендердің өлігін мешіттің астына көме берген. Ол үшін мешіттің іргесін жағалай тесу керек болған: кірпіштерін суырып алып, қуысына өлікті тыға берем деп, осы күнде ірге біткеннен сау-тамтық қалмапты. Жалғыз-ақ Әзірет жатқан мұнаның асты аман, жер астындағы іргесі 5 метрдей екен. Өзге жердің іргесі бір, бір жарым метрдей, оның өзі де шұрық-шұрық», — деп келтіріледі мақалада. Ж.Аймауытов мешіт шөгіп, құлап кету қаупінен де ада еместігін атайды және оған архитекторлардың мешіттің бір метрге төмен шөккен дегенін дәлел етеді.

Мақалада көрсетілгендей, Әзірет мешітінің құдығынан 13 адамның сүйегі шыққан. Алайда ол мешіттің салынғанына 500 жылдан асса да бір кірпіші сынып немесе жарылмаған, бұл кірпіштердің Түркістаннан 30 шақырым жердегі Сауранда күйдіріліп жасалып, осы жерден Түркістандағы мешітке дейін қолдан қолға беріліп отырған. Көбіне

құрылысты салуға Ақсақ Темір қолға түскен мыңдаған тұтқындарды, кедейлерді, құлдарды жеккен.

Ж.Аймауытов мешітті Ленинградтан келген Бочтинский деген архитектор қолға алып, құдық күмбезді, тағы екі күмбезді, сегіз арканы құлатып, жаңадан қалағандығын, сонымен қатар қақ жарылып, жігі ашылып тұрған қабырға, мұнараларға жиі қылып темірден қарғаша салып, екі жұмыр темірді ауыздықша айқастырып, екі ұшын қайқайтып қабырғаға терең қағып жібергендігін де, алда бұл шебердің істер жұмысының көп екендігін де атап өтеді. Сондай-ақ ол Әзірет Сұлтан мешітіне жөндеу жұмыстарының жүргізіліп жатқандығы туралы түрік, парсы журналдарына жарияланғандығын айтып, өз жерімізде мешіт құрылысының не болып жатқандығын білу үшін мерзімді басылымдарға жариялану үшін үкімет рұқсат берсе деген ұсыныс айтады. Қожа Ахмет Ясауидің мешітінің қасиетті орын екендігін атай отырып, осы орынды қожа, молда, имамдардың өз пайдаларына пайдаланып, ақша жинап отырғандығына қынжылады [13, 17-18-бб.].

Мұндай тарихи орынның маңыздылығын халыққа жеткізбек болған Ж.Аймауытовтың мақаласының журналға жариялануы оқушы қауымға үлкен ой тастап, кейіннен мешітті сақтау тағдырына себепші болғандығы айтпаса да түсінікті сияқты. Ол осы мақаласымен бір ғана Қожа Ахмет Ясауи мешітін сақтау ғана емес, қазақ жеріндегі көнеден келе жатқан ата-бабамыздың салып берген ескерткіштерін қорғау қажеттігін жеткізгендей.

Тарихи тұлғалар, оның ішінде батырлар жайлы мәлімет берген мақалалар да газет-журнал беттеріне басылып отырған. Бұл ретте 1925 жылы «Таң» журналына жарияланған М.Әуезовтің «Қобыланды батыр» атты мақаласын атауымызға болады. Мақалада көрсетілгендей, автор Қобыландының ел қиялындағы ұлы батырлығын ел аузынан жинаған әңгіме-жырлар арқылы беруге тырысады. Қобыланды жырындағы батырлар екі жікке бөліп қарастырылған. Біріншісіне елге қорған болған Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Сайын, Шора батырларды жатқызып, бұларды «ұлы батырлар» деп бағалап, олар керемет күш иесінен, әулиелер мен пірлердің тілеуінен туып, соларды қорғаумен тіршілік етсе, ал екінші жікке Алпамыс пен Қобыланды батырларды жатқызып, оларды «кіші батырлар» деп атайды. Қобыланды батырдың тарихи тұлғасын сомдауда оның қай ғасырда өмір сүргендігін анықтауға талпынады. Оның пайым-

дауынша, Алтын Орда хандығы құлаған кезде екі хандық құрылып, оның бірі — Қазан, бірі — Қырым хандығы болған. Қазанның ішіне Тама, Қыпшақ рулары кірген. «Қыпшақтың бірлігінде болғандығының белгісі болып Қара Қыпшақ Қобыланды әңгімесі қалған» дейді. Сонымен қатар батырлар тұлғасын айқындауда қазақтың аңыз, жыр, ертегілеріне де сүйенуге тура келетіндігін де атап өтеді. Бірақ бұл деректерді нақты дерек деп айтуға болмайтындығын ескертеді. Осы мәселе төңірегінде «Таң» журналының кейінгі сандарында ой жүргізбектігін де келтіреді.

М.Әуезов Қобыландының аңыз, әңгіме, ертегіде ғана емес, шын адам болғандығын дәлелдемекке талпынды. Ол бірінші мұрағат құжаттарына сүйене отырып, Қобыландының жатқан жерін анықтамаққа ұмтылды. Орынбор мұрағатындағы Қобыланды батырдың бейіті Елек өзенінің Орынборға қарасты бөлігінің бойында жатқан деген мәліметті келтірсе, екіншіден, шежірелерге сүйене, Әз-Жәнібек, Әбілқайыр замандарында ноғайлы-қазақ бірлігі тұсында, яғни XV ғасырдың ортасында өмір сүрген деген жорамал айтады. Әбілқайыр тұсында Қобыландының арғын Дайырқожамен далада кездесіп, оны өлтіргендігі, ханның Қыпшақтың наразылығынан арғынға беруге қорқып, үш кісінің құнын ал дегені, алайда өз батырлары үшін кек алмақ болғанын сол заманда өмір сүрген Қыдан ақынның өлеңімен келтіреді. Осындай дәлелдермен Қобыланды батырдың тарихи тұлға болғандығын, алайда нақты оның не арғы, не бергі замандікі деп дауласпайтындығын да жазады.

Мақалада автор Қобыландының Қазан қаласымен соғысқанына да тоқталады. Оның жазуынша, әңгімеде екі Қазан, бірі — сырлы Қазан, екіншісі — қара Қазан аталған. Бұл екі Қазанның нақтылығын анықтауда тарихи дәлелдерге жүгінеді. Қазіргі Қазан қаласының XIV-XV ғасырларда екі жерде болған, әуелгі Қазан XIV ғасырдың аяқ кезінде «Ғызан» деген судың құяр жерінде болып, оны Ақсақ Темір ойрандатқан, оның екі баласы Еділді өрлеп жоғарғы Қазан қаласын салған. Бірінші Қазаннан екінші Қазан қаласы 7 шақырым төмен жерде орналасқан.

М.Әуезов Қобыландының осы Қазанды жеңіп, еліне қайтқан кезде Алшағыр деген батыр оның жоқтығын пайдаланып, елін шауып кеткендігін біліп, оған қарсы аттанып, кегін алғандығын да келтіреді. Бұл жерде автор Қобыландыны ел қорғаны, елдің мақтаны, айдыны болған батыр есебінде көрсетеді. Қобыландыны елдің қиялынан туған батыр

болуы мүмкін деген де тұжырым айтады. «Жаугерлік, тыныштығы жоқ заманда, жағалай шабыс құба қалмақ заманы сияқты аума-төкпе заманда, амандықты, тыныштықты тілеген ел батырды қиял қылған. Сондықтан тілеген, қиял қылған батыры — Қобыланды» — дейді. Жалпы, М.Әуезовтің мақаласынан ертегі, аңыз әңгіме, тіпті кейбір тарихи құжаттарға сүйене отырып, Қобыланды батырдың тарихта болған тұлға ма, жоқ әлде қиялдан туған образ ба деген ойдың төңірегінде туындағандығы көрініп тұр [14, 119-126-бб.]. Автордың бұл мақаласынан түркі халықтарының арасында кең тараған ауызша тарих айту дәстүрінің үлгісі болған аңыз әңгіме, тарихи жырлардың тарих ғылымы саласындағы маңыздылығын көрсетпектігін байқаймыз.

Қарап отырсақ, ХХ ғасырдың 20-30-жылдары мерзімді басылымдарға жарияланған қазақ зиялыларының тарихи еңбектері қазіргі таңда тарихнамалық, деректемелік тарихи құжат ретінде маңызға ие екендігіне көз жеткізуге болады. Түркі тайпаларының тарихын, этникалық территориясының қалыптасуы мен қазақ халқының пайда болуы, жалпы Қазақ мемлекетінің ішкі, сыртқы тарихын айқындауда осы мәселелерге байланысты жазылған мақалаларға сүйену аса қажеттік етеді. Сондықтан аталған жылдарда ұлт ұйытқысы болған қазақ зиялыларының қазақ тарихына қосқан үлесін болашақ зерттеушілер бағалайтындығы айқын.

2.2 Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау кезеңінің мерзімді баспасөзде көтерілуі

Қазақ халқы қилы оқиғаларды бастан кешірді. Бұл турада «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Тарихты зерттеу өте керек» деп аталған мақалада: «Бұрынғы жандармалардан қалған материалдарға қарағанда, Қазақстанның тарихтан орын алатын көп оқиғалары бар. ХVІІ ғасырдан бері қарай қазақ үкіметтің көңіліне жақпағандарды айдап жіберетін мекені болған» делініп, осы оқиғаларды зерттеудің кезі келгендігі жөнінде мәселе көтерген болатын [15]. Сөйтіп газет осы мақала арқылы қазақ тарихына көңіл бөліп, еліміздің өткені мен бүгінгі жайлы халқымызды таныстыру, арғы ата-бабаларымыздың өмір сүрген жолдарын насихаттау қажеттігін баса көрсетті.

Қазақ жері үшін қырғын шайқастар болып, қолдан-қолға өтсе де, елі-

жері үшін жауға қарсы халқымыз аянбай күрескен. Сонау кездегі Шыңғыс ханнан бастап, XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ халқының қаны тамбаған жер қалмады деуге де болады. Елдің тағдыры, басқыншыларға қарсы азаттық жолындағы күресі халық арасында қағазға жазылып, нақты зерттеу жүргізілмесе де, ауыздан-ауызға таралып, ақын-жыраулардың өлең-жырларына айналды. XIX ғасырдан бастап қазақ тарихына қызығушылық туындаған кезде баспасөз беттерінде орыс және шетел саяхатшыларының бірлі-жарымды ғылыми мақалалары жарияланды. Қазақ зиялыларының қалыптасуымен халықтың тарихын, әдебиетін, мәдениетін ілгерілету қолға алынды. Ғасыр басындағы қазақ зиялылары мерзімді басылымдар арқылы қазақтың өткен-кеткен тарихы туралы мәселелерді көтеріп, орыстың Географиялық қоғамы арқылы белгілі бір тақырыптарда арнайы зерттеулер жүргізіле бастады.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де қазақ тарихын зерттеу мәселесі жүргізіле берді. Ірі нәтижелі зерттеулер кітап болып басылып, мақалалар ретінде мерзімді басылымдарда жарияланды. Қазақ тарихына қызығушылар қазақ хандары мен патша үкіметі билігі тұсындағы тарихи оқиғалар жөнінде, атап айтсақ, жоңғар шапқыншылығы тұсындағы Қазақстан, Орта Азия халықтарымен байланыс барысы, одан кейінгі XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыс жөнінде танымдық-тарихи еңбектер жазды. Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатының жүргізілуі мен отаршылдыққа қарсы болған ұлт-азаттық көтерілістер барысы мәселесі 20-30-жылдардағы мерзімді басылымдарда жиі басылды. Газет-журналдар Қазақстан тарихына қатысты оқиғаларға зерттеулер жүргізіп, мақалалар жариялаудың аса маңызды екендігін айқын жазды. «Бұларды жию бір кісінің қолынан келмейді. Соның үшін барлық орындардағы партия ұялары өздерінің маңында болған төңкеріс оқиғаларын жинастырып, бұл жұмысқа атсалуды керек. Қолдарына түскен материалдарын аймақтық партия тарихын зерттейтін бөлімге жіберулері керек» делінді «Еңбекші қазақ» газетінде [15].

XV-XVIII ғғ. қазақ хандығы тұсындағы саяси оқиғалар мен әлеуметтік жағдай мәселесіне ғылыми зерттеу жүргізіп, қалам тартқан зиялылардың бірі — Елдес Омаров. Оның ғылыми мақаласының құндылығы сонда, ол билік құрған Жәнібек, Керей, Қасым, Есім, Жәңгір, Тәуке және тағы басқа хандардың тұсындағы қазақтардың жағдайларына жан-жақты болмаса да тоқталуы. Автор мақаласында Қасым хан ел

ішіндегі дау-жанжалды дұрыс жолға қою үшін тарихта «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен қалған заңдарын шығарса, Есім хан қазақтың тұрмысына, салтына лайықтап жаңа заң шығарып, бізге «Есім ханның ескі жолы» деген атпен қалғандығын, Әз Тәуке тұсында бұл заңның жаңарғандығын жаза отырып, бұл заңдардың барлығы бірлікті, елдің тұтастығын көкसेгеннен туындаған деп пайымдаған.

Е.Омаров «Ақтабан шұбырынды» атанған кезеңдегі, Ресей отаршылдығы тұсындағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің шығуының себептерін де ашады. Мысалға алсақ, «Салқам Жәңгір» атанған Жәңгір ханның тұсында қазақ даласында дамылсыз жоңғармен соғысып, мойымағандығын келтіре отырып: «Бұл кезде қазақтың көрсеткен қайраты, жүрегі адам айтарлық емес. Өзін әлденеше рет талқан қылып шауып кеткен жаудың басым екенін біле, көре соған қайта ұмтылып жағаласқаны — қазақтың тіпті мойнымай, ештемеден жүрегі қайтпағаны ғой, қалмақтан талай қырылып, таяқ жегеннен кейін, 1643 ж. Жәңгірге ерген 600 кісілік әскер Хонтайшы батырдың 50 мың адамына қарсы тұрып, кейіннен келетін 20 мың кісілік әскері үлгергенше жоңғарды ілгері жібермей соғысып, 10 мыңдай адамын қырған, мұнан кейін қазақтың кейінгі 20 мыңы үлгеріп, Хонтайшы батыр кейін қашқан», — дейді.

«Ақтабан шұбырынды» қырғыны кезіндегі үш жүз қазақтарының бірлесе күресіп, жоңғарлардың бетін қайтаруда Әбілқайыр ханның орыстарға жүгінуін дұрыстыққа жатқызбайды. Бірақ қазақ халқының орыс саясатына бағынуының бір себебі Жоңғар мен Қытайдан жанжақты қысым көруінен Әбілқайыр осындай шешім қабылдауға мәжбүр болған деп тұжырымдайды. Орыс отаршылдығының өзіндік ерекшелігін де атайды. Олардың көздегені қазақ капиталы екендігін, міне, сондықтан қазақтың Сырым, Есет, Кенесары, Наурызбай сияқты батырларының орыс саясатына көнбей, оларға қарсы көтерілгендігін де дәлелді фактілермен баяндауға тырысады.

Сырдағы Досбол бидің күллі қазақтың тоз-тоз болуынан шошынып, Арқадағы қазақ хандарына, билеріне хат жазып, кеңесуге шақыруының себебін мақалада «Қазақ өз алдына ел бола алмағанымен, әр патшалыққа тозып кетпей, қайда болса да бір жерде болуы еді» дей келе, алайда оның бұл ойы аяқсыз қалып, Сыр елінің бүтіндей орысқа қарауы бірліктің, берекенің болмауынан деген пайымда болды [6, 91-б.].

Қазақ жері Ресейлік патша үкіметінің отарына айналып, бекіністер, қамалдар салғаннан кейін саяси сенімсіздер мен сотталғандар қазақ даласына жер аударылды. Тіпті сол жер аударылғандардың көпшілігі осы мекеңде тұрақтап қалды. «Еңбекші қазаққа» жарияланған мақалада 1797 ж. II Екатерина патша тұсында қазақ даласына оның көңіліне жақпағандар жер аударылғандығы жөнінде нақты мысалдар келтіріледі. Патшайым Иван Шумин деген солдатты осындай себеппен қазақ арасына айдатып жіберген.

Жоңғар шапқыншылығы тұсында қазақ халқы бастапқы кезде Орал бойына, оңтүстікке қарай шұбырды. Ресейде болған нендей төңкеріс, қозғалыстар болса да қазаққа әсерін тигізбей қойған жоқ. Е.Пугачев соғысына қазақ азаматтары қатынасты. Қалибек Мұсаұлы дегенді «патшаға қарсылық қылдың» деп Оқабек Тергейтисин сотқа тартқан [15].

Патша үкіметі отарлау саясатын XVIII ғасырдан бастап пәрменді түрде жүргізе бастағандығын 1923 ж. «Қызыл Қазақстан» журналының бірнеше нөмірлеріне жариялаған «Қазақ жер мәселесінің тарихынан» атты ғылыми зерттеуінде Телжан Шонанов айқындап берді. Бұл еңбек кейінірек оқу құралы ретінде 1926 ж. Ташкентте басылып шықты. Аталған еңбегінде Т.Шонанов қазақтың 1732 жылдан бастап орысқа бағына бастағандығын, сол жылдардан бастап патша үкіметі қазақ жеріне қол салғандығын айта келе, қазақ жерін отарға айналдырудың мынадай екі дәуірін атайды: 1. Орысқа бағынғаннан бастап XIX ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскерлік кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі. 2. 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бері қарай Николай құлағанға шейін қарашекпенділер үшін жер алу дәуірі.

Т.Шонанов қазақ халқының орыстың қол астына кіруінің себептерін де ажыратып берді. Оның бірінші себебі, жоңғар шапқыншылығы, екіншісі, іргесінде жатқан Қытайдың қазақ жерін қыспаққа алмақ болуы. Әбілқайыр ханның көмек сұрауын Ресей патшайымының қуана қабылдап, барлық көмегі қол астына алу туралы екендігі, яғни отарлаудың сәтті тұсын сезгендігінен екендігін автор айқын ашты. Бұл жерде Т.Шонанов Г.Н.Потаниннің «Сібір — Ресейге сыйлық болды» деген сөзін келтіре отырып, қазақ жері Ресей үшін колония болғандығын, бұдан былайғы тарих «колония тарихы» екендігін жасырмайды. «Колония тарихы

— бірте-бірте қазақ жерін сырттан келіп иемденудің тарихы, талаудың тарихы. Адам баласының тарихын, тұрмыс салтын өзара қатынастарына бағытқа салып мұрындықтап, жетелеп жүргізіп отырылатын мықты күш — кәсіптің, өндірістің әдістері. Үкімет саясатында әсер беруші, міне, осы күш. Колония саясатында бағыт беруші сол. Бұл — даусыз шын» деп жазуы, орыс үкіметінің саясатының астарында бүркемеленіп жатқан жайттардың сырын айқындау қажеттігін көрсетеді [16, 47-б.].

Автор Ресей үкіметінің атты казактарға қазақ жерін тартып алып беру себептерін де талдайды. Орыстар қазақ жерін отарлап алмай тұрып қазақ жеріне сауда жасаумен келгендігін, бұл жердің тұнып тұрған байлық көзі екендігіне, колония болуға әбден лайықтылығына көздерін жеткізіп барып, бірнеше экспедицияларын жібергендігін, қазақ жерінің Азияға барар бірден-бір жол екендігін түсініп барып сақтықпен отарлай бастағандығын, I Петрдің қазақ жерін сорып барып, сол арқылы Үндістанды отарлауды мақсат тұтатындығын ашып көрсетті. Петрдің қазақ жерін «Азия елдеріне апарар кілт пен қақпа» ретінде бағалауының мәнісі осында жатыр. Орыс патшаларының қазақ жеріне нық түрде енуіне себеп болғандығын жоғарыда айтқандай қалмақтармен соғысы екендігін, қазақ жерін казактарға алып берумен, бекіністер салумен алуға болатындығын түсінгендігінен қазақтың ең құнарлы Ертіс, Еділ, Жайық сияқты өзен бойларындағы қазақтарды ығыстыра отырып, шұрайлы жерлерді казактарға алып беруі отаршылдықтың нақты әрекеті екендігін айқындайды.

Т.Шонанов қазақ жерін отарлаудағы патша саясатын түрлі құжаттарға, ғылыми еңбектерге сүйене дәлелдеген. Атап айтқанда, А.И.Левшиннің, Ә.Бөкейхановтың еңбектерінде келтірілген маңызды фактілерді қолданады. Ресейдегі саяси оқиғалар қазақ жерін қылмыстылар мекеніне айналдырғандығын, біріншіден, қазақ жеріне өлім жазасына кесілген немесе саяси қылмысты болғандарды жер аударуын, екіншіден, салық төлемей, шаруашылық күші үзіліп, Ресейге пайда келтіруден қалған мұжықтарды көшіруін, үшіншіден, бұрыннан басы бос, жауынгер атты казактарды орналастыруын қазақ даласын бірте-бірте отарлаудың әрекетіне жатқызды.

Т.Шонанов Неплюевтің кезінде салынған қалаларды (бекіністерді) атайды. Сол қалалар қандай жерлердің қазақтардан алынып бөлініп бергендігін нақты көрсетеді. Неплюевтің бұйрығымен Ақ теңізден Орын-

борға шейін, Жайықты жоғарлата 4 қамал, 19 форпост салынғандығын, Жайықтың төменгі шебінің (Нижнеййцкая линия) ұзындығы 744 шақырым екендігін, Черноречинск, Татищев, Нижнеозерный және Рамсашит сияқты қамалдарының салынғандығын, Орынбордан Талқалаға дейін Жайықтың жоғарғы шебінің (Верхнеййцкая линия) ұзындығы 561 ½ шақырымға созылып, 9 қамал мен 16 редут салынғандығын, Талқаладан Бағыланға дейін Ой шебінің (Уйская линия) тартылып, бұл жерлерге 9 қамал мен 9 редут салынғандығын келтіреді. Сондай-ақ автор Ресейдің өз шекарасын одан әрі кеңейтуде Омбыға дейін ұзындығы 621 шақырым жер Пресногорьковск деп атап, 1745 жылғы Сенаттың жарлығы бойынша бұл жерлерге шеп тартылып және 11 қамал мен 31 редут салынғандығын, сол қамалдардың ішіндегі ірісі 1755 жылы салынған Қызылжар қаласы екендігін, онан әрі Ертісті өрлей Өскеменге шейін ұзындығы 910 шақырым жерге Ертіс шебін тартып, оны Алтай тауларына дейін алып барғандығын жазған [12, 50-55-66.].

Патша үкіметі Түркістанға аяқ басқанда Орынбор жағынан Жем, Елек, Сырдарияны қуалай бірте-бірте қамал тұрғызып, Сырдария шебін таратып, Сібір жағынан Көкпекті, Аягөз, Қапал арқылы шеп тартып, ол жерлерге Ресейден келген келімсектерді орналастырды. Автор ХІХ ғ. 20 ж. Көкшетау, Қарқаралы, 1830 ж. Ақмола, 1846 ж. Атбасар қорғандарын салып, оның айналасындағы жерлерді кесіп алып, сол жерлерге орыс-казактарды орналастырып, оларға ең шұрайлы деген жерлерді бөліп, 1755 ж. Орал атты казактары штатын құрып бергендігін келтіреді.

Қазақ жерлерінің отарлануы және атты казактардың халыққа шексіз қысым көрсетуі ұлт-азаттық көтеріліске алып келгендігін келтіре, ол елде жанданған ұлт-азаттық көтерілістерге өзіндік баға беруге тырысты. 1838 жылдан басталып, ұдайы 8 жылға созылған Кенесары көтерілісінің себебін жер үшін деп тұжырымдайды. Есет Көтібарұлының Арыстанды өлтіруінің себебі де осы қоныс таласы, Жем мен Елек арасындағы жер үшін екендігін дәлелдейді. Бұл жерде автор Жантөренің Арыстаны Есетті орысқа жамандап, Жем мен Електің арасынан Борсыққа қарай, Шенгелге қарай асырғанын, Есет Шектінің Қабақ деген аталығы, Көтібардың баласы, оның ұрпақтарының Ырғыз уезі Шалқар ауданына қарасты Орда қонған болысында екендігі турасында мәліметтер келтіреді. Сондай-ақ Әбубәкір Диваевтың жинаған Бекет жырындағы Аненко-

Бернардтың өлеңімен жазған орысша «Бекет» драмасындағы Арыстанды Бекет өлтірді деген сөздердің қателігін, негізінде Жантөрені өлтірген Қаратай, Арыстанды өлтірген Есет екендігін, бұл оқиғалардың Ырғыз бен Торғай қалалары салынар кезде болғандығын дәлелдей жазады.

Т.Шонанов Жанқожа батырдың көтеріліске шығуының себебін «Орыстарға Қазалыны салдырмаймын, Түркістаннан орысқа жер бермеймін» деуінен деп көрсетеді. Орыс үкіметінің қазақ жерін отарлауы, біріншіден, қазақтарды сулы мекендерінен (Еділ, Жайық, Ертіс) айырғандығын, екіншіден, мал шаруасына үлкен зиян тигізгендігін келтіреді. Ертіс бойын отарлауда қазақты зорлықпен сол жерден кетіре алмастығына көзі жеткеннен кейін еппен айла қолдана отырып, оларды отырықшылыққа көшіру арқылы, көп малынан айыру және қазақтың Абылай, Уәли, Нұралы және тағы басқа хандарына сыйға жер беріп, үй салып беру, ақша беру арқылы сенімдеріне кіріп алып, олардың ықтиярымен қалаған жерлерді ала беруге көшкендігін ашына жазады. Ол ХХ ғасырдың басына дейін қазақтың барлық жері патша үкіметінің меншігіне айналып, жерді қайтару әрекетінің Думада қолдау таппағандығына күйінді [17, 56-64-бб.].

Ертіс бойындағы 10 шақырымдық жер үшін болған талас сияқты Жайық бойындағы жерлер үшін де күшті шайқас болған. Т.Шонановтың жазуынша, Жайық үшін үлкен талас-тартыстың болып, қазақтың заңды түрде ие болуға талпынғандығынан еш нәтиже шықпаған, ХІХ ғ. 50 ж. атты казак пен қазақтың арасында жер жанжалы күшейіп, оның ақыры Есет, Жанқожа, Сүйінқара бастаған көтеріліске алып келген.

Ол Кіші жүздегі мықты көтеріліске 1869-72 жж. болған көтерілісті жатқызады. Жайық өзенінің жағалауы туралы 1871 ж. 29 наурызында патша кеңесі жарлық шығарып, бұл жарлық бойынша Жайыққа Ұлы Елек өзені келіп құйған сағасынан бастап, Жайықтың Ақ теңіздің құйылысына дейін казак-орысқа тиісті деп бөлініп, олардың мезгілсіз пайдалануға берілгендігін патша үкіметінің қазақ жеріне деген қожалығының әбден орнағандығының белгісі ретінде көрсетті. Бұл жерде автор Бөкей жерінің де қазақтан кетіп, патша меншігіне өтуінің себебін нақтылап, патша үкіметінің әккі саясатын саралайды. Қарапайым қазақты 15 десятинамен отырықшылыққа көшірумен алдаусыратып, құнарлы жерлердің сыйға тартылуы немесе жалға берілуі көшпелі қазақтың қолын байлап, еріксіз құмды, шөлді жерге көшуге мәжбүр еткендігіне ашына,

бұл саясаттың сәтті жүзеге асырылуы қазақтың сенгіштігінен екендігін де жасырмайды [18, 39-59-бб.].

«Қызыл Қазақстанның» 22-санында Т.Шонанов қарашекпенділердің қазақ даласына ағылуын, оларды орналастырудағы қазақты жерлерінен ығыстырып, жерін алып, пайдалану ретін, отаршылардың қазақ жерін қалай және қанша талағандығын нақты мәліметтер келтіре баяндайды. Думадағы қазақ жер мәселесі барысында туындаған айтыс-тартыс барысына да тоқталып өтеді [19, 66-74-бб.].

Қазақ елінің Қазан революциясына дейінгі әлеуметтік тұрмысын зерттеуде Т.Рысқұловтың «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған көлемді мақаласын келтіруге болады. Автор мақаласында орыстың қол астына кіргенге дейінгі жылдарда (1730 ж.) қазақ халқы ақсақалдар бастаған рушылық дәуірде өмір сүріп, ру-ру болып мал бағып, көшіп-қонып, жау жауласа ру болып жаулап, ру болып кек алып, ру болып ас беріп, той қылғандығын, Ұлы, Орта, Кіші жүздерге бөліну сол кездерден бастап айқындала бастағандығын айта келе, руды ақсақалдар, билер, батырлар билеп, біршама уақыт өткеннен кейін мүлік теңсіздігінен бай, жарлы болып, ру басындағылар қолдарына түскен олжаны, малды өз жақындарына, туыстарына бөліп бергендігін, бұдан қазақ «ақсүйек», «қара бұқараға» бөлініп, ақсүйектерден хандар, сұлтан, қожалар пайда болу кезеңдерін айқындап береді.

«Қазақ хандары көбінесе өздерін «Шыңғыстың тұқымы» деп, қожалар өздерін «Мұхаммед пайғамдардың тұқымымыз» деп жүрген. Елді тек хан тұқымдары ғана билеуге ерікті болған. Хандардың, сұлтандардың құлдары (қолға түскен жау адамдары), төлеңгіттері (кедейлерден жиылған жасақ) болыпты. Бірақ халық ұйғарса, хан түйесін сойып, хан рудың дегенінен, ұйғарған ережесінен шығып кете алмаған. Басталып келе жатқан бектің дәуірі қазақтың көшпелі күйінде ұлғая алмай, сол бастама күйінде қала берген», — дей келе, мұнан кейін 100 жыл бойына қазақтар орысқа бірте-бірте бағына бастағандығын, осы кезден ру-рудың арасында талас-тартыс күшейіп, елдің берекесі кеткен заманға айналғандығын, 1882-91 жж. аралығында бүкіл қазақ даласын, Түркістандағы барлық қазақ даласын бағындырып алғаннан кейін орыс үкіметі теміржол салып, қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандырып, орыстандыру саясатына бел буа кіріскендігін келтіреді.

Т.Рысқұлов 1822 ж. Сперанский шығарған «Сібір қазақтары тура-

лы жарғы», 1892 ж. «Дала ережесі мен Түркістан өлкесін билеу ережесінен» кейінгі қазақ жеріндегі өзгерістерді де талдап көрсетеді. Қазақ жерін отарлау саясатының күшейген жылдарын ХХ ғасырдың басына жатқыза отырып, бұл кезеңде қазақтардың мал шаруашылығынан басқа таза егіншілікпен де айналыса бастағандығын пайызға бөле көрсетеді. 1900-14 жж. аралығындағы мал мен егін шаруасындағы орта шаруа, кедей, байлардың есебін береді. Ол «патша үкіметінің билеу тәртібі қазақтың қалың бұқарасын, тұрғын елді үкіметтің әкімдеріне, байларға жем қылып берді» деген тұжырым жасайды.

Т.Рысқұлов патша саясатына қарсы шыққан қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістеріне де өзіндік баға берді. 1838-47 жж. аралығында болған Кенесары көтерілісін «қазақ халқының орыстың қол астынан құтылу мақсатымен болған көтерілістердің ең соңғысы, бұдан кейін аса ірі көтерілістер болмады» деген қорытындыға келеді. Автор Кенесары көтерілісінің басты себебі — орыс үкіметінің қысымшылығы, тәуір жерлерді тартып алуы дей отырып, бұл көтерілістің жеңілуінің де негізін көрсетеді [20].

Ресей патшасы Ұлы Петр Үндістан мен Үндіқытайға баруда қазақ жерінің ыңғайлы бірден-бір жол екендігін біліп, бұл жерлерді өзіне қаратып алуға аса сақтықпен қимылдағандығын Ә.Әйтиев «Қызыл Қазақстан» журналына жариялаған мақаласында айқындап берді. Қазақ жерін отарлау саясатын патша үкіметі Әбілқайыр кезінде пәрменді жүргізуге тырысып, Әбілқайыр да Ресейге арқа сүйей отырып үш жүздің ханы болып қалуды көздегендігін, орысқа бағынғысы келмеген қазақтың атқамінерлері мен бас адамдарын Сыртқы істер коллегиясының тілмашы мырза Тевкелев арқылы пара, сыйлық беру арқылы көндіргендігін айта келе, осындай әдіспен қазақ жүздерін бір уысқа ұстауға тырысты деген пікір айтады. Ол сонда да қазақтың кейбір рулары орысқа бағынудан бас тартып, жауласқандығын, жалпы қазақ жерін отарлау дәуірі 134 жылға созылды деп тұжырымдаған.

Әбілқайыр хан орыстың ұстанып отырған саясатын кейінірек түсініп, Ресей бодандығынан шығуға ниет етсе де, балаларын аманат етіп беріп қойғандықтан оларға мойынсұнуға мәжбүр болды дейді. Бұл ісі үшін халыққа жеккөрінішті болып, ақыры 1748 ж. батыр Барақтың қолынан қаза тапты деп жазады. Жалпы Әбілқайырдың ұрпақтарының да халық қолынан қаза тапқандығы жөнінде мысал келтіреді. Оның көрсетуінше,

1797 жылы Сырым Датұлының қолынан Есім хан өлсе, 1809 ж. Жантөре ханды өзінің туысы Қаратай, Арыстан Болатты Бекет батыр өлтірген.

Ә.Әйтиев осындай жағдайлардан кейін халық Әбілқайырды хандықтан шеттетіп, оның орнына Қайып ханның баласы Әбілғазыны қоюға әрекет еткеннен кейін, орыс үкіметіне қарсы Исатай мен Махамбет, Жоламан сияқты азаматтардың елдің басын біріктіріп, бас көтерді дейді. Осы жерде автор Кіші жүздегі басқару жүйесіндегі өзгерістер мен сайлау барысына тоқталған. Орыс патшалығымен ауыз жаласқан Есім ханның тұқымдары халықтың кек алуынан қорқып Жайық арқылы Нарынға көшіп кеткенін, 1803 жылы Бөкей Ордасына Есімнің ұлы Бөкейдің хандық құрған кезіндегі жағдайларға тоқталып, Бөкей ұрпағы Жәңгірдің тұсында қара халықты бастаған Исатай мен Махамбет көтерілісінің өршігендігін көрсетеді.

Автор Орта жүздегі саяси жағдайларды сипаттап өттеді. Ол Абылай ханды ешкімге бағынбай, біресе орыс үкіметімен, біресе жоңғарлармен, біресе Қытаймен одақтасып, өзіне қарсы шыққан Қалдан Церенді Қытаймен біріге жоқ қылғандығын баяндай келе, осы кезден бастап Ұлы жүз Қытай императорының қолына қарап, тек ХІХ ғ. басында Қытай әлсіреген кезде ғана орыстың қол астына кіргендігін келтіреді.

Ә.Әйтиев бұл мақаласында ХІХ ғасырда орыс үкіметі саясатына қарсы шыққан Кенесары, Жоламан батырлар туралы да қызықты мәліметтер берген. Кенесары көтерілісінің 7 жылға созылғандығын айта отырып, оның негізгі себебін нақтылайды. Оның ойынша, көтерілістің шығуына орыстардың қазақ жеріне ішкерілей еніп, бекіністер салуы болды. Автор көрсеткендей, орыс үкіметі Ойылда, Темірде, Ақмешітте, Қарабұтақта, Ырғызда, Торғайда және тағы басқа жерлерде әскери қамал-қорған салған. Ал Кенесары бастаған көтерілістің жеңілуінің себебін, орыс үкіметінің жалдап қойған қырғыздардың қолынан қаза табуы деп көрсетеді. Ол Кенесары мен Наурызбайды әлі күнге дейін халық аузынан тастамай, оларға өлең, жыр арнап, «бостандық үшін күрескен батыр» ретінде жоғары бағалайтындығын атап өтеді.

Жоламан батырды орыс үкіметіне қарсы шыққан күрескер батыр есебінде көрсете келе, ол бастаған көтеріліс (1869 ж.) патша үкіметі тарапынан аяусыздықпен басылып, оның айдалуының себебін ауызбіршіліктің болмауынан деп түйіндеген. «Мұндай үлкен қайғылы уақиғалардан соң қазақ даласын қара түн қайғы басты. Келешекте де жақсылық болмай-

тыны сезілетін еді. Олар болса әзір түр екен, кешікпей үкіметтің уақытша заңы шықты», — деп осы кезде қазақ даласы үшін қабылданған заңдардың мәнісін талдап береді. Бұл заңдардың қазақтың қолын байлап, алға жылжуына кедергі жасап, ата заманнан келе жатқан қазақ жерін патша меншігіне айналдырып, келімсектердің ағылуына жол ашқандығын көрсетеді. Ол меншіктеудің ерікті және еріксіз болғандығын, елдің билеушілері халықты өзіне-өзін айдап салып, нәтижесінде ұрлық-қарлық, өтірік-жала, талас-тартыстың күшейгендігін, бұл жәйттер ел әкімдеріне тиімді болғандығын айқындап көрсетеді. Міне, осындай келеңсіз жағдайлардың қазақтың алға емес, артқа кетуіне бірден-бір себепті деген тоқтам айтады [21, 36-41-66.].

Жерді отарландыру ел ішінде көтерілістердің туындауына алып келгендігі тарихтан белгілі. Отарлық саясатқа, патша әкімдері мен жергілікті бай-болыстарға қарсы болған көтерілістердің бірі — Исатай мен Махамбет көтерілісі. Бұл көтеріліс барысы мен оның басшылары жөнінде «Жаңа мектеп» журналына жарияланған А.Мамытұлының мақаласында қызықты мәліметтер келтірілді. Мақалада көрсетілгендей, ел аузында айтылып жүрген сөздерге қарағанда, Исатай батыр Тайман баласы ер көрінеді, от ауызды, орақ тісті адам болған. Анау-мынау адамға ашылмайтын хан Жәңгірдің есігі Исатайға қашан келсе де ашық болған. Ханның үйіне кіргенде отырған билерді баса, жанша сөйлей кіріп, олардың меселін қайтарып тастап отырған.

Мақалада Исатайдың «Хан ұлына қаспын, қара ұлына баспын» деп ұран салып Жәңгір ханды шабамын дегені қара халықты жұмыла оның артына еруге алып келіп, Орданың күншығыс жағындағы 150-160 шақырымдай жерде қол жиналып, бұл ең ірі көтеріліске айналды деп келтірілді. Махамбеттің өлімі жайында да нақты мәліметтер береді [21, 48, 50, 57-66.].

Қазақ әдебиетін зерттеушілердің бірі Қажым Жұмалиев та «Қазақ әдебиеті» газетіне Исатай мен Махамбет көтерілісі мен Махамбеттің поэзиясына қатысты көлемді, тарихи маңызы зор мақаласын жариялап, бұл көтерілісті ХІХ ғасырдағы көтерілістердің ішіндегі ең күшті де, ең маңызды санатына қосты. Ол мақаласын Махамбеттің шығармашылығын, сол кездерде «ұлтшыл, алашордашыл» аталған қалам қайраткерлері М.Жолдыбаев пен М.Әуезовтің 1933 ж. жарық көрген әдеби оқулықтағы Исатай мен Махамбеттің көтерілісіне қатысты

еңбектерін сынаудан бастады. Молдағали мен Мұхтардың «Бұл Исатай, Махамбет көтерілісі ханға (Жәңгірге) қарсы және соның артында тұрған патшаға қарсы жасаған би-батырлардың ереуілі болды. Бұлардікі де сол жылдары шыққан Кенесары қозғалысы сияқты өз артынан халықты ертті» деген пікіріне қарсы шыға, ол көтеріліс «ханға, патша үкіметіне қарсы көтерілген би, батырдың көтерілісі емес, екі түрлі қанаушылық арқасына батқан езілуші бұқараның көтерілісі» деген пікірде болды. Көтерілістің негізгі күші еңбекші қазақ шаруалардың патша үкіметіне қарсы шығуын қоныстан, жерден айырылуынан, жәбір көруінен деп түсіндірді. Міне, осындай кезде Исатай мен Махамбет қара бұқараны түсініп, солардың мұнын жоқтауды мақсат тұтты деп келтіреді [22].

Қ.Жұмалиев «Исатай мен Кенесарының соңынан қарапайым халық толықтай ерді» деген пікірге қосылмайды. Ол Кенесарының соңынан халық қорыққаннан ерді дей отырып, нақты мысалдармен дәлелдемекке талпынады. «Кенесарыға бірқатар ел патшаға қарсы болғасын қоныс мәселесімен байланысты ерсе, көпшілігі қорыққанынан ерді. Кенесары Орта жүздің бірқатарын «ермесең, шабамын» деп қорқытып ертті. Қырғызға аттанарда Кіші жүзге кеп «ермейміз» деген елдің бірқатарын шауып кетті. Ұлы жүз Дулат елі де Кенесарыға жаны ашығаннан не оны жақсы көргеннен ермегендігін, нағыз тар кезеңде қырғызбен астыртын сөйлесіп, оны жау қолына тастап кетуінің өзі, дулаттың малға сатылғандығы емес, жеке қалғанның өзінде Абылай тұқымы қырғыз манаптарынан олды тимейтіндігіне көз жеткізгендігі еді» дей отырып, Кенесары-Наурызбайдың соңына елді ертудегі негізгі әдісі, оның жасанған қолы, білектің күші, найзаның ұшы болды деген қорытынды жасайды [22]. Бұл жерде мақаланың 30-жылдары Кенесары қозғалысын феодалдық жүйені қайта құруға талпынушы, аңсаушы, сол жолда әрекет еткен тұлға ретінде сынға алып жатқан кезде жазылғандықтан, автордың ойының осы арнамен кеткендігін ескерген жөн.

Автор «Кенесарының халық алдындағы беделі Исатай мен Махамбеттің беделіндей болған жоқ. Халық Кенесарыны қамқоршы деп қараған жоқ, қанішер, жауыз деп қарады» дей келе, бұған дәлел ретінде Жүсіпбек Басығариннің:

Қашқан, пысқан бірігіп,
Қарақшы нөкер қол болды.
Қарсы келген адамның,

Көзінің жасы көл болды.
Ақылы жетпей қырылып,
Алатаудың жырасы,
Қазулы дайын көр болды.
Көмусіз қалып сүйегі,
Ақырында қор болды, —

деп жазған өлең жолдарын келтіреді. Сөйтіп ол Исатай мен Махамбеттің образын Кенесары образынан мүлде өзгеше екендігін, қара бұқара Исатай мен Махамбетті «ел қамын жеген Едіге» деп түсінетіндігін айта келе, олардың ел алдындағы беделінің жоғары болғандығын дәлелдейтін бірнеше фактілерді келтіреді. Оның бірі — Исатай көтерілісіне қатысушы бұқараның ханға жазған арызы. Бұнда өздерінің хан алдына қоятын тілектерін айта келіп, аяғында «бәріміз Исатай мен Махамбеттің амандығын тілейміз. Исатай мен Махамбеттің амандығы халықтың пайдасы» дейді. Екінші себеп Исатай мен Махамбетті Қазақстаннан басқа жерлерде де білуі, олардың өлеңдерін жатқа айтуын жатқызады.

Осы газет арқылы Қ.Жұмалиев бұл екі көтерілісті және оның бас таушыларын бір бағалауға болмайтындығын өздігінше пайымдаған. Сонымен қатар ол М.Жолдыбаев пен М.Әуезовтің екі көтерілісті «бұқарашыл» дегеніне қарсы дау айтады. «Исатай мен Махамбет көтерілісі жеңе қойды, сонда қайтер еді» деген сұрақ қойып, оған өзі былайша жауап береді: «Бұған жауап онша ауыр емес. Біріншіден, жетекші компартиясы жоқ, пролетариат көмегінсіз бұлар қалай да жеңе алмайтын еді. Өйткені пролетариат көмектеспеген, партия басқармаған жерде, қара шаруа көтеріліс нәтижелі боп аяқталмайды. Оны басқа елдің тарихынан да көріп отырмыз. Екінші, жеңе қалғанда, кеңес үкіметін орнатпақшы еді деп, біз де айтпаймыз, бірақ, әйтеуір хан тұқымына, елді сүлікше сорған борсық билерге басқартпас еді. Елді ел мұңын жоқтаушы өздері басқарар еді. Кейін олар да басқа билердің қалыбына түсіп кетер, мүмкін ұйтпес, оған әулиелік жасау қиын. Ол өз алдына мәселе». Одан әрі Исатай мен Махамбеттің жауапқа тартылуының, оның мәнін түсіндіреді. Мақаланы қорыта келе, автор Исатай мен Махамбет көтерілісін «Ресейдің қысымындағы екі түрлі қанаушылық арқасына батқан еңбекші бұқара көтерілісі, ал көтерілістің қос басшысын халық батыры, Махамбетті бұқарашыл, халықшыл ақын» деген тұжырым жасайды [23].

ХІХ ғ. 30-40-жылдары Бүкіл Қазақстан территориясын қамтыған

Кенесары көтерілісінің маңыздылығын Жақан Сыздықұлы «Еңбекші қазақта» жарияланған «Кенесары» деп аталатын мақаласында айқындай келе Кенесарыны «қазақ ұлтының басшысы», «халықты бірлікке шақырушы», патша саясатына қарсы шыққан ірі тұлға ретінде көрсетті. Кенесарының аты XIX ғасырдың өзінде Сібір орыстарының арасында, қазақ, қырғыз елдерінің ішінде кең тарап, осы күнде тарих саласында қызығушылық тудырып отырғандығын, ол бастаған көтеріліс қазақ сықылды ұсақ ұлтты бостандыққа шығаруға көтерген көтеріліс ретінде бағаланып жүргендігін тарихи деректер дәлелдейтіндігін келтірді. Автор Кенесарының көтерілісі жайындағы деректердің көптігін, Омбы мұрағатынан құжаттардың ілгеріде табылатындығын және бұл көтеріліс жайында әлі де еңбектердің жазылатындығына сенім білдірді.

Жақан Сыздықұлы Кенесары көтерілісінің 1837 ж. басталғанын мұрағат құжаттарын қолдана отырып дәлелдеген. «1837 жылы Саржан Қасымұлы, сұлтан Кенесары қазақты күнбатыс Арқаға көшіруге азаптанады, Ресей мен Қазаннан іргесін бөлек салып, Орта Азияда болу мақсұтымен қазақ болыстарын көшуге шақырды» деген құжатты келтіре отырып, бұл мақсатты бұдан бұрын Кіші жүзде Сейітқұл деген адамның жүзеге асырмақ болып, сол үшін Қытайға барып, қазаққа көшуге, қоныстануға ыңғайлы жер іздегендігі жөнінде мәлімет келтіреді. Кенесары көтерілісінің нақты мақсатын да айқындап көрсетеді. Орыстардан зәбір көрген халықтың көпшілігі Кенесарының маңайына жинала бастауы оның Рыков бастаған орыс-казак отрядына шабуыл жасап, отрядты тас-талқан қылғаннан кейін жанданды дейді.

Мақалада көрсетілгендей, Кенесары өзіне келген қазақтардан әскер құрап, қаруландырып, ырқына көнбеген сұлтандарға қарсы шығып, мал-мүлкін талап, барымта жасауға дейін барған. 1839 ж. Кенесары Ақмолаға бет алып, қайтар жолында өзіне көнгісі келмеген Қоңырқожа Құдаймендіұлынан 12 мыңнан артық жылқы айдап кеткен. Оның келесі жорығы Көкшетау жерінде болған. Көптеген сұлтандарды «ұлт жұмысына атсалыспаған, патшаның құйыршығы» деп айыптап, мал-мүлкін айдап әкеткен. Автор «Бабан-Бағыс болысы Кенесарыға көнбегендіктен олардың малдарын барымталап алып, жазалаған» деген де мәлімет келтіреді. Әрине, оның бұл әрекетіне патша үкіметі жақсы қарамады. Жасауыл Семеновтың басшылығымен Кенесарыға қарсы әскер шығарады.

Бұлар Кенесарының жылқысына қол салып сатып, сойды, одан түскен ақшаны көтерілісті басуға жұмсаған.

Ж.Сыздықұлы 1839 жылдың өзінде 123 мыңға жуық мал сатылғандығын жаза отырып, оны Кенесарының «барымтамен» айналысуының бір дәлелі ретінде көрсеткен. Тіпті І Николай патшаның өзі Кенесарыны «үкімет жауы», «талаушысы» (разбойник) деп, оның басына 6 мың, ал қасындағы батыры Тайжан Азнабайұлына 4 мың сом тігіп, бұларды ұстап әкелгендерге осы ақшаны беретіндігін жариялағандығын да жазды. Негізінде патша үкіметі Кенесарыны ұстау шараларын қарастырып, бұнда қазақтардың өздерін қолдануды жөн деп тапқандығын мұрағат қорынан алынған құжаттарға сүйене келтіреді. Мақалада Кенесарыны ұстауға байланысты Сібір басшысы Ладжинскийдің жариялаған екі түрлі үндеуі айтылады. Оның біріншісі (1839 жылы ақпан айында жазылған): «Барлық қадірлі сұлтандарға, байларға, старшиналарға және ардақты қазақ еліне!» деп басталып, үкіметке қарсы шығу шариятқа келіспейтіндігін жазса, ал екіншісінде (1840 жылы 3 қазанда жазылған) де осы жайт қайталана жазылып, халықты пайғамдардың қаһарынан қорқып, Кенесарыға ермеуге шақырды. Үндеудің қорытындысында «Талаушыдан құтылып, халық тыныштығын сақтаңдар. Ұстап алып, үкіметке тапсырсаңдар кесілген бағаның үстіне 2 мың сом күміс пен сый аласыңдар» делінген.

Автор осы Үндеу шығысымен кейбір сұлтандар ақшаға қызығып Кенесарыны ұстап бермекке де әрекеттенгендігін баяндайды және дәлелді болу үшін бірнеше мысалдар да келтіреді. Оның жазуынша, Тайжан Қоңырқожаұлы Кенесарыға көмектескен Тайжан Азнабайұлын ұстап алып қамау туралы түрлі айлалар ойластырған. Сөйтіп ойламаған жерден Тайжанды ұстап, үкіметтің қолына тапсырып, үй-ішін Троицкіге жер аудартқан. Тайжаннан кейін Абайділда Уәлиханұлын ұстатып, оны да Березов қаласына жер аудартқан.

Бұл жерде автор Кенесарыға сатқындық жасаушылардың әрекеттерін ашып берді. Мақалада жазылғандай, Кенесарының көтерілісіне қарсы Ребров, Лебедев, граф Толстой және басқалардың отрядтары шығып, олар жүрген жерлеріндегі қазақтың ауылын талаушылыққа ұшыратқан. Алайда Кенесары бұдан қорықпай, керісінше, көтеріліс барысын үдете отырып, Ақмола, Көкшетау, Ташкент, Хиуа, Бұқара арасында ер-

кін қозғалып жүрген [24]. Кенесарыға қарсы бірнеше отрядтардың шығарылғандығы 1840 ж. Сібір казактары шекара басқармасының есебінде айтылды. Онда бұл отрядтар қоғамдық тәртіп пен дала тыныштығын сақтау үшін жіберілді деп келтірілді [25].

Ж.Сыздықұлы «1840 жылы Кенесары көтерілісі үкімет орындарын алаңдатпай қоймады. Кіші жүз қазақтары Кенесарыға қосылады» деген қауіппен генерал-адъютант Петровицкий жоғарғы министрге Кенесарының елді талап, халықты өзіне бағындыра бастағандығын, үкімет әскеріне қарсы шығып, күннен-күнге күшінің молайып келе жатқандығы жөнінде хат жолдағандығын, оқиганың одан әрі қарай өрбігендігін саралай көрсетті. Ол 1841 жылы Петровицкийдің Кенесарыға кешірім жасаған сыңай танытқандығын, алайда оның бұл кешірімінің астарында не жатқандығын түсіндірмекке тырысады. Кенесарының бұндай қулық кешірімге алданбауының себебі оның атасы Қасым Абылайханұлын Ташкентте ұстап алып, түрмеге қамап өлтірілуінен және Кенесарының басқа туысқандарының да патша үкіметінің тарапынан өлтірілуінен деп түсіндірді. Мақалада автор осы жайттерден кейін Кенесары үкіметке сенуден қалып, керісінше туысқандары үшін кек алмаққа бел буған деген пікір айтады. Кенесары қолының күннен-күнге көбейе түсуінің себебіне де тоқталады. Мәселен, орыстың 45 мың сомдық керуенін тонаған Қарқаралы сұлтаны Құдайменде Ғазиұлы үкімет жазасынан қорыққандықтан Кенесарыға келіп қосылған.

Жақан Сыздықұлы Кенесарының жүріп өткен жолдарын нақтылай көрсете отырып, 1842 жылы оның Орынбор аймағына қарай жылжып, бір жағынан, үкіметтен бой тасаласа, екінші жағынан, Ақмола, Көкшетау, Аманқарағай округтеріне жасақтарын жіберіп, күш жинағандығын айқындайды. Мақалада Кенесарыны басқа хандықтардың хан ретінде танығандығы жөнінде де мағлұматтар бар. 1844 жылы Бұқара және Хиуа ханы Қожан ханымен соғысу үшін Кенесарымен одақтасып, оны қазақ ханы деп танытындығын мәлімдеген. 1845 жылы Кенесарының басшылығымен Ақмешіт, Жиулен қамалдарына шабуыл жасаған, алайда бір себептермен әскерлерін кейін шегіндірген.

1847 жылы Кенесары орысқа қарсы жаңа күрес жолын іздеп, Ұлы жүздің Дулат руын өзіне қосып алып, қара қырғызды шаппаққа бекінеді. Ғылыми мақалада Кенесарының Тоқмақ қаласының жанындағы Майлытау деген жерде қырғыздармен соғысып, ақыры қоршауда қалып,

қырғыз қолынан қаза тапқандығы айтыла келе: «Кенесарының орыстан қазақты бөлем, бөлек ел болам, қазақты тең қылам, шаруаны түзеймін, ел қатарына қосылам» деп қанды соғыс бастауы қандай ауыр болса, өлуі де сондай қанды оқиға болып шықты» делінді.

Кенесары көтерілісіне Жақан Сыздықұлы мынадай қорытынды жасайды:

- Кенесары патша үкіметі айтқандай «ел талаушысы» (разбойник) емес, өз заманында патшаға қарсы болып, өз ұлтының теңдігін көксеген батыры, қазақ арасынан шыққан жаужүрек арыстаны;

- Кенесары көтерілісі 10 жылға созылып, атағы жер жарды, тарихтағы Пугачев көтерілісіндей болды;

Оның Ж.Сыздықұлы Кенесарының көтерілісі тарих үшін аса маңызды деген тоқтам жасайды [24]. Міне, көріп отырғанымыздай, Ж.Сыздықұлының Кенесарыны ұлт-азаттық көтерілісінің батыры етіп көрсетіп, Пугачев көтерілісімен теңестіруі, әрі көтерілісті тарих үшін маңызды санауы қазіргі тарих ғылымы саласының беріп отырған нақты ғылыми тұжырымы.

Мерзімді баспасөзде ХІХ ғ. 50-60 жж. патша үкіметі саясатына қарсы көтерілістер жайында да мақалалар басылды. «Жаңа мектеп» журналына жариялаған «Жанқожа батыр Нұрмағамет баласы» атты мақалада ХІХ ғ. 50 ж. Хиуа хандығының агрессивтік саясатына, орыс отаршылдығына қарсы Сырдария бойы қазақтарының Жанқожа Нұрмағаметұлының қолбасшылығымен болған күрес барысы сипатталды.

Мақала Жанқожаның кім екендігінен басталған. «Жанқожа — Кіші жүздің соңғы ардагер батырының бірі» дей келе, оның есіміне байланысты ел арасында түрлі әңгімелердің көптігі, бұлардың барлығы да Жанқожаны жақсы жағынан суреттейтінін айтады. Сондай-ақ әлі де болса тарихта Жанқожа туралы зерттеу жүргізілмегендігін, бұл кезек күттіріп тұрған мәселе екендігін де ескертеді. Тарихи зерттеулердің жоқтығына қарамастан, Жанқожа жайында өзіндік зерттеулер жүргізуге тырысып, ол бастаған көтерілістің шарықтаған кезіне 1850-60 жж. арасын жатқызады.

Мақалада Жанқожаның шыққан тегіне де талдау жасалынады. Оның көрсетуінше, батырдың шыққан тегі Кіші жүздің Әлі деген руының бір аталығы — Шекті. Осы Шектінің Кішкене Шекті деген табының Майдан деген аталығынан шыққан. Жанқожаның ұрпақтары Қазалы уезіне

тараған. Оның батырлығын, ат құлағында ойнаған шабандоздығын, мергендігін сомдауда 1894 ж. Қазан университетінен басылып шыққан «Археология, тарих, этнография қоғамының Хабарларының» XII томында жарияланған И.Аничковтың Жанқожа батыр туралы қазақ арасынан жинап жариялаған еңбегіне сүйенеді. Бұл еңбек қазақ және орыс тілдерінде кейіннен кітапша болып басылған. Мақала авторы бұл кітаптың қазақшасы ноғайшалау екендігін, автор Жанқожа туралы мәліметті тоқсаныншы жылдары Қазалы уезінде сот қызметінде жүрген кезде Мұсабай деген қазақ жырауының аузынан жазып алғандығын келтіреді.

И.Аничковтың әңгімесіне жүгінсек, Жанқожа батырдың әкесі Нұрмағамбет батыр, атасы Киікбай жасауыл болған. Атасы Киікбай тама Есет батырдың Тәжі деген қарындасына үйленіп, сол әйелден Жанқожаның әкесі дүниеге келген. Нұрмағамбет батыр Жаңадария бойындағы қарақалпақ ері Нұртай батырдың қарындасына үйленген. Жанқожаның Жанмырза, Ақмырза, Жауқашарбек деген бауырлары болған. И.Аничков жазып алған Мұсабай жыраудың айтқанына сүйенсек, Жанқожа батыр бала кезінен мінезі салмақты, орынсыз сөйлемейтін ұстамды болған. Ол бозбалаларша ауыл-ауылды қыдыру дегенді білмеген [26, 32-33-бб.].

Батырдың батырлық мінезін айқындауда И.Аничков Сырдария бойындағы ел әкімі Қылышбай екеуінің арасындағы кикілжіңді келтіреді. Аталған әкім өткен-кеткен керуендерден зекет, елден үсті-үстіне салық алуды күшейткен. Оның інілері қарапайым халыққа қоғаң-лоқы көрсетіп, қолдарындағы малдарын тартып алады екен. Елден зекет жинап, қайтып келе жатып Қылышбайдың інісі Күйеубай қаракесек Есенбектің малын, түйесін тартып алған. Есенбек Нұрмағамбет батырдың қызынан туған жиені екен. Мұны естіген Жанқожа намыстанып барып, Қылышбайды айбалтамен шауып жіберіпті. Сол кезде Жанқожа 15 жаста болса керек. Одан кек алмақ болған туыстарын Қылышбайдың өзі тоқтатып: «Жанқожаға ешкім тимесін, ол тентек емес, мен жаман мінезімнен таптым. Мұнан былай қазаққа Жанқожа басшы болса керек» деп хабар жіберген көрінеді. Сонымен қатар мақалада Жаңадария бойын мекендеген қарақалпақтар мен қазақтар арасындағы қырқысуларды реттеуші де Жанқожа болғандығы жөнінде мысалдар келтіреді. Ол қазақтың егінін таптап, малдарын тартып алып, халқына күн көрсетпеген қарақалпақтың Тайпы батырымен жекпе-жекке шығып, оны өлтірген.

Жанқожа батыр барымтаға да тосқауыл қоюға тырысқан. Бұл тура да да нақтылы мысалдар бар. Орта жүздің арғын, қыпшақ деген рулары екі мың адамымен елді шапқан кезде, атасы Нұрмағамбет төрт ұлын шақырып, жауға қарсы шығуға шақырғанда Жанқожа алға шығып, талантаражға түскен малды қайтарып, елді аман алып қалған. Әрине, мақаланы жазушы бұл айтылған әңгімелерді тарихи тұрғыдан дәлелдегенді дұрыс санайды [26, 34-б.].

Жалпы Жанқожа батыр атының халық арасына тарауы Сыр бойы халықтарының Қоқан хандығының үстемдігіне қарсы шығуынан делінген қорытынды жасалынады. Қоқан ханы Сырдың жоғарғы жағына қала салдырып, қазақтың үстінен қарап, мал-жанына ерік бермеген. Жақпаған адамдарды қаласына алдап шақырып алып, өлтіре береді екен. Кенесары хан Жанқожаға Қоқан, Хиуа хандықтарымен бірге күресуге шақырған хабар жіберген. Жанқожа өзінің қолбасшылары Туғанбай, Қыстаубай, Дабыл, Сатыпалды, Көпжасар, Көки, Барақ, Жолдасбай, Жарқынбай, Даңай, Бажақ, Боранбай және тағы басқа батырларымен оның бұл шақыруын құп алып, Созақ қаласын алуға аттанған Кенесарыға көмекке келген [26, 35-б.].

Аталған әңгімені «Қазақстан тарихы очерктерінде»: «Жанқожа Кенесарының көтерілісіне де қатысты және Кенесарымен бірге хиуалықтардың Созақ бекінісін талқандады» деп жазылуы растайды [27, 233-б.].

Мақалада Жанқожаның бұдан әргі жорықтарына да қысқаша тоқталады. Оның Хиуа, Қоқан, Бұхара хандарына қарсы күрес барысы да жан-жақты талданады. Негізінен бұл мақала біріншіден, Жанқожаның шыққан тегін нақтылап берсе, екіншіден, оның қазақ арасында батырлығының таралуының себептерін ашып көрсетеді. Батырдың даңқының үш жүзге тарауының, оның батыл қимылы қазақ халқының отаршыларға қарсы азаттық күресін жандандырды деген тұжырым жасаған [26, 36-37-66.].

«Еңбекші қазақ» газеті қала тарихына да зор мән берді. Газетке жарияланған «Ақмешіттің тарихы» деп аталатын мақалада Ресей мемлекетінің қазақ даласын отарлау жолы айтылады. Патша үкіметі тез арада Орта Азияны отар елге айналдыруға тырысқан. Бірақ бұған мынадай жағдайлар кедергі болған: 1) шөл, құм, дала; 2) қазақ елінің керуен талайтын ордалары; 3) мұсылман елінің орысты жек көрулері; 4) шет

мемлекеттермен таласы. Орыстардың қазақ жерін бірден отарлап алуына Бұхара мен Хиуа хандықтары да ырық бермеді.

Бұған қарамастан XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасыр басында Қазақстанның өзен бойларына ірі бекіністер мен қамалдар салып, әскери күштерін орнықтыра бастады. XIX ғасырдың басында Қарабұтақ, Ырғыз, Арал қорғандары салынып, бұл қорғандардың маңайындағы жерлер орыс үкіметінің жерлеріне біртіндеп айналды. Сөйтіп ақырындап қазақ жерлерін отарлауға кірісті.

Мақалада жазылғандай, 1852 ж. орыстың екі соғыс кемесі Арал теңізін, Сырдария, Амудария өзендерінің құйылысын күзеткен. Бұл уақытта Сырдарияны Қоқан хандығы билеп тұрған еді. 1851-53 жж. Қоқанның өз ішінде болған бүлікті қазақтар пайдаланып қалуға тырысты. Өйткені қазақтар біресе Қоқан хандығына, біресе Хиуаға алым төлеуді көтере алмаған еді. Бұдан әрі мақалада 1852 жылы сұлтан Әлікей елді орысқа бағындырып, Қоқан мен Хиуаны жаулауға кіріскендігін, оны орыс үкіметі мықтап пайдаланғандығы айтылады. Жалпы Ақмешітті 1853 жылы Орынбор губернаторы Перовский қаратуға күш салып келген кезде, қазақтың бірнеше төрелері оларға барлық жағдайды жасап, көмек берген. Оның ішінде Әлікей сұлтан Қасымұлы да болған.

Мақала авторының жазуынша, Ақмешіттің мықты қорғаны болған, оның қабырғасының қалыңдығы 4 кез жарым, биіктігі 4 жарым саржан болып, оған мықты қаруланған 400-дей күзет қойылған. Орыстар қалаға кіру үшін қабырғаның астына дәрі қойып атып, қорғанды бұзған. «Қорғанды сақтаушылардың бәрі аянбай соғыс қылып, бірі қалмай қырылады. Орыс әскері 2½ мың шамасындай болған. Сонан кейін Ақмешіт Перовск порты деп аталған. Ақмешіттің саяси жағынан болсын, шаруашылық жағынан болсын пайдасы іс жүзінде көріле бастады», — деп жаза отырып, 1853-55 жж. Қырым соғысы уақытында орыстар осы Ақмешіттен 155 676 пұт мақта алғандығын келтіреді.

Ақмешіт қаласын алуда орыс үкіметі түрлі айла-шарғыға көшті. Мақалада орыс патшалығы қазақ жерлеріне орыс саудагерлерін жіберу арқылы да отарлауды жоспарлағанын, алайда бұған тағы да Орта Азияның өз саудагерлері жол бермей, Ресей саудагерлерін іске шығаруға 100 жылдай уақыт кеткендігі, аяғында күшпен алуға әрекет жасағандығы айтылды. Қаланың бірнеше рет атының өзгергендігі және оның өзгеруіне саяси биліктің тікелей байланысы болғандығын да баяндап өтеді. Мәселен, қала Перовский қолына өткен кезде Перовск деп аталған [28].

XX ғасырдың басындағы орыстың алғашқы революция барысының тарихы да мерзімді баспасөзге арқау болған. Оқиганың 18 жылдығына орай «Қазақ тілі» газетіне Ш.Тоқжігітовтың жарияланған көлемді мақаласында 9 қаңтар орыс жұмысшылары үшін естен кетпейтін мейрам екендігі, өйткені 1904 ж. жапон соғысынан езілген еңбекші табы патшаға ашық түрде талаптарын білдіру үшін шеру жасағандығы айтылып, осы шерудің арты патша саясатына қарсы қарапайым халықтың ішіндегі қозғалыстардың көбеюіне зор себеп екендігі келтірілді [29].

«Жаңа мектеп» журналының 1925 жылғы №3 санында да жарияланған Балтабай деген автордың «1905-нші жыл төңкерісі» атты мақаласында да бұл төңкерістің негізгі себебі, маңызы, салдары қандай болғандығы жан-жақты түрде талданды. Автор 1905 жылғы орыстың алғашқы революциясының шығуының себебін сұрақ-жауап ретінде оқырмандарға анықтап, түсіндірмекке тырысқан. 1905 жылғы революцияны «Ресейдегі жұмысшы, мұжықтың алғаш тізе қосып, күш біріктіріп жасаған төңкерісі» деп дұрыс тұжырым жасай отырып, жұмысшы мен қара шаруаның патша үкіметін құлатуды, байлардың, князьдардың, шіркеулердің жерлерін тартып алуды, жұмысшылардың тұрмысын дұрыстап, еңбекақысын арттыру, жұмыс сағатын 8-ге түсіруді мақсат тұтқандығын атап өтеді.

1905-07 жж. көтерілістің шығуына түрткі болған Жапон соғысы екендігін де нақтылайды. Бұл көтерілістен кейін патшаның Мемлекеттік Дума шақыруға мәжбүр болғандығын, оның мақсаттары 1917 ж. ғана жүзеге асып, жұмысшылар мен шаруалардың арман-тілегі жүзеге асты деген тұжырым жасайды [30, 7-10-бб.].

1905 жылдағы еңбекшілердің төңкерісін қазақ зиялыларының бірі Ә.Байділдин «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында: «Мұнда ортақшылдық саясатының қанды жолы анық ашылуымен бірге қазақтың өз ішіндегісі — тап қайшылығы да айқын көрінген. Бұл көтерілістің соңы февраль өзгерісіне өсіп, ақыры келіп, октябрь төңкерісіне қосылған», — деп жазған болса [31], Ә.Әйтиев XX ғасыр басында отаршылдық саясатқа қарсы күрескен азаматтардың қатарын қалыптастырғандығын, олардың қаруы қалам болып, мерзімді баспасөздер арқылы ауыр өмір тауқыметіне қарсы шыққандығын баян етеді. Бұл жерде автор Ғ.Қарашев, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтарды атайды. «...жоғарғы айтылған үкіметтің қорлығына шыдай алмай, тарихи майданға аяқ басқан халық қамқоры А.Байтұрсыновтың еңбегі арқасында қазақ халқы ояна бастап,

үстегі қалың тұман қараңғылық, надандықтан жарыққа шығуға тырыса бастады. Сол кезімізде де Байтұрсынов шығарып тұрған «Қазақ» газетімен, Сералин «Айқап» журналы ұлтты құтқару ісінің күшеюіне мықты себеп болды. «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының пікірі жастар, мұғалімдер арасында өте тез тарап, олар ол пікірді жалпы халық арасына таратты», — дей келе, алайда патша үкіметінің озбырлығының түріне қарай қазақ арасындағы қозғалыстың ұлтты құтқару жолында болып, ол уақыттағы саяси шарттардан аса алмады, ұлтшылдық шеңберінен шыға алмады деген тұжырымға келеді. Қазақ зиялыларының қудалануының себебі, болып жатқан саяси оқиғаларға түсінбестікпен қарағандығы, бағаламағандығы дейді [10, 41-б.].

Қорыта айтқанда, өткен ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ мерзімді баспасөзінде қазақ зиялыларының қазақ халқы тарихының айтулы кезеңдері мен жекеленген маңызды оқиғаларын, атап айтсақ, патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау саясатына, отаршылдыққа қарсы болған ұлт-азаттық көтерілістер және тағы басқа тарихи мәселелерге арналған ірілі-ұсақты мақалалар Кеңестік дәуірде бұрмаланып, сыңаржақ жазылған тарихымыздың шынайы бетін ашуда ерекше орын алады. Өйткені бұл мақалалар ғылыми зерттеулер болмаса да өзіндік ерекшелігімен туған халқымыздың тарихын, болмысын айқындауда маңыздылығы анық.

2.3 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс және 1917 ж. қос төңкеріс кезеңі қазақ баспасөзі беттерінде

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ халқы үшін маңызды болып табылады. Себебі бұл көтеріліс елдің таптық сана-сезімінің артуына, саяси өрлеуіне зор рөл атқарды. Мұрағат деректеріне сүйенсек, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің өзге көтерілістерден бір ерекшелігі, ол барлық Қазақстан территориясын, атап айтқанда, Каспий теңізі жағалауынан бастап, Моңғолияға дейінгі аралықты қамтыған [32].

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1916 жылғы көтеріліс барысын зерттеуді ең алғаш рет Қазақстанды зерттейтін қоғам қолға алып, бастапқы кезде көтеріліс барысы жайында мағлұматтарды, деректерді жинаумен айналысты. 20-жылдың басында мерзімді баспасөз беттерінде бұл көтерілістің маңыздылығын талқыға салған мақалалар жариялана баста-

ды. «Ақ жол» газетіне жарияланған «Қазақ-қырғыз мәселесі» атты мақала патша саясатының көздеген мақсатын айқындауға тырысады. Патша үкіметінің орыс-герман соғысына қара жұмысқа қазақ жігіттерін алу туралы жарлығы халықты ашындырып, 1916 жылғы көтеріліске алып келгендігін, оның аяғы 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне, Қазан революциясына ұласқанын айтылып, елдегі саяси жағдай жан-жақты сипатталды. Жылдың басында қазақ халқы дүниежүзілік соғыс әлегінен әлі де болса құтыла алмай, қолындағы барын үкіметке беруге мәжбүр болып, соның салдары елде қымбатшылық, жоқшылық тудырып, ақыры ашаршылыққа алып келгендігі баса көрсетілді. Ашаршылық Түркістан қазақ-қырғыздарын, әсіресе Жетісу елін жайлап, көп халық қырғынға ұшыраған [33].

«Жас қайрат» журналының №3-4 санындағы мақалада қазақтарды патша үкіметінің қара жұмысқа аламын деп шығарған бұйрығына көнбей, Жетісу өңірін мекендеген қазақ-қырғыздардың бірталайы Қытай асып, онда барғаннан кейін екіге бөлініп, бірі Жоңғарияға, екіншісі Құлжа қаласына бет алғандығын, қазақтардың көпшілігі Қашғар, Тұрпан, Үрімші, Ақсу жағына барып қоныстанғаны жөнінде мәлімет келтірілді. Бұл жерге бара жатқан қазақ-қырғыздар жолда тау асуларынан өткен кезде шыңнан құлап, бораннан бір қырылса, барған соң жергілікті қытай шенеуніктерінен екінші қысымға ұшырап, бар мал-мүліктерінен айырылып, қорлық көрген [34, 30-31-бб.].

1926 ж. шілдесінде Қазақ ОАК-і 1916 жылы Қазақстанда болған ұлт-азаттық қозғалыстың 10 жылдығын тойлау жөнінде қаулы қабылдап, оны дайындау және өткізу үшін арнайы комиссия құрамын бекітті. Бұл комиссияға ұлт-азаттық қозғалыс барысы жөнінде республиканың барлық губернияларынан мәлімет жинау және осы жинақталған материалдарды мерзімді баспасөзде жариялау арқылы насихаттау жұмысын жүргізу тапсырылды [35].

Осы қаулыға орай «Жұмыскер тілі» газетінде зерттеу қоғамының 1916 ж. көтеріліске қатысқандар мен бұл оқиға жайында жақсы білетіндерге арнап бірнеше сауалдамаларға жауап беруді өтінген хабарламасы жарияланды. Онда 1916 жылғы көтерілістің себебі, салдары, қалай басталып, ұлғайып, сөнгені, көтеріліс басшылары және патша үкіметінің көтеріліске қатысты ұстанған саясаты жөнінде жазуды, сондай-ақ көтеріліске қатысты бар кітаптар, суреттер, хаттар, құжаттар болса қоғамға жіберу мәселесі айтылды [36].

Қазақ зиялылары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин, С.Меңдешев және тағы басқалар осы баспасөз арқылы 1916 ж. көтерілістің шығу себептері мен өрбу барысын ашып көрсетуге шақырды және өздері де бұл қозғалысқа баға беруге тырысты.

«Еңбекші қазақ» газеті мен «Бостандық туы» газетінде, «Қызыл Қазақстан» журналы және тағы басқа мерзімді басылымдар көтеріліске қатысқандардың естеліктері, арнаулы зерттеулер, көтеріліс жайында әңгіме, өлеңдер, очерктер жариялауды қолға алды.

Ең алғаш болып кіріскен «Еңбекші қазақ» газеті 8 шілді күнгі №145 санын толықтай көтерілістің 10 жылдығына арнады. Газеттің бірінші бетінің ең жоғарғы жағында «Бүгін 1916-ншы жылғы июнь жарлығына 10 жыл толды. Бұл жарлық қазақ елінің отаршылдыққа қарсы көтерілуіне себеп болды. 16-ншы жыл қазақ еңбекшілерінің теңдікке талпынған тарихи уақиғасы» деп жазылып, осы нөмірге Ә.Байділдиннің «1916-ншы жыл», Сәбиттің «1916-ншы жылдың ұраны», М.Дулатовтың «Он алтының ойраны», «№8» деген бүркеншік автордың «Байқағандар не білді?», Көрменұлының «1916-ншы жылғы қазақ көтерілісінің Бөкейдегі тарихы», Байтоғайұлының «Тарихи күнге тарихи дерек керек» мақалалары, А. Мәметовтың «16-ншы жыл құрбанына» өлеңі жарияланса, келесі №146 санда М.Ваннениң «1916-ншы жылғы көтерілістің шаруашылық негіздері», «Жазасы тыймағы екен» сияқты көлемді мақалаларды басты. Бұдан кейінгі нөмірлерде де 1916 жылғы көтерілістің шығу себептері мен көтерілісшілер жайында бірнеше тарихи-танымдық мақалалар жарық көрді. 156 нөмірде Н.Ановтың «1916 жыл», 159 нөмірде Ж.Мыңбаевтың «1916 жылдың көтерілісіндегі ұлт қозғалысы», 165-ші нөмірде Қызылорда қаласында өткен партия мүшелерінің 2-ші Одақтық жиналысында Ә.Байділдиннің жасаған «1916 жыл туралы» баяндамасы, Н.Манаевтің 166-шы санға «1916-ншы жыл туралы есімде қалғандар» атты естелігі, 170, 171-ші сандарда «Сыйға — сый» атты өлеңдер топтамасы, 218-ші нөмірде А. Кенжиннің «1916 жыл» мақаласы, Жақанның «Есінде ме?» атты өлеңі басылды.

Байтоғайұлы «Тарихи күнге тарихи дерек керек» деген мақаласында бірінші дүниежүзілік соғыс кезінен бері қарай қазақтың басынан ірі-ірі үш ұлы оқиғаның болғандығын, оның біріншісіне 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысты, екіншісіне азамат соғысы, ал үшіншісіне осылар-

мен қабаттасып келген мешін мен жылан жұтын жатқыза келе, осы оқиғалардың ішінде қазақ тарихында 1916 жылғы көтеріліс ерекше орын алатындығын атап өтті. Мақала авторы бұл оқиғаның әлі болса қолға алынып зерттеле қоймағандығын, бұл турада тарихи кітаптың жоқтығын айқын келтіре отырып, бірнеше ұсыныстарын айтады. Бұл осы көтерілістің қазақ даласына қандай із қалдырғандығын білу, көтеріліс турасындағы мәліметтер жинау, оған тарихи баға беру болды. «16 жылдың уақиғасы әр аудандарда, әртүрлі болғандықтан», — дей отырып, материалды үш түрлі жолмен жинауды ұсынады. Оның біріншісі, сол оқиғалардың ішінде болған адамдардың ауызекі айтқан, қағазға жазып жіберген сөзі. Екіншісі, сол оқиғалар туралы жазылып қалған ауыз әдебиеті, яғни күйінгеннен шыққан ақындардың өлеңдері мен қара сөздері. Үшіншісі, заттай дерек, яғни көтеріліске шыққан қазақтардың өздері даярлап, соққан қару-жарағы [37]. Автор аталған деректерді көтеріліс көп болған Торғай, Адай, Жетісудің Қытай және Қарқаралының оңтүстік жақтарынан жинау керектігін айтады.

«1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының шаруашылығына қалай тиді» деген сұраққа да «Еңбекші қазаққа» жарияланған мақалалар жауап беруге тырысты. Жалпы мақалалардың барлығында да көтерілістің шығуының мәнісі, біріншіден, ұлт және отар қысымшылығынан, екіншіден, жергілікті байлардың талауынан, зәбірлік көрсетуінен туындады деген тұжырым жасалды.

Ә.Байділдиннің «1916-ншы жыл» атты мақаласы патша отаршылдығының бұғауында болып, «бұратана» атанған қазақ халқының патша заңдарының нәтижесінде бұрыннан пайдаланып келген жақсы жерлерінен айырылып, тау мен тасқа, құм мен шөлге, ащы-сортаң жерге қарай ығысып, қорлық-зорлық көргендігіне және қара жұмысқа алу туралы 25 маусым жарлығының шығуына қатысты туындаған көтеріліс барысына арналды. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс тарихтан айрықша орын алуға тиістігін айта келе, бұл көтерілісті ең қадірлі оқиғаға бағалады, Қазан төңкерісінің ұшқыны санады [31]. Газетке жарияланған Сәбиттің «1916-ншы жылдың ұраны» мақаласында 1916 жылғы көтеріліс барысын ашып көрсетпес бұрын алдымен бірнеше дәлел келтіру керектігі ескертілді. Тарихта болған оқиғалардың себеп, салдарын ажыратуды басты міндетке санады. Автордың тұжырымынша, біріншіден, ірі оқиғалар бассыз,

нұсқаусыз тұрмыстың еріксіз шығарған қаулысынан туындайды, екіншіден, белгілі бір партия көсемдік қылады, көтерілісшілер сол партияның бастауымен әдіс етеді. XIX-XX ғасырларда Европа, Ресейде болып жүрген ірі оқиғалардың көпшілігін саяси партиялардың сілтеуімен болып жүрген деген тоқтам жасады.

1916 жылғы қазақ даласында көтерілістің тарихта болған оқиғалардан өзгешелігін айқындап беруге тырысады. Оған себеп болған жайтты: «1916 ж. көтеріліс жасаған қазақ еліне «көсембіз» деп жүргендер түзу бағыт сілтей алмай, надан жұрт тәсілсіз күрес ашты» деп көрсете келе, бұған Міржақыптың осы санда басылып отырған «1916 жылы» деген мақаласын дәлелге алды. Сәбиттің ойынша, бұл кездерде қазақ жұртында саяси сезім деген болған жоқ, бұл сезім тек Ақпан төңкерісінен кейін ғана туындаған. Оған себеп қазақ зиялыларының аздығы, олардың қазақ жұртын патшаға қарсы шықпауға үгіттегендігі. Бұл жерде автор Міржақыптың мақаласындағы «Бұл кезде қазақ елін патша үкіметіне қарсы үндеуге болмады, патша үкіметінен қорықтық, газетімізде («Қазақ» газетінде — С.С.) қазақты жігіт беруге үндедік, ол заман мен бұл заман бірдей емес еді» деген сөзін сынға алып, оны «өз басын қорғағаннан жазғандық» дейді. Автор одан әрі сол кездегі қазақ зиялыларының алға қойған міндетін талдап бермекке тырысады. Оларды «ұлтшылдар» деп айыптап, «өз бастарын қорғады, Кеңес өкіметі орнағаннан кейін тағы да жауапты жұмыстарды басшылыққа алды» дейді. Осы жерде ол қазақ зиялыларының әрекеттерін коммунистік партия мүшелерінің жүргізген әрекеттерімен салыстырды. Меньшевик партиясының 25 маусым жарлығына қатысты айтқан пікірлері мен Лениннің сөздерін келтіреді.

Сәбит 25 маусым жарлығы бойынша қара жұмысқа алынатындардың қатарына егде тарқандар мен мүлдем жас балалардың да еніп кетуіне арашашы бола алмай, өз бастарын ойлаған ауыл ақсақалдарын сойылдың астына алып, байлардың жылқыларын ұстап мініп, турлығын жыртып, сабасын тіліп, қымызын ішуге, байлардың балаларын, болыс, ауылнай демей таяқтың астында қалуына еріксіз алып келді дей отырып, 1916 жылдың оқиғасын «шу дегеннен тапшылдықпен ашылды» дегенді қате санады. Ол «1916 жылдың ұраны алдымен ұлт қозғалысы болып басталды да, артынан тапшылыққа айналды, бірақ бастаушысы болмағандықтан мақсатын аяғына дейін жеткізе алмады» деген пікірді ұстанды [38].

1916 жылғы оқиға барысының қалай өрбігендігін оқырмандарына

жеткізуде «Еңбекші қазақ» газеті патша жарлығына қарсы шығып, көтеріліске қатысқандардың естеліктерін де жариялады. Жоғарыда аталған зиялылардың мақалалары жарияланған сол нөмірде Қостанай уезінің Бестөбе болысының қазақтары жарлықты орындаудан бас тартқаны үшін елдің болысы Смайылдың Омары өкіметтен көмекке әскер сұрап, жаңа ұшқындап келе жатқан көтерілісті баспаққа әрекеттенгені, алайда патша әскерінің қолынан 80-нен артық адамдар өліп, мүліктерін талан-таражға түскендігі жайында жазылды [39].

«Еңбекші қазаққа» жарияланған Кәрменұлының «1916-ншы жылғы қазақ көтерілісінің Бөкейдегі тарихы» деген мақаласы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтеріліске қатысуына арналды. Автордың айтуынша, 25 маусым жарлығын естірту үшін Астрахань губернаторы Сакуловицкий Бөкейдің орталығы Орда қаласына барлық болыстарды жинап, солар арқылы ауылдарға губернатор бұйрығын жеткізгеннен кейін, ел дүрліге бастаған соң қазақ арасынан Сейітқали Меңдешұлы, Нұғыман Зәлиұлы, Мұхтар Сәрсенбіұлы сияқты жөн сілтеген азаматтар да табылып, ақыл айтқан. Одан әрі мақалада Астраханнан солдат алуға келген өкілге аталған азаматтар халықтың патша бұйрығына бағынбайтындықтарын және өздері де қарсы екендіктерін білдіргені, тікелей губернаторға осы ойларын айтып жеделхат жібермек болғандығы, алайда телеграф бастығы бас тартқандықтан соққыға жығылғандығы келтіріліп, көтеріліс барысының қалай өрбігені айтылады. Жиылған халықты тарқату мақсатында губернатордың айлаға көшіп, «жігіт алу тоқтатылды» деген жеделхат жібергеннен кейін, көңілдері орындарына түскен қазақ жігіттері ауыл-ауылдарына тарасқан. Қарулы әскерімен келген Керенский деген жандарм халықты патша бұйрығына қарсы шығуға үгіттеген Сейітқали Меңдешевті, оның қасындағы Тастанбек ақсақалды және Сүндетқали Нұрсарыұлын ұстап алып кеткен.

Автордың көрсетуінше, қара жұмысқа жігіт алу мәселесі одан кейін тағы да көтеріліп, Жанқалаға ауыл-ауылдардан жігіттер шақыртылған. Алайда патша әкімшілігі көтеріліс шығады дегеннен қорқып, бірнеше өзгерістер жасауға мәжбүр болды. Оның біріншісі, бір үйден жұмысқа бір-ақ адам алу болса, ал екіншісі құрамында С.Меңдешев бар қазақтардан арнайы комиссия құрды. Бұл комиссияның құрамында болыс Нұрым Қарабайұлы да болған [40].

1931 ж. 20 тамызда Голощекин атындағы коммунистік оқу орнында

1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс мәселесіне орай болған мәжіліс барысында жасаған баяндамасында С.Меңдешев өзінің Бөкейде болған көтеріліске қатысқандығын айта келе, жалпы Қазақстанның түпкір-түпкірінде болған көтерілістердің шығу себептерін айқындап, оған «пісіп жетілмеген революцияның негізгі бөлігі болды» деген баға берген болатын [41].

1916 жылғы көтерілістің шығу себебі «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған М.Ванненің «1916-ншы жылғы көтерілістің шаруашылық негіздері» атты ғылыми мақаласында жан-жақты талданып, 1916 жылғы қазақ көтерілісі себебінде белгілі шаруашылық негізі барлығын нақтылай айқындап көрсетуге тырысты. Ол көтерілістің шығуына түрткі болған жайттарды анықтап, оның біріншісіне, патша өкіметінің қазақ жерлерін отарлап алуы, яғни қазақ шаруаларын жерден айыруын жатқыза, ал екінші жайтты ауылды жерлердегі байлар, болыстардың кедей тап өкілдеріне таптық қысымшылық көрсетуінен деп түйіндеді.

М.Ванне 1916 ж. Қазақстанда ұлт-азаттық көтерілістің ошағы оңтүстіктен, яғни Жетісудан бастау алғандығын келтіре отырып, бұл жердегі көтерілістің шығуына тағы бір себеп болған келімсектердің жергілікті тұрғындарға қысымшылық көрсетуі, жерлерін үкімет арқылы тартып алуы деп топшылады. Оның ойынша, келімсектер қазақ шаруашылығының өсуіне үлкен зиян тигізіп әрі патша өкіметінің ұлт халықтарын кемсіту, алалық жасау, менсінбеушілік көрсетуі мен қазақ байларының да таптық езгісі қазақ кедейлерін көтеріліске итермелеуге мәжбүрлеген. Ол 1916 жылғы көтеріліс қара шаруалардың көтерілісі екендігіне еш дау жоқ екендігін, Қазан төңкерісі осы қысымшылықты жоюға жол ашқандығын келтіре, ұлт қозғалысының басты негізі қара шаруа болғандығын айқындап, империалистердің және оларға шаруашылық жағынан болсын, саяси жағынан болсын жәрдем көрсетіп тұрған адамдардың озбырлығына қарсы тұрып, содан босану жолында болған көтеріліс деп, бұл ұлт-азаттық қозғалыс 1917 ж. жүзеге асып, шаруалар «арыған шаруашылық дәуірінен, бостандық дәуіріне» келіп жетті деген тұжырым жасайды [42].

Көтеріліс басталып кеткеннен кейінгі болған жағдайлы Н.Ановтың «1916 жыл» мақаласында егжей-тегжей баяндалды. Автор қазақтардан «қара жұмысқа» баруға бас тартқандарды патшаның жазалаушы әскерлері аяусыз қырып-жойып, қорлық көрсеткендігін айта келе, Бөкей мен Семей губернияларында болған оқиғаларға қатысты нақты мысалдар

келтірді. Бөкейде руы Тоқтаба, жасы 86-ға келген ақсақал Желдібайдың Тәстенбегі «қара жұмысқа» адам жинап келген төреге тайсалмай, қарсы шыққаны үшін, С.Меңдешұлы мен Думанұлының Қамыс-Самар ауданында құрған төңкеріс ұйымына барған кезде тұтқынға алынған. Бұл ұйым сол кезде жұмысқа алынатын жігіттердің басын құрап, қаруланып, көтеріліске дайындалып жатқан еді. Мақалада бұдан әрі Семейде қара жұмысына алынғандарға жәрдемдесу комитеті құрылғандығы, алайда оның құрамына ылғи елді билеп-төстеген бай-болыстардың мүше болып, керісінше әрекет жасағандығы келтірілді. Бұл жерде автор ел қамқоршылары мен елге «қамқоршы боламыз-мыс» болғандардың аразігін ашып көрсетпекке тырысты. Қарқаралы уезінде Мұқан Досбиұлы деген ұстаның күні-түні қылыш, найза жасап, ескі мылтықтарды жөндеп, Ресейге қарсы шығуға дайындалып жатқандығы жөнінде ел болысы Семейге хат жіберген. Осындай хабарды ести сала Шестаков бастаған орыс әскерлері елге шығып, жолдарындағы елдерді жау көріп, түк қалдырмай отап, өртеп, қарсыласқандарды атып, шабуы Мемлекеттік Думаға жеткен. Мақала авторы бұл жерде Думаға Зайсаннан барған Жағыпарұлы деген өкілдің елдің көрген зәбірлерін арыз қылып жеткізіп, Дума бұл істі тергейтін болып, Семейдің заң орындарына арызды қарап, ақ-қарасын тексеруді тапсырғандығын келтірді. Семей губернаторы бұл арызды соғыс мекемесіне, яғни баяғы елді талан-таражға салған Шестаковке жіберген. Ол «атсам, заң бойынша істедім» деп қайтадан Петербурге жіберген. Бұл іс осымен жабылып, елдің көз жасы мен төгілген қаны ескерусіз қалады.

Автор орыс шаруаларының қазақтарға қоқан-лоқы көрсетіп отырғандығы жөнінде де мәліметтер келтіреді. Бұндай оқиғалар Жетісу облысында орын алып отырған. Оның жазуынша, облыстың Беловодск деп аталатын орыс ауылының шалғы, айырмамен қаруланып алған шаруалары қазақтың 700 шамалысын ұстап алып, қорқытып-үркітуге кіріскен. Полиция қорғағанның орнына керісінше мұжықтарды қазақтарға айдап салған. Ақырында бір сағаттың ішінде орыс мұжықтары 517 қазақты жайратқан. Осындай қатыгездіктерден кейін қазақтар мұжықтардың ауылдарын шауып, қиратып, 517 өлген қазақтың кегін алғандығы айтылды. Мұндай оқиғалардың 1916 ж. қазақ даласында көптеп орын алғандығын да атап өтеді. Ол көтерілістен кейін орыстардың жазалауынан қорқып Қытайға қашқан қазақтардың жағ-

дайларының мез еместігін, онда қытай ұлықтарынан қысымшылық көріп отырғандығын да ашық келтіреді [43].

Қазақстан Орталық Кеңес комитетінің төрағасы Жалау Мыңбаев та «Еңбекші қазаққа» жарияланған мақаласында 1916 ж. көтеріліске өзіндік баға берді. Ол осы көтерілісте ұлт қозғалысы түрліше болды деп тұжырымдап, оның мәнісін түсіндірді. Көтерілістің шығуына шаруа, мәдениет жөнінен езілуі себеп болды дей келе, мысалдармен дәлелдеп көрсетпекке тырысты. Сонымен қатар қазақ оқығандарының көтерілісшілерге қолдау көрсетпей, керісінше қарсы болғандығын, үкіметке жәрдемдесіп, қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына баруға үгіттегендігін, қозғалысқа панисламшылдық қозғалысы қатынасқандығы, бұлардың жиһангерлер соғысында Ресейдің жеңіліп, қазақ-қырғыз елінің түрік үкіметіне қосылуына тілеушілердің қатарының ел арасында аз болмағандығын да келтіреді [44].

1916 ж. көтерілістің 10 жылдығына орай Қызылордада 2 аудандық жиналыс өткізіліп, онда осы мәселеге байланысты бірнеше баяндамалар тыңдалады. Бас баяндаманы жасаған Ә.Байділдин көтеріліс барысына тоқталмас бұрын бірінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын сипаттап, сол кездегі халық шаруашылығының күйзеліске ұшырағанын және өнеркәсіп орындарындағы қазақ жұмысшыларының адам төзгісіз ауыр жағдайда өмір сүргендіктерін айтып өтті. 1916 ж. көтерілістің шығуының бірден-бір себебі — осы бірінші дүниежүзілік соғыстың талабынан туындады дей келе, патша үкіметінің ұлттарға қатысты ұстанған әділетсіз саясатын ашып берді.

Ә.Байділдин ұлт-азаттық көтерілістің себептерін былайша бөліп көрсетті:

- Қазақ жерлерінің есепсіз алынып, келімсектерге берілуі;
- Соғыс есебіне алым-салықтардың мөлшерден тыс көбеюі;
- Жоғарғы билеуші ұлықтардың (қазағы да, орысы да бар) зорлық-зомбылығы;
- Қара жұмысқа ілінгендердің тізімінде бай-болыстардың балаларының болмауы.

Ә.Байділдин 1916 жылғы көтерілісті «ұлт, тап көтерілісі» деп тұжырымдай отырып, оның жеңілуінің себебін ашып берді. Оған көтерілісті аяғына дейін ұйымдастыратын жақсы басшының болмауын, көтерілісші-

лер арасында бай тап өкілдерінің де болып, олардың кейбіреулерінің сатқындыққа баруын жатқызды және осы көтеріліс барысында қарапайым халыққа кімнің дос, кімнің қас екендігі айқындалғанын, бұл олардың саяси сезімдерінің оянуына түрткі болғандығын атап өтеді.

Ол «1916 жылғы көтеріліс патша үкіметінің қулығынан болды» деген пікірге қарсы дау айтты. Сол пікірлерге қатысты өзінің ойын: «Біздің ойымызша, олай емес. Халық патша үкіметінің отаршылық саясатына, әкімшілік тәртібіне қарсы болды. Көтерілістің негізгі себебі осы» деп түйіндейді. Патша үкіметінің қазақты соғысқа емес, қара жұмысқа алу себебін оларға қару-жарақ беруден қорыққандығынан деп түсіндірді.

Газет баяндаманы негізге ала, осы көтерілістің тарих үшін аса маңызды екендігін ескеріп, мынадай қаулы қабылдайды:

1. Партия ұйымындағы барлық бұқараны 1916 жылғы көтерілістің саясат, шаруашылық, тапшылық негіздері себептерімен таныстыру үшін барлық партия ұйымдарында бұл туралы баяндамалар жасап, науқан жүргізілсін;

2. Қазақстанның өлкелік партия комитеті 1916 жылғы көтеріліс туралы мағлұматтарды неғұрлым көбірек жинап, қалың қара бұқара алып оқығандай арзан, түсінікті тілде жазылған кітапшалар бастырып таратсын [45].

Газеттің №166 санына 1916 ж. көтеріліске қатысқан Нұғман Манаевтың естелігі жарияланып, 25 маусым жарлығына орай халықтың патшаға «соғысқа бармауға» арыз етпек ниеттерін білген әкімшілік шенеуніктері «алмайтын болды» деп айлаға көшіп, артынан жазалаушы отряд жібергендігін (оқиға Орал облысы, Елек уезі, Жиренқопа болысында болған — С.С.), олардан әзер қашып құтылып, қамысты көлді сағалағандығын айтады. 25 маусым жарлығына орай «адам жинау» мәселесі бойынша Ақтөбеде болған съезд барысына да тоқталған. Оның айтуынша, бұл Ақтөбедегі съезге Орынбор мен Торғайдан мыңнан аса өкілдер келген. Съезд жұмысына «Қазақ» газетінен Міржақып Дулатов пен Елдес Омаров қатысқан.

Н.Манаев осы съезден және кеңестен кейін оқиганың қалай өрбігеніне тоқталады. Ол қара жұмысқа бармау үшін ауылнай, болысқа ақша беріп, жастарын ұлғайтып немесе азайтып алғандар туралы қауесеттің халық арасында кең тарағандығы туралы келтіреді [46].

Ұлы Қазан төңкерісінің он жылдық мерейтойына арналған «Бүгін

октябрьдің төрті» деп аталатын мақалада 1916 ж. қазақ елі жаман шығындалып, малы да, жаны да рәсуа болғанын, қанша жастардың қыршын болып оққа ұшқанын, бейнетке салынғанын, ұлт басына іс түскенде қазақтардың көбі сыналғанын айтып, бұл сынға кімдер іліккендігін де нақты көрсетіп берді. «Алдымен жаңалықты көкसेген қазақтың «қазақшыл» байына сын болды. «Ұлым, алашым, қазағым» дейтін қазақтың «ұлтшыл» оқығанына сын болды», — дей отырып, байлар да, «ұлтшыл» оқығандар да қазақ ұлтын бастай алмағандығын, елдің жігерін құм қылғандығын келтірсе [47], Қазақстан сауда комиссары Аспаңдияр Кенжин «1916 жыл» атты мақаласында дүниежүзілік соғыс тек Ресей мемлекетіне ғана ауырлық әкелмей, оның қол астындағы «бұратана» атанған елдерге де зиянын тигізгендігін айта отырып, 1916 жылғы көтерілістің не себепті болғандығын ашып береді. Ол мақаласының бастапқы кезде патша үкіметі «бұратаналардан солдат алмаймыз» деп шешім қабылдауы, бұратана халықтарды менсінбеушіліктен, тең көрмегендіктен, егер солдат ала қалса олардың қатарға қосылып кетуіне күмәндануынан, екіншіден, бұратаналарға қару-жарақ беруден қорқуынан болды деген қорытынды жасайды. Бұратана атанған халықтан қара жұмысқа алу барысы заң жүзімен жүргізбей, алауыздыққа жол беріліп, патша жарлығымен алынған жігіттерді майданға апару барысында дұрыс ұйымдастырушылық болмай, оларды қойша поезға тиеп, кейбіреулері жарты жолда адасып, жолдастарынан айырылып, тіл білмеуінен түрлі жағдайларға тап болған. А.Кенжин осындай келеңсіз жәйттерді болдырмау үшін қазақ жігіттеріне бас-көз болуға тілек білдірген қазақтың оқыған азаматтары өздері тіленіп, майданға аттанып, жол сілтеуші, бастаушылар болғандығын келтіре отырып, мұндай адамдардың қатарынан Темір уезінен Исламғали Құрманұлын атайды. Алайда осы жерде автор кейбіреулердің бас пайдасы үшін жол басшы болғандығын жасырмайды.

А.Кенжин қара жұмыстағы қазақ жігіттерінің жағдайына көбірек тоқталған. Олардың киімі кірлеп, азып, ашығып, күйісі кеткен, орыс басшыларының ұрыс-керісін естіп, қиналған шағында қазақ оқығандары қол ұштарын беріп, елімен, жерімен хабарласуына, Ақпан революциясынан кейін елге аман-есен қайтуына жағдай жасағандығын нақтылай көрсетеді. Бұл жерде ол кеңес үкіметі кезінде қуғындала бастаған Алашорда мүшелерінің 1916-17 жж. қызметін айқын айтып отыр [48].

Кеңес қайраткерінің бірі Т.Рысқұлов Түркістандағы 1916 жылғы

көтерілісті тарихтағы ең үлкен оқиға қатарына жатқызды. Көтерілістің 10 жылдығына орай «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған «1916 жылғы көтеріліс», «Төңкеріс және қазақ халқы», «Қызыл Қазақстан» журналына жариялаған «1916 жылғы қазақ, қырғыз көтерілісі», «Социалды Қазақстан» газетіне жариялаған «Түркістан мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс» және «1905 жылғы революция және қазақ еңбекшілері» сияқты мақалаларында оның шығу себептерін, барысын жан-жақты айқындады.

«Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған «1916 жылғы көтеріліс» деген мақаласында қазақ жерінің жаппай мемлекет қазынасына алынып, орыс шаруаларының қоныстандырылуы, қазақтардың шөл, шөлейт жерлерге ығыстырылуы, пайдалы қазбаларымыздың орыс пен шетел капиталистерінің табысына айналуы, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендетіп жіберілуі көшпелі қазақтардың ашу-ызасын туғызып, көтеріліске итермеледі дейді. 1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығын қазақтың қолында байлығы бар төрелері мен интеллигенция тобы көтерілісті қажетсіз, бұл жайтты бейбіт жолмен шешуге болатындығын насихаттағандығын баса көрсете отырып, Сырдария, Жетісу және Қазақстанның тағы басқа облыстарында болған қазақтардың көтерілісін талдай, баға береді. Оның мәлімдеуінше, Жетісу облысынан қара жұмысқа 43 мың адам алынбақтығы жоспарланған. Алайда облыс генерал-губернаторы Фольбаумның бұл бұйрығына мойынсұнудан бас тартқан қазақтар адам аяғы бастпайтын тау арасына барып жасырынған. Тіпті көпшілігі Қытай шекарасын асқан [49, 144-165-66]. Жетісу қазақтары 1916 ж. патша жарлығына мойынсұнбай Қытай жеріне үдере көшкендігін М.Тынышбаев 1917 ж. «Қазақ» газетінде жариялаған мақаласы да растайды.

Т.Рысқұлов Фольбаумның Жетісуда көтеріліс басталмастан бұрын облыстағы барлық әскерлерді есепке алып, оларды көтеріліс қаупі бар орындарға күні бұрын бөліп, дайындағандығын, сөйтіп алдын ала сақтық қамына кіріскендігін дәлелді құжаттармен келтіреді. Орыс әскерлерін алдын-ала көтерілісшілерді басу үшін мылтықпен, тіпті зеңбірекпен қаруландыру қажеттігі жөнінде жеделхаттардың генерал-губернаторға жөнелтілгендігін де атап өткен. Көтеріліс басылғаннан кейін оған қатысқан қазақтар жан сауғалап, өз өңірлерін тастап, босқаннан облыстағы үй

санының 29,12 пайызға азайғандығын, жалпы облыс 1916 ж. көтеріліс барысында барлығы 273 222 адамға кемігендігін айғақтайды.

Ол 1916 ж. Сырдария облысында болған көтерілістердің ішіндегі ең күштірек болған көтеріліске Әулиеата уезіндегі Мерке көтерілісін жатқызды. Өйткені бұл уезден қара жұмысқа 22 675 қазақ алынбақ болған еді. Меркеде Ақкөз сияқты көтеріліске басшы болған қазақтардың патша үкіметі тарапынан өлім жазасына кесіліп, орыс мұжықтары қазақ ауылдарын қиратып, малдарын айдап әкеткендігі, тіпті кейбір қазақ оқығандарының да орыс мұжықтарының қатарына қосылып, көтеріліске қатысты-ау деген қазақ ауылдарын шапқандығы турасында мәліметтер келтіреді [49, 144-149-бб].

Көтерілістің шығуының негізгі себептеріне патша өкіметінің Қазақстан мен Қырғызстан жайында қолданған күшті отаршылық саясатын және осы саясаттан туындаған терең қайшылықты жағдайларды, Ресейдің дүниежүзілік соғысынан қарапайым халықтың әбден әлсіреуін жатқызды. Бұл әлсіреу екі халықтың қара бұқарасына патша үкіметінің билігінен құтылу қажеттігі туралы пікірді туындатты дейді. Бұл жерде қайраткер қазақ-қырғыз халықтарының неліктен патшаның отаршылдық саясатына қарсы бел бумақ болғандығын да талдап көрсетті. Оның жазуынша, Қазақстан мен Қырғызстан жерлері патша үкіметінің «халықтар түрмесі» атанған ең қараңғы, қиыр шеттегі аймағы еді.

Патша үкіметінің қазақ пен қырғыздың жерлерін иемденіп алу себептерін де ашып көрсетеді. «Патша үкіметі «Оралдың сыртына шығу» талабында болды. Сондағы тап мақсаты біріншіден, Оралдың ар жағындағы халықтарды қолдану, малдану еді десе, көз тігуінің екінші себебіне олардың қойнауларындағы шикізат пен жері екендігін келтіреді. Алайда екі елді билеп тұрған кездерінде солардың жергілікті кәсіптерін де мәнді өркендете алмағандығын, Орта Азия мен Ташкент теміржолдарын салғызып, тау кәсібінің кейбір түрлерін, мақта егістерінен өнген бұйымдарды істеп шығару жұмыстарынан басқа берекелі түк жұмыс бітірмегендігін, қазақ-қырғыздардың мәдени өркендеуіне, олардың алға басуына бөгет болғандығын, бай, билердің, манаптардың үстемдігін көтермелеп, шенеуніктер мен жергілікті әкімдердің заңсыздықтарына толық мүмкіндік бергендігіне ашынады.

Т. Рысқұлов 1916 ж. дейін Қазақстан мен Қырғызстаннан қанша миллион десятина жердің қоныстандырушылар үшін күштеп алынғандығын

және осы жерлерге қанша орыс поселкелерінің салынғандығын дәл көрсеткен [50].

Мақала барысында көтеріліс басталғаннан кейін қара бұқара мен қазақ-қырғыз төрелерінің арасында туындаған қайшылықтарды айқындауға тырысады. Ол бастапқы кезде көтерілісшілердің қарқынынан қорқып, еріксіз көтерілісті жақтаған әділдердің көтерілістің беті қайта бастаған кезде екіжүзділік жасап, өздерінің «ақ патшаға» құлдықтарын, бұйрық-жарлықтарына мойынсұнатындарын көрсетуге тырысқандығын, сөйтіп үкімет әкімдерінің алдында сенімді болып көрінуге әрекеттенгендігін сатқындыққа балайды.

Т.Рысқұлов көтерілістің ең алғашқы әрекеттерін де сипаттаған. Оның көрсетуінше, бұл топ-топ болып жергілікті әкімдердің жасаған майданға алынатындар тізімі мен салық тізімдерін жою үшін кеңселерді қирату, сол тізімдерді жасаған би-болыстарды өлтіру болған.

Қырғыздардың кейбір ру басылары мен манаптары, белгілі ақсақалдары көтеріліске басшылық та жасаған. Мәселен, ол манап Шабданның балаларын атаған. Негізінде кейінгі зерттеушілердің көрсетуінше, көптеген бай-манаптар патша үкіметін қолдамай, көтерілісті бастаушы, тіпті сол көтерілістің соңына дейін жүргендер де болған. Қазақ-қырғыз саяси байланыстар тарихын зерттеген тарихшы ғалым А.Махаева бұл көтерілісті басқару үшін қазақтар мен қырғыздар арасынан төрелер мен манаптардың әйгілі батырлары мен билері, бұрын болыс болғандар немесе болыс болып істеп жатқандардың да атқа қонғандығын жаза отырып, қырғыздарда хан сайланғандар және көтеріліске жетекшілік жасаған манаптар мен манаптардың балаларын, билерді атайды. «Олардың қатарында Қыдыр манап, Қанат Ыбыкеұлы, Шабдан манап ұлдары — Мокуш, Самдүдүн, Кемел, Жантай манаптың немересі, Шабдан манаптың інісі — Ыбырайым Төлеқажыұлы (Ы. Төлкенов деп те аталады) т.б. болды.

1916 ж. қазақтарға елшілікке келетін, осы көтеріліс жөнінде тарихи маңызы зор мәліметтері бар «Қырғыз-қазақ тарихының» авторы Белек Солтонаев та Атаке болысының басқарушыларының бірі болатын», — деп жазады [51, 276-277-66].

Т.Рысқұлов 1916 жылғы көтеріліске байланысты «Қызыл Қазақстанның» 1926-27 жылдардағы нөмірлеріне де жариялаған «1916 жылғы көтеріліс» деп аталатын көлемді ғылыми мақаласында Түркістан гене-

рал-губернаторы Куропаткиннің патша жарлығы бойынша Түркістан өлкесі облыстарынан қара жұмысқа алынатындардың нақты санын жариялауы, елдің ішінде патша жарлығына әлі де болса жете түсінбей, «бұл алыпқашты сөз екен, мұсылмандардан алынбайтын болыпты» деп бірін-бірі сендіріп, тыныштана бастаған халықты тағы да дүр сілкіндіруінің себебін айқындап береді. Ол халықтың қара жұмысқа бармауға қарсы көтерілуінің бір себебі — оларға аталған патша жарлығының дұрыс түсіндірілмеуінен де болды дейді [52, 110-115-66].

«Социалды Қазақстан» газетіне жарияланған «Түркістан мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс» атты мақаласында Жетісудағы қазақ-қырғыз көтерілісінің нақты болған мезгілін тамыз айы деп көрсетеді. Жетісу облысының генерал-губернаторы Фольбаум Жетісу облысын 17 соғыс учаскесіне бөлген. Сол учаскелердің әрбіреуіне бес мыңнан аса жаяу және бір мыңдай атты әскер қойған [53]. Ол жазалаушы орыс отрядтарының озбырлық әрекеттерін айқындап береді. Осы отрядтардың тау арасында жасырынып жүргендерді аңша аулап, қырғандығын, әскер күші жетпеген жағдайда орыс шаруаларын қаруландырып, бейбіт халыққа қарсы қойғандығын нақты жауыздыққа жатқызды [54, 144-165-66]. Сонымен қатар Ыстықкөл алабындағы көтерілісшілер арасында жергілікті орыс қара шаруаларынан бір адамның болғандығын да атап өткен. Бұл қара шаруаның көтерілісшілерге тілектес болғандығынан дейді [55].

Т.Рысқұлов қырғыз жеріндегі көтерілістің қалай өрістегендігіне кеңірек тоқталды. Пржевал қаласында орыстарға қарсы көтерілген дүнгендер аяусыз басылып, генерал Куропаткин Пржевал мен Пішпек уезінің тауларына тығылған қазақ-қырғыздарды жазалауға, Ыстықкөлдің барлық жағалауын, Кебеннің алабын біржола алып, көтерілісшілерді Нарын маңайына тауға қарай жіберуге бұйрық берген. Атбасы өлкесіне қашып, тау арасына паналаған көтерілісшілер үкіметтен кешірім өтініп, өз жерлеріне қайтуға рұқсат сұраған кезде, орыс әкімшілігі Атбасы учаскесінде қалса, тиіспейтіндіктерін білдірген. Олардың бұлай істеу себебін Т.Рысқұлов Ыстықкөл маңы мен Жаркент уезінің оңтүстік шығыс жағындағы жақсы жерлерді өздеріне алып, орыс мұжықтарына беруді көздегендігінен деп түсіндірді. Орыс әкімшілігі қырғыздардың жақсы жерлерін алып, Пржевал мен Пішпек уездерінен болмашы жер кесіп беріп, жаңадан Нарын уезін құрмақ та болған. Осы жоспарларын жүзеге

асыру үшін Ташкеннен әдейі адамдар жібереді. Алайда бұл істеріне 1917 жылы Пржевалда болған төңкеріс кедергі келтірді.

Оның есебінше, 1917 ж. қаңтарына дейін халық саны 270,632 адамға кеміген. Бұлардың 259 мыңы Қытайға қашқан. Алайда ол жаққа барғандар Қашқардың қарлы боранына шыдамай, сол жылдың наурызында еліне қайтып оралған. Босқындардың халдары аса ауыр болған. Орыс әскерлерінен қашқан кезде егіс жерлері жиналмай, малдары сол жаюлы жерлерінде қалғандықтан, қолдарында еш нәрсе болмаған [56, 67-75-66].

Қазақ-қырғыз көтерілісшілерінің патша тарапынан қырғынға ұшырап, қашуына ел ішіндегі жергілікті байлардың, ұлтшыл оқығандардың және сатқындардың да себебі болғандығын автор бірнеше мысалдармен көрсетті.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туыс екі ел — қазақ пен қырғыз арасындағы ынтымақ-бірлікті нығайтты. Т.Рысқұлов аталған мақалаларында көрсеткендей, екі елдің халқы да бір тілекпен, бір мақсатпен бірлесе көтеріліп, отаршыл Ресей патшалығынан жерін, тілін, дінін, ділін аман сақтауды көздеді.

Қырғыздардың 1916 жылғы көтеріліске қатысуы мен осы көтерілістің басшыларының бірі Қанат (Қанағат) Әбукеұлы туралы І.Жансүгіров «Жаңа мектеп» журналына жарияланған көлемді мақаласында жан-жақты тоқталды. Автор 1916 жылғы қырғыз жеріндегі көтеріліс барысын Пішпек уезі, Абайлда болысының қырғызы Қанат Әбукеұлының патша сотында берген жауабына және мұрағат деректеріне сүйене отырып, жеткізуге тырысты.

І.Жансүгіров, біріншіден, Қанаттың қандай уездердегі көтерілісшілерге басшылық жасағандығын, екіншіден, көтерілісшілерге қарсы патша үкіметінің жіберген жазалау отрядының айуандығын, үшіншіден, көтерілісшілер мен патша әскерлерінің арасындағы қақтығыс барысын, төртіншіден, көтеріліске қатысқан қырғыздардың жазалануын айқындап бермекке ұмтылды. Ол Қанаттың Пішпек уезіндегі Шу бойындағы, Тоқбақ ауданындағы, Қошқар өлкесіндегі қырғыз көтерілісінің жетекшісі болып, осы жерлерде көтерілісті ұйымдастырып, 4-5 болыс елді қаратқандығын айта келе, Қошқар-Шу бойындағы Столыпин деген орыс ауылын тартып алып, бұл жерді қырғыз жастарының орталығы қылып, төңірегіндегі орысқа шабуыл жасап тұрғандығын келтіреді.

І.Жансүгіров Қанат Әбукеұлын патша үкіметіне ұстап берген қырғыздар туралы да мәлімет береді. Оның жазуынша, Қанаттың ұсталуына Құрман мен Ысқақ Лепесұлдары мұрындық болған. Ысқақ Қанаттың өзін де, баласын да ұстап беріп, баланы орыстар дарға асқан. Қанат Алматы абақтысына әкелініп, көтеріліс басшысы ретінде соғыс-дала сотымен тергеуге алынған. Автор соттың Қанатқа қандай кесім еткені мәлімсіз екендігін айтады. Оның сот үрдісі аяқтала бергенде абақтыда белгісіз, «өзі өлді» қылып жұмбақ жағдайда бір түнде жоқ қылғандығын да келтіреді.

Қанат Әбукеұлынан жауап 1916 ж. 20 қарашасында Алматы қаласы жеке корпусы жандармдарының ротмистрі Железняков пен тілмаш Ыбырайым Жайнақовтың қатысуымен алынған. Жауап барысында Қанат бұл көтерілістің шығуына себеп болған жағдай жөнінде айтқан. Оның біріне сайлау барысындағы ұрыс-жанжал, түсініспеушілік, парашылдық, орыс әкімшілігі тарапынан жүргізілген әділетсіздік, озбырлық аталынып, тіпті нақты мысалдар да келтірсе, екінші себебіне елге салынған салықтардың (земски сбор, шаңырақ ақша, жәрдем сияқты салықтар мен ұлық шығындары) түрінің көбеюін және бағасының күннен-күнге өсуін, әр болыста әрқалай салынатындығын атайды. Көтерілістің шығуының үшінші себебіне ұлықтардың шектен тыс өктемдіктерін жатқызған. Төртінші себепке қырғыз жерінің тонауға алынып, қазынаға кетуін, бесінші себепке келімсектерді жайластыру жұмысында істеуші жұмысшыларды иттей ұстап, ұрып-соғуын атайды. Сонымен қатар қырғыз-орыс арасында алакөздіктер туғызып отырған фактілерді де себепке жатқызады.

Орыс қоныстанушы шаруалары қырғыздың малын қуып алып, олардан ақы төлеуді талап ететін жайттарға де орын берген. Қанат Әбукеұлының айтуынша, орыс шаруалары мен казактар жоғалған малдарын уезд бұйрығымен елге төлетуді әдет қылған. Бұдан қаланың орысы өтіріктен «мал жоғалдыға» салып дәнниккен. Көтерілістің келесі шығу себебіне, «жұмысшы аламыз» деген патша жарлығының жариялануын жатқызды. Елде соғыс есебінде алымның өсуі және «жұмысшы алынуы» туралы хабардың өсуі, оның үстіне би-болыстардың орыс әкімдерімен бірге елге қоқан-лоқы көрсетуі қырғыздардың ашу-ызасын келтірген.

І.Жансүгіров бұл мақаласында Қанаттың жауап барысында одан әр болыстарда «қара жұмысқа іліккен жастар» жиылып, Қытайға қашуға сөз байласқанын, бұл жиылыстарға халықтан қорыққан манаптар да еріксіз қатысқандығын келтіреді.

Мақаланы жазу барысында І.Жансүгіров Жетісу мұрағатындағы 1916 жылғы қазақ-қырғыз көтерілісі туралы құжатқа сүйенген [57, 31-42-бб]. Жалпы автор осы мақала арқылы қазақтар мен көрші қырғыз халқының патша жарлығына қарсы бір мезгілде көтерілгендігін және бір-бірімен тығыз байланыста болғандығын дәлелдеп берген.

«Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы №11-12-13 (бұл нөмірлер бірлесіп шығарылған — С.С.) сандарында «Торғай уезіндегі 1916 жыл уақиғасы» атты «Торғайлық» деген бүркеншік автордың көлемді мақаласы жарияланып, оның мақаласының басы «Татыр соғысы» деп аталып, онда маусым жарлығына қарсы келгендерді басуға Торғай уезі басшысы Ткаченконың басшылығымен 80 шамалы атты казактардың шығып, елді дүрліктіріп, ұсталғандарды ұрып-соққандығы айтылады [58, 49-50-бб.].

Ткаченко Қостанайға кеткен соң, аталған болыстың қазақтары, біріншіден, зығырдандарын қайнатқандықтан, екіншіден, жазықсыз адамдарды ұстап алып, қорлағандықтан және сол ұсталғандарды аман қалдырмайтындығын сезгендіктен оны жолда тосып алып жазалау қажет деп шешкен. Мақалада Ткаченконың әскерлері ғана емес, Дон казактарының да атты әскерлері халықты қорқытып-үркіткендігі келтірілді. 5-6 қазанда Торғайдан 40 шақырым жердегі Татыр деген көл маңайында казактар мен қыр қазақтары арасында қақтығыс болып, жақсы қаруланған казактар жергілікті халыққа оқ жаудырып, қашқандарын қылышпен турап тастаған. Казактардың өзінен бірнеше адам шығын болады.

Мақалада Ткаченконың Татырда мұндай бүлік жасаған көтерілісшілерді, ол осы көтеріліске басшы болғандарды ұстап, жазалауға кіріскендігі, бір айдан соң Торғайды шапқандығы айтылады. Жалпы бұл мақалада Торғай өңіріндегі жазалаушы отрядтардың қазақтарға істеген жауыздықтары айқындалды [58, 51-б.]. Автордың Татыр соғысы жайлы жазған мәліметін мұрағат құжаттары да растайды. Президент мұрағатында сақталған осы Татырдағы жағдай жайлы Ғаббас Саламатұлының естелігінде қазан айында патша әскерлері мен көтерілісшілердің арасында болған қақтығыста сарбаздардың көпшілігі қаза тауып, аман қалғандары үйін тастап қашуы, ұсталғандардың жазалануы жайында айтылған [59].

1916 ж. көтерілістің патша отаршылдығына қарсы бағытталған көтеріліс болғандығы журналға жарияланған Жантілеуұлының мақаласында жан-жақты талдана айтылды. Автор 1916 ж. көтерілістің не-

гізгі себептеріне тоқтамас бұрын XIX ғасырда қазақ жерінде болған Кенесары көтерілісінің шығуының түпкі сырын түсіндіруге тырысады. Сөйтіп 1916 жылғы көтерілістің басты себебі: «...патша үкіметінің отаршылдығы, Қазақстан жерін бірте-бірте тартып алушылығы, осы себептен шаруалардың жағынан көрсеткен қысымшылығы», — дей отырып, Қазақстан отаршылдықтың үш дәуірін бастан кешіргендігін нақтылап көрсетпекке әрекеттенеді. Ол бірінші кезеңге XVI ғасырдың аяқ кезін жатқызады. Мақалада жазылғандай, бұл ерікті отаршылдық дәуірі болған. Екінші кезеңге XVIII ғасырдағы әскери-әкімшілік күштермен болған отаршылдықты, үшінші кезеңге XIX ғасырдың соңғы жылдарынан 1917 жылға дейінгі аралықтағы келімсектерді көшіру және қоныстандыру саясаты жүргізілуін жатқызады.

Бұл үш кезеңде де патша үкіметінің қысымшылығына шыдамай көтерілгендер үкімет тарапынан аяусыз басылды дей келе, 1916 жылғы көтеріліске мынадай қорытынды береді: а) көтеріліс жалпы Қазақстан көлемінде, ұлт қозғалысы түрінде болды; б) көтерілістің себептері патша үкіметінің отаршылдық саясаты, ұзақ уақыттар қазақ халқын езуі, саяси құқықсыздандыруы; в) үкіметтің әкімдері көтеріліске қатысқандарды ғана жазаландырған жоқ. Көтеріліс сылтауымен жай жатқан қазаққа да не түрлі зорлықты істеді. Қазақтың өзінен шыққан әкімдер, ел билеушілер көтерілістен көп олжа тапты. Ұятсыздықтың шегінен шықты; г) 1916 жылғы көтеріліс, расында, негізінде тап көтерілісі, бірақ тапшылық сезімі болмағандықтан қазақ кедейлері мұның ішкі мазмұнына ол уақытта түсінген жоқ [60, 173-174, 179-180-66]. Жантілеуұлының көтеріліске берген қорытындысы нақты берілген баға.

Ұлт-азаттық көтеріліс мәселесіне қалам тартқан қазақ қайраткерлерінің бірі — Темірбек Жүргенов 1916 жылғы көтерілісті «ауылдың қалаға қарсы көтерілісі» деген пікірде болды. «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында бұл көтерілістің неліктен шыққандығын сипаттап берді.

Автор 1916 жылғы көтерілістің шығу себептерін анықтамай тұрып, қазақ даласына салынған қалалар жайына тоқталды. «1916 жылғы қазақ көтерілісі — ұлт көтерілісі еді. Өйткені наразылықты тудырған үкімет озбырлығы, капитал құлдығы қазақ еліне қатты батты, бүкіл қазақ елі зорлық көрді. Әрине, үкімет озбырлығы, капитал ауырмалығы, әсіресе аз руға батыңқырады» десе [61], Міржақып Дулатов қазақ зиялыларының

неліктен қазақтарға патшаның қара жұмысқа алу туралы жарлығына қарсы шықпай, олардың айтқандарына көну керектігі турасында айтуларының себебін түсіндіруге тырысты [62].

Ол сол кездің өзінде қазақ жұртының алдында екі жолдың тұрғандығын, оның бірі — патша өкіметіне қарсы шығып, қара жұмысқа бармау да, екіншісі — патша жарлығына көну болғандығын атап өтеді. Оның айтуынша, бірінші жол таңдалса, халық қанға боялады, екінші жолмен жүрсе, қара жұмысқа барғанымен, ел тыныштығын сақтап қалады. Міне, зиялылардың ымыраға келу, яғни екінші жолды таңдау қажеттігін ұстанғандығы сондықтан болғандығын айтады. «...біз екінші жолды қаладық — көну керек дедік. Осыған бел байлағаннан кейін елге көзіне айтатын сөзіміз де, басшылығымыз да осы бетте болды», — деп жазды мақалада.

М. Дулатов мақаласында патшаның маусым жарлығына көну қажеттігін, өйтпеген жағдайда халық үкімет тарапынан жазаға ұшырайтындығын 1916 жылдың өзінде-ақ қазақ зиялылары «Қазақ» газетіне жариялағандығын да атап өтті. Елден әскер алмаудың амалын іздестіріп, неше түрлі сылтаулармен уақытты соза беруге тырысқандықтарын да жасырмады.

М. Дулатов көрсеткендей, қарапайым қазақ зиялы азаматтардың сөзін дұрыс түсінбей, патша жарлығын жариялаушыларға қарсы шығып, тіпті қырға келген орыс тілмаштарын өлтіріп, жағдайды ушықтырып жатты. Осындай жағдай жиі-жиі орын алып жатқан кезде М. Дулатов Ақтөбе жаққа барып, халыққа үкімет жарлығына көнудің себебін түсіндірмек те болады. Елде ауыл қазақтары атқа мініп, патша жарлығын орындамақ болған би-болыстарға, шенеуніктерге, жергілікті үкімет билігіне қарсы бас көтеріп, орыс әскерлерімен жиі-жиі қақтығысып та жатты. Патша үкіметі қазақ даласына жазалаушы отрядтарды да аямай төгіп, бейқам жатқан ауылдарды қанға бояды. Көтеріліске қатысты дегендерді ұстап алып, аяусыз жазалады. М. Дулатов газет арқылы «он айға жетпей патша өкіметі құламаса, Ресейде ұлы төңкеріс болмаса не болар еді» деген қорқыныштың болғандығын да жасырмады [62].

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің орталығы болған жерлер Жетісу мен Торғай облысы. М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған «Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы» деген мақаласында 1916 жылы Торғай уезінде халыққа түскен ауыртпалық барысын баяндады.

Қара жұмысқа алуға шақырылғандарды дәрігерлік тексерістен өткізу кезінде кейбір келеңсіз жайттарға жол берілгендігін де баса келтірді [63].

«Ауыл» газетіне жариялаған мақаласында ол Торғай қазақтарының көтеріліске қатысу барысына тоқталып, Торғайға қарасты Қараторғай болысы қазақтарының көтерілуінің бірден-бір себебі патша жіберген шенеунік пен қазақтардың өзара түсініспеушілігі екендігін айқындады. Патша әскерлерінің жүрген жерлеріне зорлық-зомбылық етіп, әйелдерге шейін жәбірлегендігі, 60-тан аса адам «елге жел берушілер» есебінде тұтқындалғандығын, олардың әбден қорлық көргендігін де ашып берді [64]. М.Дулатовтың бұл мақалалары 1916 жылғы көтеріліс мәнін түсінуде бірден-бір құнды дерек болып табылады.

Қазақ зиялыларының бірі Сейітқали Меңдешев те 1916 жылғы көтерілістің шығуының себебі елдің басына түскен ауыртпалық, патша үкіметінің қанау саясатының күшеюі, көтерілістің басталуына 1916 жылғы 19-31 жас аралығындағы қазақ жастарын қара жұмысқа алу туралы патша жарлығы түрткі болды деп көрсеткен. Патша үкіметі бұл көтерілісті орыс халқына қарсы бағытталған көтеріліс деп бағалап, қазақ пен орыс және басқа ұлттар арасына от жағып, іріткі салғандығын да нақтылады. Сөйтіп ұлттар арасында қақтығыстар шығып, бірін-бірі талағандығы патша үкіметтің әккі саясаты екендігін «Бостандық туы» газетіне жариялаған мақаласында баса айтады [65].

Жалпы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде қазақ халқы үлкен қайғы-қасіретті бастан кешті. Сансыз азаматтар патша үкіметінің қатаң жазасына ілігіп, сотталды, атылды, асылды. Қара жұмысқа алынған жастардың көпшілігі еліне қайтып оралмады. Бұл турада «Жаңа мектеп» журналына жарияланған «Ж.Б.» деген автордың «1916 жылдың Орал губерниясындағы жалпы суреті» атты мақалада: «...қатын-бала, шалшақпыттан басқа адам қалмаған, аздап қалған ақсақ-тоқсақтарының қабағы қатыңқы» дей келе, бұл 1916 жыл қазақ жұрты үшін аса ауыр жыл болғандығын қынжыла жазады [66, 19-22-66].

1916 жылғы көтерілістің 20 жылдығына орай «Әдебиет майданы» журналына жарияланған мақалада бұл көтеріліс қазақ тарихында ұлы оқиға екендігін айта келе, көтерілістің Сырым батыр, Исатай мен Махамбет, Кенесары қозғалыстарынан ерекшелігін атап өтеді [67, 35-37-66].

Академик М.Қ.Қозыбаев «1916 жылғы көтеріліс ел үшін, жер үшін, бостандық үшін, Қазақ мемлекеті үшін, халық болып қазақтың қара жерді басуы үшін айқастың жалғасы екендігін дәлелдей отырып, бұл «қазақ халқының азаттық жолындағы қозғалысы болды» деп тұжырым жасауы [68, 132-б] 20-30-жылдардағы мерзімді баспасөз бетіне басылып шыққан қазақ зиялыларының ой-пікірлерімен үндесіп жатты.

Аталған газеттерде басылған мақалаларда көрсетілгендей, 1916 жылғы көтеріліс Орта Азия мен Қазақстан халықтарының сана-сезімінің оянуына, қазақ халқының отаршыл патша үкіметіне қарсы батыл да, ашық қарсы күреске шыға алатындығын көрсетіп берді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісін қазақ халқы зор қуанышпен қарсы алды. Әсіресе, қазақ зиялылары патша билігін құлатқан бұл төңкерісті жаңа саяси жүйені құруға мүмкіндік береді деп түсінді. 1917 жылғы қос төңкеріс кезеңіндегі оқиғалар да қазақ баспасөз беттерінде терең көтерілді. 20-жылдардың өзінде қазақ зиялылары мен оқыған азаматтары 1917 жылдардағы саяси оқиғаларға баға беруге тырысқан. «Ақ жол» газетіне жарияланған «Қазақ-қырғыз мәселесі» атты мақалада патша саясатының көздеген мақсаты айқындалды. Қазақтың жерін ғана алып қоймай, оның кені мен табиғи байлығына қол сұққан патша үкіметінің билігі халықты ашыңдырып, 1916 жылғы көтеріліске алып келгендігін, оның аяғы 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне, Қазан революциясына ұласқандығы, жан-жақты сипатталды. Жылдың басында қазақ халқы дүниежүзілік соғыс әлегінен әлі де болса құтыла алмай, қолындағы барын үкіметке беруге мәжбір болғандығы, соның салдарынан елде қымбатшылық, жоқшылық туып, оның ақыры ашаршылыққа алып келгендігі оған Түркістан қазақ-қырғыздары, әсіресе Жетісу елі ұшырағандығы ашыла айтылды. Мақалада көрсетілгендей, Ақпан төңкерісінен кейін де бұл өңір халқы аштық зардабынан құтыла алмады. Уақытша үкімет патша саясатын одан әрі жүргізе берді. «Қазақ-қырғыз жерінде орнығып қалған жуан жұдырықтар бұрынғы қожалығын ұмытпай, жылы орындарын суытпай, су жүрек болып қалған халықты бұрынғыдан жаман жанша бастады», — дей келе, бұл әрекеттер Кеңес өкіметі орнаған жылдары да жалғасын тапқандығын дәлелдейді.

Кеңес үкіметі төңкеріс жауларымен жанталаса күресіп, негізгі жобаларын жүргізуге жетісе алмай алаң болып жатқан кезде жергілікті отарлаушылар өздерінің мақсаттарынан бас тартпай, қазақ жерін тонамақ

болғандығын, бұрынғы бай-билер, атқамінерлердің бірсыпырасы түсін бояп, тонын айналдырып киіп, өтірік коммунист болып, «менікі-сенікі» жоқ дегенді бетке ұстап, халық билейтін мекемелерге мықты орнығып, баяғы тіске жұмсақ қазақты жем қылып, жүрегін жалғауға кіріскендігі баса көрсетілді.

Автор Түркістан уалятында қазақ-қырғыз зиялыларының билікке белсене кірісе алмауының себебін, біріншіден, олардың санының аздығынан, екінші, саясат толқыны оларға жол бермегендіктен деп пайымдады [69].

«Жас қайратта» жарияланған «Октябрь төңкерісі қазақ-қырғызға не берді?» деген мақалада қара халықты сүліктей сорып келген ақ сүйек байлар мен күш көрсеткен шенеуніктердің шаңырағын ортасына түсірген төңкерістің халыққа не бергендігі жан-жақты саралана көрсетілді. Бұл Қазан төңкерісінен қазақ-қырғыздар мынадай мүмкіншіліктерді алған: 1) Жалпы қалың бұқараның халық екенін көз алдына көрсетті; 2) Саясат, шаруашылық оқу қадірін білдіріп, қолына берді; 3) Жер-су, атақонысынан айырылған қазақ жұрты жеріне ие, келешек отаршылар қолы болған, жалшылықтарын ұстатып өзара өкімет қожасы қылып, ұрылар арасынан шыққан кеуделі сұмырайларды, парақорларды, бәлеқорларды, тілаштарды таныстырды; 4) Мәдениетін көтерді, жаңадан мектеп ашты. Жаңа өспірім жас буындарын тәрбиелеп, жаңа бақыт, жаңа ниетке шақырып, олардың оқуына кең жол ашты; 5) Бассыз, бытыраңқы, белгілі тәртібі жоқ, кім көрінгеннің олжасы болып, талабы, мақсаты, бір жерге қосылмай жүрген жұрттың басын қосып ұйымдастырып, мемлекет құрылысымен таныстырды; 6) Өзі адам болып отырып, адамның сатып алуына, ортадағы біреудің басын ұстап, делдал болуына көніп келген әйелдердің сатылмай, ерге өз еркімен шығу құқығын берді [70, 3-б.].

Ақпан төңкерісінің он бір жылдығына орай «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған көлемді мақалада төңкерісті тудырған негізгі себептер мен Кеңес өкіметін орнату жолындағы еңбекшілер мен шаруалардың күрес барысы, төңкерістен кейінгі жылдарда қол жеткізген табыстары баяндалды. Мақала авторы Ақпан төңкерісі болғанмен де үкімет билігін баяғы байлар иемденіп, сол қалыпынша елді басқарды деген тұжырым жасады. Елді толқулар жайлаған кезде Мемлекеттік Думада отырған алпауыт-ақсүйектер «патша керек» дегеннің орнына «республика болсын» деген ұранды көтеріп, халықтың тілегімен, пікірімен есептескендігін танытпақ

болғандығын, алайда оның астарында үлкен саяси мәннің жатқандығын нақты көрсетті. Соған қарамастан Ақпан төңкерісінің толқыны қалаға да, далаға да жайылып, қара шаруа мен жұмысшы табының жұмыла күреске шығуына алып келді деп ойын түйіндеді [71].

Жалпы Ұлы Қазан төңкерісінің мерекесіне орай мерзімді басылым беттерінде жарияланған материалдар кеңестік жүйенің еңбекші тап өкілдерінің мүддесін қолдайтындығын насихаттауға тиісті болды. Сондықтан барлық басылған мақалалар төменгі тап өкілдерінің салтанатты өмірге жетуін мадақтауға тиіс болды. Бұл солай болды да. Мәселен, «Бүгін Октябрьдің төрті» деп аталатын мақалада тура алты жыл бұрын қазақтың кедей-кепшігі, жалшылары большевиктердің басшылығының арқасында теңдік алып, билікке қол жеткізгендігі туралы айтылса [47], ал ұлт қайраткері Н.Нұрмақовтың осы нөмірге жариялаған мақаласында еліміздің бостандыққа жетуі ұзақ жылдардағы күрестің нәтижесі екендігін, бұл Ұлы көсемнің басшылығымен жүзеге асқандығын, осы 1917 жылдан бергі алты жыл ішінде еліміздің шаруашылығы да, мәдениеті де алға басып көркейіп келе жатқандығын мақтаншыпен жеткізді [72].

Жастардың «Жас қазақ» журналына жарияланған «Февраль төңкерісі» деген мақалада Ақпан төңкерісінің жеңісін жұмыскер табының ескі патша үкіметі мен неше жылдардан бергі алысып келе жатқан күресінің жемісіне жатқызылып, күрестің ұзақ жылдар бойы пісіліп-жетілгендігін, оның нәтижелі болуы жұмысшы мен кедей шаруалардың ұйымдаса күресуінен және мықты басшылықтың болуынан делінді. Мақалада 1914 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыстың қарапайым халыққа ауыр тигендігін, оның қызығын байлар мен алпауыттар көріп, байығанның үстіне байи түскендігі, осы соғыстың еңбекші тап өкілдерін билеуші тапқа, үкімет саясатына қарсы көтерілуіне алып келіп, ақыры ұзақ жылдар билік құрған Романовтардың тақтан түсуіне себепші болғандығын 1917 ж. 21 ақпаннан бастап Петроградта басталған ереуілді талдап көрсетуден бастайды [73, 10-11-66].

Қазан төңкерісінің жеңісінен кейін елімізде жұмысшы, кедей шаруалардың бірігіп, партия мен үкіметтің басшылығымен Кеңес өкіметін орнатуға кірісіп, халық шаруашылығын қалпына келтіруде жан аянбағандығы А.Кенжин «Октябрь төңкерісі һәм Қазақстан» деп аталған мақаласында баяндап өтті. Содан бергі алты жыл ішінде ішкі жаумен де, сыртқы жаумен де күресте Кеңес өкіметінің нық түрде бекуіне еңбекші

тап өкілдері мен үкіметтің жүргізіп отырған саясаты екендігін дәлелді түрде келтірді [74, 20-23-бб].

1924 ж. комсомол жастар арасында Қазан төңкерісіне байланысты Л.Д.Троцкийдің шығарған «Октябрь сабақтары» мен «1917 жыл» деп аталған кітаптары сынға түсіп, газет-журнал беттерінде үлкен айтыстар тартысқа айналады. Негізінде Троцкий аталған кітаптарында Қазан төңкерісі барысында жіберілген қателіктерді айқын көрсетіп берген болатын. Осыған орай «Жас қазақ» журналына жарияланған «Комсомол және Октябрь» мақаласында кітапта көрсеткен кейбір кемшіліктерді, большевиктік партияға қатысты айтқан сынды қисынсыз санады [75, 10-11-бб].

Қазақ мерзімді баспасөзінде жарияланған мақалаларда көрсетілгендей, 1916 жылғы көтеріліс Орта Азия мен Қазақстан халықтарының сана-сезімінің оянуына, қазақ халқының отаршыл патша үкіметіне қарсы батыл да, ашық қарсы күреске шыға алатындығын көрсетіп берді. Бұл көтеріліс 1917 жылы жалғасын тауып, патша үкіметінің құлауына алып келді. Қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары қазақ даласында болған ұлт-азаттық көтерілістің куәсі болды. Тіпті кейбіреулері сол көтерілістердің ішінде болып, қазақ шаруаларының іс-қимылына басшылық жасады, бағыт-бағдар берді. Бұл көтерілістің соңы жаңа билікке алып келетіндігіне үміттенді. Сол жолда күресудің керектігіне көздері толықтай жетті.

Кеңес өкіметі жылдарында қазақ мерзімді баспасөзінің қазақ халқының тарихындағы ерекше осы оқиғаны оқырмандарына жеткізуі тарихқа деген құрмет екендігі. Қазіргі таңда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың кейбір тұстарын анықтауда зерттеушілер осы мерзімді басылым беттеріне жарияланған зиялыларымыздың мақалаларына сүйенеді.

2.4 Баспасөз бетіндегі этнографиялық мәселелер

Академик М.Қ.Қозыбаев: «Қай халық болса да өз тарихын, төл дәстүр-салтын, ауыз әдебиетін, тілін қастерлейді. Тарих этнография, фольклор, тіл — халықтың жан дүниесі, оның барша әлем айнасы. ...бұл ұлттық компоненттерді бір-бірінен айырып алу мүмкін емес. Ендеше, халық тарихын кешенді түрде зерттеу үшін оның этнографиясымен, фольклорымен, тілі мен тарихының одағын күшейте түсу керек», — деп

жазуы, тарих ғылымын көкейтесті мәселелерін зерттеуде осы айтылған компоненттермен тығыз байланысы бар екендігін айқындап тұр [76, 8-б.].

Ғасырлар бойы атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі барысы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Диваев, М.Ж.Көпеев, О.Әлжанов және тағы басқа қазақ ойшыл, ағартушы, зиялылардың іргелі еңбектеріне арқау болып, «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап», «Қазақ» және сол сияқты газет-журналдар мен жинақтарда жарияланғаны белгілі.

Қазақ халқының салт-дәстүрін ұлт тіліндегі басылымдар шықпай тұрып қолға алып, зерттеу жүргізген Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болды. Ол «Қырғыздардағы шамандықтың қалдықтары», «Қазақ даласындағы мұсылмандық туралы» сияқты аса маңызды еңбектерімен этнография саласына елеулі үлес қосса, қазақ ағартушыларының бірі Ыбырай Алтынсарин 1870 жылы Ресей Географиялық қоғамының Орынбор өлкетану бөлімінің тапсыруы бойынша «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркін» және «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркін» жазып, География қоғамының «Жазбаларына» жариялаумен қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ерекшеліктерінің сақталып отырғандығын насихаттаған болатын.

Қазақ зиялыларының бірі О.Әлжанов та «Дала уалаяты газетіне» этнографиялық мәні зор бірнеше мақалаларын жариялып, қазақтың ұлттық әдет-ғұрпын, дәстүрін тереңдете зерттеуге үлес қосты.

XX ғасырдың басында этнограф, белгілі фольклоршы Әбубәкір Диваев қазақтың ескі дәстүрінің ұмыт қалмауын, ата-бабалардың ұстанған әдет-ғұрпының маңыздылығын түсіндірген бірден-бір ғалым болды [77]. 1924 ж. Түркістанның баспасөзді тарату мекемесі Ташкентте Әбубәкір Диваев жинаған халық әдебиетінің үлгілерін құрастырып, «Тарту» деген атпен жеке кітап етіп шығарды. Кітапты құрастырушы және оның алғы сөзін жазған Мағжан Жұмабаев болды. Ә.Диваевтың этнографиялық тақырыптағы ондаған материалдары «Туркестанские ведомости» газетінде жарық көрді.

Қазақ мерзімді баспасөзі жаңа оқу-білімге ұмтылып, өсіп келе жатқан кеңестік жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, ұлттың құндылы-

ғын арттыруға тәрбиелеуді негізгі міндеттерінің біріне алды. Осы мақсатта олардың сезімін оятарлық мақалаларды, әсіресе жастарды көп қызықтыратын дүниенің жаратылысы, ежелгі және сол кездердегі қазақ мәдениетіне қатысты түрлі пікірлер тудыратын маңызды жайттарды қамтуға тырысты.

Қазақ мерзімді басылымдарының бірден-бір көтерген маңызды тақырыбы — этнографиялық мәселелер. Қазақ газет-журналдарында мұсылмандыққа дейінгі сенім-нанымдар, исламның таралу мен сан алуан көріністері, Қазақстанның діни өмірі мен ислам дінінің ықпалы, жалпы ислам дінінің ұлттық қатынастарға әсері, қазақтың ежелгі заманнан ұстанып келе жатқан дәстүрі, нақтылай айтқанда бесік құда, сүндетке отырғызу, қыз ұзату, үйлену тойы, қалың төлеу, әменгерлік, Құрбан айт пен Ораза айт, тасаттық және сол сияқты толып жатқан ырым-жоралғылар мен қазақ халқының ауыздан-ауызға таралып келген айтыс, өлең-жыр, жұмбақ, жаңылтпаш, қисса, аңыздар турасында қызықты материалдарға орын берілді.

Негізінде ХХ ғ. 20-30-жылдары Кеңес өкіметі дінге қатысты қатаң саясат жүргізіп, дінге, шариғат соттарына тыйым салып, ескі әдет-ғұрыптарға шектеулік қойған болатын. Сөйтіп сан ғасырлар бойы қоғамның рухани өмірінде елеулі орын алып келген діни дәстүрлерді жоятын атеистік дүниетанымды қалыптастыруға тырысты. Алайда соған қарамастан діни-нанымдар мен қазақтың салт-дәстүрлері халқымыздың арасында берік сақталып, мерзімді басылымдар бұл туралы тұрақты түрде жарияламаса да, ішінара осы қазақ дәстүрінің бір бөлігін құрайтын құдандаласу, үйлену, неке қию, жар-жар салт-жоралары мен түрлі наным-сенімдерге қатысты материалдардың басылуына жол берді.

20-жылдың басында жарық көрген «Темірқазық», «Жас қайрат», «Жас қазақ», «Шолпан», «Сана» және тағы басқа сол сияқты басылымдар қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып, әдебиет тақырыптарын көтере отырып, ұлттық мәдениеттің ұмыт қалмай, өзінің өміршеңдігін жалғастырып келе жатқандығын көрсетті.

«Шолпан» журналы қазақтың әдет-ғұрыпын насихаттауды қолға алған бірден-бір журнал болды. Журналға қазақ халқының әдебиетін, тарихын зерттеуге үлес қосқан Ә.Диваевтың Түркістан қазақ-қырғыздарының ескі тұрмыс-тіршілігіне қатысты этнографиялық мазмұндағы бірнеше мақалалары жарияланды. Негізінде Қазан төңкерісіне дейін Ә.А.Диваев

«Сырдария облысы қазақтарының үйлену рәсімі туралы бірнеше сөз» деген ғылыми еңбек жазып, онда Сырдария қазақтарының үйлену тойындағы ерекшеліктеріне тоқталып өткен еді. Ғалым Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де қазақ этнографиясын зерттеуді одан әрі жалғастырып, ұмыт болып бара жатқан әдет-ғұрыптарды қағаз бетіне түсірді. Осы жолда жұмыс жүргізуді насихаттады.

«Шолпанға» жариялаған бір мақаласында ғалым ескіден қалған дәстүрді сақтаудың аса маңыздылығын нақтылай отырып, осы жолда соңғы кездерде атқарылып жатқан жұмыстардың барлығын, 1920 ж. ертеден ел арасында келе жатқан қазақ-қырғыздардың әдет, рәсімдері туралы мағлұматтарды жию үшін Жетісуға әдейі жіберілген комиссия ел аралап, қыз ұзату, қайыңға бару, өлген кісіні жерлеу, ас қайыру, бата алу сияқты ырым-жоралғылармен қатар ертегі, нақыл сөз, мақал-мәтел, өлең-жыр, жоқтау сөздер, күлкілі сөздер, жаңылтпаштар, жұмбақтар жинап келгендігін келтіре отырып, бұл комиссияның жұмысының ғылым үшін баға жетпес құнды екендігін көрсетті. «Жоғарыда аталып өткен сөздерді түзетіп, мағынасына қарай әрқайсысы өз алдына топталса, Түркістан ғылымы үшін үлкен байлық болмақ», — дей келе, өзінің сөзін дәлелдемекке тырысады.

Ә.А.Диваевтың пікірінше, бұл жиналған дүниелер, біріншіден, жаңа сөздер, терминдермен қырғыз-қазақ тілін толтырып, байытып, тіпті шағатай-түріктердің тіліне жаңалық кіргізуі мүмкін, екіншіден, ескі ертегі сөздер, қара көсем, сараңдар сияқты кісілердің түрін айқындайды, үшіншіден, жын, албасты, марту сияқты зәлімдермен байланысқан қырғыз-қазақтардың сахнасын байыту үшін үлкен пайдасы болады, төртіншіден, қыз-әйелдер туралы көп мағлұматтар береді, бесіншіден, он екі жыл бір мүшел және олардың аттары, белгілері, қырғыз-қазақ тілінде календарь шығару үшін зор құрал болады, алтыншыдан, хайуандар туралы айтылған ескі сөздер, әсіресе түлкі тақырыпты ертегілер салыстыру үшін өте керек, жетіншіден, ноғай, тараншы, қырғыз жұртына келуі туралы мағлұматтар кейін қырғыз-қазақтың тіпті түрік тарихын жазу үшін қолданылады. Сонымен қатар бұл мақаласында Ә.Диваев қазақ-қырғыздардың этнографиялық тұрмыс-салтын айқындап берерлік 1889 ж. шыққан Н.И.Гродековтың еңбегінен басқа зерттеудің жоқтығын, оның еңбегінің өзі Сырдария облысының қазақтарының этнографиясына арналғандығын баса көрсете отырып, комиссия жинаған материалдардың

маңыздылығын келешектің көрсететіндігіне сенетіндігін білдірген [78, 13-14-бб.].

Кеңес өкіметі тұсында қазақ мерзімді баспасөзінде қазақтың фольклорлық мұралары мен этнографиялық мәселелері сирек болса да көрініс тапты. Жастар журналы оқырмандарын құрбан шалу дәстүрімен де таныстырды. «Жас қазаққа» жарияланған Ж.Сәрсембайұлының «Ислам діні һәм құрбан шалу қайдан шыққан?» деп аталатын мақаласында алғашқы қауымдық құрылыстан бастап халықтың арасында «о дүние» бар деген сенімнің орнағандығы, бұл өлген адамдар сол дүниеде де өмір сүреді деген ниетпен неше түрлі ырым-жоралғы жасайтындығын, соның бірі өлген адамға қажетті ыдыс-аяғы, құрал-жабдығымен бірге ас көметіндігін айта келе, өлген адамның жаны тірі қалғандарға көмегін, ашуланса зарарын тигізуі мүмкін деген ойда болғандықтарын айтады. Әрине, мұның бәрі «өлген адамның жаны мәңгілік, бар» дегеннен туындайтын түсінік.

Автор осы ырымның бара-бара қайтыс болған адамдарға құрмет көрсету, олардың істеген істерін еске түсіруден орын алғандығын, қазақта бұл ырым әлі де жақсы сақталып, адам қайтыс болғанда түрлі ырым-жоралғысын жасай отырып (бұл жерде автор қайтыс болған кісі соңғы сапарға шығарып салуда істелетін әдет-ғұрыптарды айтады — С.С.), жетісін, қырқын, жылдығын өткізу, қонақасын беру, олар үшін садақа беру, құран оқыту, құрбан шалу сияқты дәстүрді қатаң ұстанатындығын келтіреді. Сонымен қатар халық арасында аса қадірлі деген адамдардың моласына түнеу, оларға сиыну сияқты ырымдардың барлығын, мұндай істі негізінде ауру немесе бала көтере алмай жүрген әйелдердің жасайтындығын, бұл бұрыннан келе жатқан сену, жалбарыну сияқты әдеттер екендігін көрсетеді. Бұл жерде автор ертеден өлген адамның аруағына сенушіліктің басым болғандығын және қазір де сақталып отырғандығын айтады. Түркі халықтарында осы аруақтарға арнап құрбандық шалу ырымның әлі де барлығын баяндай, бұның барлығы діннен шыққан, дінге беріле сенгендіктен деген тоқтамға келеді [11, 33-б.].

«Жас қайрат» журналының бірден-бір көтерген тақырыбы — қазақтың ата салт-дәстүрі болды. Оған қазақтың құдалық кәдесі, ырым-жоралғылары, үйлену той барысы, беташар, жар-жар дәстүрлері жатады. Баршамызға мәлім, Қазан төңкерісінен дейін де, кейін де қазақтардың салт-дәстүрінде құда түсу, қыз беру, қыз алу, беташар мен жар-

жарға аса көңіл аударылған. Бұл дәстүрлер шетел, орыс ғалымдарының еңбектеріне де арқау болған. «Жас қайрат» журналы ежелгі дәстүрді насихаттауда «Әдет-ғұрып бөлімі» деген айдар ашып, онда қазақтың салт-дәстүрін жастарға таныстыруға тырысты. Журналдың бірнеше санында ел арасында ұмыт қалған ел ойындары мен ырым-жоралғылары, сондай-ақ, қазақтың отбасылық дәстүріндегі құда түсу жайында арнайы мақалалар басылды.

Журналдың №1 санына жариялаған «Қазақтың құдалық жөніндегі кәдесі, ырым-жора, жобалары» атты мақалада: «Қазақ қазақ болғалы тұрмысында істеп келген әдет-ғұрыптарының үлкені құдалық әдет-ғұрпы. Құдалық әдеті қазақтың әйелді мал орнында тұтып, сату жөнінде халық тұрмысында ертеден еріп келген ғұрып-әдет. Үміт таудай, қатарлы-санақты халық болғанда, бұл құдалық кәделері, келешекте қазақтың ескі тұрмысының бір бұтағының бірі тарихы болып саналмақ. Сондықтан хатқа түсіп, қағазға сызылған тәуір көрумен баспаға басылып отыр», — деп келтіре отырып, Сыр бойындағы қазақтардың құдалық кәдесі сөз болатындығы айтылып, осы кәдені журналдың Сыр өңірінен басқа жерлерде тұратын оқырмандар оқып, көңіліне қонбаған немесе ұқсаспайтын тұстары турасында ой бөлісуге шақырды.

Мақалада көрсетілген басқы кезең — бұл құда түсу. Журнал қазақ халқының құда түсу жөніндегі дәстүрінің әр жерлерде өз ерекшеліктері барлығын да атап өтеді. Сыр өңіріндегі құдандаласу барысына тоқталады. Сыр өңірінде құдалық кәде бойынша баланың әкесі біреудің қызына құдалыққа түсерде 3 немесе 10 адам болып барады. Келген құдаларды ауыл-аймақ болып қарсы алып, қыз әкесі бір малын сойып, кішігірім той жасайды. Тамақ ішілген соң қыз ауылының әйелдері құдаларға 10-15 ауыздан өлең айтуға бұйырады, өлең білмегендерді біршама әурелейді. Мәселен, шаңыраққа асу немесе өгіз бен есекке теріс мінгізу, суға салу және т.б. сайқымазақ әзілдер жасаған [79, 68-69-66].

Бір қызығы құдаларға көрсетілетін сайқымазақ, әзілдің ХІХ ғасырда кең орын алғандығын қазақ ағартушыларының бірі Ыбырай Алтынсарин Орынбор қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, той жасау дәстүрі турасында жазған очеркінде де келтіріп өткен. Онда құдалыққа келген жаққа әйелдердің босағадан аттаған кезінде алдын ала әзірленген балшық немесе камыр жағу, өгізге теріс қаратып мінгізу, шаңыраққа арқандап іліп қою, бастарына орамал тарту сияқты жоралғылар жасалған [80, 149-150-66.].

Әрине, бұл күлкіге тойдыратын рәсімдер қуанышты барынша қыздыра түсіру үшін жасалынған. Бұл рәсімдер ежелден келе жатқандықтан құда жақ оған еш реніш тудырмауы керек. Негізінде қазақтың салтында кездесетін мұндай күлкіге тойдыратын жоралғылар алғашқы қауымдық құрылыс мәдениетіне тән. Оны сол кездерден ауызба-ауыз таралып келе жатқан фольклорлық жанрлардан байқауымызға болады.

Мақалада көрсетілгендей, құда жақ ішінде өрік, мейіз, тәтті дәм салынған сандық әкеліп, қыз жақ оның ішіндегілерді жұртқа таратып, өздері де осы сандықпен сый қайтарған. Екі жақ баталасқаннан кейін қыз әкесі құдаларына киіт кигізген, мінт мінгізген (мінт деп түйе немесе жылқы мінгізуді айтқан — С.С.). Китке негізінен жағалы қымбат киім, азы үш шапан, көбіне өлшеу болмаған. Кей кездерде құдаға бір тоғыздан үш тоғызға шейін киіт кигізген. Қазақта құдалыққа түсуден де басқа «қарғы бау» деген кәделік те болған. Құдаласқысы келген қыздың үйіне қарғы бау тағып, бір ат, бір-екі шапан берген [81, 69-б.].

Екі жақ құдаласқаннан кейін қалыңмалдың — бата малдың мәселесін шешкен. Бай адамдар 175 қой, 10 қараға (оның 5-уі түйе, 5-еуі жылқы) уағдаласқан. Егер де қыз жақ осындай мөлшерде қалыңмал алатын болса, осыған лайықты сый қайтаруға тиіс болған. Мәселен, бас ішік, мәуіт шекпен, 25 жағалы киім, 6-7 немесе 10 қара мал. Қалың мал — бата малдың екінші кесімі қырық жетінің малы. Бұны дөңгелек қалың деп атаған. Мақалада көрсетілгендей, шама-шарқысына қарай бұл сегіз құлынды бие, егер сегіз құлынды бие болмаса онда әр биенің орнына тоғыз торпақ (үш саулық, үш бойдақ, үш қозы) беріледі. Буаз болған қойдың ішіндегі қозы да есептелінген. Қой берілмеген кезде сегіз бұзаулы сиыр берілген. Құдандаласудың тағы бір кәдесі — бата-аяқ болған. Оны қызына құда түскісі келген адам біреу арқылы құда болмастан бұрын азды-көпті сый жіберген. Бұған қыз беретін жақ та сый тартқан. Құдаласқан жақ қыздың үйіне қалыңмал апарарда ауылға кішігірім той жасап, батасын алған. Қыз үйіне барған кезде қарсы жақ құдаларды беттеріне үн жағып қарсы алған. Оны «құдайдың ақ мөрі» деп атаған. Қалың мал аларда түйе болса «мұрындық», жылқы болса «бұтқабас», қой болса «қосақбас» деген ырым-кәделері жасалған. Қалыңмал берілгеннен кейін құда жақ бір-бірі «құда-құдағи, жекжат»деп атай бастайды.

«Жас қайрат» журналында жазылған Сыр өңіріндегі құдандаласу салты өзге өңірлердегі құдандаласумен жақын болғандығын Семей

облыстық статистика комитетінің мүшесі П.Е.Маковецкийдің «Материалы для изучения юридических обычаев киргизов» атты кітабынан аңғаруға болады. Сыр бойындағы құдандаласу барысындағы қалыңмал алу мен П.Е.Маковецкийдің еңбегіндегі қалыңмал алу барысында ұқсастық өте көп. П.Е.Маковецкий Семей облысында қалыңмалдың қырық жеті, отыз жеті және жиырма жеті сияқты түрі барлығының, оның ең үлкені «қырық жетісі» бас жақсы және аяқ жақсы болып екіге бөліп, бас жақсыға 5 түйе, ал аяқ жақсыға 4 түйе берілетіндігін, жалпы 32 жылқы мен 9 түйе берілетіндігін келтірді. Бұндағы 9 түйе 45 жылқыға теңелген. Бұл «жақсылық қырық жеті» деп аталған [81, 5-6.].

Қалыңмал алынып болған соң күйеу «қалыңдық ойнауға» барған. Күйеудің алғаш баруы «ірге көрер» немесе «ұрын келді» деп аталды. Бұл кезде күйеу үш тоғыз жыртис (таза жібек, қалы бұйым, тауар, шапан және т.б.) және шамасына қарай тай немесе түйе ала келген. Бұл әкелгендеріне қыз жақтың көңілі толмаса, «іргені көрсетпеймін» деп қайтарып жіберу әдеті де болған. Күйеу келген кезде қыз жеңгесінің алатын кәдесі «ентікпе» деп аталған. Бұдан кейін «ат байлар», кешкісін қыз үйіне апарғанда «қол ұстатар», «шаш сипатар» сияқты кәделерін алған. Күйеу қыз ауылына келгенде тойсымақ жасалып, жастар арасында әртүрлі ойындар ойналып, оны кете-кеткенше күткен.

Мақалада қыз ұзату барысында оның шешесінің «сүт ақы», келіннің босаға аттардағы «босағаға иілу», «отқа құяр» сияқты жора-жоралғылар жасалынатыны, той барысындағы жасалатын кәделер, қыз ұзатылғаннан кейінгі жасау (төсек-орны) берілу барысы толықтай сипатталады [79, 70-73-66.].

Семей өңірінде жігіт пен қыз жақтың ең алғашқы құдаласуының кезінде жігіт әкесі қыздың әкесіне «қарғы бау» сыйлауы тиіс болған, егер екі жақ құдандаласа алмаса онда қыз әкесі «қарғы бауды» қайтаруы қажет. Оның үстіне айыппұл төлеген. Сондай-ақ құдандаласқан жақ бір-біріне киіт кигізу дәстүрін қатаң ұстанған. Ең бағалы сыйлық қыздың әкесіне жасалынды. Құда түсу тойында қыз әкесі жігіт жаққа келгендерге «құйрық-бауыр» асатқан.

П.Е.Маковецкий «құйрық-бауырдың» символикалық маңызын ашып көрсетуге тырысады. Оның түсіндіруінше, бауыр деген барлық ағайындар, туыстар. Бір бауырды жеген құдалар бір-біріне бауыр болған, құйрық бұл екі жақтың малының аралас-құралас болатындығын біл-

діреді. Сондықтан құдандалас болғандар міндетті түрде «құйрық-бауыр» жеуге тиісті болды. Құдалардың «құйрық-бауыр жеді ме?» деп сұрауы да содан делінген [81, 3-4-бб.].

«Жас қайраттың» келесі санында осы әдет-ғұрып бойынша ұзатылып бара жатқан қыз баланы жұбату есебінде жасалатын жоралғы турасында да кең түрде мәлімет келтірілді. Қыз баланың туған үйінен алысқа аттанып бара жатқан кезде сыңси жылағанын жұбату «Жар-жар жұбату» деп аталған. Бұл турада А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» мынадай пікір айтқан болатын: «Жар-жар қыз ұзатар үйде ұзататын қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, соңынан бір жақты етіп жібереді. Олай болу себебі, жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайтарылып отырады. Сонан соң жұбату сөз қыздың жақындарын жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жағы қыздар болып айтады» [82, 252-б.].

Әдетте оны қос жігіт бастаған.

Жұбатушы жақ:

Бір толарсақ, бір асық сонда болар, жар-жар-ай!

Қырық кісінің ақылы-ай, ханда болар, жар-жар-ай!

Әкем-ай деп жылама қарындасым, жар-жар-ай!

Әкең үшін қайын атаң онда болар, жар-жар-ай!

Жігіттердің бұл жұбатуына қыз былайша жауап қайтарған:

Бай баласы мін енді жорға тайға, жар-жар-ай!

Басым қайғы, қасіретте ұшан дәрия, жар-жар-ай!

Әкең үшін қайын атаң, деп айтасың, жар-жар-ай!

Айналайын өз әкеңдей болу қайда, жар-жар-ай!

Осылайша бірнеше шумаққа созылған сыңсу-жұбату өлеңдері айтылады [83, 57-58, 69-бб.].

Көріп отырғанымыздай, жар-жар екі жақты болып айтылып, қыздар тарапынан айтылған жырда қайғы мен күмән орын алса, жігіттер жағынан айтылған өлеңде жұбату басым. Негізінде бұл жар-жар қыз бен жігіттің арасындағы диалогтан құрылған жұптық тартыс деп айтуымызға да болады. Жар-жарды ұзатылатын қыздың атынан құрбылары немесе жеңгелері айтқан.

Қазақ халқындағы қыз ұзату салтын алғаш XVIII ғасырда орыс әскері құрамындағы капитан Н.П.Рычковтың «Күнделік жазбаларында» баяндалып, біршама маңызды мағлұмат берген болатын [84, 62-

66.]. Ол қазақ қыздарын күйеу үйіне алып кетер күні төрт қыз қалы кілемге отырғызып көтеріп, құрбыларымен қоштастырғандығын жазса, И.Г.Георгийдің еңбегінде де осы көрініс қайталанады. Ол да қалындықты кілемге салып көтеріп, ауылды аралатып, құрбылары қоштасу айтып жырлағандығын келтіреді [85, 137-139- бб.]. Дәстүр бойынша, қыз баланың бұл қоштасуы еркімен, сүйгеніне кетіп бара жатқан күннің өзінде де орындалған. Ауылынан шығып бара жатқанда елімен сыңси қоштаса, тіпті дауыс шығара жылау әдетке айналған. Ол, біріншіден, балалық шағы өскен ұясы мен айналасындағы адамдарды қимағандықтан болса, екіншіден, барған жерінде қалай қарсы алатындығы беймәлім болғандықтан жүрексінуінен. Көп жағдайда, қоштасу өлеңдерін қыздың өзі жалғыз айтпаған. Қыздың жеңгелері мен құрбылары қосыла жырлаған. «Бір қыздың тойы болса, қырық қыз түс көреді» деген мәтел осыдан қалса керек. Көріп отырғанымыздай, бұл дәстүр ұзақ ғасырлар бойы жалғасын тауып, мәнін жоғалтпаған.

Жар-жар айту салты қыздың ауылдан аттанар кезінде айтылған. Бұл жайында белгілі этнограф Х.Арғынбаев: «Ат бәйгесі аяқталар алдында күйеу отаудан шығып кетеді де, қалындықтың жанында қыз-келіншектер қалады. Бәйге бітісімен жас жігіттер жиналып келіп отауды қоршай тұра қалады, түндігін сыпырып алып көкпар қып тарту әдеті болған. Бұған үйдегі қыз-келіншектер сойыл, қамшы, айбалталармен қаруланып түндікті қорғауға шығады. Ақыр аяғында күйеу атынан «түндік тарту» кәдесін беріп, жігіттерді риза етеді де олар жайына кетеді. Бұдан кейін отау алында жар-жар айтатын жігіттер жиналады», - деп жазады [86, 212-б.].

Қазақтың отбасы фольклорын зерттеуші ғалым Кенжехан Ісләмжанұлы жар-жарды рулық қоғамнан келе жатқан көне ғұрып санатына қосқан. «Оның арғы тегі «қос ұйым» (дуальная организация) арасында болатын экзогамдық неке кезіндегі рулық топтардың (фратрия) тартысынан туған. Үйлену тойында болатын құдалар тартысы, қыз қуу, палуан күрес пен ат жарысынан бастап айтысқа дейінгі екі жақты тайталастың астарында да осы негіз бар», — дейді [87, 140-б.].

Мақалада көрсетілген үйленудің кезекті кезеңі — келін түсіру. Оның ғұрыптық жағын алсақ, онда орындалатын рәсімдер мен жол-жоралғылар жетерлік. Олардың қатарынан «арқан керу», «келінді түсіру», «беташар», «отқа май құйғызу» және т.б. атауымызға болады. Қыз жат

босағаны аттағаннан кейін сол үйдің оң жағына тігілген шымылдықтың ішіне отырғызылып, бетін желекпен жапқан. Оның ғұрыптық өз мәнісі болды. Біріншіден, жаңа түскен келінді шымылдыққа отырғызу үлкен құрмет. Бұл оның мәртебесін арттырады. Келіннің бет әлбетін көруге бәрінің де құмары артады. Екіншіден, бетін желекпен жабуы тіл, көзден сақтасын деген мағынада.

К.Дужанның «Көкпекті округі қазақтарының үйлену әдет-ғұрыптары» деп аталатын мақаласында жас келінді күйеуінің ауылына әкелген кезде бірден атасының үйіне емес, арнайы тігілген киіз үйге түсіретіндігі, атасының үйіне беті жабулы күйде келетіндігі айтылады [88, 144-б.].

Қазақтың дәстүрі бойынша, қалыңдық жігіттің үйіне түскеннен кейін келіннің бетін ашып, көпшілікпен таныстыру үшін әрі көрімдік алу үшін «Беташар» жыры айтылған. Оғанға дейін қалыңдықтың беті ашылмайды. Беташар жырының мағынасы әртүрлі болды. Жалпы беташар айтудың екі мәнісі бар. Оның біріншісі, жас келінді күйеу жұртымен таныстыру. Беташарда күйеу жақтың адамдарын таныстыруда әзіл-оспақ жағы да қосыла айтылған.

Төрде тұрған төбедей,
Екі мұрты жебедей,
Қайын ағаға бір сәлем.
Әуел-әуел-әуел-ай,
Әлемге бірдей күн мен ай,
Сырты мұздан жаралған,
Жасатқан жабар бір Құдай,
Келіні түсіп көркейіп,
Қызара бөртіп тұрған-ай,
Сол секілді енеңе,
Оған қылшы бір сәлем.
Көшсе көшті бастаған,
Көпшігін кейін тастаған,

Пәленшеге бір сәлем. (Бұл жерде қайнысы, қайын сіңілісінің немесе күйеудің жақын адамдарының аты аталатын болған — С.С.).

Ала ешкісін тұсаған,
Ұрғашы малға ұқсаған,
Пәленшеге бір сәлем.
Шидің түбін қайыған,

Есеппенен байыған,
Пәленшеге бір сәлем.

Сөйтіп күйеу жақтың туған-туысы, дос-жарандары, құрбы-құрдастарын әзілге қосып, келінге сәлем салдырған. Бұл жерде келіннің инабатты болуын үндейді. Келіннің иілуі тек беташар кезінде ғана емес, күнделікті тірлікте берік сақталған. Мұндай ғұрып қазіргі кездерде Қазақстанның барлық өңірінде әлі де жалғасын табуда [83, 57-60-66.].

«Беташар» жырының екіншісі, босаға аттар келінді тәрбиелеу, жаңа аттаған босағаны сыйлау, келінге лайықты қасиеттерді орындау мақсатында айтылған.

«Үйге түйе тиді» деп,
Бақаңдама келіншек.
Қайын ағаңның алдында,
Қақаңдама келіншек!
Аузы-басың сүйреңдеп,
Өсек айтпа келіншек!
Өсек айтсаң ебімен,
Кесек айтпа келіншек, —

деген жыр жолдарынан осыны аңғаруға болады [89, 72-б.].

Бұрынғының дәстүрі бойынша, жас келінді беташарға дейін, қыз-келіншектерден басқа адамдар көруге тиіс болмаған. Келіннің бетін ашқан адам сол шаңырақ үшін өте сыйлы адамы саналған әрі қошеметтелген. Оған жақсы сыйлық берілген. «Келіннің бетін кім ашса — сол ыстық» деген мәтел соған байланысты айтылса керек.

«Жас қайрат» журналына жарияланған беташар дәстүрін Орынборда жарық көрген «Жас қазақ» журналындағы беташармен салыстыра қарастырсақ, ұқсастықтарды байқауымызға болады. Екі басылымда да келіннің бетін ашқанда тәрбиелік мәнде күлдіргі сөздер қолдана отырып айтылған. Келінге инабатты болып, өсек жинап, тасымауды, үй-үйді араламауды, абысынмен тату-тәтті болуды мегзейді.

«Жас қазақ» журналына жарияланған «Беташар» атты мақалада қазақтың қай жерінде болса да жас келін босаға аттарда бетін ашу ырымының орындалатындығы жайында айтылады. Мысал ретінде Семей губерниясындағы «беташардың» бір түрі талданады. Мақалада айтылғандай, келін ең алғаш келгенде атасының үйіне кірмей, ауылдағы бір отауға түскен. Той басталғанша қыз-келіншектермен сонда болып, той

басталарда ғана болашақ үйіне кіреді. Келіншектің беті шәлімен жабылып, босағаны оң аяқпен аттайтын болған. Екі әйел оның екі жағынан қолтықтап, төрге қаратып тұрады.

Беташар айтқыш жігіт келіншекке арнап жырын бастайды:

Айт келіншек, айт келіншек,
Жұмыртқадан ақ келіншек,
Сауысқаннан сақ келіншек,
Менің сөзімді бақ келіншек,
Ел жұртыңа жақ келіншек! —

деп жас келінге өнеге боларлықтай тілек айтады. Ерте тұрып, ісінді қыл, айқайға салып, қайнағанның алдынан қайқаңдап шықпа, өсектен аулақ бол, келген жеріңе жағымды бол деген өсиетін білдіреді.

Жақсы келін кез келсе,
Шаруаны түзеп оңдайды.
Жаман келін кез келсе,
Жалғанда сөзге көнбейді, —

дей отырып, егер абысыныңмен тату болмасаң, үйіңе адам жоламайтындығын, жұрт «тентек» келін атайтындығын, сондықтан ел алдына имене сөйлеп, жағымды бола білуін тілейді.

Бұл беташарда келіннің енемен тату болуы үйдің берекесі екендігін қадап айтады.

Жағымды бол енеңе,
Енең саған сенеді.
Тату болсаң енеңмен,
Күйеуің де көнеді [89, 71-74-66.].

Осыған ұқсас беташарды Ә.А.Диваев Сырдария облысының үйлену рәсіміне байланысты жазып, Қазан қаласында 1900 ж. жариялаған кітабында келтірген. Онда да «Сауысқаннан сақ келін! Жұмыртқадан ақ келін!» деп басталып, келінге еріншек, көңілшек болма, өсек айтпа, ерте тұрып, еліңе қадірлі бол деген сөздер айтылады [88, 206-207-66.]. Осындай беташар түрі қазақтың үш жүзінде кең тараған.

«Жас қайрат» пен «Жас қазақ» журналдарында жарияланған беташар үгіт-насихат айту, ертеден келе жатқан тәрбиелік мағынасы мол әдет-ғұрыптарды жоғалтпау есебінде жарияланса керек.

«Әйел теңдігі» журналына жарияланған М.Дулатовтың «Қазақ әйелі» деп аталатын мақаласында қазақ қыздарын әдет-ғұрып бойынша атас-

тыруы бесіктен басталатындығы, тіпті кей жағдайда ананың құрсағында жатқан кезде атастырылатындығы, бұл «қарғы бау» деп аталатындығы келтірілген. Ол «құда болу, киіт кию, мінт алу» сияқты жоралғымен жалғасатындығы, егер қызды атастырған адам қайтыс болса, оны «әменгерлік» жолмен ағасы немесе інісі, туысқандарының бірі алатындығы айтылады. Бұл жерде автор малы бар шалдың жас қызды атастыратындығын, «Қызды шал екең алмайды, мал екең алады» деген мақалдың туындағаны осыдан дейді [90, 13-14-бб.].

Той барысында қазақ жастары әртүрлі ойындар ойнаған. Үйлену тойында құдалар арасындағы тартыс, қыз қуу, ат жарыс, палуандар күресі, қыз бен жігіттер айтысы, мешкейлер жарысы, өлеңмен айтысу сияқты ғұрыптық ойын-сауықтар міндетті түрде орындалған. Онысыз тойдың сәні болмаған. Сонымен қатар жастар арасында өзара ойналатын ойындар да болған. Мәселен, мақалада көрсетілгендей, «Хан жақсы», «Инем тап», «Мәлке тотай», «Қызойнақ» сияқты ойындарды атауымызға болады. Бір қызығы, бұл ойындардың кейбіреулері осы кездерде де жастардың кештерінде ойналып жүр. Оның ішінде «Қызойнақ» ойыны дәл сол кездегі үлгіде болмаса да ұқсас шамада ойналады. Бұл ойындардың мазмұнына назар аударсақ, онда қуаныш та, мұң да қатар жүретіндігін көруімізге болады.

«Жас қайратта» жоғарыда аталған ойындардың барысы толықтай басылған. Осы ойындардың ішінде өзімізге таныс болған «Қызойнаққа» тоқталайық. Тойға жиналған жастар қыздар мен бозбалалар болып екіге бөлініп, қыздардың біреулері аузына теңге тістеп, орамалға кәмпит, сақина секілді майда-шүйдені түйіп, тәуір көрген жігіттің алдына тастайды. Жігіт үш ауыз өлең оқып немесе ән айтып, қыздың аузындағы теңгені алуға тиіс. Жігіт теңгені алар алдында мынадай шумақ өлең айтуы мүмкін:

Қарындасым, ойынды бастағаның,
Кәмпит түйіп орамал тастағаның.
Сен шақырсаң, алдыңа мен барайын,
Қатты тістеп теңгені көп қыспағын.

Егер жігіт өлең, жыр, ән айта алмаса, қыздың өтініші бойынша есекше ақырып, тауықша шақырады. Көпшілік алдында өзін мазақ етеді. Сөйтіп ойын жалғаса береді. Бұл жерде тойға жиналған жастар әбден қайғыға батып, үйін, елін қимай мұң толған қыздың көңілін күлдіргі ойындармен

алдаусыратуға, аулауға тырысып-ақ бағады [91, 62-63-66.]. Тойдың қызықты өтуі жастардың өздеріне байланысты болды.

Негізінде қазақтың бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрпы ежелден бері сақталып, осы кезге дейін жеткендігіне жоғарыдағы мақалалар дәлел десек қателеспейміз. Әрине, бұл журналдарға басылған құдандаласу дәстүрі мен ырым-жоралғы, беташар, жар-жар жырлары Қазан төңкерісінен бұрын жүргізілген болса да, әлі күнге дейін өзінің өміршеңдігін жойған жоқ.

Міне, көріп отырғанмыздай, 20-30-жылдары шығып тұрған қазақ мерзімді баспасөзі халықтың ертеден келе жатқан салт-дәстүрінің жастар арасында ұмыт қалмай, оларға үлгі болуын насихаттаған. Жастарға қазақтың құдалық кәдесі, ырым-жоралғылары, үйлену той барысы, беташар, жар-жар дәстүрлерінен аларлық тәлім-тәрбиенің мол екендігін жеткізген. Баспасөз беттерінде жарияланған және бұрындары жарық көрген ғылыми еңбектерден қазақ халқының этнографиялық алуан түрлі салт-дәстүрі, өз заңдылығын бұзбай келе жатқандығын көреміз.

20-жылдың басында қазақтың әдет-ғұрыпына байланысты қазақ журналдарына жарияланған мақалалар нақты этнографиялық мақсатты, яғни ертеде келе жатқан дәстүрдің ұмыт қалмауын көздесе, 20-жылдардың ортасында жарық көрген мақалаларда салт-дәстүрлер сынға ұшыраған. Мәселен, қалыңмалдың жойылуына байланысты қыз ұзату, қалыңмал алу, сияқты рәсімдер өткен буржуазиялық өмірдің қалдығы ретінде саналып, онымен күресуге үнделсе, Наурыз мейрамын дін мейрамы ретінде санап, оның мұсылмандар арасында өткізілмеуіне коммунистік насихат кедергі бола бастады. Әрине бұған халық тарапынан наразылықтар туындап, 20-30-жылдары қазақ мерзімді басылымдарында бұл бұрыннан тойланып келе жатқан қазақтың жыл басы саналған Наурыз мейрамы екендігін дәлелдей жазған мақалалар куә. Наурыз мейрамын Орта Азияның көшпелі халықтары ежелгі заманнан бері тойлап келгендігін растайтын деректер мол. Негізінде мұсылман дінінің мейрамдары 1921 жылдың 5 наурыздағы Қазақ АКСР-нің қаулысы бойынша аталып келген болатын. Қазақ халқының діни мейрамдарына Ораза айт пен Құрбан айт, Наурыз жатқызылып, оларды мерекелеудің күндері белгіленді. Ораза айт пен Құрбан айт үш күн, ал наурыз бір күн тойланатын болды [92, 220-б.].

Сонымен 20-30-жылдары қазақ мерзімді басылымдарында көтерілген мәселе — бұрыннан тойланып келе жатқан, қазақтың жыл басы саналған Наурыз мейрамы. Наурыз мерекесіне қатысты газет бетіне жарияланған материалдардың идеялық мақсаты — жастар бойына салт-дәстүрімізді сіңіру, күнделікті өмір-тіршілікте сақтауға, құрметтеуге дағдыландыру болды. Ұлыстың ұлы күніне арналып «Ақ жол» газетіне жарияланған Сәдуақас Баймахановтың мақаласында бұл мейрамның тарихи орны айқындалып, жалпы «Наурыз» сөзіне жан-жақты мағлұмат берілді. Автор «Наурыз» парсы сөзі «жаңа жыл» дегенді білдіретіндігін айта келе, иран халқы бұл мейрамды төрт мың жылдан бері тойлап келе жатқандығын, бұл мейрам түркі халықтарына Иранмен тығыз қарым-қатынас орнаған кезде тарап кеткендігін, Наурыз ұлтшылыққа, діншілдікке негізделген мейрам емес, көктем қуанышына арналған мейрам деп тұжырымдайды.

С.Баймаханов наурыз келген кезде күн мен түн теңеліп, күн жылынып, көктем шуағы есетіні, шығыс елдерінде, әсіресе Түркістанда бұл мейрам 22 наурызда тойланатындығын, бұлай тойлау Хорезм сұлтандарынан ауысқандығын, осы күні оқыстан қылмысқа барғандарға кешірім жасап, бастарына бостандық берілетінін келтіреді. Оның жазуынша, наурыз күні қазақта мейрамды құрметтеп қарсы алатын салт-дәстүрі болған. Оның бірі — тоғыз түрлі нәрсе салып пісірілетін «наурыз көже». Үй-үйді аралаған ауыл адамдары осы наурыз көжеден дәм татып, бір-біріне игі жақсылықтар тілеген. Сол күні күн жайдарлы болса, онда ел іші жыл бойы жайлы, жаңбыр жауса, молшылық болады деп есептеген. Ол Қазақстанның жер-жерлерінде бұл мейрамның өз ерекшеліктері барлығын мысал арқылы көрсетеді. Атбасарда қысқы соғымның басын асып, қариялар алда болатын жылға бата берсе, Маңғыстауда сол күні мал сойылып, оны ауыл адамдарына таратқан. Ауыл-ауыл болып ат жарыстырып, бәйге тіккен. Сырдария облысында «наурыз көже» жеті нәрседен жасалып, басты дәм ретінде ұсынылған. Бұл күні сәбилі бола алмай жүрген келіндер ақсақалдардың батасын алып, маңдайларынан сүйгізген. «Жеті келін сүйген тозаққа бармайды» деген ырыммен қарт адамдар келінінің маңдайынан сүйген. Сонымен қатар наурыз күні қазан асып, дәм татырмағандар жайында халық арасында айтылатын сөздерге де тоқталады. Автор осы мақаласы арқылы осындай салт-дәстүрімізді, ырым-жоралғыларымыздың жастардың білуін абзал санайды [93].

Наурыз мейрамы туралы көлемдірек мағлұмат беріп, оның тойлануының мәнісін түсіндірген азаматтың бірі — Мағжан Жұмабаев. Ол кейбір елдің жаңа жылына түсінік бере отырып, сол елдердің жаңа жылы шаруашылық негізіне қарай өткізілетіндігін келтірді. Наурыз деген сөздің түп төркіні қайдан шыққандығын, оның мәнісі нені білдіретіндігін талдауға алды. «Наурыз» әулиенің, әнбиенің аты болмаса керек. «Наурыз» күн райын, шаруа ыңғайын дұрыстап зерттеген бір шоңғал, оқымаған агроном» қазақтың, я түріктің аты болуға керек», — дей келе, осы мейрам кезінде арнайы дайындалған наурыз көже тағамының ішілетіндігін, бұл тағам әр үйде пісіріліп, жаңа жылға құтты болсын айта келген қонақтарға сый тағам ретінде ұсынылатындығын айтады. Көженің неден жасалатындығына тоқталады. «Көженің ішіне қысқы соғымның тек басы салынады. Көжеге көп сүт құйылады. Басты, шекені қарттар мүжіп, құлақты балаларға кесіп беріп, басқа жұрттар көжені талап ішеді. «Ауыз ақтан айырылмасын, қызылды уақытымен (қыс) көрсетсін, жас құтты болсын» деп бата жасап тарқасады. Бұл көже ішу (сүт құйған) — келе жатқан жазбен ұшырасып, қарсы алып, ас ішу ретінен аққа (сүтке) көшу. Көжеге тек бас салып асып жеу — қарлы қыспен, қыс тамағы етпен (қызыл) қоштасу», — дейді.

М.Жұмабаев Наурыз мейрамының шаруашылық үшін маңызының зорлығын айта отырып, қазақтың наурызын «дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы, шаруашылық мейрамы» екендігін дәлелдеген және Наурыз мейрамы кезінде қазақтың түрлі салт-дәстүрінің орындалатындығын да келтіреді [94].

Қазақ ақындарының бірі Шәкәрім Құдайбердиев те «Таң» журналына ел аузынан жинауымен жариялаған «Наурыз жайындағы өлеңдер» деген мақалада Наурыз мейрамы туралы нақты түсінік береді. Жалпы «Наурыз» сөзін парсыдан аударғанда «жаңа күн» дегенді білдіретіндігін, ертеден қазақтар оған «ұлыс» дегенді қосып, оны жыл басы ретінде санап келе жатқандығын айта келе, бұл күні қазан толып, ақ мол болса, ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болып, бай кекірейіп, бозбала қылмыңдап, құл жұмыстан құтылып, әр үйдің түтіні бұрқырайтын ұлы мейрамға айналатындығын, бұл күні барлық адам баласы «Ақ мол болсын, Ұлыс оң болсын, Қайда барса жол болсын!» деп бір-бірімен құшақтасатындығын келтіреді. Бұл күні дастарқан кең жайылып, баталар беріліп, ақ тілектер айтылатындығын өлең жолдарымен көрсетеді [95, 20-22-бб.].

1926 жылдан бастап республикада діни мейрам деген желеумен Наурызды тойлауға тыйым салынды. Дінге қарсы атеистік идеология қарқын алып, осы бағытта іс-шаралар жүргізіле бастады. Бұл мейрамды дін мейрамы ретінде санаудың қателігін дәлелдеген аракіді баспасөз бетінде мақалалар белең береді. Өлкелік «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған «Наурыз туралы» атты мақала авторы қазақ қайраткерлерінің бірі С.Қожанов: «Наурызға арналған намаз жоқ. Наурызда құрбан шалынып, құран оқылмайды. Наурыз — жыл басы, Наурыз күн мен түннің теңеліп, күннің асып кетіп бара жатқан уағына дәл келетін мейрам. Наурыз мұсылмандықтан бұрын шыққан мейрам. Наурыз ел шаруасымен күн көріп, табиғат шарттарына тұрмысы көбірек байланысқан елдің өмірі тіршілігі тудырып отырған мейрам. Жұрт қысқы қысымшылықтан құтылып, мал жұт қауіпінен құтылып, аман қалған малы төлдеп қорасы малға көбейіп жатқан, өздері егін шаруасына қам қылып, қасиетті жаз маусымында байлығын молайтудың, табиғаттың иіп тұрған кезінде қолынан келгенше көп өндіріп қалудың шаруасын істеп, абыр-сабыр болып жатқан ел шаруасының талабы қозған, ең көңілді уақыты көктем. Сол көктемнің басы — Наурыз. Ел шаруасының наурызды мейрамдатын себебі осы», — дей келе, наурыз мейрамының коммунистерге еш кедергі келтірмейтіндігін, орыстарда Иса пайғамбардың туған және қайтыс болған күнін мейрам қылып жүргенде, тұрмыс салтынан туындап отырған халықтың салтына, ел шаруаларының қуаныш күніне коммунистердің қарсы келуін надандық санайды. Орыстардың арасында ағаш егуге арналған мейрамның өткізілетінін, біздегі Наурыз мейрамы коммунистер айтпақшы «дән мейрамы емес, мал шаруасының мейрамы» деп толық айтуға негіз барлығын, Наурыздың жыл басы екендігін, бұл «Ұлыстың ұлы күні» барлық өкініш те, реніш те кешірілетіндігі, бұл мейрамды қазақ халқы бұрыннан құрметтейтіндігін айта келе, Наурызды қазақтың ұлт мейрамы ретінде өткізуді ұсынады. Бұл жерде автор үкімет тарапынан Наурыз мейрамын өткізуге тыйым салу туралы дайындалып жатқан заң жобасына қарсы келіп, халықты ұлттық мейрамынан айырмауды өтінеді. Міне, ол осындай ойларын жариялай отырып, алдағы жылы жаңа астана Қызылордада Наурыз мерекесін өткізуді ойластырады [96].

С.Қожанов өзі қатыспаса да ең соңғы Наурызды (ол кезде Мәскеуге қызметте болған — С.С.) астана жұртшылығы қала сыртында 1926 ж. тойлады. Онда ұлттық ойындар ойналып, бәйге, көкпар ұйымдастырылды.

Бұл күн халықтың есінде ұзақ уақыт сақталды. Өйткені Наурыз тойы сонымен шектеліп қалған еді. Наурызбен қоса партия органдары дінге қарсы қатаң шаралар белгілейтін қаулылар қабылдап, діни іс-шараларға шектеуліктер қоя бастады. 1926 ж. қыркүйек айында дінге қарсы насихат ұйымдастыру комиссиясы құрылып, «діни бостандық Кеңес өкіметіне нұқсан келтіруі мүмкін» деген желеумен діни оқулар мен оған қатысты барлық шараларды тексерістен өткізу, қауіпті жағдайларда оны жоюды басты мақсаттарына қойды. Ақыры 20-жылдардың соңында коммунистік идеологияның тарауына бірден-бір кедергі келтіруші діни орындар жаппай жабылып, дінге қарсы «Дін — апиын» деген ұранмен науқан басталып кетті. Наурыз мейрамы жарты ғасыр өткен соң, үкімет орындарының тікелей басшылығымен 1988 жылғы көктемде Алматы қаласы мен кейбір облыстарда тойланды. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін Наурызды ұлттық мереке ретінде тойлау дәстүрге айналды.

Жалпы газет-журналдарға жарияланған тарихи, этнографиялық мазмұндағы мақалалардың Қазақстан тарихы үшін маңызы зор әрі құнды. Ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған алаш азаматтарының әлі зерттеу нысаны бола қоймаған тақырыптарды қазақ баспасөздері арқылы көтеруі қазақ жастарын ғылымға, білімге қызығушылық тудыруды көздеуден туындады. XX ғ. 20-30-жылдары шығып тұрған қазақ мерзімді баспасөзі үлкен кедергілерге қарамастан қазақтың ертеден келе жатқан салт-дәстүрінің ел арасында ұмыт қалмай, мәнін жоғалтпай келесі ұрпақтың жадында қалуын мақсат тұтты. Бұл жылдар аралығында шығып тұрған газет-журналдарға жарияланған тарихи, этнографиялық мазмұндағы мақалалар қазіргі таңда Қазақстан тарихы үшін аса маңызды мәдени мұра десек қателеспейміз.

3-ТАРАУ. ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІРІ

3.1 Жаңа экономикалық саясат туралы баспасөзде

XX ғасырдың 20-30-жылдары Қазақстанның ауылшаруашылығы аса күрделі жағдайда болды. Азамат соғысы халықты азық-түлік салғыртымен жаныштап, шаруалардың маңдай термен тапқан азығын күшпен тартып алу саясатын жүзеге асырған еді. Армияның мұқтаждығы үшін мемлекет басы артық ауылшаруашылық өнімдерін түгел дерлік алып қоюға мәжбүр болды. Салықты салғыртпен алмастыру барысында ірі кемшіліктер орын алды. Атап айтқанда, салғыртты жүргізуде өнімдей беруге қарсылық білдірген қазақ шаруаларын малдарын басқа жаққа айдап, ауа көшіп кетуіне соқтырды. «Әскери коммунизм» атанған жылдарда Қазақстандағы ірі шаруашылықтар саны мен жалдамалы жұмысшылардың саны азайды. 1921 жылғы Қазақстан облыстарында аштықтың шығуы, шаруалардың салғырт төлеуге жағдайын келтірмеді. Салғыртқа қарсы Атбасар, Орал, Қарқаралы және тағы басқа Қазақстанның уездерінде шаруалардың толқулары белең ала бастады.

Социалистік құрылыстың іргетасын қалау үшін ірі өнеркәсіпті жаңа техникамен жабдықтап, қайта құру қажет болды. Ол үшін жұмысшыларды бірінші кезекте азық-түлікпен қамтамасыз ету, ауылшаруашылығын қалпына келтіру керек еді. Кеңес өкіметі өнеркәсіпті дамытуда бытыраңқы ауылшаруашылықтарды біріктіріп, азық-түлік өндірісін көтеруде ынталандыру қажеттігін түсінді. Ол үшін қарапайым шаруаны қинап келген салғыртты салықпен алмастырудың аса қолайлылығын көрсетті.

Жаңа экономикалық саясатты іске асыру шарасы 1921 ж. 15 наурызында өткен РК(б)П-ның X съезінде түпкілікті шешілді. Съезд жаңа экономикалық саясатқа көшу барысында ұлт аймақтарындағы халықтардың артта қалушылығын жоюды басты міндеттердің бірі деп көрсетті. Шет аймақтардың халықтарын социалистік құрылыс ісіне тартуда олардың экономикалық, мемлекеттік және мәдени жағынан көтерілуіне көмектесу қажеттігін атап өтті [1, 271-б.]. Съезде салғыртты салықпен алмастыру турасында қарар қабылданған болатын. Съезд өткізіле салысымен жаңа экономикалық саясат негіздері енгізіле бастады.

1921 ж. 21 наурызда Қазақ партия бюросы құрылып, оның құрамына В.А.Радус-Зенькович, А.Д.Авдеев, Ә.Т.Жанкелдин, П.Б.Журевский, М.М.Мырзағалиев, М.С.Саматов, С.М.Меңдешевтер енгізілді. Аталған партия қызметкерлерінің басшылығымен жаңа экономикалық саясатқа көшу мәселесі бойынша партия конференциясын шақыру қажет деп шешіліп, конференция бағдарламасын жасау қолға алынды. Осы жылдың сәуірінде РК(б)П Орталық Комитетінің және БОАК-нің хатшысы Е.М.Ярославскийдің басқаруымен өлкелік комиссия құрылып, оған жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыруда Қазақ АКСР-нің партия және кеңес органдарына көмек көрсету жүктелінді.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу барысында Қазақстанның жалпы жер көлемі 1 941 109 шаршы шақырымға шейін созылып, оның қарамағына 7 губерния мен 2 ірі уезд қарады. Республикада ауылшаруашылығы басым болып, халық негізінен мал және егіншілікпен айналысты. 1923 ж. жасалған экономикалық шолу бойынша, 1920 ж. республикада халықтың 20%-і егіншілікпен, 19%-ы жартылай егіншілікпен, 61%-ы малшаруашылығымен айналысқан [2, 17-66.].

Кеңес үкіметі жаңа экономикалық саясат тұсында кенжелеп қалған ауылшаруашылығын қалпына келтірудің аса маңыздылығын мерзімді баспасөз арқылы жергілікті халыққа түсіндіруді жөн санады. Сондықтан өлкелік, губерниялық және уездік газет-журналдарда ЖЭС міндеттері, оны жүзеге асыру барысы жөнінде мақалалар жиі жарық көре бастады.

Жаңа экономикалық саясаттың ел экономикасы үшін аса маңыздылығын түсіндіруде қазақтың белді зиялылары белсенділік танытты. Мәселен, «Еңбекшіл қазақ» газетінде М.Жолдыбаев X съездің мақсаты жөнінде: «Жаңа үнем саясатына ел жаттығып «елең қағып, бос шошуды» қойып, жұмысшы-бейнетқорлар ұйымдасып, кооператив-дүкендер ашып, түрлі ретпен бұзылған шаруаны оңдап, мемлекет қорынан тұқым үлестіріп, егін-пішен жақсы шығып, елдің пейілі кеңіп, жадырап, ендігі ынтасы бұзылған шаруаны тірілту, шаруа қорын жию, аштықтың қалдырған ізін кетіру, жас буынға оқу оқытып білімге шақырған», — дей отырып, бұл съездің әрбір сөзі, шығарған қарары жұмысшы-бейнетқорлардың тілегіне дәл келгендігін атап өткен болатын [3].

М.Әуезовте «Қазақтілі» газетіне жариялаған «Егінге дайындалыңдар» деп аталатын мақаласында қазақ ауылдарын отырықшылыққа тарту, егіншілік кәсіппен шұғылдану, оған жасалып отырған жеңілдіктер мен

оны пайдаланудың жолдары туралы мәселені көтере отырып, Кеңес өкіметінің жер саясатының мәнін түсіндіруге тырысты. Бұл саясатты қазақтардың тиімді түрде жүзеге асырудың қажеттігін айта, 1920-21 жылдардағы қуаңшылықтың кесірінен төніп келе жатқан ашаршылық қаупінен сақтандырды [4].

1921 ж. 26-28 мамырдағы кезектен тыс шақырылған РК(б)П-ның Бүкілресейлік төтенше конференциясында азық-түлік салығы туралы мәселе талқыланып, жаңа экономикалық саясатты жүргізудің алғашқы тәжірибесін қорытындылау және ел мен партия алдына қойған күрделі жайттарға тағы да қайта оралу қажеттілігі атап өтілді.

Қазақ АКСР-і Орталық Атқару Комитеті РКП(б)-нің X съезінің және БОАК-тің салғыртты азық-түлік салығымен алмастыру туралы шешімдерін басшылыққа ала отырып, азық-түлік салығына көшу туралы шешімінің дұрыстығын мақұлдады және республика халқын егіс жұмыстарына, ауылшаруашылығын қалпына келтіріп, оның өнімдерін көтеруге шақырды. Шаруаларға азық-түлік салығы өздерінің артық деген өнімдерін тұрмысқа қажетті басқа өнеркәсіп тауарларымен алмастыруға мүмкіндік туатындығын сендірді. Ауылшаруашылығын көтерудің бірден-бір жолы мал шаруашылығын тез арада қалпына келтіру болатын. РКФСР үкіметі ұлт аймақтардағы көшпелі және жартылай көшпелі шаруалардың жағдайын ескере отырып, 1921 жылдың көктемінде кедей шаруаларды ет салығынан босатты [5].

Азық-түлік салығын енгізу турасында шешім қабылданса да азамат соғысынан кейінгі елдің ауыр жағдайына байланысты 1921 жылдың көктемінде Қазақстанның астығы мол губернияларында азық-түлік салғыртты мамыр айының орта шеніне дейін сақталды. Әрине бұл шаруалардың наразылығын тудырды. Әлі де болса қазақтардан азық-түлікті күштеп алу, қарсылық туындаған кездерде қатаң әдіс-шаралар қолдану орын алды. Мұның өзі Орал, Қостанай, Семей, Шымкент және тағы басқа уездерде шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсы шығуына әкелді. Сондықтан үкімет пен партия жаңа экономикалық саясатқа көшуде, салғыртты салықпен алмастыруда қабылданған шешімдері мен қаулыларының орындалу барысын қатаң түрде қадағалауды талап етті.

Қазақ АКСР-нің 1921 ж. 11-18 маусымда өткен конференциясында партияның X съезі мен төтенше конференциясының шешімдерін негізге ала отырып, жаңа экономикалық саясаттың негізгі тұтқасы — мал өсіруші

көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы халық пен пролетариат арасында тауар айырбасын орнату деп пайымдады және азық-түлік салғыртын салықпен алмастыруды бірауыздан мақұлдады. Ол үшін азық-түлік аппаратын нығайту, патша өкіметі кезінде тартып алынған жерлерді қазақ еңбекші шаруаларына қайтару сияқты аса маңызды істерді жүзеге асыру қажеттігін атап көрсетті. Бұл конференцияда салғырт алу кезінде Қазақстанда орын алған кемшіліктер де атап өтілді. Мәселен, салғырт алу барысында партия ұялары көбінше шаруаларға қысым жасаған [6, 36-37-66.].

1921-22 жж. аралығында үкімет тарапынан бірнеше аграрлық реформалар қабылданды. Жаңа экономикалық саясат кезінде қабылданған реформалар «әскери коммунизм» саясатының негіздерін сақтап қалды. Ағылшын ғалымы Р.Конквест «Қасірет жинаған қырман» атты еңбегінде: «Жаңа экономикалық саясат кезінің өзінде-ақ қазақ қоғамы бұрынғы тәртіп пен жетекшілерінің ықпалында болды, кеңес басыларына мойынсұна қоймады», — деп жазған еді [7, 174-6.].

Қазақстанда жаңа экономикалық саясатты іске асыру 1921-23 жж. Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің азық-түлік салығына көшу туралы шешімі негізінде жүргізілді. Бұл шешім халыққа түсінікті болу үшін мерзімді басылым беттеріне жариялану арқылы жүзеге асырылды. Газет халыққа салық та салғырт сияқты қатаң жүргізілетіндігін, салықтың мөлшерін белгілеу жоғарыдан емес, төменгі орындардан, яғни селолық кеңестердің ұйғарымымен шешіліп, салық мөлшері шаруаның шамасына қарай бөлінетіндігін, жеке адам өзі төлейтін салықтың мөлшеріне келіспесе тиісті орындарға шағымдана алатындығын түсіндіруге тиіс болды. Газеттерге сонымен қатар бұл саясаттың жүргізілу барысы, нәтижесі туралы да материалдар жариялап тұру міндеттелінді. Жаңа экономикалық саясат жағдайында Коммунистік партия ең алдымен баспасөздің ұйымдастырушылық рөлін күшейтуді талап ете отырып, сол арқылы бұқаралық үгіт жұмыстарын жүргізуді міндет санады.

1921 ж. 21 шілдеде Орынборда РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің пленумы өтіп, Қазақ Республикасының азық-түлік жағдайы және азық-түлік органдарының міндеттері туралы мәселе талқыланды. Облыстық комитеттердің үгіт бөліміне азық-түлік салығын өткізу жөніндегі науқанды кеңінен өрістету міндеттелді [6, 44-б.].

1921 ж. 9 тамызындағы РКФСР ХКК-нің жаңа экономикалық сая-

сатты жүзеге асыру барысы жөнінде қабылдаған қаулысында бұл саясатты іс жүзіне енгізуде өндірісті басқаруда, еңбек барысын ұйымдастыруда барлық маманданған одақтарды тарту, халық шаруашылығын одан әрі құлдырауына жол бермеу, барлық қажетті жағдайды жасауды басты міндетке қойды [8, 184-186-бб.].

Бұқараның назарын азық-түлік салығын ойдағыдай өткізу науқанына аударуда мерзімді басылым кең түрде үгіт-насихат құралы ретінде тартылды. Баспасөзде бірінші орында үкімет пен партияның жүргізіп отырған саясатының маңыздылығын түсіндіріп, бұл саясатты белсенді түрде жүзеге асыруда партия қызметкерлерін тарту, ал одан кейін азық-түлікті органдарын қызметкерлермен жабдықтау барысы, ашаршылыққа байланысты азық-түлік ұрлаушыларға қарсы күрес жүргізу тұрды.

ЖЭС-тің маңыздылығын алғаш көтерген газеттердің бірі — Семейде шығып тұрған «Қазақ тілі» газеті болды. Бұл турада Х. Бекхожин, С. Қозыбаев және С. Матвиенколар монографиялық еңбектерінде: «Семейдегі «Қазақ тілі» газеті шаруаларға азық-түлік салығын енгізу мәселесін қарапайым түрде алғашқылардың бірі болып түсіндірді», — деп атап өткен [9, 59-60-бб.].

Сондай-ақ «Қызыл Қазақстан» журналы да алғашқы санында-ақ партияның X съезі мен Қазақстан партия ұйымының I-ші облыстық конференциясының шешімдерін кеңінен насихаттай отырып, республиканың еңбекшілерін халық шаруашылығын қалпына келтіру, жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыру күресіне жұмылдырды. Салғырттан салықтың айырмашылығын қалың бұқараға түсіндіре отырып, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруде азық-түлік салғыртын салықпен алмастыру аса маңызды екендігін баса көрсетті [10, 17-б.].

Журналдың келесі санына жарияланған «Жаңа жол» деген мақалада да жаңа экономикалық саясаттың маңыздылығы сол «халық шаруашылығын қалпына келтіреді, социализмнің іргетасын қалайды, кедейдің, жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағын нығайтады» деп түсіндірілді [11, 22-б.].

Өлкелік «Еңбекшіл қазақ» газетінің бірінші санында жарияланған «Астық үшін күрес — социализм үшін күрес» деген мақалада Кеңес өкіметінің неліктен жаңа экономикалық саясатқа көшкендігін, азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен ауыстырудың себебін түсіндіруге тырысты. Елдегі астықтың басым көпшілігі бай-кулақтардың қолында екен-

дігін айта келе, бұл астық дайындау барысында үлкен қиыншылықтарды тудырып отырғандығын, сол үшін қалың бұқараның көмегі аса қажет екені көрсетілді [12]. «Бостандық туы» газетіне жарияланған «Іске сәт» деген бас мақалада азық-түлік мәселесін шешу ісі алда тұрған үлкен міндет екендігін айта келе, бұл істі жүзеге асыру барысында құқық орындарын (сот пен милиция — С.С.) тарту мәселесін баса көтерді [13]. Сөйтіп салғыртты салықпен алмастырудың маңыздылығы партия ұйымдарының басшылығымен болыстық, ауылдық, селолық жиналыстарда түсіндіріліп, шаруаларды кең түрде қолдау көрсетуге шақырды. Көктемдік егіс жұмыстарына әзірлік жұмыстары қарқынды жүргізіліп, қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз ету, бұзылған техниканы қайтадан жөндеуден өткізу ісі, аштыққа ұшыраған аудандардан салық жинау қолға алына бастады.

Ғалымдар Г.Ф.Дахшлейгер мен К.Нұрпейісовтің жазуы бойынша, Семей губерниясынан осы жылы салық жинаудың нәтижесінде үш миллион пұттан астам нан мен 17 мың пұт май және бір миллион дана жұмыртқа жиналған [14, 99-б.].

Қазақстан халқы үкіметтің қабылдаған қаулылары мен шешімдерін орындауға мерзімді басылым бетіне жариялаған мақалаларында әзір екендіктерін білдірді. Газет-журнал беттерінде «Жалпы саясат», «Қазақстанда», «Ішкі хабарлар», «Егінді жұмыстар», «Қосшы жұмысы», «Елден» және тағы басқа айдарлар пайда болды. Мерзімді басылым тілшілері азық-түлік салығының жүргізілу барысы жөнінде, егіс жұмыстарындағы жетістіктер мен кемшіліктер, егіс комитеттерінің құрылуы турасында мәнді мәліметтер бере бастады. Қазақстанның бірқатар губернияларында егіс комитеттері құрылып, егістік жұмысына қазақ шаруаларын тарту, ауылшаруашылығын қажетті техникамен қамтамасыз ету жұмыстарына белсене кірісті. Алайда жаңа экономикалық саясатты іске асыру барысында көптеген қиыншылықтар кездесті. Атап айтқанда, 1920-21 жылғы қыстың қарсыз, көктем мен жаздың жаңбырсыз болуы қуаңшылыққа әкеліп соқтырды. Қуаңшылықтың соңы жаппай ашығуға алып келді. 1921 ж. Еділ өзені бойының, Солтүстік және Батыс Қазақстанның халықтары күшті қуаңшылыққа тап болуына байланысты аштыққа ұшырап, онымен күрес үкіметтің шұғыл міндеттерінің біріне айналды.

1921-22 жж. аралығында болған ашаршылық салдарынан Қазақстан

экономикалық жағынан зор шығынға батты. Бұған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстан бастап республикадағы саяси жағдай (бұның ішінде 1917 жылғы Ақпан және Қазан революциясы, азамат соғысы, әскери коммунизм саясаты) себеп болғандығы анық. Аштықтың шығу себебі «Қызыл Қазақстан» журналында былайша келтірілді: «...биылғы жазғы құрғақшылық болып, егін, шөп шықпай қалмағанда да жұрттың көбі аштыққа ұшырамаған болар еді. Бұл шаруашылықтың бұзылған қиындығының тұрмыстың ауырлығының үстіне биыл жаз жұрттың мал бағатын жайлауларында шөп шықпады. Қысқы жұттың зардабына құрғақшылық қосылып, халық зор аштықтың апатына ұшырады. Сөйтіп ашаршылықтың шығу себебі, біріншіден, халық шаруасының күйзелуі, екіншіден, егін-шөптің шықпай қалуы деп көрсетілді [15, 16-б.].

Аштық ең алдымен Еділ бойын жайлады. Бұл турада «Қызыл Қазақстан» журналына «Русия құрамында кеңес мемлекетінде егін өнбей қалып, ашыққан жерлер толып жатыр. Сол жерлердің ішіндегі көбінесе сөз болып, хал-жайлары газетке жазылып, қолдан келгенше жәрдем беріліп тұрған жер — Еділ жағасындағы жерлер. Еділ жағасынан басқа егіні шықпай астықтың зарын тартқан неше город Екатеринбург, Пермь, Пенза губерниялары мен Донской облысы һәм Украинаның бірнеше жері» деген хабарлама басылды [15, 14-б.].

Қазақстанда 1921-22 жж. Орынбор, Ақтөбе, Орал, Қостанай, Бөкей губерниялары мен Адай уезінде аштық орын алып, халықтың үштен бір бөлігі қырғынға ұшырады. Қазақ халқы аштық пен індеттен қырылды, тамақ іздеп Қытай, Моңғолия, Түркия, Ауған елдерінде қарай босты. Қазақстанның өзі аштық тырнағына іліккен кезде В.И.Ленин Арал балықшыларына арнайы хат жолдап, Ресейде ашыққандарға көмек көрсетуге шақырған болатын. Арал балықшылары бар күштерін салып, ресейліктерге 14 вагон балық жіберді.

Қазақ ОАК-нің қаулысымен 1921 ж. 15 шілдесінде ашыққандарға арнайы төтенше көмек көрсету комитеті (Компомгол) құрылып, оның жұмысын басқару С.Меңдешевке жүктелінді [16].

Қазақстандағы 1921-22 жж. ашаршылықтың шығуының екі себебі анықталды. Оның біріне экономикалық жағдайдың құлдырауы жатқызылса, екінші себепке егіннің шықпауы, яғни табиғи апаттың салдарынан делінді. Мұрағат құжатында келтірілгендей экономикалық жағдайдың құлдырауы 1920 жылдың қысынан-ақ сезіле бастаған. Қыс-

тың ауырлығы, жем-шөптің жетіспеуі, малдың қырылу құбылысы 1921 ж. қыста тағы да қайталанып, мал басының азаюына алып келсе, осы жылдардағы егіске салынған өнімнің шықпай қалуы диқаншылықпен айналысқандарды әбден күйзелтіп, сергелдеңге салған. Орынбор, Бөкей, Ақтөбе, Орал және Қостанай губернияларындағы 1 130 000 десятина егістік жердің 700 000 десятинасына егін шықпаған, яғни 60%-дан жоғары алқап жаңбырдың болмауынан күйіп кеткен. Қалған 430 000 десятина жерден тек 2 ½ млн пұт астық ғана алынған [17].

С.Меңдешев 1920-25 жж. Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болған жылдары ашаршылықпен күресуде іскерлік таныта білді. Ол республикадағы төтенше комиссияның жетекшілік қызметін атқарып, елдегі жағдайды қалпына келтіруге аянбай күресті. 1921 ж. 17 шілдесінде аштыққа байланысты РК(б)П ОК-нің арнаулы үндеуі жарияланып, шығу себебі айтылып, онымен күрес жүргізуге шақырды.

Ел басына түскен ашаршылық нәубеті мерзімді басылымдарда жиі-жиі жариялана бастады. «Қазақ тілі» газеті азық-түлік салығының орындалуы барысында үлкен қиыншылықтар туындап отырғандығын жасырмады. Елдегі ашаршылық халықтың салық төлеу тұрмақ, өздерінің жеуге талғау таба алмай қиындыққа душар еткендігін мысалдармен көрсетті. «Ел хабарларында» деп аталған арнайы айдарда қазақ ауылдарының жай-тұрмысының күннен-күнге қиындап бара жатқандығы, соңғы уақыттарда адам өлімінің орын алып отырғандығын келтірді.

Газетке жарияланған мына бір хабарламада Қызылжарда 1920 ж. жазда жаңбыр болмай, егін-шөп шықпай қалып, 1921 жылдың қысында жаңбыр жауып, даладағы жылқы малы жерден шөп жей алмай қалғандығы, оның үстіне үкімет қазақтардың табан ет, маңдай терімен алған 2-3 пұт астығын сыпырып алып, адамдарды аштыққа итермелегендігі, бұл әрі жалаңаштық туғызып отырғандығын ашық жазса [18], «Обадан сақтаныңдар» атты мақалада Ресейде оба ауруының басталғандығын, бұл ауру Семей облысында да білініп, Алаш және Семей қалаларында күн сайын оба ауруынан өлушілердің қатары көбейіп бара жатқандығы айтылды [19].

1921 ж. 4-10 қазанда Қазақ АКСР-і Кеңестерінің II съезі болып, онда республикадағы жүргізіліп жатқан мемлекеттік және шаруашылық құрылыстың қорытындылары шығарылды. Жаңа экономикалық саясат-

ты жүргізуге кедергі болып отырған ашаршылық пен жұт зардаптарына қарсы жұмыла күрес жүргізуге шақырды [20, 192-б.]. Съездің аштықпен күресуге арналған секция мәжілісінде Батыс өңірдегі жайлаған аштыққа байланысты мәселе қаралып, Дайрабаев, Түрмұхамедов, Дунаев, Рышков, Максименко, Танашев, Байтұрсынов, Игілік, Бекбаев сынды азаматтар қатынасып, елдегі жағдайдың қиындығы, аштықтан босқан халық, жұқпалы аурудың өршуі турасында ашық айтуға тырысты. Игілік өз ауданының соғыстан кейінгі жағдайына тоқталып, халықтың жаппай ашығып жатқандығын баса айтты. Мәжілісте Ақмола және Семей губернияларынан азық-түлік салығын жинау жайы көтеріліп, У.Танашев халық бұған еш қарсылық білдірмесе де, азық-түліктің қандай түрін жинау жөнінде нақты нұсқау болмаса, онда бұл мәселені қолға алуда қиыншылықтар туатынын атап өтті. Сонымен қатар азық-түлікке салынатын салық мөлшерін белгілеу, қандай азық-түліктен салық ұстау мәселесі де қаралды.

У.Танашев салық мөлшерін нақтылау ісін губерниялық атқару комитетінің құзырына қалдыруды ұсынды. А.Байтұрсынов оның ұсынысына қолдау көрсете отырып, салық салынбақ болған кейбір аудандар астық шықпай (Ырғыз ауданын айтқан — С.С.), зардап шегіп отырғандығын баса көрсетіп, салық салуда осы жайтты ескеруді талап етті. Алайда мәжіліске қатысқан Бендарь «Бірде-бір ауданды салықтан босатуға болмайды. Кейбір жерлерде салықты терімен алуға болады, әйтпесе ауыр жағдайдан шығу мүмкін емес» деген пікірді ұстанды [21].

Съезд шешімдерін жүзеге асыруға Қазақстанның барлық еңбекшілері жұмыла кірісті. Ашыққан аудандарға көмек көрсетуде азық-түлік салығын мерзімінен бұрын өткізуге, жоспардан тыс астық беруге міндеттеме алды. Сондай-ақ, өз еркімен заттай және қаржылай көмек көрсету мәселесі де қолға алынып, Қазақстанды жайлаған аштықпен күресуге партия, комсомол және басқа үкімет ұйымдары тартылып, Ашкөм комитеттерінің жұмыс барысы газет-журнал беттерінде ашық жарияланды. Аштық мәселесін күнделікті жариялап отырған губерниялық «Ақ жол» мен «Қазақ тілі» газеттері және өлкелік «Қызыл Қазақстан» журналы болды.

1921 ж. 19 желтоқсанда РК(б)П-ның Бүкілресейлік конференциясы өткізіліп, Қазақстанды жайлаған аштықпен күресу мәселесі тағы да қаралған болатын. Бұл конференция алдағы жылда 15 ақпанында бола-

тын Қазақстан коммунистік партиясының II жалпы конференциясында «Аштықпен күресу һәм бұзылған шаруашылықты түзету шаруалары» турасындағы жағдайды көтеру қажеттілігі жөнінде шешім шығарды [22, 41, 55-66.]. Бұл турада «Қызыл Қазақстан» журналына Ә.Байділдиннің көлемді мақаласы жарияланып, онда: «Бұлардың ішінде өте-мөте көңіл бөліп, күшті жұмсайтын һәм қазақтың тұрмысына қарай пайдалы болып шешілуді тілейтін ең маңыздысы аштықпен күресу һәм шаруашылықты жөндеу мәселесі», — дей отырып, тез арада аштықпен күресуге жұмыла кіріспесе, онсыз да әбден тұқымы құруға айналып бара жатқан малдан айырылатындығын ескертті [23, 1-6.].

Негізінде Орынборда өткен Қазақстан облыстық екінші конференциясында (1922 ж. 19-27 ақпан) «Қазақ АКСР-індегі ашаршылық және онымен күрес туралы» қаралып, «Қызыл Қазақстан» журналында көтерілген мәселе толық талқыланып, бұл ашаршылықтың еліміздің шаруашылық-экономикалық тұрмысын дамытуда басты кедергі болып табылғандығы айтылып, ашыққандарға көмектесу комиссияларының аппаратын таңдаулы қызметкерлерімен толықтырып, нығайту, Ашкөмнің жалпы басшылығымен ведомствалар мен барлық кеңес органдарын ашыққандарға көмектесу шараларын тікелей жүргізу ісіне тартуды күшейту, ашыққандарға жіберілген барлық көмек түрлерінің басқа мақсаттарға қолданылып кетпеуін қадағалау сияқты міндеттерді жүзеге асыру жөнінде қаулы қабылдаған еді [6, 50-51-66.].

Қазақ зиялыларының бірі Мәннан Тұрғанбаев сол аштық басталған жылдың өзінде «Қазақ тілі» газетіне жариялаған «Ашаршылық» (1921, №137) атты мақаласында Кеңес өкіметінде он бес миллион адам аштыққа ұшыраған деген мәліметті келтірген. Оның жазуынша, Қазақстанда да Бөкей, Орал, Орынбор, Торғай губерниялары ашығып, оған қоса оба ауруы ел арасында кең жайыла бастаған.

М.Тұрғанбаев газетке жарияланған келесі бір мақаласында аталған облыстардан Сібірге, Ақмола, Семей губернияларына аш әрі ауру балалар ағылып келіп жатқандығын, сондықтан қолдан келген көмекті аямау, Семейдің өз халқы аштыққа ұшырамас үшін келесі жылға дайындалу, пішенді сақтау, егін салуға қамдану, малдың санының көп болуынан гөрі дені сауларын аман алып қалу қажеттігін көтереді [24].

Қазақ АКСР-і Кеңестерінің II съезінен кейін 1922 ж. 9 наурызында Семей қаласында қазақ зиялыларының бас қосқан жалпы жиналысы

өтеді. Бұл турада «Бостандық туы» газетінде «Ашыққан ел һәм Семей азаматтары» атты көлемді мақала жарияланды. Жиналысқа Х.Фаббасов, М.Дулатов, Ә.Сәтбаев, М.Тұрғанбаев, Б. Сәрсенов, Ғ.Ихсанов, Д.Ихсанов, Ж.Аймауытов, Ш.Смағұлов және тағы басқа қазақ азаматтары қатынасты. Мақалада көрсетілгендей, жиналыс төрағалығын Ж.Аймауытов, ал хатшылығын Б.Сәрсенов атқарып, Қазақстандағы ашыққан елдерге жәрдем беру шаралары қарастырылды. Қазақстандағы ашаршылық туралы М.Дулатов баяндама жасап, Семей губерниясынан басқа губерниялар аштық құшағына кіргендігін, ашыққан елдердің қайғылы халін, аштықтан құтқаруға үкімет жәрдемінің жетпейтіндігін, аштықтан, жұқпалы аурудан адамдардың қырылып жатқандығын баса айтып, ашыққан губернияларға қолдан келгенше көмек көрсету жайы ұсынылды [25].

Міржақып Дулатов бұл ұсынысты «Қазақ тілі» газетінің №145 санында Ашық хат түрінде жариялап, мемлекеттік көмек барлық дала аудандарын қамти алмағандықтан, губернияның қазақ қызметкерлерін ерікті түрде көмек берушілерден мал жинап, оларды ашыққан аудандарға жеткізу мәселесін көтерген. Бұл турада Міржақып Дулатов кейіннен Мемлекеттік қауіпсіздік Басқармасына берген жауабында да растаған.

Жиналыс М.Дулатовтың ұсынысын қабыл алып, оны жеделхатпен (телеграмма) кеңес орындарына жіберуді қаулы етті. «Бостандық туы» газетіне жеделхаттың мәтіні толықтай басылды. Бұл жеделхатты басудың басты себебі, семейліктердің бастамасын басқа ашықпаған губерниялар да қолдаса деген ниеттен туындаған еді. Жеделхатта ашыққан жерлерге көмек көрсетуге шақыра және осыған орай Семей, Ақмола мен басқа ашыққан губернияларға көмек көрсету үшін құрылған комитетке кіргендерді партия мен кеңес жұмыстарынан толықтай босатуға рұқсат етуді өтінді. Жоғарғы орындар рұқсат берсе, қазақ жиналысы өзінің жұмысын жалғастырып, нақты жоспар жасап, сол арқылы әрекет ететіндіктерін де келтірді. Бұл жеделхатқа қазақ жиылысы атынан губерниялық атқару комитетінің бастығы Бөкейханов қол қойған.

«Бостандық туы» көрсеткендей, жеделхат Орынбордағы Орталық Атқару Комитетіне, Қазақстан аштарға жәрдем беру комитетіне, Мәскеуге бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне, Ресейдегі аштарға жәрдем беру комитетіне жіберілген [25]. Газетке жеделхат жарияланысымен Семей азаматтарының бастамасын қолдайтындырын біл-

діріп редакцияға Қазақстанның түкпір-түкпірінен хаттар келіп жатты. Қызылжардан келген бір хатта Семей зиялыларының аштарға көмек көрсету жөніндегі ұсыныстарын қабыл алып, Орынборға солардың жіберген жеделхатындай жеделхат жібергендіктерін хабардар етті [26].

«Қазақ тілі» газетінде «Бостандық туында» жарияланған үндеухатқа ұқсас «Қазақ елінің назарына» деп аталған үндеухат жарияланып, онда: «... соңғы бірнеше жылдардың ішінде Германиямен ел соғысып, ашаршылық һәм 1917-19 жж. болған жұттың зардабынан губерниядағы қазақ аудандарының мал өсіру шаруашылығы өте нашарлап, мал кіндігі азайып қалды», — деп келтіре отырып, осы халден құтылуда қазақ халқын қандай да болса бір шара қолданып, жол табуға шақырады [27].

Ашаршылыққа ұшыраған аудандарға көмек көрсету мәселесін «Еңбекшіл қазақ» газетіне жариялап, Семей зиялылары ашаршылықты ауыздықтауға белсене кірісіп, «сауын» ұйымдастырған. Алайда «сауынды» өз мақсаттарына пайдаланды деген желеумен М.Дулатов, Ж.Аймауытовтардың үстінен іс қозғалып, тарихта «Торғай ісі» деген атпен қалды.

1926 ж. 23 наурызда Қызылорда қаласында өткен сот мәжілісінде айыпталушы Ж.Аймауытов ақтық сөзінде жиналған малдарды ашыққандарға таратуда қиыншылықтар туындағандығын «Бір жағынан аштық тізімін алып жатсақ, екінші жағынан мал бер деп жағадан алып жатты. Жалпы қазақтың бұл туралы әдетін алсақ, 8000 малды үлесіп алу түгіл 8 кез сисаны жанжалсыз үлескен емес» дей келе, өзін «неге комиссияға кірдің?» деп айыптаудың орынсыз екендігін, «ала жаздай бейнеттеніп келіп, комиссияға кірмей, малдың қалай бөлінгенін білмей кетуім дұрыс па еді» деп жауап берген. Ол Торғайға жеткенше бірде-бір малдың жоғалмай келгендігін, 90 малды ашыққан ел қаптап келіп, малшыларға бой бермей талап әкеткенін, оның 30-ы табылғандығын, бір малды да ысырап қылмағандықтан өзін кінәлі санамайтындығын, «елі үшін құрбан болса, арман жоқтығын» екендігін ашық айтқан [28, 208-212-бб.].

М.Дулатов «Еңбекші қазақ» газетіне Ж.Аймауытовты айыптауына қарсылық білдірген көлемді мақала жариялап, оның еш кінәсінің жоқ екендігін дәлелдеуге тырысқан. Бұл туралы О.Исаевтің Ф.Голощекинге жазған хатында айқын айтылды [29]. Газеттің 26, 28 наурыздағы №66, 67 нөмірлерінде он күнге созылған сот үрдісінің үкімі жарияланып, оның барысында Ж.Аймауытовқа тағылған айыптың негізсіз екені

айқындалып, ақталып шықса, қалған төрт адамның екеуін екі жылға, екеуін біржарым жылға бас бостандықтарынан айырды [30].

Негізінде қазақ зиялыларының бастамасын Семей губерниясының қазақтары құп алды. «Қазақ тілі» газетінде жазылғандай, Семей уезіне қараған Аққұм елі уездің ашаршылық ізімен күресуші комиссияға 13 бас сиыр тапсырған [31]. Алайда комиссия жұмысы барысында кемшіліктер де кеткен. Бұл туралы газетте «IV-нші губерниялық ортақшылар тобы» деп аталған мақалада 1923 ж. 4 ақпанында болған губерниялық комитеттің мәжілісінде ашаршылықпен күресуде мал жинауды губком саяси халді білмейтін кейбір қолайсыз адамдарға тапсырғандығы жазылды [32].

«Бостандық туына» жарияланған «Төтенше комиссия» деген мақалада Ақмола губерниясының төтенше комиссиясы Семейден берілетін тұқымдық көмекті тезірек тасып алып, егіс алқабына шашу жұмысына кірісу қажеттігі жөнінде айтылды [33]. Газеттің келесі №12 санында Ақмола губерниясындағы егістік жерлерге басшылық жасауға Аспандияр Кенжин мен Мирасбек Төлепов жіберілетіндігі, оларға егіс жұмыстарына қарсы шыққан ұлтшылдарға тойтарыс беру, барлық бөгеттерді реттеу ісі жүктелінетіндігі хабарланды [34].

«Қазақ тілі» газеті көрсеткендей, аштықпен күресте Халық Комиссариатының кеңесі түрлі заттар жасайтын орындар мен оны сататын дүкендерге, ішімдік сататын дүкендерге, асхана, шайханаларға, темекі сатушыларға қосымша салық салуды көтерді [35].

Аштықтың күннен-күнге зорайып бара жатқандығын қазақ зиялыларының бірі Ә.Байділдин: «Қырдағы қазақ арасында аштық басталғалы көп заман болды. Аштықтан ел қырылып, таусылып барады, іс жүзінде жәрдем керек» деген сөз бірталайдан бері әркімнің-ақ аузында айтылып һәм газеттерде де жазылып келеді. Бірақ сөз бен істің екі арасы қазаққа келгенде жер мен көктей алыстап, бұл күнге шейін қырдағы ашыққан қазақтар хүкіметтен тиісті жәрдем ала-алған жоқ. Ашыққандарға арналған азық-түлік, киім-кешектер қырдағы елге жетпей, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, жолда қалып жатыр», — деп көрсеткен еді [23, 1-б.].

«Қызыл Қазақстан» журналы Қазақстанның өзі ашаршылық зардабын тартып, халықты аман сақтап қалу жолын іздеумен аласұрып жатқанда, Мәскеудегі жоғарғы билік шикізат көзін елдің қажетіне жа-

ратпай, Ресейге әкетіп жатқанын қынжыла жазды. Әмзе Нақымжан журналға жариялаған мақаласында: «Бұл күнде қазақ халқының көбі аштықтан, жалаңаштықтан, не түрлі аурудан қырылып жатыр» дей келе, бұл кесапаттан құтылу үшін ешқандай шаралардың жүргізіліп жатпағандығын, қазақ жұртының өз байлығы аузынан қағылып, далаға кетіп жатқандығын айтып, қазақтар өзінде шығатын шикізаттарын аштар пайдасына жұмсау керектігін баса көтереді. Орынбор, Орал, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе губерниялары астықсыз қалған аудандар қатарына жатқызды. Осы губернияның ішінде әсіресе Ақтөбе губерниясының жағдайының нашарлығы, аштардың санының күннен күнге көбейіп бара жатқандығы журналда айқын келтірілді [36, 9-10-бб.].

Журналда жазылғандай, 1921 ж. 1 шілдеде құрылған Ақтөбе губерниясы (құрамына бұрынғы Торғай облысына қараған Ақтөбе және Ырғыз уездері және Орал облысына қараған Темір уезі енді — С.С.) уездердегі жайлымдар мен пішенді шөптердің түбірімен күйі мал басының күрт төмендеуіне алып келді. Губернияның ең басты байлығы саналған мал басы күннен-күнге кеміді. 1922 ж. 1 қаңтарда келтірілген мәлімет бойынша, Ақтөбе губерниясында соғысқа дейінгі уақытпен салыстырғанда жылқыдан — 23%, ірі қара мал (сиыр) — 32%, түйеден — 31%, қой мен басқадай ұсақ малдардан — 6,2% қана қалған [37].

1921 ж. 31 желтоқсанда қарай губернияда 33243 ауыл және қалалық жеке шаруашылықтар болса, аштыққа байланысты оның үштен бірі астықты аудандарға көшіп кетті. Астықтың шықпағанын естіген ауқатты қазақтар, әсіресе Ырғыз бен Темір уезінің қазақтары Түркістан Республикасына қарай қалған малдарымен көшіп, өлкеде әбден кедейленгендер ғана қалды. Халықтың жаппай басқа жаққа босуды өзі бұрыннан тапшылық көріп отырған губернияның жағдайын одан сайын қиындатып жіберді.

Республиканың басына түскен аштықты тек астықпен құтқара алмайтындығы айдан анық еді. Өйткені қазақтардың көпшілігі мал шаруашылығымен айналысқан еді.

Революцияға дейін қазақ жері малшаруашылығымен ғана нақтылай айналысып, тек егінге қолайлы жерлерге ғана астық егілсе, ал 1917 жылдан кейін мал бағатын жерлер қысқарып, жарамсыз болса да астық алқабына айналғандығын, мал басы 100-ден 83-і кеміп, әр отбасында тек 17-ақ бастан қалды. Сондықтан аштық азабын тартқан, бар малынан

айырылған кедей шаруалар еріксіз отырықшы өмірге көшуге мәжбүр болды. Аштық жайлаған Ақтөбе губерниясының Ырғыз, Темір уездерінің халі аса ауырлағаны «Қазақ тілі» газетіндегі мақалада айқын айтылды. «Сібірге, Қазақстанның Ақмола, Семей губернияларына ашаршылық тартып жатқан губерниялардан аш балалар ағылып келе бастады. Әзірге Семейге келіп түскен мың бала, олардың көбі (тіпті бәрі) мұсылман балалары. ... Темір, Ырғыз уездерінің кісілері болсын, балалары болсын біздің губернияға келіп жетуі мүмкін емес. Қыр жолымен екі айлық хәм көлік жоқ. Теміржолмен де бір айлық хәм айланып жүреді. Сондықтан хүкімет оларды жақын отырған Түркістан өлкесіне жағыстырды», — деп келтірілді мақалада [24].

Губерниядағы (Ақтөбе — С.С.) жұмысшылар мен орыс шаруаларының да жағдайлары күннен-күнге нашарлап, аштықтың нәтижесінде олар өз мекен-жайларын тастап, астықты Украина, Түркістан Республикасына қарай боса бастады. Осыған орай 1921 жылдың тамызында Қазақ АКСР-нің Орталық Атқару Комитетінің республикаға қоныстанған шаруаларға арналған үндеуі жарияланып, олардан сабыр сақтап, аштыққа қарсы бірлесе күресуге шақырды [2, 183-185-бб.].

Губернияның уездік атқару комитеті аштық басталысымен-ақ оған ұшырағандарға көмек көрсету мақсатында комиссия құрып, ауылды жерлерге мүшелерін аттандырып, мән-жайды анықтап, ашыққандарға азық-түліктей және киім-кешектей көмек көрсету ісіне белсене кірісті. Әрбір ашыққан адамға іш киім мен 7 кг ұн және шай үлестірілді. Мұрағат құжаттарында көрсетілгендей, губкомиссия Ақтөбеде 1921 жылдың 20 шілдесінде, Бөкейде 4 тамызында, Оралда 8 тамызында, Орынборда 10 тамызында, Семейде 13 тамызында, Қостанайда 30 тамызында, Ақмолада 15 қыркүйегінде, Адай уезінде 23 қазанында құрылған [38].

Қазақстандағы ашыққан 5 губернияға 1922 жылы егін егуге бидайдан 734 мың пұт, арпадан 433 мың пұт, тарыдан 383 мың пұт, сұлыдан 163 мың пұт тұқым бөлініп берілді. «Қызыл Қазақстан» көзі ашық азаматтардың алдында осы берілген тұқымдық астықты жұртқа басшылық жасай отырып бөліп беру міндеті тұрғандығын естеріне салды [39].

1922 жылдың қыркүйек айында Ақтөбе губерниясында ашыққандарға көмек көрсету комитеті құрылды. Алайда өлкедегі ашыққандарға толықтай көмек көрсетуге, әсіресе балалар үйін тамақпен күнделікті қамтамасыз етуге комитеттің шамасы жетпеді. Өйткені губерниялық

азық-түлік комитетіне жеткілікті мөлшерде қажетті азық-түлік уақытылы түспеді. Сондықтан губерниялық комитеттің шешімімен жергілікті азық-түлік салығы енгізілді. Өлкедегі орыс ұлтының тұрғындары салықтың бұл түрінің енгізілуіне ашығып жатқандықтарына байланысты төлей алмайтындықтарын айтып, қарсылықтарын білдірді. Оның үстіне комитет жұмысына Серов бастаған бандалар тобы көп қиыншылықтар туғызды. Олар қорқыту арқылы ауыл-ауылды тонап, халықтың қолындағы бар заттарын, азықтарын тартып алумен болды [37, 16-22, 55-66.].

Бұған қарамастан комитет мүшелері ашаршылықпен пәрменді түрде күрес жүргізу үшін дәулетті адамдардан салық жинауға белсене кірісті. Ашыққандар үшін тегін асханалар ұйымдастыру, азық-түлік үлестіру, босып жүргендерді баспанамен қамтамасыз ету сияқты істерді қолға алды. Дегенмен азық-түлік салығын төлеуге барлық кедей шаруалардың шамалары келмеді. Сондықтан РКФСР БОАК-нің 1921 ж. 18 тамызындағы жарлығына орай Орынбор, Орал, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларының шаруалары азық-түлік салығынан босатылды.

Ашаршылық, жұт халық арасына эпидемиялық жұқпалы ауруларды қоса ала келді. Арық-тұрық болған мал жеткен жерінде құлап, өліп, іріп-шіріп иістенді. 1921 жылдың маусым-шілде айларында Ақтөбе губерниясында оба, сүзек, қыркұлақ, тырысқақ сияқты аурулармен ауырғандардың қатары көбейе түсті. Тырысқақ ауруымен — 796 адам, бөртпе сүзегімен — 3150 адам ауырған. 1921 ж. 1 шілдесі мен 1 желтоқсан аралығында Ақтөбе қаласының өзінде жұқпалы аурумен науқастаңғандардың саны 6509-ға жетіп, оның 584-і қайтыс болған. Губерниядағы ауырғандардың саны 27 372-ге жетіп, оның 3754-і осы індеттерден өлген. Ашыққандардың 22%-ы ауырған және 5%-ы өлген [37, 40-6.].

Жалпы 1921 жылдың 1 желтоқсанына дейінгі мәлімет бойынша Ақтөбе қаласында жұқпалы ауруға 1704 адам ұшыраса, оның 295 өлген. Ақтөбе губерниясына қарасты Темір уезінде 871 адам ауырып, 203-і өлген, Шалқарда 1237 ауруға шалдықса, 411 адам қайтыс болған. Ақбұлақ уезінде 1137 адам ауру жұқтырса, 373-і көз жұмған. Ырғыз бен Ойыл уездерінде де ауырған мен өлген адамдардың көрсеткіші жоғары болды. Мәселен, Ырғызда 834 адам ауырса, өлгендері 275-ке жеткен. Ойыл уезінде адам шығыны 437-ке жетсе, 1003 адам жұқпалы аурумен ауырған. Еңбек және Қорғаныс кеңесінің 1922 ж. 1 сәуірдегі есебі бойынша, Ақтөбе губерниясында жұқпалы аурумен ауырғандардың саны

бірнеше есеге көбейген. Губерниядағы жұқпалы аурумен ең көп ауырған уездердің бірі Ақтөбеде 95 102 адам, оның 22 981-і 16 жасқа дейінгі балалар, 72 951-і ересек адамдар болған. Ақбұлақ уезінде ауырған 88 608 адамның 28 404-і балалар болса, қалғандары ересек адамдар еді [37, 40-б.].

«Қазақ календары» журналына жарияланған «Қазақ Республикасында мал өсірудің осы күнгі жайы» деп аталған мақалада 1920 жылдың қысынан бастап 1922 жылдың ортасына дейін болған аштық республикамыздың малын қырғынға ұшыратып, шаруашылықты күйзелткенін баса көрсетті.

Мал санының азаюына байланысты 82,974 қазақ үйі малсыз қалғандықтан, оларды қаз бастыру үшін 850262 ірі қара малдың қажеттігі баса айтылды. Ол үшін үкімет тарапынан 384 млн. сом ақша көлемінде жәрдемақы берілуге тиістілігі және аштыққа ұшырамаған Ақмола, Семей губерниялары мен Адай уезінен сатушылардан жүз қарадан бес қара алу мәселесін көтерді. Аталған губерниялардан 100000 мал сатып алуға рұқсат етілгендігі де айтылды [40, 108-110-бб.].

Бұл малдар жұтқа шалдықпаған Ақмола, Семей һәм Адай уезінен алынуға тиісті болды және малдары жұтаған губернияларға мынадай шамамен бөлу реті көрсетілді: Орал губерниясына 100-ден 24, Бөкей губерниясына 100-ден 35, Ақтөбе губерниясына 100-ден 17, Қостанай губерниясына 100-ден 10-ы. Сонымен қатар, бір жағынан ақша болмай, екінші жағынан кейбір себептермен тұқымдары жаңартылмай, барлары қартайып, біткен асыл тұқымды малдармен қамтамасыз ету керектігі айтылды [41, 110-б.]. «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған мәліметтерге қарағанда 1922 жылы Қазақстандағы аштардың саны 3500000-ға жеткен [39, 20-б.].

Губерниялық комитет ашыққандармен қатар жұқпалы ауруға ұшырағандарға көмек көрсетуді де қолға алды. Ашыққан, панасыз балаларды жинап, балалар үйіне орналастырып, медициналық көмек көрсетілді. Азық-түлікпен алдымен балалар үйі, ауруханалар, демалыс үйлері, түрмелер қамтамасыз етілді.

1922 ж. 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша, Қазақстанда миллионнан астам ашыққандар болған. Осыған орай 1922 ж. 19-27 ақпан аралығында Орынборда 2-ші қазақ облыстық конференциясы өткізіліп, 106-дай делегат аштықпен қалай күресу мәселесі бойынша кеңесті. «ҚКСР-дағы

аштық және онымен күрес жүргізу мәселесі жөнінде баяндама жасаған С.Меңдешев 1922 ж. 1 қаңтардағы мәліметке сүйене отырып, Ақтөбе облысында 171 389 ересек және 134 000 балалардың ашыққандығын баса көрсетті [42, III, 57-66.].

БОАК-нің Ашкөмының ОК-не жіберілген есебінде Қазақ Республикасында 1922 ж. 1 ақпанына дейін арнайы түрде ашыққан 2 000 000 адамның тіркелгендігі келтірілді, оның ішінде ашыққандар Бөкей губерниясында — 204 836-ға, Ақтөбеде — 374 215-ке, Қостанайда — 409 203-ке, Оралда — 439 721-ге, Орынборда — 437 776-ға, ал Адай уезінде — 130 000-ға жеткен [43]. Бұл жылы республиканың Орынбор, Орал, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей губернияларында астық шықпай қалды. Журналдың келесі санында бұл жөнінде: «... егін-жайы ауданы 1130000 десятина, бұдан 700000 десятина егіннен бір дән шықпай құрып кетті. Қалған 430000 десятинадан барлығы десятинасынан 6 пұттан екі жарым миллион пұт астық алынды», — деп жаза отырып, 1920-21 жылғы 54600000 пұт астық шығын болғандығын, жалпы 10930000 пұт астық жетпейтіндігін атап өтеді [44, 33-б.].

Губерниядағы ашыққан балалар мен ересектерге АРА (Американдық көмек көрсету әкімшілігі) көмек көрсетті. Негізінде АРА ұйымы ашыққандарға көмек көрсету туралы Ресеймен жасалған келісім бойынша іске кіріскен болатын. Алайда Кеңес үкіметі АРА ұйымының қызметіне күдікпен қарап, оның әрбір қадамын қатаң бақылауға алды. «Қызыл Қазақстан» журналы шет мемлекеттерден ашыққандарға жәрдем беру үшін құрылған «АРА» сияқты ұйымға толықтай сенуге болмайтындығын, бұл ұйым тек балаларға жәрдем беру үшін ғана құрылғандығын, алайда миллион балаға көмек көрсетуге жағдайының жетпейтіндігін жазған [45, 16-б.]. Алайда үкімет сенімсіздігіне қарамастан «Бостандық туы» газеті жазып көрсеткендей, 27 наурызға дейін АРА Қазақстанда барлығы 1213 асхана ашса, ал мамыр айында 105 асхана ашып, онда 28135 адамды тамақтандырған [46].

АРА-дағы РКФСР өкілі Эйдукке Қазақ ОАК-не қарасты Ашкөм өкілеттілігінен жіберілген хатта Қостанай губерниясындағы ашыққан балалардың жағдайының ауырлығы айтылып, тез арада АРА-ның көмегін осы губернияға азық-түлік таратса деген өтініш білдірген [47]. Губерниядағы ашыққан балалардың жағдайы туралы баяндама жасаған Ашкөм ОК-і төрағасының орынбасары С. Сергеев те ашыққандардың

саны кемігеннің орнына күннен-күнге өсіп келе жатқандығын атап өткен. Оның есебінше Торғай ауданында 1921 ж. 1 желтоқсанына дейін жалпы ашыққандар 30 000 болса, ашыққан қарттар мен мүгедектердің саны 10 000 жеткен [48].

1922 ж. 15 маусымындағы мәлімет бойынша, АРА Орынбор және Ақтөбе губернияларына 533543 мөлшерінде құрғақ тамақ берген [8, 200-б.] және де осы губерниялардағы жұқпалы ауруларға қарсы 13 вагон медициналық дәрі-дәрмек жіберген [42, 60-б.].

Елді ашаршылықтан құтқару әрі шаруашылықты қалпына келтіруде губерниядан босқандарды кері қайтару жұмысы да пәрменді жүргізіле бастады. Үкімет өз мекендеріне қайтадан оралған босқындардың барлығын салық түрінен босатты. Сонымен қатар барлық губерниялардың тұрғындарына жеңілдіктер жасап, ауылшаруашылығына жәрдемдесу үшін комитет құрды. Ашаршылық жайлаған аудандарға өзге елдерден медициналық көмектер көрсетілді, ашыққандарға азық пен киім кешектер, тұрмысқа қажетті заттар үлестірілді. Алайда жұқпалы аурудың аш аудандарда белең алуы аштықпен күресуге үлкен кедергі келтірді. Денсаулық сақтау бөлімінің көрсетуінше, Орынбор қаласында жұқпалы аурудан 1921 ж. желтоқсан айында 5009 (сүзектен) адам ауырып, оның 461-і қайтыс болған. Белгісіз аурулармен 700 адам ауырып, оның 95-і көз жұмған [49, 20-б.].

«Қазақ тілі» газетінде Семей қаласында оба ауруынан күн сайын қайтыс болғандар қатары көбейіп келе жатқандығы жарияланып, обадан сақтану қажеттігін ескерткен [19].

Ел шаруашылығының күйзелуіне солтүстік жақта басмашылықтың шығуы, қызылдар мен ақтардың арасындағы соғыс та кесірін тигізді. 1920 ж. Торғайда жұт қатты болып, елде шөп шықпай қалғанына қарамастан, ерсілі-қарсылы жүрген әскерлер жұрттың қолында бар шөп пен азықты тартып алып немесе астық пен шөпті өртеп, қиянат еткен. Қарсыласқандарға «буржуйсыңдар» деп қоқан-лоқы көрсеткен [50, 17-б.]. Қостанай губерниясында да аштар саны күн сайын өсіп, қала мен дала халқы ит пен мысық өлімтігін талғау еткен [51, 40-б.]. Бұл турада қазақ зиялыларының бірі Смағұл Сәдуақасов «Қызыл Қазақстанның» 7-8 санында Қостанай қазақтарының халдерінің өте ауырлығын, малдың қырылып, адамдардың аштықтан өліп жатқандығын, Жүсіпбек Аймауытов сынды қазақ азаматының жәрдем беруге шақырғандығын, аштарға

жәрдем беретін мекеменің бастығы Грозаның соңғы уақытта орыс-қазақ жұрты демей ашыққандарға бірдей көмек көрсетіліп жатқандығын айтқанымен, халықтан ашыққандарға қажетті мал жинағанда көбінесе орыс шаруаларынан емес, қазақтардан ғана алынып отырғандығы жөнінде ашына жазса [52, 32-33, 40-66.], С.Сейфуллин «Аштардың рухтары» атты мақаласында: «...от арба адамға тола. Әр вагонның ішінде һәм есіктерінің алдарында, басқыштарында аяқ басар жер жоқ. Бұл адамдардың діні аштар. ...Мойындарында, арқаларында асынған шоқпыт-шоқпыт дорбалары бар. Бұлар аштықтан босып шұбағандар. Көбі қазақ, башқұрт, сақалды ұлғайған адамдар, жігіттер, 12-13 (жастағы) балалар, қыздар, қатындар. Бәрі бұралған, аш. Бұлар жанталасып сенделуде. Қазіргі халдерінің оң екенін, түс екенін білмейді. Бұлар естерінен айырылған», — деп келтірген еді [53, 17-6.].

Ашыққан губерниядағы адамдар аққудың, иттің, мысықтың етін, тіпті бетеге, қоға, белен сияқты шөптерді талшық қылған. Адам етін жеу деректері күнделікті әдетке айналған. Бұл жөнінде БОАК-тің жанындағы Ашком Орталық Комитетіне жіберілген Қазақ Республикасының өкілі У.Танашевтың 1922 ж. 30 наурызында 2082 нөмірмен жіберген хатында айқын айтылды. «Өлген балалардың мүрдесі ұрланып, желінгендіктен қарулы күшпен күзету аса қажет. Әкелері мен шешелері өз балаларын сойып жеп жатыр. Миллионнан аса тұрғындар (аштықтан — С.С.) өлді. Қалғандары да бұл өлімді күтуде және тыныш өліп те жатыр», — делінді хатта [54].

М.Дулатов «Қазақ календары» журналына жариялаған мақаласында ашаршылықтың зардабынан адамдардың арасында кісі етін жеу орын алғандығын түршіге хабарлады. «Туған анасы өмірінде маңдайына шертіп көрмеген аяулы баласын, өліп бара жатқан соң тірідей азық қылмады ма?» — деп келтіре отырып, мұндай жағдайлардың жиі қайталанатындығын атап өткен [55, 116-118-66.].

«Ақ жол» газеті үкімет пен партия тарапынан халық шаруашылығын қалпына келтіруге қатысты іс-шаралар жүргізіле бастағанда ашаршылық ылаңы киілігіп, қиындыққа тап болғандығын ашық жазды. 1921 жылдағы ашаршылықтың ылаңынан Торғай уезінің халқы күйзеліп, соңғы уақыттарда ұрылардың көбейіп, халықтың қолындағы бірлі-жарымды малдарын ұрлап, тыныштық бермей жатқандығын, сақан егіндері шықпай талғауға астық таба алмай шаруаның әбден қиналғанын айтып, астықпен тез арада жәрдем беру қажеттігін атап өтеді [56].

Аштықпен күресудің қалай жүргізіліп отырғандығына «Қызыл Қазақстан» журналы аса назар аударып, республикада өткізілген жиналыс, мәжілістердің шешімдері мен қабылданған қаулыларды, сондай-ақ осы шешім, қаулы бойынша комитеттердің жүргізіп жатқан шараларын әр санында жариялап отыруға тырысты. Семей губерниялық аштар комиссиясының станцияларды аштан өлгендерден тазалап, ашыққандардың біразын қалалардағы аштарға арналған арнайы үйлерге орналастырғандығы, біразын уездерге таратқандығы, аштарға арнап арнайы асханалар мен ауруханалар ұйымдастырғандығы, Қостанайда азық салығынан желтоқсанның (1921 ж.) аяғында дейін 127 пұт астық жиналғандығы жазылды [57, 40-б.].

Қазақ КСР Халық қаржы комиссариатының жанынан құрылған ашыққандарға көмек көрсету комиссиясы ҚОАК-нің бекітуімен республикада лоторея ойынын өткізу мәселесін қолға алды. Оның негізгі мақсаты «Барлығымыз аштықпен күресейік» деп аталып, 30 000 000 000 сом көлемінде 1 000 000 билет шығарылып, әр билет 30 000 сомға бағаланды. Әр бесінші билеттен ұтыс шығатын болды. Жалпы ондай ұтыс билет саны 200 000 болып, бұл ойынды 1922 ж. 1 мамырына дейін ойнату көзделінді. Лоторея билетінен түскен ақша аштарды тамақтандыру есебіне жұмсалмаққа шешілді [58].

Аштықпен күресуде қазақ мерзімді басылымдары барлық республика азаматтарын қол ұшын беруге шақырды. «Қазақ тілі» газеті «Бұл табиғи ашаршылықпен бар күшімізді жинап өзіміз күресуіміз керек» (1921, №149) деген ұран тастаған. Аштарға жәрдем ретінде Түркістаннан Қазақстанға 4900 пұт астық жәрдемі жіберілді. Сонымен қатар аш қазақ балаларына көмек ретінде Түркменстанның 25 пұт піскен нан жібергендігі және эшалонмен 4 пұт нанның келе жатқандығы жөнінде «Ақ жол» газетіне хабарлама басылды [59]. Алайда бұл көмек тиісті орындарына жетпеген. Аштарды тамақтандыруға деп ашылған асханалар азық-түліктің жетпеуінен тез арада жабылып та жатты [60].

Қазақ зиялылары аштық пен жұтқа қарсы күресудің жолдарын қарастырып, пікірлерін ұсынды. «Жұт» деген мақаласында С.Меңдешев жұтты болдырмау үшін бірнеше шараларды жүзеге асыруды көтерді. Оның бірі, көшпелі өмірді қалдыру болды [61, 113-б.], Міржақып Дулатов та жұттан сақтанудың бірнеше жолдарын ұсынады. Ол қазақ шаруасының екі түрлілігін: 1) бірыңғай мал өсіру, 2) мал өсірумен қатар

егін кәсібі екендігін атай отырып, жұтты болдырмау үшін не істеу керектігін ашып көрсетпекке тырысады. М.Дулатовтың пікірінше, бұрынғыдай малдың санын көбейтуді мақсат, мақтан қылуы доғару керек. Малдың бір-ақ күнде қырылуы қазаққа бұрыннан белгілі болғандықтан, мал санын кемітіп, алты ай қыс жеп шығуына жетерлік пішенді отуда қол орақты қойып, бірлесе шөп мәшинесін сатып алу қажеттілігін айтады. Шаруалар жекелене әрекет етпей, одаққа бірігудің аса тиімділігін дәлелдейді.

Қазақ малы санының жылдан-жылға азаюының басты себептеріне тұқым араластырмау, жылқы малын жастай мініп, өскен соң да арқасын босатпай, жасытып тастау, қыста көтерем шығуын айтады. Егін салумен айналысатын қазақ шаруалары да егіс алқабын дұрыс пайдаланбай, «ішермендік» астық алғандарына мәз болуын жалқаулыққа теңеді. Егін салып, жақсы өнім алу үшін «соқа-сайманын түзеп, кедейлер бірігіп, одақтасып, «ішермендік» қана емес, тұқым, қор алып қалып, сонан артылғанын ғана керегіне жұмсарлық, шаруашылығын түзетерлік күйге жетуге қам қылу керек» дейді. Сонда ғана ашаршылықтан аман қалуға болатындығын түсіндіреді. М.Дулатов жұттан сақтау үшін ауылшаруашылығында арық қазу, су бөгеу, құм бөгеу сияқты жұмыстарды атқарудың пайдалылығын да атап өтеді [61, 116-118-бб.].

Қазақ азаматтарының бірі Мәннан Тұрғанбаев та елді, малды аман сақтап қалу үшін қатты дайындық жасау қажеттігін ұсынды. Пішенді сақтау, егін салуға қамдану, малдың саны көп болудан көрі дені артық болып, аман болу жағын ойлау керектігін айтты [44].

Қазақстанда аштық өршіп тұрған 1921-22 жж. бірнеше жер-су реформалары қабылданды. 1921 жылдың басында жарияланған Қазақ АКСР-нде жерді пайдалану туралы уақытша Ереже жерді национализациялау туралы лениндік декретті негізге ала отырып, бүкіл жерді мемлекеттік қор деп жариялады да, жерді өз бетімен алу, сатып алу және жалдауға тыйым салды.

1921 ж. көктемінде жүзеге аса бастаған жер-су реформасы ауылда өткен жиналыстарда, жиындарда, партияда жоқтардың конференцияларында қызу түрде талқылана бастады. Жаңа экономикалық саясат қабылданбай тұрып 2 ақпанда бай-кулактардың қолында болып келген жерлерді қазақ шаруаларына қайтарып беру туралы декрет қабылданды [63].

1921 жылдың ақпан айында жер-су реформасы Түркістан губер-

ниясының Алматы, Қапал, Шымкент, Әулиеата уездерінде жүзеге асырыла бастады. Осы өңірлерде тұңғыш бұқаралық ұйым «Қосшы» одағы құрылып, оның мүшелері жер-су реформасын жүргізуде белсенділік көрсетті. Одаққа мыңдаған жаңа мүшелер тартылды және көшпелі қазақ халқын отырықшылыққа, егіншілікке көшуін үндеп, егіншілік және мал шаруашылығы артельдерін ұйымдастырды.

1922 ж. «Шолпан» журналының №1-3 санына «Т» деген автордың «Абыр-сабыр заманда сақтану керек» деген мақаласы жарияланып, онда қазақ халқының төңкеріске дейінгі уақытта бейнет көргендігі, енді кеңес заманы туғаннан кейін елдегі күйзелген шаруашылықты қалпына келтіруде жер-су реформасын жүзеге асыруға құлшына кіріскендігі айтылды. Реформаны жүргізуде кемшіліктердің орын алғандығын да баса көрсетті. «Жетісуда реформа асығыстықпен жүргізілді. Сондықтан бірлі-жарым қатесі де болды», — дей келе, жаңа саясат тұсында мұндай жөнсіздіктерді түзетуді компартия өз қолына алып, іс алға басқандығын келтірді [64, 5-8-бб.].

Мерзімді басылым беттерінде жаңа құрылған «Қосшы» ұйымының маңызын, халықты отырықшылыққа көшірудің пайдасын насихаттаған мақалалар да жарияланып тұрды. Отырықшылықтың пайдалы, зияндығын түсіндіруде де қазақ зиялылары белсене кірісті. Ж.Аймауытов «Ақ жол» газетіне отырықшылықтың қоғамға тигізер пайдасы немесе қандай қиыншылық келтіретіндігін талқыға салуға шақырған мақаласын жариялады. Автордың пікірінше, біріншіден, малы азайып, тұрмыстан таршылық көре бастаған халық отырықшылыққа амалсыздан көшеді. Екіншіден, азды-көпті күн көргіш малы бар, ептеп егін салатын, жаз болса жылжып көшіп-қонатындар «жақсы жердің бәрін отырықшы болғандар алып қояды» деген қауіппен еріксіз көшкендер.

Ж.Аймауытов: «Отырықшы болудың пайдасы мектеп салып, оқуға кіріседі, егін салып, еңбекке үйретеді, кооперация ашылып, шаруаны түзейді, жастар, коммунистер ұйымы ашылып, тап жігі ажырайды» — дейді. Отырықшы болып, егін жырту үшін оның әдісін-тәжірибесін білуі, құрал-сайманы болуы қажеттігін атайды. Бұл қазаққа жетіспейтін бірден-бір кемшілік екендігін көрсетеді. Автор отырықшылыққа көшудің зияндығын да көрсеткен. Мал жаярлық жерден және киіз үйден айыру, амалсыздан жер үйлерге тығылуға алып келгендігін айтады [65].

Жер-су реформасын жүзеге асырудың барысында кедейлер мен

батырақтарға байлардан, кулактардан тәркіленіп алынған жер, мүлік және құрал-саймандар бөлініп берілді. Шаруаларға бұрын тартып алынған жерлері қайтадан қайтарылды. Алайда кедей қазақ шаруаларына жер қайтару барысы үлкен қиыншылықтармен өтті. Бай, кулак, орта шаруалар жерді қайтарғысы келмегендер үкіметке қарсы шығып, жер комиссиясының, «Қосшы» одағының белсенді мүшелері мен қайраткерлерін өлтірді.

Жер-су реформасын жүргізу барысында өрескел қателіктер мен асыра сілтеушіліктерге де жол берілді. Кейбір шаруалардың ауыл, селолары әдейлеп жойылды, қарсы шыққандарды нақақпен «кулак» деп жариялап, аз мүлкі тәркіленді. Заңсыз көшірілген шаруаларды өз ауыл, селоларына қайтару ісі қолға алынып, жерге орналастыратын жұрттың әлеуметтік құрамын жер комиссиялары жеке-жеке қарайтын болды. Елдегі ауыр жағдайы туралы «Бостандық туы» газетінде: «Қай жерден шыққан, қандай газетті болсын қолыңа алып «Елден» деген мақаласын оқысаң-ақ еріксіз көңіліңе қайғы кіргізеді. Ел оқып жатыр, ел жетіліп жатыр, елдің ішінде жұмақ орнап жатыр деген бір сөзді ырымға таба алмайсың, басынан аяғына шейін зулатып оқып шыққанда ел таланды, ел шулады, елдегі түрмелер қырды-жойды деген сөзді ғана көресің. Бұл әңгіме жаңадан ғана айтылып жүрген жоқ», — деп жазылды [66].

Басқа түскен қиыншылықтан құтылу үшін шаруалар одағына, ұйымдарына қолдау көрсету мәселесі «Ақ жол» газетінде көтерілді. Әсіресе «Қосшы» ұйымына қолдау көрсету, нығайту қажеттігі айтылып, ол үшін үлгі боларлық тәжірибелі іс көрсету аса маңызды екендігі айтылды. Газетке жарияланған Ш.Тоқжігітовтың мақаласында: «Қосшы» ұйымының жұмыстары екі түрге бөлінеді: саясат һәм шаруашылық. Жер пайдалану жұмысын бағдарлап, жерді дұрыс бөліп үлестіру, жер жаңалығын жүргізу, осы жұмыстар тақырыпты шыққан түрлі декреттің іске асуын бақылап тұру «Қосшы» ұйымының саяси міндеті», — деп келтірілді [67].

1921 жылдың басында жарияланған жер пайдалану жөніндегі уақытша Ереже бойынша, барлық жерлер мемлекет қорына алынғандықтан, оны тартып алуға, сатуға немесе жалға беруге тыйым салынған еді. Соған қарамастан оңтүстік өңірдегі, Орал және Ертіс өзендері бойларындағы жерлер қайтарылып, бұл жерлер егіс алқабына айнала бастады. Жер комиссариаты коллегиясының мүшесі болған Ә.Байділдин «Қызыл Қазақстан» журналына жариялаған «Жер саясаты туралы» атты ма-

қаласында патша заманында тартылып алынған қазақ жерлерінің заңды иесіне қайтарылып беру мәселесі 1921 жылы ақпан айында қабылданған екі ережеге орай жүзеге асырылуы тиістігін айта отырып, оның негізгі жолдары мен маңыздылығын айқындап берді [68, 17-б.].

Жаңа экономикалық саясатқа қарсы шыққан, ұлт саясатын бұрмалаған кейбір элементтер әшкереленді. Бұл жөнінде мерзімді басылымдарда айқын жазылды. Елдегі жағдайды жақсарту мақсатында Қазақстан үкіметі 1922 жыл бойына жұмсалатын қаржы мөлшерін белгіледі. Әрбір комиссариатқа қанша мөлшерде қаржы жұмсалатын «Еңбекшіл қазақ» газетіне жарияланды. Газетте көрсетілгендей, 1922 ж. 1 тамызына дейін бөлінген қаржы мөлшері 2 млрд 636 млн 600 мың. Оның 818 млн 900 мыңы ішкі істер комиссариатына, 493 млн 900 мыңы жер-су комиссариатына, 265 млн-ы қамқоршылық комиссариатына, 245 млн 200 мыңы азық-түлік комиссариатына, 230 млн 900 мыңы оқу комиссариатына, 137 млн 400 мыңы саламаттықты сақтайтын комиссариатқа, 104 млн 800 мыңы ақша комиссариатына, 68 млн 700 мыңы заң-закон комиссариаты мен төңкеріс сотына, 64 млн 500 мыңы санақ жұмысын басқаратын орталық мекемеге, 61 млн 100 мыңы еңбек комиссариатына, 33 млн-ы бақылау комиссариатына, 107 млн 600 мыңы реттеуші комиссариатына, 5 млн 600 мыңы мемлекет шаруашылығын басқарушы мекеме мен мемлекеттік сыртқы сауда жұмысын атқаратын мекемеге бөлінді.

Газетке осы комиссариаттардың бөлінген ақшаны қандай мақсатына жұмсайтындығы жөнінде де алдағы жоспары жарияланды. Жер-су комиссариаты бұл қаржының 180 миллионын тәжірибе шаруашылығы, орман түзеу, орман суғару, жер жұмысын түзеу, ағаш кесу, орманды өрттен сақтау және күзету, колониялық қор жасау, ауылшаруашылығында электр энергиясын жүргізу, үйлерді оңдау, ауылшаруашылығына зиянды жәндіктерді жоюға, қалғанын жер-су комиссариатының қаржысына ашылатын оқу орындарына, тәжірибе курстарына, ғылыми істерге және съезд шақыруға жұмсалатынын айтса, қамқоршылық комиссариаты аурулар мен зағиптарға жәрдем беруді көздеп отырғандарын көрсетті [69].

1922 ж. тамызында ет салығы жөнінде декрет шығып, «Бостандық туы» газетіне жарияланды. Салық мөлшері тұрақталып, оның мөлшері шаруаның шамасына қарай бөлінді. Оларға салық өлшері жазылған арнайы қағаз беріліп, сол арқылы тиісті мекемелерге төлейтін болды [70].

Салынатын салықтың нақты түрі газет арқылы хабарланып, оның не

үшін төленетіндігіне түсіндірме жасалынды. Мәселен, Күшіғали Буриев «Шолпанға» жариялаған «Түркістан салықтары» деген мақаласында салықтың ашық және жасырын түрі болатындығын, жасырын салық халыққа білдірілмей, көрсетілмей, байқатпай жиналатынын айта отырып, түсінікті болу үшін бірнеше мысалдар келтірілсе [71, 22-б.], «Бостандық туына» жарияланған «Бұрынғы һәм қазіргі салық» деген мақалада елде ашаршылық сейіліп, мемлекет түзелуге бет ала бастауынан салық мөлшерінің жетілдетілгені келтірілді. Ауыр жағдай мен түзеліп келе жатқан жағдайды салыстыра отырып: «Шамалап қарайық: разверстка заманында айрық қарасы барлар екі қара береді. 22-ншы жылы 10 қарасы барлар мал басына 11 қадақтан 2 пұт, 30 қадақ ет береді. 23-24 жылдың бірыңғай шаруа салығына 10 қарасы барлар мал басы — 3 қадақтан 10 қадақ ет берді. ...Кеңес хукіметі салықтан жинап алған қаржыны отқа салмайды, суға тастамайды. Өз қолынан алып, қайтадан тәртіппенен өз керегіне жұмсамақшы», — деп көрсетті [72].

1923 ж. 17-22 наурызда болған РКП(б) ІІІ облыстық конференциясында (РК(б)П ОК-нің өкілі Е. Ярославский қатысқан) қазақ ауылындағы партия мен кеңес жұмысының әдістері туралы мәселе қаралып, халық шаруашылығын қалпына келтіру іс-шаралары белгіленген соң, Қазақстанның халық шаруашылығы қалпына келе бастады. Ашаршылық жойылып, халықтың әл-ауқатын жақсартуда игі істер жүргізілді. Ауылшаруашылығында бірыңғай заттай салықтың орнына 1923 ж. мамырынан бастап ақшалай салық енгізілді. Осы жылдың 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Қазақстанда жиылған салықтың мөлшері бидай есебімен алынғанда 1059144 пұт бидай ақшалай, 1443220 пұт бидай астықтай алынған. «Еңбекшіл қазақ» газеті 1923 жылы көшпелі шаруалардан 38% , ет есебінен 57% салық жиналғаны жөнінде ақпарат берген [73].

Кооператив құруда кейбір келеңсіз жайттарға де жол берілді. «Бостандық туына» Атбасар уезіндегі кооперация жұмысының барысы турасында шағын мақала басылып, Атбасарда ашылған «Бірлік» одағының орыс басшысы одақты жауып, орыстардың барлығын «Рай» одағына қосқандығы жөнінде айтылды [74].

«Ақ жолға» ауылшаруашылығы саласындағы жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы шағын хабарлар да жарияланып тұрды. Оның басым көпшілігі егін жұмысына қамдану, азық-түлік жинау, кооперация мәселесін өсіру турасында болды.

1923 ж. Қазақстанда әкімшілік-территориялық бөлініс қайта жүргізілді. Осы жылдың қараша айында Қазақ АКСР-нің ОАК-нің қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу туралы заңы шықты. Қазақтар көп мекендеген Батыс Қазақстанның уездеріндегі іс жүргізу мен сот жұмысы бүтіндей қазақ тіліне көшірілді. 1924 ж. 5-10 қаңтар күндері Қазақ АКСР-і Кеңестерінің IV съезі өткізілді. Съезд өткізілмей тұрып «Еңбекшіл қазақ» газетінде съездің алданда қандай міндеттер тұрғандығы жөнінде Ш.Тоқжігітовтің мақаласы жарияланды [75]. Бұл съезде Қазақ АКСР-нің Конституциясының жобасы талқыланды.

Ауылшаруашылығын қалпына келтіру жолындағы іс-шаралар оған зиян келтірушілермен күресу арқылы жүргізілді. «Ақ жол» газетінде Әулиеатаның «Қосшы» одағына арналып жіберілген ауылшаруашылық құралдарын бөлісу барысында орын алған бассыздық турасында шағын хабарлама басылды. Қоймаға түскен құрал-саймандарды қойма басшысы «Қосшы» комитетімен келіспей, өздігінен орыс шаруалары мен жергілікті жуан жудырықтыларға таратқан. Осыған шара қолдану қажеттігін өтінген [76].

1924 ж. Қазақстанда кооперация тез өрістеді. Тұтыну қоғамдарының мүшелері ай сайын көбейіп отырды. «Еңбекші қазақтағы» «Кооперация өршіп келеді» деген мақала бойынша Қостанай губерниясында 1925 ж. 1 қаңтарына дейін кооперативке өз еркімен мүшелікке енгендердің саны 12364 адам болған. Осы Қостанай губерниясында 120-дан астам кооперативтік дүкендер болып, ұйымның басқармалары кісі жіберіп, тексеріс жұмыстарын жүргізіп отырған [77].

Арнаулы мелиорациялық, балық аулайтын, май шығаратын және басқа да кооперативтік бірлестіктер пайда болды. Колхоздардың саны өсті. Көптеген коммуналар ауылшаруашылығы артелінің жарғысына көшті. Жерге орналастыру жұмысы 1923 ж. қарағанда 1924 ж. ірі қарқынмен жүргізілді. Негізінде жерге орналастыру ісі мемлекеттің есебінен жүргізілді. «Еңбекші қазаққа» Семей облысында 1924-25 жж. арналған қаржы (бюджет) жылында қоныстандыру жұмыстары туралы болған мәжілістерде 105 мәселе күн тәртібіне қойылып, онда 2836 арыз қаралып, оның көпшілігі қанағаттандырылғандығы, 28 қоныстандыру жобасы талқыланып, оның 17-сі қабылданғандығы айтылды [78].

1924 ж. 17 сәуірінде БОАК-і мен РКФСР ХКК-сі «Қырғыз (Қазақ) АКСР-нің көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылыққа

көшетін халқын жерге орналастыру туралы ережені» бекіткен болатын. Осы ережеге сәйкес отырықшылыққа көшетін кедей шаруаларға біршама жеңілдіктер жасалды. Ең бастысы, оларға он жыл ішінде төлейтін несие беріліп, бес жылға дейін барлық салық түрінен босатылды. Жер дауына байланысты жайттар заңды түрде қарастырыла бастады. Алайда жер мәселесінде әлі де болса келеңсіздіктер туындап отырды. Бұрындары патша үкіметі «қазақ халқы егінмен айналыспайды, оларға мал бағуға құмды жерлер де жарайды» деген желеумен қазақтарды құмға, тасқа, сор жерге айдап шығарып, егіске жарамды жерлерді қоныстанушы орыс шаруаларына бөліп берсе, Кеңес өкіметі жылдары жергілікті әкімшілікпен тәуір жерлерді ақшасы барлар алып, кедей шаруалар сол құмдақ жерлерге баруға мәжбүр болған. Бұл туралы «Еңбекші қазақ» газеті ашық түрде жазды [79].

1924 ж. аяғына қарай Қазақстанда «Жарлы» одағы құрылды. Бұл кезде елде межелеу мәселесіне байланысты мерзімді басылымдарда айттыс-тартыстар қызу түрде жүргізіліп жатқан болатын. Ұлттық-мемлекеттік межелеуді ойдағыдай жүргізу үшін, ұлт араздығын қоздырмау үшін қандай іс-шаралар жүргізу керектігі талқыланды. «Еңбекші қазаққа» қазақ интеллигенттерінің бірі Темірбек Жүргеновтің «Орта Азия республикасындағы қазақ халқының күйлері» атты мақаласы жарияланып, автор Орта Азиядағы қазақтардың жалпы санына тоқтала отырып, олардың көп қоныстанған өңіріне Түркістан Республикасын, Жетісу мен Сырдария облыстарын жатқызды. Сондай-ақ Ташкент қаласы мен оның уездерінде, Ферғана облысында да қазақтардың көптеп қоныстанғандығын, атап айтқанда, Ферғана облысында халықтың 100-ден 48-і қазақтар, Самарқанның 6 болысы түгелдей қазақтардікі екендігін, Амудария облыстарындағы халықтың да көпшілігі қазақ пен қарақалпақ екендігін баса көрсетеді. Осы жерлердегі қазақтардың көбі көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы болып өмір сүріп, мал бағып та егін, мақта егіп, бау-бақша салу кәсіптерімен айналысатындығын келтірді [80].

1925 ж. 7 шілдесінде өткен Қазақ өлкелік комитетінің мәжілісінде Түркістан облысы мен Сырдария және Жетісу губерниялары арасындағы межелеуге байланысты комиссия құрылып, оны басқаруға Озол ұсынылды [81].

Өлкелік комитет губерниялардағы «Қосшы» одағының жұмыс бары-

сының жетістіктерін ғана көрсетіп қоймай, орын алған кемшіліктер жайында мерзімді баспасөзге жариялауды талап етті. Бұл, біріншіден, одақтың жұмысын жандандыра түседі десе, екіншіден, сол одақтың қызметіне кедергі келтірушілерге соққы болып, халық алдында олардың арам пиғылдарын ашып береді деп көрсетілді. Партияның бұл нұсқауын барлық республикалық, губерниялық және уездік газеттер мүлтіксіз орындауға тырысты. Орал губерниясының «Қызыл ту» газетіне жарияланған «Қосшы жұмысы» атты мақалада одақтың жұмысындағы кемшіліктер баса көрсетілді. 1926 ж. сәуірде Оралдың аудандық «Қосшы» одағының бюросы сайланып, оған 26723 адам мүше болғандығын айта келіп, одақта мүше жарнасынан басқа қаражаттың және одақтың аудандық комитеті мен ауылдық ұяларының арасында байланыстың жоқтығы, тіпті одақ мүшелерінің «Қосшының» не үшін қажеттігін білмейтіндігі, одақ қызметкерлерінің саяси шорқақтығы баса көрсетілді. Тез арада нұсқаушы жіберіп, мүшелерге түсініктер беріліп, одақтың жұмысын жандандыру қажеттігін атап өтеді [82].

Кей газеттердің «Қосшы» одағының жұмысына еш көңіл бөлінбейтіндігі де партия мәжілістерінде қатаң түрде аталып өткен. Мысалы, «Ақ жол» газетіне пікір берген Әмзе Нақымжан «Қосшы» одағының қызметі газет бетінде нашар көтерілуін ірі кемшіліктердің қатарына жатқызған [83].

1925 ж. қазанында Қазақстанда су шаруашылығының мекемесі құрылды. Бұл мекеменің құзырына су мәселесін, ауылшаруашылығына қажетті, әсіресе, егіс алқаптарына жіберетін су мөлшерін анықтау сияқты мәселелерді шешу көзделінді. «Қызыл Қазақстан» журналына Сарымолдаұлының су шаруашылығын өркендету турасындағы көлемді мақаласы жарияланып, Қазақстан жерінде егіншілік шаруасын жүргізу ретінің екіге бөлінетінін, бірі қолмен суғару да, екіншісі жаңбыр суымен табиғи түрде суғарылатынын айтып, егін шаруашылығы жүргізілетін аудандарда міндетті түрде су мәселесін қолға алып, жұмыстар жүргізу керектігін көтереді [84, 133-б.].

ЖЭС-қа көшуде мемлекетті астық және етпен қамтамасыз етуді жүзеге асыру барысы да қолға алынды. Әсіресе 1925 ж. Қазақстанға Ф.И.Голощекин (өлкелік) басшы болып келген кезде күшейді. Оның басшылыққа келуі қазақ халқының жағдайын ауырлатып жіберді. Дегенмен, үкіметтің жаңа экономикалық саясаты соғыс пен аштықтан

әбден күйзелген көшпелі, жартылай көшпелі шаруалардың жағдайын түзеп алуға жағдай жасады. Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асырудағы жетістіктер мен кемшіліктер баспасөзде айқын жазылып, ауылшаруашылығын көтерудің негізгі жолдары насихатталды. Қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар ел басына түскен қиыншылықты, үкімет тарапынан жіберіліп жатқан кейбір келеңсіз жайттарды ашық түрде жариялап та жіберді. Баспасөз бетіне жарияланған материалдарда коммунистік партия идеологиясының үстем екендігі, бақылаудың күштілігі сезіліп тұрды.

3.2 Индустрияландыру мен ұлттық кадрлар мәселесінің көтерілуі

Қазақстанның өнеркәсібі мен транспорты бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін зардап шеккені белгілі. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда екі есеге азайды. Өндіріс құралдарын өндіру 4,5 есе, мұнай шығару 4 есе қысқарды. Әсіресе теміржол транспорты күйреу қапелінде еді [85, 328-б.].

Елімізді индустрияландыру барысы 1926-32 жылдарға жоспарланып, осы аралықта халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды, атап айтқанда, ауыр индустрияны, машина жасау өнеркәсібін өркендету көзделінді. Ауыр өнеркәсіпті жолға қоймай, ауылшаруашылығын, жеңіл өнеркәсіпті, елдің әл-ауқатын, мәдени дәрежесін көтеру мүмкін емес еді. Негізінде еліміздің ауыр және жеңіл өнеркәсібін қалпына келтіру мәселесі Кеңес өкіметі орнасымен-ақ қазақ зиялылары көтеріп, мерзімді баспасөзде ой-пікірлерін жариялаған еді. 1918 ж. «Жас азамат» газетіне жарияланған С.Сәдуақасовтың «Өмір үшін күресу» деп аталған мақаласында құлдыраған шаруашылықты түзету үшін фабрика-зауыт, теміржолдар және басқа кәсіпорындар салу маңызды екендігін айта отырып: «Үлкен өзгерістерден бері шаруаға саяси кеңдік туды. Бұрынғы уақыттарда біздің қазақтың оқыған азаматтары бірыңғай саясат жолымен жүруші еді. Әлі де азаматтарымыз сол жолда. Бұлай жүрмеске осы заман ағымы қоятын емес. Сонда да шаруаны кейін қалдыруға болмайды. Сондықтан саясат таразысында салмағы аз оқығандарымыз ел шаруасына кірісулері лайық» деген болатын [86].

Республикадағы өнеркәсіп пен транспорт саласын қалпына келтіру қолға алынып, бірінші кезекте ауылшаруашылық шикізаттарын өңдейтін кәсіпорындарды іске қосу жүзеге асырыла бастады. Сонымен қатар ауыр өнеркәсіп орындарын қалпына келтіруде үлкен қадамдар жасалды. Кәсіпорындарды қалпына келтіру мен олардың өнімдерін тасымалдайтын транспорт саласына айрықша көңіл бөлу де аса қажет болды. Қазақ мерзімді баспасөзі жұмысшылар мен шаруаларға индустриаландыру социалистік құрылысты берік орнатудың негізгі буыны екендігін түсіндіруге тиіс болды. Ең мықты өнеркәсіп ұйымдарының алдында еңбекшілердің олардың жұмыс күшін жақсартуда өндіріс орындарын жаңа техника мен қажетті құралдармен қамтамасыз етуді жүзеге асыру барысының жүргізілуін хабарлауды негізгі міндетіне алды.

20-жылдардың басында «Қызыл Қазақстан», «Жас қайрат» және тағы басқа қазақ мерзімді басылымдарында Қазақстандағы кен кәсібі, теміржолдың бұрынғы, сол кездердегі жағдайлары туралы мақалалар жиі басылып тұрды. «Қазақ тілі» газетіндегі «Теміржолдың жайы» деп аталатын мақалада 1921 ж. Қазақстанда бұрыннан келе жатқан 18796 паравоз болса да, 1922 ж. бұлардың әбден тозғандары істен шығып, олардың санының кемігендігі, яғни 14192 ғана паравоз қалғандығы айтылып, теміржолдың жағдайын жақсартуда оған қажетті деген құрал-жабдық, техникаларды алдыру мәселесін үкімет алдына қою аса маңызды екендігі көтерілді [87]. Газеттің одан кейінгі сандарында Қазақстанда бар ірі кәсіпорындар жөнінде шағын мақала басылды. 1923 жылы Қазақстанда ірі кәсіпорындардан Ақмола уезіне қараған таскөмір шығаратын Қарағанды зауыты, мыс ерітетін Спасск зауыты, Керекуде Екібастұз зауыты болып және олардағы жұмысшылардың дені қазақ екендігі жазылса [88], газеттің келесі бір санында Медеу Құлбаев Екібастұз зауытының жұмысшыларының жалпы жағдайына егжей-тегжейлі тоқталды. Мақалада жұмысшылардың тұрмыс жағдайын жақсартуға қатысты 1923 ж. 4 ақпанында жалпы жиналыс өткізіліп, Мәскеудегі 10-кеңестер жиналысында Қабыш Жанықұловтың баяндамасы тыңдалғандығы, жақын арада зауыттың басшылығына Қырғыз (қазақ) өнеркәсіп бюросынан адам жіберіліп, жұмысшылардың хал-ахуалына байланысты жеңілдік қаралатындығы айтылды [89].

Қазақ тіліндегі газет-журналдарда елдегі ірі өнеркәсіп орындары, олардың басты көрсеткіштерін баяндаған мақалалардың жариялануы, бір

жағынан, елдегі ірі кәсіпорын, өнеркәсіптің жағдайын үкімет орындарына хабардар ету болса, екіншіден, осы орындарға жұмысшы мамандарды тартуды көздегендіктен еді.

«Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған Сабыр Шәріповтың мақаласында Доссор кен орнындағы өндіріліп жатқан өнім барысы мен жұмысшылардың жағдайлары туралы айтылса [90, 13-б.], осы журналдағы Қасболатұлының мақаласы Риддер мен Семейде өндірілетін алтын, күміс кәсіпорындарының тарихына арналды. Бұл кәсіпорындар қаншалықты мөлшерде табыс тауып жатқандығы және үкімет орындарының осы кен орындарына аса назар аудару қажет деген іс-шаралар жүргізіп отырғандығы саралана көрсетілді [91, 13,19-66.].

Қазақ баспасөзінде ірі кәсіпорындардағы қиыншылықтар ашық түрде жазылды. «Еңбекшіл қазақ» газетінде Семейдегі ірі өнеркәсіп орны болып саналатын Затон зауытының жұмыс барысы мен жұмысшылардың тұрмысы жайына тоқталған сол зауыттың жұмысшысы Ә.Теңізбаев мақаласында онда қиыншылықтың барлығын келтірді. Негізінде зауытта қазақ жұмысшылары өте аз, әрі жалақылары төмен болатын. Автор жұмыс күшін толықтыруда қазақ жастарын тарту, олардың білім алуына жағдай жасау, жалақыны көбейтуді көтерді [92]. Бұдан кейін осыған қатысты «Қазақ тілі» газетіне зауыттың жұмысшыларының тұрмысына қатысты Темірғали Дәлбиневтің «Затон жұмысшылары арасында» деп аталған мақаласы жарияланып, жұмысшылардың халі аздап болса да оңалып, қазақ жұмысшыларының арасында қолынан өнер тамғандарға барлық жағдайдың жасалып отырғандығы, зауыттағы жұмысшылар арасында сауатандыру ісінің қолға алына бастағандығы айтылды [93].

Қазақстанда социалистік индустрияландыруды жүзеге асыру қазақ халқының экономикалық және мәдени артта қалушылығын жоюда шешуші рөл атқарып, өлкенің өнеркәсібін еліміздің алдыңғы қатарлы аудандарының дәрежесіне дейін көтеруге тиіс болды. Қазақстандағы индустрияландыру ісі КСРО халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдығымен тұстас келді. Халық шаруашылығын қалпына келтіруде ауыр өнеркәсіпті дамыту, шахталар мен кеніштерді толық іске қосуды, бұрынғы өнеркәсіп орындарын жаңа техникамен қамтамасыз етіп, жұмысшы табы мен өндірістік-техникалық зиялы қауымды қалыптастыру қажет болды.

Негізінде Қазақстандағы индустрияландыру ісі өнеркәсіпке қажетті табиғи байлықты зерттеуден басталды. Мұнай, мыс, көмір кен орындары зерттелініп, оны өндірудің жолдары қарастырылды. Қазақстанда өнеркәсіпті қалпына келтіру мәселесі 1926 жылы БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінде өткен кеңестерде, жиналыстарда қарастырылған болатын. «Еңбекші қазақта» зерттеу нәтижелері бойынша, жер қойнауының 8 қабатты қыртысында таскөмірдің барлығы, көмір қыртыстарының қалыңдығы 1-ден 4 метрге дейін баратындығы анықталғандығы жөнінде шағын хабарлама басылды [94]. Табиғи шикізат өнімдерін өңдейтін арнайы кәсіпорындар салу қажеттігі де баса көтерілді. «Еңбекші қазаққа» жарияланған «Кәсіп шаруасы көркейсін» деген мақалада Қазақстанда не бұрыннан салынған, не салынғалы тұрған мардымды фабрика, зауыттың жоқтығы айтылып, бұл мәселені көпшіліктің ортасына салып, пікір алмасуға шақырған [95].

1926 ж. сәуірінде КСРО Халық шаруашылығы Жоғарғы кеңесінің бастамасымен республиканың астанасы Қызылордада Қазақстан өнеркәсібін өркендету мәселесі жөнінде арнайы кеңес шақырып, республикада шикізат пен пайдалы қазбалардың зор қорын пайдалануды, өнеркәсіп орындарын күшейтуді қажет деп тапты. Бұл кеңес пайдалы қазбалардың жаңа кендерін барлау жөніндегі жұмыстарды өрістете түсуге бағытталған шараларды белгілеп, республиканың үкімет органдарына республиканы өнеркәсіп жағынан аудандастыру жоспарын және өнеркәсіпті өркендетудің келешектегі бесжылдық жоспарын жасауды тапсырды.

1926 ж. 30 сәуірі мен 3 мамыр аралығында өткен БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті пленумының қарарында «БК(б)П XIV съезі Одақты индустрияландыру міндеттерін орындаудың бір шарты — мемлекет қаржыларын жұмсауда барынша үнемшіл болу керек» деп қабылдаған үндеуінен кейін халық шаруашылығының 1926-27 жж. арналған өндірістік жоспарының негіздері туралы қаулы қабылданды [6, 282-б.].

Патша үкіметі заманынан келе жатқан ескі кәсіпорындарды қайта қалпына келтіріп, техникамен жабдықтау ісін жөнге қою қолға алына бастады. «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған Ұ.Құлымбетовтың «Қазақстан кәсіп шаруасының осы күнгі халі мен оның болашағы» деп аталатын мақаласында осы іс турасында айтылып, Қазақстанның ірі кәсіпорындары Қазан революциясынан кейін 1920-21 жж. дейін тоқтап

тұрғандығы, ендігі кезекте үкімет тарапынан аса көңіл бөліп, жұмысшы күшімен қамтамасыз ету қажеттігін көтерді. «Қазақстанда барлық кәсіпорындарындағы жұмысшылардың саны (1926 жылы — С.С.) 10799 кісі, бұл 1922-23 жылға қарағанда 729-ға көбейгені. Қазақ жұмыскерлерінің саны қазіргі уақытта 2800 кісі. Жалпы жұмыскерлердің санына қарағанда қазақ жұмыскерлері 25-26%», — дей отырып, жыл сайын қазақтың жастарынан 50-60 адамды Орталық губерниядағы кәсіпорындарға іс үйрену үшін жіберу, Семейде 1926-27 жж. 75 мың өнім шығаратын тері зауытын салу және 1 миллион кез шығаратын шұға фабрикасын ашу, Алматыдағы бұрынғы шұға фабрикасын жөндегіп, оның өнімін 50%-ға көбейту, Жетқарадағы алтын кәсіпорнын Ордағы кәсіпорынға қосу және алтын шығару мөлшерін көбейту, Қарсақпай кен орнындағы жұмысшы күшін көбейту және оларға жәрдем беру керектігі жөнінде ұсынысын білдірді [96, 65-74-66.].

1926 ж. тамыз айында болған БКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің пленумында өнеркәсіпті өркендетудің жайы мен келешектері арнайы түрде қаралды. Пленумда Риддер мен Екібастұз кәсіпорындарын тез арада қалпына келтіріп, іске қосу, мұнай мен басқа да пайдалы қазбаларды іздеу жұмыстарын тез арада қолға алу қажеттігі айтылып, өнеркәсіп орындарына қазақ жұмысшыларын фабрика-зауыттардың оқу орындары мен өндірістік курстарға оқыту арқылы тарту жөнінде де шешім қабылдады.

«Еңбекші қазақ» газетіне Риддер зауыты туралы көлемді мақала жарияланып, онда бұл зауыттың 1918 жылдан бергі тарихына тоқталып, 1925 жылға дейін жұмыс істемей, осы жылдан бастап «Алтайполуметалл» тресі болып құрылып, жұмыс істей бастағандығы айтылады. Мақалада көрсетілгендей, зауыт қайта қалпына келтіріліп, шахтадағы су сорылған. Трест 1926 жылдан кен шығарып, 1927 ж. 250 мың тонна (тонна — 62 пұт) шығаруды жоспарлаған. Қорғасын жуатын заводты қалпына келтіре отырып, жылына 300 мың пұт қорғасынды ерітуге болатындығын айта келе, осы зауытқа 4 темір пеш салынса, жылына бір миллион пұт қорғасын ерітілетін еді деген болжам да келтірілген. Риддердегі кен орындарын қалпына келтіру үшін мол қаражат керектігі де баса көрсетілді [97].

Халық шаруашылығын қайта құру барысында бірінші кезекте теміржол транспортын шапшаң өркендету қажет болды. 1926 ж. 3 желтоқсанында

КСРО Еңбек және Қорғаныс Кеңесі Түркістан-Сібір теміржолын салу туралы қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша, теміржол магистралы Қазақстанның елді және елсіз жерлерін басып өтетін болды. Индустрияландыру ісіне көшуге байланысты Қазақстан халық шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржы көбейтілді.

Қазақ өлкелік партия комитетінің басшысы Ф. Голощекин республикада индустрияландыру идеясын қолдай отырып, Қазақстанда ауыр өнеркәсіп салаларының орнына ауылшаруашылығына байланысты ұсақ және орта кәсіпорындарды дамыту жоспарын ұсынған еді. Оның бұл идеясына қазақ интеллигенция өкілдері үзілді-кесілді қарсы шықты. 1927 ж. 5-23 қарашасында өткен Өлкелік партия комитетінің VI конференциясында С.Сәдуақасов баяндама жасап, патша өкіметі заманынан бері қалмай келе жатқан ұлт республикаларына шикізат дайындап беретін аудан деп қараушылықтың қате көзқарас екендігін айтып, өнеркәсіпті өркендетудің аса қажеттігін атап өтеді. Ол ауылшаруашылығы теміржолсыз өркендемейтіндігін, теміржолдар өнеркәсіптің бір тарауы болып табылатындығын, «өнерлі кәсіпті ірілендіру» дегенді осылайша ұғыну керектігін баса көрсетеді [98, 207-208-бб.]. С.Сәдуақасов республикада шикізат байлықтарын қайта өңдеп шығаратын кәсіпорындар салу талабын қойды. Осы әрекеті үшін ол қуғындалып, мерзімді басылымдарда оның ісін «социалистік құрылысқа қарсы» деп айыптаған мақалалар жариялана бастады.

1927 ж. сәуірінен бастап Түркісіб теміржол құрылысы басталып кетті. Құрылыс солтүстікте Семейден, оңтүстікте Луговая станциясынан басталып, үлкен қарқынмен жүргізілді. РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесі жанынан Түркісіб құрылысына жәрдемдесу комитеті құрылып, оны Т.Рысқұлов басқарды. Жәрдемдесу комитеттері Қазақ АКСР-і мен Орта Азия республикаларының Халық Комиссарлары Кеңесінің жанынан, кеңестердің губерниялық және уездік атқару комитеттері жанынан да құрылды. Бұларға партия, кеңес, қоғам ұйымдарының өкілдері кірді. РКФСР Халық Комиссариатына арнайы жасалған мәлімдемесінде Түркістан-Сібір теміржолдарының маңыздылығы нақтылана көрсетіліп, тасымал үшін аса қолайлығы баса айтылды [99].

Тұрар Рысқұлов «Лениншіл жас» журналындағы мақаласында Жетісуда теміржол салудың маңыздылығын, үкіметтің теміржолды Ал-

матыдан Семейге дейін созуды міндетіне алып отырғандығын, егер Жетісу теміржолы жүзеге асатын болса, Қазақстан территориясы тұтастай оның қызметін пайдалана алатындығын, одан әрі Сібірмен, Ресеймен, Башқұрстанды кесіп өтіп, Орта Азиямен қатынас орнатылатындығын көрсетті. Бұл теміржолдың ел-елдің, жер-жердің араларын қосып, солардың арақатынасын, тасымал жолдарын жеңілдетуде, шаруашылықты өркендетуде аса пайдалы екендігін, жолдың алды Қазақстанды, одан әрі көршілес отырған Қырғызстан, Батыс Қытай, Батыс Моңғол елдерінің тіршілігіне тигізетін септігінің молдығын ашып берді. Ол бұл істі жүзеге асыру үшін Еңбек қорғау кеңесі Жетісу теміржолын бес жылда бітіруді жоспарлап отырғандығын және аса дұрыс шешім екендігін баса көрсетеді [100, 26-28-66.].

Мерзімді басылымдарда осы комитеттердің жүргізіп отырған қызметі барысы мен Түркісіб теміржол бойында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде мақалалар, есептер, хабарлар жарияланып отырды. Бұл құрылыс жөнінде күнделікті хабар жариялап отырған басылымның бірі «Еңбекші қазақ» болып, «Кәсіпшілер тіршілігі», «Түркістан-Сібір жолы», «Жұмысшылардың тұрмысы», «Құрылыс алаңында» деген айдарлар ашып, индустрияландыру барысының жетістіктері мен кемшіліктері жайы үзбей басты. Мәселен, Алматыдағы Түркісіб теміржол комитетінің жұмысы жайындағы мақалада губернияларда құрылған жәрдем комитеттері өздерінің істеп жатқан жұмыстары туралы Алматы комитетіне хаттамаларын жіберіп тұруды, теміржол бойына жұмысқа жіберу үшін маман даярлау, теміржол бойындағы құмды бөгеу, жұмысшылардың тұрмысын жаңдандыру шарасы туралы хабарлама жасауды талап етті. Әсіресе Мәскеуден келген тексеру комиссиясының теміржол бойының солтүстік аудандарын тексеру барысында анықтаған кемшіліктерді жою, жұмысшыларды қажетті азық-түлікпен қамтамасыз ету, дәрігерлік пункттер, қызыл мүйістер ашу, жұмысшылар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу, сауық кештерін өткізу ісін қолға алу керек деп келтірілді [101].

Түркісіб теміржолы құрылысына жұмыс істеуге өтініш білдірген еңбекшілердің қатары күннен-күнге өсті. Жол салуға тілек білдіргендерге арналып тіркеу пункттері ашылды. Құрылыс маманы, техника жағынан сауатты жұмысшы кадрларын, әсіресе инженер-техниктерді даярлауды қажет етті.

«Еңбекші қазақ» газетінің Түркісіб теміржолы туралы Т.Рысқұловтан алған сұхбатында жоғарыда аталған қиыншылықтар расында да үлкен кедергі келтіретіндігін айта отырып, мұндағы ең бастысы жұмыскер мәселесі екендігін, бұл құрылысқа қазақтарды тарту қажеттігін, қазақ жастарын теміржол жұмысына қажетті мамандықтарды үйрету үшін курстарға жіберу мәселесін көтереді. Теміржол жұмысшыларын даярлау үшін Семейде, Алматы мен Арыста 6 айлық курстардың ашылмақ екендігін айта келе, мұнымен қанағаттанып қана қоймай, Мәскеудегі жол қызметкерлерін даярлайтын оқу орнына үкімет есебінен қазақтардан адам жіберуді ұсынады. Сұхбат барысындағы екінші мәселеге ол «жер» жайын атайды. Теміржол талай жерлерді басып өткендіктен сол жерлерге кедей шаруаларды орналастыру, сөйтіп теміржол бойын елді-мекенге айналдыру қажеттігін көтерді. Осы жол бойын басып өтетін аудандардың шаруасын көтеру керек дейді. Теміржол бойындағы мекендерде зауыт-фабрикалар салу, тұрмысқа қажетті барлық заттармен қамтамасыз етуді ұсынады [102].

Түркісіб теміржолын салуда Ішкі Ресейден арнайы маман инженерлер мен техниктер, сондай-ақ жол құрылысына қажетті бетоншы, арматуршы, жол төсейтін және т.б. жіберілді. Құрылыс жұмысына тәжірибелі коммунистер мен комсомолдар тартылды. Теміржол құрылысында 100 мыңдай адам еңбек етті.

Құрылыстың алғашқы жылында-ақ теміржолдың бірнеше ондаған шақырымдары салынды. 1927 ж. 21 қарашада Луговая станциясында Түркісіб теміржолының алғашқы шақырымы салтанатпен ашылды. Солтүстікте Семейде басталған теміржол құрылысы нәтижелі жүргізілді. «Еңбекші қазақ» газетінде осы құрылыс жолына басшылық жасаған В.С.Шатовтың жұмыстың беталысы туралы есебі жарияланып, 1926/27 жылғы бекіткен бағдарлама бойынша бұл бағытта 150 шақырым жететін теміржолды жоспарлап отырғандығын, уақытша салынған 15 шақырым жол жұмысына қажетті барлық құрал-сайман алынып, осы уақытта Ертіс өзенінің үстінен көпір салынып жатқандығын, 1928 жылдың жазында пайдалануға берілетіндігін, бұл көпірдің көлікті жаяу адам үшін де пайдалануға болатындығын келтірді. Осы көпір жұмысына оның есебінен 3500 жұмысшы тартылған [103].

Құрылыс бойында жылжымалы клуб, кітапхана, қызыл бұрыштар жұмыс істеп, жұмысшылардың мәдени ынтасын көтеруге тырысты.

Сауатсыздықты жою пункттерінде мыңдаған жастар мен орта жастағылар сауаттарын ашты. Үгіт-насихат жұмысы кеңінен өрістеді. Жұмысшы табының саны мен жалақы мөлшері де біршама өсті. «Еңбекші қазақта» жазылғандай, әсіресе, Түркістан-Сібір теміржолының солтүстік (терістік деп жазылған — С.С.) аудандарында жолға топырақ төсеу, жазғы маусымға даярлау, Ертіс көпірін салу жұмыстарына қатысып жүрген ысылған жұмысшыларға айына 80-85 сом, жаңа жұмысқа кіріскендерге 50-55 сом жалақы төленген [104].

Индустрияландырудың орындалу әдісі қарапайым халыққа тиімді болған жоқ. Әкімшілік тарапынан жасалған қысымшылық, түрлі «қауырт» жоспарлар, жалақының аздығы, ұзақ жұмыс уақыты жұмысшыларды титықтатып жіберді. Түрксіб теміржолының оңтүстіктегі ең маңызды құрылыс нысанының бірі — Шоқпар бөлімі болғандықтан, мұрағат құжатында көрсетілгендей үкімет бұл жерлерге адам мен материалдық ресурстарды шоғырландыруға тырысты. Алайда жер жұмысы барысында жұмысшылар арасында экономикалық мазмұнда ереуіл болып, өздерінің өкпе-наздарын Түрксіб әкімшілігіне бағыттаған. Ереуілге қатысушылар мынадай талаптарын қойды: 1) еңбектерін бағалауда және көтеруде олармен келісімге келу; 2) нарядтарды беру; 3) құрал-саймандармен толықтай қамтамасыз ету [105].

Түрксіб теміржол құрылысымен қатар нақ осы жылдары Қарағанды теміржолы мен Гурьев — Доссор жолы салына бастады. Жеңіл және тамақ өнеркәсібі едәуір дамыды. Петропавлда хром былғарысының жаңа өндірісі ұйымдастырылды. Теміржол және тұрғын үй құрылысына салынатын құрылыс материалдарын өңдейтін, кірпіш жасайтын, ағаш кесетін және тағы басқа зауыттар салынып, іске қосылды.

Шортанды — Ақмола — Қарағанды теміржолын салу ісі қолға алынды. Бұл теміржолды салудың аса қажеттігі жөнінде де «Еңбекші қазақ» үлкен мәселе көтерген болатын. «Қызылжар — Көкшетау жолы қазір Шортанды қаласына шейін келіп тұр. Ақмоланың оңы мен шығысы аралығында 180 шақырым атақты Қарағанды көмір кені бар. Қазақстанның көмір байлығына қарағанда Батыс Сібірде бірінші сатыда, барлық Ресей жерінде екінші сатыда болды» дей келе, тез арада Қызылжар — Көкшетау жолын Ақмолаға жеткізуді ұсынады. Бұл жолдың Спасск зауыттарының ірі өнеркәсіп орнына айналуына себепші боларын айтады [105].

Индустрияландыру ісі жаңа өнеркәсіп құрылысы мен теміржол құрылысына ғана емес, сонымен қатар орталық өнеркәсіп аудандарын

шикізатпен қамтамасыз ететін кен өнеркәсібінің дамуынан да көрінді. Ірі кен орындары мен фабрика-зауыттарға әйелдерді де тарту ісі белсенді түрде жүргізілді. 1927 ж. қарашада болған БК(б)П VI өлкелік конференциясында Қазақстандағы социалистік индустрияландырудың алғашқы қорытындылары айтылса, 2-7 желтоқсанда өткен Қазақ өлкелік комитетінің кеңейтілген пленумында өнеркәсіп пен транспорттың өсуіне байланысты пролетариаттың саны 1928 ж. 1 қарашасына дейін 35 мыңға жеткендігін, Риддер, Қарсақпайда, Доссорда қазақ жұмысшылары 38 пайыз болғандығы айтылды [106, 37-б.].

1927 ж. соңында фабрика-зауыт комитеттерінің съезінде жұмыс күнін сегіз сағатқа көшіруге қатысты жасалған жоба қаралып, 1928 ж. 2 қаңтарынан бастап барлық кәсіпорындарда жұмыс сағаты 8 сағат деп белгіленді [107].

«Еңбекші қазақ» газетінің 1928 ж. 26 наурыздағы нөмірінде Қазақстанда жүзеге асатын бес жылдық өнеркәсіп жоспары жарияланды. Онда: 1. Үй электр станциясын салу; 2. Баянауылда жылына 5000 тонна жез шығаратын кен зауытын ашу; 3. Баянауыл мен Қарқаралы ауданында қорғасын кендерін ретке салу; 4. Екібастұз зауытын жөндеу; 5. Баянауыл—Қарқаралы, Кереку арасында зауыт жолын салу; 6. Қарқаралы маңындағы Кеңтөбе, Тоғай деген жерлерде темір шығару жұмысы; 7. Қарағанды зауытын үлкейту; 8. Спасск зауытын қайтадан жөндеу; 9. Шортанды—Ақмола—Аягөз жолын салып бітіру; 10. Түркістан-Сібір жолы ауданындағы Кетмен, Сүлеймен, Сай, Тұрлан сияқты кендерді жөндеу; 11. Іле мен Балқаш өзендерінде пароход жүргізу жұмысын үдету; 12. Қарсақпай зауытын жыл сайын 9000 тонна жез шығаратын дәрежеге жеткізу; 13. Қазақстан кендерін зерттеуді күшейту сияқты іс-шараларды енгізу керектігі келтірілді [108].

Үкіметтің «Қазақстанның шаруашылық және мәдени құрылысы» атты құжатында Түркістан-Сібір жолынан кейін қолға алынатын 530 шақырымға созылған Щучье-Ақмола бағыты, одан әрі Қарағандыдан Спасск мыс қорту зауытына дейінгі теміржол құрылысы деп, осы жолдар Орталық Қазақстандағы өнеркәсіп орындарының дамуына үлкен рөл атқаратындығы айқын көрсетілді [109].

Аталған өнеркәсіп орындарында, теміржол құрылыстарында жоспарлы жұмысқа тарту қолға алынып, осы өндіріс орындарын қажетті маман-

дармен қамтамасыз етуде арнайы оқу орындары мен мектептер ашыла бастады. Фабрика-зауыттардағы жастар мектебінде, біріншіден, олардың сауатсыздықтары жойылса, екіншіден, осы өндіріс орнына қажетті мамандықтар алып шықты. «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған «Жұмысшы жастар жайынан» атты мақалада Риддер, Қарсақпай, Доссор сияқты кен орындары мен шойын жол бойына жастарды жұмысқа тартып, еңбекақыларын арттырып, мамандықтарын көтеру жөнінде бірсыпыра жұмыстар атқарылғандығы айтылды.

Қазақстанның 7 жерінде жастар үшін ашылған фабрика-зауыт мектептерінің барлығы, бұл мектептерде оқушылардың қатарының көбейіп келе жатқандығы келтірілді. Сондай-ақ кен орындары мен теміржол бойындағы жастардың алатын жалақылары да нақты көрсетілді. Мәселен газетте жазылғандай, кен орнында жұмыс істейтін жастар айына орта есеппен 50-60 сом, шойын жолдағылар 75-100 сом мөлшерінде жалақы алған. Осы өндіріс пен құрылыс жолына арнайы түрде оқытылып жатқан шәкірттерге де айына орта есеппен 20-40 сом мөлшерінде стипендия төленген [110].

Бірінші бесжылдықтың негізгі нысандарының әлі салынып жатқанына қарамастан, өнеркәсіп өндірісі өсті. 1928 ж. 28 мамырда Қазақстан комиссиялары кеңесі төрағасының орынбасары А.М.Поволоцкий қатысқан Қазақстан өкілдігі жанында мәжіліс болып, мұнда жалпы Одақтық «Алтын одағы» қоғамының Қазақстандағы жұмысы туралы қаралады. Мәжілістің қорытындысы «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланды. Қазақстанда алтын кенін өндіретін үш ірі мекеменің жұмыс жайы мен 1927/28 жылдардағы алтын өндіру жоспары турасында қысқаша мәлімет беріп, Қостанай округіндегі Жетіқара алтын өндірісінде аталған жылдар аралығында 508 килограмм, Семей губерниясындағы шығыстық алтын өндірісі 588 килограмм, Ақмола губерниясындағы «Дала» мекемесі 210 килограмм, барлығын қосқанда 1306 килограмм алтын өндіріліп, 1 млн 500 мың сомдық іргелі жұмыстар істелінген [111].

Доссорда мұнай 1926-27 жж. 15,6 млн пұт, 1927-28 жж. 17,7 млн пұт шығарылып, осы өндіріс орнында 1793 жұмысшы жұмыс істеді. «Еңбекші қазақта» Доссорда өндірісті реттеу жөнінде бірқатар жұмыстар істеліп, соңғы үш жылдың ішінде мұнай өндіру ісі біршама алға басқандығы, бұл ауданда жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын көтеруге қатысты

істердің жүргізіліп, оларға арнап аурухана мен амбулаториялық емдеу орындары салынғандығы жазылды. Демалыс орындарына өндіріс орнынан 108 адам жіберілген [112].

Қаражаттың жетіспеушілігі, жұмысшыларға жеткілікті мөлшерде жағдайдың жасалмауы және тағы басқа қиыншылықтарға қарамастан, өнеркәсіп саласындағы жұмыс барысы қарқынды жүрді. Партия мен үкімет өндіріс орындарындағы қиыншылықтарды тез арада жоюды көтеріп, оның нәтижесін мерзімді басылымдарда жариялауды міндеттеді. Қарсақпай мыс қорыту зауытында жаз айларында пәтерлер салынғанымен, жұмысшыларға жатын орын жетіспегендіктен, тіпті барақтардың есіктеріне дейін жатқандығы, тез арада жылыту пештерін салу қажеттігі жөнінде «Еңбекші қазақ» арқылы дабыл қағылды. Комсомол жастар арасында да комсомол ұяларының жұмысы нашар жүргізіліп жатқандығы да баса көрсетілді. Қарсақпай, Риддер шойын жолын тексеру барысында комсомол ұйымдарының өндірісті күшейту, өндірілген нәрселерді тарату, ұйым мекемесін ықшамдау сияқты жұмыстарға шабан қатынасатындығы жайы да айтылды [110].

Сондай-ақ партия мен үкімет өндіріс орындарында кемшіліктерді жою үшін сын мен өзара сынды күшейту қажет деп табуын мерзімді басылымдар құптап, газет-журналдарда осы шараның жүзеге асырылу барысы жайында жариялап отыруды міндеттеріне алды. «Еңбекші қазақта» Хамза деген автордың «Сынды күшейтіп, кемшілікті құртайық» деген мақаласы жарияланып, онда Шахты, Исмүлен оқиғаларының Қазақстан кен орындарында орын алмауы үшін қырағы бақылауды күшейту қажеттігін көтерді [113]. Газеттің келесі сандарында Шахты төңкерісі туралы хабарлар басылып, оны ұйымдастырушыларды соттау үрдісі жарияланды.

«Партия сақтығы — тап сақтығы» деген Орталық партия комитетінің хаты жарияланып, онда социалистік құрылыс істеріне қас қылатындардан сақтану үшін сынды күшейтіп, өз кемшіліктеріңді өздерің көрсетіп, өздерің түзете біліңдер деген үндеу тасталды. Осы үндеуден кейін газет беттерінде кейбір өнеркәсіп орындарында орын алып отырған жолсыздықтар әшкереленді. Атап айтқанда, Қарсақпай мыс қорыту зауытындағы кейбір келеңсіз жағдайлардың орын алып, кеңес заңдарын орындауда бұрмалаушылықтарға орын беріліп отырылғандығы айтылды. Оның се-

бөбін зауыт басшылығына, қызметіне бұрынғы атқамінерлер мен байлар келіп алып, халықтың қараңғылығын пайдаланып, ойларына келгендерін істеуі деп түсіндірілді [114]. Алайда мұндай кедергілерге қарамастан 1928 жылдың соңында қосылған Қарсақпай мыс қорыту зауыты алғашқы мың тонна қара мыс берді.

Петропавлда ет комбинаты да іске қосылды. Орал губерниясының Ембі ауданындағы Мақат мұнай кен орындары 1925 жылдан қайта іске кірісіп (1915 ж. басталған кен орны 1921 ж. жабылып қалған — С.С.), 1925/26 жж. 17,308 тонна мұнай шығарса, 1926/27 жж. 35,985 тонна мұнай шығарды. «Еңбекші қазақ» газетінде жазылғандай Мақатта осы жылдар аралығында 618 жұмысшы мен 94 қызметкер жұмыс істеп, оның 350-і қазақ ұлтынан болған [115].

1929 ж. Семейде мал терісін илейтін ірі былғары зауыты жұмыс істей бастады. Ақмола теміржолын (Щучье—Ақмола) салу жұмысы мерзімінен бұрын аяқталды. Түркісіб құрылысшыларының арасында үгіт-насихат жұмысы кең түрде жүргізіліп, мәдени-ағарту барысы өрістеді. Социалистік жарыс ұйымдастырылды. Құрылыстағы партия жұмысын нығайту мақсатында екі аудандық комитет — солтүстік және оңтүстік комитеттері құрылды. Теміржолды тезірек аяқтауда барлық күшті жұмылдыру, құрылыс барысындағы кедергілерді жою мәселесі де қолға алынды. Шойын жол құрылысын тезірек аяқтаудың жолдарын ұсынған пікірлер газет беттерінде жарияланып тұрды. 1928 ж. 5 маусымында «Еңбекші қазақ» газетіне Б.Панковтың «Автомобиль қатынасы күшейтілсін» атты мақаласы жарияланып, онда Қазақстанда салынып жатқан теміржолдар елдің ішкі қалаларын басып өтпей, шетімен айналып жүретіндігі, Қазақстанның кейбір губерниялары өзінде өнетін өнімді жолдың жоқтығынан көршілес республикалардан алуға мәжбүр болатындығы, Қазақстанның бар байлығы тиісті жерлерге шығарылып сатылмайтындығы баса көрсетілді. Ол автомобиль жолдарын салу қажеттігін ұсынды. Түркісіб теміржолын тезірек аяқтау үшін құрылысқа қажетті материалдарды тасуда автомобиль жолдарын салудың маңыздылығын айтып, ол үшін мына мәселелерді шешуді көтереді:

1. Осы күнгі өлкелік мәні бар Қытай мен екіарадағы автомобиль жолдары мен шойын жолға нәрсе таситын автомобиль жолдарының беріп жақсылап түзеу керек.
2. Өлкелік мәні бар жерлерде автомобиль жолын салуды күшейту, тездету керек.

3. Өлкелік мәні бар үш жерден жаңадан жол салу керек.

4. Түркістан-Сібір жолы төңірегінде автомобиль жолын салудың жоспарын жасау, жерінің жағдайын, жолдың бағытын зерттеу керек. Сөйтіп бұл ауданда жол қатынасын күшейту керек. Мақала авторы көрсеткендей, мұрағат құжаттарында да Қазақстанда шойын жолы 3241 километр, ал автомобиль жолы 5800 шақырым болған [116].

1928/29 жылға арналған Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдени құрылысы барысы жөнінде РКФСР Халық Комиссарларына дайындалған есептік құжатта да жоғарыдағы мақалада көрсетілген Қазақстандағы теміржолы 3241 шақырымға, автомобиль жолы 5800 шақырымға созылып жатқандығы жөнінде мәліметтер келтірілді. Таяу арада ірі өнеркәсіп орындарының салынуына байланысты бұл аталған жолдарды кеңейту ісі қолға алынып, 1500 шақырымдық Қостанай-Шәуешек теміржолдарының жоспарланып отырғандығы айтылды [117].

Түрксіб теміржолының салынуына тікелей басшылық жасаған Т.Рысқұлов шойын жол бойын аралап, оның жағдайын өз көзімен көріп, бұл құрылыстың жетістіктері мен кемшіліктері туралы Қазақстан комиссарлары кеңесінің мәжілісінде баяндама жасады. Баяндама толықтай «Еңбекші қазақ» газетінің 11 маусымындағы санына жарияланды. Т.Рысқұлов бұл жол құрылысының маңыздылығының күннен-күнге артып бара жатқандығын, оның алда Кеңестер Одағына ірі пайда келтіретіндігін, үкімет тарапынан теміржол салуға 1927 ж. 8 млн сом ақша бөлінгендігін, осы жылы (1928 ж.) жол қаражаты 34 млн-ға жетіп, 1929 ж. 58 млн, 1930 ж. 60 млн, 1931 ж. 47 млн ақша бөлінбектігі жоспарланып отырғандығын баяндады. Ол құрылыс барысындағы ең басты кемшілік жергілікті елден маман жұмысшылар дайындау жұмысының нашар жүргізілуі деп көрсетті [118].

Газеттің 189 санында жарияланған «Түркістан-Сібір жолының салынып бітетін мезгілі» атты мақаласында: «...Жалпы Одақ үкіметінің нұсқаған жолынша Түркістан-Сібір теміржолы 1930-31 жж. салынып бітуге тиіс. Бұл жолға жұмсалатын қаржының жалпы мөлшері 203 млн 707 мың сом», — деп келтірілді. Т.Рысқұлов көрсеткендей, 1929 ж. 3 мамырда КСР Одағы ХКК-сі Түрксіб құрылыс басқармасының есебін тыңдап, жолдың солтүстік пен оңтүстік учаскілерін 1930 жылы түйістіріп, 1931 ж. бүкіл теміржол бойында дұрыс қатынас орнатуды міндетке қойды [119].

1929 ж. 18 шілдесінде үкімет белгілеген мерзімнен бұрын теміржол Алматыға жетті. 1930 ж. 25 сәуірде оңтүстік және солтүстік учаскілер түйісті. Сөйтіп Түрксіб теміржолы белгілеген мерізімінен 17 ай бұрын аяқталды. Бес жылдың орнына үш жылда салып біткен ерен еңбектері үшін бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысымен Түркістан-Сібір теміржолының құрылысшылар ұжымы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1445 шақырымға созылған Түрксіб теміржолы елдің экономикасын көтеруде аса зор рөл атқарды. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ аудандарын отырықшылыққа көшіруде теміржолдың маңызы зор болып, жаңа қалалар, поселкелер, ауылдар бой көтерді.

Кеңес өнеркәсібінің қарқыны үдеп, едәуір табыстарға жетті. Ауыр индустрия кәсіпорындарының ескілерін қалпына келтіру, жаңаларын салу, техникалық жағынан қайта құру, ол үшін сай қуатты энергетикалық база жасау қажет болды. Осыған байланысты Қарағанды ОЭС-і, Ульба СЭС-і салынып іске қосылды. Өнеркәсіп орындары жаңа техникамен, станоктармен жабдықталды. Қазақстанның кең байтақ территориясының әр жерінде пайдалы қазбалардың кендерін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Балқашта мыс бақыту комбинаты, Ақтөбеде фосфор тыңайтқыштарын өндіретін қуатты химия комбинаты, Шымкент қорғасын зауыты салынып жатты. 1927 ж. жазында «Алтын одағы» құрылды. Бұл акционерлік қоғамға Қазақстандағы барлық алтынды кен орындарын біріктірген «Қазақалтын» тресі кірді [120].

1929 жылдың басында Қазақ өлкелік комитетінің бюросы индустрияландырудың 3-ші займы турасында қаулы қабылдап, онда бұл займды шаруашылық және саяси маңызы бар екпінді компания ретінде «бір айлық жалақы — займға», «әрбір шаруа шаруашылығы займға жазылуға тиіс» деген ұранмен өткізуді жоспарлады [121]. Осындай қаулыдан кейін ауыр өнеркәсіп орындары өздерінің индустрияландыру аптальқтарын өткізу туралы шешім қабылдап, оның қорытындылары жөнінде жоғары жаққа хабарлап отырды. Қаз ОАК-не 1929 ж. 24 тамызда қара жұмысшылар одағынан индустрияландырудың пайдасына Байқоңырдағы тас-көмір кені орнының жұмысшылары түрде жексенбі күні, яғни 16 тамызда белсенді жұмыс істегендігі, бұл күні барлық цехтар жұмыс істеп, бір көмір қазушы осы күні көмір өндіруді 340 кг жеткізгендігі жөнінде жеделхат жіберді [122].

1930 ж. 30 мамыр - 6 маусымда болған Қазақ өлкелік комитеті мен Өлкелік Бақылау комиссиясының біріккен пленумында Түркістан-Сібір теміржолы құрылысындағы ерекше табыстармен қатар Қазақ теміржол құрылысы тресінің құрылуы, мыс және көмір өнеркәсібі құрылыстарының басталуы, Ембі мұнай кәсіпшілерінің, Риддер мен Қарсақпайдағы өнеркәсіптердің дамуы, Тұрлан қорғасын комбинатын салуға кірісуі, балық өнеркәсібінің дамуы және тағы басқа қол жеткізілген табыстар аталып өтілсе, келесі (1931 ж.) 3-7 ақпанында өткен біріккен пленумында металлургия, отын, көмір, транспорт салаларында жүргізілетін міндеттер белгіленді. Риддер мен Қарсақпайда түсті металлургия саласында жаңа байыту фабрикасын салып бітіріп, тез арада іске қосуылуын қамтамасыз ету, қорғасын зауытын қайта құруды мерзімінен бұрын аяқтау, қорғасын, мырыш жөніндегі жоспарды орындап, Орта Азия қорғасын зауыты комбинатының 1932 жылдың бірінші жартысынан бастап жұмыс істеуін қамтамасыз ету, өнеркәсіпті кен барлау ісін жеделдету, рудниктер мен фабрикаларды салуға әзірленіп кірісу, Ембідегі мұнай кенін жоспарында көрсетілген мөлшермен орындап, Қарағанды көмір бассейнін өркендету және одан алынатын өнімнің мөлшерін көбейту, теміржолмен қатар тасжол салуды қолға алу міндеттері қойылды [106, 122-124-бб.]. Сонымен бірге БК(б)П Орталық Комитетінің 1931 ж. 15 тамыздағы «Көмір мен кокс ресурстарын көбейту туралы» шешімінің қабылдануы, Қарағанды бассейніндегі көмір қорларын анықтап, жаңа шахталарды салуды міндеттеді.

Қарағанды таскөмірін өндіруде біршама жетістіктер жетті. 1930 ж. онда 4 шахта ашылып, олардың әрқайсысынан 200 мың тонна көмір алады жоспарлаған. Бұл шахталардан 40 пайыз көмір шығарылып, көмір екі түрлі жолмен қазылып жатқандығы көрсетілді. Оның бірі — зерттеу, шахты орнату істерімен қабаттасып қазу, екіншісі орнатылып, құралданған шахталардан пайда өндіру жолымен қазу. Осы екі әдіспен, атап айтсақ, қабаттасып қазумен 107,5 мың тонна, ал пайда өндіру жолымен 892,5 мың тонна көмір шығару көзделінген [123].

Қазақстан кен байлықтары, оны өндіру барысындағы істелініп жатқан жұмыстар баспасөзді үнемі көтерілді. Көмір, жез кендері, темір кендерінің зерттелуі және оларды өндірудегі материалдық-техникалық жағдай, жұмысшылардың рөлін айқындау мәселелері тілшілердің басты

мақсатына айналды. Мәселен, Баянауылдағы Семізбұғы өндірісінде асылтас өндірісінің барысы «Жаршы» журналының 1931 жылғы №1 санында егжей-тегжей жазылды. Бұл өндіріс орны Баян ауданынан 95 шақырым қашықта жатқандықтан, әлі теміржол қатынасы салынбағандығы, тіпті телеграф бағандарының жоқтығы ашық айтыла келе, осыған қарамастан, 1928-29 жж. жобаланған жоспар бойынша 5500 тонна құрыш тастары қазып алынып, өндірісте істейтін жұмысшылардың қатары жылдан-жылға көбейіп келе жатқандығы, атап айтқанда, 1929-30 жж. 400 жұмысшы болса, бұл көрсеткіш 1930-31 жж. бірнеше есеге өсіп, онда 1300-ге баяу жұмысшылар жұмыс істеп, алда 15 мың тонна кен қазып алуды жоспарлап отырғандығы келтірілді [124, 5-6.].

20-жылдардың ортасынан бастап ғылыми зерттеу экспедициялар барлау жұмыстарын жүргізіп, кен орындарын анықтап, осы жерлерде өндіріс орындарын ашуды қолға ала бастаған болатын. Әсіресе Қазақстанның солтүстік аудандарындағы кен байлықтары, олардың қаншалықты мөлшерде екендігі барланып, бұл кен байлықтарын өндіруде қаншалықты күш, техника кететіндігі алдын-ала анықталып отырған. «Жаршы» журналы жазғандай, Қазақстанда кен байлықтары бұрын кең көлемде пайдаға асырылмағандығы айтылып, зерттеушілер еліміздегі көмір көзінің өнімі 5 млрд тоннадай деп жобалап жүрсе, елде ұйымдастырылған барлау экспедицияларының нәтижесінде таскөмірлер Ақмола, Екібастұз, Семей, Қарағанды облыстарында 8 млрд 600 млн тонна болатыны анықталды. Әсіресе ең көп көмір көзі Қарағанды облысының Өлеңті-Шідерті алқабында екендігі, одан кейінгі ірі кен орны — Екібастұз, бұл зерттеу жүргізу арқылы дәлелденген. Екібастұз көмір кенінің қоры 600 млн тонна шамасында екендігі, оларды мөлшермен бөлгенде Қажырда — 2 млн 700 мың тонна, Қызылтуда — 7 млн 800 мың тонна, Жамантұзда — 16 млн 800 мың тонна барлығы анықталды.

Жез кендерінің Қазақстандағы мөлшері 1924 жылдан бастап зерттеліне бастады. Нәтижесінде журналда көрсетілгендей, Көктас және Жартас деген жерлерден 109 мың 570 тонна кен барлығы анықталған. Қоңырат кеніндегі жез қоры 1 млн 326 мың, темір кені Саяқ пен Аягөз аралығында кездесетіндігі, осы жерлерде арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілетіндігі келтірілді. Темір кендерінің Торғай жерінде кездескендігі, оның мөлшермен 35 млн тоннадай болуы мүмкін деген болжам жасалынды [125, 7-10-66.].

Индустрияландыру жоғарғы үкімет директивасы арқылы жүргізілгендіктен әкімшіл-әміршіл жүйе әдістері кеңінен қолданылды. Осындай қиыншылыққа қарамастан, индустрияландыру, біріншіден, ұлттық жұмысшы табының қалыптасуына, екіншіден, жұмысшылардың өндірістік-техникалық дәрежесін көтеруге, үшіншіден, Қазақстанның өнеркәсіптік деңгейін биіктетуге, сол арқылы көлік шаруашылығын, ауылшаруашылығын және басқа да салаларды жаңа техникалық негізде қайта құруға, сөйтіп халықтың материалдық жағдайын, әл-ауқатын көтеруге мүмкіндік беруге тиіс еді.

Жалпы одақтық 6 кеңестер съезінде сөйлеген сөзінде Ораз Исаев Қазақстан Кеңестер Одағындағы түсті металл кәсібінің қоры екендігін, Қоңырат, Успенск және басқа аудандар Кеңес Одағы түгіл, кен зерттеу басқармасының соңғы мәліметіне қарағанда бүкіл жержүзіндегі түсті металға бай аудандар деп айта келе, бұл жерді ірі өндіріс орындарына айналдыру үшін теміржолдар салу, жергілікті халқының әл-ауқатын арттыру қажет деген ұсыныс жасайды. Бұл баяндамасы «Жаршы» журналына жарияланды [126, 2-б.].

30-жылдардың ортасында Қазақстанда стахановшылар қозғалысы өрлеп, жарыс пен екпінділер қатары кеңейе түсті. Бұл қозғалыс ауыр өнеркәсіп өнімінің өсуін, жұмысшы табы қатарының көбеюін тездетті. «Лениншіл жас» газетінде көрсетілгендей, 1925 ж. ауыр өнеркәсібінің жалпы өнімі 2351 млн сомдық болса, бұл өнім 1935 ж. 24 24288 млн сом болған. Яғни он жыл ішінде өнеркәсіп өнімі 10,3 есе көбейді. Бұл кәсіпорында жұмыс істейтін жұмысшылардың саны да өскен. 1925 ж. осы салада 693 мың жұмысшы еңбек етіп, он жылдан кейін олардың саны 5 млн 800 мыңға жеткен. Сонымен қатар газетте ауыр өнеркәсіптің үлкен жетістікке жетуінің бірден-бір себебі осы салада стахановшылар қозғалысының өрлеуінен делінді [127].

Стахановшылар қозғалысының шақыруына комсомол жастар бірден үн қосты. Ащысай өндірісінде жұмысшы жастар арасында стахановшылар қозғалысы өрістеп, күн санап жаңа рекордтар жасалынды. 1936 ж. 20 желтоқсанында 3-ші горизонттағы комсомол бригадасының бригадирі Сүлеймен Кәрібаев кезегінде 3,3 көлемінде темір өндірген. Сөйтіп жоспарын 900 пайыз орындаса, 2 күннен кейін комсомол мүшелері Сандыбаев пен Ыдырысов жоспарларын 800 пайызға орындаған. Бурабай депосының паравозшысы, комсомол мүшесі Ахмедиев поезді шапшаң

жүргізуде жаңа рекорд жасады. Ол Бурабай мен Тайынша стансасының арасында сағатына 42 шақырым жүретін жерді 6 сағат ішінде 31 шақырым айналдырған [128].

«Лениншіл жас» газеті Қарағандының көмір бассейнінің 18-нші шахтасындағы комсомол жастары төрт стахановшылар бригадасын құрып, өзара жарысқа түскендігін хабарлады. Белгіленген 5 күндік мерзім аралығында жоспарлаған норманы орындауда Бейсекеев бригадасы 400-дің орнына 448 вагон, Есбаев бригадасы 500 вагон, Исаев бригадасы 480 вагон, Исатаев бригадасы 470 вагон көмір шығарған. Бейсекеевтің бригадасының күндік нормасы 20 вагон болса, оны 54-ке дейін жеткізген [129].

1937 ж. «Лениншіл жас» газеті Қостанайдың Жетіқара елдімекенінде Жетіқара алтын комбинатының ашылғандығы жөнінде қуанышты хабар жариялады [130]. Осы жылдың 1 қарашада фабрика-зауыт және транспорт салаларындағы төменгі жалақы алатын жұмысшылардың жалақысын көтеру, жалақыға қосымша жалақы қосу турасында шешім шығарылды.

Индустрияландыру барысын халыққа жеткізуде партия-кеңес баспасөзі коммунистік партия нұсқауларын берік ұстана насихаттады. Елдегі шикізат қорын игеру мен оны өндіруші күштердің Ленин идеясымен жүзеге асып, социалистік жүйені одан әрі нығайтып отырғандығы мақтанышпен жарияланды. Халық шаруашылығын қалпына келтіруде республикада салынып жатқан өнеркәсіп, трактор, ауылшаруашылығының ірі кәсіпорындарына республика еңбекшілерін тартуды, осы өндірісті басқарудағы, ұлт кадрларын қалыптастырудағы партия басшылығының рөлі дәріптелді. Индустрияның ірі ошақтары Түркістан-Сібір теміржолының салынуы, Риддер, Қарсақпай, Екібастұз, Жезқазған, Қарағанды және т.б. ірі өндіріс орындарының индустрияландыру жылдарында өнім беруі, ірі өндіріс орындарына жастарды тарту мәселесі, жұмысшылар арасында партиялық-саяси жұмысты күшейту, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту барысын жазды.

Индустрияландыру жылдам қарқынмен жүргізілді. Бұл уақытша табыс еді. Бүкіл қаражат пен күш ауыр өнеркәсіп саласына жұмсалынды. Нәтижесінде әлеуметтік сала біраз ақсап қалды. Басқару барысында зорлық-зомбылық көрсету, қысымшылық жасау белең берді. Бірінші бесжылдықтағы «Бәрін техника шешеді» деген ұранмен жүргізілген

индустрияландырудың жетістіктері елге зиянын тигізбей қоймады. Тауар айналымы нашарлады. Ақша құнсызданып кетті. Осындай қиыншылықтар кезеңіне сталиндік нәубет келіп қосылды. Донбастағы «Шахта» ісіне байланысты кадрларға сенбеушілік туындады. Ел басқару ісінде қырқысуға әдеттенген шолақ белсенділер қаптап кетті. Басшылыққа қажетті көптеген қасиеттер жетпей жатты. Индустрияландырудың соңы 1931-33 жж. ашаршылыққа ұласты. Бұл аталған кемшіліктерді мерзімді баспасөзде ашып жазуға үкімет пен партия тарапынан тыйым салынды. Баспа бөлімінің қырағылығына қарамай газет-журналдарың беттерінде қателіктер туралы жарияланып кеткен кейбір мақалалардың авторлары сөгістер алып, тіпті кейбіреулері орындарынан түсірілді. Бесжылдықтың жетістіктерін көре алмаушылар ретінде өлкелік партия ұйымдарының мәжілістерінде сынға алынды. 30-шы жылдардың соңында «халық жауы» ретінде ақыры айдалды, атылды.

3.3 Ауылшаруашылығындағы тәркілеу мен ұжымдастыру қазақ баспасөзінде

1925 ж. Қазақстанға Ф.И.Голощекиннің өлкелік партия комитетінің хатшылығына келуі «ауылды кеңестендіру» саясатын бастап берді. Осы жылдың 1 желтоқсанында болған БК(б)П өлкелік V конференцияда бірінші хатшының «қазақ ауылдарында кеңес өкіметі жоқ, бай-болыстардың үстемдігі басым» деп мәлімдеуі мен «Кіші Қазан революциясын» жасауды ұсынуы аса маңызды саналды. Бұл ұранмен кеңес үкіметіне қарсы элементтердің еңбекші бұқараға деген саяси және экономикалық ықпалын жойып, еңбекшілердің материалдық және мәдени әл-ауқатын көтеру мәселесін жүзеге асыруды басты міндеттеріне айналдырды. Барлық үкіметтік газеттер бірінші басшының идеясын жарыса жариялап, оны жүзеге асыруға шұғыл түрде кірісу қажеттігін насихаттады.

Жалшы-батырақтардың еңбектерін қорғау мәселесі «Еңбекші қазақ» газетінде көтеріліп, газеттің 1926 ж. 20 қаңтардағы санында «Жалшы-батырақтардың еңбектерін қорғау керек» атты Қалмай Қайдарұлының мақаласы жарияланып, осы уақытқа дейін жалшы-батырақтардың еңбегін қорғауда айтарлықтай іс істелмегендігі айтылып, Қазақстанның

еңбек комиссариаты өз жанынан «Жалшылардың еңбегін қорғайтын бөлім» ашқандығын хабардар етті [131].

1926 ж. 30 сәуір мен 3 мамыр аралығында өткен Өлкелік комитетінің II пленумында «ауылды кеңестендіру» жайы тағы да қаралып, ауылда әлі де ірі байлардың саяси үстемдігі сақталып, бұл ауыл еңбекшілерін қанауға түсіріп, ауылдың өндіріс күштерінің дамуын тежеп отырғандығы баса айтылды [132].

Пленум экономикалық тәуелділікті жоюда мынадай бірқатар практикалық шараларды жүзеге асыруды қажет деп тапты: 1) кедейлердің мүдделерін сақтай отырып, мал өсіретін халықты жерге орналастыру; 2) суды пайдалануды дұрыстау; 3) байларға ауылшаруашылық салығын салуды күшейту; 4) ауылшаруашылығы салығында одан кедейлерді босатып, орташаға жеңілдіктер беріп, бай элементке салық салуды күшейту жағына ерекше назар аудару; 5) кедейлердің жағдайын жеңілдетіп, еңбекші мал өсірушілерді делдалдық капиталдан құтқару мақсатында мал өнімдерін өткізетін және өңдейтін кооперациялар ұйымдастыру; 6) байлардың пара беруіне, заңсыз қанауы мен озбырлығына қарсы күрес жөнінде ерекше заң қолдану. Сонымен қатар пленум өлкелік комитеттің органы санаған «Еңбекші қазақ» газетіне ауылға аса көңіл бөлуді тапсырды [6, 276-277-бб.].

1926 ж. 9 маусымдағы Өлкелік партия бюросының мәжілісінде ауылды жерде салық салудың 1926-27 жж. мөлшерін 1925/26 жж. салыстырғанда 9 есеге көбейту қажеттігі көтерілген еді [133]. Алайда осы жылдың 25-30 қарашасында өткен БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында ауылды кеңестендіруде партия ұйымдарын құрудан, ауыл коммунистерінің мәдени-саяси деңгейін көтеру, ауылдық кеңестерге басшылық жасау, кедейлерді «Қосшы» одағына және батырақтарды Егіншілік және орман қызметкерлері кәсіптік одағына (Рабземлес) ұйымдастыру, бұқаралық науқандар өткізу сияқты шараларды жүзеге асыруды міндеттеді.

Осы пленум барысында ХКК-нің төрағасы Н.Нұрмақов баяндама жасап, ауылды кеңестендіруге қатысты шыққан нұсқаулардың біреуі де орындалмай, керісінше, «ауылды кеңестендірудің» орнына ауылдағы ру таласының күшейгендігін, кедей, бай, орташалар бір-бірімен шекерлері қызып, таласқа түсіп, байлар кедейлер мен орташаны желіктірумен қоймай, кейбір ауыл коммунистерінің осал тұстарын байқап, өздеріне

тарта бастағандығын келтірді. Бұл баяндама «Қызыл Қазақстан» журналының 19-21 сандарында жарияланды [134, 31-35-66.].

Ауылды кеңестендіру науқанына өлкелік «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналы, сондай-ақ жергілікті газеттер үлкен жұмыстар атқарды. «Ауыл тілі» газеті партияның кеңестендіру саясатының күші ретінде құрылған «Қосшы» ұйымының жұмысын назардан тыс қалдырмай, ұйымның маңызын оқырмандарға түсіндіруге тырысты. 1926 ж. 2 санында жариялаған «Қосшы» ұйымы қандай ұйым» деп аталатын мақалада кедей шаруа, батырақ, малайлар мен орташаларды біріктіретін, соларды жуан жұдырықтылардан қорғайтын, жұмыстарының іргелі басуына басшылық жасап, жөн сілтейтін ұйым екендігі түсіндірілді [135]. Сондай-ақ газетте осы «Қосшы» жұмысын жақсарту, кооператив, кедей-жалшылардың қозғалысын өрістету туралы да хабарлар жарияланды.

«Қызыл ту» газетінде жазылғандай, Батыс Қазақстан губернияларында 1926 ж. сәуір айында «Қосшы» одағының аудандық бюросы сайланып, оған 26723 адам мүше болып, одақтағы қаражат мүше жарнасынан жиналды. Дегенмен бюро ауылдармен дұрыс байланыс орнатпаған. Сондықтан ауыл шаруалары «Қосшы» одағының қызметінен бейхабар болды. Бюро мүшелері ауыл ұяларымен байланыс жасамаудың себебін қаржы мен көліктің жоқтығынан деп түсіндіріп отырған. Газет көлік жоқ, қаржы жоқ деп қарап отырмай ауылдарға аудандық комитеттерден нұсқаушылар жіберіп, одақтың мақсаты мен міндетін түсіндіру жұмыстарын жүргізуді ұсынды [82]. «Жастар дауысы» газетіне жарияланған «Комсомол һәм «Қосшы ұйымы» атты мақалада «Қосшы» ұйымдары құрылғанымен, әлі де болса буыны толық қатпай, толық кедей шаруаларды топтастыра алмай, ұйымға жуан жұдырықтылар ықпалдарын жүргізіп отырғандығын айтып, ұйымның жұмысын жандандыруда комсомол жастарды тарту, соларға кедей шаруалар арасында ұйымның басты мақсаты мен міндеттерін таныстыруды міндеттеу мәселесін көтерді. Сондай-ақ бірқатар ауылдарда комсомол ұйымдары ауылдағы шаруалардың арасында «Қосшы» одағы туралы үгіт-насихат жұмыстарын бастап кеткендігін де атап өтті [136]. «Қосшы» одағы 1926 ж. 5 мамырынан Қазақ өлкелік комитетінің шешімі бойынша «Жарлы» одағы деп атала бастады [137].

1927 ж. 15-25 қарашада болған VI Бүкілодақтық конференцияда

Ф.И.Голощекин «Қазақстанның дамуын социалистік жолға қою» деп аталған баяндама жасап, Қазақстанда «Кіші Қазанды» жүргізуге бел буғандығын баса көрсеткен болатын. Ол ірі байларды тәркілей отырып, ұжымдастыруды үлкен қарқынмен жүргізуді ұсынды [138, 205-б.]. Оның бұл идеясы қазақ зиялыларының арасында қолдау тапты. 1926 жылдың қарашасында болған БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің III пленумында О.Жандосов сөйлеген сөзінде егіндік пен шабындық жерлерді қайтадан бөлу кезінде қазақтың ірі байларын тәркілеу қажеттігін ұстанды. Алайда бұл пленумға қатысушылар байларды тәркілеудің әлі уақыты жеткен жоқ деп, оның бұл ұсынысын қабыл алмады. Қазақ байларының күшін қалай әлсірету қажеттігі төңірегінде сөз сөйлеген М.Қайыпназаров Кеңес өкіметінің орнағанына 9 жыл болса да, ауылды жерде кеңес өкіметінің жоқтығын, кеңестердің түріне қарай емес, құрылымына қарай орнату керектігін атап өтеді [139].

1927 ж. 2-19 желтоқсанда БК(б)П XV съезі болып, онда ауылшаруашылығын ұжымдастыру мәселесі көтерілді. Ауылшаруашылығын ұжымдастыру ісін барынша өрістету туралы шешім қабылданып, колхоздар мен совхоздарды өркендетіп, нығайту жоспарын белгіледі, ауылшаруашылығын ұжымдастыру жолындағы күрестің әдістері мен құралдары туралы айқын нұсқаулар берді. Осы нұсқауды басшылыққа ала отырып, Қазақстан партия ұйымы республикада ауылшаруашылығын ұжымдастыру ісін әзірлеуге кірісті. Бұл іске де мерзімді басылым тартылды. Әсіресе «Еңбекші қазақ» газетіне тәркілеудің маңыздылығын түсіндірген мақалалар, хабарларды жариялау міндеттелінді.

БК(б)П Орталық Комитеті 1927 ж. 14 мен 24 желтоқсанда астық дайындаудағы дағдарыстан шығуға қатысты жергілікті жерлерге алғашқы нұсқауларын жіберді. Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің жабық жиналысында бұл нұсқау шұғыл түрде қаралып, онда ауылшаруашылығы салығының төлену барысының мардымсыз екендігі айтылып, салық жинауды мерзімінде орындауды аса қадағалау қажеттігін баса көрсетті [140].

1928 ж. 6 қаңтарында И.Сталин астық дайындау барысы жөніндегі қаулыға қол қойды. «Еңбекші қазақ» газетінде «Астық дайындау науқаны» атты айдар ашылып, астық дайындау барысы жөнінде күнделікті хабарлар жариялап отыруды қолға алды. Астық дайындау 1927 жылдың қазан айынан басталып, әр айға орындалатын пайызы шағылып көрсетілді. Алайда белгіленген жоспар орындалмай қалды.

Мұрағат құжаттарынан байқағанымыздай, 1927 жылдың қараша айында 43,8%, желтоқсанда — 51,2%, 1928 жылдың қаңтарында 56,6% астық дайындау барысы орындалмай қалған [141]. «Еңбекші қазақ» газетінде Қостанай округінде 165 мың пұт астықтың орнына бар-жоғы 2-ақ мың пұт астық алынғандығы айтылды [142].

1928 жылдың басында И.Сталин Сібірді аралады. Оның сапарының мәні астық дайындауды жеделдету барысын тексеру болатын. 1928 ж. 13 ақпанда БК(б)П-ның ұйымдарына жолдаған хатында: «Егер 1927 жылғы қаңтарда біз 428 миллион пұт дәнді астық дайындап үлгерген болсақ, 1928 жылғы қаңтарда дайындалған дәнді астық 300 миллион пұтқа әрең жетті». И.Сталин осы кезеңдегі астық дайындаудағы жетіспеушілік 128 миллион пұт болғанын атап көрсетті [143, 41-б.].

И.Сталин тексеру барысында көптеген кемшіліктердің орын алғандығын көріп, сот орындарына астық дайындау барысын орындай алмаған шаруаларды жауапқа тарту мәселесін тапсырды. Сол сапарында бірталай басшыларды орындарынан алып, партиядан шығарып қайтты. Оның тапсырмасы бойынша, РКФСР Қылмыстық Істер Кодексінің 107-ші, 79-шы, 58-ші баптары бойынша астық дайындауда қасақана бүлдіруші әрекеттер жасағаны және егін науқанын бүлдіргені, сондай-ақ ет өткізу жоспарын орындамағаны үшін шаруалар жаппай жазаланды.

«Еңбекші қазақта» көрсетілгендей, Темір уезінің 80-120 сом салық төлеуге тиісті байлар бар-жоғы 18-20 сом ғана салық төлеген немесе мүлдем төлемеген. Салық комиссиясы кейбір байлардың 20-30 десятина жері барлығына қарамастан, салықтан түрлі жолдармен босатқан. Салықты кеміте төлеген 21 бай анықталып, қамауға алынып, істері Ақтөбеге жіберілді. Дұрыс қызмет жасамағандығы үшін салық комиссиясы мүшелері жауапқа тартылғалы отырғандығын хабарлады [144].

Астық дайындау барысында жіберілген кемшіліктер қатаң тексерістен өтті. «Еңбекші қазақ» газетінде маусым айының алғашқы 5 күнінде Қазақстанда бар-жоғы 1445 пұт қана астық, одан кейінгі 5 күнде 1736 тонна астық дайындалғандығы пайызбен шаққанда 20,1 ғана болатындығы, бұл өте аз көрсеткіш екендігі айтылды [145]. Астық дайындау науқанына ауылды жерлерге арнайы жіберілген өкілдердің арасында тұқым жинау барысында өрескел тәртіпсіздікке жол беретіндігін де газетте ашық жазды. Қостанай округінің Қайыңды болысына жіберілген Жолмағамбет Досқұлұлы қазынаға тұқым жинаудың орнына араққа сатылып, бидай орнына арақты бөтелкелеп жинап отырған [146].

1 қаңтар мен 21 ақпан аралығында азық-түлік ұйымы 74 вагон тұқымдық астықты орталыққа жіберген. Бұл тұқымдардың 46-сы Семей губерниясынан, 17-сі Ақмола губерниясынан, 11 вагоны Қостанай губерниясынан жиналды [147].

1928 ж. наурыз айының басынан бастап газеттер жалпы шаруа шаруашылығын ұжымдастыруда совхоздардың басшы орган бола алатындығы жөнінде мақалалар жариялай бастады. Осы жылдың көктемінде Қазақстанның батыс аймақтарында тағы да жұт нышаны білінді. Оның себебін «Еңбекші қазақта» күздігүні жаңбыр жауып, бар шөпті шірітіп, малға қыстық шөп дайындауға кедергі келтіруінен деп түсіндірді. Газетте жазылған хабар бойынша жұтқа батыс өңірдің Адай, Ойыл аудандары, оңтүстікте Қарқаралы уезі, Алматы, Шалқар, Қазалы уездері, Орда ауданы, Гурьев, Ырғыз, Торғай, Ақмола, Атбасар, Оңтүстік Балқаш аудандарының кейбір елді мекендері ұшыраған. Жұтқа ұшыраған аудандардағы комиссиялардың жұмысындағы кемшіліктер де тізіп көрсетілді. Ол кемшіліктерге елдегі жұт қаупінің еленбеуі, комиссия жоспары дұрыс жасалмай, жұтқа ұшыраған шаруаларға дер кезінде көмек көрсетілмеуі, елдегі пішен-астықтың есепке алынбауы жатқызылды. Жұтаған шаруаларға берілуге тиісті ақша кейбір аудандарда дұрыс пайдаға асырылмай, басқа жұмыстарға ұсталып кетті. Өлкелік партия комитеті жұтқа ұшыраған елді мекендерге шөп-астық алуға жәрдем беру, жұтаған елдің шаруасын көтеру, жер өңдеу жұмыстарын қолға алып, шабындықтарды көбейту, пішен-астық, тұқым қорын жасап, елге шөп мәшинелерін жетістіру сияқты шараларды жүргізу қажет деп шешті. Жұтқа арналған қаржыны орындағанда алдымен елге тұқым жетістіріп, малы өлген шаруаларға жәрдем беруге арнап қор ашу мәселесін де көтерді. Өлкелік жұт комиссиясына жұтқа ұшыраған елдерге жәрдем көрсетуде арнайы нұсқау қабылдау қажеттігі айтылды [148].

Жұт нышаны білінген барлық губернияларға өлкелік комитетке ел жағдайы және жұтпен күресу барысы туралы мәлімет беріп отыру міндетелінді. «Еңбекші қазақта» жарияланған Сырдария губерниясының жұтпен күресу барысы туралы мағлұматта губернияның жұт комиссиясы уездердегі малдардың санын алып, оларға қаншалықты пішен қажеттігін анықтағандығы келтірілді. Қызылорда уезіндегі малға 14 млн. (5 ай қысқа — С.С.) пұт пішен сұралса, ал Сарыағаш маңында малдардың қырылып жатқандығы туралы хабар келіп, тез арада көмек жіберу мәселесі көтерілді.

Үкімет тарапынан губернияға жұтқа ұшыраған шаруаларға көмек ретінде ақша бөліп, жұт комиссиясына беруге нұсқау берілсе де, оның қалай таратылғаны белгісіз болып қалды. Малды аман сақтап қалуда басқа губерниялардан көмек ретінде 70 мыңдай пұт пішен әкелінсе де, дер кезінде таратылмай, мал басының шығындануына алып келді. Газетте көрсетілгендей, шаруа банкі Сырдария облысына көмекке 353 000 сом ақша бөлген. Түрлі кооператив ұйымдары да көмек көрсетіп, 800 мыңдай ақша жинаған. Осындай қомақты қаржы жиналса да губернияның жұт комиссиясы бұл қаражатты жеткіліксіз көріп, ақшаны отырықшы елдерге, теміржол бойындағы жұртқа ғана таратып, мал өсіріп отырған көшпелі қазақ жұрты жәрдемнен құр қалған.

Губерния басшылары халықты алдағы жұттан аман сақтау үшін газет арқылы жыл сайын егіс науқанын өткізген сияқты жұттың алдын алу науқанын өткізіп, губерния ішінде пішен қорын көбейту, құдық қаздырып, жайылымды кеңейту, жайылымды-шабындықта күш жолдарын дұрыс пайдаланып, ағаш жапырағы, қара қаңбақ, жантақ сияқты бұрын ескерусіз жүрген шөптерді жинау, бөлу сияқты бірнеше шараларды жүзеге асыруды ұсынды. Бұл шараларды жүзеге асыруда ел ішінде жұт серік-тіктерін ашу мәселесін де көтерді. Серіктікке шөп шабатын, шөп буатын машиналар алдыру қажеттігі де баса айтылды [149].

Үкімет жұтқа ұшыраған аудандардағы жағдайды жіті тексеруді талап етті. Әр аудандардағы егістік тұқым мөлшерінің анықтау мәселесін комиссия құзырына тапсырды. «Еңбекші қазақта» тексеру барысында Жетісу губерниясында 1927 ж. 192815 десятина сулы, 104790 десятина сусыз егіс барлығы, 297605 десятина жерге астық егілгені, 68 мың пұт тұқым алынғандығы, алайда бұл егіске жетпейтіндігі айтылып, 16 мыңдай асыл тұқым қажеттігі баса көрсетілді [150].

1928 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің 119 санында Ораз Жандосов ауыл кедейлері әлі де болса байлардың ықпалынан шыға алмай отырғандығы мен ескі рушылдықтың басымдылығын айтып, тез арада онымен күрес қажеттігін көтерді. Бұдан кейін де О.Жандосовтың газетке ауылдағы таптар туралы көлемді мақаласы жарияланды. Ол ауылдағы таптарды пролетариат, ауыл кедейі, ұсақ шаруа, дәулетті шаруа, ірі байлар мен ақсүйектер деп бөліп, әрқайсысына түсініктеме берді. Оның көрсетуінше, ауыл кедейі дегеніміз — нағыз жарлы, бір жағынан жалданып, ортаққа жұмыс істейтін, күні үшін шарасыздан үнемі байдың қолына қарап отыра-

тын шаруа болса, ұсақ шаруа қандай да болса кездескен қиыншылықтарға қарамай, өз шаруасын өзі меңгеруге тырысқан, жұттан, індеттен, шаруа жағдайы біресе төмендеп, біресе өз шаруасын толық меңгеруге жақындап жүрген шаруа [151].

Ауыл байлары салық санағынан қашып, малдарын жасырып немесе өз малдарын ауыл кедейлеріне бөліп жазу сияқты қулыққа дейін барды. «Еңбекші қазақ» газетінде осындай жайттар Қарқаралы уезінде орын алғандығын дабыл көтере жазды. 9-шы ауылдың атақты байы Жақып Әкеұлы мал салығын төлеуден қашып, бар малын маңайындағы кедейлерге жазып, үкіметтен 150 қой, 11 жылқы, 6 түйе, 2 сиырын жасырып қалған [152]. Сондай-ақ ауылдық кооперативтерге кедейлер емес, қазақ және орыс байлары мүше болып, шаруалардың жұмыс күшін сатып, пайда көрген [153]. Дегенмен осындай айла-қулықтар дер кезінде әшкереленіп байлардың малдары тәркілеуге алынды. Торғай облысына қарасты Шалқар ауданының ірі байлары Татанов пен Шалабаев тәркіленіп, жер аударылған. Татановтың 682 бас, Шалабаевтың 320 бас малы тәркіленіп, кедейлер мен батырақтарға үлестіріліп берілді [154].

И.В.Сталиннің «Еңбекші қазақ» газетінің тілшісіне «Қазақстанның негізгі байлығы мал, әсіресе қой малы, бірақ Қазақстанда қойдың саны көп болғанымен сапасы кем. Қазақ қойының жүні аз және қатты қылшықты келеді, еті төмен. Қазақ қойының тұқымы асылданса бұл кемшіліктің жойылуы сөзсіз» деп берген сұхбатынан кейін газет қазақ қойының тұқымын асылдандыру қажеттігін көтеріп, бұл жүзеге асырыла қалған жағдайда елдегі ет сапасының жоғарлайтындығын түсіндірді. Ол үшін өлкелік партия комитеті көсемнің ұсынысын дер кезінде іске асыруға кірісулері керектігін көтерді [155].

Үкімет тарапынан тәркілеу туралы қаулы қабылданбай тұрып, газет-журналдарда тәркілеуге кімнің жататыны және тәркілеу барысы қалай жүргізілетіні туралы түсіндірме мақалалар да жарияланды. Тәркілеу барысында асыра сілтемеу, орташалар мен байларды ажырата білу қажеттігі баса көрсетілді. «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған «Асыра сілтемеңдер» деп аталатын мақалада бай мен орташаларды айыра алмасақ, кейін үлкен залал тууы мүмкін деген тұжырым жасалды [156]. Газеттің 9 тамызындағы санында да тәркілеу кезінде бірінші кезекте кімдердің малдары алынатындығы және қалай алынатындығы түсіндірілді.

Кәрім Тоқтабаев «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған мақаласында

Қазақстандағы 75 пайыз шаруашылық малшаруашылығы екендігін, біріншіден, ауылшаруашылығы өнімінің 60 пайызы малшаруашылығынан өнетіндігін, екінші жағынан, малшаруашылығы бүкіл Кеңестер Одағының шаруашылығында маңызды орын алатындығын көрсетті. Ол Қазақстанның ірі қарасы бүкіл Кеңестер Одағы малының 11 пайызын, жылқы 12 пайызын, қой, ешкі 18 пайызын, түйе 90 пайызын құрайтындығын атай келе, малшаруашылығын дамытуға аса көңіл бөлу қажеттігін атап өтті [157].

ОАК-і мен ХКК-сі мерзімді басылымдарда көтерілген бұл ұсыныстарды орынды санады және қаулы қабылдау барысында осы ұсыныстарды есепке алды. 1928 ж. 27 тамызында Қазақстанның Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Е. Ерназаровтың, ХКК-нің төрағасы Н.Нұрмақовтың қол қоюымен «Бай шаруашылығын тәркілеу» туралы заң қабылданып, онда көшпелі аудандардағы 400-ден жоғары, жартылай көшпелі аудандардағы 300-ден жоғары, отырықшы аудандарда 150-тен жоғары бас малдары бар байларды тәркілеу және оларды осы жылдың 1 қарашасына дейін басқа жерлерге жер аудару қажет делінсе, 1928 ж. 30 тамыздағы заң бойынша, жер аударылатындардың қатарына 400 және 300 бас малдары бар байлар, сұлтандар, хан тұқымдарынан, патшаның сыйлығын, медальдарын алған бұрынғы болыстар енгізілді және олардан қандай мөлшерде мал алу және оларды кімдерге бөліп беру мәселесі де айтылды [158, 63-65, 73-б.].

Бұл заң «Еңбекші қазақ» пен «Ауыл тілі» және губерниялық газеттерге де басылды. Осы жылдың 5 қыркүйегінде Орталық Атқару Комитетінің қазақ байларын тәркілеу қажеттігін көтерген «Қазақстанның барлық еңбекшілеріне, барлық ауыл батырақтарына, кедейлері мен орташаларына» үндеуі бірнеше газеттерге жарияланды. Алайда кейбір үкімет пен партия нұсқауларын ауылды жерлердегі саяси сауаты аз, шолақ белсенділер кей жағдайларда өз пайдасына қолдану фактілері де жиі кездесіп отырды. Сондықтан мерзімді басылымдар елге әр заңның қалай орындалу қажеттігін нақты түсіндіруге тырысты. «Ауыл тілі» газеті 27 тамыздағы үндеуді жариялай отырып, осы науқанды атқамінерқулар пайдаланып қалу мүмкіндігін, орташаларды қорқытып-үркітіп, тәркілеуге іліктіремін деп қожан-лоқы көрсететін шолақ белсенділердің де табылатындығын ескерткен. Газетте көрсетілгендей, тәркіленген байлардың ауылшаруашылық құрал-саймандары кедей шаруалардың ұжымдарына, бірлестіктерге тиіс болды [159].

Ірі байларды тәркілеу заңын еңбекшілер мен шаруалар қуана қарсы алды. Газет-журналдарға құттықтап жеделхаттар жіберіп, өз ой-пікірлерін жариялап жатты. Газеттер ірі байларды тәркілеу бұл ауылды жерлерде ескіден келе жатқан рулық-феодалдық құрылысты жояды деп түсіндірмекке талпынды. Алайда тәркілеу жұмысына орыс кулактары үлкен кедергі келтірді. Олар тәркілеуге ілінуге тиісті байлардың малы мен дүние-мүліктерін жасырысып, халық арасында түрлі арандатушы пікірлер тудырып отырған [160, 219-б.].

Тәркілеу және жер аудару жұмыстарын жүргізуге арнайы Орталық комиссия құрылып, оның төрағалығын ОКК-нің төрағасы немесе президиумының бір мүшесі атқаратындығын, округтерде құрылған округтік комиссияларды басқару округтік кеңес комитетінің төрағасына жүктелетіні түсіндірілді.

Газеттің қаулы жарияланған осы санында Елтай Ерназарұлының «Ірі байлардың малын кімге береміз?» деген ОАК-нде жасаған баяндамасы жарияланып, ірі байлардың малдары тәркіленгеннен кейін ел ішіндегі батырақ, кедейлерге, солардың құрған артель, ұжымдарына үлестірілетіндігі айтылды. Ол байдың қол астында жұмыс істеген малай, батырақ, кедейлерге жалақысы ретінде мал берілетіндігін де атап өтеді [161].

Қаулы қабылданысымен мерзімді басылым беттерінде тәркіленуге байланысты айдар ашылды. «Еңбекші қазақ» газетінде «Кәмпескелеу жұмысының міндеті» атты айдар ашылып, жер-жерлерде науқанның қалай жүріп жатқандығы жөнінде мәліметтер беріліп отырды. Еңбекші-шаруалар тәркілеу науқанына жұмыла кірісіп, байлардың жасырған малдары мен мүліктерін іздесуге шақырды.

Газеттерде тәркілеу басталысымен орталықтан қанша уәкілдер жіберілгендігі, оларға тәркілеу жұмысын дұрыс өткізіп, үкіметтің қаулы-қарарын бұлжытпай жүзеге асыру, тәркілеуге кедей шаруа, жалшылармен бірге орташаларды тарту міндеттері жүктелгендігі жазылды.

Тәркілеу жұмысына байланысты жер-жерлерге республиканың орталық партия-кеңес органдарының, округтік ұйымдарының 992 уәкілі жіберіліп, олар қабылданған заңның мәнін халыққа түсіндіруге тиіс болды. Сонымен қатар жергілікті Кеңестердің жанынан арнайы комиссиялар құрылды. Қостанай, Орал, Семей, Гурьев округтерінде тәркілеу ісін өткізуде 4421 мүшесі бар 266 комиссия жұмыс істеген [162].

Қостанай губерниясының партия комитеті мен губаткомының органы болған, жетісіне екі рет шығарылып тұрған «Ауыл» газеті 1928 жылдың күзінен ірі бай-феодалдардың мал-мүлкін тәркілеу науқанының жүргізілуіне байланысты аптасына үш рет шығарылып, ауылға жіберілген өкілдердің қаулыны орындау барысы жөнінде де ақпарлар жариялап тұрды. Ел-елге өкіл жіберу 6 қыркүйектен басталып, содан бері 32 өкіл жіберілген, Шаян ауданына жіберілген өкіл Бектұрганұлы қолғабыс комиссиясын құрып, малдың санын азайтуға, жасыруға тырысқан байларды әшкерелеген [163].

Байларды тәркілеуде кейбір коммунистер тарапынан оларды қолдау фактілері де айқындалды. «Еңбекші қазақта» Қырғызстаннан қашып көшіп келген 6 ірі байдың малдарын тәркілеуге Есқараұлы мен Омарқожаұлы деген коммунистерді жібергендігі, алайда олар байларды жақтап сөйлегендері туралы жазылды [164].

Ірі байлар шаруашылықтарының тәркіленіп, жер аударуларына қарсы болды. Сондықтан малдарын сатып да, жасырып та, сойып та бақты. Аса ірі-байлар тәркілеуге күшті қарсылық жасады. Кей жағдайда шолақ белсенділердің білімсіздігінің арқасында тәркілеуге орташалар да ілігіп кетті. Осындай жайттарды көрген, естіген орташа шаруалар бастапқы кездерде тәркілеу жұмысына кедергі жасады. Негізінде олардың аздап ауытқуына ауыл арасындағы байлардың таратқан лақаптары да себепші болды. Тәркілеуге 696 шаруашылық ілікті. Ірі байлардан тәркіленіп алынған мал-мүліктер қазақ еңбекші шаруаларына, сондай-ақ жаңа құрылған колхоз, совхоздарға бөлініп берілді.

1928 ж. 2-7 желтоқсанда Қызылордада өткен БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің кеңейтілген пленумында тәркілеу қорытындылары шығарылып, осы жылдың 27 тамыздағы қаулысы негізінде ірі байлар мен жартылай феодалдарды жер аудару, олардың өндіріс құрал-жабдықтарын тәркілеу барысының ойдағыдай жүргізілгені атап көрсетілді. Ірі байлардың шаруашылықтарын тәркілеп, оларды жер аудару жөніндегі бүкіл жұмыс, жекеленген оқиғалардан басқасы заңдылық шеңберінде жүргізілді және елеулі шиеленіс туғызбағандығы айтылды [106, 28-30-бб.].

Бұл кеңейтілген пленумда Н.Нұрмақов жасаған баяндамасында «Байларды қалай әлсірету қажет?» деген сауалға жер аудару, олардың малдарын, құрал-жабдықтарын тәркілеу жеткілікті екендігін баса айтқан бола-

тын [165]. Осы пленумнан кейін «Еңбекші қазақ» газетіне Т.Рысқұлов Ф.Голощекиннің байларды тәркілеп, жер аударуға қатысты сөйлеген сөзін сынға алып, «тәркілеудің маңызын дұрыс бағалай білмеді» дегеніне қарсы дау айтқан мақаласы жарияланды. Ол тәркілеуге сын көзбен емес, іс көзбен қарап, тәркілеудің қорытындысын баяндауды мақсат ұстанғандығын, өзінің 700-дей ірі байларды тәркілеу туралы Орталық партия комитетінің шек қоюын да дұрыс деп санап, «кәмпеске байларға мықты шоқпар, алайда байлар негізінен құрып бітпейді» деп айтуы тәркіленетін байлардың саны көбейсін дегеннен еместігін айта келе, тәркілеу уақытында ауылшаруашылық саласының ақсайтындығын растап, байлар тәркілеуге түспес үшін малдарын сойып немесе сатып жіберуден малшаруашылығының құлдырайтындығын кезінде Голощекиннің өзі де айтқандығын келтірді. Сонымен бірге тәркіленген малдарды кедейлерге таратып беріп, оларды бір ұжымға енгізіп, бастарын қосып, шаруашылықты бірлесе істеуге жұмылдыру мәселесін көтергендігін және жер аударылған байлар барған жеріне орнығып, сіңіп кетер ме екен деген мақсатпен айтқандығын да растады [166].

Тәркіленген малдардың есебінен жаңа колхоздар ұйымдастырылды. ОГПУ-дің 1929 ж. 25 шілдедегі Қазақстандағы колхоз құрылысының жағдайы туралы арнайы мәлімдемесінде 1928 ж. 1 қарашасына дейін 2315 орнына 4067 колхоз ұйымдастырылған [167]. 1930 ж. қаңтарының соңына дейін республиканың 60 ауданында 3123 кулак-бай шаруашылығы тәркіленіп, олардың дүние-мүлкінің көпшілік бөлігі колхоздарға берілді [14, 207-б.].

Гурьев округінде тәркіленген 24 ірі бай шаруашылығының орнына 342 кедей мен батырақ шаруашылығын біріктірген 24 ірі колхоз ұйымдастырылды. Алайда тәркілеуді іске асыруда жүргізілген зорлық, қысымды естіген байлар бүтін ауылдарымен үдере қашып, көрші елдерге өтіп кетті. Мысалы, тәкілеу ісінің жақындағандығын естіген Семей округі, Мақаншы ауданының Молдабеков, Бесеяев, Дүйсембаев, Қапаров, Бекбосынов, Оқпаев сияқты байлары шаруаларды өздерімен бірге Қытайға көшіп кетуге үгітесе, Қарағаш елдімекенінен Шоламбаев деген ірі бай мал-мүлкімен Қытай асып кеткен [168].

Елімізде индустрияландыру ауылшаруашылығы өндірісін қайта құрудың материалдық-техникалық базасын жасады. Өнеркәсіп ұжымдасқан ауылшаруашылығын мәшине және құрал-саймандармен жабдықта-

ды. Қазақстанда астық тазарту пункттері, құрал-саймандар мен мәшинелер прокаты жөніндегі пункттер кең тарады. Шаруаларды өндіріс құрал-саймандарымен жабдықтау бағытында қаланың ауылмен байланысын нығайта отырып, партия мен мемлекет шаруалар шаруашылықтарын қоғамдастыру үшін басқа қажетті жағдайларды әзірлей берді.

Жаппай ұжымдастыру үшін жағдай әзірлеуде совхоздар мен ескі колхоздардың, ауылшаруашылық кооперациясының ерекше маңызы болды. Несие беру, өнімді өткізу және жабдықтау ісін ұйымдастырумен бірге, ауылшаруашылық кооперациясы бірден-бірге өндірістік саланы да кеңінен қамтыды. Ауылшаруашылық кооперациясының ауылшаруашылық несие серіктігі, ауылшаруашылық серіктігі, арнаулы серіктіктер болды.

1929 жылдан бастап колхоз құрлысында жаңа кезең басталды. Колхозға жеке-жеке топ емес, ауыл, аудан болып, тіпті оған орташалар да мүше болып кіре бастады. Алайда колхоз құрылысын ұжымдастыруда көптеген кемшіліктер кедергі келтірді. Оның кемшілігін ғалым А.Б.Тұрсынбаев 1988 ж. 28-29 қарашасында Алматыда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған халықаралық конференциясында сөйлеген сөзінде нақтылап берді. Оған себеп материалды-техникалық базаның жоқтығы деген болатын [169, 73-б.]. Шындығында да ұжымдастыруға Қазақстанның әлі дайын емесігі мерзімді басылымдарда ашық жазылды.

«Жаршы» журналына жарияланған мақаласында Қ.Ысқақұлының Қазақстанда колхоздастыру жұмысы үлкен қарқынмен жүргізіліп, 1927 ж. совхоз-колхоздарға үкімет тарапынан 35 млн. астық, 1929 ж. 130 млн. пұт астық бергендігін айта отырып, колхоздастыру мәселесі жалғыз ұйымдастырумен бітпейтіндігін, құрылған колхоздардың жұмысын жандандыру керектігін ұсынды [170, 3-б.].

Мерзімді басылымдардан мемлекет тарапынан колхоздарға жәрдем берілетіндігін оқып білген кедей шаруалар өз ықтиярларымен колхоздарға кіре бастады. «Еңбекші қазақта» 1929 ж. мемлекет тарапынан ауылшаруашылығына деп 90 млн. пұт астық пен 207 млн. сомға техника мен саймандар берілетіндігін хабарлай отырып, бұл ауыл шаруаларының колхозға кіруге деген ынтасын көтеретіндігін көрсетті. Сондай-ақ газет көшпелі аудандардың кедей шаруаларын қоныстандыруға шақырған мақалалар да жариялап отырды.

Жапай ұжымдасу ең алдымен республиканың астықты аудандарында, әсіресе солтүстік-шығыс бөлігінде өрістеді. Астықты аудандарға трактор, мәшинелер жіберіліп, несиелер бөлінді. Мамандар жіберіліп, МТС-тер құрыла бастады. Мәшине-саймандарды жалға алатын пункттер мен машина-трактор станцияларының құрылуы және колхоз-совхоздарды ұйымдастырудың үлкен маңызы болды. МТС-тар мен колхоз-совхоз жұмысындағы қиыншылықтар мен жетістіктері туралы ақпараттар газет-журналдарға арнайы түрде жарияланды.

Республиканың мақталы аймақтарында да ұжымдастыру қарқынмен жүрді. 1929 жылғы БК(б)П Орталық Комитетінің қараша пленумының ауылшаруашылығын социалистік жолмен қайта құруда жұмысшы табының басшылығын қолдану мәселесінен кейін 25 мың таңдаулы өкілдер деревняларға жіберілді. Қазақстанға 1204 ауылшаруашылық маман кадрлары келді. Олардың көпшілігі Москва, Ленинград, Орехово-Зуева, Одесса, Донбастың жұмысшылары еді. Мерзімді баспасөзде бұл жиырма бес мыңшылардан келген өкілдер туралы қуана жазып, бұл көмек Қазақстанның шаруашылығын көтеруін тездетеді делінді.

Ұжымдастыру барысында асыра сілтеушіліктерге де жол берілді. Мал бағатын көшпелі аудандардағы шаруаларды көп ретте күшпен колхозға мүше болуға көндіру әдістері қолданылды. Одан бас тартқандар кеңес үкіметіне қарсы шығушылар ретінде айыпталып аттары газеттерге жариялау арқылы әшкереленді. Мал-мүлкінен ажырап қалудан қорыққан шаруалар колхозға мүше болуға асықпады. «Еңбекші қазақ» республиканың кейбір округтерінде колхоздастыру жұмысы шабану жүргізіліп жатқандығын қынжыла хабарлаған. Жалпы 1929 ж. қазанына дейін республикада 87,9 мың шаруашылықты біріктірген 4959 колхоздар болған [171, 520-б.].

Еліміздегі түрлі аудандардағы жағдайлардың әр қилылығын ескере отырып, партияның Орталық Комитеті 1930 ж. 5 қаңтарда қабылдаған «Ұжымдастырудың қарқыны және колхоз құрылысына мемлекеттік көмек беру шаралары туралы» қаулысында еліміздің түрлі аудандарында ұжымдастырудың белгілі бір дәйектілікпен жүргізу тәртібін және оны аяқтаудың мерзімдерін белгіледі. Барлық округтерде жаппай ұжымдастыру ісіне байланысты жиналыс, конференция, пленумдар өткізіліп, онда кездескен қиыншылықтармен күресу жолдары қарастырылды.

1930 жылдың алғашқы айларынан Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі халқы үкімет заңы бойынша жоспарлы түрде қоныстану үрдісін бастады. Осы жылдың 19 ақпанында Қазақ АКСР ОАК-і мен ХКК-і колхоз құрылысын өрістету және бай-кулақтарға қарсы күресу туралы қаулы қабылдап, мал-мүлкі тәркіленген байларды жер аудару мәселесін округтік атқару комитеттеріне берді.

1930 ж. қаңтар-ақпан айларында үкімет тарапынан жасалған зорлық-зомбылыққа қарсы бой көрсетулер белең бере бастады. Осы жағдайға байланысты ақпан айында Орталық Комитет колхоздасу ісіндегі асығып-аптығушылықты тыю, жаппай ұжымдастыру әлі бастала қоймаған жерлерде кулақты жою шараларын тоқтату, ұлт аудандарының ерекшеліктерімен есептесу туралы нұсқау таратты. Осы жылы БК(б)П ОК-і ұжымдастырудағы бұрмалаушылықтарды сынаған бірнеше құжаттар қабылдауға мәжбүр болды.

1930 ж. 30 мамыры мен 6 маусым аралығында болған БКП(б) Қазақстан өлкелік VII партия конференциясында колхоз құрлысы және оны нығайту шаралары қарастырылды. Конференция ауылшаруашылығын ұжымдастырудың алғашқы қорытындыларын шығарып, партияның колхоз құрылысы жөніндегі саясатын бұрмалауды табандылықпен түзету, орташаға жанашырлықпен қарап, көшпелі және жартылай көшпелі ауылдағы жұмыстың ерекшелігін ескеру, шөптің шықпай қалуы және малды жаппай қырып сою жөніндегі бай-кулақтардың арандату әрекеттерінің салдарынан пайда болған малшаруашылығын дамытудағы елеулі қиыншылықтарды жою қажеттігін көрсетіп берді. Сонымен қатар конференция өлкенің партия ұйымдарына бай, кулақтарға, ауылдағы ескі патриархалды-феодалдық қалдықтарға қарсы шабуыл жасауға шақырды [106, 65-66-бб.].

1931 ж. 3 шілдеде КСР Одағы ОАК-і Президиумының қаулысы бойынша, сайлау құқығынан айырылып, шет жаққа жер аударылған кулақтарды егер бес жыл мерзім ішінде Кеңес өкіметіне және ауылшаруашылығына қарсы келмейтін болса, өздерін адал еңбекшілер ретінде көрсете білсе, сайлау құқығын қалпына келтіру турасында шешім шығарды [8, 289-б.].

1930 жылғы «Еңбекші қазақ» газетінің 282 санында Т.Рысқұлов мақаласында XVI партия съезінде көтерілген малшаруашылығын өркендетуді қолға алу қажеттігін баса айтты. Ол мал өсіру мәселесіне

көшпелі және шала көшпелі аудандарды қатыстырмай шешуге болмайтындығын, малшаруашылығының экономика саласында аса маңызды орын алатынын атады.

Т.Рысқұлов Аргентина, Австралия сияқты елдердің малдан көп пайда көріп отырғандығын мысалдар арқылы көрсетті. Осы елдер сияқты малдың етінен, жүнінен, терісінен қыруар пайда көруге болатындығын, ол үшін малды күйлі болуына лайықты шараларды жүргізу керектігін көтерді. Атап айтқанда, шөбі шұрайлы жайылымдықтарды қолданып, қысқы азығын әзірлеу, егер жайылыс жерлер жоқ болса, онда шошқа сықылдыларға арнайы жайылыс жасау керектігін ұсынды [172].

1931 ж. 2 тамызда БК(б)П ОК-нің ұжымдастыруды одан әрі қарқындату және колхоздарды нығайту міндеттері турасында қаулы қабылданып, КСРО-ның астықты, мақталы, қызылшалы аудандарының қатарындағы Қазақстанда да колхоздардың қатарына шаруа шаруашылығын көптеп тарту арқылы 1932 ж. ұжымдастыруды толықтай аяқтау мәселесін қойса, 1932 ж. колхоздарды нығайтуда артельдік түрді дамыта күшейту, ол үшін колхозда бірнеше еңбек бригадаларын құруды қолға алу қажеттігі айтылды. Еңбек бригадаларын құрғаннан кейін оларды техникамен қамтамасыз ете, басшы бригадирлер сайлау, бригадалар арасында социалистік жарыс ұйымдастыру аса қажет деп санады [8, 290-293-б.].

«Әйел теңдігі» журналына жарияланған Жанәлі Барқыұлының мақаласында, колхоздастыру барысында бай-кулактарды тап ретінде жою жұмысы қарқынмен жүргізіліп отырғандығы, бұл жұмыстың тарихи мәнінің зорлығы айтылып, бай-кулакты жоюмен колхоз-совхоз шаруашылығын нығайта отырып, ауыл-қыстақта бұрынғыша бай мен кедейді туғызатын ұсақ меншік шаруашылықтың жойылғандығын үлкен жұмыс санады. Ол 1932 ж. Қазақстанда барлығы 5 ½ млн гектар егіс егілетіндігін, мұның 4 млн 731 мың гектарын колхоздар, 247 гектарын колхоздарға ұйымдаса қоймаған жеке шаруашылықтар, ал қалғанын совхоздар егетіндігін, колхоз жұмысы күннен-күнге алға басып, халықтың әлеуметтік жағынан өрлеуіне барлық жағдай жасап отырғандығын хабарлады [173, 2-б.]. Осы журналдағы Нұғыман Манайұлының мақаласында кеңес-колхоз саудасын күшейтудің себептері түсіндіріліп, колхоз саудасына кедергі келтіріп отырған «солшыл» топтарға нақтырақ

тоқталынды. «Солшылдар» қазіргі дәуірде кеңес саудасын тіпті керек қылмайды. Оларша қандай да болса сауданы жойып (өйткені оларша «сауда», «ақша» капиталдық шаруаның әдісі), тікeden-тіке тауар айырбасын жүргізіп, керексіз қарызға социализм дәуіріне аяқ басты» деген тұжырым ұстанып отырғандығын келтірді [174, 5-6.].

1932 ж. «Социалды Қазақстан» газетіне көктемдегі егіс қорытындысы жарияланып, Одақтағы егіс жұмыстарына байланысты жүргізілген міндеттері мен астық, пішен науқанын дайындау барысы, астық науқанында жеке шаруаның алатын орны, астық аппараты туралы жағдайлар қарастырылды. Газеттің келесі санында Оңтүстік Қазақстан облыстарында егіс оруға дайындық барысында жіберілген кемшіліктер айтылып, тез арада оларды жою сөз болды. Меркі ауданында колхоздар астық ору техникасын (молатилка, лаварейка) жөндеу жұмыстары бітпеген. Аудандық колхоз одағының нұсқаушылары бұл жұмыстарды басқара алмай отырғандығы, Ленгір ауданының жер бөлімі осы күнге дейін егін ору науқанының жоспарын қайта-қайта «жөндеумен» уақыттарын босқа өткізіп алғандықтары сынға алынды [175].

Ірі байларды тәркілеу, ұжымдастыру үрдістерінен кейін қолға алынған колхоздастыру, совхоздастыру жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктері болды. Тәркіленген байларды колхоз ісіне қатыстырмау, оларды шеттету, колхоз құрлысына зиян келтірушілерге қарсы күрес жүргізу ісі жалғаса берді. Бай-кулактан тазарту жұмысына БК(б)П ОК-нің МТС-тердің бөлімдеріне саяси жұмыс жүргізу үшін жіберген партия қызметкерлері бұл істі өз қолдарына алып, белсене кірісті. Ауылшаруашылығын ұжымдастыру барысындағы ірі кемшіліктердің шығуына бірден-бір себепші болған адам Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И.Голощекин мен оның командасы екендігін сол кездің өзінде-ақ белгілі еді. «Ұлы көсем» атанған Сталиннің әдісімен Қазақстанда социализм құрылысын түпкілікті орнатпақ болған басшы ұжымдастыруда күштеу, қорқыту әдісін қолданды. Нәтижесінде ел аштыққа ұшырады, шаруалар көтеріліске шықты.

Голощекиннің елді кеңестендіру теориясы социализмнің маңызды бір шарты ретінде бағаланып, қазақтың кейбір үкімет басындағы қайраткерлері қолдап, оған тез арада құлшына кірісуге әзір екендіктерін білдірді және оған кірісті де. Голощекин бас болған ұжымдастыру мен тәркілеу саясаты аса қатерлі болды. Қазақ халқының эволюциялық даму үрдісіне кедергі

келтіре отырып, оған қарсы шыққан ұлтжанды қайраткерлердің арасына іріткі салды, бір-біріне айдап салып, өшпенділік туғызды. Оның аяғы 1931-33 жж. ашаршылықпен ұласты. Көріп отырғанымыздай, халықтың күрделі өзгерістерге мүлдем дайындығының жоқтығына қарамай, өлкелік партия мен үкімет заң орындарының қолдауы нәтижесінде шаруаларды отырықшылыққа көшіруде күш қолдануға ашық бағыт алды. Мұның өзі шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтерілістеріне әкеліп соқтырды.

Газет-журналдар ауылшаруашылығы барысы, тәркілеу мен ұжымдастыру ісінің барынша өріс алуы, ұжымдастырудың әдістері мен жолдары, бұрынғы бай-кулак тап өкілдерінің қарсылық барысы мен оларға қарсы жүргізілген іс-шаралар, колхоз, совхозға тарту, көшпелі аудандарды отырықшылыққа айналдыру, жерге қоныстандыру, мәшине-трактор станцияларын құру барысы кеңес идеологиясымен берік қаруланған партия басшылығымен жүзеге асырылып жатқандығын ашық жазды.

4-ТАРАУ. РЕСПУБЛИКАДАҒЫ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫСТЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ ҚЫЗМЕТІ

4.1 Халық ағарту ісіндегі өзгерістер

Азамат соғысынан кейін қазақ өлкесінде мәдени-ағарту саласы аса ауыр жағдайда болды. Оның басты себебі — халықтың жаппай сауатсыздығы еді. 20-30-жж. халық ағарту саласында сауатсыздықпен күресу мәселесі қолға алына бастады. Барлық облыстар мен уездерде, болыстарда жергілікті Кеңестердің жанынан халық ағарту бөлімдері құрылып, бұл бөлімдер халықты сауаттандыру және бұқараны мәдени жағынан көтеруге бар күшін салды.

1919 ж. 26 қаңтарда В.И.Ленин халықтар арасында сауатсыздықты жою туралы декретке қол қойып, республикалардың 8-бен 50 жас аралығындағы оқи, жаза білмейтін барлық азаматтары ана тілінде немесе қалауынша орыс тілінде сауатын ашуға еріктілігі айтылды [1, 118-б.]. Осы декреттен кейін 1920 жылдың маусымында сауатсыздықты жою жөнінде бүкілресейлік төтенше комиссия құрылды. Қазақстанда да осындай комиссия құрылып, сауатсыздықты жою ісіне белсене кірісіп кетті. Алайда 1921 жылғы қуаңшылық пен ашаршылық төтенше комиссия мен оқу-ағарту ісінің ақсауына алып келді. Үкімет ашаршылық пен жұттан құтылу жолында халық ағарту саласынына арналған қаржыны қысқартты. Оның үстіне егін шықпай қалған губернияларда сауатсыздықты жою жұмысы мүлдем тоқтап қалды десе де болады.

Халық ағарту саласына қазақ зиялыларын тарту Кеңес өкіметінің екпінді мәселелерінің біріне айналды. 1920 ж. Халық ағарту қызметкерлерінің съезі өткізіліп, Ахмет Байтұрсынов ағарту саласының нақты міндеттерін атап, оны іске асыру тетіктерін нақтылап берді. А.Байтұрсынов алдымен мұғалім мамандарын даярлау қажеттігін баса айтып, оның екі жолын көрсетті. Бірі қысқа курстар арқылы ауыл мұғалімдерін дайындау, екіншісі педагогикалық арнаулы оқу орындарын ашып, ондағы оқу жүйесін күшейту болды. Сондай-ақ сауатты қазақ азаматтарын ағарту жұмысына тартып, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру керектігін айтты.

1920 жылы Түркістан Автономиялы Республикасының Орталық Атқару Комитеті жанынан Қазақ (қырғыз) бөлімі ашылып, оның мү-

шелігіне Нәзір Төреқұлов, Георгий Сафаров, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфендияров, хатшылығына Халел Досмұхамедов пен Махмұд Бұдайовтар сайланды. Тамыз айының 21-де Халық Ағарту Комиссариатының кеңейтілген мәжілісінде өлкенің рухани мәдениетін өркендету мақсатымен Білім комиссиясы құрылып, оның қазақ-қырғыз бөлімінің төрағалығына И.Тоқтыбаев, мүшелігіне Х.Досмұхамедов, Ходжиков, Көшербайұлы сайланып, осы құрам белсене іске кірісті.

1920 ж. өткен көпшілік жиналыстары мен митингілерде оқу-білімнің қажеттігі жөнінде мәселелер көтеріле бастады. Осы жылдың 1 қарашасында Орынборда Свердлов клубында С.Сәдуақасовтың қатысуымен қазақ жастарының арасында өткен митингіде оқу жайының аса маңыздылығы айтылып, жастарды сауатсыздықпен күресуге, оқу-білім алуға шақырды [2].

1920 ж. күзінде Алматыда үш айлық мұғалімдер курсы ашылып, оған Бәліл Сүлеев меңгеруші болды. Бұл курста Фатима Ғабитова, Шамғали Сарыбаев, Хажым Басымұлы сияқты ұстаздар дәріс берді. Курс ұжымы бірлесе отырып, жергілікті жерлердегі бастауыш еңбек мектептеріне мұғалімдер даярлайтын облыстық тәлім-тәрбие мектептерін ашты. Алғашында мұнда 50 адам оқыды. Келесі жылы мектептің ұстаздарының қатары көбейіп, оқу-тәрбие жұмыстары біршама жөнге қойылды. 1923 ж. бұл мектеп облыстық қазақ-қырғыз оқу институтына айналып, ондағы оқушылардың саны 400-ге жетті [3, 72-б.].

Елдегі ауыр жағдайларға қарамастан ағарту саласын жөнге қою партия жиналыстарында батыл түрде көтеріле бастады. 1921 ж. 11-18 маусымда Орынборда өткен РК(б)П Қазақстан облыстық бірінші конференциясы елдегі мәдениетті көтеру үшін алты түрлі міндетті шешу қажеттігін айқындап берді. Конференция саяси-ағарту жұмыстарын жүргізіп, халықтың сауатсыздығын жою, ол үшін мектептер мен оқу орындарына арналған оқулықтар мен саяси әдебиеттерді шығаруды қолға алудың аса маңыздылығын айқындады. Осы конференция өтісімен үкімет партия комитеттеріне бірінші кезекте газеттерде оқу-ағартуға арналған арнайы айдар ашып, үгіт-насихат ісін ұйымдастыруды қолға алуды жүктеді [4, 32-33-бб.]. Қабылданған қарарға орай 1921 ж. 26 маусымында Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті 16 мен 50 жастың аралығындағы сауатты адамдардың бәрін сауатсыздықты жою жұмысына тарту турасын-

да қаулы қабылдады [5, 497-498-бб.]. Бұл қаулыдан кейін сауатсыздықты жою науқанына комсомол, студенттер мен жоғарғы класс оқушылары татылды. Сауатсыздықты жою ісіне Кеңестердің Бүкілресейлік X съезінен кейін ерекше көңіл қойылды. Жоғарыдағы қаулыларға сәйкес жер-жерлерде «Жойылсын сауатсыздық» ұйымның бөлімшелері ашылды.

М.Әуезов «Қазақ тілі» газетіне жариялаған мақаласында жаңа бағыт, жаңа құрылысқа бет алған елге аса қажетті оқу ісі, отырықшылыққа көшу, қолөнер кәсібін меңгеру сияқты мәселелерді айта келе, Семей губерниясында оқу бөлімі 1921 ж. 300-ден аса мектептер салу жайын көтеріп отырғандығын, бұған губернияның еңбек комитеті тиісті көмегін беріп, салынатын әр мектепке 50 кісіден жұмысшы мен қажетті материалдарды беруді қолға алғандығын көрсетті [6].

М.Әуезов өзі 1920 жылдың күзінде Семей губерниялық саяси ағарту бөлімінің Жаңасемей қаласындағы кітапханасы жанынан қазақ жастарының тұңғыш «Ес аймақ» атанған ағарту қоғамын құрды.

Қазақ мерзімді баспасөзі сауатсыздықпен күресу науқанын насихаттаушы бірден-бір ақпарат құралы болды. Газет-журналдар еңбекшілердің білімге деген ынта-ықыласын күшейту ісіне белсене атсалысты. «Еңбекші қазақ», «Қазақ тілі», «Ақ жол», «Бостандық туы», «Жұмыскер тілі», «Қызыл Қазақстан», «Лениншіл жас», «Жас қайрат» сияқты газет-журналдар сауатсыздықты жою туралы арнайы айдар (рубрика) ашты. «Еңбекші қазақ» газеті «Ішкі хабарлар» айдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілу барысы туралы хабарлар жариялап отырды. Сондай-ақ оқу-ағарту ісіне байланысты шыққан бұйрық-жарлықтарды, съезд, конференция, пленумдарда қабылданған қарарлардың маңыздылығын түсіндірген мақалаларға да орын берді. Сауатсыздықты жою жолындағы үгіт пен насихат аптасы өткізілді. Газет-журналдар сауатсыздықпен күресті нағыз халықтық қозғалысқа айналдырды.

«Қызыл Қазақстан» журналының «Саясат», «Оқу-білім» атты бөлімдерінде сауатсыздықты жою мәселесіне қатысты партия ұйымдарының жүргізіп отырған іс-шаралары жөнінде мақалалар және осыған қатысты түрлі ұсыныстар жарияланып отырса, жастардың «Жас қайрат» журналы да арнайы құрылған «Ағарту бөлімінде» оқу жүйесіне жастарды тарту керектігін қозғап, қазақ жастарын сауқой жұмысына қатысуға белсене шақырды. Сонымен қатар журналдың «Тарих және саяси

бөлім», «Мектеп ісі», «Өнер, білім бөлімі», «Әдебиет бөлімі» деген арнайы айдарлары оқу үрдісінде басты кемшіліктер мен жетістіктер барысын оқырмандарына хабардар етті.

Ғалымдар Р. Сүлейменов пен Х. Бисеновтың көрсетуінше, 1920/21 оқу жылында Қазақстанда 72 232 адамды қамтыған 2412 сауужой пункттері жұмыс істеген [7, 83-б.].

Қазақ мерзімді баспасөзі алдына оқудың маңыздылығын түсіндіретін мақалаларды жариялауды бірінші кезекке қойды. «Қазақ тілі» газеті «Ел оқыса, пікір көзі ашылады, пікір көзі ашылса, патшаның істеп отырған жауыздығын көреді, жауыздықты көрсе, біреудің қамын істейді», — деп жазуы қазақ халқының жаңа өмірге ұмтылуда оқудың аса қажеттігін жете түсінсе деген ниетке итермелеуінен еді [8].

Саужой жұмысы барысында үлкен қиыншылықтар да кездесті. Атап айтқанда, мамандар жетіспеді. Барлары материалдық жағынан қиындықтар көрді. Оқытуға қажетті қағаз, оқулық, жазу құралдары (қалам, қарындаш) тапшылық етті. Сол себептерден 1921 ж. оқушылардың ата-анасына салық салу тәртібі енгізілді. Негізінде бұл салық ауқатты отбасына салынды. Бұдан кейін келесі жылы 12 сәуірде болған РК(б)П Қазақстан облыстық комитетінің пленумында сауатсыздықты жою қаралып, Саяси ағарту бас басқармасына Ағарту халық комиссариатының мектеп бөлімімен неғұрлым тығыз байланыс жасай отырып, өлкелік, губерниялық мектептерді қаржыландыру материалдық жағынан жабдықтауды міндеттеді [9].

1921 ж. маусым конференциясында қабылданған міндеттерге орай оқу пункттерін ашу, маман мұғалімдер даярлау ісі қолға алынды. Губерниялық, аудандық мектептердегі оқу жүйесін Халық-ағарту комиссариаты бөлімдері қатал бақылауға алып, сауатсыздықты жоюдағы нәтижелер баспасөз арқылы жарияланып отыруға міндеттенді. М.Әуезов «Қазақ тілі» газетіне жазған мақаласында Семей губерниясында оқу-ағарту, мектеп саласындағы орын алып отырған кемшіліктерге, атап айтқанда, селқостық пен енжарлыққа кейіс білдіре отырып, осы салаларға аса көңіл бөлу қажеттігін көтереді [10].

Оқу-ағарту саласының жаңа экономикалық саясат тұсында төмендеп кетуін Ә.Байділдин «Қызыл Қазақстан» журналына жариялаған мақаласында айқын жазып, оны көтерудің жолдарын ұсынды. Ол бұрынғы мектеп, мәдени-ағарту орындарын жаңаша түрде құрып, жаңа ұрпақты

тәрбиелеуге кадрларды даярлауда түрлі шаралар жүргізу, пайдалы баяндамалар жасап, лекциялар оқу, елдің жағдайымен таныстыруды тиімді санады [11, 22-б.].

«Еңбекшіл қазақ» газетіне жарияланған Таутан Арыстанбековтың «Жалпы Россия советтерінің X жиылысы һәм оқу жұмысы» деп аталатын мақаласы X съезде қаралған сауатсыздықты жоюды түсіндіруге арналды. Автор осы съезге дейін оқу-ағарту ісінің ақсауының, дұрыс жолға қойылмауының себебі үкімет тарапынан оқу жұмысына салқын көзбен қарау, бұл жұмыстың керектігі шамалы деп тапқаннан емес, ішкі және сыртқы жаулармен күрес жүргізу, 1921 жылғы ашаршылықтың кедергі келтіруінен деп көрсетті. Ол X съезде оқу ісінде міндеттелген қарарды халыққа талдай түсіндіруге тырысты. Осы міндеттер толықтай орындалуы тиістігін атады. Оның түсіндіруінше, губерниялық, аймақтық атқару комитеттері бастауыш мектептерді жеткілікті мөлшерде ашу, оларды халықтан жиналған салықтармен қаржыландыруға, мектептерге арнап жер кесіп беруге, жұмыскер-кедейлердің балалары ақысыз оқуға, мектептердің барлығы үкіметтің қолына қарауға, маман оқытушылар даярлауға тиіс. Сондай-ақ бұрынғы замандағыдай әркімнің өз бетінше мектептер ашып, бала оқытуына тыйым салу керектігін де және оқытушы-мұғалімдердің жалақыларын өсіру қажеттігін де көтереді. Бұл айтылған міндеттер жергілікті мекемелердің мойнындағы парыз екендігін ескертеді [12]. «Қазақ тілі» газетіне қосымша ретінде шыққан «Еңбекшіл қазақ» газетінде жеке адамдарға мектеп ашқызыбау қажеттігін қолдаған мақалалар басылды. Семей губерниясының атқару комитеті жеке адамдардың мектеп ашып, бала оқыта бастағанына қарсылық білдіріп, тыйым салған бұйрықтар шығарған [13].

Сауатсыздықты жою бүкілхалықтық қозғалысқа айналды. 1923 ж. 14 тамызында БОАК пен ХКК-нің сауатсыздықты жою туралы декреті қабылданып, Қазан төңкерісінің 10 жылдық тойына дейін ересектер арасындағы (35 жасқа дейінгі — С.С.) хат танымаушылықты жоюды міндеттеді. Осы жылдан бастап мектептер саны көбейе түсті. Қазақстанның губерниялық бюджеті тапшы болғандықтан, бірсыпыра орта мектептер мен мәдениет мектептерін жергілікті бюджеттен мемлекеттік бюджетке көшіруге рұқсат етілді. «Еңбекші қазақ» газетінде Қазақстан үкіметінің 1922-23 жылғы қаржысында Оқу комиссариатына 230 млн. 900 мың ақша бөлініп, оның 115 млн-ы ағарту қызметкерлерінің, мұғалімдердің

жалақысына, 26 млн-ы кітап бастыруға, 31 млн-ы оқу-ағарту үйлеріне (мектеп, мұғалімдер даярлайтын оқу орындарының үйлері, ағарту салаларының мекемелері және т.б.), қалғандары шәкірттерге шәкірақы беруге, оқу-оқыту ісіне, ғылыми жұмыстарға, халықты ағарту мақсатымен істелген түрлі жұмыстарға, мекемелердің шаруашылық ісіне және кеңсе шығынына бөлінгендігі жөнінде мәлімет басылды [14].

Үкімет қаулы-қарарларына қарамастан әрі оқу комитеттеріндегі бақылаудың әлсіздігінен әлі де болса мектептерді ашу ісінде олқылықтар орын алды. «Қазақ тілі» газетінде Зайсан уезінде екі-үш жылдан бері шабан-шалағай мұғалімді, он екіде бір нұсқасы жоқ қазақ мектептері болғандығын, алайда оларға да жабылу қаупі төніп тұрғандығы айтылып, уездік оқу бөлімінен тез арада іс шара қолдануды сұраса [15], А.Асылбековтың «Семей жайынан» деген мақаласында Семей облысында оқу жұмысының нашарлығы айтылып, ашылған сауатсыздықты жою мектептерінде оқытушылардың жоқтығы мысалға келтірілді [16]. М.Әуезов оқу ісінің ақсауының себебін оқу бөлімдеріндегі білгір азаматтардың шығып кетуінен деп көрсеткен [6]. Расында да, Семей губерниясында большевиктердің ықпалы күшейіп, ағарту саласындағы қызметтегі бұрынғы алаш қайраткерлері үкімет билігінен шеттеле бастаған еді. «Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтар контрреволюциялық ұйым ашып, үкіметке қарсы әрекет етті» деген желеумен абақтыға жабылып, алайда дәлелді айғақ табылмағаннан кейін босатылған болатын.

Елдегі экономикалық қиындыққа қарамастан, 20-жылдардың басында көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда интернат-мектептер мен коммуна-мектептер біртіндеп көбейе түсті. Коммуна-мектептер қазақ кедейлерінің балаларына білім беруді мақсат етті. Коммунаның барлық өмірін тәрбиешілердің жәрдемімен балалардың өздері басқарды. Сыныптарда өтетін сабақтың үстіне оқушылар қосымша шаруашылықта жұмыс істеді. Сонымен бірге түрліше үйірмелерге — табиғат әуесқойларының үйірмесіне, драма, хор, спорт, тағы басқа үйірмелерге қатысты.

Коммуна-мектептер сол маңайдағы мектеп оқушылары үшін оқу-әдістеме орталығы, сондай-ақ ауыл еңбекшілері арасында мәдени-ағарту ісін жүргізуге маңызды тірек еді. Осындай мектептердің бірі 1921 ж. Орынборда «Аймақтық балалар үйі» коммунасы атымен ашылған. Бұл коммунаның тұрмыс-тіршілігі жөнінде «Еңбекшіл қазақ» газетіне жарияланған Аманғали Сегізбаевтың (мақаланы «Жөнеу» деген

бүркеніш атпен жариялаған) мақаласында коммунаның 1922 ж. 31 желтоқсанында «1-ші аймақтық қазақ балаларының коммунасы» болып өзгертіліп, қайтадан ашылғандығы, оны ашу құрметіне Орынбордағы Қазақстан партия комитетінен, Орталық Атқару комитетінен, азық-түлік, ағарту мекемелерінен өкілдер шақырылғандығы, ата-анасы жоқ, жетім балаларға арналған коммунаның алдағы өмір сүруіне жағдайының бар-жоғы қарастырылғаны айтылып, коммунаның осы уақытқа дейінгі тіршілігіне сараптама жасалды.

Коммунада оқитын балалардың тұрар жайы, оқитын орындары тексеріліп, осы коммунаны ашуға бар күшін салған Мұхтар Саматовтың еңбегіне баға берілді. Осы мақала соңында редакция басқарманың «Аймақтық қазақ балаларының коммунасын» бостандық жолында құрбан болған Шаймардан Әлжановтың атын берсе деген ұсынысы қоса жарияланды [17].

Коммуна-мектептер қазақ мектебінің бұғанасы бекіп, ілгері дамуында үлкен рөл атқарды. Кейін бұлардың көбі шаруа жастарының мектебіне, қаладағы мектептер қалыпты жеті жылдық еңбек мектептеріне немесе орта мектептерге айналды. Сауат ашу мектебі, коммуна мектептердің көбейгенімен, оның оқу үрдісінде әлі де болса қиыншылықтар көптеп кездесті. Бұл оқу кітаптарына және оқу-әдістемелік құралдарға байланысты еді. «Жас қайрат» журналы оқу ісінде жарамсыз әдеттердің әлі де орын алғандығын, қазақ мектептердің бастауыш сыныптары орыс балаларына арнап жазылған оқулықты қолданып отырғандығын, бұл қазақ балаларына жарамайтындығын ашық жазып, ол үшін, біріншіден, қазақ оқулықтарын шығаруды қолға алу, екіншіден, орыс мұғалімдерін көбейту сияқты ұсыныстар түсірді.

Қазақ зиялыларығалымдармен бірлесіп, Оқу Халық комиссариатының органдары оқу бағдарламаларын, әдістемелік материалдар және басқа құралдар шығару ісімен шұғылданды. 1920 ж. 2 желтоқсанында Қырғыз (Қазақ) Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде Мемлекеттік баспа ісінің Орталық редакциялық алқасын сайлау және мектептерге арнап оқулықтар мен әдеби көркем кітаптар шығару қарастырылған болатын [18].

Қазақстан Халық ағарту комиссариаты және ҚКСР Мембаспасы алдындағы жазушылар ұйымының 1921 ж. 14 қаңтарда болған кеңесінде қазақтың I және II басқыш біріккен еңбек мектебі үшін бар оқулықтарды

қазақ тіліне аудару, құрастыру және мектептерге арнап оқулықтар жазу жөнінде мәселе көтеріліп, оны жазудың мерзімі көрсетілген еді. Бұдан кейін кітап мәселесі 31 қаңтарында А.Байтұрсыновтың төрағалығымен өткен Халық ағарту комиссариаты мен ҚАКСР Мемлекеттік баспасының Коллегиясының біріккен мәжілісінде тағы да көтерілді. Бұл мәжіліске Елдес Омаров, Хайретдин Болғамбаев, Смағұл Сәдуақасов, Файзолла Ғалымжанов, Биахмет Сәрсенов, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Әлихан Бөкейханов, Сабыр Айтқожин және тағы басқа қазақ азаматтары қатысты. Кітап жайы бойынша баяндама жасаған А.Байтұрсынов I және II дәрежелі мектептерге қажетті қазақ тіліндегі оқулықтардың жоқтығын, бар оқулықтар тек I, II және III топтарға ғана арналғандығын айта келе, орыс тілінде шыққан оқулықтарды аудару, ол үшін мамандарды тарту керектігін ұсынды. Оның баяндамасына орай мәжілісте оқу құралдарын орыс тілінен қазақшаға аудару және қажетті оқу кітаптарын жазу үшін М.Жұмабаев, М.Тұрғанбаев, Қ.Кемеңгеров, Ж.Тілеулин, С.Мұстафин, Е.Омаров, Х.Болғанбаев, Ә.Бөкейханов және тағы басқаларды тарту жөнінде қаулы қабылдап, арифметика оқулығын М.Тұрғанбаевқа, геометрия оқулығын Б.Сәрсеновқа, физика оқулығын Ф.Ғалымжановқа, география оқулығын Ә.Бөкейхановқа, жалпы тарих оқулығын Х.Болғанбаевқа, мектептегі гигиена оқулығын Ж.Тілеулинге жазу жүктелінді. Мектеп мұғалімдері үшін педагогика мен дидактика кітабын жазу ісі де қарастырылып, оның біріншісі М.Жұмабаевқа, екінші кітап Ж.Аймауытовқа тапсырылды [19].

М.Жұмабаев «Бостандық туы» газетіне жариялаған мақаласында осы оқулықтарды қалай жазу керектігі жөнінде: «Оқу құралдарының құралатын негізі — мектеп. Оқу құралдардың мінезі — мектеп мінезінің айнасы. Түрлі пәннің (предмет) мектепке қай шамада, қай түрде кіруі де мектептің өзінің қандай негізге құрылуына, қандай мінезді болуына байлаулы нәрсе. Олай болса, жазылмақ біздің оқу құралдарымыздың да мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиісті. Ойлауға мүмкін, үстеріне кітап жазу міндеті артылған азаматтардың ішінен көз жұмып, әйтеуір жазылып кітап бола берсін деп іске кіріскендері сықылды, ана «байлаулардың» басында басы қаңғырып, дағдарып отырғандары да болар. Осы дағдарыстың болуында тамаша жоқ», — деп пікір қосқан еді [20].

1921 жылдың өзінде Білім комиссиясы А.Байтұрсыновтың «Әліппе»,

«Баяншы», «Тіл-құралы» (1 және 2 бөлімдерін), Міржақып Дулатовтың «Оқу құралы», «Есеп құралы», Иса Тоқтыбаевтың «Жалпы жағырапия», «Түркістан жағырапиясы», Халел Досмұхамедовтың «Табиғат тану», «Жануарлар» (1 бөлім) кітаптарын Орта Азия мемлекеттік баспасына тапсырды. Осы жылы Білім комиссиясы баспаға дайындалған Әбубәкір Диваевтың «Бекет батыр», «Мырза Едіге», «Алпамыс», «Нәрікұлы Шора», «Шора батыр», «Қобыланды», «Тарту» жинағын, Сұлтанбек Қожановтың «Арифметика» (1 бөлім), К. Жәленовтың «Арифметика» (2 бөлім), Х.Досмұхамедовтың «Жануарлар» (2 бөлім), «Адамның тән тірлігі», Табынбаевтың «Педагогика», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қыз Жібек», «Кенесары – Наурызбай», Ә.Бөкейхановтың «Сұлтан Кенесары тарихына қосымша материалы» (орыс тілінде), «Абай өлеңдерінің таңдамалы жинағы» (Алғы сөз, түсініктемелерімен) жеке-жеке кітап болып басылып шықты.

«Қазақ тілі» газеті 1921 ж. 12 қарашадағы санында Қазақстан оқу комиссариатының жанынан пән бөлімі ашылғаннан бері қазақ елінің, жерінің тарихы, осы күнгі күйі, топырақ-су, өсімдік мәселелеріне арнап кітаптар шығаруды мақсат тұтқандығын, ең бастысы бастауыш мектептерге арнап оқу құралдарын шығаруды қолға алғандығын айта келе, осы бөлімнің басшылығымен Қазақстан туралы Ю.А.Шеклакова, М.А.Михайлова, П.С.Шестовскийдің «Тарих—археология», «Этнография», «Жаратылыс жағрафия» сияқты оқу кітаптары басылып шыққандығын жазса [21], 1923 ж. 1 сәуірдегі нөмірінде Қазақстан Мемлекеттік баспа бөлімі ашылғаннан кейін қазақша кітаптар шығару ісін қолға алғандығын, атап айтқанда мектептерге арнап А.Байтұрсыновтың 1-ші, 2-ші жылдықтарға арналған «Оқу құралдары», «Әліппе істері», М.Дулатовтың бастауыш мектептердің 1-ші және 2-ші жылдарында оқытатын «Есеп құрал» оқулығын шығарғандығы жөнінде хабар басылды [22].

Оқу кітаптардың шығуы оқу саласындағы ірі жетістіктердің бірі болды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылатын кітаптарға тапсырыс та көбейіп, оны жазу және басу барысын ХАК тікелей қадағалады. «Қызыл Қазақстанда» жақын арада Қазақстан ғылым-әдебиет кеңесінде Қаныш Сәтбаевтың қазақ тілінде жазылған «Алгебра» оқулығын талқыға салынып, оның оқуға жеңіл, түсінуге ұғымды, ғылым жағынан жаңылыссыз, оқулық ретінде қолдануға жарамды деген

шешім қабылдағандығы турасында хабар басылды [23, 162-б.]. Тура осы санда Нәзипа Құлжанованың профессор Тувиннің «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты ұстаздарға аса қажетті кітапты қазақшаға аударып шыққандығы, бұл кітаптың бала тәрбиесіне тигізерлік көмегінің молдығы айтылды [24, 163-б.].

Кітап жазу барысы, сондай-ақ алғашқы шыққан оқу кітаптары мен әдістемелік құралдары кемшіліксіз болмады. «Еңбекші қазақ» газетінде М.Дулатовтың «Баспасөзіміз не күйде?» деген мақаласы Қазақстанның Ағарту комиссариатының кітап жазу ісін сынға алып, бұл істі олардың істеріндегі ірі кемшілікке жатқызды. «Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты кітап жазу жайын қолға алғанына, бірінші һәм екінші басқыш мектептер үшін керекті кітаптарды топшылап, белгілі қалам қайраткерлеріне тапсырғанына табаны күректей екі жыл толды. Бұл кітаптар 22-нші жылы жазылып болып, басылып шықпақ еді. Сонан бері жазылып тапсырылған, басуға да берілген кітап жалғыз-ақ Мағжанның (Жұмабаев — С.С.) «Педагогикасы». Қазір жазылып біткен, бірақ баспаға берілмеген Ахметтің (Байтұрсынов — С.С.) «3-нші жылдық тіл құралы», Елдестің (Омаров — С.С.) «Физикасы». Көзге көрініп отырған бар-жоғы осы үш-ақ кітап», — дей келе, оқулық жазудың кешеуілдете шығуының, кейбір қазақ зиялыларына тапсырылған оқулықтардың әлі шықпауының басты себебін былайша көрсетеді: «...бәрі бірдей мекеме қызметіне жегіліп, «шенеунік» есебінде кеңсе қағазын тықырлатып отырғандығы, уақыттарының көбін, күштерінің бәрін соған сарп қылып отырғандығы». М.Дулатов кеңсе, мемлекет ісін жүргізу үшін де білімді қызметкерлердің керектігін жоққа шығармайды, бірақ қалам қайраткерлерінің көпшілігінің атқарып отырған қызметтері соншалықты жауапты деуге болмайтындығын, сондықтан оқу кітаптарын тапсырған барлық қайраткерлерді басқа істен босату қажеттігін ұсынды. «... шын қалам қайраткерлері кеңсе қызметінен босап, бірыңғай кітап жазу жұмысына кірісу керек. Бұған ешкім бөгет салмау керек. Қайта тамағы тоқ, орнын жайлы қылып, баптау керек», — деп, оқу кітаптарын шығаруда баспаханаларды да ретке келтіру қажеттігін көрсетеді. Шындағында да, газеттерде көрсетілгендей, 1921 ж. қазақ тілінде 3 оқулық қана шығарылса, 20-шы жылдардың аяғында 30-ға тарта оқулық басылған [25].

Оқу жұмысы қалалалық жерлерге қарағанда ауылды жерде дұрыстап қолға алынбады. Бұған басты себеп қаражаттың жоқтығы бол-

ды. Бұл турада «Қызыл Қазақстан» журналында қазақ арасында оқу жұмыстарының қалай жүргізіліп отырғандығы жөнінде мақала жарияланып, оқу-ағарту саласындағы ақсаудың басты кемшіліктері атап көрсетілді. Ауылды жерлердегі, жалпы оқу жұмысының барысындағы шығындардың көбін үкімет орындарда жиналатын түрлі салықтардан жұмсау жөніндегі шешімнің дұрыстығын құптады [26, 12-б.].

Оқу-ағарту жұмысындағы қиыншылықтар мен кемшіліктерге орын берілуінің себебін «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған «К.Т» деген автордың «Қоғамдық ғылымның тұрмысындағы орны» деп аталатын мақаласында өткен жылдардағы ашаршылық, жұттың орын алуы, соның нәтижесінен халықтың күші, берекесінің кеткендігінен деп түсіндірді [27].

Сауат ашу мектебінен оқыған жастар одан әрі білімдерін жетілдіру мақсатында қалалардағы түрлі мектептерде, коммуналарда оқуын жалғастырған. «Еңбекшіл қазақ» газетіне жарияланған С.Сейфуллиннің мақаласында Орынбор қаласында 1921-24 жж. аралығында ашылған түрлі мектептер, курстар, коммуналар мен орта оқу орындары туралы қысқа түрде мәліметтер келтірілді. Жалпы Орынбор қаласында 14 мектептің барлығы, онда 2000 қазақ жастары білім алып жатқандығы айтылды. Бұл мектептер мыналар еді: 1) Аймақтық қазақ институты; 2) Жұмысшылар факультеті; 3) Аймақтық кеңес һәм партия мектебі; 4) Аймақтық тәжірибе мектебі; 5) Жеткіншектер мектебі; 6) 1-ші аймақтық қазақ балаларының коммунасы; 7) 2-ші қазақ балаларының үйі; 8) Бала тәрбиелеуші қазақ әйелдерінің курсы; 9) Адам дәрігерлерінің техникумы; 10) Мал дәрігерлерінің техникумы; 11) Аймақтық заң курсы; 12) Аймақтық кооперация ұйымдарының курсы; 13) Милиция курсы; 14) Қазақ қаражат курсы [28].

Аталған оқу орындарындағы сабақ ана тілінде оқытылды, ісқағаздары қазақ және орыс тілдерінде толтырылатын болды. Негізінде 1923 ж. 22 қарашасында Қазақ АКСР-де ісқағаздарды орыс тілімен қатар қазақ тілінде жүргізу турасында декрет қабылданған болатын [29].

Қазақ жастарын шет мемлекеттерде оқыту да баспасөз арқылы көтерілген. Мысалы, «Ақ жолда» жарияланған Ғ.Бірімжановтың «Шетке оқушылар жіберу, оқуға жұмылдыру керек» деген мақаласында Ресейдің өзі өнер-білімнен артта қалып бара жатқандығын мойындап, шетелдерге жастарды оқуға жіберуді мақсат тұтып, Татарстаннан Германияға 25

жасты жіберіп, түрлі өнер-білімге оқытып жатқандығын келтіре отырып, қазақ жастарын Лондон, Париж, Берлин сияқты ірі қалалардағы оқу орындарына жіберу турасында мәселе көтереді. Оның ойынша, көп оқыған, көрген адамдардың өнер-білімдері өлмей, кітап ретінде болашаққа жетері сөзсіз [30]. Автор өзінің ойын газеттің одан кейінгі келесі сандарында жалғастырып, Еуропада оқытудың маңыздылығын түсіндіріп берді. «Бізге керегі Еуропаның дамыған техникасы, өркендеген ғылымы. Біздің мақсатымыз — жеңіп алған үкіметтің басында қалу, тыныштықпен шаруашылығымызды түзетіп алу. Бұл үшін де өнер, білім үйрену керек. Жауларымызбен күресу үшін де ғылым, әдіс қажет», — дейді [31].

1922 ж. сәуірінде Ресей мен Германияның арасындағы жастарды алмастырып оқыту туралы жасасқан шарттарын қазақ-қырғыз халықтарының игілігіне пайдаланып қалуды қазақ оқығандары ниет етті. Ғалым Т.Қожекеевтың жазуынша, сол жылдың 19 шілдесінде С.Сәдуақасов, Ә.Байділдин, Е.Алдоңғаров жоғарыға хат жазып, өздерін шетелге жіберуді сұраған. Алайда бұл үш азаматтың өтініштері қанағаттандырылмай, олардың орнына басқа үш адам жіберілді [3, 15-б.].

Бастауыш мектептерді, коммуналарды тамамдаған жастар оқытушылар институтына оқуға тартылды. «Қызыл Қазақстан» журналында көрсетілгендей, 1924 жылдың соңында қазақ институтында 249 адам оқыған. Республиканың түрлі губернияларынан, оның ішінде Оралдан — 71, Ақтөбеден — 70, Бөкейден — 40, Ақмоладан — 11, Хорезмнен — 11, Қостанайдан — 27, Семейден — 6, Адайдан — 6, Орынбордан — 9 қазақ жастары оқуға қабылданды [32, 20-б.]. Дегенмен үкімет пен партияның нұсқауы бойынша ашылған мектептерге мұғалімдер даярлайтын оқу орындарының бастапқы кездерде кемшіліктері көп болды. Бұл дәріс беретін оқытушылардың жоқтығы, оқу үйінің жылытылмауы, қажетті оқу кітаптарының жетіспеуі және т.б. сол сияқтылар еді. Газеттер мен журналдарда осы кемшіліктер ашық жазылып, үкімет орындарынан шұғыл шара қолдану қажеттігін көтерді. «Еңбекші қазаққа» жарияланған «Ескеретін іс» атты шағын мақалада Ақмола губерниясының Қызылжар қаласында 1923 ж. ашылған қазақ тілінде мұғалімдер даярлайтын педагогтік техникум жағдайының нашарлығы баса айтылды. Халық ағарту комитетінің тарапынан ешқандай көмектің болмай отырғанын, қырдан келген студенттердің көпшілігінің жатын орны жоқтығынан қаңғырып жүргендігін келтіре отырып, тез арада үкімет тарапынан қолдау көрсету,

кедей балаларға арнап жататын орындар ашу және киіммен қамтамасыз ету қажеттігін көтерді [33].

1923 ж. Б. Сүлеевтің басшылығымен ашылған Алматыдағы облыстық қазақ-қырғыз институтына да қауіп төнді. Бастапқы кезде мемлекет тарапынан қаржыланған институт 1924 жылдан бастап мемлекеттік бюджеттен шығарылып, жергілікті қаражатқа қаратылды. Бұл оқытушылардың жағдайын аса қиындатты. Бірнеше айлап жалақы алмау, оның үстіне отын-сусыз қалуы еріксіз оларды айлық апталығын өткізуді мәжбүр етті. Апталық 15 ақпан мен 15 наурыз аралығында өткізілді. Бұл турада Б.Сүлеев «Тілші» газетіне «Оқу айлығы» атты мақала жариялап, осы айлықты өткізудің себебін айтып, оған белсене қатысуға шақырды.

Біләл оқу-ағарту орындарын сақтап қалудың бірден-бір жолы елдің көмегі екенігін баса айтып, бұл іске қазақтың оқыған азаматтары түсіністікпен қарап, көмек көрсетсе деген тілек білдіре отырып, мектептердің жабылып қалмауы үшін нақты жүргізілетін шараларды белгілеп берді. Бұдан кейін осы «Тілші» газетіне оның «Жетісу институты жайынан» деп аталатын мақаласы жарық көріп, онда Түркістан республикасының институтты үкімет қаражатынан шығарып тастауына наразылық білдірді. Қазақ халқы көп шоғырланған жердегі аса қажетті институтты қаржыландырмау, бұл жабу деген сөз екендігін, ол оқу-ағартуда, мәдениетімізді көтеруге бірден-бір кедергі келтіру екендігін ескерте отырып, осы мәселе үкімет орындарының назарына ілінсе деп үміттенеді [34].

1924 ж. 12-17 маусым аралығында Қазақстан астанасы Орынборда тұңғыш білімпаздар съезі өткізіліп, оған қазақ зиялыларынан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, А.Кенжин, М.Жолдыбаев, М.Наурызбаев, Н.Ералин, М.Тұрғанбаев, Е.Алдоңғаров, Р.Ағыбаев, Р.Сүгіров және тағы басқа азаматтар қатысып, 6 мәселе төңірегінде қаулы қабылдаған. Олар: 1. Қазақ емлесін бірыңғайлау; 2. Әріп жайын қарастыру; 3. Бастауыш мектептерде оқытылатын пәндерді жоспарлау; 4. Халық әдебиетінің халін һәм қалай жию жолын қарастыру; 5. Оқу һәм білім кітаптарын көбейту жолын қарастыру; 6. Қазақ пән сөздері бір болу мәселелері [35].

Съезд өтісімен аталған жайлар төңірегінде біршама іс-шаралар жүргізіле бастады. Бастауыш мектептерде оқытылатын оқулықтардың сапасын тексеру, олардың жайын қазақ өлкелік комитеті жиналысына қойып,

талқылау қолға алынды. Сонымен қатар мектеп жанынан түрлі саяси-ағарту жұмыстары жүргізіліп, ойын-сауық кештері өткізіле бастады. Ғалым К. Нұрпейісовтың жазуынша, 1924 ж. 22 желтоқсанынан бастап мектеп оқушылары «Жас ұлан» қабырға газетін шығарып, «Жойылсын сауатсыздық», «Денсаулық», «Тәрбие», «Оқуға шақыру», «Әйелдерге арналған сөздер» тұрақты рубрикалар беріліп тұрған [36].

1925 ж. 12 мен 17 қаңтары аралығында Мәскеуде Бүкілодақтық мұғалімдер съезі өтіп, оған РКФСР құрамындағы 49 ұлт өкілдерінен делегаттар қатысып, елдегі сауатсыздықты жоюдағы мұғалімдердің міндеттері анықталып, бұл іске белсенді түрде кірісуге шақырды. Осы съезден кейін жер-жерлерде сауатсыздықпен күрес қарқынмен жүргізіле бастады. Сауатсыздықты жою жұмысы абақтыларда да қолға алынды. «Еңбекшіл қазақта» жазылғандай, Түзтөбе абақтысында 1-ші дәрежелі сауаттандыру мектебі ашылып, қамауда жатқандардың хат танымайтындарына арнайы дәрістер жүргізілген [37].

Комсомол жастар ұйымы жастар арасында, әсіресе қазақ қыздары арасында оқу-білім алуға үгіт-насихат ісін өрістетуді қолға алып, оларды тәрбиелеу жолындағы міндетті жұмыстарды жүргізді. Қазақ аймақтық жастар комитетінің органы болған «Жас қазақ» журналы бұл жұмыстардың нәтижелерін жариялап отырды. Журналға басылған А.Оразбаеваның мақаласында қазақ қыздарын жастар ұйымына, білім жолына тарту қажеттігі айтыла отырып: «Жалғыз-ақ оқу-білім арқылы қазақ қыздары саяси жұмысқа қатынаса алады. Отырықшы ел арасында қыздар үшін арнаулы школар ашу тиіс», — деп көрсетілді [38, 32-б.].

Болыстық жерлерде арнайы 3 адамнан тұратын «Жойылсын сауатсыздық» ұйымы құрылып, бұл ұйымдар хат танушыларды сауатсыздықты жою ісіне белсене кірісуге шақырған. «Лениншіл жас» журналында жазылғандай Тасөткел болыстық Кеңесі ересек адамдар арасында сауатсыздықты жоюда осындай ұйым құрып, оны болыстық атқару комитеттің төрағасы Шамабайұлы басқарып, болыстағы хат танушылар кем дегенде сауатсыз бір адамның сауатын ашуға міндеттегендігі айтылды [39, 44-45-66.]. «Ақ жол» газетінің 1924 ж. 5 наурыздағы санында Жетісу облысында құрылған «Қосшы» ұйымдарының оқу-ағарту, мәдени саладағы жүргізген жұмыстары баяндалды. Мақалада Жетісу облысына қарасты Жәркент уезінде құрылған «Қосшы» одағындағы 1252 мүшенің 379-ы сауатсыз екендігі айтылып, осыған орай сауажой

мектебінің ашылғандығын, жалпы осы уезде мамырдың соңына дейін сауатсыздықты ауыздықтайтын 17 мектеп ұйымдастырылғандығы келтірілді [40].

И.В.Сталин білім беруді идеологиялық қару ретінде қолдануды ұсынды. Ол барлық мектептерде Ленин идеясын насихаттауды талап етті. Сондықтан РК(б)П Орталық Комитеті Секретариатының 1925 ж. 2 наурызындағы мәжілісінде барлық мектептерде оқытылатын оқулықтардың мазмұнына назар аударатырып, оқушыларды қоғамдық-саяси әдебиеттермен, атап айтқанда Ленин шығармаларымен таныстыру, ол үшін ұлы көсемнің таңдамалы шығармаларын шығаруды қолға алу қажеттігін баса көтерген болатын [41]. Міне, осындай қаулыдан кейін Ленин шығармалары арнайы оқу бағдармаларына енгізілді.

Оқу ісін жөнге салу, мектептерді қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, білімді ұстаздар даярлау ісі жайында қазақ зиялылары газет-журналдар арқылы ойларын ортаға салып, толымды ұсыныстар да айтты. «Жаңа мектеп» журналындағы жариялаған С.Сәдуақасовтың «Халық ағарту мәселелері» атты мақаласында Халық Ағарту комиссариатының алдына үш үкен міндетті ұсынған болатын. Оның біріншісі, мектеп үйінің жайы Қазақ мектептерінде оқушылардың жерге отырып жазатындығын, терезесінде әйнегі, еденде тақтайының, үйді жылатын пештің жоқтығын айта отырып, «Бүйтіп көрінген қазақтың шым үйін мектеп қыла берсек, біз халық ағарту жұмысында ілгері кете алмаймыз» деп, бұл істі тез арада жөнге салуға шақырды. Екінші міндет оқу құралы болды. Бастауыш мектептерге арнап оқу құралдарын шығармай, үлкен дәрежелі орындарда оқитын алгебра, тригонометрия сияқты оқулықтарды шығарудың орынсыз екенін, ең бастысы бастауыш мектептерге арналған оқу құралдарын даярлауды жөнге қоюдың дұрыстығын растайды.

Мақалада көрсетілген үшінші міндет — тіл мәселесі. Ол мектептердегі қазақ тілінде оқытудың соңғы кездерде пайдалы болмай отырғандығын айтып, олай болуының себебін ең әуелі қазақ тілінде дұрыс оқу құралының жоқтығынан, қазақша оқыта білетін білімді адамдардың кемдігінен деп түсіндірді. Қазақ мектебін бітірген балалардың одан әрі оқуын жалғастыруы үшін орысша мұғалімдер жалдап, білімдерін толықтыруға мәжбүр болатындығын да тиек етеді. С.Сәдуақасов мынадай ұсыныс білдірді: бірінші, қазақша тіл бастауыш мектепте ғана болсын, оның өзінде сабақтың кем дегенде төрттен бірі орыс тілі болсын, екінші, орта

дәрежелі және одан ілгері мектептердің бәрінде орысша оқытылсын. Оның ойынша, орыс тілінсіз балалар жөнді білім ала алмайды [42, 7-9-бб.].

Ауылдардан шалғайлау жерде тұрып, мал бағатын және жетім балалар үшін мектеп-интернаттар ашылып, олар сол уездің немесе ауылдың кооперативтерінің есебінде қаржыланған. Семей уезіндегі Сейполла елінің Күзембай ауылында шаруа кооперативі 1925 ж. қазанында мектеп-интернат ашып, оған 40-тай бала қабылданып, оның 20-сы өз қаражатымен оқыса, қалған малсыз кедей-шаруаның немесе жетім балалар елден жиналған қаражатпен білім алған. Бұл мектеп-интернаттың жайы туралы «Қазақ тілі» газеті былай деп жазған: «Қазіргі мектептің үйлері жылы, жарық, таза. Ауыл мектебі екендігіне қарағанда денсаулығына жарайтын үй. Мектептің қасында балалардың тұратын үйі бар». Мектеп-интернатта бірнеше оқытушы дәріс берген [43].

1925 жылдың өзінде газеттерде Қазақстанда елімізге зәру мамандықтарды даярлайтын жоғары оқу орны — университет ашу жайы көтерілді. «Еңбекші қазақтың» 1925 ж. 2 қазанындағы санында ұзақ уақыттан бері айтылып келе жатқан бұл мәселені РКФСР-дің оқу комитеті қолға алып, ұлт университетін ашуды мақұлдағандығы және Қазақстан Оқу комиссариатына тапсырғандығы, Оқу комиссариатының Білім кеңесі бұл жұмысқа осы күннен кірісіп, университетке қажетті қаражаттың есебін шығарып, жоспарлап отырғандығы айтылды [44].

1925 ж. Қазақстанның астанасы Қызылорда (Ақмешіт) қаласына көшкен кезде Орынбордан оқу орындарының кейбіреулері ғана көшірілді. «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған Н.Нұрмақовтың 5 кеңес тобынан сайланған Атқару комитетінің мүшелерінің 2-ші мәжілісінде жасаған баяндамасында оның себептерін Қызылорда қаласында үкімет мекемелері мен үйлерінің аз болуынан деп түсірді. Астананы Орынбордан Ақмешітке көшіруге байланысты құрылған А. Кенжин басқарған арнайы комиссия 15 маусымға дейін Орынбордан жұмысшылар факультеті, аймақтық тәжірибе мектебі, әскерлік мектебінен басқа оқу орындарын ғана көшіре алған [45].

Оқытушылар даярлайтын оқу орындарында «кедей баласымын» деп жалған қағазбен оқып жатқан бай балаларының қатарының көбейгендігі туралы хабарлар да мерзімді басылымдарға жиі басыла бастады. «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған «Бай балаларын қолдады» деген

мақалада Ақмола губерниясының оқу бөлімінен Атбасар уезіне педагогтік техникумға бала алар кезде шыққан тегін жете тексеруді талап еткен қағаз келген [46].

1925 ж. Қазақстанда «Сауатсыздықты жою» қоғамы ұйымдас-тырылып, осы жылдың мамыр айында оның бірінші съезі болып өтті. Бұл қоғамның мүшелерінің қатары күннен-күнге өсті. Қоғам мүшелері сауатсыздықты жою мақсатына арнап концерттер, түрлі ойын-сауықтар ұйымдастырып, одан түскен қаржыға оқу құралдары мен оқулықтар са-тып алды. Оқу Халық комиссариатымен бірлесе сауатсыздықты жою пункттерін ашып, бұқара арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Еңбекші қазақ» қоғамның Ашық хаты жарияланып, қазақ халқын жаппай сауатсыздықпен күресуге атсалысуға шақырды [47]. Газеттің бұдан кейінгі нөмірлерінде Ашық хатқа қолдау көрсеткен, сауатсыздықты жою еліміздің алға жылжуына, ғылым, білімнің өсуіне алып келетіндігін түсіндіруге талпынған бірнеше мақалалар жарияланды. «Уақыт жетті» деп аталған мақалада 1924 жылы жастарды сауаттандыру науқаны жөнді нәтиже бермегендігі айтылып, оның бірнеше кемшіліктері аталды. Оған, біріншіден, қаржының кемдігінен сауат ашу мектептерінің аз болуы, екін-шіден, партия комитеті мен уездердегі жастар ұйымдарының сауатсыздық науқанына белсене қатыспауы, үшіншіден, оқытушылардың аз болып, оқу үрдісінде кемшіліктердің орын алуы, төртіншіден, жастардың оқуға ықылас білдірмеуін атады. Алдағы міндетке сауатсыздықты жою ісіне барлық оқи және жаза білмейтіндерді тартуды көздеді [48]. Ақтөбе губерниядағы ағарту ісінде 1920-22 жж. бірнеше мектептер ашылса, 1923-25 жж. Халық ағарту комитеті керісінше саны көп, сапасы жоқ мектептерді қаражатқа қарай қысқартып, ықшамдап, губернияда 406 ғана сауатсыздықты жою мектептерін қалдырылып, осы уақытқа дейін 12384 адам сауаттарын ашқан. Губернияда 145-і қазақ, 75 орыс жылжы-малы мектептері болды [49].

Орталық Атқару комитетінің мәжілістерінде округтік, уездік комитет-терде оқу-ағарту саласының жайы күн тәртібіне қойылып талқыланып, алдағы атқарылатын міндеттері белгіленді. Қазалы уезінде өткен 2-ші ауыл кеңесінің комитет мәжілісінде уездің халық ағарту саласындағы жетістіктері мен кемшіліктері «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланды. «Больша 3 мектеп бар, — деп көрсетілді баяндамада, — біреуі жатақтыкі. Жатақты мектепте 60 бала, қалған мектепте 30-40 баладан оқиды. Бұрын

бұл мектептердің шығынын ел өзі көтеретін еді. Мектеп шығыны алды дәулетті шаруадан жиылатын еді. Бұл қаржыны жинаушы ауыл кеңестері қаржыны жөндеп жинамай, жинағанын өз керегіне жұмсағандары да болды». Аталған үш мектепте соңғы кезде қаржыландыру аса қиындап отырғандығы айтылып, комитет бұл істі жөнге салуы керектігін көтерді [50].

«Жаңа мектеп» журналына жарияланған «Ел мұғалімінің міндеті» деген мақалада қазақ мектептерінің әлі буыны қата қоймағандықтан мектептерге ең бірінші қажетті мұғалім, оқитын ғимарат, оқулықтар, оқу құрал-жабдықтары және оқитын шәкірттер керек екендігі баса көрсетілді. Сонымен қатар мақалада мұғалімдердің ауылдағы мәдени істерді алға бастаушы серкесі екендігін, жұрт арасында газет, журнал секілді баспасөзді таратуда, жер-су заңдарын түсіндіру мұғалімге жүгінетінділігін атайды [51, 11-12-бб.].

Журналдың осы санында мұғалімнің баспасөз ісін дамытудағы рөлі де айқындалды. «Қарашы» деген бүркеншік есіммен «Мұғалім және баспасөз» деп мақала жариялаған автор сауатсыздықты жою мен қазақ баспасөзін өркендетуде мұғалімнің рөлінің зор екендігін айта отырып, солар арқылы газет-журналдарымызды жарлы-жалшылардың үні қылуға болатындығын баса көрсетеді [52, 49-б.].

1926 ж. мамырда Қазақстанда бірыңғай еңбек мектебінің Жарғысы қабылданды. Жарғы бойынша, қазақ мектептері жергілікті ерекшеліктерді есепке ала отырып, сауатсыздықпен күрес барысының нәтижелері қара бұқараға үнемі хабарланып отыруы тиіс болды. «Қызыл ту» газетіне жарияланған «Сауатсыздықты жою» деген мақалада Қазақстанда бұл жұмысты жүргізуде шабандылық танытып, тұрмыс шарттарының саяси-ағарту жұмыстарының ілгері жүруіне үлкен кесел болып отырғандығы, 1922-23 жж. есебіне қарағанда Орал губерниясында (Бөкейден басқа) 107 585 кісіге сауат аштырту керек болса, 1925-26 жж. жоспар бойынша бүкіл губернияда (Орал губерниясын айтып отыр — С.С.) 15870 адамға қара таныту, ол үшін 208 сауаттандыру мектептері ашылуға тиістігі көрсетілгендігі келтірілді. Мақалада көрсетілгендей, губернияның оқу-ағарту жоспарында орыстардан 50 пайыз, қазақтардан 25 пайыз сауаттандыру қарастырылып, бірінші ретте партиядағылар, комсомолдар, уәкіл әйелдер, кәсіпшілер одағындағылар және әскери қызметтегілер ауылдағы мектептерде екі мезгіл, қаладағылар үш мезгіл сауаттанды-

рылатын болды. Уезден келген мағлұматтарға қарағанда, Орал уезінде 65 сауатсыздықты жою мектептері болып, 25 794 қара танымайтын адамдардың 1257-сі осы мектептерде оқып, 961 адам сауаттанған. Теке уезіндегі 3222 сауатсыз адамдардың мектептерден 245 адамы білім алса, Жымпиты уезіндегі 26 633 сауатсыздан 26 сауажой мектептерінен тек 515 адам ғана оқып шыққан. Мақалада бұл жүзден екі-ақ адамның сауаттанып отырғандығын қынжыла баяндайды. Бұлай болуының себебі, дұрыс басшылықтың, ұйымдастырушылықтың болмауынан, үгіт-насихат жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуінен, оқытушылардың өз ісіне салақ қарауынан деп түсіндірілді [53].

Саужой мектептерінің көпшілігі қаржының жоқтығынан жабылып та қалып жатты. Көкшетау уезіндегі Еңбекшілер болсындағы ашылған 9 мектептің 3-і жабылып қалған [54].

Оқу ісіндегі кемшілік барысы С.Сәдуақасовтың «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған «Оқу ісінің кемшіліктері. Оларға қарсы шаралар» атты мақаласында айқын айтылды. Бұл мақала «Жаңа мектеп» журналының №4 санына (1926 ж. — С.С.) көшіріліп басылған еді. С.Сәдуақасов мақаласында қазақ мектептерінің жетіспеушілігін, қазақ ішінде бар 1107 бастауыш мектепте 50 000 баланың тәрбиеленіп отырғандығын айта келе, губерниялардағы оқу ісіндегі кемшіліктер жөніндегі тілшілердің жазған бірнеше мысалдарын келтірді. Ол Сырдария, Орал, Ақмола губернияларынан келген хаттарда мектептерде мұғалімдердің аздығынан, мектептерде қажетті кейбір пәндер өтпей, қанша қазақтың жастары бағдарламадан қалып отырғандығын сынға алып, ол үшін аса қажетті мұғалімдерді дұрыс даярлау керектігін көтерді. Мұғалімдерді жұмысқа алған кезде уездік, аудандық жиналыстарда олардың бұрындары істеген істері туралы баяндауын талап етуді ұсынады. Оқу инспекторларына мұғалімдердің өткізетін сабағына қатысып, қорытынды шығару, жұмысына ықылассыз мұғалімдер болса, оларды жауапқа тарту қажет дейді.

С.Сәдуақасов мұғалімдердің қызметін қадағалауда бірінші орында оқу мекемелерінің қызметін дұрыстау керектігін баса көрсетті. Сонымен қатар ол оқу орындарына (техникумдар мен институттар — С.С.) қазақ жастары аз түсетіндігін, оған себеп, мектептердегі білімнің жеткіліксіздігін, қазақ жастарының білімдерін шыңдауға қажетті қазақ тіліндегі оқу кітаптардың жоқтығын, әрі жоғары оқу орындарында болашақта білім алуына ұстаздардың үгіт-насихат жұмыстарын жүргізбеуін атай-

ды. Оның үстіне қазақ мектептерінде балаларды еңбек етуге баулу жұмысының нашар жүргізілетіндігін де баса келтіреді [55, 326-330-бб.]. С.Сәдуақасовтың мектеп жүйесінің жағдайын нақтылай баспасөз арқылы хабарлауы үшін 1926 ж. 24 ақпанында өткен Қазақ өлкелік комитеті бюросының мәжілісінде Ә.Байділдин тарапынан сынға ұшырады [56].

Елдегі сауатсыздықты жоюда, әсіресе қазақ қыздарын сауаттандыру ісінде қызыл отаулар құлшына кірісті. «Әйел теңдігі» журналына жарияланған «Қызыл отау жұмысы» атты мақалада Қазақстанда 13 қызыл отаудың барлығы айтылып, бұлардың біреуі көшпелі аудан болып саналатын Сырдария губерниясында, қалғандары жартылай көшпелі аудандарда жұмыстар жүргізіп жатқандығы келтірілді. Қызыл отаулар мереке күндері кештер мен концерттер, кеңестік жиналыстар өткізіп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырды және алда жүргізілетін аса керекті жұмыстарды айқындады. Оларға сауат ашқыш мектептердің жұмысын көркейту, әр отауға дәрігер, заңгер қызметкерлерін алу, отаудың көшетін мезгілін белгілеу, отау қызметі жөнінде «Әйел теңдігі» арқылы ұдайы мағлұмат беріп түру сияқты істерді міндеттелді [57, 15-16- бб.].

Жетіжылдық мектептерде оқушылар жалпы біліммен қатар, түрліше еңбек тәжірибесін алды. Екінші басқыш мектептерде (тоғызжылдық) жалпы білім берумен бірге оқушыларды белгілі мамандыққа әзірледі. Мектептердің басым көпшілігіндегі мамандықтың түрі педагогтік мамандық болды. 20-шы жылдардың екінші жартысынан бастап шаруа жастарының мектептері (ШЖМ) кеңінен дамыды. Бұлардың бағдарламалары жетіжылдықтың жоғарғы үш класына сәйкес құрылды.

Халық ағарту қызметкерлерінің III съезінің (1926 ж. мамырда болған — С.С.) қарарында бір ғана оқытушысы бар үш жылдық мектептің өмір сүруі дұрыс еместігі баса айтылып, съезд жаппай төрт жылдық бастауыш мектептерді құру турасында шешім қабылдады. Сонымен бірге съезд делегаттары «ҚАКСР-ның кейбір аудандарында екі жылдық бір кешенді (комплекті) мектептердің өмір сүруі ылажсыздан туған жағдай» деп танып, мұны бітіргендерді бастауыш мектептің жоғарғы кластарында ілгері оқыту қажет деп тапты. Бірте-бірте бұл мектептер ығыстырылып, бірыңғай кеңестік еңбек мектебінің бағдарламасымен сабақ жүргізетін толық жарамды мектептермен ауыстыру міндеті қойылды.

1926 ж. 2 желтоқсанында үгіт-насихат бөлімінің мәжілісінде «ҚКСР-

дегі халық ағарту жүйесі» жөнінде С.Сәдуақасов баяндама жасап, 20-шы жылдары қалалық жерлерде жетіжылдық мектептер оқу жүйесінің негізгі болса, ауылдық, болыстық жерлерде төртжылдық оқыту жүйесі екендігін айта келе, жетіжылдық оқу жүйесін малшаруашылығымен, егіншілікпен тығыз байланыстырып, оқушыларды еңбекпен баулып оқытуға үндесе, Ә. Нақымжанов төртжылдық оқу жүйесінің үшінші сыныбынан бастап міндетті түрде орыс тілін пән ретінде енгізу қажеттігін ұсынады. Ол сонымен қатар ПИНО, КИНО сияқты оқу орындарында білікті оқытушы мамандарды даярлауды күшейтсе деген ойын білдірген. Осы мәжіліс барысында Дымшиц мектеп жүйесінде оқыту тілі туралы ой қозғаған. Төменгі дәрежедегі мектептер оқу барысын міндетті түрде қазақ тілінде өткізсе дей келе, алайда орта мектептерге қазақ тілінде жүргізетін мұғалімдер мен оқытуға қажетті арнаулы оқу құралдарының жетіспеуі қиыншылықтар туғызатынын атап өтеді [58].

Мектептердің неше жыл болуы керектігі қызу айтыс-тартысқа айналып, түрлі пікірлер туындады. Мәселен, Ж.Аймауытов «Мектеп қандай болу керек?» атты мақаласында жалпы білім алуда 11 жыл оқытудың пайдасын дәлелі көрсетті [59]. Бұған М.Жолдыбаев та өз пікірін білдіріп, қазақ мектептерінде оқу мерзімін ұзарту қажеттігін ұсынады [60, 3-4-бб.].

Барлық мектептерде оқытылу жүйесі әдістемелік жолмен жүргізілу де қолға алынды. Бұл Халық Ағарту комиссариатының жиналыстарында күн тәртібіне де қойылды. Осындай бір жиылыс барысында Т.Шонанов баяндама жасап, әдістемелі оқулықтарды Қазақстандағы мектептер мен техникумдардағы оқу жүйесіне енгізуді ұсынды. Оның баяндамасы негізінде оқыту жүйесінің жобасы жасалып, талқылауға салып, оқыту әдістерін қолданудың жетістіктері айтылды. Қазақстанның барлық мектептерінде белсенді түрде бірнеше әдістемелік бағытпен оқытқан, тіпті қазақ және аз ұлттардың кейбір мектептерінде америкалық оқыту әдістемесін қолданса, I басқышты қазақ және орыс мектептері кітапті-сөздік әдістен гөрі көрнектілік қолдануға (атап айтқанда, экскурсиялық, модельдендіру, аппликация) кіріскен. Бұл әдісті Ақтөбе мен Семей облыстарының мектептері кең түрде қолданып отырған. Сонымен қатар жиналыста мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлеріне педагогикалық «Жаңа мектеп» журналы арқылы мектептерде қолданып отырған оқу жүйесі әдістемелерінің жетістіктері туралы, оқу саласына қажетті жөнінде ұсыныс, пікір жазып, көпшіліктің талқысына салудың керектігі де айтылды [61].

Орта, арнаулы оқу орындарында оқыту, тәрбиелеу жұмысын жүргізудің де тәжірибелік, методикалық әдістері С. Қожанов назарынан тыс қалған жоқ. Бұл жөнінде ол айтыстарға араласып, өзіндік пікір білдіріп отырған. Бұған «Даярлау бөлімдері керек» («Еңбекші қазақ», 16.1.1927) мақаласы дәлел. Оның пікірінше, жалпы техникумдарға арналған оқу бағдарламаларындағы 1- бөлімде басталатын сабақ қазақ техникумдарында II-III бөлімдерінде барып басталады. Оған дейін шәкірттерді соған даярлаумен болады. Бұл жолмен бітіргендер техникум білімінің көп болса, төрттен үшін ғана алып шығады. Осыдан олар университеттерге түсе алмай сорлайды. Мұнан соң Сұлтанбек осы ірі кемшіліктердің себептерін іздестіріп, табады. «Мұның сыры, — дейді ол, — бастауыш мектептеріміздің әлсіздігі. Даланы қойып, қаладағы бастауыш қазақ мектебін алсақ та, оларды бітірген баланың білімі орыс бастауыш мектебінің II класын бітірген баланың білімінен артық емес. Демек қазақ балалары жеті жылдық мектепті бітіргенде, оның берер білімінің жартысын ғана алып шығады. Осыдан келіп техникумға түскен балалар алғашқы кезде сол мектептегі кемнің орнын толтырумен жүреді, техникум бағдарламасына кешігіп кіріседі».

Сұлтанбек ең алдымен мектептегі оқу сапасын көтеруді, оқыту әдістерін жетілдіруді қажет санайды. Бірақ ол 2-3 жылдың ішінде қазақ мектептерін мәдениетті елдер мектептерінің дәрежесіне дейін көтеру қиын екенін жасырмады. Бұл үшін көп күш, көп құрал, көп қаржы, уақыт керектігін ашық айтты. Сондықтан әзірше қазақ техникумдарының бәрінде даярлау бөлімдерін ашуды ұсынады [62, 119-120-бб.].

Қазақ мектептерінде жүйелі, арнайы жоспармен оқытуды қолға алыну қажеттігі баспасөзде кең түрде насихатталды. Мектептерде мұғалімдер оқушылармен жұмыс жасау барысында оларға өзіндік тапсырма беріп, конспект жазғызып, тезистермен жұмыс жүргізе бастады. Алайда көп жағдайда кейбір ұстаздардың өздері бұл тапсырмалардың мәнін түсінбеді. Ол үшін мұғалімдерге танымдық дәрістер қажет еді. Мерзімді басылымдар бұл істі аса маңызды санап, осыған орай өз беттерінше әдістемелі мақалаларды үзбей жариялап отырды. Мысалы «Жаңа мектеп» журналының 2 санында Кенжекейұлының «Біздің мектепте комплексті оқыту», Байбосынұлының «Жоспар, конспект, тезис» сияқты мақалалары жарияланып, оқыту жүйесінде балалардың сана-сезімін, интеллектісін оятуда түрлі тапсырмаларды орындатудың пайдалы екендігін айқындап берді.

Оқу жүйесі біршама ілгерілегенімен де кемшіліксіз болмады. Жоспарлап оқытуға орай М.Тұрғанбаев «Жаңа мектеп» журналына жариялаған «Еңбек мектебінің түрлері» деген мақаласында мектеп кітаптары мектеп бағдарламасына қатысты жасалатындығын, мұғалімнің осы бағдарлама бойынша оқытылатын пәндеріне жоспар жасау арқылы дәріс жүргізетіндігін айта келе, Қазақстандағы мектептердегі жағдайдың әлі де көңілдегідей болмай отырғандығын тілге тиек етеді [63, 17-24-бб.].

Осы журналға мектептің оқу жоспары, бағдарламасы жөнінде М.Жолдыбаев пен Т.Шонановтың да мақалалары басылды. М.Жолдыбаев ұлт мектептерінде оқу жоспарын, оқу бағдарламасын жасау, мемлекеттік бағдарламаларды енгізудің аса маңыздылығын айтса [64, 4-б.], Телжан Шонанов жаңа бағдарламаның мектептер үшін кешенді түрде төрт жағынан маңызды екендігін дәлелдемекке тырысады. Атап айтқанда: 1) жаратылыс, 2) еңбек, 3) қоғам, 4) жаттығу. «Бұл төрт аяқтың бірі кемісе, програм ақсақ мал сияқты тұралап қалмақ» дей отырып, 5-шісіне үйрету әдісі дегенді қосады. 5-ші әдіс негізінен балаларға емес, оқытушыларға арналған әдіс болатын [65, 8-б.].

Мектептерде оқу бағдарламасынан басқа танымдық тақырыптарда да сабақтар өткізу қолға алынды. Жастарға «Дүние қалай жаратылған?», «Жаңбырды қолдан жаудыру», «Ауа кемесінің үшу тарихы», «Ми қалай құрылған?», «Табиғат жаратылысы», «Адам баласының жаратылысы» және тағы басқа тақырыптарда қосымша сабақтар өткізіп, мерзімді басылымдарда осындай тақырыптарда мақалалар басылып отырылды.

Педагог-ұстаздар, әдіскерлер «Жаңа мектеп» журналы арқылы оқу жүйесін жақсартудың өз жолдарын ұсынды. Емберген Табынбайұлы «Сауатсыздықты жою туралы» мақаласында сауатсыздықты жою саяси ағарту жолындағы негізгі істердің бірі екендігін үкімет бұл жолда бірнеше шараларды жүзеге асырып отырғандығын 5-6 ай мерзімінде жоюға болатындығын, ол үшін басты үш нәрсені: білімді ана тілінде оқыту, есеп үйрету, саяси сауаттандыру қажет санады [66, 24-25-бб.].

1927 ж. мерзімді басылымдарда еңбек мектептерін қай тілде оқыту тиімділігі жөнінде пікірталас мақалалар жарияланып, бұл жөнінде айтыстар тартыстар да өрбіді. «Еңбекші қазақ» газетінің 274 санында Оразбек дейтін азамат қазақ балаларына орысша тіл үйретуді ұсынады. Оның бұл ұсынысына «Жаңа мектеп» журналы арқылы Естай Әлкенұлының қолдау көрсетіп, ол да орыс тілін қазақ балаларына үйретудің аса маңызды екен-

дігін дәлелдеуге тырысты [67, 29-31-бб.]. Журналдың 1927 жылғы 1 санында жарияланған Түрікпенбайұлы «Оқу қай тілде болу керек?» деген мақаласында керісінше мектептегі оқу ана тілінде жүргізілуі тиіс деген пікірде болды [68, 27-28-бб.]. Оның бұл пікіріне көпшілік оқырмандар қолдау көрсетті.

20-шы жылдардың екінші жартысында республика жұртшылығын жаппай оқыту мәселесі қызу талқыланды. 1926-29 жж. жоғарғы үкімет мәжілістерінде оқу, мәдени-ағарту жұмыстары талай рет қаралып, оны жақсарту шаралары белгіленген болатын. 1927 ж. басында республиканың ХКК-нің төрағасы басқарған Орталық мектеп-құрылыс комитеті ұйымдастырылды. Жер-жерлерің бәрінде де жаппай оқудың қоғамдық қоры құрылды. Мектеп үйлерін, оқушылардың жатақханасын, оқытушылардың пәтер үйлерін халық өз күшімен салып, жөндеуге кірісті, сенбіліктерге қатысып, онан тапқан ақшаларын оқу қорына қосты. Осы жылдың 25 ақпаны мен 3 наурызы аралығында І бүкілқазақтық мұғалімдер съезі болып, онда Қазақстандағы оқу-ағарту ісі, мұғалімдерді даярлау және қоғамдық жұмыс мәселелері қаралды. Жаппай оқудың алғашқы жылдарында-ақ 500 мыңға жуық бала мектеппен қамтылды. 1925-26 жж. бұл көрсеткіш екі есеге артты.

20-шы жылдардың басында жаппай оқуды комсомолдар да қолдады. Ортаазиялық «Ленин» атындағы ортақшылдар университетінің қазақ студенттерінің «Кедей айнасы» журналы қазақ жастарының, атап айтқанда, комсомол ұйымдарының қолға алған, жүргізіп жатқан іс-шараларының бірі осы сауатсыздықты жою екендігін насихаттай келе, жастардың VII съезінің сауатсыздыққа қатысты қабылдаған қорытындыларын жариялады. Журнал съезде жастардың басты мақсат-міндеттерінің біріне осы жалпы сауатсыздықты жою, оқу-білім, өнерге ұмтылу жолында жұмыс жүргізу болғандығын келтірді [69, 23-24-бб.]. «Жастар дауысы» газетінде жазылғандай, Бөкейде өткен жастар комитетінің 2-ші конференциясында да ұйым мүшелері арасында хат танымаушылықты және саяси сауатсыздықты жою ісіне тез арада кірісу қажеттігі көтерілді [70].

1928 ж. 11 наурызда Мәскеуде Луначарский басқарған Оқу комиссариатының мәжілісінде Алматы мемлекеттік университетін ашу турасында қаулы қабылданды. «Еңбекші қазақ» газетінде бұл ашылмақ университетте бастапқы кездерде педагогика, адам дәрігері, ауылшаруашы-

лығы, мал дәрігері бөлімдерінің болмақтығы, ең бірінші кезекте педагогика бөлімі, екінші ретте ауылшаруашылығы факультетінің мал дәрігері бөлімінің, одан кейінгі жылдарда дәрігерлік факультеттің ашылмақтығы айтылып, Қазақстан үкіметі университетке үй беруге, жатақхана дайындауға, жыл сайын қаражат бөлу міндеттілігі айтылды [71].

Қазақ университетін ашу жайын БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының Қызылордада 1928 ж. 25-29 сәуірінде болған біріккен пленумы да орынды санады. Пленум барысында БК(б)П XV съезінің және өлкелік VIII партия конференциясының шешімдеріне байланысты халық ағарту саласы бойынша сауаттылықты тарату, атап айтқанда, ауылда бастауыш мектеп құрылысында төртжылдық мектептерді барынша дамытып, нығайтумен бірге, жылжымалы мектеп, біржылдық мектеп, жаздық мектеп ашу арқылы оған жастарды, әйелдерді тарту, сауаттандыру мектептері үшін мұғалімдерді даярлайтын курстар ашу, халық ағарту саласына мемлекет тарапынан қаржыны көбейту мәселелері де қарастырылған еді. Негізінде Алматыда Қазақтың мемлекеттік университетін ашу мәселесін 1926 ж. құрылған алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны Қазпедвуздың директоры Т.К.Жүргенов мерзімді басылым арқылы ұсынған болатын. Ол өзінің көзқарасының дұрыстығына нақты мысал ретінде Ресей Ғылым академиясының және М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу университетінің кейбір факультеттерінде алғашқы жылдары бір студенттен болғандығы жайында тарихи мәліметтер келтірді [72].

Қазақстанда жаңа әліпби қозғалысының басталуына байланысты Орталық комитет курстар ашып, жаңа әліпбиді үйрететін мұғалімдерді даярлау, мектептерде жаңа әліпби сабақтарын өткізуді қолға алды. Барлық мерзімді басылымдар бұл қозғалыс туралы үзбей хабарлар жариялап, оның аяқ алысын қорытындылап отырды. «Еңбекші қазақ» газетінде арнайы «Жаңа әліпби» деген айдар ашылып, онда қазақ жастары арасында жаңа әліпби қозғалысы барысын оқырмандарына жеткізіп тұрды. Сауатсыздықты жоюда латын әліпбиін қолдану мәселесі кең қолдау тапты. Жер-жерлерде жаңа әліпбишілер жиылысы болып, үйірмелер ашылған. Семейде құрамында Шарапиұлы, Ақынжанұлы, Сәрсенұлы, Дөнентайұлы, Асқарұлы сияқты азаматтар бар үйірме құрылып, сауатсыздарды жаңа әліпбимен оқытуды қолға алса, ал Қызылжарда жаңа әліпбидің 7-8 үйірмелері бірден ашылып, 300-дей мүшелері болған. Бұлар да мектептегі жазуды латын әліпбиімен жүргізуді қолдаған [73].

Жер-жерлерде жаңа әліппешілер қозғалысы күшейген соң, Қазақ ОК-і 1927-28 жж. арналған жұмыс жоспарын қабылдап, бұл жоспар «Еңбекші қазақта» жарияланды. Жоспар бойынша барлық губернияларда жаңа әліпби комитеттерін ашу, жаңа әліпбимен кітап бастыру, оқу-құралдарын жасау, 100 орындық курстар ашып, жаңа әліпбимен оқытатын оқытушылар даярлау, ең бастысы мектептерге жаңа әліпбиді енгізу қажет болды [74].

1928 ж. 12 қаңтарында «Еңбекші қазақта» барлық әліпби комитеттері мен латыншылар ұйымдарына арналған Орталық жаңа әліппе комитетінің төрағасының орынбасары Ораз Жандосов пен жауапты хатшысы болған Телжан Шонановтың Ашық хаты жарияланып, жаңа құрылатын үйірмелер мен ұйымдарды комитетпен бірлесе жұмыс істеуге шақырды. Сондай-ақ олардың бірнеше басты міндеттерін көрсетіп берді [75].

Қазақстанда мектептер мен жоғары оқу орындарында латын әліпбиінде оқыту бірден енгізілсе де, ісқағаздарына енгізу барысы бірнеше жылға созылды. Бір мезгілде барлық жерлерде латын әліпбиін үйрету ісі ересектер мен жастарды түгелдей қамтыла жүргізілді. Латын жазуын үйренуге ықылас білдірушілер қатары күннен-күнге көбейе түсті. Алайда жаңа әліпбиді үйрететін мұғалімдердің аздығы мен оқу құралдарының жетіспеушілігі және де оқу сағатының аздығы үйренушілерге кедергі келтірді. Сондықтан латынға көшуді қолдаушылар арнайы дайындықтан өткізілген оқытушылар мен қажетті құрал-жабдықтарды жіберуді өтініп, комитетке арыз-ниеттерін жолдай бастады. Бұл туралы мерзімді басылымдарда бірнеше хабарламалар басылып, қолдау көрсету қажеттігі баса айтылды.

Қазақстанға көрші басқа елдердің бәрінде жаңа әліпби ісі күн санап ілгері басып, көбі жаңа әліппемен кітап, журнал, газеттер шығарып отырғандығы айтылып, «Лениншіл жас» газетіне екі бетін жаңа әріппен бастырсын деген ұсыныс да түсті [76].

Жаңа әліпбиге көшу жайы қалалық мектептерде аса қарқынмен жүргізілді. Мектептерде арнайы ұйымдар мен үйірмелер ашылып, жеті сайын латын тілінен сабақтар жүргізіліп, үгіт-насихат ісі қолға алынды. Мәселен, Көкшетау қаласындағы 7 жылдық қазақ мектебінде наурыз айында латыншылар ұйымы ашылып, оқытушылар мен ұя мүшелерінің арасында жеті сайын латын жазуы сабағы өткізіліп тұрса, мектептегі

қабырға газетінде латын әрпі бөлімі ашылып, жаңа әліппе жайында хабарларды басып отырған [77].

Ауылдық мектептерде де жаңа әліппе үйірмелері ашылып, оқу бағдарламасына жаңа әліппе сабақтары енгізілді. Қызылорда уезінің Сұлутөбе қыстағындағы 1 басқыш қазақ мектебінде ашылған жаңа әліппешілер үйірмесінде 1 сәуірден бастап ана тілінің орнына жаңа әліппе сабағы оқылып, жеті сайын үйірме жиналысын өткізіп, осы мәселе бойынша баяндамалар тыңдалды [78].

Орта мектептерде тұрақты түрде жаңа әліппе сабағын енгізу мәселесі жиі-жиі көтеріле бастады. 1928 ж. 23 мамырында Ресей Оқу комиссариаты түркі республикаларына латын әрпін енгізу жөнінде қаулы қабылдады. Онда былай деп келтірілді: а) Ресей комиссарлар кеңесі жаңа түркі әліпбиін аз ұлттарға ұлт әліпбиі деп белгілесін; в) бұрынғы басты сауаттандыру мектептеріне, басқа мәдениет ұйымдарына жаңа әліпби 1928-29 оқу жылынан бастап енгізілсін. Осы жылдан бастап 5 жыл ішінде жаңа әліпбиді жүзеге асырудың жоспары жасалынсын; с) 1928-29 жылға Оқу комиссариаты өз қаржысынан бұл іске ерекше қаржы белгілесін. Жаңа әліпбиге көшуді жүзеге асыру үшін Оқу комиссариаты 1928-29 жылға арнап 352 мың сом ақша бөлді [79, 2-б.].

Жаңа әліпбиге көшудің өз қиыншылықтары болды. Латын жазуының кейбір әріптерінің жиі өзгеріске ұшырауы оны қабылдаушылар арасында түсініспеушілік туғызды. Бұл туралы «Еңбекші қазаққа» жарияланған мына бір мақалада: «...латын әрпінің де «і»-ге бүйрегі бұратын секілді ме, қалай? Өйткені жаңа ғана жарыққа шыққанына қарамай аз уақыттың ішінде «і» әрпін бұ да тоқсан құбылтып отыр. Әуелі «і» әрпі қылып, «ъ»-ні алып еді, бұл келіссіз болды деген секілденіп бас салып «у» қылып өзгертті. Соңғы кезде оны тастай беріп, баяғы «ъ»-ға қайта көшіпті дегенді естіп отырмыз» делінді [80]. Шындығында да, латын әрпінің кейбіреулері бірнеше рет өзгеріске ұшырап, оқытушылардың өздері де жазу барысында қай әріпті қолдану керектігін білмей қиналған кездері жиі кездесті.

1928 ж. 18-23 желтоқсанда Қазан қаласында Одақтық жаңа әліпби кіндік комитетінің III пленумы өтіп, оған Әзірбайжан, Татарстан, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан және басқа түркі елдерінің өкілдері қатысып, жаңа әліпби төңірегінде бірнеше мәселелер қарастырған еді. Пленумға араб жазуын жақтаушы зиялылар да қатысты.

Бұл турада «Жаршы» журналына Телжан Шонанов: «Арабшылардың бастықтары Қазанда болатын. Қазақ арабшылары Қазан жаққа көзін сүзетін. III пленум арабтардың осы қазандағы қамалын алды. Бұрын жоғарғы партия мен кеңес орындарына жаңа әліпті жамандап арыз берген татар арабшыларының 82 бастығы болатын. Олар жаңа әліпшілерді кеңес үкіметінің дұшпаны да қылып көрсетпекші болған. III-ші пленум жұмысын көріп, түрік еңбекшілері әліпке жұмсалғанын көрген соң осы арабшылар газетке жазып, пленумға да келіп қателерін мойынға алды», — деп жазған еді. Шындығында да, бұл III пленумда латыншылар мен арабшылар арасында қатты тартыс болып, латын әліпбиінің қабылдануын жақтаушылар өздерінің пікірлерінің дұрыстығын дәлелдеп, арабшыларды мойындатқан еді.

Негізінде барлық түркі республикаларына латын әрбіне көшуге байланысты 5 жылдық жоспар жасау 1928 ж. 1 қаңтарда Ташкентте өткен II пленумда көтерілді. Пленум шешімі бойынша әр республика жаңа әліпбиге көшудің нақты мерзімін көрсеткен жоспарларын III пленумның талқысына қойды.

Қазақ латыншылары III-ші пленум қарсаңында өткен конференциясында жаңа әліпбиге көшуді 1931 жылға дейін аяқтау мәселесін көтерді. Ал басқа республикалар бұл жөнінен Қазақстаннан ілгері кетіп, қазақ латыншылары жаңа әліпбиге көшу ісін енді бастап жатқан кезде, өздерінің ақпарат құралы болған газет-журналдарды латын жазуында шығарып, мектептердегі жазуды да латын тіліне көшірген еді. Міне, сондықтан III пленум барлық жерде жаңа әліпби 1-2 жылда іске толықтай ассын деген қаулы шығарды [81, 3-б.].

Қазанда III пленум өтіп жатқан кезде 19 желтоқсанда (1928 ж. — С.С.) ҚОАК-нің «Жаңа қазақ алфавитін (әліппесін) енгізу» турасындағы заңы қабылданды. Онда араб әліппесінің педагогикалық жағынан да, техникалық жағынан да алып қарағанда жарамсыз болып қалғандығы айтылып, оның орнын латын әріптерімен алмастыру мәселесін еңбекші халық міндет қылып отырғандығы келтіріліп, 12 бөлімнен (пункт) тұратын қаулы бекітілді. Сөйтіп барлық мемлекеттік және кооперативтік мекемелер, ұйымдар, кәсіпорындарда 1931 жылдың 1 қазанына дейін ісқағаздарды жаңа әліппе негізіне көшіру, қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар 1930 жылдың 1 қаңтарынан бастап латын әрібінде басылу, 1931-32 жж. барлық жоғары оқу орындарындағы жазуды жаңа әліппеге алмастырған болды [82, 91-92-б.].

Латын әліпбиіне көшу сауатсыздықты жоюмен қатар жүргізіле берді. Елдегі мәдени істі дамытуда сауатсыздықпен күресу басты мақсат екендігін «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған Ш.Тоқжігітов жастарды шамасына қарай үлкенді-кішілі мектептерге тартып, жаңа әліпбимен оқытуға бел буа кірісіп жатқандығын атап өткен [83].

Оқу комиссариаты I және II басқыш мектептердің жайын жиі тексеріп отырды. Оларды оқу кітаптары, әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету жолдарын да қарастырды. 1928 жылғы мәлімет бойынша Бүкіл Қазақстанда I басқыш мектептердің саны – 3574 болып, онда 214,475 оқушыға 5923 оқытушы дәріс берген, 19 II басқыш мектепте 5919 оқушы оқып, 247 оқытушы қызмет еткен. 7 жылдық мектептердің саны – 77 болып, онда 1597 оқушы оқып, 783 оқытушы дәріс берсе, 9 жылдық 13 мектептегі 1597 оқушыны 193 оқытушы оқытқан [84].

Оқу бөлімдері қызметкерлерінің, әсіресе облыс, аудандардағы оқу бөлімдері қызметкерлерінің жұмыс барысы да тексерілді. Бұл тексерістердің нәтижесі жиналыс, пленум, мәжілістерде айтылып, қорытынды жасалды. Мәселен Ораз Жандосов ағарту қызметкерлерінің жиналысында жасаған баяндамасында тексеріс барысында ел ішінде оқу үйлерінің қызметкерлері үкімет талабына сай еместігін сынға алды [85].

Оқу-ағарту ісінде басқыш мектептерге байланысты бағдарламалар құру ісі де қолға алынды. Семей уезінің Шыңғыс болысындағы мұғалімдері алдағы оқу жылына жоспар жасап, оқу жүйесінде әдістемелік тәжірибелер қолдануды басты мақсаттарына қойды. Олар өз оқу жоспарының Оқу комиссариатының талабына сай жасаған. Мұғалімдер жиылысында алдағы 4 жылдың оқу бағдарламасы талқыланып қабылданды. Оқытушылар күнделікті өткізілетін сабақтарына жоспар жасап, оқу меңгерушісіне тексертіп отырған [86].

1929 жылдың сәуір айында болған Қазақстан Кеңестерінің VII съезі «жаппай сауатсыздықты жою ісіне кірісу» турасында, 17 мамырда БК(б)П ОК-і «Сауатсыздықты жою жөніндегі жұмыс туралы» қаулы қабылдап, онда шығыс республикалар мен облыстарда халықтар түгел дерлік сауатсыз екендігін айта келе, алдағы ең маңызды міндет ретінде осы жерлерде сауатсыздықты жою шарасына кірісу қажеттігін көрсеткен болатын. Осы қаулыдан кейін ауылға бұқаралық мәдени жорық жарияланып, ең басты міндетке сауатсыздықты жоюды қойды.

1929 ж. 25 шілдеде ҚАКСР ОАК-нің жаңа қазақ орфографиясын бекіту жөніндегі, 14 тамызда жаңа әліпбиді Халық ағарту комиссариатының

бүкіл мектептеріне енгізу турасында қаулысы қабылданды [82, 140,163-6.].

1930 ж. басында мәдени жорық кең құлаш жайды. Өлкелік және округтерде, қалаларда, аудандар мен ауылдарда жергілікті штабтар ұйымдастырылып, оны басқару О.Жандосовқа жүктелінді. Осы жылдың 11 ақпанда Қазақ АКСР ОАК-нің сауатсыздықты міндетті түрде жою туралы декреті қабылданғаннан кейін республикада сауатсыздықты жою пункттері құрыла бастады. Бұл пункттерге үкімет тарапынан арнайы қаржы бөлініп, оқытудың орташа мерзімін 6-8 сатыдан төрт ай, шала сауаттылар мектептерінде 6 ай деп белгіледі.

1930 ж. 5-12 мамыр аралығында Алматыда Одақтық жаңа әліппе кіндік комитетінің IV пленумы өткізіліп, онда жаңа әліпби жұмысын жандандыру жайы қарастырылып, жаңа (латын) әліпбиді 36-дай халықтың алғандығы, Қазақстанның әліпбиді енгізуді биылғы жылы толық бітіргелі отырғандығы айтылды [87, 4-6.]. Осы жылы жаңа түрік әліпбиінің Орталық Комитеті КСР Одақтық ОАК-нің жанындағы жаңа әліпбидің бүкілодақтық орталық комитеті болып қайтадан құрылды.

1930 ж. 18 мамырда БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің шешімі бойынша, жаңа мәдени жорық жүзеге асырылып, ол республиканың неғұрлым артта қалған 28 ауданын қамтыды. Бұл жорыққа жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары, Ағарту халық комиссариатының курстарының мұғалімдері тартылды. 30 мамыр мен 6 маусымда болған бүкілқазақстандық VII партия конференциясы Қазақстандағы сауатсыздықты толықтай бірінші бесжылдықтың ішінде жоюды аяқтау және жалпыға бірдей бастауыш оқуды міндеттеу мәселесін қарарына алды. Сонымен қатар мүмкіндігінше қысқа мерзімнің ішінде араб әліпбиін пайдалануды тоқтатуға қол жеткізе отырып, жаңа әліпби бойынша сауаттануды тереңдету жөнінде шараларды дамыту көзделінді [88, 117-118-66.].

27 тамызда БК(б)П ОК-нің және КСРО мен РКФСР үкіметтерінің шешімдері бойынша Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті және Халық Комиссарлар Кеңесі жаппай бастауыш оқуды жүзеге асыру ісіне кірісуі тиіс болды. Республиканың жергілікті ерекшеліктеріне қарай отырып, жаппай оқу қоныстанған ауылдар мен селолық жерлерде және қалаларда, жұмысшы поселкаларында, совхоздарда, қоныстанып жатқан аудандар мен ірі колхоздарда 1930-31 жылдан бастап, көшпелі аудандар-

да 1931 жылдың көктемінен бастап енгізілді. Барлық балаларды бастауыш мектеппен қамтамасыз ету жер-жерлердің бәріне де 1933-34 оқу жылдарында түгел аяқталуға тиіс болды. Алайда оқытушылардың көпшілігінің тәжірибесі мен біліктілігі төмен дәрежеде еді. Педагогикалық оқу орындары қажетті оқытушы мамандармен қамтамасыз ете алмады.

30-жылдардың ортасына дейін халықтың көшпелі тұрмысы, оның сирек қоныстануы және ауылдардың бытыраңқылығы салдарынан Қазақстанда жазу, оқу, есептеу ісінің жеңіл жолдарын үйрететін екіжылдық немесе үшжылдық тіпті біржылдық тым ұсақ мектептер көп болды. Дегенмен бірінші бесжылдық ішінде сауатсыздықты түгел жою жүзеге аспай қалды. Оған қаржы тапшылығы, оқу құралдары мен оқулықтардың жетіспеуі, сауатсыздықты жою жеткілікті түрде ұйымдаспауы себепші болды. Соған қарамастан халық ағарту саласында елеулі алға жылжулық байқалды.

1931 ж. 5 қыркүйегіндегі «Бастауыш және орта мектептер туралы», 1932 ж. 25 тамыздағы «Бастауыш және орта мектептің «оқу бағдарламалары мен тәртібі туралы» қабылданған қаулылар оқу жүйесінің жаңа кезеңін бастап берді. Осы қаулыларда мектептерде орын алған кемшіліктер айқындала көрсетіліп, оқушыларды өздігінен істейтін жұмыспен ұштастырылған сыныпта сабақ оқытудың негізгі түрі ретінде қабылдау мәселесі айтылды.

С.Меңдешев Қазақстандағы мектептердің саны «Жаршыға» жариялаған мақаласында 53,2 пайызға өскендігін, 1930-31 жж. 6404 мектептер ашылып, онда 187 000 бала оқитындығын, оның 118 000 қазақтар екендігін айта келе, сауатсыздықты жоюда ересектерді де оқуға тарту мәселесін көтерді. Сонымен қатар мектептерді өндіріспен байланыстырудың маңыздылығын атай отырып, Қазақстанды жаппай сауатты ел қатарына қосуда әлі де сауаттандыру ошақтарын, қызыл үйлерді, мектептерді көбейту қажеттігін ұсынды. Қазақстанның 80 ауданында 626 оқу үйлері, 36 ауданында 59 қызыл отау, 38 ауданда 156 кітапхананың, 51 ауданда 274 клубтың, 25 ауданда 51 кинотеатрдың барлығын ірі жетістікке жатқызды [89, 1-2-бб.].

1932 ж. 14 желтоқсанда Қазақ АКСР ОАК-ті жаңа декрет қабылдап, республикадағы барлық 15-тен 50 жасқа дейінгі сауатсыздардың бәрін міндетті түрде оқыту тәртібі енгізілді. Ал 15-18 желтоқсанда болған БК(6)П Қазақ өлкелік комитетінің пленумында бастауыш мектеп тура-

лы мәселе талқыланып, жалпыға бірдей бастауыш оқуды жүргізуде елеулі табыстарға жеткені атап көрсетілді [88, 184-195-бб.].

1934 ж. 8-16 қаңтарда өткен БК(б)П Қазақстан өлкелік VIII конференциясында бастауыш мектептерді нығайтуда, әсіресе ауыл мектептерін дамытып, нығайтуға ерекше көңіл бөлу, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы мектеп-интернаттарды көбейту, қазақ ауылдарындағы екі және үшжылдық мектептерді ең аз дегенде төртжылдық толық кешенді мектептерге айналдыру, мұғалімдерге қиянат жасағандарды аса қатаң жауапкершілікке тарту, мұғалімдерге қамқорлық жасау, жаңа мектеп салуға, мектеп үйлерін жөндеу қажеттігі баса көрсетілді [88, 237-338-бб.].

Осы жылдың 15 мамырдағы қаулысында КСРО ХКК-і мен БК(б)П ОК-і КСРО-ның барлық мектептерінде тарих пәнін оқыту өте нашар жолға қойылған, тарих оқулықтарының мазмұны аса төмендігін айта отырып, 1935 жылдың маусымына дейін дүниежүзі тарихынан, орта ғасыр тарихынан, жаңа тарих, КСРО тарихынан, тәуелді және отарлы елдердің жаңа тарихынан оқулықтар даярлау міндетін қойды. Ол үшін 1 қыркүйектен Москва және Ленинград университетінің тарих факультетін қалпына келтіре отырып, әрқайсысына 150 адамнан 5 жыл мерзіміне студенттер қабылдау арқылы тарихшы мамандар дайындау көзделді.

1935 ж. 16-20 наурызда өткен БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің пленумында халық ағарту органдарына барлық аудандарда кітапханалар ашу және кітапханалар мен қызыл отау меңгерушілерін сауатсыздықты жою жөніндегі жұмысқа міндетті түрде тарту, жақсы сауаты бар колхозшы, кәсіподақ мүшелері, коммунист, комсомолдарды, жоғары оқу орындарының студенттерін сауаттылық жолындағы күреске кең көлемде жұмылдыру мәселесі қойылды [88, 291-294-бб.].

Мектептерде оқытушылар арасында оқушыларға күш көрсету, ұрып-соғу фактілері де кездесті. Мәселен, «Лениншіл жас» газетіне «Бұлар мұғалім емес, молдалар» атты мақала басылып, онда Қызылордадағы Рысқұлов мектебінің және Ақсу жетім балалар үйі мен Қазалы жетімдер үйінде мұғалімдердің балаларды ұрып оқытатындығы туралы жазылды. Күннен-күнге мектеп жұмыстарының тәртібі жақсарып келе жатқанымен, бұрыннан қалған зиянды әдеттер, жұмыстағы жауапсыздық әлі де кездесетіндігі, оқу үрдісінде көп кемшіліктердің орын алып отырғандығы да атап өтіліп, нақты мысалдар келтірілді. Шет ауданындағы Байше-

гір серігінің мектебінде оқу бір күн болса, екінші күні оқытылмай, оған оқытушы Исатай Омаров салақ қарап, өзінің жеке ісімен айналысып кеткен [90]. Әрине, бұл жерде қуғын-сүргін науқанының ізі барлығын да ұмытпаған жөн. Партия мен үкіметтің тапсырмасымен «кеңес үкіметіне» қарсыларды әшкерелеуде осындай мақалалардың жазылуы заңды.

Газеттерде мектеп бағдарламаларындағы кемшіліктердің орын алып отырғандығы, оқу құралдарының мазмұнында ірі қателіктердің барлығы баса жазылды. «Лениншіл жас» газетінде балалар әдебиеті мен оқулықтарындағы кемшіліктер де айқын көрсетілді [91].

Қазақстанда баспасөздің дамуы сауат ашуға тікелей пәрменді көмек көрсетті. Баспасөз жұмысшы, шаруалармен тығыз байланыс жасай отырып, қазақ жастарын, әйелдерді қоғамдық-әлеуметтік өмірге тарту мәселесінің жайын әр алуан материалдармен күнделікті талқылап отырды. Халық ағарту ісін дамытуда баспасөздің рөлі үгіт-насихат құралы ретінде зор болды. Газет-журнал беттерінде оқу ісінің жетістігі, кемшілігі, оны жою жолдары турасында көлемді мақалалар мен очерктер, ұсыныстар, хабарлар жарияланып тұрды. Оқу-ағарту саласының органы ретінде шығып тұрған «Жаңа мектеп» журналы мен т.б. республикалық, облыстық басылымдарда үкімет пен партия шешімдерінен басқа, білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түрлі оқу бағдарламаларына қатысты ой-пікірлер де жарық көрді.

Сонымен 20-30 жж. қазақ тіліндегі баспасөздер ақпарат құралы ретінде халық ағарту саласында, біріншіден, сауатсыздықты жоюға күш салса, екіншіден, еліміздегі осы саланың жетістіктері мен кемшіліктерін айқындап көрсетуде елеулі рөл атқарды. Үкімет пен партияның ағарту саласына қатысты қабылдаған қаулы, қарарларының, жарлықтарының орындалу барысын айқындап отырды.

4.2. Әйел және жастар жайы

XX ғ. 20-30-жылдары үкімет пен партия жастар мен әйелдерді социалистік құрлыс ісіне тартуды негізгі міндетіне алған болатын. Ол үшін қазақ әйелдері мен жастарын «қараңғылық» деп аталған шырмаудан алып шығып, кеңестердің қолдауымен үкімет ісіне араластыру, социализм жолындағы күреске жұмылдыру қажет еді. Өлкенің мәдениетін

көтеруде жастар мен қазақ әйелдерін сауаттандыру, оларды арнайы оқу орындарына жіберіп, оқыту мәселесі қолға алына бастады.

1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерісі нәтижесінде орнаған Кеңестер өкіметі ғасырлар бойы күндікте болып келген қазақ әйелдеріне азаттық әперді. 1919 ж. қыркүйек айында өткен РК(б)П ОК-нің пленумында партия комитеттері жанынан әйелдер бөлімін ашу туралы шешім қабылданғаннан кейін Қазақстан губернияларында әйелдер бөлімі ұйымдастырыла бастады. Семей, Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Ақмола губернияларында әйелдердің губерниялық, уездік бөлімдері ашылып, олар конференциялар өткізді [92].

1920 ж. Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін үкіметтің жүргізген шараларының бірі — әйел мәселесі, яғни оларды оқыту, мемлекет ісіне тарту, қалыңмал, әмеңгерлікке қарсы күрес жүргізу мәселелері болды.

20-жылдардан бастап қазақ тілінде газет, журналдарда әйел тақырыбы арнайы түрде көтеріле бастады. 1920 ж. 9 желтоқсандағы ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің қабылдаған декреті күн төлеу мен күн алуға тыйым салды. Ең алғаш рет бұл декрет «Ақ жол» газетінің 1921 жылғы 19 қаңтардағы санында жарық көрді. Бұдан кейін 1920 ж. 28 желтоқсанда республика үкіметі қалым алуға, көп әйел алушылық пен әмеңгерлікке де тыйым салған болатын [93].

Қалыңмалды жою туралы декреттің шығуы үлкен тарихи оқиға болды. Алайда декретті қазақ әйелдері сүймеген күйеуінен босану деп қана түсінді. Бұл қате пікірді ұғындыру үшін мерзімді басылымдарда әйелдерге арналған арнайы айдар ашылып, онда қалыңмалмен күрес жүргізу барысы, қазақ әйелдерін білім алуға тарту мен олардың қол жеткізген жетістіктері туралы жазылып отырды. Сөйтіп әйел жайы қазақ мерзімді баспасөзінің бірден-бір өзекті тақырыбына айналды. Аталған заңдар Қазақстанда баяу жүргізілгендіктен барлық қазақ тіліндегі басылымдарда қыздарын қалыңмалға сатқандарды және көп әйел алушылардың заң жүзінде қудаланатындығы жөнінде хабарлар жылдар бойы жарияланып тұрды. «Еңбекшіл қазақ» газетінде әйелдер бөлімі бұл заңдар жөнінде мақалаларды жиі басты. Жалпы 20-30-жылдары қазақ әйелдерінің тақырыбын жиі көтерген газеттердің қатарына «Ақ жол», «Қазақ тілі», «Еңбекшіл қазақ», «Бостандық туы» газеттерін жатқызуымызға болады. Аталған газеттер қазақ әйелдерінің тұрмыс-тіршілігін, халін жазып қана қоймай, қазақ қыздарын басылымдарға белсе-

не араласуға тартты. Баспасөз арқылы Н.Құлжанова, С.Есова, Н.Арыкова, М.Бегалиева, А.Оразбаевалар әйел теңдігінің мәнісін түсіндіре отырып, қазақ әйелдерін сауатсыздықты жойып, ерлермен тең құқықта өмір сүруге шақырды.

Қалыңмалды жою турасындағы декреттен кейін «Ақ жол» газетіне Сара Есованың «Әйел теңдігі» атты мақаласы жарияланып, ол әйелдердің бостандық күні туғандығын қуана хабарлай отырып, қазақ әйелдерін теңдік жолында күресуге шақырды [94]. Ғазымбек Бірімжанов та осы газетке жариялаған «Әйел еркі» атты мақаласында қазақ әйелдерінің езгі көруі, басқа ұлттардың әйелдерінің тағдырымен ұқсас екендігін көрсетті. Бұл жазғанын дәлелдеу үшін Герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері Август Бебельдің сөзіне жүгінді. Мақалада оның «жұмысшылар мен әйелдерді біріктіретін нәрсе — екеуінің де езілгендігі. Жалғыз-ақ айырмашылығы — әйелдердің жұмыскерлерден де бұрын езіле басталуында: адам баласы шын құлдықтың не екенін білмейтін уақытында-ақ әйелдер құл бола бастаған» деген пікірін келтірген. Автор Кеңес өкіметі мен ортақшыл партияның әйел бостандығын, теңдігін бірден қолға алмай, ол жөніндегі низамды төрт жылдай уақыт өткеннен кейін шығару себебін түсіндірді. Заң шықса да әйелдердің бостандық, теңдікке бірден қол жеткізуі мүмкін еместігін, ол үшін үлкен дайындықтың керектігін ескертті. Оның пайымдауынша, бұл орайдағы күштің көбі әйелдердің өзіне түсуге тиіс. Билікте, әлеумет ісінде тек ер азаматтар жүргендіктен әрі олардың кейбіреулерінің психологиясында әйелді әлі де ошақ иесі деп есептеуі қыз-келіншектерді үкімет жұмысына араласуына кедергі болғандығын айта келе, бұған қарсы күреске шығуға үндеді [95].

Осы мақаладағы пікір жөнінде баспасөз саласын терең зерттеген ғалым Т.Қожекеев: «Бұл пікір өз кезінде үлкен үгіттік, оятушылық мәні бар, үндеу пікір еді. Кеңес өкіметінің әркімге өзін-өзі билеу құқын бергендігі туралы жар салған, ұранды пікір еді. Бірақ шын бостандық, шын теңдік тек ерік алуда емес, әркімнің өзін-өзі билеп, қимыл-әрекет жасауда екенін, өзін-өзі билеп күресе алмаған кісіге бостандық та, теңдік те жоқ екенін, өзі жараман кісіге бұл аңсаған нәрселерді ешбір үкіметтің, ешбір низамның зорлап таңа алмайтынын ескертетін пікір еді», — дей отырып, Ғ. Бірімжановтың әйелдердің хал-күйі ер-азаматтардың оларға деген қамқорлығына, оң көзқарасына байланысты деген ойын орынды санады [3,16-б.].

«Ақ жолға» жарияланған Ғ.Бірімжановтың келесі бір мақаласы заңның шығуына байланысты кейбір қазақ әйелдерінің енді «ерік алдым, теңдік алдым» деп желөкпелікке салынып, күйеулерінен кетіп, үкіметтің берген теңдігін теріс түсініп жүргендігіне байланысты болды. Әйелдердің арасында ата-дәстүрден келе жатқан қасиеттерді жоғалтып, ар-ожданды аяққа таптап, имансыздық жолында жүргендердің барлығына қынжыла отырып, бірнеше мысалдар да келтірді. Сонымен қатар ол қалыңмалды жою, әйел теңдігін аяққа басуды қою туралы заңның кейбір жерлерде мүлдем қажетсіз санап, жасы кіші балаға (он жастағы — С.С.) бойжеткен қызды алып беру немесе кәрі шалға жас қыздарды беру сияқты оқиғалардың жиі кездесетіндігін мысалмен айта отырып, осындай бір оқиғаның жанжалға айналып, насырға шапқандығынан бұл іске қазақтың оқыған азаматтары араласқандығын келтіреді [96].

1921 ж. 11-18 маусым аралығында Орынборда өткен РК(б)П Қазақстан облыстық бірінші конференцияда қазақ жастары мен қазақ әйелдер мәселесі көтерілді. Күн тәртібіне қойылған «Қазақ АКСР-індегі партиялық жұмыстың міндеттері туралы» және «Партия құрылысы» туралы қарастырғанда Қазақстанда жастар мен әйелдер арасында әлі де болса үкімет тәрпынан жүктелген жұмыстардың жете жүргізілмей, әйелдер күндікте ұсталып отырғандықтан, олардың адами қадір-қасиеттері аяққа тапталынғандығы айтылып, қазақ жастары мен қазақ әйелдері арасындағы жұмыс жүргізудің нақты міндеттерін белгіледі [4, 10, 24, 34-бб.].

1922 ж. 2 қаңтарында қабылданған декрет қалыңмал, көп әйел алушылық әлеуметтік тұрғыдан қауіпті делініп, қылмысты түрде жазаланатынын ескертті. Бұл декретті Қазақ үкіметі 1924 ж. заңды акті ретінде қабылдады [97].

1922 ж. 2-5 қазан айында Орынборда РК(б)П Қазақстан ұйымы губерниялық партия комитеттері хатшыларының бірінші кеңесінде әйелдер мен жастар үшін газет беттерінен арнаулы бет ашу туралы мәселе қозғалды [4, 61, 64-бб.]. Жалпы 20-жылдары Одақ көлемінде әйелдерге арналып 18 журнал мен бірнеше газеттер шығарылды [92].

Қазақстанда шыққан «Теңдік» газеті, «Әйел теңдігі» журналы қазақ әйелдерінің ең алғашқы жеке басылымы болып, қыз-келіншектердің құқығы, қалыңмалмен күрес, оларды әлеуметтік қызметке тарту және сауатсыздықтарын жою мәселелерін жариялап, қоғамдық қызметке

араласуына жол ашты. Семей губкомы әйелдерді халық соты қызметіне тарту жөнінде шешім қабылдап, әйелдердің қалыңмалға сату, көп әйел алушылық, күштеп күйеуге беру сияқты істерге тосқауыл болады деп есептеді. Әйелдер бөлімі халық сотымен тығыз байланыс жасап тұруы тиісті деп шешті [98].

1922 жылдан бастап Қазақстанның жер-жерлерінде әйелдер бөлімі құрыла бастады. 1923 ж. 3-6 қыркүйекте Қазақстанның өлкелік әйелдер бөлімі меңгерушілерінің жиналысы өтіп, оған 22 делегат әйелдер қатысты. Бөкей Ордасының губерниялық әйелдер бөлімінің меңгерушісі М. Беғалиева жасаған баяндамасында губерниядағы әйелдер бөлімі жұмысының ақсап отырғандығы, оған бөлім қызметкерлерінің қысқартуға түсуінен деп көрсетті [5, 95-б.].

1923 ж. 11-15 қазан аралығында Орынборда РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің кеңейтілген пленумы өткізіліп, жастар арасындағы жұмысты күшейтуге, комсомолдың беделін нығайтып, республиканың қоғамдық өмірінде оның рөлін арттыруға назар аудару [4, 99,117-118-бб.] ұсынылды, 6 желтоқсанда қабылданған заң қырғыз (қазақ) әйелдерін қалымнан азат ету күнін 28 желтоқсанды мейрамдау белгіленді [82, 18-б.]. Бұл қазақ әйелдерінің құқығын қорғаған тұңғыш заң актісі болды. Осы қабылданған заңның мақсатын С.Меңдешев «Еңбекшіл қазақта» әйелдерін күндікте ұстап келген еркектердің, байлардың, діннің тарапынан құтқару деп түсіндірді. Сонымен қатар бұл заңның орындалу барысы қалай өткендігін, дәл сол заң қабылданған күнді әйелдердің екінші мейрам күні деп мерекеленіп отырғандығын қуанышпен хабарлады [99]. Сөйтіп 28 желтоқсан күні жалпы қалыңмалдың жойылған күні, әйелдердің екінші мейрамы есебінде мерекеленді. Бұл турада «Еңбекшіл қазақ» газетіне жарияланған «28-нші декабрь — қазақ әйелінің мейрамы» деп аталған мақалада Қазақстан Орталық Комитетінің тарихи ұлы жұмыстарының бірі қалыңмалды жою туралы декретті қабылдау екендігі айтылып, осы декрет бұрындары қалыңмалға сатылып, әйел үстінен әйел болып барған жас қыздардың басын азат етіп, өз теңіне қосылуға жағдай жасағандығын, олардың үкімет қызметіне араласып, сайлауларға қатысып, жоғары оқу орындарында оқуға жол ашқандығын атап өтті [100].

Әйелдерді жоғары оқу орындарына тарту мәселесі де қолға алынуға тиістілігі көтерілді. Бұл кездерде қазақ қыз-келіншектерінің көпшілігі

институт, техникумға тартылып, қажетті қаражатпен де қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатқан болатын. «Қызыл Қазақстан» журналында көрсетілгендей, 1924 жылдың соңында қазақ институтында 16 қыз-келіншек оқыған. Бұлардың 2-і Орал, 1-і Ақтөбе, 9-ы Бөкей, 4-і Қостанай губернияларынан болды [32, 20-б.].

1923 ж. 13 желтоқсанда Қазақ АКСР-нің Орталық Атқару Комитеті Президиумының отырысында қазақ әйелдерінің тұрмыстық жағдайын жақсарту жөнінде комиссия құрылып, оны ҚОАК-нің төрағасы С.Меңдешев басқарды. Комиссия қалым, көп әйел алушылыққа тосқауыл қою, ескі әдет-ғұрыптарға тию салу сияқты жұмыстарды жүргізуді қолға алды [5, 98-99-б.].

Әйелдердің арасында жұмыс жүргізу барысында қолданылатын ұрандар да арнайы тексеріліп, оны насихаттау баспасөз арқылы жүзеге асырылып отырылды [101]. Алайда үкіметтің қабылдаған қарарларына қарамастан, қалыңмалмен күресу барысы аса баяу жүрді. Бұған себеп болған аталған заңдардың халық арасына тарамдауы, тиісті орындардың заңды орындамауы болды. Бұл турада «Тілші» газетіне жарияланған Қ. Абдуллиннің «8 март хәм қазақ-қырғыз әйелдері» атты мақалада айқын келтірілді. Автор әйел мәселесінің әлі де шешімін таппай отырғандығын айта келе, оның түбінің әлі жұмбақ екендігін, тек құрғақ сөз, бос уәдеден басқа еш серпіліс жоқтығын уайым етіп, қазақ қыздарын шалға беру, әйелдерді оқытпау, қызметке араластырмау ісі белең алып отырғандығына қынжылыс білдірді [102]. «Қазақ тілі» газетіне жарияланған «Қалыңмал қалар емес» деп аталатын мақалада қалыңмалмен күрес барысы әлі де болса әлсіз жүргізіліп жатқандығы айтылып, оған дәлелді мысалдар келтірілсе [103], «Жастар дауысы» газетінде қалың-малды жоюдың кемшіліктеріне қазақ қыздары арасында белсенділер дайындау жұмысының ақсауын, қалыңмалға қарсы үгіт-насихаттың нашарлығын, қыздардың комсомол қатарына тартылауын жатқызып, бұл іске комсомол ұйымдарын араластыру, әйел бөлімдерінің жұмыстарын күшейтуді жүзеге асыру қажеттілігін көтерді. Ол үшін ауылды жерлерде қыздар (әйелдер) ұйымын ашу, сол арқылы қазақ қыз-келіншектерінің құқығын сақтау жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына қабылданған заңның маңыздылығын түсіндіру арқылы қалыңмалға сатуға жол бермеу керектігі айтылды [104].

Мұрағат құжатында көрсетілгендей, 1924-25 жж. 429 қалымға

байланысты іс қаралып, сот шешімі бойынша 82 адам сотталған болса, 1925-26 жж. қалымға қатысты жалпы 624 іс қаралып, оның 142-і сотталған. 1927 ж. 650 адамның 76-ы қалым бергені, 54-і қалымды алғаны, 16-ы екі әйел алушылық, 5-і кәмелетке толмаған жас қыздарға үйленгендері үшін істі болған [105].

Қалыңмал алушылар мен берушілердің ісі сотқа тартылып жатса да, елде әйел үстіне жас тоқал алу немесе әмеңгерлік жолмен екінші әйел алу деректері жиі кездесіп отырды. «Қызыл ту» газетінде Орда ауданында 2 әйел үстіне 3-ші әйелді алмақ болған болыстың іс-әрекеті туралы жазылды. Қыздарды саудалау ісінің әлі де барлығы баса айтылды [106].

1924 ж. 11-16 мамырда Орынбор қаласында өткен қазақ коммунистерінің IV конференциясында қалыңмал беру, көп әйел алу сияқты өрескел сарқыншақтармен күресу, қазақ халқының тұрмысын жан-жақты зерттеу, қазақ жастарының мейрамдары мен ойын-сауығына жаңа мазмұн енгізу, орыс, қазақ жастары арасында туысқандық байланыс орнату, өлкенің шаруашылық және саяси өміріне қатысу, бірлесіп жұмыс істеу сияқты міндеттерді қойса, осы жылдың 26 мен 28 қыркүйек аралығында өткен РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің пленумында да әйелдер мен жастар арасында жұмыс істеуге көңіл аудару қажеттігі баса айтылды. Әйелдер бөлімінің негізгі назарын ауыл мен деревнядағы жұмысқа жұмылдыруына күш салу, әйелдер арасында қызметкерлер кадрларын көбейту және олардың конференцияларға шақырып тұру кедей және батырақ әйелдердің құқықтық, экономикалық мүдделерін қорғау, қалыңмал беру, көп әйел алушылыққа тыйым салу, жастарды комсомол ұйымдарының жұмысына кеңінен тарту, қазақ қыздарын комсомол қатарына тарту сияқты міндеттерді шешуді міндеттеді [4, 99, 177-178, 186-188-бб.].

Қазақ әйелдерін кооперативтерге, «Қосшы» ұйымдарына тарту, кеңес сайлауына қатыстыру сияқты іс-шараларды жүргізу қолға алына бастады. Әсіресе әйелдерді аудандық кеңестер тобына қатыстыру үшін әр ауылдан бір әйелден сайлау керектігі айтылды. 1925 ж. 21 сәуірінде Қазақ өлкелік комитетінің жиылысында Қазақ өлкелік комитетінің әйелдер бөлімінің меңгерушісі Алма Оразбаева Қазақстандағы қазақ әйелдері бөлімінің жалпы жағдайы жөнінде баяндама жасап, бөлімдердің жұмысының қанағаттанарлық дәрежеде екендігін атап өтті. Қазақ әйелдерінен съездерге делегат ретінде қатысатындардың қатары көбейіп келе жатқан-

дығы, кеңестік құрылысқа көптеп тартылып, партия қатарына кіруге ықылас білдіріп отырғандығы келтірілді. А. Оразбаева әйелдер бөлімінің алдағы басты міндеті көшпелі аудандардағы қазақ әйелдерін қоғамдық жұмысқа тарту екендігін баса көрсетті [107].

1925 ж. 30 шілдесінде Қазақ өлкелік комитеті барлық губернияларға қызыл отаулар ұйымдастыруды міндеттеді. Өлкелік комитеттің қаулысында бұл қызыл отаулар әйелдер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізіп, денсаулық сақтау, білім алуды түсіндіру, түрлі сауық кештерін, концерттер ұйымдастыру, әйелдерді қоғамдық жұмыстарға тартуға тиіс болды [108]. Ең алғашқы қызыл отау 1925 ж. қыркүйегінде құрылып, жыл соңына қарай олардың саны 50-ге жетті. Негізінде қызыл отаулар жаз айларында көшпелі қазақтармен бірге көшіп-қонып жүрді. Отаулардың сауатсыздықты жоюға арналған құрал-жабдықтары, шағын кітапханасы, газеттері мен түрлі ұрандар жазылған плакаттары болды.

Қазақ әйелдерінің арасындағы жұмыс әр губернияда әрқилы жүргізілді. Тіпті кейбір губернияларға қарасты аудандарда қызыл отаулар қағаз жүзінде ғана қалып қойды. Осындай келеңсіз жайттарды жоюды 1925 ж. 1-7 желтоқсан аралығында өткен БК(б) Қазақ өлкелік партия комитетінің V-ші конференциясы қолға алуға тырысты. Әйелдер мәселесіне қатысты жасаған есепті баяндамасында Н.Арықова қызыл отау жұмысын жандандыруда қазақ әйелдерін партия қатарына тартуды көтерді. Жалпы олардың партия қатарында аса аздығы, бүкіл Қазақстан бойынша комитет қатарында 600-ге шамалы әйелдердің барлығын айттып, алдағы жұмыста оларды партия жұмысына тарту үшін үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар оларды артельдерге жұмысқа, қызметке тарту керектігін де баса көрсетеді. Бұл баяндама «Әйел теңдігі» журналына «Қазақстанның 5-ші партия тобы әйелдер жұмысы туралы не айтты?» деген атпен жарияланды. Осы конференциядан кейін «Еңбекші қазақ» газетінде Н.Арықованың «Біздің жаңа міндеттеріміз» деген көлемді мақаласы жарияланып, онда да қазақ әйелдерін қоғам жұмысына тартуды көтере отырып, аз уақыт аралығында қыз-келіншектер арасында жүргізілген іс-шаралардың жетістікке жеткендігін мысалдармен келтірді. Оның көрсетуінше, бұқара әйелдері арасында 10-дай қызыл отаулар жұмыс істеп, біршама игілікті істер атқарған. Қысқа уақыт ішінде әйелдерден қызметкерлер дайындау курстары ашылып, оны бітіріп шыққандары ауыл, болыс аймағына қызметке жіберілген.

Әйелдер арасынан кеңеске мүше, съезге уәкіл қылып сайлау ісі қолға алынып, нәтижесінде 7225 әйел кеңеске сайланған. Олардың 94-і партия, 766-ы жастар ұйымынан екендігін келтіріп, мұны ілгері басқандық дейді [109].

1926 ж. 1 қаңтарда Қызылордада қалыңмал күніне арналған уездік әйелдер конференциясы өткізілді. Оған қалаға жақын ел ішінен 50 шамалы қыз-келіншектер қатысты. Конференцияда қалыңмал, ана мен баланың денсаулығын қорғау, сот жұмысы жайы қарастырылды. Конференцияның барысы «Әйел теңдігі» журналының №1 санында жарияланды. Журналда көрсетілгендей, әйелдер бірауыздан қалыңмалға, күндікті тудырып отырған себептерге қарсы бірлесе күресу турасында шешімді қуаттаған. Денсаулық туралы көп ақыл-кеңестер айтылып, ел ішінде ауруханалар ашу, оларға білікті дәрігер мамандарын жіберуді жеткізсе, көтерсе, сот жұмысында айтысты тақырыптар туындап, сот мекемелерінің тергеу жұмыстарын мезгіліне қарамай ұзаққа созатындығы, осы мекемелердегі ер адамдар арыз айта барған әйелдердің жағдайын қарамақ түгіл, тыңдамайтындығы сынға алынды [110, 20-21-бб.].

1926 ж. әйелдердің қызыл отаулардың тәжірибелі қызметін біріктірген өлкелік әйелдер отауы құрылды. Бұл отау қазақ әйелдерінің арасында медицина, заң мәселелері бойынша көмек көрсетіп отырған. Алайда Сара Есова «Еңбекші қазақта» әйел тақырыбы туралы әлі де болса ел арасында дұрыс түсінік қалыптаспағандықтан әйелді қалыңмалдан азат ету туралы заң орындалмай отырғандығы, ел ішінде бірлі-жарымды теңдік іздеп, басына бостандық сұраған қыз-келіншектер болса, оның ісінің жуырда қолға алынбай, ұзаққа созыла беретіндігіне, кейбір мекеме орындары қабылданған заңды орындаудан қашатындығына, сондықтан әйел жөні көп қиындықтармен шешілетіндігіне қынжылыс білдірді. Ол әйелді шын азамат қатарына енгізу үшін алдымен әдет-ғұрып күндігінен құтқару керектігін баса көрсетеді [111]. Осы нөмірде Қазақстан аймақтық партия комитетінің әйелдерге арналған хаты жарияланып, 1926 ж. басынан ауыл, қалалардағы, еңбекші әйелдердің қоғам жұмысына, кооперативке, кәсіпшілер одақтарына, «Қосшы» одағына, кеңестерге, жиылыстарға, басқа сондай қоғам ұйымдарына көп қатысуларын талап етті. Заң комиссиясы да қазақ әйелдерін сауаттандыра отырып, ауыл әйелдерін кеңес құрылысына араластыру, сот құрылысына жақынырақ қатынасуларын тілейтіндіктерін білдірсе, Нағима Арықова қазақ әйелдерінің, тұр-

мыс-халін түзеуде Орталық Кеңес Комитеті басшылықты күшейте түскендігін келтірді [112].

1926 ж. Қазақстанда жалпы 13 қызыл отаулар болған. Бұлардың біреуі көшпелі ауданда (Сырдария губерниясы), қалғандары жартылай көшпелі аудандарда жұмыс жүргізді. «Әйел теңдігінде» жазылғандай, осы қызыл отаудың ішінде ауыл-ауылға әр он күн сайын көшіп жүретін (Қостанай) жылжымалы отаулар болса, ал Сырдария облысының Ташкент уезіндегі қызыл отау халықпен бірге көшкен. Бұл қызыл отаулардың қаражатының біразын өлкелік әйелдер бөлімі қаржыландырса, қайсібір жерлерде қажетті қаражатты жергілікті қордан алып отырды. 13 қызыл отаудың да қызметкерлері қазақ өкілдерінен болған. Жалпы бұл отаулардағы 22 қызметкердің 13-і отау меңгерушілігін, 7-і сауат ашу мектептерінің мұғалімі, 2-і дәрігерлік қызметті атқарған. Кейбір қызыл отауда қаражаттың жоқтығынан барлық қызметті меңгерушінің өзіне атқаруға тура келді. Қызыл отау қызметкерлері мейрам күндері әйелдер арасында ойын-сауық кештерін ұйымдастырып, түрлі тақырыптарда баяндамалар оқып, ақыл-кеңес беріп отырды. Қалыңмал ісіне байланысты арнайы заң қызметкерлері келіп, әйелдермен әңгіме өткізіп, қылымысты деген істерді сотқа жіберу шараларын қолға алды [113, 15-18-бб.].

Қызыл отаулардың құрылуы қазақ әйелдерінің арасындағы жұмысты жандандырып қана қойған жоқ, сонымен бірге олардың белсенділіктерін арттырды. Қазақстанның түпкір-түкірінде 8 наурыз әйелдер мейрамы ретінде кеңінен өткізіле бастады. «Әйел теңдігі» журналы Қазақстан әйелдерін бұл мерекенің тарихымен де таныстырды. 1910 ж. Копенгаген қаласында өткен дүниежүзі әйелдерінің екінші съезінде Клара Цеткин 8 наурыз күнін әйелдер мейрамы ретінде тойлау турасында ұсыныс түсірген еді. Осы кезден басталған мейрам 16 жыл тойланған. Автор 1911 ж. бұл ұсыныс тек Германия, Австрия мемлекеттерінде ғана мерекеленіп, осы жылы әйелдерге арналып бір газет пен журнал шығарғандығы жөнінде қызықты мәліметтер келтірді.

Ресейде 8 наурыз мейрамы 1913 жылдан бастап өткізіле бастаған. Келесі жылы «Жұмыскер әйел» деген журнал шығарып, әйелдерді қоғамдық жұмыстарға тарту, өз құқықтарын қорғауға шақырды. Сондай-ақ журналда ана мен бала жайында кеңестер берді. 1915-17 жж. Ресейде әйелдер мейрамын тойлауға тыйым салынды. Бұл мейрам тек ақпан төңкерісінен кейін ғана қалпына келтірілген [114, 8-12-бб.].

«Әйел теңдігінде» қалыңмалға қатысты қаулының орындалмай отырғандығы, әлі де кәметке толмаған қыздардың құда түсу арқылы қалыңмалға сатылып жатқандығы туралы қынжыла айтқан хабарлар жиі жарияланып отырды. Мәселен, Темір уезінен қалыңмалға қарсылық білдірген заңға қарамай, малға қыз беру, қыз алу сияқты жайттардың жиі орын алатындығына бірнеше мысалдар келтірген шағын хабарлама басылды. «Жақында Темір уезі, Ойыл болысы, 4 ауылының азаматы Аймұқан деген 18 жасар баласына 9 жасар қыз алып беріп отыр. Оған қалыңға бергені өзінің 8 жасар қызы. Ұзатылып отырған қыздың екеуі де жасы толмаған. Бұған айтатындары қолбала қылуға алдық дейді» дей келе, бұған тез арада үкімет тарапынан шара қолданбаса, қазақ ішінде жастай қыз беру көбейетіндігіне қорқыныш білдіреді [115, 28-б.]. Бір ескертетін жайт журналға жарияланған мұндай мазмұндағы хат-хабарлардың көбі бүркеншік есімдермен жазылған. Жоғарғы Темір уезінен келген хабардың авторы «Естілеу» деп қол қойған.

Осындай кейбір хабарларды тексере келгенде шындыққа жанаспайтындықтары да анықталып жатты. Сондықтан газет-журналдардың келесі бір нөмірлерінде кейбір хабарлардың өтірік екендігін, оны жазушы өзінің жауын мұқату жазып отырғандығын айтып, алда мұндай жайттарға жол бермеу үшін анығын тексеріп барып жариялауды талап етті.

«Әйел теңдігі» журналына қалыңмалды жою турасындағы декреттің қабылданғанына 6 жыл толуына орай жарияланған Н.Арықованың көлемді мақаласында қазақ әйелінің осы жылдар аралығында өзінің кім екендігін елге танытып, еркектермен қатар сайлауларға қатысып, билікті жерлерде қызмет етіп отырғандығын, қазақ әйел-қыздарының кедергілерге қарамай жоғары оқу орындарында оқып жатқандығы үлкен жеңіске теңесе [116, 1-2-бб.], Сара Есова қалыңмал, көп әйел алушылықпен күрес жұмысының жылдан-жылға ширатылып, дұрыс жолға салынып келе жатқандығын келтіре, қалыңмалға қарсы жұмыла күресуге шақырды [117, 3-5-бб.].

Қазақ әйелдерінің бас еркіндігінің ерлермен қатар екендігін әрі қалыңмал беруші мен алушыларға қатаң заң қолданылатындығын «Әйел теңдігі» ашып жазды. 1927 жылы журналда қалыңмалмен күресте қарсы келгендер 230-бап бойынша жазаға тартылатындығын, әйел зорлау, қиянат көрсетушілер 231-баппен істі болатындығын, қалыңмал алушы-

лар 5 жылға дейін, көп әйел алушылар 1 жылға дейін бас бостандығынан айырылатындығын білдірткен үкімет заңы жариялап, қазақ әйелдерінен өз құқықтарын біліп жүрулерін талап етті [118, 17-18-бб.].

Қазақ әйелдерін қоғам қызметіне тарту қызу жүргізілгенмен ауыл әйелдері селқостық танытып, қызыл отау жұмыстарына қырын қарап, әйелдер жиналысына қатысуға енжарлық танытқан және ескілік шырмауынан шыға алмай отырған қыз-келіншектердің қатары әлі де болса көп еді. Оның үстіне әйелдердің құқығы ер адамдармен тең екендігін жете түсініп білмеген, әлі де әйел үстіне әйелдікке баруға мойынсұнғандардың қатары сиремеген болатын. Сол үшін «Әйел теңдігі» журналы қыз-келіншектерді қызыл отаулардың жұмысына тарту қажеттігіне үндеп, әйелдер комитетіндегі үгіт-насихат жұмыстарын жандандыра түсуге шақырды [119, 7-б.].

Журнал қыздар арасында жұмысты күшейтуге көңіл қойылмайтындығын айтып, оның негізгі жолы қыздар ұясын ашып, олардың сауатын ашып, қолөнері, тазалыққа үйрететін үйірмелер құру, қалыңмалға, көп әйел алушылыққа қарсы заңдарды түсіндіру және әйелдерден белсенді қызметкерлер даярлау сияқты іс-шараларды жүзеге асыруды міндеттеу қажеттігін көтерді [120, 9,11-б.].

Кейбір әйелдер бөлімі жұмыс істегенмен, алдына қойған ешқандай да жоспары болмады. Оның себебін бөлім меңгерушілерінің жиі алмасуынан, тұрақты басшылықтың болмауынан деп те түсіндірілді. Мәселен Ақмола губерниясында губерниялық әйелдер бөлімі құрылғаннан мамыр айына дейін ешбір жоспарсыз жұмыс жүргізіп келген. Бұл жоғарыда айтылған басшылықтың тұрақтамауынан деп түсіндірілді. Соған қарамастан «Әйел теңдігіне» жіберілген есепті мағлұматтарында қазақ әйелдерінің оқу-білімге ұмтылысының күннен-күнге жақсарып келе жатқандығы, губерниялық оқу орындарында оқушы әйелдердің саны 37-ге жеткендігі, бұлардың 8-і губерниялық партия мектебінде, 10-ы оқытушылар техникумында, 21-і батырақтар курсында оқып жатқандығы келтірілді. Жалпы губерниядағы әйелдер үшін 6 сауат ашу мектебінде 154 әйел-қыздардың білім алып отырған [121, 18-б.].

Қызылордада ашылған (1926 ж. — С.С.) өлкелік әйелдер курсына Ақтөбегуберниясынан — 4, Ақмоладан — 6, Оралдан — 4, Сырдариядан — 4, Жетісудан — 2, Адайдан — 1, Қарақалпақстаннан — 4, Семейден — 3,

Қостанайдан — 2 және Қазақстанда мекендейтін аз ұлттан — 4 әйел, жалпы 34 әйел оқыған. Бұлар ана тілі, орыс тілі, есеп, аймақтану сияқты пәндер мен сауатсыздықты жою әдісімен таныстыру, әйелдер арасындағы жұмыс, сот құрылымы, ауылшаруашылығы, ана мен бала денсаулығын қорғау, дене тәрбиесі сияқты тақырыптарда дәрістер тыңдаған. Бұл курсқа білікті, оқыған Сара Есова, Есқали Мұқанұлы, Қадриша Изатоллакеліні, Ораз Исаұлы сияқты қызметкерлер дәріс берген. Лекциялармен қатар аралық сабақтар да өткізіліп отырылды. Осы курсты бітірген әйелдерден Қазима Балақадіркеліні, Ғанижамал Тілеубайқызы, Бәтима Есқалиқызы Ақтөбе губерниясына, Бәзила Көлбайқызы, Жанбала Саржанкеліні Ақмола губерниясына, Қазыкен Беделбайқызы, Бану Дүйсебайқызы және Қоянбайқызы Семей губерниясына уездік әйелдер бөлімінің меңгерушісі, нұсқаушысы, ұйымдастырушысы, қызметкері ретінде жіберілді [122, 11-16-бб.].

1927 ж. ақпанның аяғында Қызылордада өткен Қазақстан оқытушыларының тұңғыш съезінде оқу-ағарту, қызыл отау жұмыстарын жандандыруда ауылды жерлерге жоғары оқу орындарын бітірген мұғалімдерді тарту көзделіп, олардың жүргізетін негізгі міндеттері белгіленді. Сара Есова ол міндеттер былайша айқындап берді: 1) сауат ашқыш мектептерін ұйымдастыру, оқу жағына демдес болу; 2) көшпелі елдегі қызыл отау жұмысының ілгерілеуіне көмектесу; 3) әйелдердің жалпы жиналыстарын өткізіп, ол жиналыстарда газет-журнал оқып, түсіндіріп тұру; 4) қалың мал, көп қатын алу, жастай күйеуге беру әдеттерінің қылмысты жұмыс екенін қалың елге түсіндіріп, бұқара жиналыстарында әйелдер азаттығы туралы көпшілікке түсінік беретін баяндамалар жасау, ұйымдастыру үшін көмек беру [123, 6-7-бб.].

Әйел гигиенасы, тазалық туралы мерзімді басылымдардың бір тақырыбы болды. Мұндай тақырыппен көбіне дәрігерлер мақалалар жазып, әйелдерге ақыл-кеңес беріп отырған. Аққағаз Досжанованың «Әйел теңдігі», «Денсаулық жолы» журналдарында мақалалары жариялап, тазалық, тәрбие жүкті әйел жас баланы тәрбиелеу, күту мәселелері жайында, Мағрипа Қойайдарқызы үйдің тазалығын сақтау, киімді таза кию, жұқпалы аурудан сақтау жөнінде ақыл-кеңес берген. Рахия Ермеккеліні де босанатын жүкті әйелдер мен жас баланың күтімі жөніндегі ой-пікірін аталған журналға жариялап, оқырмандарымен ой бөліскен.

Көп жағдайда жіберілген өкіл әйелдер қызыл отау жұмыстарын тексеріп, оның қорытындысын мерзімді басылым беттерінде жариялап отырды. 1927 жылдың мамыр айында Қызылту болысының Дәуіт деген ауылында наурыз айында құрылған қызыл отаудың жұмысы жете тексерілген. Қызыл отау жұмысына 25-30 қазақ әйелдері тартылған. Алайда олардың орналасқан жерлері 5 сомға жалданып алынған өте лас үй екені және бар-жоғы екі-ақ қызметкер — меңгерушісі мен бір мұғалімі ғана жұмыс жүргізетіндігі анықталды. Дегенмен осындай кемшіліктерге қарамастан оның жұмысында алға қарай жылжушылық байқалды. Атап айтқанда, 5 үйірме жұмыс істеп, «Бостандық туы», «Еңбекші қазақ», «Ауыл тілі», «Лениншіл жас» сияқты газеттері мен «Әйел теңдігі» журналын алып отырған. Кейбір жерлердегі қызыл отау жұмысы өте жақсы жүргізілді. Көкшетау уезінің Еңбекшілер болсындағы қызыл отау жұма сайын жиналыс өткізіп, денсаулық, ана мен баланы тәрбиелеу, қалыңмал мен көп әйел алушыларға қарсы күрес жүргізу туралы баяндамалар оқып, осы жұмысқа ауыл әйелдері мен жас қыздарды тартқан. Сонымен қатар сауатсыздықты жою мектебін ашып, онда 36 ауыл әйелдерін оқытса, Атбасар уезінде 11 ауылға көшпелі қызыл отаулар шығып, әйелдер арасында бірталай жұмыстар жүргізген. Сауатсыздар мектебін қажетті құралдармен, газет-журналдармен қамтамасыз еткен [124, 17-66.]. 1928 ж. шілде айында қазақ өлкелік комитеттің шешімімен республикадағы басқа ұлт өкілдерінің әйелдеріне арнап клуб ашу қолға алынды.

Қазақ әйелдерін қоғамдық жұмысқа тартуда мерзімді баспасөздің рөлі зор болды. Қызыл отауда белсенді қызмет етіп, қазақ әйелдерін сауатсыздықты жояға шақырып үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген әйел-қыздар туралы очерктер, шағын хабарламалар жариялап, олардың одан әрі екпінді жұмыс істеуіне қолдау жасап отырды. «Әйел теңдігі» журналының 1927 жылғы №3 санында қызыл отаудың белсенді қыздардың қатарынан Ағжан Аманкеліні, Қайша Омартбайқызы, Меруерт Қоянбайқызы, Қаникүл Сейітмұратқызы, Ұрқия Тоқсанкеліні, Жәмила Қарымсақкеліні, Қамаш Жарылқамысқызы аталған.

Орал уезінің Жымпиты уезіндегі қызыл отау меңгерушісі кедей табынан шығып, байлардың соққысын көріп өскен Ағжан Аманкеліні Қазан төңкерісінен кейін коммунист партиясының қатарына кіріп, 1925 жылы Орынбордағы аймақтық әйелдер курсы бітіріп, ауыл әйелдерінің ара-

сында қызмет етіп көзге түссе, Жетісу губерниясы, Алматы уезінен Меруерт Қоянбайқызы 1923 жылдан бастап болыстық, уездік атқару комитеттеріне мүше, Алматы уезінде ашылған қызыл отауға меңгеруші болып, қазақ әйелдерінің сауаттануына үлкен үлес қосқан [125, 20-25-бб.].

Көп жағдайда осындай курс, жұмысшы факультетін, партия мектептерін оқып шыққан әйелдердің қызмет барысында да тәжірибелерінің жоқтығы байқалып жатты. «Әйел теңдігінде» осындай оқу орындарын бітіргендердің арасында білімдері шамалы, жұмысты меңгеріп кетерлік қабілеттері жоқ, өнерден мақұрым, құр сөз бен жазуды біліп қана қойған әйелдердің барлығы ашық жазылды.

Қазақ әйелдерінің қоғам жұмысына тікелей араласуына Сара Есова, Нағима Арықова, Шолпан Иманбаева және тағы басқа сол сияқты қазақ қыз-келіншектері көп еңбек сіңірді. Сара Есова 1920 жылдан партия қатарына өтіп, 1921-22 жж. комсомол әйелдері арасында қызметте болған. 1922-25 жж. аралығында Алматыда шыққан «Тілші» газетінің редакторы болып қызмет етсе, 1925 жылдан «Әйел теңдігі» журналының редакторы қызметін атқарады. Ол өлкелік әйелдер комитетінің жұмысына белсене араласты [126, 9-б.]. Шолпан Иманбаева 1918 ж. күштеп ұзатылған жерінен кеңес заңының арқасында бостандық алып, оқу оқып, 1923 жылдан бастап Ақмола коммуна мектебінде тәрбиеші болған. 1924 жылдан Орынборға келіп әйелдер мектебінде қызметте жүріп, «Еңбекші қазақ» пен «Әйел теңдігіне» өлеңдерін жариялап, қазақ қыз-әйелдерінің арасына таныла бастады. 1926 ж. кенеттен көкірек ауруынан қайтыс болады.

Шолпанның қазақ әйелдерінің арасынан суырылып алға шыққан бірден-бір қарлығаш екендігін С.Сейфуллин мен С.Есова «Әйел теңдігіне» жариялаған мақалаларында жазды. Сәкен «Шолпан еңбек жолында өлді» десе, Сара Шолпанның еліне тигізген еңбегін келесі қыз-келіншектердің жалғастыратынына сенетіндігін білдіре: «Қызметке тәрбиелеп жүрген кезімде қатарымыздан кеткен қадірлі жолдасымыз Шолпанның орнын ойсыратпай, көп болып жұмысқа жұмылдыру — кейінгі жас буын қыздардың міндеті», — деп жазды [127, 27-29-бб.].

Мерзімді басылым беттерінде тек қазақ қыз-келіншектерінің жағдайы турасында ғана емес, Ресей құрамындағы ұлттар мен көршілес мемлекет де әйелдерінің хал-ахуалы жөнінде ақпарлар беріліп отырды. Өзбек,

орыс әйелдерінің кеңес құрылысына тартылуы, оқу-ағарту саласындағы жетістіктері жөнінде көлемді мақалалар жарияланып тұрды. «Әйел теңдігінде» қытай әйелдерінің тұрмысынан көлемді мақала жарық көріп, ондағы әйелдердің тұрмысының аса ауырлығы, оларда да көп әйел алушылық, қызды малға сату, жасы жетпей күйеуге беру, қызды сүйгеніне қоспай, ата-анасының қалаған адамына ұзату сияқты ескі әдет-ғұрыптардың қатаң сақталатындығы, соңғы кездерде Қытайдың оқыған көзі ашық әйелдері бастапқы кезде бұл әдет-ғұрыпқа қарсы үгіт жүргізіп, «Әйелдерді азат ету», «Аяғын қалыптағандар», «Әйелдер арасында білім тарату» сияқты қоғамдар құрып, өз журналдарын шығарып отырғандығы келтірілді [128, 9-11-бб.].

Қазақ мерзімді басылымдары қазақ қыз-келіншектерінің өлең, әңгімелерін жариялап отырған. Бұл ретте Шолпанның бірнеше өлеңдерін, Зейнептің «Раушан» атты әңгімесін (Әйел теңдігі. 1927. №2. 54-56-бб.), Ұрқия Тоқсанкелінінің «Ұлы күнге» (Әйел теңдігі. 1927. №3. 53-54-бб.), Мәриямның «Ел қыздарына» (Әйел теңдігі. 1928. №1.) және тағы басқа өлең-жырларды атап өтуге болады.

Қазақ қыз-келіншектері жаңа қазақ әліпбиін насихаттауға белсене атсалысты. «Мәдениет аттанысына атсалысыңдар!» деген ұранмен шілденің бірінен қыркүйек айының аяғына шейін Қазақстанда жүргізілген жаңа әліпби аттанысы науқанына қатысып, жаңа әліпбимен танысу курстарына жазылып, оны тамамдағаннан кейін ел арасына барып, дәрістер жүргізді. Бұл турада «Еңбекші қазақ» газеті мен «Жаршы», «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп» журналдарында түрлі хабарлар жарияланды.

Партия қатарына мүшелікке өткен әйелдердің қатары күннен-күнге көбейді. «Әйел теңдігінде» көрсетілгендей, Қазақстан партия ұйымының қатарында 1930 ж. 6265 әйел, 1931 ж. 9923 әйел мүше болған [129, 2-б.].

Қазақ жастарын еңбекке араласуға, білім алуға тарту 20-жылдардың басында болған жастар съезінің негізгі тақырыбына айналды. 1920 ж. 29 желтоқсанда Түркістан Республикасындағы ортақшыл жастар ұйымының 2 съезінде жастарды ұйымдарға тарту, саяси санасын кеңейту, ол үшін оларды орта және жоғары оқу орындарына тарту қажеттігі баса көрсетілді. Съездің барысында қарастырылған мәселелер мен қабылданған қаулылар «Ақ жол» газетінде жарияланды [130]. Сондай-ақ газет-

те Түркістанда құрылған жастар ұйымының екі жылдан бергі жүргізген жұмысындағы кемшіліктер де айқын сынға алынды. Жастар ұйымы іс жүзінде емес, сөз жүзінде ғана жұмыс жүргізіп, жастардың бірінің сөзіне бірі құлақ аспай, берекесіздікке ұшырағандығы айтылды [131].

Баспасөз жұмысын алақанда жұма ұстау арқылы үкімет өзінің көздеген саясатын жүргізе берді. Жастар газеті кеңес үкіметін насихаттайтын ғана мақалалар жариялап тұруға тиісті болды. Газетке жарияланған мақалалардың негізгі мазмұны жастарды социалистік құрылысқа тарту, жастарға байланысты үкімет пен партия саясаты болды. «Ақ жол» газеті жастар саясатының жүргізілу барысы, олардың қатарының жылдан-жылға көбейіп бара жатқандығы турасында жазып, жастарды қолдау қажеттігін баса көрсетеді [132]. Газет оқу-білім саласында жүргізіліп жатқан игі істерге тоқтала отырып, әлі де болса жастарға үкімет тарапынан толықтай жәрдем болмай отырғандығын ашық жазды.

1922 ж. сәуірде Кеңес өкіметі мен Германия арасында қоғамға қажетті мамандарды даярлау жөнінде шарт жасасып, осы келісім бойынша күз айында Түркістан Республикасынан білім алуға Германияға 5 қазақ жастары жіберілді. Студенттің екеуі Берлинге келісімен сынақ тапсырып, Берлин университетіне қабылданса, қалған үшеуі келесі жылы университетке түсу үшін Берлиннің орта дәрежелі оқу орындарының дайындық курсына түсті. Қаржы қысқандықтан бұл жастар «Ақ жол» газетіне хат жолдап, жәрдем сұраған. Газеттің 314 санында Асфендияров, Байтасов, Жұмабаев және Тоқтыбаев сияқты азаматтардың осы студенттерге көмек көрсетуін өтінген ашық хаттары жарияланды. «Бұл 5 студент хүкіметіміздің алғаш, тұңғыш жіберіп отырғаны ғана. Хүкімет артынан оларға еселеп қаражат жібермеді. Сондықтан Германияда оқушыларымыз мұқтаждық көргендей түрі бар», — деп жаза отырып, қолдан келгенше жәрдем ұйымдастырып, жиналған қаражатты соларға жіберуді сұраған [133].

1923 ж. Орынбор қаласында бұрынғы Свердлов атындағы клубтың орнына қазақ жастарының бас қосып, бір-бірімен пікір алмасу, түрлі кештер өткізетін «Қазақ жастарының орталық клубы» ашылды. «Қызыл Қазақстан» журналында Жөнеудің осы клубты ашудағы басты мақсаты жөнінде хабарламасы басылып, қазақ жастарының бұндай игі бастамалары қуантарлық екендігін білдірді [134].

Қазақ баспасөзі елдің индустриялы, мәдениетті елге айналдыруда

бірінші кезекте жастарды тарту, ол үшін жастар ұйымдарын құрып, сол арқылы әрекет етуі жайында жиі жариялады. Қазақтың еңбекшіл жастарын ұйымдастыру қажеттігін баса көтерген басылымдардың бірі «Қазақ тілі» газеті болды. «Қазақтың еңбекшіл жастарының басын біріктіріп, жастар ұйымдары арқылы қатарға қосып, төңкерістің бақытына жауап берерлік адам қылып шығару деген пікірлі мақсат туды», — делінді газетте [135]. «Қазақ тілі» газеті өзінің бір бетін «Еңбекші жас» деген атпен шығарып, жастарын өміріне қатысты хабарларды жариялап отырды. Сонымен қатар газетте кейбір губерниялық уездерде жастар ұйымы құрылғанмен де жұмыстарының алға баспай отырғандығын, оған себеп ортақ басшылықтың жоқтығынан екендігін ашып көрсетті [136].

Қазақ жастары арасында ұйым-тәрбие жұмысын күшейту үшін Қазақстанның облыстық ортақшыл жастар комитеті 25-тен аспаған қазақ коммунистерін жастар арасында жұмыс жүргізуге міндеттеу жөнінде қаулы қабылдаған соң, бұл іске жас коммунистер тартыла бастады. Қазақ жастарын кеңестің жауапты қызметтерге тартуға баспасөз белсене кірісті. Коммунистік партияны нығайтуда жастардың сарқылмас күш-қуаттың қайнар көзі екендігі, сондықтан тіректі солардан іздеу, соларға сүйену қажеттігі туралы мақалаларды жариялады. Бұл ретте С.Қожанов «Міндет — енді жетіп келе жатқан, бұзылмаған жас буыннан басшылар әзірлеу. Партияны осылардан жасау керек» деп ашық айтқан мақаласын айта аламыз. Бірақ ол жас екен деп бәр жауапты жұмыстарды тапсыра беруге болмайды, олар икемге ергіш, аңқаулықтарын әркім пайдаланып кетуі мүмкін, сондықтан ең бірінші оларды тәрбиелеу қажет» деген ұсыныс айтады [137].

«Ақ жолда» бұл мақалаға қарсы пікір білдірген М. Лаумуллин С.Қожановтың мақаласын «жастарға деген көзқарасты бұрмалады, олардың арасына от жақты» деп сынға алды. Осыған орай жазған «Орынсыз аңқаулық арамзальыққа жорылмақ» деген жауап мақаласында әркімнің жетегінде жүрген жастардың көп екендігін айта келе, тағы да жастарға деген таптық көзқарастың аса қажеттігін ескертеді [62, 122-б.].

Қазақ жастарын комсомол қатарына тартуда, әсіресе қазақ қыздарының арасында жұмыс жүргізіп, комсомол ұяларына кіргізуде «Әйел теңдігі» журналы елеулі еңбек етті. Журнал «Комсомол деген не?» деген тақырып айналасында бірнеше мақалалар жариялап, оның негізгі мақса-

ты мен міндетін түсіндіруге тырысты. Ұйымға мүше болғандарды негізгі қызметімен таныстырды. «Ұйым мүшесі күн сайын істе жүреді, жиылыс, мәжілістерге қатысады. Жастар ұйымынан басқа да қоғам жұмыстарына қатынасады. Сол жұмыстарда жиылыс-мәжілістерде жүріп-ақ комсомол не екенін біліп кетуге болады» делінді [138, 50-б.].

Орынборда шыққан «Қазақ календары» журналындағы мақаласында Ә.Байділдин де осы жастар ұйымының қандай ұйым екендігін, не істейтіндігін еңбекші жастарға түсіндірудің аса маңыздылығын ашып көрсеткен. Автор бұл кеңес жастарының ұйымынан бұрын Қазақстан жерінде 1912 жылдың өзінде Уфада құрылған «Игілік» ұйымының құрамында қазақ жастары болса, 1914 ж. Омбыда «Бірлік» ұйымын құрғандығын, 1917 ж. Орынбор, Семей, Кереку, Зайсан, Көкшетау, Ақмола, Атбасар, Ақтөбе және тағы басқа ірі қалаларда осындай қазақ жастарының ұйымдары құрылып, жастарды оқу-ағарту ісіне тарту, қажетті кітаптарды шығару ісімен айналысқандықтарын айқындап берді. Кеңестік ортақшыл жастар ұйымының алдына істелетін міндеттерін нақтылауда, бұрынғы қазақ жастары ұйымдарының оқу-ағарту жолында жүргізген жұмыстарын жалғастырудың аса маңызды екендігін көрсетті [139, 58-62-бб.].

«Қызыл Қазақстан» журналында жазғандай, 1920 ж. Сырдария, Жетісу, Қарақалпақ облыстарын қоспағанда Қазақстанда қазақ комсомолдарының саны 300-дей ғана болған [140, 44-б.]. Ірі өнеркәсіп орындарына жұмыс істейтін жастардың қатарын көбейту және оларды комсомол қатарына тарту іс-шаралары жүргізіліп, оның төңірегінде ай сайын комсомол ұяларында есеп беріліп отырды. «Қазақ тілі» газетінде көрсетілгендей, Екібастұзда 1923 ж. үш бірдей комсомол ұялары құрылып, оған аз уақыттың ішінде жиырмадай жас мүшелікке кірген [141].

«Жас қазақтағы» жарияланған И.Игенұлының «Гурьев уезінде» деген мақаласында уездегі жастар ұйымының күннен-күнге нығайып, оның мүшелерінің саны тез өсіп келе жатқандығын хабарлай отырып, 1923 ж. мамыр айында ұйым құрамында 80 мүшесі болса, келесі 1924 ж. сәуіріне дейін олардың саны 285-ке жеткендігін келтірген. Ол жастар ұйымы жұмасына бір рет бас қосып, саяси кітапшаларымен танысып, «Жас қазаққа» жарияланған материалдарды оқитындықтарын айта келе, әлі де саяси жағынан ақсап отырғандығын жазған. Оған себеп, мерзімді

басылымдардың Гурьев уезінің губерния орталығынан алшақ болуына байланысты уақтылы жеткізілмеуінен деп түсіндірді [142, 59-61-66.].

«Жас қазақ» журналы «Лениншіл жас» деп аталғаннан кейін Қазақстан комсомол ұйымы, жастар ісі жөніндегі мәліметі мол материалдарды көптеп жариялады. Сондай-ақ басқа да басылымдар жастарға қатысты тақырыптарды көтере білді. «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» және басқа газет-журналдар жастардың оқу-ағарту, мәдениет саласындағы іс-шараларға қатысулары, елдің экономикасын дамытудағы жұмыстарға араласуы жайында материалдар басып отырған. Қазақ жастарының арасында суырылып шыққан Ғ. Мұратбаевтың қайтыс болуына байланысты Орынборда 1925 ж. 22 сәуірінде өткен Қазақ өлкелік комитетінің мәжілісінде Қызылорда қаласында оның атына жастар клубын ашу мәселесі жөнінде шешім қабылданды [143]. Бұл шешімнен кейін оның өмір жолдары туралы жастар баспасөзі беттерінде мақалалар басылып, аз ғұмырының өзінде қоғамға пайдалы еңбек сіңіргендігін, есімін жастар арасында мәңгі қалдыру аса орынды екендігі айтылды.

Газет сын айту ісіне де белсене кіріскен. Газеттің бірінші санынан «Троцкизмге қарсымыз» деген атпен Семей губерниялық жастар ұйымының қаулысы жарияланып, Троцкийдің «Октябрь сабақтары» атты кітабына өткір сын айтқан. «Облыстық (Семей) РЛКСМ комитетінің қаулысына қосылып партияның бірлігіне зиян келтіретін «Октябрь сабақтары» туралы көпшілдер Ленин жолымен қарастырмай «Октябрь сабақтары» деген кітаппенен қарастырсын» деп жолдас Троцкийдің жалпы алдында сөз қозғауын «дұрыс» деп таппаймыз» деп келтірілген қаулыдан кейін газетке «Қызыл» деген бүркеншік атпен жазылған мақала жарияланады. Онда: «Жаңа шыққан Троцкийдің «Қазан сабақтары» деген кітабының мазмұнын тексерсек, Қазан төңкерісінің болғандығы дұрыс суреттелмей, неше жылдар бойынша большевиктер партиясының, Қазан төңкерісін жасаушы даярлаған дәуірі тиісті бағасын жасағанда партияның, кіндік комитеттердің істеген анық ісі көрінбейді», — делінді [144]. Осы мақаладан кейін комсомол жастары арасында кітаптың қателіктері жөнінде пікірталастар өткізіліп, Троцкийдің Октябрь төңкерісі кезіндегі қателіктер жөніндегі пікірін жоққа шығаруға тырысады. Зиновьев пен Каменевтің қателеріне байланысты жазған ойына қарсы соққы бермекке тырысады. Бұл жерде комсомолдар «Троцкий Октябрь жеңісін жоққа шығармаққа талпынып, Ленинге қарсы шықты, сол арқылы өзінің

бұрынғы қателіктерін жасыруға тырысты» деген тұжырымдар айтады [145, 9-14-бб.].

1925 ж. 6 сәуірінде Мәскеудегі жоғары оқу орындарындағы қазақ жастарының бас қосқан кеші болып, оны Ә.Байділдин ашты. 7 мамырдағы «Еңбекші қазақ» газетіне басылған хабарламада жазылғандай, жастардың кеші Қазақстанның республика болып құрылуына байланысты өткізіліп, өздерінің жаңа құрылысты жасауда партияға көмекші болуға әзір екендігін білдірген [146].

Қазақ жастарының белсенділігі жылдан-жылға артып, комсомол ұйымының қатарына мүше болғандардың саны да көбейді. «Қызыл Қазақстанда» жазылғандай, 1922 ж. — 913 комсомол болса, бұл көрсеткіш 1923-24 жж. 2461-ге көбейген. 1925 ж. Қазақстандағы комсомол қатары 10 есеге, яғни 12469-ға, 1926 ж. 23362-ге жеткен. Комсомол жастары қатарының көбеюі коммунистік партия мүшелерінің басшылығынан делінді. Жалпы 20-жылдың басындағы комсомол қатарының өсуі жастардың саяси білімділіктерінің артуынан деп көрсетілді. Қазақ жастары баспасөз арқылы сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты. Журналда алайда әлі де болса ауылды жерлерде комсомол ұяларының дұрыс жұмыс істемеуінен саяси тәрбиелерінің ақсап отырғандығы баса айтылып, оларды партия жұмысына қатыстыру үшін әрбір губерния, уездердегі жауапты орындарда отырған комсомол белсенділерінің жұмысына қолғабыс беруі керек деп шешілді. Комсомол жастарының құрылғанына 7 жыл толу мерекесіне дейін ауыл комсомолдарының қатарын көбейту және саяси білімділігін жандандыру, оларды партия, кеңес әлеуметтік жұмыстарға тарту ісін қолға алу қажеттігі көрсетілді [147, 45-б.].

Жастардың мәдени, қоғамдық жұмыстарға араласып, жаңа өмір, жаңа тұрмысқа бейімделуі сөз етілді. 1924 жылғы «Жас қайрат» бірінші санында жастарға «Қадірлі жастар жадына» атты мақаласын арнады. Мақала авторы Сәдуақас Баймақанов газеттің журналға айналуының себептерін қазақ жастарына түсіндіре отырып, журналдың міндеті қазақ-қырғыз жастарын білімге, мәдениетке тарту екендігін, алайда бұл істе олардың көмегінің аса қажеттігін баса көрсетті [148]. Ауыл жастарының игі істерге белсене араласуы газет-журналдардың негізгі тақырыбына айналды. Ұзақбай Құлымбетов «Қызыл Қазақстан» журналы арқылы: «...жыл сайын қазақ жастарынан 50-60 адамнан Орталық губерниядағы кәсіпорындарына іс үйрену үшін жіберіліп отырылуы керек», — деген

ұсынысты жасайды [149, 71-б.]. Жастар арасында түрлі сауық кештер өткізілді. Құрбан айтқа байланысты «Құрбандық құрбаны» деген театрланған ойын көрсетіліп, сауық кешінің соңынан хормен ән салынып, тақпақтар айтылған [150].

Орта және жоғары оқу орындарында оқып жатқан жастарды жазғы демалыс кезінде сауатсыздықты жою шараларына қатыстыру комсомол жиындарында қаралды. «Қазақ тілі» газеті Семейде 16 мамырда қазақ өлкелік тәрбие мектебінде комсомол жастардың жиыны өтіп, мектепте алған білімдерін демалыс уақытында ел арасындағы жастарға үйрету жөнінде қаулы қабылдағандығы жөнінде хабарлама басты [151].

Кәмелет жасқа толған азаматтарды әскери борышын атқаруға жаппай шақыру басталған сәтте мерзімді басылымдар белсенділік танытып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Қазақ жастарын әскер қатарына шақыру жұмысының жүргізілу барысын «Социалды Қазақстан» газеті де қадағалауға алып, жастарға Отан алдында борышын өтеу міндетінің аса жауаптылығын түсіндірмекке тырысқан. Газет жастарды әскер қатарына шақыру барысында орын алған кемшіліктерді де ашық түрде жазды. 1932 ж. өлкемізде 1910 ж. туғандарды Отан алдындағы борышын өтеуге шақырған кезде орын алған келеңсіз жайттарды атап өтеді. Бұған, біріншіден, ұйымдастырушылықтың болмауын, екіншіден, үгіт-насихат жұмыстарының жүргізілмеуін жатқызды. Алматы облысының Балқаш ауданында шақырылған жастардың тап жағына зер салынбаса, Шелек, Қастек аудандары шақыру жұмысына тіпті дайындала алмаған. Осындай кемшіліктердің орын алғандығын айта отырып, әскерлік міндеткерлікті өтеуге шақырылғандардың бірде-біреуін қалдырмай тарту керектігін баса айтады [152].

Түркісіб теміржолын салуға қазақ жастары тартылып, олар жұмысшы табының қатарын толықтырды. 1935 жылы стахановшылар қозғалысы басталғанда комсомол жастары бұл үндеуге үн қосты. Мәселен, Қарағанды көмір бассейнінің жас комсомолы Қ. Нұрмағамбетов қарт шахтер Күзембаевтан ақыл-кеңес сұрап, алға қойған жоспарын артығымен 200 пайызғы дейін орындайтын стахановшы атанған [153].

Қазақстанның жер-жерінен комсомол жастар елдің ірі құрылыс орындарына жұмысқа баруға сұранып, комсомол ұйымдарына өтініш білдірді. Петропавлдың жүзге тарта жастары Балқаштағы мыс қорыту комбинатына жіберуді өтінген [154].

Комсомол ұйымының жұмысындағы шабандық «Лениншіл жас» газетінде сынға алынды. Комсомол қатарында бар-жоғы 130 мың ғана адамның болуы, ай сайын бір жарым-екі мың ғана жастардың кіретіндігін ашық жаза отырып, бұл кемшіліктерді тез арада жойып, ұйымның мүшелігіне жастарды тартуда үгіт-насихат жұмыстарын күшейту қажеттігі баса көрсетілді. Ауылдарда комсомол жастарының аздығы айтылып, дәлелді болу үшін мысалдар келтірілді. Мәселен, Алматы облысының Андреев ауданының Калинин колхозында 7-ақ комсомол мүшесі болып, жарты жылдың ішінде бірде-бір жасты ұйым мүшелігіне алмаған [155].

Комсомол жастарын Отан қорғауға тәрбиелеуде түрлі спорттық ойындар ұйымдастырыла бастады. Алматы қаласында әуеден парашютпен секіру спортына жастар көптеп тартылды. Осыған байланысты «Лениншіл жас» газетінде жарияланған «25 комсомолец самолеттен секіреді» деген мақалада парашют спортына жастарды тарту Минжинск зауытының жұмысшыларының үндеуімен қолға алынып, 1937 жылдың өзінде Кеңес өкіметі 150 мыңдай ұшқыш дайындауды көздеп отырғандығы келтірілді. Осы үндеуге орай қазақстандық комсомол жастарын әуе спортына тартып, 25-тей жастың парашютпен секіруге дайын екендігі айтылды [156].

Жастар арасында, әсіресе зауыт, фабрикаларда жұмыс істейтін жастардың арасында мәдени іс-шараларды жандандыру, көркемөнерпаздар үйірмелерін құру ісі, ұжым алдында мерекелік кештер ұйымдастыру мәселелері қолға алынды. Семейде жұмысшы жастар өз күштерімен театр құрып, жаңа жылды «Слава» деген пьеса қоюмен қарсы алған. Бұл жастар театрының бас режиссерлігін Сотников деген басқарып, жұмысшы жастар арасынан әртістік қабілеті бар Аня Николаенко, Аня Кравцова, Михаил Васильев сияқты жастарды іріктеп алып, өнер көрсеткен [157].

Елде қуғын-сүргін нәубеті басталған 1937 ж. үкімет орындары комсомол жастарын контрреволюциялық элементтермен күресуші күш ретінде кеңінен тартты. Оларды кеңес саясатына қарсы шығушы топтарды өшкереуге атсалысуға шақырды. «Лениншіл жас» газеті алашордашылар, кеңес ісіне қарсы элементтер комсомол арасына кіріп алып, іріткі жұмыстарын жүргізуде деп тез арада олардың бұл қаскүнемдік әрекеттеріне тойтарыс беруге қажеттігіне үндеді [158].

Жоғары оқу орындарында оқитын және ірі кәсіпорындарда жұмыс істейтін жастар арасында троцкийшіл-зиновьешілдерді, контррево-

люцияшыл ұлтшылдардың идеясын насихаттаушыларды айқындау ісі пәрменді жүргізілді. Комсомол газеті «Лениншіл жас» орта және жоғары оқу орындарында іріткі салумен айналысқандарды әшкерелеуге қатысты жазылған мақалаларды үзбей жариялай бастады. «Лениншіл жасқа» жарияланған Өржанов, Әлиев дегендер мақаласында Алматы Қазақ педагогика институтында ұлтшылдар топтасып алып, оларға комсомол комитетінің бұрынғы хатшысы Әубәкіровтің өзі бас болып, институттың бірнеше студенттерін кіргізіп, жиналыстар өткізіп жүргендігін жазды [159].

Газет барлық комсомолдарды жастар арасындағы осындай кеңес ісіне жат әрекеттердің барлығын әшкерелеуге тырысты. «Өзара сынды өрістетейік» деген ұранмен комсомол жарғысын, комсомол ұйымының ішкі демократиясын өрескел бұзғандармен күресуді ұсынды. Бұл ұсынысты комсомол ұйымдары қуана қолдады. Газет редакциясына жер-жерлерден өзара сынның нәтижесінде контрреволюцияшыл жастарды әшкерелеген хат-хабарлар легі түсіп жатты. Сондай бір хат Қарқаралы комсомолдар ұйымынан жолданды. Өздерінің арасына ұлтшыл Иманғалиев деген комсомол кіріп кеткендігін жаза келе, комсомол ұйымы сын, өзара сынды жоғары көтере отырып, өз қатарындағы тап жауларын, контрреволюцияшыл ұлтшылдарды жеріне жеткізе сынады [160].

Мерзімді баспасөзде жоғарғы оқу орындарында оқитын жастардың оқу үрдісіндегі жетістіктерімен қатар орын алып отырған кемшіліктері жөнінде де жариялап отырды. Бұл ретте ұлтшыл-алашордашылардың ұясы атанған Алматы Қазақ педагогикалық институтының оқу жүйесі тексеріліп, ондағы келеңсіз жайттар ашық түрде газет-журналдарға жарияланды. Институттың 1 пайызы ғана соңғы екі семестрде өте жақсыға оқып шықса, емтихан кезінде 56,7 пайызы қанағаттанарлық деген баға алған. 2,9 пайыз студент қанағаттанарлықсыз деген бағаға ие болған [161].

30-жылдары партия қатарына кіруге ниет білдірген комсомолдардың қатары көбейе түсті. Көпшілік аудандық комитеттер сыналған, ең жақсы комсомолдарды партияға тарту жөнінде белсенді жұмыстар жүргізді. Үкімет партия ұйымы коммунист болуға шын берілген жастарды ғана қабылдау қажеттігін баса талап етті. Сондықтан «Лениншіл жас» газеті партия қатарына қырағылықпен ысылған, саяси табанды, мораль жағынан таза комсомолдарды қабылдау қажеттігін атап өтіп, орын алған

кемшіліктерді де келтірді. Семей облысының Мақаншы аудандық комсомол комитетінің партияға мүшелікке ұсынған 11 комсомолдың ішінде өндірісте істейтін бір де бір жұмысшы не колхозшы, тіпті стахановшы да болмаған [162].

Комсомол жастар дүниежүзіндегі жағдайды жіті бақылап отырды. Соғыс өртін тұтатқан фашизмнің айуандық әрекеттерін жастар жиналыстарында қынжылыспен айтып, талқыға салған. Алматы облысының облыстық комсомол комитетінің IV пленумында «Провинция» ауданы комсомолдарының «Комсомол» кемесін өртеп, суға батырып жіберген Испан фашистерінің шектен шыққан жауыздығына, Кеңестер Одағының еңбекшілерімен бірге қайғыратындықтарын білдіре отырып, фашистердің айуандығына жауап ретінде бүкіл Қазақстан комсомол жастарын жаңадан «Қазақстан комсомолы» атты үлкен кеме жасауға шақырған. Бұл шақыру «Лениншіл жас» газетінде жарияланды [155].

1939 ж. ақпанда өткен БЛКЖО-нің съезінде Скварцов еліміздегі жастар мәдени, өнер, ғылым және әдебиетті көтеруде үлкен рөл атқаратынын айта келе, оларды осы салаларды өркендетуге тарту мәселесін көтерген болатын. Әсіресе, соңдарынан өсіп келе жатқан жас жеткіншек пионерлерді тәрбиелеуде олардың қосатын үлестерінің зорлығына тоқтала келе, комсомолдардың жұмысына партия тарапынан ерен көмек көрсету қажеттігін де атап өткен еді [163].

Қазақ тілінде шығып тұрған «Теңдік», «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі», «Лениншіл жас», «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» және т.б. газет-журналдарда жастар мен әйел тақырыптары батыл көтеріліп, оларды ауылшаруашылығы мен өндірістік жұмысқа тартуға белсене кірісті. Жастар мен әйелдердің құқықтарын, еңбектерін қорғайтын заңдар ғана шығарып қоймай, маңызын түсіндіріп, орындалуын қадағалап отырды.

Мерзімді басылым жастар мен әйелдер арасына да жұмыстар жүргізіп, олардың қоғамдық істерге, қызыл отауға, кеңсе қызметтеріне тартуға негізгі насихаттың, үгіттің құралы болды. Қазақ әйелдері мен жастарын ұйымдасуға, өнер-білім алуға шақыра отырып, оларға кездескен кедергілерді жеңуде ақыл-кеңес, ұсыныстар айтты. 20-30 жж. қазақ әйелдері мен жастары қоғам ісіне белсене араласып, олардың арасынан үкімет қайраткерлері өсіп шықты.

4.3 Ұлттық баспасөздегі әдебиет пен өнер

20-30-жылдардағы Қазақстанда болған қиыншылықтарға қарамастан, елдің мәдениеті алға жылжып, халықтың мәдени салт-дәстүрі, әдебиеті, өнері ілгеріледі. Аталған жылдар аралығында мәдени-ағарту ошақтары — кітапханалар мен мұражайлар, театр, жұмысшылар клубтары, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы қызыл отаулар мен керуендер жайы баспасөзде кеңінен насихатталып, олардың жетістіктері мен кемшіліктері туралы аса маңызды ақпарат беріп отырды.

Республикалық, облыстық мерзімді басылымдарда қазақ халқының әдебиеті мен өнері кеңінен насихатталды. Газет-журналдарда арнайы бөлімдер ашылып, қазақ әдебиеті, өнері, музыкасына қатысты түрлі пікірлер, елімізде жүргізіліп жатқан іс-шаралар, оның жетістіктері мен кемшіліктері үздіксіз басылды. Қазақ баспасөзін зерттеген Х.Бекхожин сол кездегі баспасөз бетінде басылған әдеби туындыларында құрылыстың алғашқы жылдарында республиканың қол жеткен табыстары мен социализмнің жаңа белестеріне көтерілуі негізі арқау болғандығын көрсеткен еді [164, 146-б.].

20-жылдың басынан-ақ Кеңес өкіметі пролетарлық жазушылар қатарын қалыптасуға тырысты. Әдебиет саласындағы жетекші жанр поэзия болып, сол арқылы қазақ ақындары жаңа Кеңес өкіметін өткенмен салыстыра жырлады. Қазақ әдебиетінің қатары жас ақын-жазушылармен толықтырылды. Қазақ поэзиясының жас буыны бұқараның революциялық күресін, социалистік құрылыстың алғашқы қадамдарын орыс поэзиясымен байланыстыра жырлауға тырысты. Олардың өлең-жыр, әңгіме, романдарымен қазақ оқырмандары мерзімді басылым арқылы таныс болды. Халық арасына әлі де болса шығармашылығымен таныла қоймаған азаматтарды таныстыруда қазақ баспасөзі бірден-бір құрал болды. Дихан Қамзабекұлы «Алаш және әдебиет» деп аталатын кітабында қазақтың «Ұшқын», «Тілші», «Жас қайрат» сияқты мерзімді басылымдардың 20-жылдары қазақ әдебиетінің қалыптасуында ерекше орны болғандығын атап өткен [165, 338-б.].

1921 ж. 11-18 маусымдағы Қазақстан облыстық бірінші конференциясы әдебиет туралы қарар қабылдап, онда осы уақытқа дейін қазақ тілінде саяси әдебиеттің жоқтығы айтылып, оны жасамайынша қазақ халқының

арасында ешқандай үгіт-ағарту, мәдени-ағарту және саяси-ағарту жұмыстарын жүргізудің мүмкін еместігін көрсеткен еді [4, 33-б.]. Осы қарардан кейін қазақ баспасөзінде арнайы әдебиет бөлімі ашылып, қазақ ақын-жазушыларының еңбектерін насихаттауға мүмкіндік туды. Ол үшін қазақ ақын-жазушыларының басын біріктіру аса қажет болды. Алайда бұл оңайға соқпады. Өйткені сол кездерде бір-біріне сын айту, айтыс-тартыс өршіп кеткен кезең еді. Марксизм-ленинизм ілімін басшылыққа алып, кеңестік жүйенің қолшоқпарына айналған және бұрыннан (патша уақытынан — С.С.) келе жатқан ақын-жазушылар арасында жіктелу пайда болды.

20-жылдардың алғашқы жартысында бағыттар қағысы мен айтыс-тартыстар көбінесе жеке ақын-жазушылардың төңірегінде өрбіген. Әдебиеттің жалпы проблемасынан гөрі аттары шыға бастаған ақын-жазушылардың шығармалары сын додасына түсті. Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішев қазақ әдебиеті сынының алғашқы мәнді толқынына 1921-25 жж. аралығына жатқызды. Оның жазуынша, бұл тұста әдебиет саласындағы жеке дарындардың күш-қуатын, алған бағытын, ұстаған мұратын айқындау мәселесі төңірегінде пікір сайыстары болған. Ғалым ең алғашқы сын С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасынан басталғандығын атаған [166, 16-б.].

С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасын алғаш сынға алған М.Әуезов болды. «Қоңыр» деген бүркеніш атпен «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2-3 санында пьесаның кемшілікті тұстарын сынап отырып, жазушыда адам образын сомдаудағы жетіспеушіліктер орын алғандығын айтады. Алайда М.Әуезовтің бұл сынына төңкерісшіл әдебиеттің жақтастары қарсы шықты. 1923 жылғы «Еңбекшіл қазақ» газетінің 64 санында Шақа деген автордың «Жыл құсы» деп аталған көлемді мақаласы жарияланып, М.Әуезовтің сыни пікірінің дұрыс еместігін дәлелдемекке тырысты. М.Әуезовтің «нақты образ жоқтығын» айтқанына «Бұл пьесаны еңбекшілдер табының төңкерісі туғызған, оның геройлары күллі еңбекшіл тап. ...нақты геройдың болмауына төңкерісті законченный цельный тип жасамайды. Тап ұйымы (коллектив) жасайды. Мінеки, осыған қарағанда «Қызыл сұңқарлар» қазақ әдебиетінде, тарихында жаңа дәуірді бастады. Бұл дәуір ұйымшыл, көпшіл (коллективизм) дәуірі деп аталуы тиіс» дей отырып, «Қызыл сұңқарларды» әдебиеттің жыл құсына санады [167].

1922 ж. С. Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлардан» басқа «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы мен «Бақыт жолында» атты драмасы да жарық көрді. 1923 ж. Нәзір Төреқұловтың тарапынан оның «Асау тұлпары» да сынға ұшырады. Сыни мақала «Темірқазық» журналының 1 санында жарияланды. Сәкеннің «Маржан» деген өлеңін сынаудан бастаған автор «бір жағынан порнография жазған, бір жағынан Азия менен Еуропаны айыра алмай, басындағы ботқасын үлестіріп берген, бір жақтан өзінен шығарып жазуға тура келгенде «білімсіздігін» интернационализм қылып көрсеткен кісіні революционер ақын деп айта алмаймыз. «Революционермін» деген кісіні, әсіресе санасыз «ақыннан» шыққандарды қатарға алудан бұрын бес-он «електен» өткізу керек. Оның үстіне «електің» көзін күннен-күнге тарайту керек болады. Біз мұнда Сәкенді өткізіп отарған «елегіміз» — Октябрь революциясының бізге берген сезімі, бұл сезім өлшеу болуға жарайды» дей отырып, мұндай кітапты жастарға оқытпау керек деген тұжырым жасады [168, 26-27, 29-30-бб.].

Н. Төреқұловтың бұл мақаласы бірнеше тілге аударылып басылды және осы мақалаға орай Қазақстанның жас қаламгерлері мерзімді басылым беттеріне онға тарта мақалалар жариялады.

«Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған «Сынға сын» деп аталған мақалада «Нәзір жолдастың сыны қазақ әдебиетінде алғашқы сын деп айтуға болады. Бү күнге дейін қазақ тілінде партия әдебиетінің аздығынан ия болмаса, партия ішіндегі қызметкерлердің әдебиетке назар салмағандығынан ба, әйтеуір тиісті болмады. Нәзірдің сын жаза бастауы жақсы беталыс», — дей отырып, Нәзірдің «Асау тұлпарды» сынауда Мемлекеттік Баспаның кітаптың бір шетіне жазған «Күш білімде» деген сөзден бастайды. Бұл сөздің кітапқа еш қатысы жоқтығын, кітаптағы 68 өлеңнің төрттен бірі әйел мен махаббатқа арналған деп сынға алады [169, 107-108-бб.].

Н. Төреқұловтың Сәкеннің «Асау тұлпарын» сынауда асыра мұқату барлығын жазғандар да болды. Сынағанда да таразыны тең ұстай, мұқата емес, оның кемшілікті тұстарын ғана сынға алуды әділ санаған, жазушының қара басына тиіспеуді көтерген мақалалар да басылды.

«Қызыл Қазақстан» журналында «Әдебиет» бөлімін ашып, онда жаңа қалыптасып келе жатқан кеңес жазушылары мен олардың әдеби туындылары және осы шығармалар туралы көлемді мақалалар жария-

лауды қолға алды. 1923 ж. басылымның 14 нөміріне жарияланған бір мақалада әдебиет жаңа ғана туып келе жатқан дәуірдің жыл құсы екендігі, жаңа қазақ әдебиеті жас болғанымен, аз уақыттың ішінде бірнеше көркем туындылармен халық арасына танылғандығы жазылды. Бұл көркем туындылардың қатарына Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын» жатқызды. Осы туынды қазақ әдебиетінің тарихында жаңа дәуірді бастап, «ұйымшыл», «көпшіл» дәуір деп атауға мұрындық болғандығын келтірді [170, 20-23-бб.].

«Қызыл Қазақстанның» осы санында С.Мұқановтың «Сақып», «Құрдас», Сәкеннің «Қарабүркіт», «Жылқышылар», М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» атты әңгіме-өлеңдері жарық көрді. Журналдың келесі санында С.Сейфуллиннің әдебиетті дамытудағы бағыттар жөніндегі көлемді ғылыми мақаласы жарияланды.

20-жылдың басындағы Сәкеннен басталған сын тоқтап қалған жоқ, керісінше одан әрі жандана түсті. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (Қазақ тілі, 1922, №20), «Бәйбіше-тоқалы» (Сана, 1923, №2-3), М.Жұмабаевтың өлеңдері (Еңбекші қазақ, 1923, 19 ноябрь) сынға ұшырады.

М.Жұмабаев баспасөз бетінде өз тарапына айтылған өткір сындарға қарамастан оқырмандарды жаңа өлеңдермен, әдеби шығармаларымен таныстырып отырды. Мәселен, «Сана» журналында оның әлі халық арасына таныла білмеген Ақан сері Қорамсаұлының шығармашылығына арналған мақаласы жарияланып, оның өлеңдерін мағына жағынан келгенде беске бөліп көрсетті. Олар: 1. Сықақ. 2. Ғашықтық. 3. Айтыс һәм мақтау. 4. Сопылық. 5. Қазақ қайғысы туралы өлеңдер. Ақын Ақанның өлеңдерінің әрқайсысына өзіндік талдау жасады. Ақанның өлеңдерінің өмір шындығымен үйлесіп жатқандығын, оның жан-дүниесін ашып көрсететіндігін келтірді [171, 85-98-бб.].

Сонымен қатар М.Жұмабаев жас ақын Бернияз Күлеевтің де шығармашылығымен оқырмандарын «Ақ жол» арқылы таныстырып, оның өлеңдері соңғы жылдары «Үшқын», «Өртең», «Еңбекшіл қазақ» сияқты газеттерге жарияланып жүргендігін мақтанышпен атап өтті [172].

М.Жұмабаев қазақ жырлауларының бірі Базардың да ақындығын асқақтата көтерген. «Ақ жол» газетіне жариялаған «Базар жырау»

деп аталған мақаласында Базардың қазақы сөзге шеберлігін, оның өлеңдерінің маңыздылығын айта келе, Түркістан, әсіресе, Қазалыдағы хат білетін азаматтарды Базардың ауызба-ауыз тарап кеткен жырларын жинауға шақырды [173].

Баспасөз беттерінде қазақ әдебиетінің өтпелі дәуірінде қандай мәселелерге көңіл аударып, кімнің мүддесін көздеу керектігі, жалпы қандай мақсатты ұстау, бағыты мен рухы қандай болу қажеттігі жөнінде ашық пікірталастарға орын берілді. Қазақ әдебиетінің ұстанған бағытын 1922 ж. айқындаған С.Сейфуллин болды. «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған «Әдебиет һәм оның бағыттары» деп аталатын мақаласында әдебиеттің бағыттарын бірнешеге бөліп, көрсетуге тырысты. Оның ойынша, әдебиет әртүрлі, яғни өнер-білім әдебиеті, шаруашылық, әлеумет-саясат әдебиеті болып бөлінеді. Әдебиеттің туған жеріне Азияны жатқызды. Азиядан Еуропаға, одан жалпы дүниежүзіне тараған деген тұжырым жасады [174, 27-б.].

Қазақ әдебиеті халықтың айнасы екендігін дәлелдеген зиялыларының бірі бұл — Сәбит Мұқанов. Ол да әдебиет туралы, оның майталмандары туралы ойын «Қызыл Қазақстан» журналына жариялаған. Әдебиеттің екі түрлілігін атай отырып, бірінші түрі — ауыз әдебиеті, екіншісі — баспа әдебиеті деп көрсетеді. Ол «Қазақстанда жазба әдебиеті толық жанданып болған жоқ» деген пікірде болды. Ауыз әдебиетін телегей теңіздей кең әдебиет қатарына жатқызды. Соған байланысты мысалдар да келтіреді. ХІХ ғасыр әдебиетінен Ыбырайдың шығармашылығына тоқталып, оның өлең, әңгімелерінің халық үшін маңыздылығын айқындады [175, 66-67-бб.].

Қазақ әдебиетінің көркейіп, дамуында Жүсіпбек Аймауытов толымды пікір айтқан. «Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен не саясат көзімен қарап, сыңаржақ кетпей, Маркс көзімен қарау керек» деген ой айта отырып, сынға ұшыраған Мағжан Жұмабаевтың ақындығын дәлелдеп шығады. Оның күштілігін сыршылдығынан, суретшілігінен, сөзге еркіндігінен, тапқыштығынан, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген үнді күйінен көреді. Мағжанның ұлтшылдығының күшеюіне қазақтың газет-журналдарының шығуы, қазақ жастарының жұмыла оқуға кірісуі, олардың әр қалада мәдениет-ағарту ұйымдарын ашып, кеңес құруы әсер етті дейді. Ол сонымен бірге Мағжанды заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап

болмаған ақынға санап, оның өмірінде талай өзгерістер болатындығын айтады. Ж.Аймауытовтың бұл мақаласы жастардың «Лениншіл жас» газетіне жарияланды [176].

Ж.Аймауытов Мағжанның ақындығын «Лениншіл жас» журналына жариялаған мақаласында да айқын көрсетті. 1925 ж. «Еңбекшіл қазақ» газетінде «Көркем әдебиет туралы маркшілдер не дейді, Жүсіпбек не дейді?» деген Ғаббас Тоғжановтың мақаласында Жүсіпбектің көркем әдебиетке қатысты айтқан ойын (Аймауытов — С.С.) «таптық идеологияға қарсы» деп көрсетуге тырысқан еді. Автор Жүсіпбектің «әдебиетке тап көзімен, не саясат көзімен қарап сыңаржақ кетсек, Маркс көзімен диалектика әдісін қолданып сынау керек... Мағжан ұлт ақыны. Ұлтты жалпағынан алып қарайды. Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, жиһангершілікке қарсы күншығысшыл екен, қазақта тап жоқ, тап ақыны да жоқ» деп жазғанын сынға алады. «Маркс жолы саудалайтын жол емес, Маркс жолы еңбекшілердің саяси жолы» деген тұжырымын айтады [177].

1925 ж. жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ әдебиеті үшін өтпелі кезең болды. 8 маусымда БК(б)П Орталық Комитетінің «Көркем әдебиет саласындағы партия саясаты туралы» қаулысы қабылданып, «пролетариат жазушылардың үстемдігі әлі жоқ, партия бұл жазушыларға осы үстемдікті алудың тарихи құқығын иемденуге көмектесу керек» деп, кеңес әдебиетінде орын алған жат идеологияға қарсы күрес жүргізу жұмысына жұмыла кірісті. Сонымен бірге бұл қаулы жаңа әдебиет негіздерін белгілеп берді [178, 343-б.].

Қаулыдан кейін осы жылы пролетариат жазушыларының басын біріктірген Ресей пролетариат жазушыларының қауымдастығы құрылып, буржуазиялық идеологияға қарсы күрес жүргізу жұмысына қолдау көрсетті. Бір жылдан кейін Қазақстанда да Ресей пролетариат жазушылар қауымдастығының негізінде қазақ пролетарлық жазушылар қауымдастығы құрылды. И.В.Сталиннің «ұлтшылдық», «байшылдыққа» қарсы ұстанған саясатын басшылыққа ала отырып, қауымдастық өзінің «Жыл құсы» газетін шығарып, кеңес үкіметіне жат әдеби шығармаларды, буржуазиялық-ұлтшыл идеологияны әшкерелеуге белсене кірісті [179, 270-б.].

Үкімет тапсырмасымен қауымдастыққа Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетіндегі ағымдарды анықтау тапсырылды.

Әсіресе байшыл-ұлтшыл жазушылар мен оның шашбауын көтерушілердің қатары әшкереленуге тиіс болды. Ағымдарды айқындау С.Мұқановқа жүктелінді. БК(б)П Қазақ өлкелік баспа бөлімінің басшысы Ғ.Тоғжановқа берген есебінде С.Мұқанов қазақ әдебиеті саласының екі негізгі бағытын ашып берді. Бірінші бағытты «ұлтшыл» бағыт деп атап, бұл ағымдағылардың қатарына Байтұрсынов, Омаров, Аймауытов, Дулатов, Жұмабаев, Әуезов, Досмұхамедов, Тілеулин, Кемеңгеров, Нұрымов, Юсуповтарды жатқызды. С.Мұқанов көбіне аты аталған жазушылардың «көркем шығармаларында қазақ халқының мәдени артта қалушылығы суреттелген, бұл бағыттағылар коммунизмге ішкерілей еруге қазақ халқы әлі толықтай пісіп-жетілген жоқ, сондықтан оларды ең басты ағарту ісіне жұмылдыру қажет» деген пікірде болды дейді. Осы мақсатта олар мектептер үшін оқулықтар шығару үстінде екендігіне де тоқталады.

С.Мұқанов екінші бағыттағыларды «революциялық» деп, оның құрамынан белгілі ақын-жазушы, драматург, тілшілер Төреқұлов, Жолдыбаев, Майлин, Сәдуақасов, Сейфуллин, Жансүгіров, Байділдин, Алдоңғаров, Басиловтарды атайды. Бұл бағыттағылар өз шығармаларында Қазан революциясынан кейінгі қазақтың өмір шындығын айқындаған деп көрсетті.

С.Мұқанов кейіннен өлкелік партия комитеті баспасөз бөлімінің 44367 нөмірлі қатынас қағазына жауап ретінде жазған «Қазақтың көркем әдебиетінің қазіргі халі туралы менің пікірім» атты хатында қазақ әдебиетінде «коммунистік», «ұлтшыл», «нақты көзқарастары жоқ» деген үш бағыттың барлығын атап, бұл бағыттағылардың қатарына кімдер жататындығын, нені көксейтіндігін ашып көрсеткен еді. «Коммунистік» бағыт қатарына Кеңес өкіметі мен коммунистік партияның билігін жақтаушылар, «ұлтшыл» бағытқа ескі өмірді көксеуші бай, билер, «нақты көзқарасы жоқтарға» билік кімнің қолында болса, соларды жақтаушыларды жатқызды. Ол сонымен қатар сол кездегі жазушыларды төрт түрге бөлді: 1) Октябрь ұлдары; 2) өзгеріс ақындары; 3) нағыз ұлтшылдар; 4) жолбикелер [180].

Негізінде 20-жылдары Қазақстанда әдеби айтыстың жүруіне Мәскеу мүдделі болды. Мұндағы мақсат: біріншіден, кімнің «дос», кімнің «жау» екенін анықтап, жаудың амалына қарсы әрекет қолдану, екіншіден, кеңестік идеологияға сай әдеби талғам мен түсінік қалыптастыру еді.

1924 ж. соңында «Ақ жол» газеті қазақ әдебиеті туралы пікірталас ұйымдастырып, сауалнамалар жүргізді. Оған көптеген әдебиетшілер, ағарту саласындағы қызметкерлер қатысты. Бұған Ж.Аймауытов та қатысып, қазақ әдебиетіне байланысты өз ойын білдірген болатын.

1925 ж. Ж.Аймауытов «Ақ жол» газетіне «Әдебиет мәселесі» деген мақала жариялап: «Қазақ әдебиетіне төңкеріс, бір жағынан, жалынды, үмітті желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жағынан, уайым-қайғы, торығу кіргізді», — деп жаза отырып, оның мәнісін талдап берген еді. Ол төңкеріс қазақ ақын, жазушыларының бойында алаулап келе жатқан жалынды басып, бықсытқанға дейін жеткізгендігін, нәтижесінде олардың екіге бөлініп, бірі ұлтшыл бағыттағы, екіншілері кеңестік бағыттағылар аталып, бірімен-біріне қарсы келген топтардың арасындағы айтыстардың өрбуіне алып келгендігін айқындады [181]. «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған «Көркем әдебиет туралы» мақаласында әдебиетте екі-үш түрлі бағыттың барлығының анық екендігін мойындай отырып, оны тұрмыс туғызып отырғандығын дәлелді мысалдармен келтірді [182].

Ә.Байділдин де «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше нөміріндегі «Көркем әдебиет туралы» көлемді мақаласында «Ақ жолға» жарияланған мақалаларға үн қосты. Ол көркем әдебиеттің жұрттың тұрмысынан бері пайда болып, бірге жасап келе жатқандығын, оның міндет, маңызын көрсете отырып, болашақтан түңілетін, өткенді көксейтін шығармалардың, жағымсыз әдебиеттердің тоқтаусыз жарияланып жатқанына өкініш білдірді. Ә.Байділдин де қазақ ақын, жазушыларын үш топқа бөліп қарады. Оның біріншісі, бұрынғы байшыл өмірді жырлаған ақын, жазушылар болып, оған Мағжан шығармалары мысал ретінде келтірілсе, екінші топқа еңбекші тап пен шаруа тұрмысын дәріптеген төңкерісшіл ақын, жазушыларды жатқызды. Бұл ретте ол Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиндерді атады. Үшінші топта «жолбике» деп аталған, бірде кеңес тұрмысын мақтаған, бірде оны даптаған жазушылар мен ақындарды жатқызды. Оның жазуынша, «жолбике» жазушылардың бірі — Жүсіпбек Аймауытов [183]. Әрине, оның бұлай жазуының себебі Ж.Аймауытовтың жоғарыда жазып өткеніміздей, «Ақ жол» газетіне жарияланған мақаласына орай болды. Бұл мақаласында Ә.Байділдин қазақ ақын, жазушыларының «ұлт мәдениеті», «қазақ ұлты», «ұлт әдебиеті» деп жазуына қарсы пікірде болды. Бұлай атау партия саяса-

тына үлкен кедергісін тигізеді, бөлінуге алып келеді деген оймен «ұлт» атауынан қашуға үндеді. Қазақ әдебиетін ұлттыққа бөлмей орыс әдебиетімен байланыстыра отырып жаңа сатыға көтеруді қажет санады.

Ғалым Т.Қожекеев осы көркем әдебиет мәселесіне байланысты Ә.Байділдиннің жариялаған мақаласын талдай отырып, оның көркем әдебиетке қатысты айтқан пікірлері тарихи тұрғыдан қарағанда, өз кезінде дұрыс бағаланғандығын, бұлай жазуына партия идеологиясы себепші болғандығын айқын айтқан болатын [3, 88-б.].

Айқындалған бағыттар бойынша үкімет қазақ қауымдастығының алдына Кеңес өкіметіне қарсы жазылған зиянды шығармаларды әшкерелеп, мерзімді баспасөз беттерінде ашық жариялауды қойды. Бұл жөнінде өлкелік партия комитетінің органы болған «Еңбекші қазақ» газетінің 14 қаңтардағы санында У.Орынбаев пен І.Қабыловтың «Мағжан кітабы туралы» атты мақаласы басылды. Журналист Ж.Арыстанбековтың естелігінде айтылғандай, онда Н.Төреқұловтың Мәскеудегі Қазақстан студенттері жиналысында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдер жинағы жөнінде баяндама жасап, оны кеңеске қарсы зиянды шығарма деп тапқаны хабарланған [184, 61-б.].

Қазақ әдебиетінің жағдайы баспасөз беттерінде жиі жариялана бастады. Жазушы, ақындардың шығармалары, өлеңдері мен толғауларындағы қателіктер әшкереленіп, олардың көпшілігіне «байшыл-ұлтшыл» жазушылар делінген айып тағылды. «Еңбекші қазақ» газеті де қауымдастықтың бұл күрес жолын қуаттап, «ұлтшыл-буржуазияшыл бағытты ұстанған» жазушылар мен ақындардың зиянды шығармаларын халық алдында әшкерелеуге белсенді кірісті. Қазақ әдебиеті саласындағы айтыс-тартыс 1927 ж. тағы да қатты көтерілді. Әдебиет саласындағы бағыттарды айқындай түсуде ақын-жазушылар арасындағы айтыс айрықша өріс алғаны сонша, жеке басты мұқату-кекету, арғы шыққан тегін қазбалауға орын берілді. Газетке жарияланған Қамқа дегеннің «Ақындығын білдіре алмады» мақаласында қазақ әдебиеті саласында ақындардың екі түрі барлығы айтылып, оның бірін кедей-жалшылардың ақынына, екіншісін «ұлтшыл-байшыл» ақындарға теңеді. Осындай ақындарға еліктеп, өзін-өзі зорлап, өлең жазбақ болғандардың қатарының күннен-күнге көбейіп келе жатқандығын айта келе, ондай ақындарды «бірде жұртақы болатын, бірде бүлкілдеуге де келмей қалатын, бірде аяғын баспай тұрып қалатын» кездерінің болатындығына күйінді [185].

Газет жас ақындардың өлеңдерінің жақсы жағы мен кемшіліктерін сынға алуды халықтың еншісіне берді. Айтыс ретінде осы тақырыпта бірнеше сыни мақалалар жариялады. Газеттің 24 желтоқсандағы санында жас ақын С.Мұқановтың өлеңдерін сынға алған Жанымбет дегеннің көлемді мақаласы жарияланып, Сәбит өлеңдерінің қаншалықты қоғам үшін пайдалы екендігін айқындамаққа тырысты. Ол мақаласында әдебиеттің мықты болуы үшін тәрбие керектігін айта отырып, әдебиетті сынау өте орынды деген пікір айып, сынағанда ақынды кекету немесе мұқату үшін емес, болашақта сол сыннан бір тәрбие, тәлім алсын деген мақсатпен сынау қажеттігін көрсетті.

С.Мұқановтың өлеңдерін сынға алмас бұрын оның өмір жолдарына тоқталды. Оның жастайынан еңбекке араласып, қиындықтың дәмін татқандығын келтіре отырып, ақынның ұстанған бағытын айқындады. «Сәбит көбіне келешекті көксеп жазады. Өткенді аузына алмайды. Кедейді, тап жігін қолына ала жазады. Ақын шын сырын, қиялындағы қалың ойын, жүрегіндегі тілегін, ойындағы мақсатын өлеңмен сыртқа шығаратын болса, Сәбитте де сол» деп жаза келе, оның «Шоқпыттың шаруасы» деген өлеңін талдайды. «Сәбиттің бағыты түзу, таза кедейшіл бағыт» дейді. Сонымен қатар мақалада оның дін туралы шығарған өлеңдерінде имансыз, азғын молдалардың әрекеттерін ашына жырлағандығын құп көреді. Ақынның ақындығына келгенде төрт аяғынан тап басқан ақын еместігін, оның өлеңдерінде мағынасы мен ырғағы, пішіні мен мазмұны бірдей келіп отырмайтын жерлері көптігін, өлеңінде сұлулықтың кемдігін, еліктегішілігін баса көрсетеді [186]. Міне, осындай мазмұндағы мақалалардан кейін газетке айқын түрде ақындардың кемшіліктерін жазушылардың қатары көбейді. Күлейұлы Бернияз ақын туралы Мерғали дегеннің мақаласынан кейін (Еңбекші қазақ, 1928, 30 март) газеттің 1 сәуіріндегі санында А. Ағдәулетұлы деген Бернияз ақынның өлеңдерін сынға алып, қателігін баса көрсетті. Одан кейін І.Жансүгіров пен С.Мұқановтың айтыстары жарық көрді.

Қатаң сынға қарамастан «Сана», «Шолпан», «Таң» журналдары мен «Ақ жол», «Қазақ тілі» газеттері М.Әуезов, Б.Майлин, С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов және т.б. шығармалары баспасөзде үздіксіз жарияланып, қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін көптеген игі істер атқарды.

Партия ұйымы қазақ зиялыларының арасындағы айтыс-тартысты бақылауға алып, өзіне тиімді бағытқа бұрып отырды. «Еңбекші қазақ» газетінде өріс алған айтыс «Жыл құсы» альманахында, «Қызыл Қазақстан» мен «Жаңа әдебиет» журналдарында жалғасын тапты.

Осындай сындардан кейін 1928 ж. 6 мамырында Мәскеуде оқыған қазақ жастарының қазақ әдебиетіне байланысты бас қосып, пікір алмасқан жиыны болды. Бас баяндаманы Ә.Байділдин жасап, қазақ әдебиетінде орын алып отырған кемшіліктерді айтып өтті. Қазақ жастарының ағымдарға байланысты ой-пікірлері тыңдалып, әдебиет саласының ақсауына жол бермей, одан әрі өркендету шаралары жөнінде қаулы қабылдады. Бұл жиынның материалдары «Жаңа әдебиет» журналының № 9 санында жарияланды.

1928 ж. екінші жартысында М.Дулатов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытовтың үстінен қылмыстық іс қозғалып, түрмеге жабылды. Оларға алашшыл бағытта бас көтеріп, қазақ әдебиетінде бұрынғы идеологияны насихаттады деген айыптар тағылып, әдебиет сахнасынан ығыстыруға тырысты. Осы жылы баспасөз беттерінде «байшылар идеологиясын жасырып отарғандарды» әшкерелеген мақалалар қаптап кетті. «Бұл, біріншіден, төңкерісшіл бағыттағы әдебиетті ескіден арылту десе, екіншіден, кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы келгенді ауыздықтау мақсатын көздегендіктен» деп түсіндірілді.

«Байшыл идеологияны жақтаушылар» деп аталғандарды жасырып немесе оларға дем берушілерді анықтау науқанына белсене кіріскендер баспасөз бетін дәлелді деректермен толықтыруға тырысты. Бірін-бірі сынау, шығармаларынан қателіктер табуда бет жыртқандары сонша, оқырмандар кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екендігін ажыратудан қалды.

Пролетариат жазушыларының қауымдастығы жас ақын, жазушылардан бұрынғы байшылардың, алашордашылардың әрекеттерін әшкерелейтін, жаңа кеңестік тұрмысты дәріптейтін шығармалар жазуды талап етті. Нәтижесінде Сәкеннің алашорашыл М.Шоқайдың жаңа өмірге жаулығын айтқан «Ақ төбет пен от арба» (Еңбекші қазақ, 1926, 19 октябрь), Жақанның тәркіленіп жер аударылған байларға арналып «Қорқау қасқырлар», (Еңбекші қазақ, 1929, 5 август), Ә.Тәжібаевтың мансапқор коммунистерді әшкерелеген «Кімдерді аластаймыз» (Еңбекші қазақ, 1929, 12 август.), Б.Майлиннің ұжым мүшелеріне арнап жазған «Коллективтің жырын айт» (Еңбекші қазақ, 1930, 17 апрель) және т.б. өлеңдері жарық көрген.

«Байшыл идеологтармен» күресуде көркем әдебиетті қатаң бақылауға алу қажеттігі турасында Ашық хат жарияланды. «Әдебиетте үмітсіздік, жылауықтық, салы суға кеткендік сияқты нәрселер бар» дей отырып, Қазақстанның Қызылорда, Қостанай, Қызылжар, Семей, Орал сияқты қалаларындағы жазушылар ұйымдарының жұмыстарын дұрыс жолға қою, әдебиетте ескі ұлтшыл жазушылармен (алашордашылармен), жаңа байшыл сыншылармен, жазушылармен, солардың жолын қуушылармен, ажыратушылармен, сәдуақасовшылармен тайсалмай күресу мәселесін көтереді.

Мерзімді баспасөз арқылы «ұлтшылдық» сарынымен күресудің бірнеше жолдары ұсынылды. Оның бірі — сын. Яғни өзін-өзі сынау деп көрсетілді. Оның мақсаты шығармалардың сапасын арттырып, ұлтшылдарға соққы беру деп түсіндірілді [187].

1929 ж. «Жаңа әдебиет» журналының №4 санында Хабиболла дегеннің көлемді мақаласы жарияланып, Мәскеуде өткен студенттердің жиналысында Ә.Байділдиннің баяндамасына орай А.Мусин мен Тәтішев сөз сөйлеп, онда А.Мусин «Қазақстанда пролетарлық жазушылар жоқ, Сәкен, Сәбиттер пролетарлардың жазушысы емес» дегенді айтты деп жазған еді. Осыған орай А.Мусин оған жауап ретінде хат жолдап, оның бұл сөзі шындық емес екендігін, өзінің бұлай айтпағанын айта келе, «ұлтшыл» бағыттағы ақын-жазушыларға кімнің дем беріп отырғандығын айқындап бермекке талпынды. Оның көрсетуінше, С.Сәдуақасов А.Байтұрсыновты «Қазақ әдебиетінің әкесі» деп мадақтаса, Мағжанның кітабын орыс тіліне аударғандағы алғы сөзінде оны нағыз жауапты партия қызметкері, кеңес азаматы ретінде көрсеткендігін келтіре, өзінің еш уақытта пролетарлық жазушылар ұйымына қарсы шықпағандығын, керісінше осы ұйымға кіріп кеткен Ә.Байділдин сияқтылармен күресіп жүргендігін ашық айтады [188].

Ғ.Тоғжанов «Әдебиет және сын мәселелері» кітабында 20-жылдардағы әдеби саладағы еңбектерге сын көзбен қарап, бағалауға тырысты. Осы кезеңдегі әдеби еңбектерді революциядан бұрынғы әдеби шығармаларымен салыстырып, Ахмет, Міржақып, Омар Қарашұлы, Мұхтардың шығармаларын «ұлтшыл сарыны басымға» жатқызады. Бұл «ұлтшылдар» кеңес тұсында да өз сарынын жалғастырып отырғандығын, келешекте олардың орындарын осындай «ұлтшыл, байшылдардың» басатындығына сенімді екенін білдірді [189].

1932 ж. партияның «Көркем өнер ұйымдарын қайта құру туралы» қаулысы шыққаннан кейін, қазақ әдебиеті саласын жақсартуға бағытталған қадамдар жасалды. Қазақ әдебиеті қатарын жаңа буындар басты. Атап айтқанда Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, С.Ерубаяев, З.Шашкин, Х.Есенжанов сынды жазушылардың келуі қазақ әдебиетін жаңа туындылармен толықтырды.

Қазақ ақын-жазушыларын біріктіріп отырған Жазушылар қауымдастығы (ҚазАПП) оларға арнайы нұсқаумен елдің социализм жолындағы жеңісіне арналған шығармалар жазуға тапсырмалар берді. Осы жылдың желтоқсанда өткен І пленумда «Көркем әдебиет туралы партия қаулысын орындау және қазақ кеңес әдебиетінің міндеттері» атты баяндама тыңдалып, бұрынғы өмірді көкसेген әдебиет келмеске кетіп, оның орнына Қарағанды, Түркісіб қазақ жұмысшылары, өндірістегі екіпінділер, социалистік жарыс, жаңа қадам, жаңа құрылыс жайындағы туындылардың басуын әдебиеттің ілгерілеуіне жатқызды [170, 112-б.].

Жалпы жаңа әдеби туындыларды Қазақстан кеңес жазушылары басқармасы өздерінің органы болған «Әдебиет майданы» журналына жариялауға тырысты. Сонымен қатар журнал Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезінде жасалған сыни баяндамалары мен әдеби шығармаларды жан-жақты талдауға алған мақалалады да басып отырды.

1935-37 жж. аралығында жазылған әдеби шығармалар кеңестік жүйенің өзекті мәселелерін қамтыды. Социалистік жарыс озаттары, колхоз, совхоз жетістіктері, малшаруашылығындағы, өнеркәсіп орындарындағы табыстар, қазақ әдебиетінің негізгі мазмұнына айналды. Бұл аралықта жазылғандар да қатаң сыннан өтті. Оларда жіберілген қателер республикалық газет-журналдарда әшкереленіп отырды. «Социалистік Қазақстан» газетінде 1937 ж. наурызында Бейімбет Майлиннің толық жинағы, әсіресе оның IV томы сыналып, онда «жинақта үлкен сорақы қателіктер кеткен» делінсе, «Қазақ әдебиеті» газетінде М.Әуезовтің жинағына 1921-25 жж. аралығында жазған әңгімелері енгізілгені айтылып, оның бұл әңгімелерінің барлығы ескілікті көкसेген, рушылдығы басым, феодалдық өмірді дәріптеген туындылар қатарына жатқызылды [190].

Қазақ көркем әдебиеті туралы жастар арасында өткізілген түрлі айтысты-тартысты әңгіме, диспуттар да газет-журналдарда жарияланды.

Мәселен, Семей облысы, Жарма ауданына қарасты Ақбұзау колхозынан Әзілхан Нұржанов «Лениншіл жас» газетіне жіберген хатында көркем әдебиетті қазақ жастары құмарта оқығанымен де, осы салада үлкен кемшіліктің барлығын баса көрсетті. «Біріншіден, жазушылардың қарқыны халық тілегінен кейін қалып қойған сияқты және шығармалар аз шығады. Екіншіден, шыққан әдебиеттің ауыл, аудандарға жеткізілуі нашар», — дей келе, жастар газеті «Лениншіл жастың» өзі де көркем әдебиетке ойдағыдай көңіл бөлмей, тек бір-екі уақ өлеңдерді басатындығын айтып, газетке жастардың әңгіме, өлең-жырларынан көбірек жарияласа деген тілегін білдірді [191].

20-30-жылдардағы айтыс-тартыстарға қарамастан, қазақ мерзімді баспасөзінде жас ақын, жазушылардың өлең-жырлары, очерктері, фельетондары, әңгіме-новеллалары жарияланып тұрды. Осы газет-журналдар арқылы Б.Майлин, И.Байзақов, Н.Байғанин, І.Жансүгіров, С.Дөнентаев және т.б. ақындар мен жазушылардың есімдерін қазақ оқырмандары газет-журналдардан оқып, білді.

Қазақстандағы саяси оқиғаларға, ірі құрылыс ісіне арналған түрлі туындылар дүниеге келді. Әсіресе отызыншы жылдары қазақ әдебиетінің қатары тартымды туындылармен толықты. Сондай туындылардың бірі — очерктер болды. Журналист Т.Ыдырысов бұл турада: «...отызыншы жылдардың деңгейінде «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде, «Жаңа әдебиет», «Әдебиет майданы» журналдарында М.Әуезов, С.Мұқанов, Ф.Мүсірепов, Ф.Мұстафин, С.Ерубәев, Е.Ысмайылов, Ш.Құсайынов, А.Сегізбаев, Қ.Әбдіқадыров, С.Шаріпов, Ә.Қоңыратбаев және басқалар жаңарған өлке, жаңа адам туралы очерктер жариялай бастады. Бірінші бесжылдықтың перзенті — Түркістан-Сібір теміржолы, Қарағанды, Қарсақпай, Балқаш, Шымкент, Риддер сияқты өнеркәсіп алыптары республика жазушылары мен журналистерінің қиялына қазық, жырына азық болды», — деп жазды [192, 51-б.].

«Социалистік Қазақстан» газетінде Б.Майлиннің жиырма шақты очеркі жарық көрсе, «Әдебиет майданы» журналының 1-санында І.Жансүгіровтің «Қазақстан астанасы — Алматы» деген публицистік очеркі жарияланды. Журналист Т.Ыдырысов «алайда осы отызыншы жылдардың басындағы очерктердің көркемдік сапасы әлі де төмен болды» де-

ген пікірде болған [113, 62-б.]. Бұл турада жазушы С.Мұқанов та өз ойын ашық түрде айтқан болатын: «... қазақ прозасы советтік дәуірдің алғашқы жылдарында материалды күнделік өмірдің тақырыбынан алды да, қысқа очерктер мен әңгімелер түрінде жарыққа шығып отырды. Бұл очерктер мен әңгімелер советтік құрылысты насихаттау жағынан бағалы болғанымен, көркемдік әдебиеттің тұрғысынан қарағанда әлсіз еді» — деген [193, 304-б.].

20-жылдардың басында Азамат соғысы аяқталып, ел есін жия бастаған кезде кеңестік қазақ әдебиетімен қатар дамыған өнердің бірі — театр мен опера саласы. Қазақстанның Орынбор, Ақмола, Алматы, Семей сияқты қалаларында ірі театр труппалары құрылып, халық арасында ойын-сауық кештерін ұйымдастырып, түрлі қойылымдар көрсете бастады. 20-жылдары құрылған ағарту қоғамдары, ұйымдары тек сауатсыздықты жою ісімен ғана айналысып қана қойған жоқ, сонымен қатар сауық кештерін ұйымдастыруды да белсене қолға алды. 1920 ж. М.Әуезовтің басшылығымен Семейде құрылған «Ес-аймақ» атты қоғам өлкеде сауық кештерін ұйымдастырып, өз өнерлерімен көпшілікті тәнті еткен. «Қазақ тілі» газетіне «Сауықта болған» деген бүркеніш атпен жарияланған «Қазақша сауық кеші» деген мақалада: «21 февральда Алаштағы халық ағарту «Ес-аймақ» ұйымы Затонда қазақ жұмысшыларына қазақша сауық жасады. Тамаша жас жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Ел ағасы» атты нағыз қазақ тұрмысынан алынған төрт бөлімді драмы кітабы қойылды», — делінді. Кеште Әміре Қашаубаев ән салады. Сөйтіп қазақ жастарының ең алғашқы театрлық қойылымының бірі 1921 жылдың ақпан айында Затон жұмысшыларының «Сибирский бурлак» клубында қойылған. М.Әуезовтің бұл пьесасы баспаға басылмаған, кейіннен жоғалып та кеткен [194].

Бұдан кейін 14 наурызда «Ес-аймақ» жастары Семейдің Свердлов клубында М.Әуезовтің «Бәйбіше-тоқал» пьесасын қойған. Бұл турада «Қазақ тілі» газетінің 29 наурызындағы санында шағын хабарлама басылды. Қойылым губерниялық әйелдер тойына арналды [195]. Бұл пьеса Орынборға оқу үшін жүрмек болған Иса Байзақовқа көмек есебінде 1923 ж. 8 ақпанында қазақ сауықшылар ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен тағы да қойылған [196].

Қазақ жастарының арасында осындай ойын-сауықтардың көбеюі олардың көрсетіп жатқан қойылымындағы көпшілікке таныс емес «дра-

ма», «театр», «комедия», «трагедия» деген терминдерді түсіндіруді қажет етті. Ж.Аймауытов «Қазақ тілі» газеті оқырмандарын жалпы театр жайымен таныстыруды жөн көрді. Драма, театр, комедия, трагедия терминдерінің мәнісін ашып, олардың әрқайсысының өзіндік маңыздылығының барлығын түсіндірді. Сонымен қатар жастарға театрда көрсеткен пьесалардың аздығын да келтіріп, оны кемшілікке жатқызды [197].

1922 ж. Семейдегі ойын-сауық үйірмесі кішігірім драма труппасына айналып, бұл жерден Ә.Қашаубаев, И.Байзақов, Ж.Шанин және тағы басқа әртістер қанаттанып шығып, өз көрермендерін М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек», С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Ж.Шаниннің «Арқалық батыр» сияқты пьесаларымен тәнті еткен.

Ірі қалалардан да басқа губерния уездерінде түрлі сауық орындары, үйірмелер және клубтар ашылды. «Жас қазақ» журналы жариялағандай, Зайсан қаласында 20-жылдан бері қазақ, татар, орыс жастарының бірлесе ұйымдастыруымен құрылған «Луначарский» деген сауық үйінің мүшелер қазақ арасына барып түрлі сауық көрсетіп, халықты өз өнерлерімен қуанышқа бөлеген. 1921 ж. бұл сауық үйі екіге бөлініп, орыс жастары сол «Луначарский» деген атпен қалып, қазақ жастары өз сауық клубтарын «А.Байтұрсынов» есімімен аталып, дүңған жастары «Ленин» атымен атап, түрлі қойылымдар көрсете бастаған (Жас қазақ, 1924, №12-13). Зайсандағы қазақ жастарының драма үйірмесіне Ж.Шанин жетекшілік етіп, өзі жазған «Арқалық батыр» пьесасын көпшілікке көрсеткен. Дегенмен бұл үйірмелердің репертуары жұпыны болды. Нағыз көрермендер тамашалайтын қойылымдар жетіспеді.

1925 ж. театр жайы және оның репертуары жөнінде газет бетіне айтыс көтерген Жәкен Сәрсенбин («Жас қазақ» журналын шығарушылардың бірі, «Лениншіл жас» бетінің кезекті редакторы, «Ақ жол» газетінің белсенді тілшісі — С.С.) «Еңбекші қазақ» газетіне осы тақырыпты көтеріп, мәдени орындарда ойын-сауық қоятын қазақ тіліндегі театр кітаптарының жоқтығына қынжылыс білдірді. Ол театр жазушыларына қазақтың тұрмысын, салтын-дәстүрін сақтай отырып, жаман әдеттерден, мінездерден құтылатын жақсы ойын кітаптарын жазуды өтінеді [198]. Оның бұл өтінішіне сол газеттің кезекті санында жауап берген адамның бірі Жүсіпбек Аймауытов болды. «Жоққа ескерту» деп аталатын мақаласында театр кітабын жазушылардың бірі өзі жазған пьесаларын

білім комиссиясына қараттырып, басуға рұқсат алғанымен, Ташкент пен Орынбор сияқты қалалардағы баспалардың қабылдамай қойғандығына қынжылыс білдіре, драматургия саласының қиындығына байланысты онымен ешкімнің шұғылданбайтынын ашып айтқан. «Басылмайтын, не елге, не өзіме пайдасы жоқ сөзді жазып жыным бар ма? Көрмегенім театр кітабы болсын, онан да көп жерді аударып, оқу кітабын жазып күнелткенім жақсы емес пе?» деп кейіген. Осыдан кейін жазушы пьеса жазудан қол үзеді. Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығын зерттеген ғалым С.Қирабаев оның пьеса жазбай, 20-жылдардың орта кезінен бастап үлкен прозамен қоса, көптеген аудармалар жасауы, кітаптар шығаруы осы себептен болса керек деп атап өткен [199, 72-б.].

Мәдени-ағарту жұмысында оқу үйлерін, кітапханалар, клубтар, театрлар және басқа мәдени ошақтар ашу, театрларға арнап әдеби пьесалар жазу ісін қолға алуға қазақ зиялылары тартылды. Осы ашылатын мәдени ошақтар үшін арнайы қазақ әртістерін үйретіп шығару да көтеріле бастады. «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған М.Тай дегеннің мақаласында еңбекшілер арасында ойын-сауық қою үшін қазақ жастарынан арнайы әртістік ұжымдар құру қажеттігі айтылды [200].

Қазақ ұлт театрының құрылуын бастапқы кезде жергілікті халық түсінбеді. Оны ойын-сауық түрінде қабылдап келген халыққа театрдың не екендігін түсіндіру аса қажет еді. С.Сәдуақасов «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында театрдың қазақтың ойын-сауығына, шілдеханасына ұқсамайтын орын, мәдениет пен өнердің бір ошағы екендігін ретінде түсіндірді. Осы театр сахнасында қойылатын қойылымның пьеса деп аталатындығын, қазақтан пьеса жазуға М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Ж.Шанин, Қ.Кемеңгеров сияқты төселіп қалған драматургтардың барлығын айта келе, аталған авторлардың кейбіреулерінің туындыларына тоқталады. Қ.Кемеңгеровтың «Алтын сақа» пьесасын тәуірлердің қатарына жатқызды. Дегенмен оның кемшілігін де көрсетеді. Ол — көріністерінің тым қысқалығы. «Кей бөлімдерінде көрер-көрместен шымылдық жабылып кетеді деуге болады. Пьесаның көрінуі кемінде бір сағатқа созылу керек» десе, «Еңлік-Кебекті» тарихи жағынан сөзсіз ірі пьеса екендігін айта отырып, оның кемшілігіне тым ұзақтығын жатқызды.

Театрдағы жақсы әртістерден Әміре Қашаубаевты атап, ол туралы орыс журналдары мен газеттерінде көп жазылатындығын, Әміренің

нағыз әртістігі оның жыламсыраған дауысынан, қыржиган бетінен, жұмылған көздерінен көруге болатындығын, Иса Байзақов, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин сияқты әртістердің халықты нақышты дауысымен, өнерімен тәнті етіп жүргендігін келтіреді [201].

С.Сәдуақасов Потаниннің «Қазақ халқы өзінің әнімен адамшылық мәдениетіне үлкен олжа кіргізеді» деген сөзінің бүгінде жүзеге асып, Затаевичтің «Мың әні» қазақ әндерін елге паш еткендігін, қазақтың «Қарагөзін», «Қараторғайын», «Қарақасын» бүкіл Еуропа, Америка халықтары білетіндігін, Нью-Йорк, Парижде қазақ әндерінің естіліп жатуын үлкен жетістікке санады. Ол Потаниннің «Елу жылда қазақта нағыз театр туады» деген сөзінде көрегендікке жатқызды. Ұлттық театрды жасау үшін Серке, Жұмат сияқты нағыз әртістерді жинап, театрға ғимарат беру керектігін көтереді. Сонымен қатар ұлт театрының репертуарын жөнге келтіру қажеттігін де баса көрсетеді [202].

С.Сәдуақасов: «Орысшалап айтқанда, алғашқы қазақ театры универсал болу керек. Барлық әдеби, мәдени өнердің бәрін бір жерге жию керек», — дей отырып, театрдың алға басып кетуіне бірінші кезекте қаражаттың қажеттігін баса көрсетеді. Ол үшін театрды құрғатпайтын көрермендерінің көп болуы үшін жақсы пьесаларды қою керектігін атайды. Сонымен қатар орысқа еліктеудің қажеті жоқтығын да келтіреді. Қазақ театрының сол кездегі кейбір ойыншыларына жеке-жеке тоқталып, олардың арасында талантты жастардың барлығына қуанады. Жас жігіттердің 80-дегі кемпірді сомдауының өзі бір өнер екендігін, бұл жағынан олар жақсы емтихан ұстағанын айта келе, енді олардың алдында тұрған алдағы зор мақсаттың бірі — рөлін тереңдете білу, яғни ойнап тұрған образына шындап кіру қажет десе, екіншісі әртістің сыршылдығының болғанын дұрыс көреді. Бұл жерде автор «Алтын сақа» пьесасындағы кемпір образының дұрыс сомдап, әртістің көрерменге кемпірдің жан-дүниесін жеткізе алмағандығын келтіреді. Алайда енді ғана аяғын тәй-тәй басып, іргесін қалаған қазақ театрынан күтер үміттің зор екендігіне сенім білдіреді.

Қазақстан Халық Ағарту комиссариаты жақсы жазылған пьесаға мың сом, одан кейінгіге 500 сом көлемінде бәйге тігіп отырғандығын айта келе, талапты жазушыларды осы бәйгеге қатысуға шақырды [203].

С.Сәдуақасовтың бұл мақаласына қазақ зиялылары үн қосты. Атап айтқанда, С.Сейфуллин «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған

«Ұлт театры туралы» атты мақаласында Смағұлдың көтерген мәселелерінің кейбіреулерін құптап, кейбіреулеріне қосылмаған. Смағұлдың «Театр жұртты тәрбиелейтін мәдениеттің бір мектебі. Әртістер сол мектептің оқушылары» деген пікірін толығымен құптай отырып, қазақ театрының кемшілікті, жетістікті жақтарына тоқталады. Ол театрды алға көтеру үшін қаражаттың керектігін, жақсы кәсіпқой әртістерді тәрбиелеу аса маңызды екендігін білдірген [204, 144-б.].

Газеттерде театр ашу ісін қолға алу жиі көтерілген. 1926 ж. 13 қаңтарында салтанатты жағдайда Қызылордада тұңғыш қазақ театры ашылды. Осыған орай «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 ж. қаңтардағы санында М.Әуезовтің «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласы жарияланып, ашылған театрға байланысты туындаған пікірталастар барысын саралап берді. Ол театр өнерінің ежелгі гректерден басталып, жалпы театр өнері елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күйінен, өлең-жырларынан бастау алатындығын, ақындар айтысы, «жар-жар», «беташар» және тағы басқа ел ішіндегі өнерлер театрдың негізі екендігін көрсетті. Бұл өнер түрлерін театрда пайдалану керектігін мегзеді. Қазақ бұрын театр дегенді білмей-ақ түрлі қойылымдар қойып, өз көрермендерін думанға бөлеп, опера дегенді білмесе де оның бәрі әнмен орындалатындығын, олардың салған әндері шарықты, жанды болып шығатындығын келтіреді. Семей аймағында қуекеш күлдіргі қулар, тапқырлардың халықты комедиялық жанрмен тәнті еткендігін көрсетті.

М.Әуезов бұл ашылып отырған театр өнерін одан әрі жандандырып алып кету үшін ұйымдастыру жауапкершілігін күшейтуді ескертті. Ол өнер театры барлық халықта болып, сол елдің топырағында өркендеуі керек деген тұжырым айтады. Сонымен қатар театрда ойналатын пьесалардың көрерменіне ұнауы, біріншіден, жазушының шеберлігінен, екіншіден, сол шебер туындыны ойнаған актердің таланттылығынан екендігін ескертті. Театрдың алға жылжуы өзінің жеке үйінің болуы мен сахнаны қойылымға лайықты безендіруге байланысты болатынын да жасырмады. Жалпы, автор театр өнерінің өркендеуі, өсуі халықтың өз қолында деген ой білдірген [205, 16-42-бб.].

Қазақ театрының құрылуын мерзімді баспасөз қуанышпен хабарлаған. «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған Е. Жәрменнің мақаласында қазақ ұлт театрының құрылуы ел мақтанышы екендігі жөнінде айтыла келе, енді ұлт музыкасын құрса игілі болар еді деген ұсыныс айтса, ал Қолғанат

деген атпен шыққан мақалада қазақ театрының директоры Дінше жолдас сұхбатында, алда ұлт театрын жандандыру үшін қыруар жоспарлар көзделіп отырғандығын айтқандығын келтіреді [206].

Қазақ театры ұзақ уақытқа гастрольге шығып, уездерді аралап, өздерінің жаңа қойылымдарымен көрермендерін таныстырды. Театрдың сахнасында халықтың сол кездегі көкейтесті мәселелерін қозғайтын пьесалар қойылды. Алғашқы кездерде ұлт театры «Бәйбіше, тоқал», «Шернияз» пьесаларын жиі қойып, көрермендердің ықыласына ие болды. Бұл турада С.Сәдуақасов пен «Ұйқышы» деген бүркеншік атпен жариялаған автордың мақалаларында айқын айтылды. Дегенмен, «Шернияз» пьесасы бәйгеге қосар қойылым екендігінде еш шек жоқ екендігін айта отырып, ұлт театры осындай пьесалармен шектеліп қана қоймай, жаңа туындыларды қою керектігі ұсынылды [207]. Қазақ театры аталған пьесалармен Түркістанда болып, көрермендердің ойынан шыға білген [208].

С.Сәдуақасов театр құрылуының бір жылдығына орай «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында театрдың халық аузына ілігіп, бір мәдени орынға айналып, ауылдан келіп, өз өнерлерімен көрермендерін тәнгі еткен Қалибек, Елубай, Серке, Әміре сықылды ойыншылардың түбінде үлкен сахна әртістері боларлығын көрегендігімен айта білді.

Театрдың алға басуына театр кітабын жазу керектігін тағы да баса айтылды. Қазақтың М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллиндердің ауызға аларлықтай пьесаларының барлығы, сондай-ақ, Ж.Аймауытовтың «Шерниязы», «Мансапқоры» орыстың шебер тілімен жазылған пьесаларымен таластыруға болатындығын, Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасы Чеховтың жазғандарынан кем еместігін айта келе, былтырғы Ағарту комиссариатының бәйге жариялауына орай қазақ тілінде жазылған 42 пьесаның келіп түскендігін және олардың авторларының көпшілігі қазақ жастарынан болуын қуанарлық іс деп атайды. Театрдың, жалпы қазақ өнерінің өрлеуіне бірінші кезекте қаражаттың қажеттігі, театрдың алғашқы жылында оған 40 мыңдай ақша жұмсалғандығы, алайда театрды жөндеу үшін бұл санды 4-5 есе көбейту керектігін, жақсы театр үшін салу үшін 2-3 мыңдай ақша қажеттігіне тоқталады. Ол үшін үкімет қаражатынан басқа ел жәрдем тигізсе, жәрдем тигізгені 5-10 тиыннан аямай театрға келсе деген өтінішін білдіреді [209].

1928 жылдан бастап театр әртістері Қазақстанның өзге губернияларына гастрольдік сапармен шыға бастады. Осы жылы театр Алматы

қаласына көшіріліп, өз қатарын жаңа талантты әртістермен толықтырды. 19 қаңтарда ұлт театрында Тілепбергенұлының «Сүйіскендер» деген төрт перделі пьесасы қойылып, оның кейіпкерлерін Қалибек Қуанышбайұлы, Құрманбек Жандарбекұлы, Жәнбике Шана келіні, Оразке Қашаубай келіні, Серке Қожамқұлұлы сомдаған [210].

«Еңбекші қазақ» арқылы қаламы жүйрік жазушыларға қазақша пьеса жазуда бәйге жарияланды. Егер 3-4 перделі болса, бірінші, екінші бәйге берілетіндігі, бірінші бәйгеге 300 сом ақшалай сыйлық, екінші орынға 200 сом берілетіндігі айтылды. Сонымен қатар көлемі 2-3 баспа табақ болатын қазақша көркем әңгімеге де бәйге жарияланып, бірінші бәйгеге 200 сом, екіншісіне 50 сом, әскери өлеңге бірінші орынға 100 сом, екіншіге 50 сом берілетіні хабарланды [211].

Театр еңбекші қазақ елінің жаңды айнасы ретінде есептелінді. Оның құрылғанына 2 жыл толуына орай «Еңбекші қазақта» Ж.Шаниннің «Қазақстан мемлекет театры» атты есепті мақаласы жарияланып, қазақ театрының жетістіктері мен кемшіліктері айтылды. Театр құрылған кезде арнайы білімді әртістердің нақты дайындығы болмаса да, осы екі жылдың ішінде талаптанудың арқасында Қалибек Қуанышбайұлы, Серке Қожамқұлұлы, Құрманбек Жандарбекұлы, Елубай Өмірзақұлы, Әбдуқай Абдоллаұлы, Әміре Қашаубайұлы, Иса Байзақұлы, Жүсіпбек Оспанұлы, Латиф Әшкейұлы, Зура Жандарбекқызы сияқты талантты актерлер мен әншілердің қатарының өсіп, осы айтылған өнер иелері іргелі жетістікке жеткендігін келтірді. Сонымен қатар қазақ театры алғашқы құрылған кезде оның іргетасын нығайтуға театр өнерінен хабары жоқ жігіттер белсене кірісіп, «іс қолымыздан келе ме» деген қауіппен халық арасына түрлі тақырыптарда қойылымдар қойып, олардың көңілдерінен шыға білгендіктері айтылды. Осы екі жылдың ішінде қазақ театры оңтүстік пен күншығыс Қазақстанды, Ташкент сияқты көршілес республиканың ірі қаласына барып, көрсеткен өнерлерімен халықты тәнті етіп қайтқандығын, тіпті дүлдүл әнші Әміренің шілдеде Германияға барып, ән-күй көрмесінде бүкіл дүниежүзін аузына қаратқандығын айта келе, театр жанынан актерлер даярлайтын оқу орнының ашылғандығын хабарлады. Бұл оқу орнында онда ән-күй театры, әнді нотаға түсіру, ән салу сияқты сабақтардың өткізіліп, ән сабағынан музыкант Д.И.Кобалев, пианинода ойнаудан Дессинаның дәріс беретіндігін, биылғы жылы да талантты жастарды қабылдайтындығын, алайда әлі де қаражат жағы

қиындық тудырып отырғандығын ескертіп, көпшілікті театрға сүйеу, де-меу болуға шақырды [212].

1929 ж. 11-16 желтоқсанда Алматыда болған БКП (б) Қазақ өлкелік комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында көркем әдебиетті жасауға болатынына сенбеушілік пен күмәндаушылықты батыл жоюды, әдебиеттегі, өнердің басқа салаларындағы буржуазиялық-ұлтшылдық ықпалдардың бәрін аяусыз әшкерелеп, оларға қарсы күрес жүргізу талап етілді. Пролетариат жазушылардың шығармашылығының мазмұнына, көркем құндылығына аса назар аудару, театр репертуарын жете қадағалау, театрдың қазақтың пролетарлық жазушылар қауымдастығымен байланысын нығайтуды алға қойды [88, 60-63-66.].

Осы қаулыдан кейін театр сахнасында ұлтшыл сарындағы пьесалардың қойылып кетпеуі жіті қадағаланды. Бұрындары көрсетіліп келген қойылымдардың мазмұны тексеріліп, зиянды деген шығармалар әшкереленіп, алынып тасталынды.

Қазақ театрының құрылуы, оның жетістіктері жайында «Жаршы» журналы материалдар жариялап отырған. Қанабек Байсейітұлы «Қазақ театры» мақаласында қазақ театрының құрылуы, оның алғашқы актерлері, репертуарындағы қойылымдар, жалпы театрға деген жұртшылықтың көзқарасы жөнінде нақтылай мәлімет берді. Оның жазуынша, ең алғашқы театр құрылған жылы үлкен қиыншылықтарды бастан кешірген. Атап айтқанда, бұрыннан қалған театр мұрасының, әртістердің, ғимараттың, мамандардың, арнайы қойылымдардың жоқтығы болды.

Қанабек Байсейітұлының жазуынша, алғашқы театр ашылған кезде қазақ оқушыларының арасынан театрға икемі барларды жинап, 15-16 адамның басын құрап, қырға шығып қойылымдар көрсеткен. Іріктеліп алғандардың арасынан нағыз театрға берілген әртістер тәрбиеленіп, театрдың суығына тоңып, ыстығына күйген. Ол театрдың ең басты кемшілігіне сахна кітабының болмауын жатқызды. Жалпы театрдың ірі табыстарының қатарына ән-күй жайын атап кетеді. Ол бастапқы кезде театрда халық аузында бар әндерді ғана шырқаса, соңғы уақыттарда қазіргі дәуірдегі ірі жетістіктерді, жаңа құрылысты насихаттайтын әй-күйлердің орындалып жүргендігін, сондай-ақ ән-күйдің көркемдік жағының да ілгерілегендігін, қазірде 4 дауысқа салып айтылатын 60 шамалы хорға арналған әндердің барлығын, жеке әншілердің сахнада айтатын әндерінің өзі 200-ден асатындығын және сол әндердің арасын-

да түрлі қақпақ, мысқыл, күлдіргі тақырыбындағы әндердің барлығын үлкен сезіммен жазды. Театрға деген жұртшылықтың көзқарасының бұрынғыға қарағанда оңға бұрылғандығын айта келе, театр құрылғаннан бергі жылдардағы көрерменді есеппен шағып көрсетті. Оның есебінше, халықтың қолдауының нәтижесінде 1-ші жылда 20 сауық кеші өткізіліп, оған барлығы 1729 көрермен келген, яғни орта есеппен бөлгенде бір кешке 87 адамнан болса, 2-ші жылы 28 сауық кеші өткізіліп, оның 6092 көрермені болып, әр кешті 218 адам көрсе, 3-ші жылғы 31 сауық кешін 7200 адам тамашалаған, яғни орта есеппен 232 көрермені болған. 4-ші жылы өткізілген 60 сауық кешінің көрермені 14000 көбейіп, әр ойынды 234 адам көрген. 5-ші жылы театр 100-дей сауық кешін жоспарлап, оның 20 000-дай көрермені болды деп шамалап отырғандығын келтіреді. Театр көрермендерін: «Бұл жаздағы сауыққа келгендердің ұзын саны 43045, мұның 26075-і жұмысшылар, 7000-ы колхоз мүшелері, 7740-ы кооператив мүшелері, қалғандары жай шаруалар», — деп тапқа бөліп те көрсетті.

Бұл мақалада автор театрда қойылуға дайындалып жатқан 20-дай драмалы пьесаларды атап көрсетеді. Олардың ішінде Жұмат Шаниннің «Шахты», Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Тайыр Жароковтың «Қанды таяқ», Қанабек Бәйсейітовтің «Мәңгілік ұйқы», Жүсіпбек Аймауытовтың «Шернияз» бен «Қанапия-Шәрбану» сияқты пьесалары болды. Ол осы театрда ойнайтын артистерді екі топқа бөлді. Оның біріншісі, яғни ең негізгі артистері: Қалибек, Елубай, Құрманбек, Қажыкен, Қанабек, Серке, Тәңірберген, Әміре, Жанбике, Шәрбан, Фатих, Зарып, Манарбек, Мәлике. Екінші тобына жаңадан келіп, өнер ісіне үйреніп жатқан жастарды жатқызды. Олар: Қасен, Қали, Мәриям, Күләш, Рақила, Сұлтанғазы, Еркінбекұлы, Әбілмәжін, Әкіш. Бұл жастарды жәрдемші, ән-күйге икемі бар ретінде көрсетеді [213, 24, 27-66.].

1932 ж. Қазақ пролетар жазушыларының қауымдастығының төрағасы М.С.Қайыпназаровтың театрға қатысты Қазақ өлкелік партия комитетіне берген анықтамасында 2-3 жыл бұрын қазақ театрының сахнасында алашордашылардың пьесалары қойылып, көрермендері баржоғы 30-дай ғана болып, театр билетінен 20-28 сом ғана түссе, 1932 ж. 500-600-дей адам көрермен болып, билеттің бағасы 1500-2000 сомға

дейін өскендігін келтірген. Осы анықтамада ол 1931 ж. желтоқсан айында «Еңбекші қазақ» газетінде қазақ музыкасының дағдарысы турасында жазған Ғ.Тоқжанов пен І.Жансүгіровтің мақаласының дұрыс еместігін, қазақ музыкасы біршама жетістіктерге жеткендігін мысалдармен дәлелдеуге тырысады.

Аталған авторлардың «Қазақстандағы үш жүздің музыкасындағы айырмашылық бар» деген пікірлерін сынға ала отырып, бұны алашордашылардың ісіне жатқызды. Тіпті құжатта Қазақ театрының ұлы державалық-шовинистік бағыттағы бұрынғы композитор Ковалевтің қазақ музыкасын бұрмалауға ұшыратып, бұрынғы театр директоры Ж.Шанинмен байланыста болды, Ж.Шанин оның бұл әрекетіне қолдау көрсетіп отырды, музыка саласында ұлтшылдық сарынға бой ұрды деп келтіреді. Құжатта келтірілгендей Коцик деген біреу қазақтың ескі, ұлтшыл, ақгвардияшыларының 50 шақты әнін революциялық әндер ретінде жинастырып, жинақ шығаруды қолға алған. Оған контрреволюционер М.Жұмабаев көмек көрсетсе, Абламов оны мақтап алғы сөзін жазса, Петропавл қазақ педагогикалық техникумының бұрынғы директоры Аблан бұл жинақты барлық мектептерде қолдануға болатындығына ұсыныс жасаған және оны жинақтаушы Коцикке қоғам атынан «алғыс» білдірген.

Театр қойылымындағы 100 пьесаның аса маңызды деп саналып жүргендерінің ішінде Ж.Шаниннің «Шахта», Б.Майлиннің «Майдан», І.Жансүгіровтің «Кек» деп аталатын пьесаларының қателіктері өте көптігін, мәселен, «Майданда» коммунистердің рөлі мен оның ұялары және колхоз құрылысының нығаю барысы жөнінде еш нәрсе айтылмайтындығы сынға алды. Комсомол, қызыләскерлерге арналған бірде-бір жаңа пьесаның жоқтығын, әртістердің шала сауатты, тәжірибесіздігін, алашордашыл Әміре мен Исаны қазақ театрының күшті әртістері ретінде асқақтала мақталып отырғандығын сынға ала отырып, бұған әлі күнге дейін тосқауыл қойылмағандығын айтады [214]. Әрине, бұдан үкімет пен партияның «ұлтшыл» элементтерге соққы беруге қатысты жүргізіп отырған саясатының ізін сезінуге болады.

Өнер саласындағы алашордашыл ұлтшылдарды анықтау арқылы оларды әшкерелеу ісі кең түрде қолға алынды. Театр саласындағы жазушылардың ұлтшылдық бағытының 1905 жылдан қазақ жерінде жанданған жәдидшілдік, түрікшілдік бағытымен ұштасып отырғандығын

дәлелді түрде көрсету мақсатында мерзімді баспаспөз арқылы мақалалар жариялау жөнінде арнайы нұсқау алғандар пәрменді түрде іске кірісті. Мұны мұрағат құжаттары да растайды. Қазақстандағы Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың әдеби шығармашылық және әдеби күштер туралы мәлімдемелік жазбасында әдеби шығармашылықтың ұлтшылдық бағытқа бой ұруының бірден-бір себебі ХХ ғасыр басында Орынбор, Қазан, Уфа медреселерінде оқығандар мен татар молдаларының қазақ даласында пантүрікшілдік ағымды насихаттауынан, «Барлық мұсылмандар — ағайынды» деген ұранды таратуынан, жәдидтік қозғалыстың қазақтың интеллигенция өкілдерінің қолдауынан екендігін айта келе, осындай бағыт-ағымдардың нәтижесінде 1917 ж. буржуазиялық-ұлтшыл бағыттағы А.Байтұрсынов, М.Дулатов, О.Қарашев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Б.Күлеев, М.Әуезов сияқты жазушылар мен ақындардың қатары қалыптасып, «Алаш» партиясының қатарында Кеңес өкіметіне қарсы әрекет етіп, ұлтшылдық идеологияны қазақ жастары арасына тарата білгендігін келтіреді. Бұл мәлімдемеде театр сахнасында алашордашы-ұлтшылдардың (І.Жансүгіров, М.Әуезов және т.б.) шығармаларының қойылуына тосқауыл қою қажеттігі баса айтылып, бақылауды күшейту қажеттегін көтерілді [215].

Қазақ театры құрылғаннан бергі жетістіктерін «Әдебиет майданы» журналындағы Н.Изжоев мақаласында жан-жақты айтып, Мәскеудегі Қазақстан өнерінің он күндігіне қазақ театры өз репертуарынан музыкалы «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» драмаларын алып баруын үлкен жетістікке санап, осы екі драма турасындағы ойымен бөліседі [216, 88,90-66.].

М.Әуезов «Қазақ әдебиеті» газетіне жазғандай, ең алғашқы аударма пьеса режиссер Текеевтің басқаруымен 1932 ж. көктемінде театр сахнасында қойылған. Көрермендер «Сүңгуір қайық» пьесасын тамашалаған. Автор жалпы аударма пьесаларды сахнаға шығару 1932-33 жж. бастап дұрысталғандығын атап өткен. Сонымен қатар драма театрдың барлық қойылымдары үкімет пен партияның қатаң бақылауында болғандығын: «Драма театры классик мұраларына партияның берген бағасы бойынша, совет мәдениетінің негізгі көзқарасы бойынша қарады», — деп жазды.

Актерлердің ішінде өнерімен халық арасына танылғандардың қатарынан Қалибек, Камал, Елеубай, Мәлике, Серке, Сейфолла, Айша, Сәбира, Әбен, Жанысбекті атап, бұлардың кішігірім рөлдерді ойнаумен көрермендерінің сүйіспеншілігіне бөленгендігін келтірді [217].

«Денсаулық жолы» журналына жарияланған мақалада мәдениетті көтеру, оны өркендету үшін нендей іс жасау керектігі, 5 жылдық мәдени жоспарларымызды орындасақ социализмнің гүлденуіне, алға жылжуына жол ашылатындығы айтылды [218, 3-б.]. Алайда 30-жылдары мәдениет саласындағы қазақ зиялыларының қуғындалуы олардың шығармаларын баспасөз бетінде сынауға жол ашып берді. Өнер саласындағы көпшілік туындылар қисынсыз сынға алынып, олардың кеңестік Қазақстан тұрмысына сай келмейтіндігі баса айтылды. Тіпті өз қойылымдарымен жұртшылық арасына таныла бастаған авторлар қудалануға түсіп, оларға қателіктерін баспасөз арқылы мойындауға мәжбүр етілді. М.Әуезов көрсетілген қысымнан «Социалды Қазақстан» газеті арқылы жасамаған қателіктерін мойындауына мәжбүр болған. Ол өзінің әдеби шығармалары мен туындыларында ұлтшылдық сарынның басымдылығын айтып, бұл қателіктерін түзейтіндігіне уәде берген [219].

М.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасы ескілікті дәріптеген туынды ретінде сынға алынды. Оның «Тартыс» пьесасы да сынға ұшырады. «Әдебиет майданы» журналына М.Қаратайұлының «Мұхтардың «Тартысы» және кейбір мәселелер» деген мақаласы жарияланып, бұл пьесаның неліктен «Тартыс» деп аталатындығына талдау жасайды. Пьесаның саяси шығарма екендігін, өйткені оның құрылымы оқу орындарының бірі — Қазақ институтында болған оқиға желісіне арналғандығын айта келе, пьесаны Ілиястың «Түрксібімен» қатар қойып салыстырады. Ол «Тартыстың» сыны өте қатаң болатындығын ескерте отырып, пьесаның мазмұны мен түрін жіте талдай келе, пьесада ұлтшылдар мен коммунистер арасындағы тартыстың ақиқаты ашылғандығын, бірақ ұлтшылдарда кеңес жастарын мысқылдау, кекету сияқты тұстарының көптеп кездесетіндігін келтірді [220, 63-75-бб.].

«Лениншіл жас» газетінде Қасымбек Тұрғынбайұлының «Арқалықты» сахнадан алу керек» деген көлемді мақаласы жарияланып, онда пьесаның өткен өмірді аңсайтындығы, кеңес өнеріне жат дүние екендігі айтылды [221].

1937 ж. «Социалистік Қазақстан» газетінде «Түнгі сарын» — орыс сахнасында» деген арнаулы бет ұйымдастырылып, онда М.Әуезовтің айтулы пьесасының орыс сахнасында қойылуына орай «Тарихи іс, тамаша табыс» деген редакциялық мақала мен КСРО Халық әртісі Күләш Бәйсейітованың «Тамаша постановка», орыс драма театрының

Бас режиссері Ю.Л.Рутковскийдің «Спектакльдің дайындалуы», Жұмағали Сәрсековтың «Ірі еңбек, үлкен іс», Жантас ролін ойнаған әртіс Михайловтың «Жантас образын тереңдете түсем», Қоқым ролін ойнаушы Подзалкинаның «Жүзтайлақты қалай түсіндім», Қазақ КСР-нің әртісі Елубай Өмірзақовтың «Шебер ойыншылар» деген мақалалары жарияланып, интернационалдық достық нақтылы іспен көрсеткен театрдың шығармашылық ұжымына деген ықыластың тамаша көрінісі болғандығы келтірілді [222, 162-б.].

Театр қойылымының қатары жаңа пьесалармен толықтырылды. Жас драматургтердің қатары да жылдан-жылға көбейіп, көрермендерін жаңа туындылармен қауыштырып отырды. «Қазақ әдебиетінде» жас драматургтердің жетістіктері туралы бірнеше мақалалар жарияланды. Газеттің 14 нөміріндегі «Жас драматург Сағыр Камалов» деген мақала театр саласына елеулі еңбек сіңіріп келе жатқан С.Камаловтың жетістіктеріне арналды. Мақалада көрсетілгендей, жас драматург «Қанды таяқ» пьесасын, «Екпін» атты әңгімелер жинағын, «Тұңғыш», «Ер Тарғын» операларын жазған [223].

«Ер Тарғын» операсы туралы «Лениншіл жас» газетіне пікірін жазған Серік Досымбаев деген азамат операның өте көркемдігін айта келе, театр ұжымына «Ер Тарғын» сияқты тағы да талай көркем опералар жасауларына тілек білдірсе, осы операның басты кейіпкерінің бірі Ақжүністің ролін сомдаған Күләш Бәйсейітова бұл операның қазақ елінің мәдениет майданында тапқан табысты жемісі екендігіне тоқтала келе, операда ойнағандардың көбі жас әртістер екендігін айтып, оның ішінен өнерімен қошеметке бөленген Қапиза Нұрмағамбетова, Рақима Сәдуақасова және т.б. әртістерді атап өтеді [224].

1937 ж. 1 наурызда «Лениншіл жас» газетінде Қазақтың Мемлекеттік Академиялық драма театрының 10 жылдығына орай арнаулы бет беріліп, онда осы жыл аралығындағы театрдың жеткен биігі туралы түрлі мақалалар басылды. Театр өнерпаздары Елубай Өмірзақовтың театрды құрудағы ерекше еңбегі «сегіз қырлы адам», «тотыдай тоқсан түрленіп, құбылып, құлпырып отыратын қазақ театр сахнасының көркі» деп бағаланды. Сонымен бірге газетке драма театрда халық арасында өнерімен танылып жүрген жас актерлердің шығармашылықтары жөніндегі ортаға салған жүрекжарды әңгімелеріне де орын берілді [225].

Қазақстан облыстарындағы қазақ театрларының жетістіктері тура-

лы да газет беттерінде мақалалар басылып тұрды. Оңтүстік Қазақстан облысының 1933 ж. құрылған қазақ театры аз уақыт ішінде елеулі табыстарға жетіп, облыстың өнерлі деген жастарынан тамаша ұжым құра білген. Театр сахнасында «Арқалық», «Түнгі сарын», «Еңлік-Кебек» пьесаларымен қатар орысшадан аударған «Платон кричить» сияқты пьесаны сол өңірдің колхоз, совхоздарын аралап көрсетіп, еңбекшілердің алғысына бөленген [226].

1934 ж. Л.Мирзоян Еңбекшіқазақ ауданында болып кеткеннен кейін сол ауданда 15 маусымнан бастап колхоз театры құрылып, 1934-36 жж. аралығында 428 ойын көрсеткен. Бұл ойынды «Лениншіл жас» газетінің жазуынша, 65-70 мыңдай көрермен тамашалаған [227].

Қазақ театрымен бірге Қазақстандағы аз ұлт өкілдерінің театрлары да халық арасында таныла бастады. 1930 ж. құрылған ұйғыр театры мемлекеттік маңызы бар ірі театрдың біріне айналды. Театрдың жеті жыл ішіндегі қол жеткізген жетістіктерінің бірі «Ләйліхан-Анархан», «Аршын малалан» сияқты екі ірі пьесалар көрермендердің сүйікті қойылымына айналуы [228].

Қазақ ұлттық музыка саласында жаңа әндер мен күйлер туындап, қазақтың жезтаңдай әншілері халық арасына, дүниежүзіне таныла бастады. 1925 ж. Францияның астанасы Парижде болған шеберлік өнердің дүниежүзілік көрмесіне барған Әміре Қашаубаев көркем дауысымен тыңдаушыларын таңғалдырды. Осы жылы А.В.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» атты кітабы жарыққа шықты. Ж.Аймауытов өшіп бара жатқан ескі қазақ әндерін нотаға түсіріп, кітап етіп шығарған А.Затаевичтің еңбегін жоғары бағалады. Ол қазақтың мың әнінен басқа қаншама ұмыт болып бара жатқан күйлерінің барлығын да айта келе екі ұсыныс жасады. Оның бірі А. Затаевич сияқты адамдарға қазақ күйлерін жинату, екіншісі фанограф аспабымен осы ән-күйлерді халыққа шығарып, таныстыру [229].

Музыканың адам баласы үшін өте қажеттігін баспасөз арқылы дәлелдегендердің бірі Әлкей Марғұлан болды. Музыкаға байланысты өзінің ойын «Еңбекші қазақ» арқылы білдіре отырып, қазақ музыка саласын өркендету үшін барлық жағдайды жасау қажеттігі жөнінде пайымды пікір айтты [230].

Жалпы музыка саласы бойынша 1926 ж. «Жас қайрат» газетінде Еділ деген автордың «Бізде қандай болу керек?» деген мақаласына

орай ірі бір айтыс басталды. Автордың бұл мақаласы «Комсомольская правда» газетіне жарияланған жастарды музыкамен тәрбиелеуге байланысты туындаған еді [231]. Осы мақалаға жауап ретінде Тайырдың «Сырнай туралы» (Жас қайрат, 1926, 23 октябрь), Сәлімнің «Музыка туралы» (Жас қайрат, 1926, 30 октябрь) сияқты мақалалары жарияланып, қазақ аспаптарының ішінде домбыраны тәрбие құралы ретінде қолдануға болмайтындығын өздерінше түсіндірмекке талпынды. Бұл екеуі де қазақ жастарын тәрбиелеуде орыстың сырнайы мен скрипкасын қолдану тиімдірек деп пайымдады. Әрине, бұл жерде екі автор ескінің көзі саналған домбыра аспабынан құтылу, бұл ескіліктен, бұрынғы заман өмірінен құтылу деп түсінгендіктен болса керек.

Ұлы Қазан төңкерісінен кейін қалыптасқан пролетар жазушылардың шығармашылығын насихаттау ісі үкімет тарапынан кең қолдауға ие болды. 1936 ж. Сәкен Сейфуллин шығармашылығының 20 жылдығына орай Қазақ өлкелік комитетінің қаулысымен мерейтойын өткізу жайы шешілді. «Лениншіл жас» газетінің 28 наурыздағы санында осы мерейтойды маусым айының аяғында өткізу және Көкшетау, Ақмола мен Петропавл қалаларының бір көшесіне ақынның атын беру турасында Қазақ өлкелік комитетінің қаулысы жарияланғаны хабардар етілді.

Газетте мерейтойға дейін С.Сейфуллиннің барлық еңбектерін басып шығарып, көрме ұйымдастыруды өлкелік комитеттің Қазақтың көркем әдебиет баспасына міндеттегені, сонымен бірге Ф.Тоғжановтың басшылығымен «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Әдебиет майданы» және «Литературный Казахстан» журналдарының бір нөмірін ақынның шығармашылығына арнау қажеттігі де айтылды [232]. Осындай кішігірім шығармашылық кештерін өткізу арқылы кеңес жазушыларының мәртебесін көтеруде қауымдастық белсенділік танытты.

1937 ж. 30 маусымдағы «Лениншіл жас» газетінде Алматыдағы музыка мектебінің құрылғанына 5 жыл толуына орай сол мектептің директоры Садық Камаловтың көлемді мақаласы жарияланып, онда бес жыл аралығындағы мектептің қол жеткізген жетістіктері, жалпы мектептің алдына қойған басты мақсаты жөнінде айтылды. Осы мектептен Қазақстанда музыка саласында айтулы қызмет етіп жүрген мамандардың оқып шыққандығын, алдағы ашылмақ болған консерваторияға қажетті студенттерді даярлаумен айналысып, осы мектептен қазақ әртістері Ша-

нин, Моцарт, Мендельсон сияқты композиторлардың шығармаларын үйреніп шығып жатқандығын мақтаньш тұтты [233].

Қазақ кино өнерінде төселген ұлт кадрларын даярлау, кино саласын жандандыру ісі де алға жылжыды. 1928 ж. «Еңбекші қазақ» газетінде Т.Рысқұловтың «Күншығыс елдеріндегі киноның (жандысурет) міндеті» атты көлемді мақаласы жарияланып, онда халықты ағартып, халыққа тәрбие беруде киноның маңыздылығында еш даудың жоқтығын дәлелді мысалдармен айқындап, кино саласын өркендетуде бірнеше ұсыныс берген еді. Бұл жанды киноларды көрсететін театрлар ашу, осы кинотеатрларда көрсетілетін кинолардың маңыздылығына мән беру, кеңес кино мекемесіне басшылықты күшейту болды [234].

Сонымен кеңес үкіметінің 20-30-шы жылдарындағы мәдени революцияның ережелері өзіндік бағыттары бойынша жүзеге асты. Мәдениет үйлері мен театр жүйелерінің құрылуы және дамуы, ұлттық өнердің, әдебиеттің, музыка салаларының алға қарай жылжуы еліміздің мәдени құрылысының ірі жетістіктері болды. Әдебиет пен өнер салаларының өркендеуіне қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз зор ықпалы етті. Үкімет пен партияның қатаң бақылау жүйесіне қарамастан, қазақ зиялыларының тамаша туындылары газет-журнал беттеріне жарияланып, оқырмандарынан өзіндік баға ала білді.

5-ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ МӘСЕЛЕСІ

5.1 Кеңес өкіметінің ұлт саясаты және партиядағы тазарту мерзімді басылымдарда

Ұлт мәселесі 1921 жылы маусымда болған Қазақстан облыстық бірінші партия конференциясында қаралып, патша үкіметі кезінен келе жатқан ұлттық езгі мен теңсіздіктің сарқыншақтарына, ұлтшылдыққа, ауытқудың барлық көріністеріне батыл тойтарыс беру, ұлттар арасындағы интернационалдық ықтымақты ұлғайту жолында күрес жүргізу турасында қаулы қабылданды. Онда «Бұрын езіліп келген қазақ халқы Россиядан келіп жатқан нәрсенің бәріне сенімсіздікпен қарайды» делініп, еңбекші халықтың сана-сезімін көтеруде жұмыс жүргізу қажеттігін негізге алуды нұсқаған еді [1,16-б.].

«Қырғыз халқына совет үкіметі қалай қарайды?» деген үндеумен Түркістан майданы революциялық кеңесінің 4 жиналысында кеңес үкіметіне қарсы болып, соғысып жүрген қазақ шаруаларына кешірім берілетіндігі айтылып, қазақ шаруаларының Алашорда үкіметі және оның соңынан ерген адамдардың тарапынан алдауға түсіп қалғандығы, бұл үкімет бұрынғы үкіметті, яғни патша саясатын қайтадан орнатуды көздеп, «кеңес үкіметі дұшпан» деп насихат жүргізіп отырғандығы, негізінде Кеңес өкіметі зәбір-зәлім етушілердің дұшпаны, зәбір көрушілердің досы екендігі келтірілді. Үндеуде осы алдауға түскендердің барлығына кешірім жарияланатындығы, алда Кеңес өкіметіне қас болмай, керісінше қолдау көрсетіп, оның дұшпандарына қарсы бірігіп соғысуға шақырды [2].

Қазақ шаруаларының Кеңес өкіметіне қарсы шығуына кезінде ақгвардия қатарында болған орыс офицерлерінің күш көрсетуі де әсер еткен. Мысалы, 1920 ж. 15 мамырдағы Қапал мен Лепсі уездеріндегі Төтенше комиссиясының бұйрығында Анненков бастаған ақтар қазақ шаруаларын жергілікті үкімет армиясын қажетті азық-түлік және күш-көлікпен қамтамасыз етпеу үшін Қытайға көшуге мәжбүрлеп, осының әсерінен уезд қазақтарының көпшілігі Қытай шекарасына дейін барып тоқтаған. Лепсі, Ұржар, Сергиополь аудандарының ревкомдары мен қызыл армия бөлімдеріне көшкін қазақтарға күш көрсетпей, қорқытып-үркітпей өзінің бұрынғы орындарына көшіріп әкелу бұйырылды. Пар-

тия комитеттеріне қазақ шаруалары туған жерлеріне қайтып оралғаннан кейін орыс шаруалары мен жергілікті билік орындары тарапынан қуғынға ұшырамауын қатаң бақылауға алуды тапсырды [3].

1920 ж. қараша айында елдің экономикасы мен шаруашылығы нәтижелеріне арнап шығарылған бюллетеньде Кеңес өкіметіне қатысты көзқарастарды айқындауда Қазақ Республикасының тұрғындарын бірнеше категорияға бөлуге болатындығы келтірілді. Кеңес өкіметінің басқару орындарында қызмет ететін 50% қызметкердің 25%-ы үкімет билігіне қарсы болса, 25-і құптамаған және қарсы да болмаған. Бұлар Кеңес өкіметін бірде жақтап, бірде даттап отырған [4].

Жұмысшы табының көпшілігі елдегі қиыншылықтарға қарамастан кеңес өкіметі билігіне сеніммен қараса, шаруалардың арасында ауыл-шаруашылығындағы ауыр жағдайларға байланысты кулактардың үгіт-теуімен толқулар туындап отырды. Бюллетеньде көрсетілгендей, шаруалардың қарулануының бірден-бір себебі азық-түлік жайы еді.

Жұмысшылар мен шаруалардың ірі толқуларының бірі Оралда болып, оны 22-ші кавалерия дивизиясының бұрынғы командирі шаруа А.П.Сапожников басқарған. Бұл толқу кезінде шаруалар Кеңес өкіметі билігіне қарсы «Комиссарлар құрысын!», «Жойылсын төтеншелер!» деген ұрандармен поездарды тоқтатып, оның жүруіне кедергі жасаған. Алайда оларды Новая Казанка селосына жақын жерде кеңес әскері талқандап, үндеулерін қолға түсіреді. Құжатта көрсетілгендей, Сапожниковтың соңынан ерген көптеген шаруалар Павлодар мен Сосновкий аудандарына, Том губерниясының Змейногород уезіне қарай қашып, олардың бір бөлігі жолда кезіккен ауылдарды тонап, қарапайым халықтың малдарын, азық-түліктерін тартып алса, бір бөлігі бас сауғалап Қытайға қарай қашып, жол-жөнекей Кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізген. «Шай-ка» деп аталған бұл топтарды қолға түсіру ерекше тағайындалған бөлім (ЧОН) күштерімен іске асырылды. ЧОН қатарына коммунистер мен комсомолдар және озат жұмысшылар, кәсіподақ мүшелері қабылданды.

Азық-түлікке байланысты Орынбор губерниясының Қостанай уезінде де 1920 ж. тамыз айында шаруалар көтеріліп, бұл толқу кейін Қарауыл, Святогорск, Петропавловск поселкелерінде жалғасқан. Көтерілісшілер қолдарында бар қару-жарақпен, тіпті аша, айырлармен де қаруланып, бес болысты басып алған. Орынбордан 110 найзамен және пулеметпен қаруланған әскери күш жіберіліп, 28 қазанда көтеріліс басылған.

Көтеріліске қатысты деген желеумен 170 адам қолға түседі [5]. А. Сапожников пен оның жақтастарының көтерілісі кеңестерге қарсы ретінде бағаланды.

«Кеңес әскерлері тартып алады-ау» деген қорқынышпен қолындағы бар малын қазақ жасырын түрде базарларға апарып сатуға мәжбүр болды. Мысалы, 1920 ж. 12 қыркүйегінде Ойыл уезінің Преображенский ауданының жақсы қаруланған 200-дей адайлықтар нан артқан 400 түйесімен кетіп бара жатқан жерде кеңес әскерінің қарсылығына тап болып, 300 түйесінен айырылған. Өлім-жітім, шығындар да болған. Бүкілресейлік төтенше комиссияның (ВЧК) Қазақстандағы өкілі Лебедевтің жазуына, Орал губерниясында Кеңес өкіметіне қарсы бандиттік қозғалыс өрлеген. Жабаты уезінің Өлеңті болысында 80-дей бандиттің тарапынан шабуылдар болған. Олардың 35 қолға түсіп, қалғандарын ұстауға барлық іс-шаралардың жүргізіліп жатқаны айтылған [6].

Кеңестерге қарсы қозғалыстар Қазақстанның барлық аумағында, оның ішінде Жетісу жерінде, атап айтқанда, Верныйда, Ақсуда болды. Сондай-ақ солтүстік өңірде де шаруалар толқуларының болып жатқандығы жөнінде жоғарғы орындарға жеделхаттар түскен.

1921 ж. 3 сәуірінде Омбыдан Орынборға С.Меңдешевтің атына Зайсан, Петропавл және Көкшетау уездерінде көтерілістердің болғандығы жөнінде жеделхат жіберіліп, уездерде осындай тәртіпсіздіктердің жиілеп кеткендігі айтылды. Оның негізгі себебі экономикалық-саяси талаптан туындап, көтеріліске казактар, шаруалар мен кулактар, түрмеден шыққан қазақтар қатысқан. Үкімет күшімен Петропавл мен Көкшетау көтерілісшілерден тазартылып, қашып құтылғандар Көкшетаудың даласына жасырынды. Жеделхатта көтерілісті түпкілікті басу үшін мүмкіндігінше әскери бөлім жіберілуін өтінген [7].

Үкімет ел ішінен шыққан «бандысымақтармен» күресуде газет-журналдарды шебер пайдала білді. Баспасөз басылымдарына бұзақылардың атын атап, қылмысын ортаға салуға шақырды. Жергілікті халыққа әкімшілік органдарда жұмыс істейтіндер қызмет бабын пайдаланып, қоқан-лоқы көрсетіп те отырды. Әсіресе милиция тарапынан қарапайым тұрғындарға жиі күш көрсетіліп, өздеріне қарсы келгендерді түрлі әдістермен жазалау орын алған. Бұл ретте БОК-тің мүшесі С.Сәдуақасов 9-шы бүкілресейлік Кеңестер съезінде жасаған баяндамасында республиканың түрлі губер-

нияларынан келген мәліметтерге сүйене отырып, милиция қызметкерлерінің шектен тыс жауыздық әрекеттерін сынға алды. Ол Павлодар уезінің милиция басшысының көмекшісі К.Е. Горчаковтың Семей губерниялық атқару комитетінің Басқарма бөлімінің меңгерушісіне жазған мәлімдемесінде өз уезінің милиционері Толотниковтың Маралды болысына барған сапарында еш дәлелсіз 30 қазақты ұстап, Павлодар түрмесіне қамап қойып, ұрып-соққандығын келтіреді. Сондай-ақ Зайсан ревкомының төрағасының орынбасары Ұзақовтың 1921 ж. 16 сәуірде Семейге жіберген жеделхатында 15 қазақты милиционерлердің атып тастағандығы, Ақмола облысында тамыз бен қыркүйек айларында еш себепсіз 100-ден аса қазақты атып өлтіргендігі айтылған. Қазақтардың Сібривком тарапынан да қысымшылық көріп отырғандығын ашық жазды. Осындай келеңсіз жайттарды жоюда басшылықты күшейту, бұрынғы отаршыларды қызметтен аластату мәселесін қойған [8].

Бүкілресейлік Төтенше комитеттің ҚАКСР бойынша бөлімнің жедел мәліметтерінде 1921 ж. маусым-қазан аралығында Қазақстан губернияларындағы бірнеше бандалық топтардың әрекеттері айтылды. Осы жылдың 21 маусымына қараған түні Орынбор губерниясында Охранюктің бандасы 500 адамды тұтқындап, Урмашты алып, кеңес қызметкерлерін қорлап, 800 пұттай астық пен малды өздерімен әкеткен. Ақтөбе губерниясында жақсы қаруланған 47 адамнан тұратын Глазновтың бандасы мен 240 адамы бар «Тұраш» деген адайлар бандасы, Қазалы ауданында «жасылдар» атанған банда әрекет еткен [9].

1921-22 жж. жер-су реформасын жүзеге асыру барысында ұлттар арасында наразылықтар да туындағаны белгілі. Бұл реформа негізінде экономикалық тұрғыдан алғанда оңтүстік аймақтың шаруаларының жер мен суды пайдаланудағы ретсіздік пен былыққан дағдарысты тәртіпке келтіреді деген үміттен туындағын еді.

Түркістан Республикасына қарасты болған Жетісу мен Сырдария губернияларында жер-су реформасын жүргізудің өз ерекшеліктері болды. Өйткені аталған губерниялар патша саясатының зардаптарын көрген басты аудандар еді. Кеңес өкіметі орнағанымен, қазақ кедейлері мен қоныстану кезінде орнығып қалған орыс шаруалары арасында жер мен суға талас өршіп, жиі қақтығыстар да шығып қалып отырған. Жер-су жағдайын жүргізудің басты мақсаты осындай ұлтаралық келеңсіздіктерді, қазақ-орыс шаруаларының арасындағы жер теңсіздігін жою деп есеп-

теді. Дегенмен орыс халқы бұрыннан қалыптасып қалған ұлтшылдық психологиясынан арыла қоймады.

Жоғарыда айтылған милиционерлердің шектен шыққан қоқан-лоқысы қазақ баспасөзінде ашық жазылды. «Темірқазық» журналының 1923 ж. 2-3 сандарында «Малай» деген бүркеншік атпен жарияланған «Елдің күйі» атты мақалада: «Ел ішінде қазаққа жақын бір сот — милиция. Қазақ ішінде мылтығы бар. Милиция өзі төре, өзі би. Ел көзінде милициядан жоғары ұлық жоқ. Оның айтқаны екі болмайды. Оның алмайтын сыйы жоқ. Милицияға тергеу, сот және жоқ. Қит етсе, «арестават» қылу, мылтықтың дүмімен ұру, «айналайын қарағым» дегенімен бірдей.

«Мен бұл исполкомнан жоғарымын, бұл исполком маған қарсы тұра алмайды» деп кеудесін соғып жүрген милиционерлердің талайын көрдім. Елге милиционерлерден жексұрын қызметкер жоқ. Бұл күнге дейін ол ішінде қазақтан милиционер болса, көбінесе, ел ішіндегі қиян - кесті қиянқы, өр кеуде, бұзақылар болып келді. Өйткені бірен-саран болмаса, ел ішіндегі жөні түзу, иман жүзді, адамшылығы бар жігіттер милиционер болуды кемшілік көреді. «Елдің көзқарасын өзгертемін. Ел көзінде жексұрын көрінемін» дейді. Осы күнге дейін елдің түсінуінше, қайдағы ұры-қары, парақор милиционер болады. Милиционер болса, елді жемей, баймын деп болады» деп ұғынады. Шынында ел ішіндегі милиционерлердің (мыңнан біреуі болса) бәрінің есіл-дерті баю, бәрі алады. Ел аралап жүріп, бір елден естімедім, «пәлен милиционер жақсы, таза деп», — деп жаза отырып, өз бойында «елдің қорғайтын адамдардың түрінің өзі осындай болса, кейінгі жайлары не болмақ» деген қорқыныштың барлығын да жасырмайды. Бұл мақалада автор қазақ даласында орын алып отырған көптеген келеңсіз жағдайларға нақтылай тоқталды. Атап айтқанда, елдегі тәртіпсіздіктерді қалпына келтіремін деп қорқытып-үркітіп жүрген агент, отрядтардың әрекеттерін сынға алады [10, 38-40-бб.].

Үкімет «тәртіпсіздер» қатарына салық мөлшерінің көптігіне наразылық білдіргендерді немесе үкімет адамын дұрыстап сыйламаған, оған ұнаған затты бермеген, жергілікті әкімшілік билігіне қарсы пікір айтқандарды жатқызды. Тіпті оларға «банда» деп айдар да тақты. Мұрағат құжаттарынан білетініміздей, мұндай «бандаларды» қолдан жасау деректері жиі кездескен. Екі-үш қазақтың басы қосылса, «үкіметке қарсы шыққалы жүр» деген желеумен қамауға алып, өтірік куәлар тартып, қарапайым

халықты сендіріп, ақыры жазаға тартып жатты. «Банды» іздей шыққан отрядтар халықтың зәресін алып, дүрліктіріп, қорқыту, жала жабу сияқты әдістерді кеңінен қолданып жатқандығы баспасөз бетінен қалыс қалмады. «Бостандық туы» мен «Қазақ тілі» газеттерінде «Ақмолада пәлен отряд атып кетіпті, Қарқаралыда пәлен отряд қиратып, талап кетіпті. Керекуде пәлен отряд ұрып кетіпті» деп олардың қылмыстарын бетіне басқан ашық мақалалар жарияланса, «Темірқазық» журналында: «Агент, отряд дегенде елдің зәресі ұшады. Бір ауылға агент, отряд келсе, ол ауыл үрейлі болады, бала-шаға, үлкен-кіші жанның бәрі үрписеді.

Ауыл шетіне мылтығы бар агент келсе, не отряд келсе, бұрын запыс болып, аузы күйген ауыл басынан аяғына дейін жылтырағанның бәрін тығады. Күміс ертоқым болса, күміс кесе болса, жаңа ішік, шапан болса, алтын сақина, жаңа тымақ, ең аяғы қамшыға дейін бәрін көзден таса қылуға тырысады. Көлденең қарап тұрған кісіге елдің абыржып, үрейлесіп жатқаны ерсі, күлкі сықылды. Елде қалай жүргенше орыстан, анадайдан қарасынан шошып, қызын тығып, көзге түсер жылтыраған нәрсесін жиып, абыржып, үрейі ұшқан елдердің талайын көзіммен көрдім», — дей отырып, дәлелді болу үшін бірнеше мысалдарды келтірген. Мысалға күз айында Шарлақ еліне Мочалкин дегеннің отряды шығып, ел ішінен «банда» іздеп жүріп, Теке болысында бір қазақты «қой соя қоймадың, бандаға мылтық тасыпсың, үкіметке қарсы кісісің» деп қалаға жөнелткен. Құрған болысында шырт ұйқыда жатқан ауылды дүрліктіріп, қойы жоқ бір қазаққа кез болып «қой сой» деп екі аяғын бір етікке тыққан. Әлгі сорлы «қойым жоқ» дегеніне нанбайтын болған соң, қойы бар бір жақынының үйіне апарып, әзер құтылған. «Лау жеткізгеннің өзі бұрмаланған. Ат ұстағанның екі арасында жаныңды шығара жаздайды» — дейді. Тағы бір ауылда бет алдына мылтық атып, аяғы ауыр әйелдің баласын түсірген. Тағы бір ауылда «адастырдың» деп лаушыны ұрып кетсе, бір қазаққа қымызды «тез құймайсың» деп сабасын тіліп кеткен. Журнал бұл аталған оқиғалардың бәрі де болған іс екендігін айта отырып, агент, отряд, милицияның жүгенсіз әрекеттеріне тосқауыл боларлық жолдарды іздеу керектігі жөнінде ұсыныс айтады.

Қазақ жерінде мұндай әрекеттердің туу себебіне негізінен дұрыс басшылықтың жоқтығын, коммунистердің арасында шені үшін бәріне баратын парашыл, өз қамын ғана ойлаушылардың көп екендігін келтіреді. Автор ел ішінде наразылық туындамауы үшін қазақтың әдет-ғұрпын білетін адамдарды қызметке тартуды ұсынды [10, 40-42-66.].

1923 ж. «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланған «Ұлт мәселесі һәм Қазақстан құрылысы» деп аталатын мақалада «Қазақстандағы ұлт мәселесінің басты шешілуі — Қазақстан Республикасы аталып, бұрын патша заманында бытырап, бет-бетімен генералдарға бағынып кеткен қазақ елдері бір жерге жиналып, өзінің кіндік үкіметін сайлағаннан бері деп айтуға болады» делінді. Мақалада Қазақстандағы ірі кемшіліктер баса көрсетілді. Оларға ұйымдасқан жұмыскер табының жоқтығы, оларды ұйымдастыратын қызметкерлердің аздығы және қаражаттың жоқтығы аталды [11, 1-2-бб.].

Құпия түрде 1924 ж. Қырғыз облыстық Орталық Атқару комитетіне жіберілген Адай ревкомы мен уездік партия комитетіне тексеру мақсатында өкіл есебінде жіберілген Қазақ ОАК-нің Ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі П.Ларионовтың баяндамалық есебінде бұл уездің салық төлеуден бір жылға артта жүргендігі, оған кеңес үкіметіне кейбір элементтердің қарсы келіп отырғаны себеп болғандығы айтылды. Ондай элементтердің біріне Алланиязов дегенді атап, оның өте айлакерлігі және Орынбор қаласында барлаушылары барлығын, жергілікті уезд халықтарының арасында ықпалының күштілігі айтылып, тез арада 50 адамдық ЧОН отрядын құрып, қалайда қолға түсіру қажеттігін көтерген. Ларионовтың бұл баяндамасы бойынша жиналмаған салықты жинау және оған кедергі келтіргендерге шара қолдану жөнінде қаулы қабылданған [12].

«Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған «Ұлттар арасындағы наразылықтар туралы» атты көлемді мақалада ұлттар арасындағы наразылықтардың туу себебі көбінше сынау мәселесіне байланысты туындағандығы атап көрсетілді. Атап айтқанда, қор, аудандастыру жұмысы, партия, кеңес құрлымы, партия саясатына, шаруашылық барысындағы кемшіліктер баса сыналғандығынан пайда болыңды делінді.

Газетте жер-су мекемелері партия саясатын дұрыс жүргізбей отырғандығы, жер-су мекемелерінде отырғандар ұлтшылдыққа, не отаршылдыққа тартып кете беретіндігі, елдегі ұлт ерекшеліктері ескерілмегені, осындай кемшіліктер ұлт наразылығын тудыратындығы нақтылана көрсетілді. Сонымен бірге газетте ұлттар арасында наразылықтың туындауындағы тағы бір себеп — бұл суды пайдалану барысында кездесетіндігі баса айтылды. Егістік пен пішендікті бөлу барысы мен қазақыландыру үрдісін жүргізуде де ұлт арасында келіспеушіліктер

болып, мұндай жайттар Шымкент уезінде орын алғандығы келтірілді. Мақалада осындай ұлт наразылығына кеңес, партия орындары тосқауыл бола алмай отырғандығын, бұл орында отырған қызметкерлер, мәселен, өзбектер өзбектің, орыстар орыстың, қазақтар қазақтың қамын ойлап, әркім өз жағына тартатындығын, мұндай жағдайларды кейбіреулердің пайдаланып, ұлт араздығын туғызып, ел арасына от жағатындығын да атап өтеді. Ұлттар арасындағы теңсіздіктер жергілікті комитетте де орын алғандығы баса көрсетілген. Орталық Атқару комитеті президиумының мүшелерінің 12-сі қазақ, 6-сы орыс, ал қалғандары басқа ұлт өкілдерінен, комиссарлар кеңесінің 11-і қазақ, қалған 5-і басқа ұлттан, шаруа мекемесіндегі 18 қызметкердің 8-і қазақ болғандығын келтірген [13].

Ұлт наразылығының өршуіне жергілікті биліктегі орыстардың озбырлығы себеп болды. «Бұратана» халық деп қазаққа әлі де менсінбей қарау, қазақ шаруаларының мүмкіншіліктерін шектеу, орыс шаруаларына барлық жағдайларды жасау сияқты келеңсіз жайттар ұлт араздығын тудырмай қоймады. Нәтижесінде қазақтар мен орыс шаруаларының арасында қақтығыстар болып, оның арты үлкен дау-дамайға айналды. О.Исаев 1926 ж. 22 қарашада «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында орыс озбырлығы орыстың жуан жұдырықтыларынан шығып отырғандығын айта келе: «Кейбір коммунист жолдастар осы озбырлықтың шоқпары болып кетеді. Бұлар қазақ коммунистерін менсінбей, жоғарыдан қарап, қай мәселеге болса да төңкеріс, жалпы одақ пайдасын көздегенсіп келді. Мұнысымен өздерінің ұлт мәселесін түсінбейтіндігін, ия түсінгісі келмейтіндігін көрсетеді. Екінші жағынан, Еуропа коммунистері ұлт республикасында өзінің көмекші екенін ұмытып, кейде жөнсіз әкемсіп кетеді», — деп сынға алған еді. Бұл жерде автор орыс коммунист басшыларының басқа ұлт өкілдерінен өздерін артық санап, қандай істе болса да келісімге келмей, өз дегендерін істеуін аса ірі қатерге санады [14]. Н.Сырғабеков ұлтшылдармен күресуге шақырған мақаласында орыстардың үстемдігіне қазақтың А.Кенжин, А.Бөкейханов, М.Әуезов, Ы.Мұстанбаев, Н.Кадаленко, Т.Жүргенов, Ә.Байділдин, Ғ.Тоғжанов сынды азаматтары тойтарыс бере алатындығын айта келе, елде келеңсіздіктерге жол бермеу үшін осындай тәжірибелі адамдарды жоғарғы қызметтерге тарту керектігін көтерді. Ол Өзбекстанда өзбек орыс үстемдігін қайтарып, кемсітуге жол бермей отырғандығын мысал ретінде көрсетеді [15].

Үкіметке қарсылық барысы күннен-күнге өрши түскен. «Еңбекші қазаққа» «Ел шіндегі жаман әдеттер» айдарында жарияланған «Бек-ахмет неге тексерілмейді?» атты мақалада Көкшетау уезінің Көкшетау болысының 4-ші ауылының қазағы Бекахмет Өтелбайұлы кеңес үкіметіне қарсы шығушы бандыларға қару-жарағымен қосылып, Кеңес өкіметін құлатуға әрекет жасап жүргендігі айтылды. Оның қасында Сәлім Қасымұлы, Балташ Дәуітұлы, Ісләм Әлжанұлы және тағы басқалардың барлығы, Бекахметтің өзі әскербасы болып, ауылдасы Әлмағамбет Әлжанұлын тонап, партия билетін тартып алып, отқа жаққандығы, оның мойнына арқан салып, сүйреп апарып, құдыққа лақтырайын деп жатқанда әкесі жылап келіп, ажыратып алғандығы келтірілді. Қызыл әскерлер келіп, бандыларды қолға түсіргендігімен, Бекахмет қашып құтылып, әлі бостандықта жүргендігі айтыла отырып, тез арада оны құрықтау керектігі айтылды [16].

Қызылорда қаласындағы компартияның жиналысында Қазақстан өлкелік партияның хатшысы Ф.И.Голощекин жасаған баяндамасында пролетариат пен байлар арасында күрестің өршіп отырғанын, байлардың шаруалар арасында іріткі салып, үкімет ісіне қарсы шығуға үгіттеу фактілерінің жиі кездесетіндігін айтып, оларға қарсы күресуге шақырды [17].

«Еңбекші қазақ» газетінде Адай уезі Саматай болысының қарауынан 300-дей отбасы 1923 ж. Қоңырат округі Мыңжарған болысының 5-ші ауылына Мұқаш Майқыұлы, Жолай Қазыұлдарының басшылығымен «үкімет рұқсат берді» деп көшіп келіп, ел арасында бұзақылық жасап, маңайындағы елдердің малдарын тартып алып, күш көрсетіп отырғандығы, тіпті олардың 100-ден аса бесатарлары барлығы келтірілді. Газетте жазылғандай, бұл аталған «бандылар» өкімет адамдарына бағынбай, салық сұрай барғандарды дүреге жығып, ұрып-соққан. Кедейлердің егістік жерлерін малдарымен таптатқан [18].

«Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында Шахты төңкерісі туралы хабарламалар басылып, осы төңкеріс бойынша жүргізіліп жатқан сот үрдісі туралы да айтылды. Төңкеріске қатысты дегендердің бәрінен жауап алынып, олардың айыптары беттеріне басылды. Осындай келеңсіз оқиғаларды елімізде болдырмау үшін қажетті шараларды алдын ала жүзеге асыруды қолға алуды үндеді.

1928 ж. қаңтар-ақпан айларында астық дайындауды жеделдетуге

байланысты И.В.Сталиннің Сібір өңіріне сапарға шығуы (нақтылай 1.3 тараушада айтылған — С.С.) бірталай басшыларды «кулак, ауқаттыларға тілектес болдың» деп орнынан алып, партия қатарынан шығарған еді. Шаруаның қора-қопсы, үй-жайын тінтіп, үйінен астық табылса РКФСР Қылмыстық Істер кодексінің 58(10) бабы бойынша сотқа тартылды. Кей жерлерде шаруалардың тұқымдық астығы да тартып алынды. Қысымға шыдамағандар тіпті ашық наразылық көрсетуге дейін барды. 1929 ж. 1300 «кулак» бүлігі тіркелген.

1928 ж. БК(б)П Орталық Комитетінің сәуір мен шілде айларында болған пленумдарда астық дайындау дағдарысынан құтылудың жолы сөз болғанда И.Сталин «Өнеркәсіпте «Шахта ісі» қандай болса, ауылшаруашылығында «кулак зиянкестігі» сондай. Біздің ішкі жауымыз да, сыртқы жауымыз да бар, мұны бір минут та естен шығармауымыз керек» деп, кулактарды тап жауы ретінде құртуға нұсқау берді. Шаруалар болыстық, ауылдық кеңес билігіндегі басшылардың қысымынан да жапа шекті. Билік басындағылардың шектен тыс бассыздығынан күйінген шаруалар мерзімді баспасөз арқылы өз күйіншітерін білдіріп жатты. «Еңбекші қазақ» газетіне жарияланған Әбдірахман Айсариннің «Қарнақтағы шатақтар» деп аталатын мақаласында көрсеткендей, Түркістан уезі Қарнақ болысының Бабайқорған қыстағындағы кедей диқандардың атынан Бақылау комитетінің атына арыз түскен. «Біз секілді кембағал кедейлерге коммунист партиясын жол көрсетіп, жөн сілтейді дегенге сеніп сіздерден бір жәрдем тиер деген ойменен осы арызды беріп отырмыз» деп басталған арызда үкімет кедей, жарлы-жалшылардың құқығын қорғайды дегенмен де Қарнақ болысында бұл керісінше екендігін, болыста кедейлерге жасалып отырған неше түрлі адам нанғысыз жауыздықтар болып жатқандығын айта келе, осы қиянатты жасап отырған адамдардың атын айқын атайды. Бұл бұрынғы атқамінер, ақсақал, кеңес үкіметі келгеннен бері қой терісін жамылып, коммунист атанған болатком төрағасы Балтабай Досшарұлы байларға емес, кедейлерге салық мөлшерін көп салып, «салықтан жасырған малы бар» деп нақақтан айып төлеттірген. Болыстық, ауылдық салық комиссияларына өзінің айтқанын істетіп отырған. Арызда бұған көмектесіп отырған Қарнақтағы болком хатшысы Атахан Рахметұлының аты да аталды. Сол екеуінің аты аталса болыс кедейлері ішкен астарын жерге қоятындығын, осы арызды әкеліп тапсырған Жүсіп Сыздықұлы олардың өзіне нақақтан

«салық төлеуден бас тарттың деп» 80 сом айып салғандығын ашына жазған. Бұндай жөнсіздіктер тек оның басында ғана емес, барлық болыс кедейлеріне жасалып отырғандығын келтіре отырып, тез арада шара қолдануын өтінген.

Осы арыз бойынша Қызылордадан Қарнаққа істі тексеруге Қамза Жүсіпбекұлы жіберілді. Оған қоса мақаланы «Еңбекші қазақ» жіберген Ә.Айсарин де барған. Тексеріс барысында аталған адамдарға қатысты кедей шаруалар мен диқандардан 50-60 арыз түскен. Бірнеше ашық жиналыстар өткізіліп, нәтижесінде ауыл тұрғындары екіге бөлініп, оның бірі бұрынғы бай-жуандардан болып, ауылды басқару, салық жинауды өз қолдарына алып, екінші топ кедей-кепшіктерге жәбір көрсетіп отырғандығы анықталды. Оның үстіне ауыл еңбекшілері жерсіз, сусыз қалған. Қарсылық білдіргендер «салық төлеуден бас тартты» деген желеумен сотқа тартылып, істі болған. Кедей шаруалардың наразылығын қорқытумен басып тастап отырған. Міне, осындай бассыздықтың орын алуы қарапайым халықты үкіметке деген сенімінен айырып отырғандығы айтылып, кінәлі деген адамдарды жауапқа тарқан жөн делінген [19].

Партия қатарын тазарту барысында ел арасында іріткі салып, ұлт наразылығын тудырған ұлтшыл элементтердің әшкереленгендігін Қалмырза Өтепов «Социалды Қазақстан» газетіне жариялаған мақаласында айғақтайды. «Ішімізге кіріп алып өздерінің зиянкестік істерін жүргізіп жүрген талай жаулардың беті ашылып, талайы қуылды. Алайда троцкишкіл, ұлтшыл бандиттердің сарқыншақ элементтері ішімізде әлі де жоқ деп айта алмаймыз», — дей отырып, партия қатарын осындай элементтерден әбден тазартуда сақтықты, қырағылықты күшейту керек деген тоқтам жасайды [20].

Партия қатарындағы қызметкерлерді тексеру, коммунистер қатарына кіріп кеткен жау элементтерден тазарту барысы да қарқынды жүргізілді. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Президент мұрағатында сақталған құжаттарынан партия қатарына еніп кеткен бұрынғы «байшыл, ұлтшылдардан» тазарту науқанының қалай жүргізілгендігін айқын байқауымызға болады. Мәселен, осындай бір тексерістің барысында Қаратал ауданының сот ісін жүргізушісі істі болған бай өзінің жақын танысы болғандықтан соттаудан бас тартқаны әйгілі болса, ал кейбір аудандық партия ұйымдары мен атқару комитеттері бай балалары екендіктерін біле тұра жоғары оқу орындарына түсуге «кедей немесе орташа баласы» деген жалған куәлік бергендігі анықталған [21].

Губерниялар мен уезд билігіндегі «тазартулар» барысын өлкелік атқару комитеті тікелей бақылауға алды. Арнайы «комиссиялар құрылып» аудандарға жіберіліп, ауылдық партия ұйымдарының жұмысы, оның басшылары мен ұйым құрамындағы коммунистердің қызмет барысы жете тексерілді. 1929 ж. Алматы облысының 11 ауданына 8 комиссия жіберіліп, тексеріс барысында Қаратай ауданының атқару комитетінің төраға орынбасары Ақмұрзин кеңес үкіметіне жат элементтермен байланысып, шаруаларға дөрекі қарым-қатынаста болды деген айыпшен жұмысынан босатылып, партия қатарынан шығарылды [22]. Мерзімді баспасөзде коммунистер қатарын лайықты еместерден тазарту науқанының қарқынды жүргізіліп жатқандығы жөнінде есептер жарияланып отырды. «Ойыл басшыларының қылығы» деп аталған Ғ.Тоғжановтың мақаласында Елтай Ерназаровтың комиссиясы Ойыл ауданындағы бірқатар басшы партия, кеңес қызметкерлерінің қылмыстарын газет беті арқылы әшкереленгендігі айтылды. Газетте жазылғандай, Ойыл ауданындағы партия мен кеңес жұмыстарына басшылық етуші қызметкерлер партия жолына қарсы істерді, неше түрлі бұзық қылмыстарды бәрі бірігіп істеген, сүйемелеп, біріне-бірі көмектесіп отырған. Ойыл «бұзақыларының» тобына бұрынғы қазақ байлары мен атқамінерлер партияда жоқ оқығандардың ықпалы күшті болғандығы анықталған.

Ғ.Тоғжанов кейбір партия қызметкерлері осы аталған жау элементтермен ауыз жаласып, сыбайлас болып, халықтың байлығын тәркіге салып, қылмыстарын ешкімнен жасырмай, ашық түрде істегендігін мысалдармен көрсетпекке тырысады. Ойыл қызметкерлерінің арасында бірін-бірі қонақ қылу салтқа айналғандығын, ақша салып карта ойнау, арақ ішу, ақыры жанжалдасып, төбелеспен тарқайтындығын да нақты келтірді. Бұл мақаладағы «басшысымақтардың» басты кінәсі патша заманындағы билік басында болғандар мен атқамінерлерге әлі қолдау көрсетілуі, пара алушылық, қазына ақшасын ысырап қылуы. Автор тез арада бұл «басшылардың» әрекеттеріне іс-шара қолдану, сотқа тарту керектігін ұсынады [23].

Тоталитарлық жүйе қыспағы қарапайым халыққа қатты батты. Астық дайындаудағы дағдарыс, ет салығы халықтың жағдайын ауырлатып жіберді. Ірі байларды тәркілеуде кейбір қара шаруа ауқаттылардың қатарына ілігіп кетіп, тап ретінде жазаланды. Тарихшы ғалым Т. Омар-

беков: «1929-30 жж. астық дайындау науқандарында қуғын-сүргін күшейе түсті. Мұның өзі көптеген ауқатты шаруалардың өз қожалықтарын тастап, беті ауған жаққа бей-берекет безіп кетулерін туғызды. Сондықтан да Қазақстан үкіметі қонысынан басқа жаққа көшетін кулактарға анықтама қағаздар беруге және олар көшіп барған басқа жерлерден оларға жаңа жерлер беруге тыйым салатын заңдар шығарды. Оның үстіне бұл бойынша, кейіннен бұрынғы мекеніне қайта оралғандар өздерінің бұрынғы жер үлестерін қайтарып ала алмайтын болды.

Заң халық комиссариаты өзінің жергілікті жерлерге жасырын нұсқауында астықты шұңқырларға көміп тастаған және мемлекетке өткізбей, әдейі өртеп жіберген адамдарды қаскөйлер, қаскүнемдер ретінде экономикалық контрреволюцияға айыптайтын жоғарыда аталған ҚК-нің 58-бабының 7 тармағымен соттады. Жоғарыда көрсетілген жылдардағы астық дайындау науқандарында 19239 адам әкімшілік жолымен жазаланды, 14108 адам сотталды. Олардың ішінде 6485 адам кулак ретінде, 4108 адам ауқаттылар ретінде айыпталса, 184 адам орташа, 575 тіптен тақыр кедей болса да сотталып кетті. Соттау жолымен шаруалардан 13208699 сом 92 тиын және 82799 пұт астық өндіріліп алынды», — деп жазған болатын [24, 17-б.].

Партия қатарына кіріп кеткен жау тап элементтерін тазалау үдерісі 30-шы жылдары да жалғасын тапты. Әсіресе бұл 1936-37 жж. кең өріс алды. Мерзімді баспасөз қырағылық танытып, партияға кейбір жолдармен еніп кетіп, іріткі салушы бұрынғы бай тап өкілдерін әшкерелеген мақалалардың күнделікті жарияланып отыруына барлық жағдайды жасады.

Газеттерде бұл жалған коммунистер фашизм агенттерімен сыбайласып, социалистік құрылыстың дамуына зиянкестік тигізді, ұлтаралық ынтымақтастыққа кедергі жасауға тырысты делінген мақалалар басылды. «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған «Халық дұшпандарын түгел әшкерелеп, көзін мүлде құртайық» деген редакциялық мақалада зымияндық әрекеттермен партия қатарына өтіп, Шымкент, Қызылорда сияқты қалаларда мемлекет аппаратына қызметке кіріп алып контрреволюциялық әрекеттерін жалғастырып жатқан коммунистер жайында бірнеше фактілердің айқындалғаны айтылды. Олардың мұндай жолға түсуіне троцкийшіл-зиновьевшылар ықпал етті дей отырып, партия қатарына қабылдауда қырағылықты күшейту қажеттігін талап етті [25].

Осы мақаланың жалғасын тапқан келесі мақалада Жаңа Семейде алдаумен партия қатарына кіріп кеткен бірнеше бұрынғы жуан жұдырық иелері әшкереленіп, аластатылғаны айтылып, алда партияға небір жолдармен кіріп кеткен осындай элементтерді өз қатарына шығаруды, өз жұмысын жоғары сатыға көтеруді мақсат етіп отырғанын келтірді [26].

БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің VI пленумында С. Нұрпейісов Қазақстан партия ұйымдарына партия құжаттарын алмастырудың қорытындылары туралы баяндама жасап, Қазақстанда партия қатарына троцкист-зиновьевшіл бандиттер, контрреволюцияшыл ұлтшылдар мен ұлт арасына іріткі салып отырған азғын топтар еніп кетуінен, партия қатарын олардан тазарту үшін құжаттарын жіті тексере отырып, жаңаша үлгіде алмастыру жұмысының И.В.Сталиннің тапсырмасымен жүргізілгендігін айта келе, осы жұмыс барысында жіберілген кемшіліктерді атап берді. Олар: партия пленумдарының шешімдері мен өлкелік комитеттердің нұсқауларын орындауда бұрмалаушылықтарға жол берілуі, құжаттарды тексеру барысы атүсті жүргізілуі, тіпті кейбір жерлерде тексерілместен ауыстырылуы, партия құжаттарын ауыстыру кезінде көп құжаттардың жарамсыз болып бүлінуі, партияға жаңа мүшелерді қабылдауда лениндік-сталиндік принциптердің бұзылуы, БК(б)П-ның қатарында болуға лайықты коммунистердің партия қатарынан еш себепсіз шығарылып тасталуы.

С.Нұрпейісов көрсеткендей, 1936 ж. 1 тамызға дейін партия қатарынан лайықсыз деп 432 коммунист шығарылған. Алайда БК(б)П ОК-нің және өлкелік комитеттің VI пленумынан кейін бұл шығарылғандардың 269-ы қайтадан партия қатарына қабылданған. Бұндай қателіктерге жол берілуінің себебі, партия идеологиясының дұрыс жүргізілмеуі, үгіт-насихат жұмыстарының ақсауы деп келтірілді баяндамада [27].

Кеңестік жүйенің екіжүзділік саясаты Қазақстанда тұратын ұлт араздығын тудырып қана қоймай, оларды бір-біріне айдап салып, жала жабу, тіпті өлтіру сияқты фактілерге жол берді. Билік басында отырғандар мансапқорлық, тойымсыз әрекеттерге барып, шаруаларға қысым көрсетіп, олардың қолында бар тәуір деген заттарын тартып алды. Қарсыласқандарды «үкімет саясатына қарсы», «бұзақы бандит» деп қудалап, ақырында оларды шындығында да үкімет саясатына наразылық тудыратын жағдайға алып келді. Халық наразылықтары 1929-31 жылдар аралығында басым болды. Бұл кездерде қазақ зиялылары қуғын-сүргінге

ұшырап, кейбіреулері ату жазасына, кейбіреулері түрмелерге жабылып жатқан болатын. Халық наразылығының туындауына бірден-бір себеп – үкіметтің қатаң саясаты болды. Үкіметтің асыра сілтеуі мен күштеуінен, зорлық-зомбылығынан жәбір көрген қарапайым шаруалар белсенділерді өлтірумен, колхоздар мен совхоздардың мүліктерін өртеумен жауап берген болатын. Бастапқы кезде жеке наразылық білдірген шаруалардың кейінірек бірігіп, көтеріліс жасауға дейін алып келді.

Кеңес саясатынан қысым көргендер түрлі жолдармен шаруаларды өз жағына тартып, қарсы шығуға үгіттеді. Семей округі Разин ауданына қарасты Георгиев селосында астық дайындауға байланысты белгісіз біреулер кооператив есігіне Кеңес өкіметіне бағынауға шақырған контрреволюциялық үндеулер жапсырып кеткен [28].

Елдегі бой көтерулерді басу үшін партия ұйымдарына өз аудандарында тексерістер жүргізу жүктелінді. Халық наразылықтары шыққан аудандарда арнайы комиссиялар құрылып, оның себебін анықтау тапсырылды. Партия қатарын тазалауда құрылған губерниялық комиссия, 3 адамнан тұратын аудандық және уездік комиссиялар құратын болды. Бұл комиссия наразылық, толқу болған жерлердегі партия ұйымдарын тексеріп [29], осындай бассыздықтарға жол бергені үшін сол аудандарың партия басшыларын жауапқа тартып, тіпті көпшілігі партия жұмысын дұрыс атқара алмағандықтан партия қатарынан шығарылды. Бұл бір жағынан «оңшылдардан» тазартумен қатар жүргізілді. Мәселен, Қазақстан Өлкелік Тексеру комиссиясының 1929 жылдың 30 қыркүйегіндегі шешімімен партия қатарынан 2776 коммунист шығарылған, бұл 19,5%-ті құрайды. Ал 2076 адам, яғни 14,5%-і қатаң сөгіс алған [30].

1929 ж. 9 қаңтарында ПХК-не (Ішкі Істер Халық Комиссариаты) Орал мен Гурьев округтерінде 1928 жылдан бері Әбекмәмбетов, М.Кенжеахметов, Қ.Қожахметов, Адай округінде белгісіз біреудің, Семей округінде Руденконың, Ә.Мұсахановтың, Ақмола округінде Өсербайдың банда-топтары (шайқа) Кеңес өкіметіне қарсы әрекет жасап жүргендігі жөнінде мәлімдеме түсті [31]. Бұдан кейін аталған әрбір банды-топтардың күнделікті әрекеттері құпия түрде хабарланып отырылды.

Кеңес өкіметіне қарсы Ойыл уезінде Қожахметов Қонысгерей бастаған бандиттік топтың пайда болғаны жөнінде мәлімдемеден кейін 1929 ж. 16 сәуірде Өлкелік комитет бюросының жабық жиналысы өтіп, Қ.Қожахметовтың тобын тез арада құрықтау үшін 6 адамнан тұратын,

құрамында Қалабаев, Нориц, Бисарев, Алапаев, Орақов және Пикалов сияқты коммунистер бар отряд құру жөнінде шешім қабылданды [32].

Біріккен мемлекеттік саяси Басқармасына (ОГПУ) 10 қаңтардағы келіп түскен оперативтік барлау мәліметі бойынша, Семей округінде Әсімхан Мұсаханов бастаған 4 адамдық қарулы бандалық топтың Шыңғыс ауданында әрекет етіп, 1928 ж. 21 қарашасында Арқат даңғыл жолында жұмыс жүргізіп жатқан жер өлшеушілерге шабуыл жасалғаны айтылды. Банды басшысы Ә.Мұсаханов өзінің үш серігімен Шолақ-Еспе ауылына 7 шақырымдық жердегі Жыңқара деген тоғайлы сайда бой тасалап жүр деген мәліметтің барлығын да келтірді [33].

1929 ж. күзінде Сырдария округтық бюросына 8 округта басмаштық қозғалыстың өріс алғандығы жөнінде Журавлевтан мәлімдеме түсіп, 3 қазанда осы жағдай бойынша бюро мәжіліс өтіп, тез арада құрамында Кұлсартов, Мусин және Журавлев бар оперативті үштік құру, Дорофеевка селосына Исаевтің басшылығымен 30 адамдық отряд жіберу, Шымкент қаласында басмаштардың шабуылынан қаланы қорғау үшін 100 адамдық отряд құру жөнінде шешім қабылданды. Бұл отрядтың командирлігіне Бытко, комиссарлығына Масютин тағайындалды [34]. 2 желтоқсанда Мәскеуге БОК-ті фракция бюросына құпия түрде тікелей байланыс арқылы 27 қыркүйекте Сырдария округіне қарасты Бостандық ауданында бірнеше қышлақтарды қамтыған революцияға қарсы көтеріліс бұрық еткендігі, бұл көтеріліске көршілес Қазақстан Республикасында пайда болған басмаштық топтар мен мұсылман байларының арандатушылығы себеп болғандығы, олар шаруаларды ауылшаруашылық салығына, астық дайындау компанияларының жұмысына кедергі келтіруге үгіттегіндігі айтылды.

30 қарашада Жоғарғы соттың көшпелі сессиялық бөлімінің шешімімен көтеріліске қатысты деген бірнеше адам ату жазасына кесілген [35]. Ф.Голощекин де Мәскеуге тікелей байланыс арқылы БОАК фракциялық бюросына Ақтөбе округтік сотының шешімімен 21 желтоқсанда бай Кежәлі Табылдин астық дайындау ісімен айналысқан ауыл кеңесінің белсендісі Исхан Әбуовті өлтірмекке әрекет еткендігі үшін ату жазасына кесілгендігі жөнінде хабарлаған [36].

1929 ж. Қазақстанның барлық аудандарында ауылдық-деревнялық бөлімдерді кеңес үкіметіне дұшпан элементтерден тазарту шарасы жүргізіле бастады. Павлодар уезінде өткен осындай бір тазарту бары-

сында «Тереңкөл ісі», Торғай уезінде «Наурызым ісі» пайда болды. 31 наурызда Торғай округтік бюросы мен Президиумының мәжілісінде Торғай уезіндегі «Наурызым ісінің» шығуының негізгі себебі өлкеде алашордашылардың ықпалының күштілігінен делінді. Қазақ ауылдары осы алашордашылардың орталық ұясы болып, алашорда көсемдерінің бірі М.Дулатов Асқар Дулатов, Тұйғышбаев сияқты алашордашылармен байланыс орнатып, оларға кеңеске қарсы әрекет етуге нұсқау беріп отырғандығы келтірілді.

8-10 ауылдың Қонышбаев, Бұлғұжанов, Жосжанов, Тілеубетов, Дулатов сияқты байлары қазақ шаруалары арасында «Таяу арада Кеңес өкіметін құлайды. Бірде-бір мемлекет онымен достық байланыста емес. Шетелдік мемлекеттер бірге Кеңес өкіметіне қарсы шығады» деген мазмұндағы арандатушылық сөздер таратқан [37]. «Наурызым ісіне» қатысты қабылдаған қарарлар туралы «Еңбекші қазақ» пен «Советская степь» газеттеріне жариялау мәселесі қойылды.

Павлодардың партия ұйымдарын тексеру және тазарту барысында «Тереңкөл ісі» деген қымыстық іс ашылып, онда Тереңкөл ауданына қарасты ауыл-деревняларды тексеру барысында партия қатарынан шығарылғандарға «кедей шаруа мен батырақтарға қоқаң-лоқы көрсетіп, байларды қорғады, партия-кеңес аппараттарына Кеңес өкіметіне жау элементтерді тартты, қазақтар мен орыс шаруаларының арасында ұлттық шиеленісті жандандырды, колхоз қозғалысына кедергі жасап бақты» деген айыптар тағылды. «Тереңкөл ісінде» «кейбір коммунистер қазақ аудандарын кеңестендіруге қасақана кедергілер жасады» делінді де [38].

1930 ж. 5 қаңтарда Орталық Комитет «Ұжымдастырудың қарқыны және колхоз құрылысына мемлекеттік көмек көрсету шаруалары туралы» қаулыны қабылдаса да партия басшылары ұжымдасуды тезірек аяқтау қажет» деп ұсынылған мерзімді барынша қысқартып, үкімет нұсқауын өздері бұзды. Кейбір аудандарда кулактардың аз болуынан жоспарды орындауда орташалар да кулаққа жатқызылып, қолындағы бар малдары тәркіленіп кетті. Оның үстіне «ұжымдастыруды 1930 жылдың көктемдік егісі кезінде-ақ бітіріп тастайық» деген ұран көтеріп, «мойынсерік» (ТОЗ) құрып, шаруаларды күштеп артель, коммуналарға біріктіріп, бар малын, қаз-үйрегіне дейін тартып алды. Қарқынның қуаттылығы сонша, 1930 жылдың наурызына дейін шаруа шаруашылықтарының 50 пайыздан астамы колхозға біріктіріліп үлгерді.

Асыра сілтеу, зорлық-зомбылыққа шыдамаған қазақ шаруалары наразылық білдірді. 1930 ж. басында Қазақстанда 2 мыңнан аса шаруа қозғалыстары тіркелген. Адай, Созақ, Қызылқұм, Қарақұм, Абыралы өңірлерінде шаруа қозғалыстары байқалды.

1930 ж. наурыз-сәуірде ұжымдастыру барысындағы қателіктерді сынаған бірнеше қаулы қабылданғаннан кейін, зорлықпен колхозшы болғандар мүшеліктен шығып, жекешелене бастады. Көктемдегі бас көтерулердің жиілеп кетуі КСРО ОАК-і мен ХКК-нің 1930 ж. 1 ақпандағы кулактар мен байларды тап ретінде жою туралы қаулысымен де тікелей байланысты болды. Бұл қаулыға қосымша ретінде жіберілген «құпия нұсқауда» үкімет заңын орындаудан бас тартқан немесе қарсы әрекет еткендерді басып-жаншу қажеттілігі де айтылды [39].

Ұйымдастыру мен 1930 ж. қаңтарынан бастап күштеп мал дайындау жұмысының жүргізілуі шаруалардың наразылығын күшейтіп жіберді. Оның үстіне тәркілеуге ұшырайтындар мен ұшыраған байлар шаруалар арасында іріткі салып отырған. 1929-32 жж. аралығында байлардың ықпалымен, тіпті күшімен шаруалардың шекарадан өтіп, шетелге кету фактілері жиіледі. Осы жылдар аралығында Қытай жеріне мыңдаған шаруалар мал-жандарымен өтіп кеткен. Колхоздардан қашып, шетелге өтуге қамданып жүргендерді және шекарадан жасырын өтіп бара жатқандарға кеңес әскерлері тосқауыл құрып, қырып тастауға дейін барған.

Көріп отырғанымыздай, 20-30 жылдарда кеңес үкіметі қысқа саясатына кешегі патша саясаты тұсында езілген, жаңа үкіметтің жарқын өмір орнататынына сенген шаруалардың өздері қарсы наразылық білдірген.

5.2 Қазақ зиялыларын қуғындаудың баспасөзде көрініс табуы

XX ғасырдың басында қалыптасқан қазақ зиялылары патша үкіметінің отарлық саясаты шарықтау шегіне жеткен кезде, отарлық езгіге қарсы ұлт-азаттық күрестің басқы қадамдарын жасап, өздерінің идеологиялық күрестерін баспасөз арқылы бастаған болатын. «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы шықпай тұрып, қазақтың алдыңғы қатарлы азаматтары «Семипалатинский листок», «Уақыт» (Вакт) және тағы басқа басылымдар арқылы қоғам өміріндегі саяси ахуал, елдің тыныс-тіршілігі,

рухани сала жайынан жазылған мақалаларын жарияласа, «Айқап» пен «Қазақ» шығысымен үкіметтің қатаң бақылауына қарамастан шешімін таппай келе жатқан әлеуметтік мәселелерге қатысты ой-пікірлерін батыл түрде білдіріп, осы басылым төңірегінде пікірталастар тудырып, қазақ зиялыларын патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы саяси күреске жұмылдыра білді. «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Р.Мәрсеков және тағы басқа зиялылар ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, батыстық өркениет даму бағытын ұстанды.

1919 ж. Алашорда үкіметінің қызметін тоқтатып, оның мүшелеріне бүкілодақтық Орталық Атқару комитетінің 1919 ж. 4 сәуірдегі және 1920 ж. 15 көкектегі қаулыларымен кешірім жарияланып, үкімет қызметіне тартылған еді.

20-жылдың басында Қазақстанда түрлі ағымдардың пайда болғандығы жөнінде ақпарлар пайда бола бастады. Осындай ақпарлардың бірін Қырғыз (Қазақ) облыстық бюросына партия-кеңес қызметкерлері С.Жақыпов, М.Өтегенов, А.Сейітовтер жазып, қазақтардың арасында екі саяси ағымның барлығын, оның бірі ұлтшылдық бағытта, екіншісі коммунистік рухта екендігін, бұл ағымдар бұрыннан бері келе жатқандығын, ұлтшылдық идеяны қолдаушылар белгілі кадет Әлихан Бөкейхановтың маңайына топтасып, «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін құрғандығын келтірген болатын. Бұдан әрі кеңес үкіметі тұсында бұл бағыттағылар ақгвардияшылар жағына шығып, «жергілікті тұрғындарды автономияны кеңес үкіметі емес, ақгвардияшылар беретіндігі» жөнінде насихат жүргізіп, кеңес қызметінде жүрген коммунист қызметкерлерге қысым көрсетіп отырғандығын айта келе, «егер олар өз әрекеттерін бұл түрде жалғастыра берсе, онда бізге, коммунистерге бұл партиялық ұйымдарда жұмыс істеуге мүмкіндік жоқ» деп мәлімдеген еді [40]. Алайда мұндай мәлімдемеге С. Мендешев қарсы шығып, РК(б)П-ның Қырғыз (Қазақ) облыстық бюросында қазақ интеллигенттерінің арасында қандайда да бір саяси ағымның болмағандығын және болмайтындығын ашып айтады [41].

Негізінде бұрынғы Алаш қайраткерлерін қудалау барысы 20-жылдары партия қатарын жат элементтерден тазарту барысында да байқалды. 1921 ж. Қазақ Халық Ағарту комиссариатының партия ұясы А.Байтұрсыновқа бұрынғы Алашорда мүшесі болып әрі партия жина-

лыстарына қатыспай, уақытылы мүшелік жарна төлемегені үшін партия қатарынан шығарылатынын ескерткен [42,98-101-б.]. Өйткені А.Байтұрсынов 1920 ж. басында В.И.Ленинге жазған хатында кеңес үкіметінің қазақ интеллигенттеріне әлі сенімсіздікпен қарап отырғандығын айқын айтқан болатын [43].

Үкімет «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметі мүшелерінің мемлекеттің жауапты қызметте отыруынан қауіптенді. Оның басты себебі алашордашылардың ықпалының коммунистер арасына жайылып кетуі мүмкін деген қорқыныш еді. Бастапқы кездерде бұл мәселе ашық түрде айтылмаса да, бірте-бірте жаймен өлкелік партияның конференциялары мен жиналыстарында қозғала бастады. Атап айтсақ, қызметке алынғандардың алашордашыларға қатыстылығын немесе олармен туысқандық байланыстылығы барлығы, жоқтығы тексеріліп отырған.

1921 ж. 13 маусымдағы Орынборда өткен РК(б)П-ның I Қазақстан партия конференциясында Бөкейхановқа қатысты жайтқа тоқталған кезде КАКСР Халкомның төрағасы В.А. Радус-Зеньковичтің соңғы сөзінде БОАК-нің мүшесі Соколовтан Мәскеуде болған кезінде «Қазақ Орталық Атқару Комитетінде отырған «алашордашыл Бөкейханов па?» деген сұрау естігендігін, Қазақстанда екі Бөкейхановтың барлығын және олардың екі шетінде тұратындығын айта отырып, біреудің сыртынан ауыр сөз айтпас бұрын ол туралы анықтама жүргізу қажеттігін ескерттеді [44]. Осы конференция барысында Алаш қозғалысына атсалысқан қазақ интеллигенттерін қызметке тартуға қарсы болғандар да көп болды. Бұған обком басшыларының бірі Авдеев ұлт зиялыларының көпшілігі Алаш мүшелері болса да аса қажет болған соң жауапты қызметке тартылып отырғандығын атаған [45].

Алашшыл зиялылар мемлекет қызметіне тартылғанмен де, оларға үкімет тарапынан әлі де болса сенімсіздік көрсетіліп, соңдарынан астыртын бақылау орнатылып, атқарып отырған қызметтері тексеріліп отырылды. Оларға «ұлтшыл» ретінде күдікпен қарау орын алды. Алашпен Алашорда мүшелерін Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластатуда алдау, арбау, қару жұмсау, күштеу әдістері қолданылды. Бұл турада «Темірқазық» журналына жарияланған «Елдің күйі» деп аталатын мақалада айқын жазылды. «Малай» деген бүркеніш атпен мақала жариялаған автор елдің жалпы жағдайына тоқтала отырып, үкімет басында отырғандардың халыққа жүргізіп отырған қоқаң-лоқысын, ел ішін-

де жауыздық, тәртіпсіздік, бұзақылық, парақорлық белең алғандығын, қазақтың белді оқыған азаматтарын «ұлтшыл» ретінде қаралап, қызметтен шеттеуге тырысқандығын нақтылай көрсетіп берді. Олардың «ұлтшыл» ретінде айыпталуына коммунистердің бірден-бір кінәлі екендігі айқындалды [10, 48-б.].

1922 жылдан бастап алашордашыларды үкімет пен партия тарапынан қудалау саясаты аштық түрде жүргізіле бастады. Бұл туралы академик М.Қ.Қозыбаев: «Совет өкіметі сөзінде тұрмады, дәйексіздік көрсетті, екіжүзділік жасады. Кешірім тек қағаз жүзінде болды. Азамат соғысы біте сала көп кешікпей алаш азаматтарын қуғын-сүргінге салу басталды», — деп жаза отырып, бұл алашшыларды қуғындаудың алды екендігін көрсетсе [46, 210-б.], академик К.Нүрпейіс те Кеңес өкіметі әр қырынан танылған, білімді де талантты Алашорда қайраткерлерін азамат соғысы жеңіске жеткеннен кейін тарих сахнасынан кетіруге тырысып, алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап күштеу жолын да қолданғанын айта отырып, бұлай істеудің басты саясаты оларды Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластату болды деген тұжырым жасаған еді [47, 215-б.]. Сөйтіп революцияның алғашқы жылдарында партия мен Кеңес өкіметі социалистік құрылыстың маңызды мәселелерін жүзеге асыру барысында әртектегі интеллигенция («Алаш» қозғалысының өкілдері — С.С.) өкілдеріне сүйенуге мәжбүр болып, елде кеңестік билік нық орныға бастаған кезде РК(б)П-ның X съезіндегі ұлт мәселесінің шешіміне орай Кеңес өкіметіне қарсы әрекет етер деген желеумен үкіметке зиянды қайраткерлерден құтылуды жөн деп санап, оларды «ұлтшылдар» мен «жікшілдер» атандырып, қуғындай бастады. Сол кездерде М.Дулатов «Ақ жол» газетіне жарияланған «Қазақ зиялылары» атты мақаласында қазақ зиялыларын «ұлтшыл» қылған үкімет саясаты екендігін нақты айта келе, «Біздің қазақтың ұлтшылдары өзге жуан елдердің ұлтшылдарындай емес екені бәрімізге белгілі. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз, көрінгеннен соққы жегеніміз еді. Егер төңкеруші табылады екен, ұлтшылдықты ортақшылыққа айырбастауымыз қиын емес» деген еді [48].

1922 жылдың өзінде үкімет пен партия ұлтшылдармен күрес жүргізуде қандай топтар мен жіктердің барлығын анықтау жөнінде нұсқаулар беріп, оларды орындауды Мемлекеттік Саяси басқарманың (ГПУ) қызметкерлері қолға алып, құпия түрде елдегі зиянкесті топтар жөнінде мәліметтер жинауға кірісті.

Алғашқы «алашордашыл» және «ұлтшыл» қазақ топтары туралы мәлімдемені Қырғыз (Қазақ) облыстық Мемлекеттік Саяси Басқарманың қызметкерлері Бабиқов, Шишков және Якубовскийлар 1922 ж. 23 қыркүйекте Қазақ өлкелік комитетінде жасап, республикада 3 ағым немесе топтың барлығын айтып, оның біріншісіне алашордашылардың тобын жатқызды. Топты Ә.Бөкейханов басқаратындығы, оның орталығы Семей губерниясында (Қарқарлы уезінде) екендігі, бұл топқа Р.Мәрсеков, Х.Ғаббасов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, А.Қозыбағаров және т.б. мүше болып, коммунистік партия қатарын әлсіретуге күш салып, осы бағытты жүзеге асыруда халық арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, «Алаш» бағдарламасын қолданып отырғандығы айтылды.

Мәлімдемеде көрсетілгендей, екінші топқа бұрынғы Алашордаға мүше болған, қазірде коммунистік партия қатарына кіріп алған А.Байтұрсынов бастаған зиялылар, атап айтқанда, Қазақ ОАК-нің мүшелері А. Кенжин, С.Сәдуақасов, М.Әуезов, Қырғыз азық-түлік бюросының төрағасы Ә.Нақымжан, ХКК-нің төрағасы М.Мырзағалиев, Жоғарғы трибунал төрағасы С. Арғыншиевтар кіріп, бұл топтың құрамындағылар үкіметтің жоғарғы қызметінде жүре, Түркістан Республикасындағы алашордашылардың бір бөлігімен (С.Қожанов, Т.Рысқұлов, Х. және Ж.Досмұхамедовтар, Ш.Дивеев — С.С.) тығыз байланыста болды, Ә.Бөкейханов тобының басшылығымен «отаршылдарға» қарсы жүйелі күрес жүргізді, коммунист атын жамылып, партия қатарына іріткі салды, осы істе мерзімді басылымды кеңінен пайдаланды делінді. Құжатта көрсетілген 3-ші топ интернационалдық қазақ қызметкерлерінен құралды. Бұл топты Қырғыз ОАК-нің төрағасы С.Меңдешев басқарып, оның құрамында Қырғыз облыстық комитетінің хатшысы А.Асылбеков, Ішкі Істер халық комиссариатының төрағасы Ә.Әйтиев, Азық-түлік халық комиссариатының төрағасы М.Саматов, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының төрағасы Ә.Жангелдин, ҚОАК-нің мүшесі Н.Нұрмақовтың болғандығы және қызмет барысындағы өз мақсаттары үшін Мемлекеттік Саяси Басқарманы пайдаланып отырғандығы келтірілді. Одан әрі әр топтың мүшелеріне жеке-жеке тоқталынып, олардың немен айналысып жатқандығы айтылды [49].

Мемлекеттік Саяси Басқарманың (ГПУ) Шығыс бөліміне құпия түрде жіберілген баяндамада 1922 ж. 23 қыркүйектегі мәлімдемеге толықтырулар жасалды. Онда 1922 ж. 1 қазаны мен 1923 ж. 1 қаңтар

аралығындағы Алашорда мен қазақ топтарының жағдайы мен әрекеттері айтылды. III Жалпықазақ Кеңестерінің съезіне сайлау барысында Ә.Бөкейханов пен Р.Мәрсекөв бастаған 1-ші топ халық арасында кеңес билігіне қарсы үгіт жүргізудің арқасында Семей губерниясына қарасты Қарқаралы уезіндегі Бошан (Ақпаев) пен Қарасор (Ақпаев) руларының арасында кикілжің туғызып, болыстық және уездік атқару комитетінің құрамына өз адамдарын немесе өздеріне ниеттес адамдарды (көпшілігі байлар деп көрсетілген – С.С.) өткізуге тырысты деп келтірілді.

Семей губерниялық съезіне Қарқаралы уезінен делегаттыққа Ш.Тоқ-жігітовті, губерниялық комитетке С.Кәдірбаевты сайлап үлгергендігі, Ақмолаға Түркістан республиксынан Ө.Омаров, Д.Әбілев, Тоқжанов сияқты алашордашылар келіп, съезге жұмыла басшылық жасағандығы, съезд ашылар кезде У.Танашев, Н.Құлжанова, Ә.Нақымжанов, Барлыбаев, А.Байтұрсынов және басқа партияда жоқ алашордашы делегаттарды біріктіріп, фракция құруға тырысқандығы айтылды. Алашордашылардың президиум құрамына өз адамдарын өткізбек болған әрекетінен түк шықпай, олар ұсынған тізімнен тек Н.Құлжанова ғана сайланған. Баяндамада көрсетілгендей, бұл топтың III Жалпықазақ съезіндегі барлық әрекеттері жүзеге аспай, Р. Мәрсекөв Қытай асса, Ж.Ақпаев Түркістанға қарай кеткен. М.Мырзағалиев пен А.Кенжин бастаған 2-ші топ өз бағыттарын анықтай алмай, біресе 1-ші топтың, біресе 3-ші топтың әрекеттеріне қолдау көрсетумен ғана шектелген. С.Меңдешев басқарған үшінші топ III Жалпықазақ съезінде екі топқа қарағанда өздерін күштірек сезініп, «Алашордашылар жойылсын!» деген ұран көтергендігі көрсетілді [50, 131-б.]. Сөйтіп Қазақстанда большевиктік үкіметке қарсы әрекет еткен топтар әйгіленді.

Бұдан кейінгі тағы бір Мемлекеттік саяси басқарма қызметкерлерінің алашордашылар туралы мәлідемесінде Ә.Бөкейхановтың Мәскеуге келіп, Халық комиссариатына қызметке кірмектігі, оның М.Дулатов, А.Бірімжанов, А.Кенжин және бірнеше қазақтармен кездескендігі, М.Дулатовтың осы кездесу барысында баспасөз саласының әлсіздігін, Орынборда қазақ тілінде бар-жоғы екі газет пен бір ғана журналдың барлығын, өзінің осы салада қызмет етуді көздеп отырғандығын айтқандығын келтірді [51].

Алашордашыларды қудалаудың негізі мерзімді басылымдарда сынаудан да көрінді. 1922 ж. «Қызыл Қазақстан» журналына М.Атаниязов-

тың «Алаш» партиясының өткен жолын, жүргізген қызметін талдаған «Алаш» партиясының тарихи сыны» атты мақаласы жарық көрді. Автор мақаласының басында: «Екі-үш жылдан бері бірнеше жиналыстарда, газет жүзінде, жалпы Қазақстан топтарында «Алаш Ордасының», «Алаш» партиясының нақында айтылған сөздер, болжаған пікірлер, жобалар бұл жайды түгел ашпаса керек. Сондықтан осы күнге дейін «Алаш» партиясының дауы біте қойған жоқ. Оқта-санда газета бетінде көрініп өтеді. «Алаш» әлі де болса тарихи сындарға салынып, түрліше жоруға түсіп келе жатыр», — дей келе, осы «Алаш» партиясын елде болған өзгерістердің нәтижесінен туындады» деген тұжырым жасайды. «Алаш» партиясының құрылуы мен партияның тұңғыш съезі, онда қаралған өзекті мәселелер туралы жаза келе, алашордашылар өз саясатында жаңылыс басты деп те қорытындылайды. Мақалада алашордашылардың бұл съезінде қабылдаған қаулысында көп кемшіліктердің барлығы да айтылды. Алашордашылардың одан әрі қателігі әскер жинауында, салғырт салуында, Дутов әскеріне қолдау көрсетуінде, елдегі өзгерісті болжамауында делінді. Бұл мақаланың мақсаты халыққа «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің адасқандығын көрсету еді [52, 10-12-бб.].

1922 ж. 2 желтоқсанында өткен РК(б)П Комитетінің өкілдері мен Торғай уезінің Атқару комитетінің төтенше мәжілісінде бұрынғы алашордашыларды жауапты қызметтерден аластату қарастырылды. Осындай шешімдерден кейін баспасөздерде бұрынғы алашордашылардың кеңес саясатына аса қауіптілігін дәлелдей көрсеткен мақалалардың жариялануына жол ашылды. Онда Қазақстанда болып жатқан қиыншылықтардың шығу себебіне «алашордашы ұлтшылдар» кінәлі деген де пікірлер айтылды. С.Меңдешев «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған «Қазақстан Республикасының үш жыл жасауы» деп аталатын мақаласында алашордашылардың бастықтары қазақ елі, тек халық билеуі болса ғана бостандық алады деп ойлап, кеңес үкіметінің билігіне көп кедергілер келтірді, «Алашорда» үкіметінің төңірегінде тек «ұлтшыл», «өзімшілдер» ғана топтасты» деген тұжырым жасаған [53, 5-12-бб.].

«Қазақ тілі» газетінің басқармасына алашордашыларды «жаңа экономикалық саясаттың тұсында бауды мақсат қылып, саудагершілікке айналдырды» деген мазмұндағы хаттар да келіп, осы хаттың ізімен газетке «Кім екенін білдік» деген атпен мақала жарияланып, үкімет тарапынан кешірім жасалса да, алашордашылардың кейбіреулері ұлтын

көркейтудің, жетілдіруінің орнына, өз пайдасын ойлап, үкімет ісіне кедергі келтіріп отырғандығы айтылды [54]. Міне, осындай мазмұндағы мақалалардан кейін «Алаш» мүшелері М.Дулатов, Ә.Бөкейханов және басқа қайраткерлерінің қызметтері жіті тексеруге алынды.

1923 ж. А.Кенжин «Қызыл Қазақстан» журналына «Алаш партиясы туралы тарихи мағлұмат» атты мақаласын жариялап, онда «Алаш» партиясының бағдарламасына терең талдау жасай келе, өзіндік баға беруге тырысқан болатын. Партияның жүрген жолын, олардың жасаған съездерінің мәнісіне тоқтала, партияның бағдарламасының кемшілікті тұстарының болуы партия басшыларының саяси тәрбиесінің таяздығынан деген тұжырым жасады [55, 9-16-66.]. Негізінде «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған мақалалар өлкелік партия комитетінің арнайы нұсқауымен жазылған еді.

1923 ж. 17-22 наурызда болған РК(б)П-ның III облыстық конференциясында (бұл конференцияға РК(б)П ОК-нің өкілі Е. Ярославский қатысқан болатын) тез арада ұлтшылдарға қарсы күрес жүргізу қажеттігі жөнінде қарар шығарылса, 1924 ж. 30 сәуірде болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің пленумында ұлт жайы қаралып, онда «Шовинизмді, сондай-ақ ұлтшылдықты да жою жөнінде табандылықпен жұмыс істеп, күрес жүргізу, тіпті партиядан шығаруға дейін бару» турасында қаулы қабылданған болатын [1, 132-б.].

Осы жылдың 1 қыркүйегі мен 15 қараша аралығында Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарманың (ОГПУ — С.С.) қысқаша мәліметінде алашордашылардың кейбір көрнекті өкілдері экономикалық жағдайдың жайсыздығын пайдаланып, қазақ жұртшылығының арасына барып, кеңес құрылысына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп отырғандығы айтылды.

1925 ж. Қазақ өлкелік партия комитетіне хатшысы болып келген Ф.И.Голощекин Алаш қозғалысына қатысқан адамдарды саяси тұрғыда қудалау науқанын бастады. С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов және т.б. қайраткерлер алашордашылардың бағытына қолдау жасап, кеңестік ұлт саясатын бұрмалауға тырысқан «ұлтшылдар» ретінде айыпталды.

1925 ж. 1-7 желтоқсан аралығында Қазақстанның жаңа астанасы болған Қызылорда қаласында өткен РК(б)П Қазақстан өлкелік V конференциясында троцкийшілдерге, «жаңа оппозицияға» және басқа

да антилениндік ағымдар мен топтарға қарсы күресуді мақұлдап, елдегі алауыздықтар мен жікшілдерге қарсы науқанды қолға алуды күшейту қажеттігі атап өтілді [1, 239-б.].

Конференция шешіміне орай, «жікшілдермен» күрес барысында Қазақстанның көптеген тәжірибелі, адал қайраткерлеріне «кеңес құрылысының таптық принциптерін елемеді, ұлттық ерекшеліктерді көкке көтеріп дәріптеді, ұлтаралық алауыздықтар туғызуға тырысты» деген негізсіз жалалар жабылды. Оның үстіне 1925 ж. 2 наурызында РК(б)П Орталық Комитетінің «Қырғыз баспасөзінің жағдайы және оны жетілдіре түсу шаралары туралы» мәселені қарап, онда коммунистік партия қатарында жоқ, ұлтшыл интеллигенттердің ықпалының күшті екендігінің айқындалуы, мерзімді баспасөзде алашшылардан тазартуды бастап берді [56].

Тарихшы-ғалым М. Қойгелдиев көрсеткендей, бұл нұсқау негізінен үш нәтижемен аяқталды: біріншіден, Ә.Бөкейханов бастаған бір топ алаштық интеллигенция осы жылы-ақ баспа орындарындағы қызметтерінен босатылды, екіншіден, сынға ұшыраған қазақ тілінде шығатын мерзімді басылымдардың біразы жабылды, үшіншіден, барлық дәрежедегі мерзімді басылым, кітап шығару ісі үстінен қуатты партиялық бақылау орнады, газет-журналдар алдымен партиялық позицияны білдіруге, жүргізуге тиіс болды [57, 25-б.].

«Буржуазиялық ұлтшыл», «жікшілдер» қатарына Алаш партиясының бұрынғы мүшелері мен оларға қолдау көрсетушілер, яғни үкімет жұмысындағы қазақ зиялылары ілікті. 1927-32 жж. Алаш қозғалысына қатысқан немесе олармен байланыста болды деген 70-тен астам интеллигенция өкілдері сотқа тартылып, олардың 50-ге жуығы түрлі мерзімге қамалды, жер аударылды, атылды [58, 284-б.].

«Ұлтшыл» бағытты жүргізіп отыр деген желеумен қазақтың біртуар азаматтары С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, Ж.Мыңбаев қуғын-сүргін құрығына ілікті. Оларға «ұлтшыл-уклонист», «ұсақ буржуазияшыл» деген айыптар тағылды. Голощекин бастаған солшыл топ «байшыл идеологияны» көксеушілерді үкімет пен партия қатарынан қалайда болса тазартуды басты міндет қылды. Сөйтіп партия мен үкіметтің жиылыс, пленумдарда «ұлтшыл-уклоншылардың» әрекеттерін әшкерелеу ісі қолға алынды.

Голощекиннің бұл даурықпасын Қазақстан өлкелік комитетінің екін-

ші хатшысы І.Құрамысов, Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы О.Исаев, Қазақстан Орталық Кеңесі комитетінің төрағасы Е. Ерназаров және тағы басқа басшы қызметтегілер бірден қолдады. Кезінде бұған Мұстафа Шоқай: «Олардың бәрі де Голошекиннің саясында жүріп, Түркістан даласының қызыл «жетекшілері», «жолбасшылары» деген атаққа ие болғандар деп бағалады. Олай болса, Голошекин жасаған қылмыстардың бір бөлігі оларға да тиіс елі», — деп баға берген [59, 30-б.]. Сөйтіп Голошекин айналасына өзінің сөзінен асып шықпайтын қазақ зиялыларын топтастырып, қазақ халқына қасірет әкелген ұлы идеясын жүзеге асыруға кірісті.

1926 ж. 22 қарашасында «Еңбекші қазақ» газетіне О.Исаевтың топтар мен жікшілдерге қарсы күресу қажеттігін көтерген V конференция шешімін дұрыс санап, жікшілдік пен ұлтшылдық зияндығына, қарсы күреске шақырған мақаласы жарияланды [14].

V конференция болардан бұрын, яғни күз айында құрылған Өлкелік Тексеру комиссиясы губерниялар мен уездерде сақталған мұрағат құжаттарын пайдалану, кейбір азаматтармен сұхбаттасу және хат алмасу арқылы Қазақстандағы топтардың құрылуы мен дамуының негізгі себептерін, олардың күрес түрлері мен әдістерін, топтарға алашордашылардың ықпалын және коммунистердің оларға деген көзқарастарын анықтауға тырысты [60].

Комиссиясының Қазақ өлкелік комитетіне жасаған мәлімдемесінде ағымдар мен топтар «алашордашылардың ықпалынан туындаған» деп қорытындыланды. Қазақстанда С.Меңдешев, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, С.Қожанов және Т.Рысқұлов басқарған топтардың барлығын, бұл топтардың өкілдері бұрынғы алашордашылардың белді мүшелері екендігін айта келе, әр топқа жеке мазмұндама берді. Осы құжатта алашордашылар партия қатарына өтіп кеткен өздерінің «коммунистері» арқылы, біріншіден, ұлтаралық шиеленісті өршітуді, екіншіден, қазақтар үшін жергіліктендіруді басты мақсат қылғандығын, үшіншіден, байшылардың мүддесін қорғау мақсатында революция заңдарын мүмкіндігінше әлсіретуді, төртіншіден, орыс пролетариатының тарихи басшылық рөліне күмән тудыруды, бесіншіден, ауылдарды кеңестендіру мен Қазақстанның социалистік құрылыс жолына өту мүмкіндігін жоққа шығаруды қолға алғандығы айтылып, олардың бұл әрекеттері Қазақ өлкелік комитетінің III пленумында әшкереленгені келтірілді [61].

С.Мұқанов та 1923 ж. «Еңбекші қазақтың» 69 санына жариялаған «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» деген мақаласында буржуазиялық ұлтшылдардың әрекеттерін әшкерелеуге тырысты [62].

1922 ж. Семейде қазақ интеллигенттері Қазақстанның ашаршылыққа ұшыраған аудандарына көмек ретінде облыстан мал жинап берген болатын. Алайда 1926 ж. жиналған малдарды талан-таражға түсірді деген желеумен Жүсіпбек Аймауытов, Ахметсапа Жүсіпұлы, Ілияс Бәйменұлы, Шайқы Құлжанұлы, Қазгелді Қарпықұлының үстінен 105, 106 және 113 баптар бойынша іс қозғалып, «Торғай ісі» деп аталған сот үрдісі төрт жылдан артық созылып, алашорда зиялыларының ақ-қарасын анықтауға мерзімді баспасөз тартылды. Бұл жөнінде «Еңбекші қазақ» газетінде бірнеше мақала жарияланды. Мәселен, газетке басылған «Қаралып жатқан ірі жұмыс» деген көлемді мақалада 13 наурыздан бастап сот үрдісі жүргізіліп жатқандығы, негізінде көмек ретінде жиналған малдың қырылуының басты себептеріне Семейден жиылған жылу малдары туралы зиялылардың көбі Торғайда ғана білгендігі, уездік мекемелердің қарсы алуға және бөліп беруге даярлықтарының болмауынан, малды үлестіру барысында жергілікті комиссия тарапынан кемшіліктер жібергендігі айтылып, осының бәріне жоғарыдағы бес азаматты кінәлаудың орынсыз екендігін, сот кеңесі істі ақтара қарап, аударма тексеріп, айыпталушы азаматтардың ақ-қарасын армансыз ашар деп сенетіндіктерін білдірді [63].

Қазақ Өлкелік комитетінің жауапты хатшысына жіберілген белгісіз автордың хатында аталған «Бөкейханов» тобындағы алашордашылардың ісінің әлі байыбына барып тексерілмегендігі, сот үрдісі барысында алашордашылар тарапынан іс жүргізушіні «отаршыл-демагог, қазақ халқын сатушы» есебінде сыналғандығы ашық айтылып, істі қайтадан тез арада қарау қажеттігі баса көрсетілді [64].

Сондай-ақ «Еңбекші қазаққа» Ж.Аймауытовтың айыптауына қарсылық білдірген көлемді мақала жарияланып, оның еш кінәсінің жоқ екендігі дәлелденді. Бұл турада О.Исаевтің Ф. Голощекинге жазған хатында айқын айтылды. Газеттің 26,28 наурыздағы №66, 67 нөмірлерінде он күнге созылған сот үрдісінің үкімі жарияланып, сот үрдісі барысында Ж.Аймауытовқа тағылған айыптың негізсіз екені айқындалып, ақталып шықса, қалған төрт адамның екеуі екі жылға, екеуі біржарым жылға бас бостандықтарынан айырылғандықтары келтірілді [65].

«Торғай ісі» 1937 ж. баспасөз бетінде тағы да көтерілді. Н.Тимофеев пен С.Брайнин «Социалистік Қазақстан» газетіне жариялаған мақаласында алашордашыларға 1921-22 жж. болған ашаршылықты өз мүдделеріне және қара басының қамына пайдалануды көздеді деген кінә тақты. «Бұлар және бұлардың өз адамдарынан құрған комиссия мүшелері Торғайға әкелген малдың көбі аштардан жасырып ұрлап, өздерінің бас пайдаларына жаратқан, туған-туысқандарына, дос-жарларына бөліп берген, алашордашыл Дулатовқа, Кәдірбаевқа, Құлжанов пен Бірімжановқа және басқаларына 15-тен және одан да көп етіп үлестірген. Бұл сияқты сұмдық істі Ырғыз уезінде ұлтшыл-фашист Құлымбетов те істеді», — делінді [66]. Бұл мақаланың аттары аталған алаш мүшелерінің «халық жауы» ретінде айыпталуына негіз болғаны сөзсіз.

Алашордашыларға баспасөз арқылы өздерінің үгіт-насихаттарын жүргізді деген де айып тағылды. Алашордашылардың бағытын қолдаушы газеттердің қатарына «Ақ жол», «Бостандық туы», «Қазақ тілі» газеттері жатқызылды.

РК(б)П өлкелік комитетінің 1925 жылғы ақпанында қабылданған «Жетекші қазақ баспасөзі туралы» қауылысында «Еңбекші қазақ», «Жас қайрат» газеттері мен «Қызыл Қазақстан» мен «Лениншіл жас» журналдарының жұмыстары талқыға салынып, жіберілген кемшіліктерді жою жолдары белгіленген болатын. «Еңбекші қазақ» газетіне С.Сәдуақасов редакторлық еткен кезде ұлт саясатына қайшы келетін бірнеше мақалалар жарияланды» делініп, қаулы бойынша С.Сәдуақасов қызметінен босатылды. Оның орнына уақытша Т.Рысқұлов, одан кейін Ғ.Тоғжанов редактор болады.

1925 жылға дейін «Ақ жол» газетінде Алаш қайраткерлері А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М. Есболов, Ж.Аймауытов және тағы басқалардың күнделікті өмірге арналған мақалалары, өлең-поэмалары жарияланып тұрды.

М.Дулатов 1929 ж. тергеушілерге берген жауабында «Баспасөз» туралы: «Баспасөз туралы ұлтшылдық пікір қолданылды. Бір кезде баспасөз қазақ ұлтшылдарының қолында болды деп айтуға болады. Баспасөзді қазақ ұлтшылдарының қолына алуы, бір жағынан, өздері соған ұмтылғаннан болса, екінші жағынан, олардан басқа баспасөз жұмысын жүргізетін коммунист қызметкерлердің аздығынан да болды. 1925 жылға дейін баспасөзде қызмет еткен көркем шығармалар жазған алашорда-

шылар көп еді. Тек 1925 жылдан бастап, баспасөзге партияның қатаң бақылауы орнатылып, коммунистер ғана қызмет жасады. Ұлтшылдық рухтағы мақалаларды басуға тыйым салынды. 1927-28 жж. баспасөзде алашордашылардың ықпалы жоғалды» деген болатын [67, 173-б.].

1926-32 жж. қазақ баспасөзінде партия жолынан ауытқыған, кеңестік партияға қарсы топтар мен жікшілдерге қарсы күрес барысы өрістеді. Әсіресе басылым қазақ әдебиеті саласында «байшылықты көздеген» деген желеумен «ұлтшыл-уклонист» атанғандарға қарсы батыл күрес жүргізді. 1926 ж. 10 қарашада Қазақ өлкелік комитеті алашордашылардың ұлтшылдығын әшкерелеген кітап жазуға арнайы шешім қабылдап, оны құрастыруды Н.И. Мартыненко мен С.С. Сейфуллинге жүктеді [68]. Сондай-ақ алаш қозғалысының ұлтшылдық мәнін айқындаған еңбекті А.К. Бочаговқа жүктеп, ол 1927 ж. «Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-19 гг.» атты кітапшасын (брошюра) шығарған болатын. Арнайы тапсырмамен дайындалған екінші кітап Н. Мартыненконың құрастыруымен 1929 ж. «Алашорда» деген атпен жарық көрді. Бұдан кейінгі жылдары да алашордашылардың контрреволюциялық қызметін әшкерелеуге арналған кітаптар шығару жөнінде нұсқау берілді.

1926 ж. 25-30 қараша аралығында өткен Қазақ өлкелік комитеті мен өлкелік бақылау комиссиясының біріккен пленумында Ходжанов, Садуақасов және Мыңбаев бастаған топтарға қарсы батыл күрес жүргізу қажет делінген қарар қабылданды. Атап айтқанда, Алашорда идеологиясына, қазақ коммунистері арасындағы ұлтшылдық «оңшыл» және «солшыл» ауытқушыларға қарсы идеялық күресті күшейту қажеттігі баса көрсетілді. Пленумда С.Сәдуақасов пен Ж.Мыңбаевтың жікшілдік күресті тоқтатамыз деген мәлімдемесін олардың практикалық жұмысында тексеретіндіктерін мәлімдеді [1, 287-288-бб.].

20-жылдардың соңына қарай республикадағы саяси жағдай шектен тыс ушығып, зорлық-зомбылыққа жол ашылды. 1927-29 жылдар аралығында қазақ зиялыларының арасында өзіндік пікірі бар азаматтардың барлығы да «ұлтшыл» деген айыппен қызметтен қуылды. Кемшілік, қателіктерді әшкерелеуде сынды, өзара сынды күшейту қолға алынды. Бүкілодақтық коммунистік партияның XV съезд шешіміне орай «Еңбекші қазаққа» 1928 ж. 8 қаңтарында Ф.И. Голощекиннің Қызылорда қаласындағы коммунистердің жалпы жиналысында жасаған

баяндасы жарық көріп, «жікшілдер» деп атанған Троцкий мен Зиновьев артынан еріп жүргендер пролетариат табына қарсы шығушылар бұл шаруашылықтың өсуіне қиыншылық тудыруда деп келтірілді және жікшілдермен күресіп, олардың түп-тамырын құрту қажеттігін баса көрсетті [69].

Бұдан кейін «Еңбекші қазақ» газетіне XV съезд шешімі бойынша партия қатарынан шығарылған Троцкий мен Сафронов тобындағы жікшілдер жанталасып астыртын ұйым құрып, үкімет ісіне қарсы шығуға дайындық жүргізіп жатқандығы белгілі болғаны жөнінде хабар басылып, оларды Мәскеуден қуу турасында қаулы қабылданғандығы, Зиновьев, Каменев сияқтылар «қойған шарттарына бағынамыз» деп арыз бергендіктен, партия ұйымдары жер-жерлерге қызметке жіберілгендігі айтылды. Жікшілдерді түп-тамырымен құртуға шақырды [70].

Бұл әсіресе VI-ші партия конференциясынан кейін өрши түсті. Осы конференция қаулысында Ф. Голощекин қазақ ұлтшылдарының үш ірі қателігін көрсетуге тырысқан еді. Оның біріншісіне жер мәселесін, екіншісіне кеңес, шаруашылық мекемелерге басшылығымыздың нашар болуы, үшінші қателікке ірі қалалардағы жұмысшы, жалшы, тасмал жол қызметкерлері арасындағы жұмыстың нашарлығын жатқызды. Мұның шығуына жікшілдердің әрекеті кінәлі деп есептеп, олармен күресудің бірден-бір жолы жаңа белсенділер жасау деп көрсетті [71].

«Еңбекші қазақ» газеті оқырмандарға «ұлтшылдық» сарынымен күресуде сын, өзін-өзі сынау аса қажеттігін насихаттап, оның мақсаты қазақ зиялыларының шығармаларының сапасын арттырып, ұлтшылдарға соққы беру деп түсіндірді. Нәтижесінде мерзімді басылымдарда бір-бірінің сынын әшкерелеген материалдар үзіліссіз басылды. «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 ж. 11 нөмірінде сынды, өзара сынды күшейту, кемшілікті, қателікті айту, олармен аянбай күресу партияның негізгі жолы екендігін түсіндірген көлемді мақала жарияланып, Шахты оқиғасының Қазақстанда қайталанбауына жол бермеу үшін қырағылықпен күресуге шақырса [72], газеттің 230 нөміріндегі О.Исаевтың «Тағы да Алашорда туралы» атты мақаласында «Алашорда» үкіметі байшыл-бұқарашыл зиялылардан бастап нағыз барып тұрған ескішіл ру басыларға шейін бәрін бірдей біріктірді» дей келе, осы кезде де алашордашылар әлі де жойылмағандығы, алашордашылар туғызған салт-сананың әлі де іске асырылып отырғандығы, олармен күресудің аса қажеттігі атап өтілді [73].

Бұл мақаладан кейін де жарияланған материалдарда да алашордашылардың ықпалынан туындаған топтар мен жіктердің халық арасындағы «ұлтшыл» іс-әрекеттерін түп-тамырларымен тез арада құртуды қолға алуды мақұлдады. Қазақ өлкелік комитеті әр облыс партия ұйымдарының басшыларына Қазақстанда жікшіл топтармен күрес жүргізбек түгіл, олардың қатарының көбейіп келе жатқандығын айтып, тез арада зиянкес топтарды анықтап, олардың іс-әрекеттері туралы ақпарат жіберуге нұсқау берді. Осындай тапсырмалардан кейін Қазақ өлкелік комитетінің ақпараттық-статистикалық бөлімшесінің меңгерушісі Холковский Ақтөбе губерниясына қарасты Шалқар уезінде әрекет еткен «құлымбетовшыл» және «алмановшыл» деп аталған топтардың анықталғандығы жөнінде мәлімдеме жасап, осы топ мүшелерінің көпшілігі бұрынғы алашордашылар екендігін, мәселен, «құлымбетовшыл» аталған топ құрамында Ұ.Құлымбетов, Т.Жаманмұрынов, Ш.Үдербаев, А.Құлыбеков, К.Жұбанов, М.Дайырбаев және т.басқалар, ал «алмановшыл» атанған топта Б.Алманов, Қ.Бекмұрзин, Т.Бекімбетов, И.Бисембаев, Т.Дошанов, И.Қарагулин және т.б. барлығын, бұл аталған топ өкілдері «Алаш» партиясының көсемдері болған Ә.Бөкейханов пен М.Дулатов және М.Шоқаймен тығыз байланыс ұстайтындығын келтірді [74].

Партия ұйымы осылайша жікшілдерге соққы берілетінін білдіріп, оны қолдаушыларды жуасытуды көздеді. 1928 ж. «Большевик» журналына жарияланған «Ұлт және ұлт іскерлігі» атты мақаласында Смағұл Сәдуақасұлы тағы да қазақ жеріне қатысты отаршылдық сарыны байқала бастағанын жазған болатын. Бұл мақала негізінде «Правда» газетіне басылуға тиіс еді. Алайда белгісіз себептермен мақала аталған журналға басылып шықты. Мақала шығысымен оған жауап ретінде мәскеулік ғалым К.Таболовтың «Ұлттық демократия бағытына қарсы» атты мақаласы жарияланып, С.Сәдуақасовтың айтқан ойларын жоққа шығаруға тырысты [58, 334-б.]. Сондай-ақ С.Сәдуақасовтың мақаласына орай «Еңбекші қазақ» газетінде «Ұлттар мен байшыл ұлтшылдар туралы» деген мақала басылып, онда «Смағұл Сәдуақасұлының ұлттан шыққан «бақытсыз» демократ екенін Қазақстанда білмейтін адам шамалы шығар. Смағұл ұлтшылдығын Қазақстанда іске асыруға айла қарастырып көргенмен, онысынан жеміс шығара алмаған» деп келтірілді [75].

О.Исаевтің газетке С.Сәдуақасовқа қатысты жарияланған мақаласының мақсаты «Смағұлды түзеу емес, Смағұлдың қылып отырған

қастығынан партияға жағып отырған күйесін сұрту» екендігін көпшілікке көрсете отырып, Смағұлдың бар пікірлерін жоққа шығару еді [76].

Мерзімді басылымдағы осындай мақалалардан кейін Смағұл бағыты жоғары оқу орындарында, партия ұйымдарының жиналыстарында жиі-жиі талқылана бастады. Оның «ұлтшылдығы» бетіне басылып, ұлт саясатында жіберілген қателері тізбектелініп, саяси бағытына баға беріліп, үлкен сынның қыспағына ілікті. 1928 ж. 8 ақпанында Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының партия ұйымының жалпы жиналысында Смағұлдың «Большевик» журналына жарияланған мақаласы жөнінде ұяның жауапты хатшысы Ілияс Қабылұлы баяндама жасап, ұлт мәселесі төңірегіндегі Смағұлдың пікірінің партия жолында жанаспайтынын ашып көрсетіп, оның ірі кәсіпті күшейту жөніндегі, жер жайлы, партия басшылығы ретіндегі жолдарының терістігін дәлелдеуге күш салды. Смағұлдың пікірін кеңес үкіметіне қарсы пікір деп көрсетті. Жан-жақтан жасалған қысым Смағұлды еріксіз қатесін мойындатуға мәжбүр етті. Жиналысқа қатысқан Смағұл өзінің мақаласында жіберілген кемшіліктерді мойындайтындығын мәлімдеді. Негізінде бұл мойындау арызы «Правда» газетіне жарияланған еді.

Жасалған баяндама мен түсіндірілген арыз бойынша Нұрғалиұлы, Қожанұлы, Жүргенұлы, Құдайбергенұлы және тағы басқалар сөз сөйлеп, баяндамашының сөзін толықтай құптап, Смағұлдың адасқандығын ашық айтты [77].

Бұл жиналыс туралы мақаладан кейін көп ұзамай, газетке «Сәдуақасұлының қателіктеріне қарсы» атты мақала жарияланып, онда Смағұл «Алашордашылардың пікірін ұстанушы» делініп, «Большевик» журналына жарияланған мақаласының астарын түсіндірмекке талпынды [78]. 112 санда жарияланған Мұстафа Қайыпназаров «Ұлт мәселесі мен қара шаруа мәселесі» деген мақаласында оның «ұлт пен қара шаруа» туралы айтқан ойын орынсыз айтылған, жалған деп, оның бұл тақырыпты көтеруінің тілегі ұлт арасын шиеленістіру, өнеркәсібі бар қала мен ауылшаруашылығының арасына от салу, ауылды өркендетуде «Кіші Қазанды» жасау шараларына, жер мәселесін шешуде қарсылық білдіруін нағыз «байшылдықты» көздеу деп көрсетті.

Смағұлдың көтеріп отырған мекемелерді жергілікті тілге аударуды (қазақыландыру) қолдауы «ұлтшылдық жолындағы ең үлкен құрал» делінді. Сондай-ақ оның ағарту, партия құрылысы, кооператив құрылысы

жайлы айтқандығын М.Қайыпназаров сынға алып, оның астарын да ұлтшылыққа айналдырды [79].

Ұлтшыл С.Сәдуақасовтың жігін айқындауда «Еңбекші қазаққа» жарияланған Н.Сырғабекұлының «Ұлтшылық, садуақасовшылықпен күрес солғындамасын» атты мақалада С.Сәдуақасовтың 1920-25 жж. аралығында коммунистік партия қатарына алашордашыларды тартып, олардың тәжірибелеріне сүйену керектігін, А.Кенжин, А.Бөкейханов, М.Әуезов, Ы.Мұстамбаев, Н.Кадаленко, Т.Жүргенов, Ә.Байділдин, Ғ.Тоқжанов және тағы басқалардың күшін пайдалану қажеттігін баса айтқандығы, өзінің 1920 жылдағы бірінші кеңес съезінен кейін Алашордамен бірігіп, Қазақстандағы партия басшыларына қарсы шығып, жік құрғандығы, белгілеген мақсаттарын жүзеге асыруда Алашорда басшыларымен тығыз байланыс орнатқандығы айтылды. С.Сәдуақасовпен бірге Ы.Мұстамбаев та сынға ұшырады [15].

Ф.И.Голощекин Қазақстан жерінде «солшыл» және «оңшыл» деп атанған екі ағымның өмір сүргендігін, «солшыл» аталған ағым, бұл революциялық шараларды дереу бастырмалап жүргізушілер, «оңшыл» атанған ағым, бұл қазақ зиялыларынан топтасқан «ұлтшыл» ағым екендігін атап көрсетті. Оларға революция ісіне аса кедергі келтірді деген айып таққан болатын [80].

«Ұлтшылық» бағытын сынға алған О.Жандосов та Голощекиннің бұл пікірін растап, ұлт мәселесін шешуде шығыстық Кеңес республикасының партия ұйымдарында екі түрлі ағамының барлығын және осы ағымдар арасында қатты тартыстың туындап отырғандығын келтірген еді. «Мұның бірі, — делінді мақалада, — Кеңестер Одағының Орталығына үйлесімді, анық, түсінікті, бірақ шеткері елдердің жағдайына жанаспайтын шаруашылықты орната қоймақшы қыңырлардың ағамы» (Осыдан барып құрған сөзді солақайлар туып жүр). Екінші ағым жергілікті жағдайға асыра жан берушілер, шығыстың Кеңес республикасын Кеңестер Одағының өнеркәсіп аудандарымен байланыстыру жағын ескермеушілер, социалды мақсаттарын ауызға алмаушылық (бұдан кәдімгі байшыл-ұлтшылдар туып отыр). Ол «ұлтшылықпен» күресудің бірден-бір жолы осы ағымдарды түп-тамырымен жою деп көрсетті. Әсіресе ауыл кедейлеріне ықпал жасап отырған «байшылдарды» құрту қажеттігін баса көрсетеді [81].

«Жікшілдік» дегеннің не екенін, оның зияндығын газет арқылы ха-

лыққа түсіндірмек болған Қ.Жүсіпбеков онымен күресуде бұйрықпен, жауапқа тартумен ғана орындауға болмайтындығын айтады. Күресудің нағыз жолы маркстік белсенділердің қатарын көтеру керек деген пікірін ұсынады. Ол Троцкийдің жолын ұстанған «жікшілдер» қатарына «смағұлшылар», «сұлтанбекшілдер», «мұстанбайшыларды» жатқызады. Қ.Жүсіпбеков маркстік белсенділерді көбейту арқылы партия ішінде сынды, өзара сынды күшейту қажеттігін де баса көрсетті. Оның ойынша, бұндай сыннан партияның ішінде алауыздық, жаулық тудырып отырғандар, табансыз коммунистер саяси білімдерінің аздығынан, табансыздықтарынан арылатындығын айтады [82].

«Еңбекші қазақ» газеті «шылдық, шілдікпен» күресу жолында 1928 ж. Донбастағы инженер-техниктердің «зиянкесті» әрекеттері әшкереленіп, осыған байланысты «Шахта ісі» деп аталған сот процесі туралы мақалаларды мысалға келтіре жариялады. Ондағы мақсат Қазақстанда осындай жағдай орын ала қалған жағдайда қатаң түрде жазаланатындығын ескерту еді.

«Еңбекші қазақта» партияның қысымымен еріксіз қателерін мойындаған «жікшілдердің» сұхбаттары, ашық хаттары жарияланды. Газеттің 2 қарашадағы нөмірінде Сұлтанбек Қожанов пен Ораз Исаев арасында болған сұхбат барысы жарияланды. Сұлтанбек Қожановқа қателіктеріне қатысты мынадай 4 сұрақ қойылды:

1. Қазақстанда «қожановшылдық» болғанын мойныңызға аласыз ба? Болса қандай түрде болды?
2. «Қожановшылдық» партия жолына қарсы жол екеніне қол қоясыз ба? Қол қойсаңыз бұдан былай «қожановшылдықтан» безесіз бе?
3. Өлкелік партия комитетінің басшылығымен Қазақстанда істеліп отырған істерді, партияның саяси жолын дұрыс деп білесіз бе? Жеке-жеке айтқанда мына мәселелер партия комитетінің жолын, ісін дұрыс деп табасыз ба? Мәселен, ауылшаруашылығының өркендеп өсуі туралы, жер туралы, Қазақстанды кәмпескелеу жолы туралы, оқығандар, ұлтшыл оқығандар, алашордашылар туралы, онан соң мекемелерді қазақыландыру жұмысы, ұлт аралық жағдайлар, кедейлерді ұйымдастыру, ірі байлардың малын кәмпескелеу туралы жолын, сынын дұрыс дейсіз бе? Жаңа өлкелік партия комитетінің 1925 жылдан бастап партия конференциялары мен өлкелік комитет пленумы, бюросының қаулыларына сүйеніп, жікшілдермен күрескен жолын —

әдісін мақұлдайсыз ба, ауылды кеңестендіру жайындағы жұмыстарды қолдайсыз ба?

4. Өлкелік партия комитетінің Қазақстандағы партия басшылығын және белсенділер шығару, ауыл коммунистін шығару, ауыл коммунистін жасау жайындағы жұмыстарын дұрыс дейсіз бе?

Сұлтанбек Қожанов әр сұраққа жеке-жеке жауап берді. Ол: «Қожановшылар жігінің болғаны рас. Қожановшылықтың саяси жолын тексергенде жер жайында, ұлт арасының жағдайларында тағы да басқа мәселелерде ұлтшылдық жолында болды. ...Алашордашылармен күрескеніміз жоқ. Баспасөз жүзіндегі, партия ішіндегі алашордашылардың әсері, салт-санасымен күресілмеді. Тағы осындай қателер болды» деп мойнына алды.

Екінші сұрақ бойынша да өзінің бұрынғы саяси жолы мен пікірінің теріс екенін мойындап, бұдан былай безетіндігін мәлімдейді. Үшінші сұраққа партия мен үкіметтің істеп отырған істері мен саяси жолының дұрыстығын қуаттайтындығын білдіреді. Ораз Жандосұлының төртінші сұрағын да «дұрыс» деп санайтындығын, құптайтындығын айтады [83].

Бұл мәлімдеме жарияланысымен газеттің 277 санына Санжар Аспандияровтың «Қожанұлы Сұлтанбек жолдастың хаты туралы» деген мақаласы жарияланып, онда мәлімдемелік хатты Сұлтанбек Қожанұлы нақты өзі жазды ма деген күдікті ойының бар екендігін де жасырмады. «Менің ойымша, бұл документті (С.Қожановтың мәлімдемесін — С.С.) жете тексеріп, амал-жайын әбден анықтауымыз керек. Бұл ретте біз Сұлтанбектің қара басын сөз қылмаймыз, Сұлтанбекті Қазақстанда ықпалы жүрген белгілі салт-сана саяси топқа басшы адам ретінде сөз қыламыз», — деді [84].

Мақала жарияланған санға газет басқармасының «Бүйтіп партия жолына түсуге, қатені түзеуге болмайды» деген мақаласы жарияланып, С.Аспандияровтың өзін «жікшіл» ретінде сынға алды. Оған Қожановпен бірге Түркістанда басшылық жұмыста, әрі оның тобында болды деген айып тақты. Санжарды «жікшіл» болғандығын мойындай алмай отыр деп кінәлады [85]. Міне, осылайша «Еңбекші қазақ» газеті «ұлтшылдық» пен «жікшілдікке» қарсы күрес жолында сталиндік солақай саясатты берік ұстауға тырысты. 30-жылдың соңында қазақ зиялылары С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов және тағы басқаларға «ұлтшыл», «оппозиционерлер», «пантүрікшілдер» делінген айыптар тағылып, партия тарапынан жазаланды.

«Еңбекші қазақ» бірінші басшы Ф.И.Голощекиннің мақаласын жиі жариялаған. 1928 ж. газеттің 294-ші санында оның Қызылорда қалалық коммунистер жиналысында сөйлеген екі сөзі басылып, бірінші сөзінде жікшілдер турасында айтып, сол жікшілдердің арасында Т.Рысқұловтың барлығын атады. Осыдан кейін газеттің 1929 ж. 4 наурыздағы санында жауап ретінде қайраткер Голощекиннің баяндамасында өзін «жікшіл ретінде атап өткендігін, негізінде 1925 ж. Қызылордада қызмет істегенімде өлкелік партия комитетінің бір пленумында жікшілдіктің зиянды екендігін атап өткендігін, жікшілдікке қарсы күресуді қолдағандығын, сол мақсатта «Еңбекші қазақ» пен «Советская степь» газетіне бірнеше мақаласын жариялағандығын, бұрын Түркістан Республикасы тұсында қызмет істегенде кейбір қателіктерді жібергендігін, алайда артынан оны мойнына алып, түзеткендігін, сондықтан Голощекиннің өзін жікшілдердің қатарына қосудың қисыны жоқтығын «Басқармаға ашық хат» деген мақаласы басқан [86].

1928 ж. «ұлтшылдықпен», «жікшілдікпен» күресу барысы кең түрде етек алды. Орта мектептерден бастап, жоғары оқу орындары, ауылшаруашылығы еңбекшілерінен ірі өнеркәсіп орындарында «ұлтшылдар» мен «жікшіл» топтарды әшкерелеу белсенді түрде жүрді. Бұған дәлел ретінде мұрағат құжаттарына сүйенсек, Қазақ педагогикалық институтында 1928 ж. 24 сәуірінде Қазақ комсомолдар мен жерлестері секциясының, жұмысшы факультеті мен САКУ студенттерінен 81 өкіл қатысқан мәжілісте институттағы «ұлтшылдар» мен «жікке» бөлушілер қаралып, «Қазақ педагогикалық оқу орнындағы студенттердің жағдай» жөнінде І. Қабылов баяндама жасаған болатын. Баяндама барысында институтта бірқатар Құтжанов, Аманжолов, Нысанбаев, Жұманов, Жолдасбеков сияқты партия мен комсомол қатарында жоқ студенттер соңғы уақыттарда институттың партия және комсомол ұйымдарын қаралап, түрлі дәлелсіз өсектер таратып, студенттерді түрлі топтарға бөліп отырғандығы айтылды [87].

Бұл мәжіліс алдында топ жетекшісі саналған Аманжолов бұрындары партия қатарында болып, қылмыстық әрекеті үшін оның қатарынан шығарылып, түрмеде отырғандығы, өзінің қылмысын жасырып, партия қатарына кіруге талпынып жүргендігі анықталған еді. Жікшіл атанғандардың бірі Құтжановтың үстінен де Семейдің қымыз өндіретін ірі байы болғандығы, малын жасырғаны және қалыңдығы үшін 10 бас

ірі мал бергені әшкереленген [88]. 1928 ж. 1 қаңтардағы «Қазақ тілі» газетінің 1 санында осы Құтжановтың «жікшілдік» әрекетін әшкерелеген мақала басылды.

Студент Жұмановқа «Меккеге барған қажы, ірі байдың баласы», ал С. Кеңесбаевқа «өзінің қатыгездігімен қазаққа белгілі генералдың баласы, әкесі ескі кезде болыс, молда болған, әлі күнге дейін Түркістан уезінде жеке меншік мешіт ұстап отыр» және «діншілдікпен айналысты» деген айыптар тағылды [89].

«Еңбекші қазақ» газетінде Ы.Мұстамбаевтың солшылдық әрекетін айғақтаған мақала басылып, онда «Мұстамбайұлы істеген қатесі жеңіл-желпі қате емес. Мұстамбайұлы партиядағы 10 жылдық өмірінде Алашорда туралы да адасты. Сәдуақасұлы Смағұлдың жігінде де болды. Троцкийшіл де болды, переселен, қазақыландыру мәселелерінде де ауа жайылды дей отырып, оны дұрыстық жолға шақыруға тырыспақ болған партия жолын бұлжытпай орындаушы жолдастарын қаралауға барды, алашордашыларды жақтаумен келеді» делінді [90].

І.Құрамысов «Сәдуақасовшылардың сарқыны» деп аталған мақаласында Ы.Мұстамбаевтың С.Сәдуақасовтың ең жақын серігінің бірі болғандығын, «Алаш» ұранын көтергендігін келтіре отырып, бұл ұран кешегі патша тұсында орынды саналған, төңкеріске қарсы ұран болды дейді. Ол осы алашордашылардың ұранын С.Сәдуақасов бастаған топтар жұмыла қолға алып, жүзеге асыру үшін жанталаса әрекет етіп, әсіресе жер мәселесінде олар сырттан әкеп қоныстандыруға қарсылық білдірді деп көрсетті [91].

1929 ж. Қазақ өлкелік комитеті мен БК(б)П өлкелік бақылау комиссиясының мүшелерінен арнайы тексеру комиссиясы құрылып, К.Тоқтабаев, Ғ.Тоғжанов, А.Кенжин, Ә.Байділдин және тағы басқа азаматтардың қызмет барыстары тексерілді. Осы жылдың 13 маусымында өткен мәжілісте К.Тоқтабаевтың 1917 ж. Торғайдағы Алашорда бөлімінің белді мүшесі болып, Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтармен бірге тығыз байланысқаны, 20-жылдары «сәдуақасовшылар» жігінде болғандығы сөз болады. Аспандияр Кенжинге 1918-19 жж. Кеңес өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс ұйымдастырған Алашорданың Торғай бөліміндегі Әскери кеңестің белді мүшесі [92], Ә.Байділдинге алашордашыл «Бірлік» жастар ұйымында болып, Колчак армиясына белсенді көмектесті, Ә.Бөкейхановпен бірге адъютант есебінде Уфа мен Сама-

рада болған демократиялық мәжілістерге Алашорда отрядтары үшін қару-жарақ пен әскери киім-кешек алу үшін қатысты, 1919 ж. Сібірдегі Колчак үкіметі әскерінің 3-ші армиясының барлау штабының қызметкері болды, 1924 жылға дейін Алашорда қайраткерлерімен байланысын үзген жоқ, 1925 жылдан «садуақасовшылдық» топқа белсенді қатысты деген айыптар тағылып, тексеру комиссия шешімімен аталған зиялылар партия қатарынан шығарылды [93]. Айыпталған зиялылар комиссияның шешімінің дұрыс еместігін және өздеріне тағылған айыптардың жала екендігін дәлелдей БК(б)П Өлкелік Бақылау комиссиясына арызданды.

1929 жылдың жаз айының ортасына дейін комиссияның жүргізілген тексеру барысына К.Арғынғазин, А.Бөкейханов, Қ.Ғалиев, Т.Жаманмұрынов, М.Жолдыбаев, Қаратілеуов, Ә.Әлібеков, А.Мусин, Т.Рысқұлов, М.Саматов, А.Сейітов, А.Сейдалин, А.Кенжин, К.Тоқтабаев, М.Өтемісов, Х.Ф.Фазылбаев және тағы басқалар ілікті. Аталған азаматтардың көпшілігі үкімет орындарының жауапты қызметінде істейтін. Бұлардың барлығы бай, төре, билердің тұқымынан, Алашорда үкіметінің құрамында болған, кейбіреулері Кеңес өкіметіне қарсы шығып, большевиктерді қыруға қатынасқан делінді. Мәселен, Молдағали Жолдыбаевқа 1920 ж. Жымпитыда Кеңес өкіметіне қарсы шығып, 70-тей коммунистер мен комсомолдардың өліміне кінәлі болды деген негізсіз айып тағылса, ал А. Бөкейханов ханның тұқымы, отбасы тәркілеуге түскен, М. Саматов жастардың «Бірлік» одағының мүшесі, төрағасы болып Алашорда үкіметінің идеясын насихаттады, Ақмоладан Алашорданың Құрылтай жиналысына кандидат болып сайланды, чехтар мен Колчак үкіметі тұсында Омбыдағы губерниялық земство Басқармасының төрағасы болды, кейінірек Семей губерниясына қашты деп айыпталды. Аталған азаматтардың барлығын тексеру жоғарғы орындарға арыздар негізінде жүргізілген [94].

Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының (ОГПУ) қызметкерлері аталған зиялылардан жауап алып, арыздарда айтылған фактілер тексерілді. Олардың көпшіліктері партия қатарынан шығарылып, жауапты жұмыстардан аластатылды. 1928-30 жж. Кеңес үкіметі «Алаш» қозғалысының А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Тынышбаев, Ж. Ақбаев бастаған жетекшілері мен мүшелерін тұтқынға алып, тергеу жүргізді. Осы жылдар аралығында «Алаш» қозғалысының 44 азаматы жауапқа тартылды.

1921 ж. ұлтшыл бағытта «Сана» журналын шығарды және онда алаш-ордашылардың мақалаларын жариялады деген желеумен Х.Досмұхамедовқа айып тағыла бастады. Осы жылдың 4 мамырында Х.Досмұхамедов Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының (ОГПУ) шығыс бөлімінің тергеушісіне берген жауабында өзінің Түркістан Республикасының Қырғыз ғылыми комиссиясының төрағасы және Халық Ағарту комиссариатының ғылыми хатшысы қызметтерін атқарған кезінде орыс тілінде «Ғылым және ағарту» және қазақ тілінде «Сана» журналы Мемлекеттік Ғылыми кеңес шешімімен шығарылып, «Сана» журналы ғылыми және әдеби мазмұнда болып, екі нөмірі жарық көргендігі, бұл журналда Қырғыз ғылыми комиссиясы мақұлдаған мақалалар ғана жариялағандығы атап өткен болатын [95, 376-377-66.].

Х.Досмұхамедовпен бірге М.Әуезов те қуғындалды. Негізінде ол 1922 жылдың өзінде «Алашорданың» шығыс бөлімінің белсенді қайраткерлері ретінде сынға алынып, партия қатарынан шығарылған болатын. 20-жылдың соңында тағы да «буржуазияшыл-ұлтшыл байлардың идеологиясын жақтады, Кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізді, «Алқа» атты астыртын ұлттық-әдеби үйірменің бағыт-бағдарын жасауға белсене атсалысты, қазақ баспасөзінде байшыл идеологияны насихаттайтын шығармалар жариялады» деп айыпталды. Алайда ол Мемлекеттік Саяси Басқарманың қызметкерлері Ольшанский мен Поповқа берген жауабында «Қазақ мерзімді баспасөздеріндегі идеологиялық күрес пікір алысу (дискуссия) үрдісінде бірнеше жыл бойы жүргізілді, мені сырттай қосақтап кіргізіп қойған әдеби топтың көзқарасын көздеп бір де бір мақала жазған (1922-23 ж. кейін) жоқпын. 1926 жылғы қаңтар айынан кейін жарық көрген жалғыз шығарма — «Қилы заман» повесі. Алайда ол тарихи шығарма болғандықтан, бүгінгі күнге ешқандай қатысы жоқ. Соңғы жылдары басылып шыққан оқу құралдарына келетін болсақ, мен оны қазақ мектебінің бастауыш кластарына көмек көрсету үшін ғана жаздым.

Жалпы алғанда, мен өзімнің әдеби шығармаларымда ешқашанда контрреволюциялық арандатуға барған емеспін» дей келе, егер қателіктер жіберсе, идеологиялық ауытқулары болса, тергеу орындары емес, өлкелік комитетінің тиісті бөлімдері анықтауы тиістігін айтты [96, 255-256-66.].

Қазақ өлкелік комитетінің Үгіт-насихат және Баспа бөлімі басшының орынбасары Мартыненконың Орта Азия Мемлекеттік университетінің

ректорына М.Әуезовке қатысты берген мінездемесінде оның коммунистік партия қатарына кіргенге дейін алашорда ұйымында болып, әдеби шығармаларында буржуазиялық-ұлтшыл идеологияны насихаттағандығы, алайда соңғы кездерде бұл бағыттан бас тартып, кеңестік жолға түскендігін келтірген [97].

М.Әуезов 1930 ж. 17 қыркүйекте Ташкент қаласында тұтқындалып, Алматы түрмесіне жеткізілді. Оған 1930 ж. 15 қазанында БМСБ-ның ерекше бөлімінің бастығы Белооговтің бекітуімен Қылмысты істер кодексінің 58-11 және 58-11 баптарымен қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымына қатысты, партия мен үкімет шешімдерін бұрмалады, Орта Азиядағы басмашылар қозғалысына жетекшілік жасады, Кеңес өкіметін құлатуға әрекет жасады және т.б. айыптар тағылды.

Алаш қайраткерлеріне көмек көрсеткен кеңес қайраткерлері де үкімет тарапынан қатаң сынға алынғандықтан, олар еріксіз өз қателіктерін мойындауға мәжбүр болды. Орынбор өлкелік комитетіне И. Тоқтыбаев пен С.Есқараев жіберген хаттарында Алашорда идеологиясына қолдау көрсетіп, олардың Баспа саласындағы жұмыстарына барлық жағдайды жасағандықтарын мойындарына алған [98]. Осылайша, қазақтың алды болған қазақ зиялыларына, алаш өкілдеріне құрып кету қаупі төнді. Ату жазасына бұйырылғалы тұрған азаматтар «жаңылдым» деп үкіметтен кешірім сұрауға мәжбүр болды.

1932 ж. 4 мамырында БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.Голощекин мен ҚАКСР ХКК-нің төрағасы О.Исаевқа жазған өтінішінде М.Әуезов те өзінің бар кінәсін мойындап, «ниетімнен қайттым» деп ашық мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдеме Қазақ өлкелік комитетінің органы болған «Социалды Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің 10 маусымындағы санына жарияланды. Алайда 1933 ж. 11 қыркүйегінде аса құпия түрде ҚАКСР БМСБ орындарының Қазақ Өлкелік комитетіне берген мәлімдемеде Алашорданың көсемдерінің бірі М.Әуезов газеттер арқылы өзінің қателіктерін мойындаса да, әлі де контрреволюциялық қызметін жалғастырып, драматургия саласында жазылған шығармаларында бұрынғы өмірді, яғни бай-болыстардың заманының идеологиясын насихаттап отырғандығы келтірді. Осы мәлімдеменің соңында қазақ әдебиеті тізгіні әлі осындай (Әуезов, Ермеков, Жансүгіров туралы айтып отыр — С.С.) алашордашы жазушылардың қолында екендігі баса көрсетілді. Атап айтқанда,

қазақ әдебиетінде буржуазиялық-ұлтшыл, алашордашыл идеологияны насихаттау А.Байтұрсынов, М.Дулатов, О.Қарашев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Б.Күлеев және т.б. шығармаларында орын алғандығы, бұл аталған жазушылар Қазан төңкерісін танудан бас тартып, керісінше «Алаш» партиясының құрамында кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізіп жатқандығы, мерзімді басылым беттерінде Алаш қозғалысы мүшелерінің мақалалары, өлеңдері жарияланып отырғандығы айтылып, дәлелді болу үшін аталған авторлардың шығармаларынан арнайы мысалдар келтірілді. Мәселен, І.Жансүгіров «Москва-Қазақстан» атты поэмасында антикеңестік әзіл-сқақ қолданған, оны «Социалды Қазақстан» газеті редакциясының әдеби бөлімінің хатшысы Әбеш Қошмағамбетов өзінің таныстары мен қызметтестерінің арасына таратқандығы үшін жауапқа тартылып, сотталды. С.Сейфуллиннің «Домбыра», «Көкшетау», «Қызыл ат» сияқты шығармалары Кеңес өкіметіне жат идеологияны насихаттады делінді [99].

1933 ж. 8-29 желтоқсан аралығында болған Марксизм-ленинизмнің қазақ ғылыми-зерттеу институтында Қазақ өлкелік комитетінің тапсырмасымен жасалған С.Х.Брайнин мен Ш.Я.Шафионың «Очерки по истории Алаш-Орды» кітабының қолжазбасы талқыланып, 1935 ж. басылып шықты. Бұл кітапқа Алаш қозғалысына, Алаш партиясының бағдарламасының жобасы және т.б. мұрағат құжаттары мен материалдары енгізілді. Кітап шығысымен бірден баспасөз беттерінде сыни мақалалар жарық көре бастады.

1936 жылдан бастап бұрынғы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің қатарында болған үкімет пен партия қайраткерлері, жазушыларды айыптау одан әрі өрши түсті. Өлкелік партия комитеттерінің мәжілістерінде алашордашылардың қателіктері әшкереленіп, олардың үкімет ісіне қарсы астыртын әрекеттері үшін жаза қолдану да көтеріле бастады. «Ұлтшылдыққа» қарсы күресу барысында үкімет тарапынан арнайы тапсырмалар беріліп, «ұлтшылдарды» әшкерелеуге барлық кеңес азаматтарын белсене кірісуге, яғни сын мен өзара сынды күшейтуді талап ете шақырған бұйрықтар, шешімдер, үндеулер бірінен кейін бірі жарияланған. Өзара сын «өзіңді-өзің әшкереле», «өз қателігіңді мойныңа ал» дегенді нұсқап тұрған, ұлтты қорлаған, азаматтың намысын аяққа таптаған, ұлттың өз бетінше өмір сүруін, билеуін жою деген үкіметтің айла-шарасы еді. Өзара сын ақыр аяғы 1937-38 жылғы алапат қуғын-сүргінге алып келді.

Үкімет мәжілістерінде жауапты басшылықта жүргендердің өздеріне қателіктерін мойнына алу талап етілді. Аз уақыт ішінде өз қателігін мойындаған және өзгенің қателіктерін әшкерелегендердің қатары көбейе түсті. Өзара сын барысын күшейтуде өтірік қаралау деректері орын алды. О.Исаев ҚК(б)П-ның I съезінде сөйлеген сөзінде «Алашорда Қазан төңкерісінен бұрын болса да, ол төңкерісшіл патшаға қарсы күрес жүргізді» деген әңгіме бар деді. Бұл дұрыс теория емес, зиянды теория. Бірқатар жолдастар айтты, бұл туралы зиянды теориялардың бар екені даусыз. Бұл жөнінде менің де қатем бар. 1927 ж. Өлкелік партия комитетінің Мартыновтың бір тапсырмасы болды. Алашорда туралы барлық қағаздарды, документтерді жина, соны басып шығару керек» — деді. Алашорданың кім екендігін, қандай іс жүргізді деп, осы документтерді теріп, басып шығарудың өзі ол уақытта қате болған екен. Бұл Мартыновтың сборнигіне жазылған менің бас мақалам болды» дей келе, алашордашылар Қазан төңкерісіне дейін патшаға қарсы күресті деген үлкен саяси қате жібергендігін мойындап, өзіне алашордашыл Тоқтабаев, Кенжиндерді жақтап келді деген кейбір жолдастардың сыны түбірімен қате екендігін айтады. «Өзара сын айту керек. Бірақ анау, мынау деп, өзара сын — өтірік сөйлеу неге керек. Өтірік — өзара сын болмайды. Өтірік — өзара сынға жатпайды» дейді [100].

1937 ж. 11-13 шілде аралығында Алматыда Қазақстан Жазушылары одағы мүшелерінің жабық партия жиналысында С.Сейфуллин де баспасөз беттерінде сын айтқанда бұрындары сыналып кеткендерді қайтадан жаңғыртудың еш қажеттігі жоқтығын атап өтсе, Сәкеннен кейін сөз алған Жүсіпбеков те өзара сынның бұрмаланып кететіндігін айта отырып, сынды, өзара сынды, ең алдымен, халық жауларының зиянкестерін, қалдықтарын құртуға, оған ымырашылдық қылғандарға жұмсау қажеттігін ұсынады [101].

Осы жылдың 29 шілдедегі ҚК(б)П-ның Оталық Комитеті шешімі бойынша алашордашылардың және ұлтшыл бағытта жазылған әдебиеттерді кітапхана, кітап дүкендерінен, оқу орындарынан қолданыстан алу үшін С.Нүрпейісовтың төрағалығымен құрамында О.Исаев, І.Қабылов, Ғ.Мүсірепов, Ж.Арыстанов, Н.Гусев, М.Ибрагимов, Т.Жүргенов сияқты мүшелері бар арнайы комиссия құрылды [102]. Комиссия үкімет пен партия ісіне жат деген кітаптардың барлығын қолданыстан алдыртып тастады. Бұл науқан 1938 ж. да жалғасын тауып, алашордашылар

деп айыпталған С.Асфендияров, А.Әлибаев, Ә.Байділдин О.Беков, І.Жансүгіров, Н.Нұрмақов, Т.Шонанов және т.б. қайраткерлердің кітаптарын қолдануға тыйым салынды [103, 221-229-бб.].

Жас жазушылардың бірі Ғ.Мүсірепов те «буржуазияны көксеуші ұлтшылдардың жаршысы» деген айыпқа ие болды. Оған алашордшыларды, қазақ халқының ата жаулары М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және тағы басқа контрреволюционерлерді дәріптеді, солардың жырын жырлады, халық жауы Б.Майлиннің контрреволюциялық пікірлерін жасырып, қорғаштауға тырысты деген айыптар тағылды [104].

Коммунистік партия өзінің ізбасары болған комсомол ұйымдарына да кіріп кеткен алашордашылардан арылуды талап етті. Нәтижесінде бұл науқан белсенді жүргізіліп, «ұлтшыл» атанған элементтерге қолдау көрсеткен жастар көпшілік алдында әшкереленіп, комсомол қатарынан шығарылды. Жастардың органы болған «Лениншіл жас» газеті Ленин комсомолдарының кейбіреулерін бұрып, өздеріне қаратып алған контрреволюцияшыл алашордашылармен ашық күресуге үндеп шақырып қана қоймай, комсомолдар зиянкестерді әшкерелеуге белсенді кірісіп жатқандығын да жазды. Комсомолдардың қырағылығымен Алматы облысының Октябрь ауданындағы Ақсу жетім балалар үйінде кейбір мұғалімдер алашордашылардың идеясын ашық түрде үгіттегендігі айқындалған [105].

«Ауыл коммунисті» журналының «Жер-жердің хатынан» атты арнайы бөлімінде ұлтшылдармен күресу барысының қалай жүргізіліп жатқандығы және өзінің қателіктерін мойнына алғандығын білдіргендердің хаттарын жариялап отырды.

1937 ж. «Ауыл коммунисті» журналына жарияланған М.Ақынжановтың «Баспасөзде алашорда идеологиясының қалдығымен күресейік» деген мақаласы баспасөз арқылы алашордашыл контрабанданың қарсылықтарына, кеңес үкіметінің зиянкестеріне қатты соққы беріп күресуге шақырды. Әлі де кейбір баспасөздер алашордашылардың, ұлтшылдардың ықпалынан шыға алмай, кеңеске қарсы зиянды пікірлерін таратып отырғандығын, тіпті баспасөзде өзінің мақсаттарын іске асыру үшін алашшыл ұлтшылдардың бірқатар газет-журналдарымыздың басында отырып, жауапты қызметтерді атқарып, аударма оқу кітаптарын жазып, оған контрреволюциялық пікірлерін астарлап өткізбек болғандығын айта келе, 1923 ж. Мәскеуде шығып тұрған «Темірқазық», Ташкенттегі «Сана»,

«Шолпан» журналдары мен «Ақжол» газетін ашықтан-ашық партияға қарсы болып, алашордашылардың, байшыл жазушылардың жалауын көтерген «ұлтшыл» басылымға жатқызылды.

Осы мақалада алашордашылардың, ұлтшылдардың идеологиясын таратушы ретінде Әмина Мәметова сынға алынды. «Бәрімізге белгілі, Мәметова 1927 ж. жұмыскер тап үстем болып тұрған кезде, тап мәдениеті жасалмайды деп, мәдениет, әдебиет мәселесінде ашықтан-ашық Троцкийдің контрреволюцияшыл теориясын жақтап мақала жазған болатын. Онан кейін тағы да «Ахмет Байтұрсынов қазақтың Чернышевскийі, біз Ахметті ардақтауымыз керек» деп, контрреволюцияшыл Байтұрсыновты жақтап жазды. Онан кейінгі кездерде жазған мақалаларында да Мәметова ол пікірінен қайтқан жоқ» делінді. Абай, Ыбырай, Шоқанды қазақ идиологі ретінде көрсетпек болған Әзімбай Лекеровты да «алашордашылардың» ізін басушылар қатарына жатқызды. Алашордашылардың идеологиясымен күресуде саяси қырағылықты күшейту қажеттігі де баса көрсетілді [106, 62-65-66.].

Негізінде Ә.Мәметованың «ұлтшылдығын» 9 қаңтарда «Социалды Қазақстан» газетіне жарияланған Үсенов, Момынов дегендердің «Әшкереленген жау» деп аталған мақаласына орай, газеттің келесі 16 санында басқан «Жаудың сыры жете ашылсын» деп аталған мақаласында да айқын көрсетіп берген болатын.

Үсенов, Момынов мақалада Ә.Мәметоваға әдебиет, тіл кітаптарына контрреволюциялық пікірін кіргізуге жанталасып, 9 сыныпқа арналған «Әдебиет хрестоматиясында» ұлтшыл Нармамбет ақынның жат өлеңдерін енгізуге жанын салды. Оған өлеңдеріне ұлтшылдық баға берді, алашшыл-контрреволюцияшылардың пікірін насихаттауы, Нармамбетті Абаймен салыстырып қатар қойды, Шәкәрімді дәріптеді, А.Байтұрсыновты орыс халқының демократ-революционері Чернышевскиймен салыстырды, Троцкийдің пікірін қуаттады деген қатаң сындар таққан [107].

М.Ақынжанов мақаласында Әминаның контрреволюциялық әрекеттері толықтай ашылмаған дей отырып, оның 1934 ж. «Әдебиет майданы» журналының 11-12 санындағы Абай туралы жазған мақаласында келтірген алашордашылардың пікірі әшкереленбей, бұрмаланған тарихи шындық айқындалмағандығын келтірді. Ол Әминаға «Алашорда идеологтары таратқан үгітті насихаттап, олардың агенті болған Сәдуақасов,

Дошановтардың идеясына қолдау көрсетті» деген де айыптар тақты [108].

«Лениншіл жас» газетінде жарияланған «Әдебиеттегі Алашорда агенті» деп аталатын мақалада Әмина Мәметоваға алашордашы Міржақып пен Мағжанның өлеңдерін мақтап, студенттерге оқыған лекцияларында Мағжанның өлеңдерін мысал етіп келтіріп, студенттерге жаздырды, алашордашыл Шәкәрімнің өлеңдерін мақтағандығы келтірілді [109].

«Социалистік Қазақстан» газетінде бұрынғы алашордашылардың идеясын таратушы С.Сәдуақасов, Ы.Мұстамбаевтарды сынаған бірнеше мақалалар басылды. Осы газеттегі Қ.Өтеповтің мақаласында С.Сәдуақасов басқарған топ троцкийшіл-зиновьевшілердің социализмге қарсы жүргізген жұмыстарына белсене қатыса отырып, Радек арқылы Троцкиймен байланыс жасап, оның бағдарламасына толық қосылатындықтарын білдіріп, баспасөз арқылы оның бағдарламасын насихаттады деп жазды. Ол да Ы.Мұстамбаевты «контрреволюцияшыл-ұлтшыл, Ленинградтағы топтармен байланыс жасап, зиянкестік жұмыстар жүргізді» деп айыптады. Бұған алашордашылардың насихаттаған идеясы әсер етті деп пайымдай отырып, бұрынғы интеллигенция өкілдерін, алашордашыларды талғамай үкімет ісіне тарта пайдалану керек деген пікірді теріс санады [20].

Газеттің 9 қаңтардағы санында жарық көрген «Халық дұшпандарын түгел әшкерелеп, көзін мүлде құртайық» деген мақалада елімізде бұрынғы троцкийшіл-зиновьевшіл бандылардың жолын жалғастырып, зиянкестік әрекеттер жасап жатқан контрреволюцияшыл-ұлтшылдар ендігі кезекте фашизммен жасырын байланысып, олармен бірелесе капиталистік жүйені орнатуға жанталасып жатқаны айтылып, осындай фашистік жандеттердің агенттері Қарағанды, Шымкентте әшкереленді делінді. Оларды «троцкийшілдердің ұясы», «фашизмнің жандеттері», «ұялас сұм жыландар», «сұмырайлар» деп қаралады [25].

Осы мақалаға орай 11 қаңтарда жарияланған «Троцкийшіл-ұлтшылдардың контрреволюцияшыл істері және партия қырағылы туралы» атты мақалада фашистердің агенттеріне айналып отырған ұлтшылдар Жаңа Семейде де әшкереленіп отырғандығын, ондағы Комвузда алашордашылардың барлығы айтылып, тез арада олардың жолдарына тосқауыл қою керектігі сөз болды [110].

Сөйтіп «Социалды Қазақстан» (осы жылы «Социалистік Қазақстан»

болып өзгерді — С.С.) газеті нағыз «ұлтшылдарды» әшкерелеген ба-
сылым болды. Ж. Арыстанов бұл туралы: «Социалистік Қазақстан»
троцкишшілдерге, оңшыл, жікшіл топтарға, ұлтшылдарға қарсы аянбай
күрес ашқаны, оның ең алдымен Алашорда партиясын, соның реакци-
яшыл зиялыларын ақтағысы келетіндерге, сонан соң қазақ еңбекшілерінің
революциялық қозғалысқа белсене қатысқанын көмескілегісі келгендерге
соққы берді», — деп жазған болатын [111, 138, 140-66.].

Газеттің 12 қаңтарында жарияланған І.Қабыловтың мақаласы Ала-
шорда мүшелерінің оңшыл, солшыл топтарға тигізген әсеріне арналды.
Автор Алаш қозғалысын туғызған саяси жағдайға тоқтала келе, бұл
қозғалысты қазақ халқына, қазақ бұқарасының революцияшыл азаттық
қозғалысына қарсы бағытталған қозғалыс деп есептеді. Оның пікірін-
ше, Алашорда қозғалысының тарихы — мәмлешілдіктің тарихы, қазақ
халқының тілегін ақырына дейін сатқан нағыз оңбаған предательдердің
тарихы.

І.Қабылов Алаш қозғалысының саяси жолын талдауға тырысты.
Оның кадет партиясынан бөлінуі, І және ІІ Мемлекеттік Думаға белді
мүшелері, лидерлері Ә.Бөкейханов пен М.Тынышпаевтардың қатысуы,
1916 жылғы қара жұмысқа және қазаққа қатысты «Қазақ» газетінде
көтерген мәселелерді жүзеге асырудағы әрекеттерін саралап көрсетеді.
Ол Алашорданың қазақ халқына тигізген зияндығын былайша бөліп
көрсетті:

- 1916 ж. патша үкіметімен ауыз жаласып, бұқара қозғалысын
түншықтыруға тырысты;

- Ақпан, Қазан төңкерістерінен кейін жау контрреволюцияшыл эле-
менттермен бірігіп, қазақ бұқарасының революцияшыл қозғалысын басу-
ды көздеді;

- 1919 ж. Торғай кеңес депутаттары мүшелерін (А.Иманов пен Та-
ран) өлтіруге себепші болды;

- 20 ж. кеңес үкіметі кешірімінен кейін жоғары қызметке кіріп алып,
үкіметке қарсы астыртын әрекеттер, бүлдіру жұмыстарын жүргізді;

- Троцкишшілдердің идеясына қолдау көрсете отырып, ұлтшыл-укло-
нист жіктер мен топтарды құрып, тізгінін қолдарында ұстады;

- 1930-32 жж. ашаршылық кезінде елдегі қиыншылықтарды пайда-
ланып, жұртты арандатып, көшпенділікті ұйымдастырды, малын қырып-
жойып, азық-түлік қиыншылықтарын және диверсиялық әрекеттер
ұйымдастырды.

Мұндай қаскөйлік әрекеттердің басы-қасында жүргендердің қатарынан Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, А.Байтұрсынов, А.Кенжин, М.Шоқаев және т.б. аталды. Мәселен, М. Шоқаев жөнінде: «Аты шулы алашордашылардың бірі, бұл күнде шетелдерде жүрген Шоқаев троцкистермен, ұлтшыл-уклонист азғындармен бірігіп, фашистік агенттерді, тыңшыларды, зиянкестер мен диверсанттарды ұйымдастырып жүр. Бұған түсті металлургиядан (Қарсақпай, Шымкент зауыты және басқа учаскелерден) табылған зиянкестік фактілер айқын айғақ» деп жаза келе, алдағы Қазақстан большевиктерінің ұлы міндеті — ұлтшыл, алашордашыл тап жауларына соққы беру, революциялық қырағылықты, сақтықты бұрынғыдан да күшейтіп, идеялық-саясаттық дәрежені арттыру деп көрсетті [112].

Әрине бұл жерде мақаланың үкіметтің арнайы тапсырмасымен жазылғандығының әсері білініп тұр. Өйткені мақалада айтылған жайттар өлкелік партия комитетінің мәжілістерінде қаралып, ақ-қарасын анықтау жайлы бірнеше нұсқаулар да берілген еді. Мақалада айтылған А.Иманов пен Таранның өлімін тексеру БК(б)П өлкелік комитетінің мүшесі, Қазақстан бойынша ҚКП партия коллегиясының мүшесі М.Тәтімовтің өлкелік комитет хатшысы Л.Мирзоян мен Қазақстан бойынша ҚКП өкілетті мүшесі Москатовқа 1936 ж. 4 желтоқсанда жазған мәлімдемелік жазбасында Торғайдағы А.Иманов пен Л.Таранның өліміне тікелей алашордашыларды кінәлі деп атады. Ол кезде торғайлық алашордашылардың басында А.Байтұрсынов, М.Дулатов, А.Кенжин, С.Қаратөлеуов пен К.Тоқтыбаев және т.б. болған. Мәлімдеме еңбекші тап осы аталған алашордашыларды жауапқа тартуды талап етіп отырғандығы келтірілді [113].

5 ақпандағы «Т.С.» деген автордың мақаласында Нақымжанның зиянкестік әрекеті жан-жақты ашылып, оған алашордашыл, троцкистермен сыбайласып, кеңес қаражатына қол сұқты деген айып тағылды [114].

1937 ж. қазақ зиялылары жаппай қамауға алына бастады. Елде айтыс-тартыс өршіп, біреудің үстінен біреу жала жауып, ұстатып, айдатып жатты. 13 тамызда Ілияс Жансүгіров «халық жауы» ретінде ұсталды. 29 тамызда Жазушылар одағының хатшысы М.Қаратаевтың «Социалистік Қазақстан» газетіне мақаласы басылып, онда Сәкен бастаған жиырма шақты жазушы «фашист жендеттері» ретінде қараланды. Бұл мақаланың орысшасы 16 қыркүйекте «Казахстанская правда» газетіне басылды.

Бірнеше күн өткеннен кейін С.Сейфуллин тұтқындалды. Осы жылдың 30 желтоқсанында М.Жұмабаев қамауға алынды.

«Халық жауы» ретінде ұсталған қазақ зиялылары түрмеде отырған кезінде олардың үстінен айыптарын айғақтайтын материалдар газет-журналдарға тоқтаусыз жарияланды.

Көріп отырғанымыздай, 20-жылдарда басталған кеңестік жүйенің бұрмалаушылық, қысаң саясатының салдары халықтың рухани санасына қайғы-қасірет әкелді. Бұл сталиндік саясат ұзақ уақыт бойы ешкімнің көзін аштыртпай, қазақ халқына танымал тұлғалар түрмелерде азапталып, қуғын-сүргін құрбанына айналды.

Идеологиялық айтыс мерзімді басылымда 30-жылдардың аяғында да өршіді. Бірін-біріне айдап салу тәсілімен қаралап жазған материалдар баспасөздің негізгі тақырыбына айналды. «Социалды Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» сияқты газеттерде бұрынғы алашорданың белді мүшелерінің кеңес ісіне жат, «халық жауы» екендіктерін дәлелдей жазған «домалақ арыздар» қаптап кетті. Онда «фашист», «зұлым», «арамза», «қаскүнем», «зиянкес», «ұялас», «қандыбалақ қарақшы» «агент», «ұлтшыл», «халық жауы» және т.б. жан түршігерлік сөздер жазылды. Нәтижесінде қазақ зиялылары арасында өз басын аман алып қалу үшін бірін-бірі қаралағандардың қатары көбейді.

1937-38 жж. қазақ зиялыларының басына төнген қауіпке ешкім де қарсы тұра алмады. Ұлт жолында қызмет еткен зиялылар қатары сиреп, бұл елдің мәдениет, ғылым, білім салаларының ақсауына алып келді.

Алаш азаматтарының қоғамдық-саяси қызметі ХХ ғ. 20-30 жж. баспасөзбен тығыз байланыста болды. Олардың көпшілігі Баспа бөлімінде, газет-журнал редакцияларында қызмет істеп, бірі редакторлық қызметті, бірі оның орынбасарлығын, екіншілері әдеби бөлімдерді басқарса, үшіншілері түрлі тақырыптарда мақала, очерк, әңгімелер жазып, халықпен үнемі етене жақын араласып тұрды.

Алаш қайраткерлері Алаш идеясын, Алаш идеологиясын 20-шы жылдардың басында осы қазақ мерзімді баспасөзі арқылы насихаттады. Бұл туралы Ә.Бөкейхановтың 1923 ж. Дінше Әділовке «Кітап жазып, газет-журналға мақала шығарып, Алашқа қызмет қылмасақ, басқа жол бөгеулі» деп хат жазуы дәлел.

Сонымен қазақ зиялыларын қуғындау барысы 20-30 жж. қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз беттерінде айқын жазылды. 20-жылдың басында

газет-журналдар арқылы «жікшіл», «алашордашыл», «буржуазияшыл, ұлтшыл» деген айыптармен қараланса, 30-жылдары «халық жауы», «кеңес үкіметін төңкеруші» деген жаламен масқаралауға тырысты. Алаш зиялыларының мерзімді баспасөзде қудалануының мәнісі бұл, біріншіден, бұрынғы алашордашыларды жуасыту болса, екіншіден, кеңес идеологиясының мықтылығын таныту еді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан тарихында өткен оқиғаларды зерттеуде соңғы жылдары дерек ретінде мерзімді басылым материалдары кеңінен қолданыла бастады. Бұл, біріншіден, тарихымыздың деректік негізін кеңейтсе, екіншіден, қарастырылатын тақырыптардың көмескі тұстарын ашуға септігін тигізеді. Өйткені ХІХ ғасырдың соңында пайда болған қазақ тіліндегі газеттердің халықпен бірден-бір қарым-қатынас жасайтын құрал екендігін түсінген еліміздің алдыңғы қатарлы зиялылары оған қолдау көрсетіп, одан әрі дамуына бар жағдайды жасауға тырысты. Нәтижесінде ХХ ғ. басында бірнеше газет-журналдар дүниеге келіп, онда қазақ халқының түрлі мұң-мұқтаждары көтеріліп, соның төңірегінде пікірталастар өткені де тарихтан белгілі. Қазақстанда ұлт тіліндегі өз баспасөзінің тууы халық санасының оянуына елеулі түрде әсер етті. Отан тарихының кеңестік кезеңінде таптық көзқараспен қалыптасқан қоғамдық-саяси қағидалар мен ұстанымдардың шынайы мазмұнын ашуда 20-30-жылдардағы қазақ мерзімді баспасөзінің маңыздылығы ерекше.

Қазақстанның патша саясатынан азат ел болуын аңсаған алғашқы қазақ интеллигенттері «Серкеден» бастап, «Қазақ» пен «Айқап» сияқты басылымдардың беттерінде жер, тіл, дін тақырыптарын айқын көтеріп, оның шешімін табуға тырысқандығы, еліміздің ұлттық тәуелсіздігі жолындағы күрес тәсілдерін осы басылымдар арқылы халыққа етене таныстыра білуі ХХ ғасыр басындағы сүбелі іс болады.

«Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды қазақ зиялылары патша үкіметі құлап, елде Уақытша үкімет орнаған жылдары да ұлттық басылымдарды өз мүдделеріне қолданды. Яғни халықпен тілдесетін құрал ретінде пайдалана білді. «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат», «Алаш» және тағы басқа басылымдар Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болуы жолында құнды материалдар жариялай білді. Кеңес өкіметі жылдарында бұл басылымдар жабылғанымен, олардың орындарын «Абай», «Айна», «Тіршілік», «Қазақ мұңы» сияқты басылымдар басты.

Қазақстанда ұлтшыл, алашордашыл делінген басылымдарды тоқтатып, олардың баспаханалары мен қаражаттарын пайдалану арқылы жаңа газет-журналдарды шығара бастауы; партия-кеңестік баспасөздің қалыптасуына алып келді. Кеңестік партия комитеті мерзімді баспасөздің кеңес

саясатын насихаттауда аса таптырмайтын қару екендігін түсініп, тез арада баспасөз ісін қолға алуды көздеді.

XX ғ. 20-жылдардың басында қазақ тіліндегі баспасөз саласын қалыптастыруда бірнеше үкімет қаулы-қарарлары қабылданып, жаңа басылымдарды шығарудың міндеттерін айқындап берді. Партия мен кеңес баспасөзін дамытуда газеттің барлық жұмысын мүлтіксіз атқаратын жауапты редакторларды партия қызметкерлерінен тағайындау және басылым редакциясының жұмысын бақылауға алу қажетті саналды. 1919-20 жж. қазақ баспасөзінің қатары өсті. РК(б)П-ның IX съезінде қабылданған қаулыға орай газет-журналдарда елдің экономикалық жағдайына, атап айтқанда өндіріс орындарының жетістіктері мен кемшіліктеріне, өндіріс өнімдерінің сапасы мен оның өсуіне аса көңіл бөлуі қажет болды.

Қазақ АКСР-і құрылғаннан кейін мерзімді басылымдарды шығару ісі қарқынды дамыды. Әсіресе Қазақстан облыстық бірінші конференциясынан кейін қазақ ұлттық баспасөзін дамыту ісі өрістеді. Баспасөздің өкіметтің саясаты мен қабылдаған іс-шараларын түсіндіруде маңыздылығы айқындалып, оның дамуына жол ашу керектігі баса көтерілді. Нәтижесінде «Ақ жол», «Еңбекшіл қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Қазақ тілі», «Бостандық туы» сияқты қазақ тіліндегі басылымдар жарыққа шығып, халыққа қызмет ете бастады. РК(б)П Орталық Комитетінің «Мерзімді баспасөз туралы», «Баспасөз және насихат туралы» қарарларының қабылдануы партия мен үкіметтің саясатын жүзеге асыруда саяси басшылықты күшейту арқылы жүзеге асыру, оның редакциялық құрамына тәжірибелі партия қайраткерін тағайындау арқылы жүзеге асыру мәселесін белгілеп берді. Сонымен қатар республикалық, губерниялық және уездік басылымдардың мазмұнындағы басты ерекшеліктерін де нақтылап көрсетті.

Баспасөз ісін жандандыруда үгіт-насихат жұмыстарын күшейту, мерзімді басылымдарды оқырмандарға жақындату, жергілікті өмір барысын түсінікті әрі толық көрсетуге талпыну, ол үшін тілшілерді тарту керектігі қозғалды. Сөйтіп баспасөзді халықпен байланыстырудың басты жолдарын саралап берді.

Қазақ баспасөзін көтеруде қазақ зиялылары елеулі үлес қосты. Мәселен, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, Н.Құлжанова, Ш.Тоқжігітов, Қ.Кемеңгеров және т.б. баспасөз саласын дамытуда толымды пікірлер айтты.

Қазақ баспасөзін дамытуға партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары тартылды. Ол ретте арнайы комиссиялар құрылып, баспасөз ісін өркендетуге белсене атсалысты. Сондай-ақ газеттер мен журналдардың жетістікті, кемшілікті тұстарын жариялау да ұмыт қалған жоқ. Осындай үгіт-насихат жұмысының жүргізілуі баспасөз саласының алға жылжуына, оның қызметкерлік санының өсуіне алып келді.

Баспасөз саласының дамуы ұлттық баспа бөлімінің құрылғанынан кейін байқалды. Бөлімшенің тұрақты комиссия мүшелері сайланып, басылымдардың сапасына аса мән беріле бастады. Өлкеде болып жатқан өзгерістерді уақтылы жариялау, материалды мезгілінде жіберу, газеттердің маңыздылығын күшейту, антикеңестік тақырыптардағы мақалалар мен хабарларды жариялауға жол бермей қадағалау, күнделікті саяси, ұйымдастырушылық және шаруашылық тақырыптарын ұдайы көтеру мәселелері тұрды.

Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілгеннен кейін де уақытша қиындықтарға қарамастан, баспасөз ісі алға жылжып, газет-журналдардың сапасын көтеруде біршама іс-шаралар жүргізілді. Баспасөз басшылығында жіберілген кемшіліктер сынға алынып, қателіктердің шығуына себеп болған жайттарды анықтау, оған тиісті шара қолдану, редакция құрамын қажетті баспасөз мамандарымен толықтыру, оқырмандармен тығыз байланыс орнатудың аса қажеттігі қолға алынды.

Газет-журнал материалдары қатаң тексерістен өтіп, редакцияның жағдайы есепті түрде тексеріле бастады. Бұл, бір жағынан, партия-кеңес тарапынан баспасөз саласында бақылауды күшейтсе, екінші жағынан мерзімді басылымдардың саяси ұстанымы нағыз большевиктік басылым болуына алып келді. 20-жж. басында мерзімді басылымның кемшін тұстары да болды. Бұл баспасөз жұмысының дұрыс ұйымдаспауы, қағаз тапшылығы, қажетті мамандардың жетіспеуі еді.

Қазақ баспасөзі жағдайы өлкелік комитеттің мәжілістерінде, пленум, конференцияларының күн тәртібіне қойылып, оның жалпы жағдайы қарастырылып отырған. Ірі кемшіліктер жіберген жауапты редакторлар орындарынан алынып, олардың тарапына «партия тапсырмасын орындамады, саяси және ұйымдастырушылық қабілетін танытпады, газетке кеңестік білікке қарсы материалдардың жарық көруіне жол берді» деген сындар айтылды.

1925 ж. өлкеге хатшылыққа келген Ф.Голощекин баспасөз ісін

өз уысында ұстауға тырысты. Барлық газет-журналдардың бағыты анықталып, оларға идеялық басшылықты күшейту қолға алынып, газет-журналдарда партия шешімдері, қаулы-қарарлардың жариялануын қадағалау, оны талқыға салу, ұлттар арасындағы жанжалдардың тууына жол бермеу үшін баспасөз идеологиясын күшейту, партия алдына қойған міндеттерді бетке ұстауды маңызды санады. Осы жолда пәрменді жұмыстар да жүргізді. Сөйтіп қазақ баспасөзінің маңыздылығын арттыруда үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Баспасөз саласына Б.Майлин, Ж.Тілепбергенов, Е.Алдоңғаров, Ш.Тоқжігітов, Ә.Лекеров, С.Есова, Н.Арықова және т.б. баспасөз ісіне білгір, журналистік қабілеттері жоғары мамандар тартылды. Оларға аса маңызды жауапты редакторлық, орынбасарлық қызметтер тапсырылды.

20-жылдың ортасында баспасөз саласы біршама жетістіктерге жетті. Газет, журналдардың саны көбейіп, оның мазмұны да күрделене түсті. Әйелдердің жеке органы ретінде «Жетісу әйелі», «Сәуле», «Теңдік», «Әйел теңдігі», «Ана мен бала», жастардың органы «Жас қазақ», «Лениншіл жас», «Жас қайрат», әдебиет, өнер саласында «Жыл құсы», «Жаңа мектеп», «Жаңа әдебиет», «Әдебиет және искусство» сияқты мерзімді басылымдар пайда болып, халық арасында үлкен таралыммен тарады.

20-жылдың соңы — 30-жылдың басында жазу жаңа әліпбиге, яғни латын әрпіне көшкендіктен, мерзімді басылымдар да жаңа әліпби негізінде шығарыла бастады. Бастапқы кезде газеттің бір беті латын жазуымен басылса, бірте-бірте толықтай көшті. Латын әліпбиін насихаттау негізінде «Жаршы» журналы жарық көрді. Баспасөзді толықтай латын әліпбиіне көшіруді 1931 ж. Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына дейін аяқтау көзделінді. Осы мерзімге дейін барлық басылымдар жаңа әліпбиге көшірілді.

30-жж. басында баспасөз саласы «Денсаулық жолы», «Октябрь балалары», «Қазақстан большевигі», «Екпінді жас», «Әдебиет майданы», «Ауыл коммунисті» және т.б. басылымдармен толықты. Негізінде бұрыннан шығарылып келе жатқан кейбір басылымдардың атаулары өзгерді. Мәселен, «Қызыл Қазақстан» журналы «Қазақ большевигі», «Ауыл коммунисті» болып өзгертіліп шығарылса, «Жыл құсы» кейінірек «Жаңа әдебиет», осы күні «Жұлдыз» болып өзгерді.

20-30-жылдардағы қазақ тіліндегі басылымдардың дамуында ерек-

шеліктер болды. Әсіресе 1920-25 жж. аралығында шыққан газет, журналдар үкімет тарапынан саяси жағынан ұстанымсыз, айқын бағыты жоқ басылымдар делінсе, одан кейінгі жылдардағы мерзімді басылымдар большевиктік бағытты ұстанған, нағыз кеңестік басылымдарға жатқызылды. Жалпы осы уақыт аралығында шығып тұрған газет, журналдардың ұқсастықтары да болды. Бұл оқырмандарының еңбекші тап өкілдерінен болуы еді.

Кеңес дәуірінде газет-журналдар үкімет пен партияның насихатшы, үгітші құралы ретінде қарастырылып келгені белгілі. Қазіргі кезде оның бұлай қаралуының себебін қазақ баспасөзі шектен тыс идеологияның құрығында, оның тәуелділігінде болып, қызмет етуге міндеттеніп, партия ұраны, социализм жетістіктері, кеңестік үкіметтің жемісі бұл баспасөздің негізгі тақырыбы болғандығынан деп дәлелденді де. Шындығында да, баспасөз саласы партия мен үкіметтің шығарған қаулы-қарарлары мен шешімдерін орындауда, партияның теориясы мен тарихын оқып үйренуде, кеңес азаматын саяси және идеялық жағынан тәрбиелеуде елеулі рөл атқарды. Дегенмен кеңестік дәуір баспасөзі ХХ ғасырдың 20-30-жылдарындағы еліміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін, Отан тарихының кейбір өзекті мәселелерін айқындауда аса маңызды болып табылады.

Негізінде қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуының жолдарын саралағанда, оның көтерген жүгінің қандайлығына көз жүгірткен абзал. Жоғарыда атап өткеніміздей, түрлі саяси оқиғалар мен науқандардың жүргізілу барысын зерттеуде басылымдардың көмегі, деректік маңызы зор.

20-жылдардың ортасында Кеңестер Одағының Қазақстандағы науқандарының жүргізілу барысы мерзімді баспасөз беттерінен орын алды. Бұл ретте азамат соғысы мен шетел интервенттерінен кейінгі кеңестік өкіметтің халық шаруашылығын қалпына келтіруде жаңа экономикалық саясаттан бастап, асыра сілтеушілік, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің орнығуы, қуғын-сүргін нәубетіне дейінгі үкіметтің саясатын айта аламыз.

20-жылдары Қазақстан өз басынан аса ауыр халді кешті. Азамат соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіруге енді белсене кірісіп, жаңа экономикалық саясатқа бет бұрғанда екі миллиондай халықты жалмап кеткен ашаршылыққа килікті. Оның зардаптарынан

енді құтыла берген кезде елде қуғын-сүргіннің алғашқы кезеңі басталды. «Жікшіл», «ұлтшыл» ретінде қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары айыпталып, қызметтерінен шеттетіле бастады, қатаң бақылауға ілікті. М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов, Т.Рысқұлов, Н.Нұрмақов және тағы басқа қайраткерлері баспасөз саласын пайдалана отырып, «ұлт» мәселесін көтерді, үкіметтің саясатына қарсы пиғылда болды» деген сынға тап болды.

Партия мен үкіметтің органы болған «Еңбекші қазақ» (кейіннен «Социалды Қазақстан», «Социалистік Қазақстан»), «Қызыл Қазақстан», губерниялық «Ақ жол», «Қазақ тілі» және тағы басқа басылымдар социализмнің салтанатын асқақтата көтеруге, мадақтауға, жаңа кеңестік өмір жетістіктерін дәріптеуге тиіс еді. Алайда 20-жылдары бұл басылымдардың беттерінде әкімшіл-әміршіл жүйенің қыспағын баяндайтын, халықтың басына түскен қасіретті жағдайларды суреттейтін мақалаларға жол берілді. Сөйтіп баспасөз саласы үкіметтің қатаң бақылауында болғанымен де, кеңестік биліктің жүргізіп отырған саясатын ашып берерліктей материалдарды жариялай білді. Бұл ретте «Ақ жол» мен «Қазақ тілі» газеттерінде, «Шолпан», «Сана» сияқты журналдарда жарық көрген, тарих саласы үшін аса құнды саналатын, сол кездерде «ұлтшылдық» пиғылда деп сынға алынып, авторлары айыпталған мақалаларды, хабарларды айтуымызға болады. Сол басылымдарда жарияланған елдің аса ауыр жағдайын айқындайтын түрлі ақпарлармен материалдар үшін кейін авторлары зардап шекті. Бастапқыда оларды сынға алса, кейіннен «ұлтшыл» деген айып тағып, қудалауға салды. Қазақ зиялылары үкіметтің ірі шаруашылықты тәркілеуде, шаруаларды ұжымдастыру бағытында жіберген қателіктерді де баспасөз беттерінде ашық жазды. Бұл бағытта істелініп жатқан іс-шаралардың дұрыс, бұрысын анықтауда пікірталастар ұйымдастырды.

Жастар басылымы да пайда болып, онда оқу-ағарту, тәрбиелік мәндегі материалдарды жариялаудан бастап, саяси жағдайлар жөнінде де ақпарлар беруге тырысты. Газет беттерінде сайлау науқаны, «Қосшы» ұйымының құрылуы, оның ауыл кедейлеріне тигізер пайдасы жөнінде мағлұмат берілді. Губерниялық және уездік баспасөздің басты міндетіне еңбекші тап жұмысшылар мен шаруаларды халық шаруашылығын қалпына келтіруге, социалистік экономиканың іргетасын қалауға тартуды атады.

30-жж. бас кезінен бастап Қазақстандағы реформалардың жүзеге асуы мерзімді басылымдар арқылы қолға алынды. Баспасөз беттерінде ауыр өнеркәсіп, колхоз-совхоз құрылысы, ағарту саласындағы өзгерістер мен мәдени қозғалыс барысының насихатталуы кең түрде өріс алды.

Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз Қазақстанның егін, малшаруашылықтарын өркендетуге, ауылшаруашылығының дамуына үлес қосты. Дәнді дақылдарды өсірудегі тәжірибелер, колхоздарды ұйымдастырудағы алғашқы қадамдар басылымның басты тақырыбына айналды. Қазақстандағы индустрияландырудың сара жолдарын қолдай отырып, ауыр өнеркәсіп, әсіресе ірі кен орындарының табысты жұмыстары жөнінде үзбей жазып отырды. Маңызы бар кәсіпорындардың жетістіктері мен кемшіліктері оқырмандарға үздіксіз хабарланып отырды.

Индустрияландыру бағытына қатысты интеллигенция өкілдері арасында туындаған айтыс-тартыстар республика аумағында көтерілді. Газет қазақ жастарын ірі өндірісті орындарға тартуда зор рөл атқарды. Сөйтіп ұлт кадрларының қалыптасуына үлес қосты. Жұмысшылардың сауатсыздықтарын жою, мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуда жүргізіліп жатқан жұмыстарды газет беті арқылы танытты.

30-жылдарда қазақ тілінде республикалық, облыстық, уездік газет-журналдардың көптеп шығарылуы білім саласының ілгерілегендігін байқатты. Басылым арқылы сауаттылықтың қажеттігі насихатталып, түрлі әдеби, оқу-әдістемелер талданып, орта және арнайы оқу орындарын оқытудың бағдарламалары жарияланып жатты. Ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің өрлеуіне себепші болды. Бұл салалардың жетістіктерін, кемшіліктерін айқын көрсетіп, оны алға қарай дамытуда келелі істер атқарылды.

Отан тарихындағы XX ғ. 20-30-жылдардағы саяси жағдайды жаңа ұлттық мүдде тұрғысында қарастыруда баспасөз материалдары көп мүмкіндік береді. Зерттеу барысында баспасөз материалдарына дерек ретінде сүйене отырып, тарихи құбылыстар мен оқиғаларға талдаулар жүргізу арқылы бірқатар ғылыми тұжырымдар жасалды. Демек ұлттық баспасөздің қалыптасуы мен қызметінің тарихын тәуелсіздік жағдайындағы ұлттық баспасөзбен салыстыра қарастыру оның қолданбалық маңызын арттыра түседі. Міне, сондықтан гуманитарлық сала үшін маңыздылығы мол аталған жылдар аралығында шыққан қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз материалдарын дерек ретінде қолдануда мынадай ұсыныстарымыз бар:

- 20-30 жж. аралығында шыққан мерзімді басылым материалдарын кең түрде зерттелінетін ғылыми жұмыстарға нақты дереккөзі ретінде пайдалану. Бұл ретте:

- «Ақтаңдақ» саналып келген кейбір мәселелерді айқындауда аталған жылдар аралығында шыққан республикалық, облыстық, аудандық газет-журналдардағы материалдарды зерттеушінің қолдануына ыңғайлы болуы үшін қазіргі әріпке (20-шы жылдардағы мерзімді басылымдар араб әрпінде, 30-шы жылдардан латын әрбінде болған) түсіріп, көп томдық жинақ ретінде жариялау;

- Газет-журналдарда бүркеншік есімдермен жарияланған материалдардың авторларын ашу (соңғы кездерде әлі де бүркеншік есімдері толықтай ашылмаған авторлардың материалдарын біреулердің еңбектеріне қосып шығару жайы жиі кездеседі).

Жалпы XX ғасырдың 20-30 жж. шыққан мерзімді басылым материалдарын зерттеуде деректік маңыздылығы мол. Міне, сондықтан ұлттық басылым материалдарын тарих ғылымы саласында дерек түрі ретінде қолдану аса абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер

Кіріспе

1. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. — Алматы: Қазақ университеті, 1992. — 272 б.
2. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия /Бас. Ред. Ә.Нысанбаев. — 2-т. — Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1999. — 720 б.
3. Міржақып. Баспасөз үмесі // Еңбекшіл қазақ. —1923. —17 мамыр. — №88.

I-тарау. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы ұлттық баспасөздің шығу тарихы

1. Ленин В.И. Шығармалар жинағы. —12-т. — Алматы: Мектеп, 1976. — 476 б.
2. Ленин В.И. КПСС о печати. Сборник документов и материалов. 2-е изд. доп. — М.: Политиздат, 1974. — 383 с.
3. Партийная и советская печать в борьбе за построение социализма и коммунизма. Учебное пособие. 2-ое изд. — М.: Мысль, 1966. — 640 с.
4. Вопросы истории Компартии Казахстана. — Алма-Ата, 1963. — 307 с.
5. ҚРОММ. 14-қ., 3-т., 19-іс. 46-қай-п.
6. ҚРОММ. Р- 929-қ., 1-т., 20-г-іс. 20-п.
7. КПСС о средствах массовой информации и пропаганды. — М.: Изд-во полит. литературы, 1979. — 590 с.
8. Бекхожин Х.Н., Козыбаев С.К., Матвиенко С.С. Очерки истории журналистики. — Ч.1. — Алма-Ата: Казахстан, 1988. — 192 с.
9. ҚРОММ. 140-қ., 1-т., 74-іс. 1-п.
10. Постановление ВК(б)П // Известия, — 1921, — №30, — 18 ноября.
11. Кәкішев Т. Октябрь өрені. — Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1962. — 204 б.
12. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1921-27) //Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы. — т.1. — Алматы: Қазақстан, 1987.— 418 б.
13. ӘРОММ. 25-қ., 1-т., 408-іс. 4-п.

14. Әуезов М. Не себептен? // Қазақ тілі. — 1921. — 5 февраль. — №119.
15. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. — 3-т. — Алматы: Ғылым, 1998. — 392 б.
16. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. — 2-т., — Алматы: Алаш, 2003. — 360 б.
17. Кульджанова Н. Киргизские газеты в КССР // Известия Киргизского областного комитета РКП(б). — 1922. — №24.
18. Справочник партийного работника. — Вып. III. — М., 1923. — 335 с.
19. КПСС в резолюциях и решения съездов, конференции и пленумов ЦК. 8-е изд. — Т.2. — М.: Политиздат, 1970. — 543 с.
20. Қазақстан Республикасында баспасөз туралы қаулы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №16.
21. Дулатов М. Баспасөз үмесі // Еңбекшіл қазақ. — 1923. — 5 мамыр.
22. Еңбекшілер баспасөзі // Қазақ тілі. — 1923. — 9 май. — №36.
23. Асылбеков А., Тоқжігітов Ш. Газета туралы // Қазақ тілі. — 1923. — №12.
24. Баспасөз бөлімшесінің жұмысы жайында // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №22.
25. Ашық хат // Қазақ тілі. — 1923. — 15 ноябрь. — №109.
26. Троцкий. Газет һәм оның оқушысы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №23-24.
27. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 395-іс. 136-п.
28. Печать СССР. — М.-Л.: Госиздат, 1926.
29. Шәймерден. XIII-партия жиылысы баспасөз тақырыпты // Қазақ тілі. — 1924. — 2 июль. — №74.
30. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 370-іс. 14,24-п.
31. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? — Алматы: Ана тілі, 1993. — 208 б.
32. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 368-іс. 1-п.
33. Су салығы // Ақ жол. — 1924. — 22 октябрь. — №495.
34. Шаруа жайы // Ақ жол. — 1924. — 27 март. — №418.
35. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 377-іс. 1-п.
36. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., «479» а-іс.1-2-п
37. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 368-іс. 1-1 қ. — III.
38. Әуезов М. Не себептен? // Қазақ тілі. — 1921. — 5 февраль. №119.
39. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 377- іс. 25-п.

40. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 368-іс. 9, 20-пп.
41. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 367-іс. 2, 9-пп.
42. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 368-іс. 24-п.
43. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 369-іс. 1, 25-пп.
44. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 379- іс. 81-пп.
45. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 369-іс. 1-3-пп.
46. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 371-іс. 2, 5- п п.
47. Материалы к отчету Казахского Краевого Комитета РКП(б) на V краевой партийной конференции. — Кзыл-Орда, 1925. — 142 б.
48. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 396-іс. 3-п.
49. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 12-іс. 34-37, 37 қайырма-пп.
50. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 12-іс. 49-пп.
51. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 367- іс. 1-п.
52. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 377- іс. 9-13-пп
53. ҚРПМ.141-қ., 1-т., 395- іс. 484-484 қайырма-пп.
54. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 367- іс. 17-19,24-пп.
55. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 377- іс. 33-п.
56. Тілшілер қалай көркейсін? // Еңбекші қазақ. — 1925. — 16 октябрь. — №387.
57. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 370- іс. 24-пп.
58. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 379- іс. 41-45, 50-п.
59. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 1080- іс. 450-451-пп.
60. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 377- іс. 38-п.
61. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 379- іс. 60-61-пп.
62. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 395- іс. 80-84-пп.
63. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 496- іс. 15-п.
64. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 486- іс. 109-п.
65. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 398-іс. 84-п.
66. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 1562- іс.18-21-пп.
67. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 395- іс. 141-143-пп.
68. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 395- іс. 54-61.; ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 377- іс. 22,23-п.; ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 490. 138,140,146-пп.
69. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 490-іс. 164-174-пп.
70. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 377- іс. 18-24-пп.
71. Журналымыздың жаңа мақсаттары // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №11-15.

72. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 395- іс. 46, 48, 64, 529,-534-пп.
73. ҚРПМ.141-қ., 1-т., 396- іс.18,19-п.
74. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 395- іс.40, 488,491-пп.
75. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 490-іс.228-п.
76. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 487-іс. 3-п.
77. Рысқұлұлы Т. Баспасөз туралы // Еңбекші қазақ. — 1926. — 18,20 май. — №540,541.
78. 141-қ., 1-т., 487-іс. 65, 72-74-пп.
79. Барлық партия комитеттеріне, орталық кәсіп, шаруа кеңесі, шаруашылық, кооперация кәсіпшілік ұйымдары орындарының фракцияларына, барлық партия, кеңес жұмыстарындағы қазақ белсенділеріне // Еңбекші қазақ. — 1926. — 3 июнь. — № 555.
80. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 487-іс.212-п.
81. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 486-іс. 62-64 -пп.
82. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 395- іс. 339 —п.
83. Бейісқұлов Т. Қилы заман азабы. — Алматы: Ғалым, 2003. — 320 б.
84. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин. Өнегелі өмір. Ғұмырламалық хикая. — Алматы: Жалын, 1976. — 320 б.
85. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1562-іс. 70-п.
86. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 395- іс.359-362-пп.
87. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 991- іс. 2,7,9,10-пп.
88. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 980- іс. 106-п.
89. Сыздықұлы Ж. Журналды күшейтелік // Әйел теңдігі. — 1926. — №12-13.
90. Сара. «Әйел теңдігі» науқанында // Әйел теңдігі. — 1927. — №3.
91. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1560-іс.42-43 қайырма-п.
92. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1562-іс. 10-п.
93. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2224-іс. 58-п.
94. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1562-іс. 76-п.
95. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1043-іс. 131-п.
96. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 980-іс. 50, 52, 53, 62-пп.
97. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2396 «а»-іс. 210,350,351-пп.
98. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1560-іс. 10-п.
99. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2409-іс. 25 қайырма-п.
100. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1560-іс. 33-35-пп.
101. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2250-іс. 3,6-п.
102. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 5002-іс. 13-п.

103. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2781-іс. 42-п.
104. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 4965-іс.24, 59,60-пп.
105. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 5002-іс. 13-п.
106. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 4992-іс. 1,13-п.
107. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 5002-іс.12-п.
108. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 4992-іс.2,3-п.
109. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 4965-іс.50-п.
110. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 5002-іс. 14-15-п.
111. *Кенжебайұлы Б.* Баспасөз аттанысына қатысыңдар // Әйел теңдігі. — 1932. — №1.
112. ҚР ОММ. 5-қ., 15-т., 67-іс. 33-п.
113. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 7676-іс. 3-4-п.
114. Баспасөзге әйелдер толық қатынассын // Әйел теңдігі. — 1933. — №5-6.
115. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 7676-іс. 4,7-п.
116. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 6506-іс. 87-п.
117. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 6244-іс. 19-п.
118. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1928-37). — 2 -т. — Алматы: Қазақстан, 1988. — 412 б.
119. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 10222-іс. 1, 34-п.
120. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 10250-іс. 95-п.
121. ҚР ОММ. 398-қ., 1-т., 1а-іс. 72-п.
122. Очерки истории Коммунистической партии Казахстана. — Алма-Ата, 1984. — 671 с.
123. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 13202-іс. 16-п.
124. ҚРПМ. 708-қ., 1-т., 5-іс. 152,-158, 164,168-пп.
125. ҚРПМ. 708-іс. 1-т., 46-іс. 68-70-пп.
126. ҚРПМ. 708-қ., 2/1 —т., 175-іс. 9,10-пп.
127. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1937-48) / Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты — КПСС Орталық Комитеті Марксизм-ленинизм институтының филиалы. — 3-т. — Алматы: Қазақстан, 1989. — 536 б.
128. *Қожакеев Т.* Жыл құстары. — Алматы: Қазақстан, 1991. — 240 б.
129. *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дереккөзі (1870-1918). — Алматы: Қазақ университеті, 2000. — 358 б.; Атабаев Қ. Деректану:

- Оқу құралы. Толықтырылып 2 бас. — Алматы: Қазақ университеті, 2007. — 272 б.
130. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). — Алматы, 1981. — 239 б.
 131. Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. — Алматы: Рауан, 1996. — 244 б.
 132. ҚРОММ. 14-қ., 3-т., 19-іс. 46-46-қайыр.-п.
 133. Бернияз. Оқушыларға // Социалистік Қазақстан. — 1989. — 17 желтоқсан. — №288-289.
 134. Қожекеев Т. Газеттің тілі мен стилі // Журналист және өмір. — Алматы: Қазақстан, 1967. — 148 б.
 135. Амандосов Т. Верныйдағы большевиктік тұңғыш қазақ газеті. — Алматы: Қазмембас, 1959. — 35 б.
 136. Бекхожин Х.Н. Первая казахская газета «Дала уалаяты» (1888-1902). — Алматы, 1949. — 254 б.
 137. Қозыбаев С., Бекболатов Ж. Өмір айнасы. — Алматы: Қазақстан, 1990. — 88 б.
 138. Қазақ ССР газеттері (1917-75 жж.). Жинақталған көрсеткіш. — Алматы, 1977. — 380 б.
 139. Еңбек туы // Еңбек туы. — 1919. — 17 декабрь. — №1.
 140. ҚР ПМ. 140-қ., 1-т., 82-а-іс.
 141. Қожакеев Т. «Еңбекші қазақ» қалай шықты? // Егемен Қазақстан. — 1994. — 15 шілде.
 142. Шәміл М. Октябрь һәм ұлт саясаты // Еңбекші қазақ. — 1922. — 7 ноябрь. — №52.
 143. Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. — Алматы: Санат, 1995. — 168 б.
 144. Мадияр. Баспасөзіміз не күйде? // Еңбекшіл қазақ. — 1923. — 11 январь. — №60.
 145. Шәміл М. Газетке не жазу керек? // Еңбекші қазақ. — 1924. — 1 январь. — №152.
 146. Фазиз. Біздің тираж // Еңбекшіл қазақ. — 1931. — 14 ноябрь. — №252.
 147. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 377-іс. 15-пп
 148. Басталған жұмысқа орындардан көтерменші күтеміз // Еңбекші қазақ. — 1925. — №391. — 23 октябрь.
 149. Газет сыны туралы // Еңбекші қазақ. — 1926. — 20 гинуар. — №15.
 150. Баспа жұмысының негізгі міндеттері // Еңбекші қазақ. — 1926. — 21 март. — №62.

151. Өлкелік партия комитетінің III пленумының қаулы-қарарлары. — Алматы: Қазақстан баспасы, 1932. — 40 б.
152. Баспа ісі // Қызыл Қазақстан. — 1921. — №1.
153. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Өмір мектебі. 11 том. — Алматы, 1977. — 392 б.
154. Төлешов Р. «Ақ жол» керек // Ақ жол. — 1921. — 23 декабрь. — №122.
155. Ақынжанов М. Баспасөзде алашорда идеологиясының қалдығымен күресейік // Ауыл коммунисті. — 1937. — №5.
156. Тұрғанбаев М. Октябрь төңкерісі хәм газет // Қазақ тілі. — 1921. — 7 ноябрь. — №149.
157. М.Т. Ашаршылық // Қазақ тілі. — 1921. — №137.
158. О газетах // Известия Киробкома РКП (б). — 1922. — №24.
159. Семей губерниясындағы баспасөз тарихынан // Қазақ тілі. — 1923. — 9 май. — №36.
160. О газетах // Коммунист. — 1923. — №6.
161. Акбар Г. Газета «Казак-Тили» // Коммунист. — 1925. — №2.
162. Кенжебаев Б. Журналист Мұхаметжан Сералин. — Алматы, 1957. — 38 б.
163. ҚР ПМ.139-қ., 1-т., 1090- іс. 37-пп
164. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 1562- іс. 29-п.
165. Газет және қызметкерлер // Қызыл ту. — 1926.— 11 декабрь. — №141.
166. Жөнеу. Қызыл ту // Еңбекші қазақ. — 1926.— 7 гинуар. — №219.
167. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 398- іс. 531-пп
168. И.Б. Баспасөз хәм жастар // Жастар дауысы. — 1926. — №36.
169. Комсомол хәм «Қосшы» ұйымы // Жастар дауысы. — 1926.—16 декабрь. — №55.
170. Жаңа газет // Еңбекшіл қазақ. — 1923.— 1 июнь. — №97.
171. ҚР ПМ. 139-қ., 1-т., 1118-іс. 14-п.
172. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 1562- іс. 21-23-пп
173. Жеткіншек көркейсін // Жеткіншек. — 1927. —10 сентябрь. — №2.
174. Қойлыбайқызы Э. «Жеткіншекке» атсалысайық // Жеткіншек. 1927. — 17 ноябрь. — №5.
175. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 395-іс. 124-п.
176. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1562-іс. 26-27,70-пп.
177. Оқушыларымызға // Жас қазақ. — 1923. — №1.
178. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 7676-іс. 4,7-п.

179. «Жас алаш» газеті // Ақ жол. — 1921. — 23 декабрь. — №122.
180. *Арыстанов Ж.* Естен кетпес есімдер. (Естеліктер, очерктер, публицистикалық мақалалар). — Алматы: Қазақстан, 1972. — 172 б.
181. *Қожекеев Т.* Жастар баспасөзінің күрескері // Лениншіл жас. — 1993. — 19 ақпан. — № 145.
182. «Жас қайрат» журналы // Ақ жол. — 1924. — 11 февраль
183. «Жас қайрат» өмірлі бол! // Лениншіл жас. — 1924. — 23 февраль. — №3.
184. Журналымыздың қалам қайраткерлері // Лениншіл жас. — 1925. — №7.
185. Лениншіл жас (Орынбордан) // Лениншіл жас. — 1925. — №7.
186. Еңбекші жас // Еңбекші жас. — 1925. — №1. — 7 гинуар.
187. Жас жүрек // Ақ жол. — 1923. — 30 октябрь. — №363.
188. *Бекенұлы Е.* Кедей айнасы // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №15-18.
189. Журналымызға атсалысындар // Әйел теңдігі. — 1926. — №7-10.
190. *Ақылышы.* Тілшілер не жазу керек? // Әйел теңдігі. — 1928. — №1.
191. *Сәкен.* Шолпан өлді // Әйел теңдігі. — 1926. — №7-10.
192. «Әйел теңдігі» журналы жабылды // Әйел теңдігі. — 1934. — №3.
193. «Жаңа мектеп» журналы // Жаңа мектеп. — 1925. — №1-3.
194. *Жиренишин Н.* Тағы да «Ауыл мұғалімі» журналы редакциясының жауапкерсіздігі туралы (Журнал қызметкерлерінің хаты) // Лениншіл жас. — 1937. — №143.

2-тарау. Қазақстан тарихы мәселелерінің ұлттық басылымдардағы көрінісі

1. Оқушыларымызға // Жас қазақ. — 1923. — №1.
2. *Сәдуақасов С.* Қазақ... тарихынан!? // Еңбекші қазақ. — 1925. — 24-31 гинуар.
3. *Дулатов М.* Қазақ-қырғыз тарихы туралы // Қазақ тілі. — 1923. — 5 май. — №35.
4. *Левшин А.И.* Описание киргиз-кайсацых, или киргиз-казачьих орд и степей. — Т. I-II. — СПб. Тип. Карла Крайе, 1832. — 264 + 333 с.
5. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең). Монографиялық зерттеу. — Алматы: Адамар, ЖШС, 2007. — 432 б.
6. 1923 жылдың «Қазақ календары». — Орынбор: Казбас., 1922. — 80 б.
7. *Бернштам А.Н.* Проблемы древней истории и этногенеза Казахстана // Известия АН КазССР. Серия археол. — 1949. — №57.

8. *Тынышбаев М. Түркі-моңғол тарихы // Сана. — 1923. — №1.*
9. *Тынышбаев М. Мырза Едіге батыр // Сана. — 1924. — №2-3.*
10. *Әйтиев Ә. Қазақстанда кеңестер құрылысы һәм оның тарихи маңызы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — № 22.*
11. *Сарсембайұлы Ж. Ислам діні һәм құрбан шалу қайдан шыққан? // Жас қазақ. — 1924. — №7-8.*
12. *Таймінер (М. Дулатов). Әзірет сұлтан мешіті // Еңбекші қазақ. — 1926. — №275 (712).*
13. *Аймауытов Ж. Әзірет сұлтан // Жаңа әдебиет. — 1929. — №1.*
14. *Әуезов М. Қобыланды батыр // Таң. — 1925. — №1; — 1926. — №2.*
15. *Лапатин. Тарихты зерттеу өте керек // Еңбекші қазақ. — 1926. — 7 декабрь.*
16. *Шонанұлы Т. Қазақ жері мәселесінің тарихы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №15.*
17. *Шонанұлы Т. Қазақ жері мәселесінің тарихы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №16.*
18. *Шонанұлы Т. Қазақ жері мәселесінің тарихы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №19-20-21.*
19. *Рысқұлов Т. Қазақ елінің төңкеріске шейінгі әлеуметтік тұрмысының құрылысы // Еңбекші қазақ. — 1926. — 20 май. — №543.*
20. *Шонанұлы Телжан. Қазақ жері мәселесінің тарихы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №22.*
21. *Мамытұлы А. Исатай-Махамбет (ел аузынан) // Жаңа мектеп. — 1927. — №1 (16).*
22. *Жұмалиев Қ. Исатай, Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы // Қазақ әдебиеті. — 1937. — 6 сентябрь. — №35 (150).*
23. *Жұмалиев Қ. Исатай, Махамбет көтерілісі және Махамбет поэзиясы // Қазақ әдебиеті. — 1937. — 10 сентябрь. — №36 (151); — 15, 25 сентябрь, 28 октябрь. — № 37, 38, 43 (158).*
24. *Сыздықұлы Ж. Кенесары // Еңбекші қазақ. — 1926. — № 219 (656).*
25. *ҚРОММ. 347- қ., 1-т., 594- іс. 1-8- пп.*
26. *Жанқожа Нұрмағамбет баласы // Жаңа мектеп. — 1926. — №6.*
27. *Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. (Очерк). — Алматы «Дәуір» баспасы, 1994. — 448 б.*
28. *А.Р. Ақмешіт тарихы // Еңбекші қазақ. — 1926. — №319.*
29. *Тоқжігітов Ш. 1905-нші жыл 9 ғинуар // Қазақ тілі. — 1923. — 22 ғинуар. — №7 (277).*

30. *Балтабай*. 1905-нші жыл төңкерісі // Жаңа мектеп. — 1925. — №3.
31. *Байділдаұлы Ә.* 1916-ншы жыл // Еңбекші қазақ. — 1926.— 8 июль. — №145.
32. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 915-қ., 129-п.
33. Қазақ-қырғыз мәселесі // Ақ жол. — 1920. — №4.
34. Ұмыту мүмкін бе? // Жас қайрат. — 1924. — №3-4.
35. ҚР ОММ. 693-қ., 1-т., 52-іс. 7-п.
36. Жауапты іс // Жұмыскер тілі. — 1926. — 11 июнь. — №23.
37. *Байтоғайұлы*. Тарихи күнге тарихи дерек керек // Еңбекші қазақ. — 1926. — 8 июль. — №145.
38. *Сәбит*. 1916-ншы жылдың ұраны // Еңбекші қазақ. — 1926.—8 июль. — №145.
39. № 8. Байқағандар не білді? // Еңбекші қазақ. — 1926.— 8 июль. — №145.
40. *Кәрменұлы*. 1916-ншы жылғы қазақ көтерілісінің Бөкейдегі тарихы // Еңбекші қазақ. — 1926.— 8 июль. — №145.
41. ҚРПМ. 811-қ., 20-т., 752-іс. 3-п.
42. *Ванне М.* 1916-ншы жылғы көтерілістің шаруашылық негіздері // Еңбекші қазақ. — 1926. — №146.
43. *Анов Н.* 1916 жыл // Еңбекші қазақ. — 1926. — №156 (593).
44. *Мыңбайұлы Ж.* 1916 жылдың көтерілісіндегі ұлт қозғалысы // Еңбекші қазақ. — 1926. — №159 (596).
45. *Байділдаұлы Ә.* 1916 жыл туралы // Еңбекші қазақ. —1926. — №165 (602).
46. *Манаев Н.* 1916-ншы жыл туралы есімде қалғандар // Еңбекші қазақ. — 1926. — №166 (603).
47. Бүгін октябрьдің төрті // Еңбекші қазақ. — 1926.— 4 октябрь. — №218 (655).
48. *Кенжин А.* 1916 жыл // Еңбекші қазақ. — 1926. — 4 октябрь. — №218 (655).
49. *Рысқұлұлы Т.* 1916 жылғы қазақ, қырғыз көтерілісі // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №15-18.
50. *Рысқұлұлы Т.* 1916 жылғы көтерілісі // Еңбекші қазақ. —1926. — 1, 2 июль. — №553, №554.
51. *Махаева А.* Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы XX ғасырдың бас кезі). Монография. — Алматы, 2007. — 358 б.

52. *Рысқұлұлы Т.* 1916 жылғы көтерілісі // Қызыл Қазақстан. — 1927. — № 11-14.
53. *Рысқұлұлы Т.* Түркістан мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс // Социалды Қазақстан. — 1930. — 26 сәуір.
54. *Рысқұлұлы Т.* 1916 жылғы қазақ, қырғыз көтерілісі // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №15-18.
55. *Рысқұлұлы Т.* 1905 жылғы революция және қазақ еңбекшілері // Социалды Қазақстан. — 1935. — №245.
56. *Рысқұлұлы Т.* 1916 жылғы көтерілісі // Қызыл Қазақстан. — 1927. — № 5-7.
57. *Жансүгірұлы І.* Қырғыз көтерілісінің бастығы Қанат Әбукеұлының сұрағандағы сөзі // Жаңа мектеп. — 1926. — №9-10.
58. *Торғайлық.* Торғай уезіндегі 1916 жыл уақиғасы // Жаңа мектеп. — 1926. — №11-12-13.
59. ҚРПМ. 811-қ., 6-т., 116-іс. 29-38-пп.
60. *Жантілеуұлы.* 1916 // Қызыл Қазақстан. — 1926. — № 15-18.
61. *Жүргенұлы Т.* // Еңбекші қазақ. — 1926. — 4 октябрь. — №218.
62. *Дулатов М.* 1916 жыл // Еңбекші қазақ. — 1926. — №145.
63. *Дулатов М.* Қара ешкіге жан қайғы, қасапшыға мал қайғы // Еңбекші қазақ. — 1926. — № 162.
64. *Торғайлық (Дулатов М.).* 1916 жылы Торғай қазағының көтерілісі // Ауыл. — 1926. — № 277, 278.
65. *Меңдешев С.* 1916 жылғы қазақ көтерілісінде патша әкімдерінің қолданған әдістері // Бостандық туы. — 1926. — 12 ноябрь.
66. *Ж.Б.* 1916 жылдың Орал губерниясындағы жалпы суреті // Жаңа мектеп. — 1926. — №9-10.
67. *Рақымжан.* 16 жылғы көтерілістің 20 жылдығы // Әдебиет майданы. — 1936. — №7-8.
68. *Қозыбаев М.* Тарих зердесі. — Алматы: Ғылым, 1998. — т.2. —280 б.
69. Қырғыз-қазақ мәселесі // Ақ жол. — 1920. — №4.
70. Октябрь төңкерісі қазақ-қырғыздарға не берді? // Жас қайрат. — 1924. — №4.
71. Февраль төңкерісі // Еңбекші қазақ. — 1928. — № 60.
72. *Нұрмақов Н.* Қазақстанның алты жылы // Еңбекші қазақ. — 1926. — №218 (655). — 4 октябрь.
73. *Серік.* Февраль төңкерісі // Жас қазақ. — 1924. — №5-6.

74. Кенжин А. Октябрь төңкерісі һәм Қазақстан // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №22.
75. Комсомол және Октябрь // Жас қазақ. — 1924. — №12-13.
76. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы. — Алматы: Қазақ университеті, 1992. — 272 б.
77. Диваев А. Тарту. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 256 б.
78. А.Диваев // Шолпан. — 1922. — №1-3.
79. Қазақтың құдалық жөніндегі кәдесі // Жас қайрат. — 1924. — №1.
80. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. — Алматы, 1994. — 288 б.
81. Маковецкий П.Е. Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. — Омск, 1886. — 82 с.
82. Байтұрсынов А. Шығармалары. — Алматы, 1989. — 320 б.
83. Жас қайрат. — 1924. — №2.
84. Рычков П.И., Рычков Н.П. Капитан жазбалары. — Алматы, 1995. — 104 б.
85. Георгий И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов, их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповедений и других достопамятностей. — Ч. 1. — СПб., 1776. — 450 с.
86. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. — Алматы, 1973. — 328 б.
87. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. Монография. — Алматы: Арыс, 2007. — 332 б.
88. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-т. Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық, әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша). — Алматы: Арыс, 2006. — 416 б.
89. Жинаушы Нұрпейіс. Беташар // Жас қазақ. — 1924. — №12-13.
90. Мадияр (М.Дулатов). Қазақ әйелі // Әйел теңдігі. — 1926. — №2-3.
91. Қызойнақ // Жас қайрат. 1924. № 2.
92. Ахметов Қ. Қазақстан мәдениетінің қилы тағдыры (XX ғасырдың 20-30-жылдары). — Алматы: Ғылым, 2002. — 280 б.
93. Баймаханов С. Наурыз туралы // Ақ жол. — 1924. — 22 март.
94. Жұмабаев М. Наурыз // Жаңа мектеп. — 1926. — №3-4.
95. Құдайбердиев Ш. Наурыз жайындағы өлеңдер // Таң. — 1925. — №2.
96. Қожанов С. Наурыз туралы // Еңбекші қазақ. — 1925. — 23 март. — №304.

3-тарау. Қазақ мерзімді баспасөзіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірі

1. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. т.4. — Алматы: Ғылым, 1981. — 676 б.
2. Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-25 гг.). — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1962. — 594 с.
3. V. X-ншы топ // Еңбекшіл қазақ. — 1923. — 11 январь. — №60.
4. Мұхтар. Елге дайындалыңдар // Қазақ тілі. — 1921. — 18 ақпан.
5. ҚР ОММ. 5-қ., 2-т., 6-іс. 48-п.
6. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1921-27) /Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы. — 1-т. — Алматы: Қазақстан, 1987.— 418 б.
7. Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде. — Алматы: Атамұра — Қазақстан, 1994. — 240 б.
8. Сборник документов и материалов по истории СССР Советского периода (1917-58 гг.). — М.: Изда-во Московского университета, 1966. — 625 с.
9. Бекхожин Х.Н., Козыбаев С.К., Матвиенко С.С. Очерки истории журналистики. — Ч.1. — Алма-Ата: Казахстан, 1988.— 192 с.
10. Қазақстан партия ұйымының I-ші облыстық конференциясының шешімдері // Қызыл Қазақстан. —1921. — №1.
11. Жаңа жол // Қызыл Қазақстан. — 1922. — № 2.
12. Астық үшін күрес — социализм үшін күрес // Еңбекшіл қазақ. — 1921. — 7 ноябрь. — №1.
13. Іске сәт // Бостандық туы. — 1921. — №5.
14. Дахилейгер Г.Ф., Нурпейсов К. История крестьянства Советского Казахстана. — Т.1. — Алма-Ата: Наука, 1985. — 247 с.
15. Асылбек Ф. Қазақ Республикасындағы аштықтың ауданы // Қызыл Қазақстан. — 1922. — № 4.
16. Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағаты (бұдан былай ООММ.) 1 «Р»- қ., 1- т., 269-іс. 23-п.
17. ҚР ОММ. 196-қ., 1-т., 38-іс. 228-229- пп.
18. Көруші. Ел хабарлары // Қазақ тілі. — 1921. — 26 февраль.
19. Обадан сақтаныңдар // Қазақ тілі. — 1921. — 29 июль.

20. Стенографический отчет II съезда Советов КАССР. — Оренбург, 1921. — 194 с.
21. ҚР ОММ 5-қ., 2-т., 105-іс. 12-15-пп.
22. Казахстанская организация ВКП(б) в решениях ее конференций и пленумов. — Вып. I. — А. — М., 1931. — 150 с.
23. Байділдин Ә. Қазақстан коммунист партиясының 2-нші жалпы жиналысы // Қызыл Қазақстан. — 1922. — № 4.
24. Тұрғанбай М. Аштарға жәрдем бер, келесі күніңді естен шығарма! // Қазақ тілі. — 1921. — 27 октябрь. — №148.
25. Ж. Ашыққан ел һәм Семей азаматтары // Бостандық туы. — 1922. — 12 май. — №10.
26. Басқармадан // Бостандық туы. — 1922. — 12 май. — №10.
27. Қазақ елінің назарына // Қазақ тілі. — 1923. — 5 май. — №35.
28. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-28 жж. — 3-т. — 1-кітап. — Алматы: Елшежіре, 2007. — 304 б.
29. ҚР ПМ. 811-қ. 20-т., 638-іс. 92-96-пп.
30. Айыпталу ісі // Еңбекші қазақ. — 1926. — №66, 67.
31. Үлгі аларлық іс // Қазақ тілі. — 1923. — 1 март. — №16.
32. IV-нші губерниялық ортақшылар тобы // Қазақ тілі. — 1923. — 25 февраль. — №15.
33. Төтенше комиссия // Бостандық туы. — 1922. — 12 май. — №10.
34. Айсарин А. Егінді жұмыстар // Бостандық туы. — 1922. — 20 май. — №12.
35. Аштарға жәрдем үшін салық // Қазақ тілі. — 1923. — 14 февраль. — №12.
36. Нақымжанұлы Ә. Шикізаттарды (тері һәм жүн) аштар пайдасына жұмсау керек // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №4.
37. Актюбинское Губернское экономическое совещание. Отчет Совету Труда и Обороны на 1-е апреля 1922 года. — Актюбинск: Тип. ред. «Киргизская степь», 1922. — 59 с.
38. ҚР ОММ. 196-қ., 1-т., 9-іс. 31-п.
39. Аш елдің зор міндеті — егін салу // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №5.
40. Қазақ Республикасында мал өсірудің осы күнгі жайы // Қазақ календары 1922 жыл. — 1923.
41. Қазақстанда аштық саны // Қазақ календары 1922 жыл. — 1923.
42. Вторая киргизская областная конференция РКП(б) 19-27 февраля 1922 г. Протоколы. — Алма-Ата: Казах. краевое изда-во, 1936. — 276 с.

43. ҚР ОММ. 196-қ., 1-т., 38-іс. 366-п.
44. Аштық һәм Қазақ Республикасының бір жылдық астық расходуы // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №4.
45. Аштық ауданы һәм керекті жәрдем // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №4.
46. АРА-ның жәрдемі // Бостандық туы. — 1922.— 20 май. — №12.
47. ҚРОММ. 196-қ., 1-т., 38-іс. 56-п.,
48. ҚРОММ. 196-қ., 1-т., 38-іс. 138-п.
49. Орынбор қаласында жұқпалы аурулармен ауырушылардың саны // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №5.
50. Қазақ Республикасында аштық ауданы // Қызыл Қазақстан. 1922. №7-8.
51. Қостанай губерниясында аштық // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №7-8.
52. Сәдуақасов С. Қостанай-Торғай // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №7-8.
53. Сәкен. Аштардың рухтары // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №7-8.
54. ҚР ОММ. 196-қ., 1-т., 38-іс. 596-п.
55. Мадияр. Жүт һәм онан сақтану шаралары // Қазақ календары 1923 жыл. — 1922.
56. Ауыл. Торғай уезінің халі // Ақ жол. — 1923.— 30 октябрь. — №363.
57. Семей губерниялық аштар комиссиясының жұмысы // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №7-8.
58. ҚР ОММ. 196-қ., 1-т., 38-іс. 419-п.
59. Қазақстанға жәрдем // Ақ жол. — 1922.— 1 ғинуар. — №126.
60. ҚР ОММ. 196-қ., 1-т., 9-іс. 25 арт-п.
61. Меңдешев С. Жүт // Қазақ календары 1923 жыл. — 1922.
62. Дулатов М. // Қазақ календары 1923 жыл. — 1922.
63. ҚР ОММ. 5-қ., 2-т., 2-іс. 1-п.
64. Т. Абыр-сабыр заманда сақтану керек // Шолпан. — 1922. — №1-3.
65. Аймауытов Ж. Отырықшылықтың пайда, зияны // Ақ жол. — 1925. — 21 сәуір.
66. Айтпайын десең, аузың қышиды // Бостандық туы. — 1923.— 30 август. — №17.
67. Ш-н. «Қосшы» ұйымының жұмысы // Ақ жол. — 1922. — №136. — 28 ғинуар. — №7.
68. Байділдин Ә. Жер саясаты туралы // Қызыл Қазақстан. 1921. №2.
69. Қазақстан үкіметінің 1922-23-нші жылғы расходуы // Еңбекшіл қазақ. — 1923.— 11 январь. — №60.

70. Ет салығы // Бостандық туы. — 1922. — №20. 7 август.
71. Буриев К. Түркістан салықтары // Шолпан. — 1922. — №1-3.
72. Бұрынғы һәм қазіргі салық // Бостандық туы. — 1923. — 8 ноябрь. — №32.
73. Салықтың түсуі // Еңбекшіл қазақ. — 1924. — 1 ғинуар. — №152.
74. Атбасар уезінде кооперация жұмысы // Бостандық туы. — 1922. — 17 август. — №28.
75. Шәймерден. Қазақстандық 4-нші тобының алдында // Еңбекшіл қазақ. — 1924. — 7 январь. — №154.
76. Шаруа жайы // Ақ жол. — 1924. — 27 март. — №418.
77. Кооперация ісі // Еңбекші қазақ. — 1925. — 13 октябрь. — №385.
78. Семей уезінде қоныстандыру жұмысы // Еңбекші қазақ. — 1925. — 12 октябрь. — №384.
79. Үміткен. Жер дауы күшейіп барады // Еңбекші қазақ. — 1926. — 7 январь. — №5. (442).
80. Темірбек. Орта Азия республикасындағы қазақ халқының күйлері // Еңбекші қазақ. — 1924. — 8 январь. — №155.
81. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 12-іс. 41-п.
82. Сәрсенұлы Б. Қосшы жұмысы // Қызыл ту. — 1926. — 1 август. — №86.
83. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 377-іс. 12-п.
84. Сарымолдаұлы. Қазақстан шаруашылығының қазіргі және келешектегі өркендеу жайы // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №15-18.
85. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. (Очерк). — Алматы «Дәуір» баспасы, 1994. — 448 б.
86. Сәдуақасұлы С. Өмір үшін күресу // Жас азамат. — 1918. 4 қазан. — №6.
87. Теміржолдың жайы // Қазақ тілі. — 1923. — 25 ғинуар. — №8.
88. Біздің дауыс // Қазақ тілі. — 1923. — 6 февраль. — №10.
89. Құлбаев М. Екібастұз зауытынан // Қазақ тілі. — 1923. — 4 март. — №17.
90. Шәріпов С. Доссор және ұлт мәселесі // Қызыл Қазақстан. — 1924. — №5-6.
91. Қасболатұлы. Қазақстанда кен кәсібіннің бұрынғы, қазіргі, болашақ күйлері // Қызыл Қазақстан. — 1924. — №7-8.
92. Теңізбаев Ә. Затондағы қазақ жұмыскерлерінің жайынан // Еңбекшіл қазақ. — 1924. — 9 январь. — №156.

93. Дәлбинев Т. Затон жұмысшылары арасында // Қазақ тілі. — 1923. — 22 март. — №22.
94. Шортанды-Ақмола-Қарағанды теміржолының кен өндірісіне беретін әсері (ойластыру ретінде) // Еңбекші қазақ. — 1928. — 5 февраль. — №29.
95. Кәсіп шаруасы көркейсін // Еңбекші қазақ. — 1926. — 20 январь. — №15 (452).
96. Құлымбетов Ұ. Қазақстан кәсіп шаруасының осы күнгі халі мен оның болашағы // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №19-21.
97. Риддер заводы // Еңбекші қазақ. — 1927. — 16 декабрь. — №289.
98. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. — т.2. — Алматы: Алаш, 2003. — 360 б.
99. ҚР ПМ. 141-қ. 1-т., 1706-іс. 27-28-пп.
100. Рысқұлұлы Т. Жетісу теміржолы бес жылда бітпекші // Лениншіл жас. — 1927. — №1-2.
101. Түркістан-Сібір жолы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 3 ғинуар. — №2.
102. Түркістан-Сібір теміржолы (Теміржол салу комитетінің бастығы Рысқұлұлы Тұрар жолдаспен әңгіме) // Еңбекші қазақ. — 1927. — 2 декабрь. — №1005.
103. Жұмысшы беталысы (В. Шатов жолдаспен әңгіме) // Еңбекші қазақ. — 1928. — 20 февраль. — №42.
104. Жол жұмысының бет алысы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 28 март. — №70.
105. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1946-іс. 1-3-пп.
106. Қазақ Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумарының қарарлары мен шешімдері. — т.2. (1928-37). — Алматы: Қазақстан, 1988. — 412 б.
107. Жұмыс күні сегіз сағатқа түсірілсін // Еңбекші қазақ. — 1928. — 4 январь. — №3.
108. Мәскеуде Қазақстан істері // Еңбекші қазақ. — 1928. — 26 март. — №68.
109. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 1706-іс. 23-п.
110. Жұмысшы жастар жайынан // Еңбекші қазақ. — 1928. — 1 апрель. — №73.
111. Қазақстанның алтын кендері // Еңбекші қазақ. — 1928. — 7 июнь. — №126.
112. Н.Б. Доссор ауданындағы жұмыстар // Еңбекші қазақ. — 1928. — 8 июнь. — №127.

113. *Хамза*. Сынды күшейтіп, кемшілікті құртайық // Еңбекші қазақ. — 1928. — №116. — 25 май.
114. *Қарсақпайда төңкеріс заңы* // Еңбекші қазақ. — 1928.— 4 июль. — №149.
115. *Мақат мұнай өнеркәсібі* // Еңбекші қазақ. — 1928.— 17 май. — №109.
116. *Панков Б.* Автомобиль қатынасы күшейтілсін // Еңбекші қазақ. — 1928. — 5 июнь. — №124.
117. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1706-іс. 22-23-пп.
118. *Түркістан-Сібір жолының салынуы* // Еңбекші қазақ. — 1928.— 11 июль. — №155.
119. *Рысқұлов Т.* Түркістан-Сібір жолының салынып бітетін мезгілі // Еңбекші қазақ. — 1928. — 19 август. — №189.
120. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1706-іс. 82-п.
121. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2581-іс. 1-п.
122. ҚРПМ.141-қ 1-т., 2581-іс. 17-п.
123. *Қарағанды* — тас көмірдің ордасы // Жаршы. — 1931. — №5.
124. *Семізбұғы өндірісі* // Жаршы. — 1931. — №1.
125. *Қазақстан солтүстігіндегі кен байлықтары* // Жаршы. 1931. №5.
126. *Исаұлы Ораз.* Одақтың табысы — біздің табысымыз // Жаршы. — 1931. — №4.
127. *Ауыр өнерлі кәсіп* // Лениншіл жас. — 1936. — №5. — 10 ғынауар.
128. *Ащысай стахановшылары* // Лениншіл жас. — 1936.— 12 ғынауар. — №6.
129. *Нұржанов.* Стаханов 5 күндік комсомол бригадасы үлгілі өткізді // Лениншіл жас. — 1936.— 26 ғынауар. — №11.
130. *Жетіқара алтын кені* // Лениншіл жас. — 1937.— 11 июнь. — №81.
131. *Қайдарұлы Қ.* Жалшы батырақтардың еңбектерін қорғау керек // Еңбекші қазақ. — 1926. — 20 ғынауар. — №15.
132. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2409-іс. 28-п.
133. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 490-іс. 210-п.
134. *Нұрмақов Н.* Ауылдық Кеңес құрылысы және алдағы сайлауға даярлық // Қызыл Қазақстан. — 1926. — № 19-21.
135. «Қосшы» ұйымы қандай ұйым // Ауыл тілі. — 1926. — №2.
136. *Комсомол* һәм «Қосшы» ұйымы // Жастар дауысы. — 1926.— 16 декабрь. — №55.
137. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 487-іс. 42-п.

138. Голощекин Ф.И. Партийное строительство в Казахстане. Сб. речей и статей. — М.; Алма-Ата, 1930. — 344 с.
139. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 485-іс. 116, 119-пп.
140. ҚР ОММ. 1380-қ., 1-т., 173-іс, 7-п.
141. ҚР ОММ. 1380-қ., 1-т., 173-іс, 76-п.
142. Астық дайындау науқаны // Еңбекші қазақ. — 1928.— 19 гинуар. — №16.
143. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы. — Алматы: Санат, 1997. —320 б.
144. Байлар, байшыл қызметкерлер сотқа тартылды // Еңбекші қазақ. —1928. — 2 февраль. — №27.
145. П. Болғаны 20,1 процент артты //Еңбекші қазақ. — 1928. — №131. — 13 июнь.
146. Жауыр. Араққа сатылған астық дайындаушы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 13 июнь. — №131.
147. Тұқым астық жіберілді // Еңбекші қазақ. — 1928.— 28 февраль. — №49.
148. Лубакин. Өлкелік партия комитетінде // Еңбекші қазақ. — 1928. — 15 март. — №62
149. Т.Н. Жұтпен күресу туралы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 27 май. — №117.
150. Елге 170 мың пұт тұқым керек // Еңбекші қазақ. — 1928.— 22 март. — №67.
151. Жандосұлы О. Ауылдағы таптар туралы // Еңбекші қазақ. — 1928. — №132. — 14 июнь.
152. Биыл тағы да малын жасырды // Еңбекші қазақ. — 1928.— 12 июль. — №156.
153. Жазасын беру керек // Еңбекші қазақ. — 1928. — 11 апрель. — №82.
154. ҚРПМ. 811-қ., 20-т., 668-іс. 136-п.
155. Қазақстанның қай шаруасын күшейту туралы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 11 май. — №104.
156. Асыра сілтемендер // Еңбекші қазақ. — 1928.— 15 июль. — №158.
157. Тоқтабаев К. Қазақстан шаруа құрылысының кезекті міндеттері // Еңбекші қазақ. — 1928. — №121. — 1 июнь.
158. Систематические собрание законов Казахской Автономной Советской Социалистической Республики, действующих на 1-ое января 1930 г. (6 ок-

- тября 1920 г. — 31 декабря 1929 г.). — Алма-Ата: Издание управления делами СНК КССР, 1930. — 224 с.
159. Үндеу хат // Ауыл тілі. — 1928. — №38.
160. Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-июнь 1941гг.). Сб. документов и материалов. — Ч.І. — Алма-Ата, 1967. — 576 с.
161. *Ерназарұлы Е.* Ірі байлардың малын кімге береміз // Еңбекші қазақ. — 1928. — 5 қыркүйек. — № 204.
162. ҚРГПМ. 17-қ., 25-т., 17-іс. 45-п.
163. Шаян ауданында // Еңбекші қазақ. — 1928. — 28 сентябрь. — №224.
164. Байға қабырғасы қайысқан өкілдер // Еңбекші қазақ. — 1928. — 7 октябрь. — №231.
165. ҚРГПМ. 141-қ., 1-т., 485-іс. 26-п.
166. *Рысқұлұлы Т.* Басқармаға ашық хат // Еңбекші қазақ. — 1929. — 4 март. — №1380.
167. ҚРГПМ. 141-қ., 1-т., 2433-іс. 190-пп.
168. ҚРГПМ. 141-қ., 1-т., 2433-іс. 192,293,295-пп.
169. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. — Алма-Ата: Ғылым, 1990. — 200 с.
170. *Ысқақұлы Қ.* Ауыл шаруасын колхоздандыру жолында // Жаршы. — 1930. — №5.
171. *Дахилейгер Г.Ф.* Социально-экономическое преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-29 гг.). — Алма-Ата: Наука, 1965. — 536 с.
172. *Рысқұлұлы Т.* Көшпелі аудандарда мал өсіру кәсібіне көңіл қойылсын // Еңбекші қазақ. — 1930. — 24 декабрь. — №282 (1887).
173. *Барқыұлы Ж.* Көктемдегі егіс және колхозды ұйымдастыру шаруашылық жағынан негатив мәселелері // Әйел теңдігі. — 1932. — №1.
174. *Манайұлы Н.* «Солшыл» жалтарыс // Әйел теңдігі. — 1932. — №9.
175. Кемшіліктерді құрту керек // Социалды Қазақстан. — 1932. — 5 июль. — №154.

4-тарау. Республикадағы мәдени құрылысты насихаттаудағы ұлттық баспасөздің қызметі

1. Директивы ВКП(б) и постановления Советского правительства в народном образовании за 1918-47 гг. — М.-Л., 1947. — 303 с.
2. Еңбек туы. — 1920. — 13 ноябрь. — №1.

3. Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. — Алматы: Санат, 1995. — 168 б.
4. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1921-27) /Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы. — т.1. — Алматы: Қазақстан, 1987.— 418 б.
5. Социалистическое строительство в Казахстане в восстановительный период (1921-25 гг.). — Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1962. — 594 с.
6. Әуезов М. Бүгінгі зор міндет // Қазақ тілі. — 1920. — 31 декабрь. — №112.
7. Сулейменов Р.Б., Бисенов Х.И. Социалистический путь культурного прогресса отсталых народов. — Алма-Ата, 1967. — 424 с.
8. Тұрғанбаев М. Октябрь төңкерісі һәм газет // Қазақ тілі. — 1921. — 7 ноябрь. — №149.
9. ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 261-іс. 17-18-п.
10. Әуезов М. Оқуға ұмтылатын уақыт // Қазақ тілі. — 1922.— 18 қараша. — №84.
11. Байділдин Ә. Оқу-ағарту ісі // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №10.
12. Арыстанбеков Т. Жалпы Россия советтерінің X жиылысы һәм оқу жұмысы // Еңбекшіл қазақ. — 1923.— 11 январь. — №60.
13. Жеке адамдарға мектеп ашқызбау керек // Еңбекшіл қазақ. —1923. — 25 май. —№94.
14. Қазақстан үкіметінің 1922-23-нші жылғы расходы // Еңбекшіл қазақ. — 1923.— 11 январь. — №60.
15. Қазақ мектептері ашылған жоқ // Қазақ тілі. — 1923. — 1 февраль. — №9.
16. Асылбеков А. Семей жайынан // Қазақ тілі. — 1923.— 25 март. — №23.
17. Жөнсу. Орынборда І-нші аймақтық қазақ балаларының коммунасы // Еңбекшіл қазақ. — 1923.— 11 январь. — №60.
18. ҚРОММ. Р—929 —қ., 1-т., 20-г.-іс. 9-п.
19. ҚРОММ. Р—929 —қ., 1-т., 20-г.-іс. 26, 26 қайырма-п.; ҚРОММ. 81-қ., 1-т., 258-іс. 41-п.
20. Сахразада (М.Жұмабаев). Жазылмашақ оқу құралдары және мектебіміз // Бостандық туы. — 1921. — №5.
21. Балалар коммунасы // Қазақ тілі. — 1921. — 12 қараша. — №150.
22. Күш білімде — білім кітап ішінде // Қазақ тілі. — 1923.— 1 апрель. — №25.

23. Алгебра // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №22.
24. Құлжанова Н. Мектептен бұрынғы тәрбие // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №22.
25. ҚР ПМ. 140-қ., 1-т., 82-а-іс.
26. А. Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №14.
27. К.Т. Қоғамдық ғылымның тұрмысындағы орны // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №19-21.
28. 2000 (Орынбор) // Еңбекшіл қазақ. — 1924. — №156. — 9 январь.
29. ҚРОМА. 78-қ., 1-т. 689-іс. 48-48 қайырма -п.
30. Бірімжанов Ф. Шетке оқушылар жіберу, оқуға жұмылдыру керек // Ақ жол. — 1921. — 10 май.
31. Бірімжанов Ф. Қазіргі әдіс // Ақ жол. — 1922. — 2 февраль .
32. Қазақ институтының жайы // Қызыл Қазақстан. — 1924. — №1.
33. Ескеретін іс // Еңбекшіл қазақ. — 1924. — 17 январь. — №157.
34. Сүлеев Б. Оқу айлығы // Тілші. — 1924. — 12 март.
35. Жолдыбайұлы М. Білімпаздар жиылысы // Еңбекшіл қазақ. — 1924. — 23 май.
36. Нұрпейісов К. Қазақстанның шаруалар советтері (1917-29 жылдар). — Алматы: Ғылым баспасы, 1972. — 348 б.
37. Абақты емес, ағарту үйі // Еңбекшіл қазақ. — 1923. — 11 январь. — №60.
38. Алма. Жастар ұйымының қазақ қыздарын ұйымдастырып, оларды тәрбиелеу жолындағы міндетті жұмыстары // Жас қазақ. — 1923. — №1.
39. Сауатсыздық жойылсын // Лениншіл жас. — 1925. — №1-2.
40. Қосшы тіршілігі // Ақ жол. — 1924. — 12 июнь. — №447.
41. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 368 —іс. 3-п.
42. Сәдуақасұлы С. Халық ағарту мәселелері // Жаңа мектеп. — 1925. — №1-3.
43. Оқушыларға жәрдем // Қазақ тілі. — 1925. — 8 февраль. — №12.
44. М. Университет ашылмақшы // Еңбекші қазақ. — 1925. — 2 октябрь. — №379.
45. Нұрмақов Н. 5 кеңес тобының сайланған Атқару комитетінің мүшелерінің 2-ші мәжілісі // Еңбекші қазақ. — 1925. — 9 октябрь. — №382.
46. Ұршаұлы. Бай балаларын қолдады // Еңбекші қазақ. — 1925. — 23 октябрь. — №391.

47. Қазақстандағы сауат ашу ұйымдарының Ашық хаты // Еңбекші қазақ. — 1925.— 12 октябрь. — №384.
48. Уақыт жетті // Еңбекші қазақ. — 1925.— 13 октябрь. — №385.
49. Ақтөбе губерниясында ағарту ісі // Еңбекші қазақ. — 1925.— 13 октябрь. — №385.
50. Баубекұлы. Халық ағарту жұмысы // Еңбекші қазақ. — 1925.— 12 октябрь. — №384.
51. Ел мұғалімі. Ел мұғалімінің міндеті // Жаңа мектеп. — 1925. — №1-3.
52. Қарашы. Мұғалім және баспасөз // Жаңа мектеп. — 1925. — №1-3.
53. Сауатсыздықты жою // Қызыл ту. — 1926. — №89. — 9 август.
54. Бәйтенұлы Айбат. Жетім мектеп // Еңбекші қазақ. — 1926.— 7 январь. — №5.
55. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. — 2-т., — Алматы: Алаш, 2003. — 360 б.
56. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 486 а-іс.123-п.
57. Қызыл отау жұмысы // Әйел теңдігі. — 1926. — №7-10.
58. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 915-іс. 1-2,5-пп.
59. Аймауытұлы Ж. Мектеп қандай болу керек? // Еңбекші қазақ. — 1927. — 27 қаңтар.
60. Молдағали. Оқыту мезгілін ұзарту // Жаңа мектеп. — 1927. — №2 (17).
61. ҚРОММ. Р-929-қ. 1-т., 20 д» -іс. 47-48 қайырма -пп.
62. Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. — Алматы: Қазақ университеті, 1992. —272 б.
63. Тұрғанбайұлы М. Еңбек мектебінің түрлері // Жаңа мектеп. — 1926. —№6.
64. Жолдыбаев М. Оқытушыдан көмек күттік // Жаңа мектеп. — 1926. — №7-8.
65. Телжан. Білім ордасы програмының негізі // Жаңа мектеп. — 1926. — №7-8.
66. Табынбайұлы Е. Сауатсыздықты жою туралы // Жаңа мектеп. — 1926. — №7-8.
67. Әлкенұлы Е. Орысша тіл үйрену туралы // Жаңа мектеп. — 1927. — №1 (16).
68. Түркіпенбайұлы. Оқу қай тілде болу керек? // Жаңа мектеп. — 1927. — №1 (16).

69. Жазу емлесі // Кедей айнасы. — 1926. — №3.
70. Ғ. Бөкейде конференция қалай өтті? // Жастар дауысы. — 1926.— 23 декабрь. — №56.
71. Алматыда университет ашылады // Еңбекші қазақ. — 1928. —12 март. — №60.
72. Оқу орны ашылды // Еңбекші қазақ. — 1928.— 4 ғинуар. — №3.
73. Жаңа әліпби // Еңбекшіл қазақ. — 1928.— 4 январь. — №3.
74. Кіндік жаңа әліпби комитеті биыл не істемек // Еңбекшіл қазақ. — 1928. — 4 январь. — №3.
75. Ашық хат // Еңбекші қазақ. — 1928. — 12 январь. — №10.
76. Шеге (Жаңашыл). Іс дәуірінде іс істейтін // Еңбекші қазақ. — 1928. — 8 июль. — №152.
77. Латыншылар ұясы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 3 апрель. — №75.
78. Ауыл мекебінде жаңа әліппе // Еңбекші қазақ. — 1928. — 15 май. — №107.
79. Әшім. Шығыс түркі елдерінде // Жаршы. — 1929. — №1.
80. Уақшыл. Уақ-түйектер // Еңбекші қазақ. — 1928.— 19 июнь. — №136.
81. Қазақ жаңа әліпби туралы Қазақстан орталық кеңес комитеті IV сессиясының қаулысынан // Жаршы. — 1929. — №1.
82. Систематические собрание законов Казахской Автономной Советской Социалистической Республики, действующих на 1-ое января 1930 г. (6 октября 1920 г. — 31 декабря 1929 г.). — Алма-Ата: Издание управления делами СНК КССР, 1930. — 224 с.
83. Шәймерден. Мәдениет төңкерісі // Еңбекші қазақ. — 1928.— 6 январь. — №5.
84. Қазақстанның мемлекеттік университеті // Еңбекші қазақ. — 1928. — 26 ғинуар. — №21.
85. О. Жандосұлы жолдастың баяндамасы туралы сөздер // Еңбекші қазақ. — 1928. — 12 январь. — №10.
86. Семей уезі // Еңбекші қазақ. — 1928. — 16 январь. — №13.
87. IV пленум қорытындысы // Жаршы. — 1930. — №2.
88. Қазақ Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумарының қарарлары мен шешімдері. — 2-т., (1928-37). — Алматы: Қазақстан, 1988. — 412 б.
89. Меңдешұлы С. Қазақстанды жаппай сауатты ел етеміз // Жаршы. — 1931. — №9.

90. Бұлар мұғалім емес, «молдалар» // Лениншіл жас. — 1937. — 15 ғынауар. — №7.
91. Әлиев А. Балалар әдебиет жасаудағы кемшіліктер // Лениншіл жас. — 1937. — 18 ғынауар. — №9.
92. Великий Октябрь и раскрепощение женщин Средней Азии и Казахстана (1917-36 гг.). — М.: Мысль, 1971. — 463 с.
93. ҚРОММ. 5-қ., 1-т., 7-іс. 58-п.
94. Есова С. Әйел теңдігі // Ақ жол. — 1921. — 18 декабрь.
95. Бірімжанов Ғ. Әйел еркі // Ақ жол. — 1921. — 13 шілде.
96. Бірімжанов Ғ. Тарихи жиылыс // Ақ жол. — 1921. — 7 маусым
97. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1579-іс. 8-п.
98. ҚР ПМ. 139-қ., 1-т., 584-іс. 19-п.
99. Мендешев С. Қазақ әйелдеріне хат // Еңбекшіл қазақ. — 1924. — 4 январь. — №153.
100. Қазақ әйелі. 28-нші декабрь — қазақ әйелдерінің мейрамы // Еңбекшіл қазақ. — 1924. — 4 ғынауар. — №153.
101. ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 726-іс. 58-58 арт.-п.
102. Абдуллин Қ. 8 март һәм қазақ-қырғыз әйелдері // Тілші. — 1924. — 8 март.
103. Қалыңмал қалар емес // Қазақ тілі. — 1925. — 8 февраль. — №12.
104. Қалыңмалдың қалған күнін өткізу — жаңа қазақ қыздарының арасында жұмысты күшейту // Жастар дауысы. — 1926. — 23 декабрь. — №56.
105. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1579-іс. 8-12, 30-пп.
106. Ел баласы. Көп қатын алуға қашан тыйым болады? // Қызыл ту. — 1926. — 17 июль. — №80.
107. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 406-іс. 34-35, 37-39-пп.
108. ҚР ПМ. 139-қ., 1-т., 1264-іс. 34-36-пп.
109. Арыққызы Н. Біздің жаңа міндеттеріміз // Еңбекші қазақ. — 1926. — 1 январь. — №1 (438).
110. Назира. Қызылорда уезінде әйелдер конференциясы қалай өтті? // Әйел теңдігі. — 1926. — №1.
111. Есқызы С. Қалың мал күнінде // Еңбекші қазақ. — 1926. — 1 январь. — №1 (438).
112. Қалыңмал қалған күнінде // Еңбекші қазақ. — 1926. — 1 январь. — №1 (438).
113. Қызыл отау жұмысы // Әйел теңдігі. — 1926. — №7-10.

114. 8 марттың тарихы // Әйел теңдігі. — 1926. — № 2-3.
115. *Естілеу*. Қарсы құда үдеуде // Әйел теңдігі. — 1926. — №1.
116. *Нағима*. 6 жылда әйел теңдігі // Әйел теңдігі. — 1926. — №7-10.
117. *Сара*. Қазақ әйелінің теңдік мейрамына // Әйел теңдігі. — 1926. — №12-13.
118. Кеңес өкіметінің заңы әйел теңдігі туралы не айтты? // Әйел теңдігі. — 1927. — №2.
119. *Балықшы*. Әйелдер жұртшылығына жол салынсын // Әйел теңдігі. — 1926. — №1.
120. *Баранова*. Қазақстанда қыздар арасындағы жұмыстың жайы // Әйел теңдігі. — 1927. — №3.
121. *Е.С.* Жергілікті әйелдер бөлімінің жұмысынан. Ақмола губерниясында (Аймақтық әйелдер бөліміне келген мағлұматтан) // Әйел теңдігі. — 1926. — №1.
122. *Сара*. Өлкелік әйелдер курсы // Әйел теңдігі. — 1927. — №4.
123. *Есқызы С.* Ауыл мұғалімдерінің съезі мен әйелдер арасындағы жұмыс // Әйел теңдігі. — 1927. — №4.
124. *Мәриям*. Көшпелі қызыл отау // Әйел теңдігі. — 1928. — №4.
125. *Сара*. Қатарымыз көбейіп келеді // Әйел теңдігі. — 1927. — №3.
126. Оқу комиссариатының алқа мүшесі // Әйел теңдігі. — 1928. — №12.;
127. *Есқызы С.* Иманбайқызы Шолпан // Әйел теңдігі. — 1926. — №7-10.
128. Қытай әйелдерінің тұрмысынан // Әйел теңдігі. — 1927. — №4.
129. *Құрамысұлы*. 8-22 март күнін өткізу туралы партияның өлкелік комитетінің хаты // Әйел теңдігі. — 1932. — №2.
130. Жастар съезі // Ақ жол. — 1920. — 29 желтоқсан. — №8.
131. *Сәтбаев Ә.* Жастар арасында // Ақ жол. — 1921. — 14 гинуар. — №14.
132. *М.Қ.* Жасасын жастар басшылығы // Ақжол. — 1923. — 25 сентябрь. — №384.
133. Студенттерге жәрдем керек // Ақ жол. — 1923. — №314. — 14 июнь.
134. *Жөнеу*. Жастар арасында қазақ жастарының орталық клубы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №23-24.
135. *Ш.Т.* Еңбекшіл қазақ жастарын ұйымдастыру керек // Қазақ тілі. — 1923. — 9 февраль. — №2.
136. *Баяндыцлы А.* Жастар тұрмысынан // Еңбекшіл қазақ. — 1923. — 18 декабрь. — №6.
137. *Қожанұлы С.* Міндет — енді жетіліп келе жатқан жас буыннан басшылар әзірлеу // Ақ жол. — 1924. — 13 қаңтар.

138. *Мұстафа*. Комсомол не және комсомолға кірудің керектігі // Әйел теңдігі. — 1927. — №3.
139. *Байділдаұлы Ә.* Ортақшыл жастар ұйымы // Қазақ календары 1923 жыл. — 1922.
140. Тағы бір жұмысымыз комсомолдар туралы // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №19-21.
141. Екібастұздағы РКСМ жайынан // Қазақ тілі. — 1923. — 16 сентябрь. — №85.
142. *Игенұлы И.* Гурьев уезінде // Жас қазақ. — 1924. — №7-8.
143. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 12-іс. 15-п.
144. Тоцкизмге қарсымыз // Еңбекші жас. — 1925. — 7 ғинуар. — №1.
145. Комсомол және Октябрь // Жас қазақ. — 1924. — №12-13
146. Еңбекші қазақ. — 1925. — 7 май.
147. Тағы бір жұмысымыз комсомолдар туралы // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №19-21.
148. *Қожекеев Т.* Жастар баспасөзінің күрескері // Лениншіл жас. — 1993. — 19 ақпан. — № 145.
149. *Құлымбетов Ұ.* Қазақстан кәсіп шаруасының осы күнгі халі мен оның болашағы // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №19-21.
150. 13-шы ауылда жастар ұйымы // Жастар дауысы. — 1926. — 15 июль. — №40.
151. *Мұсатай.* Оқушы қазақ комсомолдары жаз не істейді? // Қазақ тілі. — 1924. — 4 июнь. — №62.
152. Әскерлікке шақырылған жастар Отанымыздың айбынды күзетшісі // Социалды Қазақстан. — 1932. — 15 сентябрь. — № 213.
153. Стахановшы машинист // Лениншіл жас. — 1938. — 3 февраль. — №27.
154. Комсомолецтер Балқаш жұмысына барып жатыр // Лениншіл жас. — 1938. — 20 ағұст. — №190.
155. Қазақстан комсомол ұйымы неге шабан өседі? // Лениншіл жас. — 1938. — 12 февраль. — №35.
156. 25 комсомолецтер самолеттен секіреді // Лениншіл жас. — 1937. — 8 ғинуар. — №4.
157. Семейдегі жұмысшы жастар театры өсуде // Лениншіл жас. — 1937. — 10 ғинуар. — №5.
158. Комсомол— контрреволюционерлермен күресте // Лениншіл жас. — 1937. — 15 ғинуар. — №7.

159. *Өржанов, Әлиев.* Жастар арасындағы ұлтшылдық ықпалымен былай күреспейді // Лениншіл жас. — 1937. — 17 март. — №37.
160. Комсомолға кіріп кеткен контрреволюцияшыл ұлтшылдарды жеріне жете әшкерелейік // Лениншіл жас. — 1937.—22 июнь. — №90.
161. *Помильченко.* Жоғары оқу орындары жаңа міндеттер алдында // Лениншіл жас. — 1937.— 30 июнь. — №96.
162. *Бурабаев А.* Комсомолецтерді партия қатарына тартудағы самотекке қарсы // Лениншіл жас. — 1938.— 1 февраль. — №25.
163. ҚРПМ. 708-қ., 3/2-т., 36-іс. 26, 28-33-пп.
164. *Бекхожин Х.* Қазақ баспасөзі тарихының очеркі (1860-1958). — Алматы, 1981. — 239 б.
165. *Қамзабекұлы Д.* Алаш және әдебиет. — Астана: Фалиант, 2002. — 474 б.
166. *Кәкішев Т.* Кер заманның кереғар ойлары. — Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1995. — 168 б.
167. *Шақа.* Жыл құсы // Еңбекшіл қазақ. — 1923. — 2 февраль. — №64.
168. *Төрқұлұлы Нәзір.* Асау тұлпар // Темірқазық. — 1923. — №1.
169. Сынға сын // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №16.
170. *Шақа.* Жыл құсы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №14.
171. *Жұмабаев М.* Ақан сері // Сана. — 1924. — №2-3.
172. *Жұмабаев М.* Бернияз // Ақ жол. — 1923. — 22 қаңтар.
173. *Жұмабаев М.* Базар жырау// Ақ жол. — 1923. — № 374
174. *Сәкен.* Әдебиет һәм оның бағыттары // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №13.
175. *Сәбит.* Қазақ әдебиеті һәм Ыбырай // Қызыл Қазақстан. — 1924. — №7-8-9.
176. *Аймауытұлы Ж.* Мағжанның ақындығы туралы // Лениншіл жас. — 1923. — 25 қаңтар.
177. *Тогжанұлы Ф.* Көркем әдебиет туралы марксистдер не дейді, Жүсіпбек не дейді? // Еңбекші қазақ. — 1925.— 22 октябрь. — №390.
178. Очерки истории казхской советской литературы. Алма-Ата, 1958. С.27.; О партийной и советской печати. Сб. документов. — М.: Политиздат, 1954. — 640 с.
179. *Бейсембиев К.* Победа марксистско-ленинской идеологии в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 1970. — 383 с.
180. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 980-іс. 1-3-пп.
181. *Жүсіпбек.* Әдебиет мәселесі // Ақ жол. — 1925. — 17 апрель.

182. *Екеу*. Көркем әдебиет туралы // Еңбекші қазақ. — 1927. — 8-9-тамыз.
183. *Байділдин Ә.* Көркем әдебиет туралы // Еңбекші қазақ. — 1925. — 24,25 тамыз.
184. *Кәкішев Т.* Октябрь өрені. — Алматы: «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», 1962. — 204 б.
185. *Қамқа.* Ақындығын білдіре алмады // Еңбекші қазақ. — 1927. — 7 декабрь. — №281.
186. *Жанымбет.* Сәбит өлеңдеріне сын // Еңбекші қазақ. — 1927. — 24 декабрь. — №296.
187. Пролетариат жазушыларының барлық ұйымдарына! Қазақстан жазушылары мен ақындарына! // Еңбекші қазақ. — 1928. — 3 июль. — №148.
188. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2245-іс.35-40-пп.
189. *Тоғжанұлы Ф.* Әдебиет және сын мәселелері. — Қызылорда: бастырған «Еңбекші қазақ», 1929. — 192 б.
190. «Жинақтар» туралы немесе алашордашыл контрабанданың тағы бір түрі туралы // Қазақ әдебиеті. — 1937. — 14 июль. — №30.
191. *Нұржанов Ә.* Көркем әдебиет туралы жастардың хаты // Лениншіл жас. — 1937. — 8 июль. — №100.
192. *Ыдырысов Т.* Очерк туралы ойлар. — Алматы: Қазақстан, 1969. — 212 б.
193. *Мұқанов С.* Өсу жолдарымыз. — Алматы: ҚМКӘБ, 1960. — 699 б.
194. Сауықта болған. Қазақша сауық кеші // Қазақ тілі. — 1921. — 26 ақпан. — №122.
195. Көңілді кеш // Қазақ тілі. — 1921. — 29 март.
196. Оқыту әдістері // Қазақ тілі. — 1923. — №11.
197. *Аймауытұлы Ж.* Театр кітабы туралы // Қазақ тілі. — 1922. — 22 қаңтар.
198. *Сәрсенбин Ж. Жоқ* // Еңбекші қазақ. — 1925. — 10 январь.
199. *Қирабаев С.* Аймауытұлы Жүсіпбек. — Алматы: Ана тілі, 1993. — 224 б.
200. *Тай М.* Қазақ әртістерін ұйымдастыру керек // Еңбекші қазақ. — 1925. — 26 май.
201. *Сәдуақасұлы С.* Ұлт театры туралы // Еңбекші қазақ. — 1925. — 26 октябрь.
202. *Сәдуақасұлы С.* Ұлт театры туралы // Еңбекші қазақ. — 1925. — 28 октябрь.
203. *Сәдуақасұлы С.* Ұлт театры туралы // Еңбекші қазақ. — 1926. — 29 гинуар.

204. Сейфуллин С. Ұлт театры туралы // Қызыл Қазақстан. — 1926. — №11-14.
205. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. — 3-т. — Алматы: Ғылым, 1998. — 392 б.
206. Қолғанат. Мемлекеттік ұлт театрының директоры Дінше жолдаспен әңгіме // Еңбекші қазақ. — 1926. — 20 январь.
207. Ұйқышы. Шернияз // Еңбекші қазақ. — 1926. — 4 апрель.
208. Мәжит. Түркістанда // Еңбекші қазақ. — 1926. — 2 июнь.
209. Сәдуақасұлы С. Ұлт театрына бір жыл // Еңбекші қазақ. — 1927. — 13 январь.
210. Сүйіскендер // Еңбекші қазақ. — 1928. — 27 январь. — №22.
211. Қаламы жүйрік жазушыларға қазақша пьеса жазуда бәйге // Еңбекші қазақ. — 1928. — 12 январь. — №10 (1037).
212. Шанин Ж. Қазақстан мемлекет театры // Еңбекші қазақ. — 1928. — 12 январь. — №10 (1037).
213. Байсейітұлы Қ. Қазақ театры // Жаршы. — 1930. — №1.
214. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 3840-іс. 197-199-пп.
215. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 5817-іс. 2-17-пп.
216. Ижоев Н. Қазақ театры // Әдебиет майданы. — 1936. — №5.
217. Әуезов М. Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар // Қазақ әдебиеті. — 1937. — 6 март. — №11.
218. Денсаулық жолы. — 1929. — №2.
219. Социалды Қазақстан. — 1932. — 10 июнь.
220. Қаратайұлы М. Мұхтардың «Тартысы» және кейбір мәселелері // Әдебиет майданы. — 1934. — №6.
221. Тұрғынбайұлы Қ. «Арқалықты» сахнадан алу керек // Лениншіл жас. — 1935. — 11 май. — №72.
222. М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. — Алматы: Ғылым, 1997. — 768 б.
223. Жас драматург Сағыр Камалов // Қазақ әдебиеті. — 1937. — 21 март. — №14.
224. Досымбаев С. Ауыздан тастамайтын қызық // Лениншіл жас. — 1937. — 27 февраль. — №27.
225. Жұмағалиев. Біздің Елубай // Лениншіл жас. — 1937. — №29. — 1 март.
226. Өсіп келе жатқан жас театр // Қазақ әдебиеті. — 1937. — 16 апрель. — №18.

227. *Тілеуімбетов*. Колхоз-совхоз театрлары туралы // Лениншіл жас. — 1937. — 15 май. — №64.
228. Ұйғыр халқының мемлекеттік театры // Лениншіл жас. — 1937. — 29 июнь. — №95.
229. *Аймауытұлы Ж.* Асыл қазына жиналса екен // Еңбекші қазақ. — 1926. — 27 мамыр.
230. *Әлкей*. Музыка өнері // Еңбекші қазақ. — 1926. — 2 июль.
231. *Еділ*. Бізде қандай болу керек? // Жас қайрат. — 1926. — 11 сентябрь.
232. Атақты ақын Сәкеннің 20 жылдығы // Лениншіл жас. — 1936. — 28 март — №38.
233. *Камалов С.* Музыка-театр мектебінің 5 жылдығы // Лениншіл жас. — 1937. — 30 июнь. — №96.
234. *Рысқұлұлы Т.* Күншығыс елдеріндегі киноның (жанды сурет) міндеті // Еңбекші қазақ. — 1928. — 6 февраль. — №30.

5-тарау. Ұлттық баспасөз және тоталитарлық жүйе

1. Қазақстан Коммунистік партиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері (1921-27) / Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының филиалы. — т.1. — Алматы: Қазақстан, 1987. — 418 б.
2. ҚРОММ. 5-қ., 5-іс. 1 «а»-іс. 135-п.
3. Алматы облыстық Орталық мемлекеттік мұрағаты (АООММ). 350-қ., -т., 8-іс. 43-п.
4. ҚР ПМ. 140-қ., 1-т., 23-іс. 2-п.
5. ҚР ПМ. 140-қ., 1-т., 23-іс. 2-4-пп.
6. ҚР ПМ. 140-қ., 1-т., 23-іс. 5-5 арт -пп.
7. ҚР ПМ. 140-қ., 1-т., 104-іс. 4 -п.
8. ҚРПМ. 140-қ., 1-т., 121-қ.1-7, 9, 13-пп.
9. ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 254-қ. 85-п.
10. *Малай*. Елдің күйі // Темірқазық. — 1923. — № 2-3.
11. Ұлт мәселесі һәм Қазақстан құрылысы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №19-20-21.
12. ҚРОММ. 5-қ., 5-т., 1 «а»-іс. 96,98-99-пп.
13. Ұлттар арасындағы наразылықтар туралы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 3 январь. — №2 (1029).

14. *Исаұлы О.* Жікшілдікпен күресу туралы // Еңбекші қазақ. — 1926. — 22 қараша. — №259.
15. *Сыргабекұлы Н.* Ұлтшылдық сәдуақасовшылықпен күрес солғындамасын // Еңбекші қазақ. — 1929.— 16 сентябрь. — №189.
16. Бекахмет неге тексерілмейді? // Еңбекші қазақ. — 1928.— 5 январь. — №4.
17. *Голощекин Ф.И.* Жеңген сайын жеңеміз // Еңбекші қазақ. — 1928. — 8 январь. — №6 (1033).
18. Қарақалпақ пен Адай арасында // Еңбекші қазақ. — 1928. — 27 январь. — №22 (1049).
19. *Айсарин Ә.* Қарнақтағы шатақтар // Еңбекші қазақ. — 1928.— 13 июль. — № 157.
20. *Өтепов Қ.* Контрреволюцияшы ұлтшылдар — фашизмнің агенті // Социалды Қазақстан. — 1937. — 6 январь. — №5.
21. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2563-іс. 15,19-пп.
22. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2435-іс. 7-9-пп.
23. *Тогжанұлы Ф.* Ойыл «басшыларының» қылығы // Еңбекші қазақ. — 1928.— 5 июль. — №150.
24. *Омарбеков Т.* Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. — Алматы: Өнер, 2003. — 552 б.
25. Халық дұшпандарын түгел әшкерелеп, көзін мүлде құртайық // Социалистік Қазақстан. — 1937.— 9 январь. — №7.
26. Троцкийшіл-ұлтшылдардың контрреволюцияшы істері және партия қырағылығы туралы // Социалистік Қазақстан. — 1937. — 11 январь. — №9.
27. *Нұрпейісов С.* Қазақстан партия ұйымына пратия документтерін ауыстырудың қорытындысы туралы // Социалды Қазақстан. 1937.№27 (4331). 3 февраль.
28. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2433-іс. 70-пп.
29. ҚРПМ. 718-қ., 1-т., 2 «а»-іс. 8-п.
30. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2551-іс. 36-п.
31. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2433-іс. 11-12, 17-пп.
32. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2431-іс. 55-п.
33. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 243-іс. 17-п.
34. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2431-іс. 155-п.
35. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2431-іс. 192-п.

36. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2431-іс. 320-п.
37. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2555-іс. 1-2, 9-10-пп.
38. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2551-іс. 43-44-пп.
39. ҚРОММ. 30-қ., 7-т., 47-іс. 9-10-пп.
40. ҚРПМ. 140-қ., 1-т., 11-іс. 9-10-пп.
41. ҚРПМ. 140-қ., 1-т., 88-іс. 4-п.
42. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-28 жж. — 3-т. — 1-кітап. — Алматы: Елшежіре, 2007. — 304 б.
43. ҚР ПМ. 811-қ., 20-т., 568- іс. 46-48-пп.
44. ҚР ПМ. 139-қ., 1-т., 2- іс. 47-49-пп.
45. ҚР ПМ. 139-қ., 1-т., 1 а- іс. 117-п.
46. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. — Алматы: Ғылым, 1998. — 344 б.
47. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — Алматы: Ататек, 1995. — 256 б.
48. Мадияр. Қазақ зиялылары // Ақ жол. — 1921— 5 мамыр. — №55.
49. ҚРПМ. 718-қ., 1-т., 114 а-іс. 1-7-пп.
50. ҚРПМ. 139-қ., 1-т., 550-іс. 28-30-пп; Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1920-28 жж. — т. 3. — 1-кітап. — Алматы: Елшежіре, 2007. — 304 б.
51. ҚР ПМ. 718-қ., 1-т., 114- іс. 1-2-пп.
52. Атаниязов М. Алаш партиясының тарихи сыны // Қызыл Қазақстан. — 1922. — №13.
53. Меңдешұлы С. Қазақ республикасының үш жыл жасауы // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №22.
54. Кім екенін білдік // Қазақ тілі. — 1923. — 6 февраль. — №10.
55. Кенжин А. Алаш партиясы туралы тарихи мағлұмат // Қызыл Қазақстан. — 1923. — №15.
56. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 377-іс. 1-п.
57. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? — Алматы: Ана тілі, 1993. — 208 б.
58. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII — XX ғғ.). Зерттеулер. — Алматы: Жалын, ЖШС, 2004. — 400 б.
59. Мұстафа Ш. Таңдамалы. — Алматы: Қайнар, 1998. — т.1. — 340 б.
60. ҚРПМ. 719-қ., 5-т., 5-іс. 63-64-пп.
61. ҚР ПМ. 719-қ., 5-т., 5-іс. 95-96-пп.
62. Мұқанов С. Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер // Еңбекші қазақ. — 1923. — № 69.

63. Көлденең. Қаралып жатқан ірі жұмыс // Еңбекші қазақ. — 1926. — №63(500).
64. ҚР ПМ. 811-қ., 20-т., 638-іс. 37-42-пп.
65. Айыпталу ісі // Еңбекші қазақ. — 1926. — №66, 67.
66. Тимофеев Н., Брайнин С. Буржуазияшыл ұлтшылдар — коммунист партиясы мен совет үкіметінің ежелгі жауы // Социалистік Қазақстан. — 1937. — 27 сентябрь. — №222.
67. Иманбаева С. Міржақып Дулатов — Алаштың жарық жұлдызы. — Алматы: Қазмемағру, 2001. — 233б.
68. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 492-іс. 449-п.
69. Жалпы Одақтық коммунист партиясының 15 съезі қарарлары // Еңбекші қазақ. — 1928. — № 6. 8 ғайнуар.
70. Жікшілдер Мәскеуден қуылатын болды // Еңбекші қазақ. — 1928. — № 18.
71. Қазақстан өлкелік партия комитетінің баяндамасы бойынша Орталық комитеттің қаулысы туралы (Қызылорда белсенділерінің жиылысында Голощекин жолдастың баяндамасы) // Еңбекші қазақ. — 1928. — 30 май. — № 120.
72. Хамза. Сынды күшейтіп, кемшілікті құртайық // Еңбекші қазақ. — 1928. — №116. — 25 май.
73. Исаұлы О. Тағы да Алашорда туралы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 5 октябрь. — №230.
74. ҚР ПМ. 719-қ., 5-т., 5-іс. 11-18-пп.
75. Сәдуақасұлы С. Ұлттар мен байшыл ұлтшылдар туралы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 25 февраль. — № 46.
76. Исаұлы О. Ұлттар және байшыл ұлтшылдар туралы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 5 март. — № 54.
77. Мәлібайұлы. Ташкент институтындағы коммунистер Смағұлдың ұлтшылдығына қарсы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 29 март. — №71.
78. Сәдуақасұлының қателіктеріне қарсы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 2 апрель. — №74.
79. Қайыпназарұлы М. Ұлт мәселесі мен қара шаруа мәселесі // Еңбекші қазақ. — 1928. — 21 май. — №112.
80. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 2963-іс. 148-п.
81. Жандосұлы О. Ұлт мәселесін шешудің жаңа жолы // Еңбекші қазақ. — 1928. — 29 май. — №119.

82. *Жүсіпбекұлы Қ.* Маркстіл белсенділерді көбейту жолдары // Еңбекші қазақ. — 1928. — 13 июнь. — №131.
83. Сұлтанбек Қожанұлы қателерін мойнына алды // Еңбекші қазақ. — 1928. — 2 ноябрь. — № 254.
84. *Аспандиарұлы С. Қожанұлы Сұлтанбек жолдастың хаты туралы* // Еңбекші қазақ. — 1928. — 2 декабрь. — № 277.
85. Бүйтіп партия жолына түсуге, қатені түзеуге болмайды // Еңбекші қазақ. — 1928. — 2 декабрь. — № 277.
86. *Рысқұлұлы Т.* Басқармаға ашық хат // Еңбекші қазақ. — 1929. — 4 март. — №1380.
87. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2243-іс. 22-23-пп.
88. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2243-іс. 17-18-пп.
89. ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 2243-іс. 17,22-23-пп.
90. *Белагин Н.* Мұстамбайұлының «солшылдығы», «күдіктері» туралы // Еңбекші қазақ. — 1929. — №224.
91. *Құрамысов І.* Сәдуақасовшылдардың сарқыны // Еңбекші қазақ. — 1929. — №224.
92. ҚР ПМ. 719-қ., 1-т., 1432-іс. 11-18-пп.
93. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 2406-іс. 46-54-пп.
94. ҚР ПМ. 719-қ., 1-т., 1432-іс. 1-6-п.
95. *Досмұхамедұлы Х.* Таңдамалы (Избранное). — Алматы: Ана тілі, 1998. — 384 б.
96. *Жұртбаев Т.* Талқы. — Алматы: Қазақстан, 1997. — 368 б.
97. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 2407-іс. 121-п.
98. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 2410-іс. 5-6-пп.
99. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 5817-іс. 7-17-пп.
100. ҚР ПМ. 708-қ., 1-т., 5-іс. 164-168-пп.
101. ҚР ПМ.708-қ., 1-т., 604-іс. 51,5, 61,62-пп.
102. ҚР ПМ. 708-қ., 1-т., 33-іс. 13-п
103. Политические репрессии в Казахстане в 1937-38 гг. Сборник документов. /Отв. ред. Л.Д. Дегитаева. — Алматы: Қазақстан, 1998. — 336 с.
104. Халық жауларының жетегіндегі жазушы // Қазақ әдебиеті. — 1937. — 15 октябрь. — №41.
105. Комсомол— контрреволюционерлермен күресте // Лениншіл жас. —1937. — 15 ғынауар. — №7.
106. *Ақынжанов М.* Баспасөзде алашорда идеологиясының қалдығымен күресейік // Ауыл коммунисті. — 1937. — №5.

107. *Үсенов, Момынов.* Әшкереленген жау // Социалды Қазақстан. — 1937. — 11 ғинуар. — №9.
108. *Ақынжанов М.* Жаудың сыры жете ашылсын // Социалды Қазақстан. — 1937. — 20 январь. — №6.
109. *Сираев, Әлиев.* Әдебиеттегі Алашорда агенті // Лениншіл жас. — 1937. — 21 январь. — №10.
110. Троцкишіл-ұлтшылдардың контрреволюциялық істері және партия қырағылығы туралы // Социалды Қазақстан. 1937.№9 (4313). 9 ғинар.
111. *Арыстанов Ж.* Естен кетпес есімдер. (Естеліктер, очерктер, публицистикалық мақалалар). — Алматы: Қазақстан, 1972. —172 б.
112. *Қабылов І.* Қазақ большевиктерінің міндеті — қазақ ұлтшылдығына қарсы баса күрес // Социалды Қазақстан. — 1937. — 12 ғинуар. — №10.
113. ҚР ПМ.141-қ., 1-т., 10663-іс. 3-8-пп.
114. *Т.С.* Троцкиистер мен ұлтшылдар қазына ақшасын қалай шашқан // Социалды Қазақстан. — 1937. — 5 февраль. — №29.

Қысқартулар

- АКСР – Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы
АПО – Агитационно-пропагандистский отдел
АРА – Америкалық көмек көрсету әкімшілігі
Ашкөм – Аштарға көмек
БК(б)П – Бүкілресейлік Коммунистік (большевиктік) партиясы
БЛКЖО – Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы
БОАК – Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті
болатком – больштық атқару комитеті
ВЧК – Всероссийская чрезвычайная комиссия по борьбе с контрреволюцией и саботажем
Главлит – Главное управление по делам литературы и издательства
Госиздат – Государственное издательство
ГПУ – Государственное политическое управление
губатком – губерниялық атқару комитеті
губком – губерниялық комитет
губкомиссия – губерниялық комиссия
КазАПП – Казахская ассоциация пролетарских писателей
Казинпрос – Казахский институт просвещения
КИНО – Казахский институт народного образования
КНИИМЛ – Казахский научно-исследовательский институт марксизма-ленинизма
Компомгол – Комитет помощи голодающим
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
КСР – Кеңестік Социалистік Республикасы
КУТВ – Коммунистический университет трудящихся Востока
ҚазКСР - Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
Қазмембаспа – Қазақ мемлекеттік баспасы
ҚазПҚЖ – Қазақстан пролетарлық жазушылары қауымдастығы
Қазревком – Қазақ революциялық комитеті
ҚЖХК – Қазақтың Жер Халық комитеті
ҚК(б)П – Қазақстан Коммунистік (большевиктік) партиясы
ҚР ОММ – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты

ҚР ПМ – Қазақстан Республикасы Президент мұрағаты
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚРОММ – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты
ҚР ПМ – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты
ЛКЖО – Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы
МемБаспа – Мемлекеттік Баспа
Местком – местный комитет
МҚК – Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті
МТС – Машина-трактор станциясы
Наркомнац – Народный Комиссариат по делам национальностей
НКВД – Народный комиссариат внутренних дел
ОАК – Орталық Атқару Комитеті
обком – облыстық комитет
ОГПУ – Объединенное государственное политическое управление
ОИК – Общества исследования Казахстана
ОК – Орталық Комитет
оргбюро – организационная бюро
ӨРОММ – Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік
мұрағаты
ПИНО – Практический институт народного образования
РК(б)П – Ресей Коммунистік (большевиктік) партиясы
РКФСР – Ресей Кеңестің Федерациялық Социалистік Республикасы
САГУ – Среднеазиатский государственный университет
СПШ – совпартшкола
РКФСР – Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
ревтрибунал – революциялық трибунал
ТАКСР – Түркістан автономиялы Кеңестік Социалистік Республика-
сы
ТОЗ – Товарищество по совместной обработке земли
Түрксіб – Түркістан-Сібір
ХАК – Халық Ағарту комитеті
Халком – Халық комитеті
ХКК – Халық Кеңесінің комитеті

ЧОН – части особого назначения

ШКМ – Шаруа жастар мектебі

ИХК – Ішкі Істер Халық Комиссариаты

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I-ТАРАУ. КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ	10
1.1 Қазақ баспасөзі шығуының алғышарттары мен ресми билік арасындағы қарым-қатынасы	10
1.2 Ұлттық басылымдардың дамуындағы ерекшеліктер	55
2-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМДАРДАҒЫ КӨРІНІСІ	93
2.1 Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихының жайы	93
2.2 Патшалық Ресейдің Қазақстанды отарлау кезеңінің мерзімді баспасөзде көтерілуі	113
2.3 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс және 1917 ж. қос төңкеріс кезеңі қазақ баспасөзі беттерінде	134
2.4 Баспасөз бетіндегі этнографиялық мәселелер	158
3-ТАРАУ. ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨМІРІ	177
3.1 Жаңа экономикалық саясат туралы баспасөзде	177
3.2 Индустрияландыру мен ұлттық кадрлар мәселесінің көтерілуі	206
3.3 Ауылшаруашылығындағы тәркілеу мен ұжымдастыру қазақ баспасөзінде	225
4-ТАРАУ. РЕСПУБЛИКАДАҒЫ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫСТЫ НАСИХАТТАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДІҢ ҚЫЗМЕТІ	243
4.1 Халық ағарту ісіндегі өзгерістер	243
4.2 Әйел және жастар жайы	275
4.3 Ұлттық баспасөздегі әдебиет пен өнер	300

5-ТАРАУ. ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ МӘСЕЛЕСІ	330
5.1 Кеңес өкіметінің ұлт саясаты және партиядағы тазарту мерзімді басылымдарда	330
5.2 Қазақ зиялыларын қуғындаудың баспасөзде көрініс табуы	347
ҚОРЫТЫНДЫ	380
Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер	388

СВЕТЛАНА СМАҒҰЛОВА

**ҚАЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІ:
ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ**
(XX ғ. 20-30 жж.)

Корректоры	Махранов Даулет
Тех. редакторы	Құрмашев Ринат
Суретшісі	Әшім Оңдасын

Басуға 01.10.2011 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84/16. Көлемі 27 б.т.
Таралымы 500 дана.

ЖК «Елтаным баспасы»,
Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 352.
Тел.: 233 92 72, 8777 246 91 21
E-mail: eltanym@mail.ru